

МУХТАР ӘУЕЗОВ

17





ҚАЗАҚ ССР ФЫЛЫМ АҚАДЕМИЯСЫ
М. О. ӘҮЕЗОВ АТЫНДАРЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ

ЖИЫРМА ТОМДЫҚ
ШЫГАРМАЛАР ЖИНАФЫ



АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1985

ҚАЗАҚ ССР ФЫЛЫМ АҚАДЕМИЯСЫ


М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ

ОН ЖЕТИНШІ ТОМ

994.372-09

282



Мақалалар, зерттеулер

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1985

80—9
Ә 82

Редакциялық коллегия:

АХМЕТОВ З., ӘУЕЗОВА Л.,
БАЗАРБАЕВ М., БЕРДІБАЕВ Р., ҚАРАТАЕВ М.,
МУСРЕПОВ Ф., НҮРПЕЙІСОВ Ә., ТӘЖІБАЕВ Ә.,
ШӘРІПОВ Ә.

Фылыми түсініктерді жазып, томды
баспаға әзірлегендер:

МЫРЗАХМЕТОВ М., СЕРИККАЛИЕВ З.,
ӘКІМОВ Т., ДОССЫМБЕКОВА Р.,
МУХАМЕТХАНОВ Н.

Жауапты шығарушы: ЗЕЛНОЛЛА СЕРИККАЛИЕВ

Ә 4603010202—010
402(05)—85 3—84

© «Жазушы», 1985

Гос. библиотека
КазССР им. А. С. Нуржанова
инв. № 74295

МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР

(1933—1950)

ТЕАТР, МУЗЫКА КАДРЫ

(оілласу ретінде)

Саяси-қоғамдық түрмис пен шаруашылық құрылышта, ұлы майданда, ескіні жеңіп социализмге басқан Қазақстан еңбекшісі өлкे тіршілігінің қай саласында болса да артта қалып, шабандап, бауулап келе жатқан істерді үлкен қарқынмен алға сүйремей, жетегіне алмай отыра алмайды. Мағыналанған тарихтың ұлы дәуірінде қай сай-саланың ісі болса да кішкене іс емес. Бәрі де бүгінгі үлкен ұран, ұлы бағытқа сәйкес бол, мағыналанған, тереңдеген, өрістеп шалқыған ірі іс, ірі міндетке айналуға тиіс. Сол заман қарқынына ілесе алмаған, әлі де ақсақ қойдың қыбырымен келе жатқан шабан-шардақ шала болса, оған біздің жұртшылық салқын, солғын қарай алмайды. Өзінің шартын қояды. Ісінді өсір, асыр, екпінде, өрле, түр тап деп, қос тізгінде тартады. Осындай жұртшылық шарттары тықсыра, асықтыра қойылып келе жатса да, әлі де көрнекті бол дами алмай келе жатқан саланың бірі бізде көркемөнер ісі, театр, музика ісі болып отыр.

Қазақстанда театр деп айтарлық бір ғана театрымыз бар. Музика өнерін түрлентіп, өсіретін дүкеніміз бүгінде музыканың бастауыш мектебінің қолында тұрған бір ғана музика техникумы. Осы екі дүкеннің бүгінгі халіндегі кемшилік, жетіспегендік жайларына келсек орасан-орасан олқылықтарға килігеміз. Жеті жыл жасаған театрдың дәл бүгінгі составында шын театр өнершісі бол қалыптанған, орныққан, бірге жасасқан оның жеті актері жоқ. Елубай, Серке, Құрманбек, Қанабек сияқты төртті-бестіден арғының бәрі бүгін бар, ертең жоқ, тұрақты кадр емес; әлі өздерін любитель халінде түсіну-

шілер. Тәуір қызмет, қолайлы жағдай болса театрдан жырылып кетуі қын емес. Қелгенде де бірталайы басқа бастауыш саңналарда болып сұрыпталып, екшеліп, аз бәйгені болса да адақтап келгендер емес. Қөшшілік самотек ретімен келген. Шалағай, шикі күйде театр актерінің санына қосылып, әліп-биді осы арада бастағандар. Сол самотек ретімен кісі алудан театр әлі арыла алмай отыр. Өйткені таңдап, талғап алатын кісіміз жок. «Осы актер еді, аз да болса сыналған еді, осыны алайықшы» дей алмаймыз, «осы біреуден актер шықпас па екен» деген дәмемен, кез келгенде аламыз. Жеті жыл бойында театрға Абылқай, Сомова жолдастар сияқты ірі күш деп саналатын адамдардың, тағы осыларға үқсаған таланты бар бірқатар басқа адамдардың да соғып өткені бар. Со-лар алғаш түскен кездерінен бүл күнге шейін жүрсе, Елубай, Серкелердің қатарын молайтатыны даусыз еді. Өсіп қалар еді, бірақ олар да орнықпай, жылжып кетті. Бірін жауапты қызмет орын тартты. Кейбірі мұғалімдік қылса да, үй ішімен күйлірек тұратын жағдай бар ма деп соны ізделп кетті. Осындай байыздамайтын, жылжығыштықтың түп себебі неде? Себебі, бәрін де шын театр кадры қып, театрмен, саңнаған енерімен нық байланыстыратын білімнің, мамандықтың жоқтығы. Әлі күнге өз енерінің білімін оқып шыққан бірде-бір актеріміз жок. Негізгі бес-алты адамды алсақ солардың да актерлігі — білім мен мамандыққа тірелген емес, үдайы қараңғыны сипалағандай, интуицияға (сезгіштікке) сүйенген енер. Шынында, бүкіл дүние саңнасының тарихында оқымай ірі актер бол шыққан адам бірен-саран ғана емес пе? Орыс театрының тарихында ол — Щепкин ғана. Мамандық білім болмауы біздің жаңа бастаған актеріміздің көбінің көңіліне орныққан, нық тиянақ бермейді. Өзіне өзінің сенімі жок. «Өмір бойымен кете барғанда, жақсы актер болсам жарады, бола алмасам жер ортасы кек төбеде қалып қоям ба» деп те ойлайтындар болады. Міне, бұрын бәрі осы күнге шейін болған актер кезеген-дігінің түп себептері. Білім бермей, актерді өз-өзінен көндире алмаймыз, өсуіне жол азық болатын сүйеу, таяныш бере алмаймыз, солардың жолдарынан барып театр өмірінің асыл қоры болатын кадрды да құрай алмай отырымыз.

Музыка жайына келсек, мұндағы қыншылық театр-дікінен де ауыр жатыр. Бізге өзіміздің күйлі драма, күй-

лі күлкі, оперетта, опера сияқты мәдениленген күйлердің үлгісін жарыққа шыгаратын кез де жетіп еді. Бірақ біз әлі күнге ескі қордың өзін де менгеріп алғамыз жок. Орнымен керекке жарату ісін де ретке қоя алмай келеміз. Ескі қорға келгенде, оның тұрған қалпын жазып алып, ескілік белгісі есебінде өшіп, жоғалып қалмастай қып сақтап қалу — бір жұмыс. Ол —музыка этнографының жұмысы. Бірақ ескі ән-күй жайындағы біздің іс жалғыз бұл болып қана токтамайды. Енді сол ескі қорды біз түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің керегіне жаратуымыз қажет. Мәссле оның қатып тұрған, айнымас қалпын тамашалауда емес. Сол мұраны баурап женип, билеп алып, революция керегіне жаратуда. Іс, творческое преодоление мәселесінде. Осы ретте қазақтың ескі ән-күй қорына мәдениет қолы боп араласқан Затаревич қолын көріп жүрміз. Ол көп жерде ескіні жинаушы ғана емес, өз жанынан, өз басынан тур қосушы, қошқар мүйіз болушы бол та араласып кетеді. Барлық гармонизация дегендері ескі музыкаға жеке адамның өз қоспасын әкеп тығуы сияқты қөрінеді. Бұл тегі жақсы ма, жаман ба, керек пе, керексіз бе, өз кадрымыз болмағандықтан оны айыру әнгімесі де бізге киын. Және ән-күй мұрасының өзі қазакта алуан-алуан. Дауыс қосып айтатын әннен басқа бізде бұл примитивтің жоғарғы бір сатыда тұратын күйлері бар. Бұрынғы домбырашы, сыйбызышы рас айтса, ол күйлер нағыз сюжетті музыка. Эрқайсысы өзі бір ұзак әнгіме, музыкалы повесть. Осыларды да ұғынып, талдап сынап, қай күйдің шынында нені баян ететінің музыка тілінен ұғынып, лайығынша керекке жаратуға тиістіміз. Осы сияқты біздің мектеп, клуб, театрымызға музыка аспабының, оркестрдің мәселеін де шешу керек. Бұлар да қазақ еңбекшілерінен шыққан тәңкерісші музикантты тілейді. Тағы да кадр жоқтығына кеп тірелеміз.

Онаң соң бүгінгі мемлекет театралық да тегінде бір-ак театр болып тұрмайды. Бұдан ұсақ формалар аралас музыка театры мен жас буын театры — ТЮЗ-дің бөлініп шығып, жеке-жеке театрлар жасауы да бүгінгі күн тәртібінде тұрған мәселелер. Және Қарағанды, Риддер, Балқашстрой, Қарсақлай, Аңысайларда жұмысшы театрынсыз отыру мүмкін емес. Басқа сансыз көп жерлерде клуб, театрлар ашылмай тағы болмайды. Оның үстінен бес облыстың облыстық, қалалық театrlары да болуы

даусыз. Осы істің бәрі де кадрдан қиналып отырған бүгінгі бір ғана мемлекет театрының ісі болмайды. Өнер кадрын турызудағы бүтін Қазақстан өлкесінің алдында тұрған қынышылықтар болып саналады.

Осы жайлардың барлығын соңғы екі жыл бойында үлкен қоңыр бөліп, ишкі ойлап келген Қазақстан үкіметі мен өлкелік партия комитеті енді осындастырып шабандап, кенжелеп қалған бір саланы, өнер саласын мықтап қолға алуға кірісіп отыр.

Жақында шыққан Совнарком қаулысы үкімет басындағы ірі қызыметкерлердің театр музика кадрын жасауды белсene қолға алғанын анық дәлелдейді. Совнарком қаулысы бойынша, енді Қазақстан атына лайық ірі-ірі істер істелмек. Өнер кадрын жасау қаулыда бірнеше сатыға бөлінген. Соның бір жолы, үлкен сенімді, өнімді жолы театр, музика техникумы болады. Биылғы 1933—34 жылдың ноябрінде жұз отыз кісі алынуы керек, стипендия жұз, жұз елу сом. Окушының жарымы театр, жарымы музика мамандығына үйренеді. Техникум, орта дәрежелі мектеп, дәрежелі мектеп бол қалыптану үшін оған даярлауыш оқу басқа бір бастауыш мектепте оқылған болу керек. Сол үшін биылғы жылдарда курс ашылады. Ал түбегейлі курс оқушы кадрын даярлап отыратын қып, қырық-елу балалық бір детдомды бастауыш музика мектебіне айналдырады. Мінеки, кадр даярлау ісінің жоспарланған өрісті, өнімді жолы — осы.

Мұнымен қатар, қазірде бастығы мемлекет театры боп, дәл бүгіннің өзінде кадрға мұқтаж болып отырған көп театр, клубтар бар. Кісі жоқтықтан іргесі көтерілмей отырған талай-талай жұмысшы театры, жастар театры сияқты үлкен істер бар. Осының бәрі — кадрды жалғыз техникумнан тосып отыруға болмайды. Совнарком қаулысы сол себепті екінші жолдар белгілеген. Мұның ішіндегі ен ірі жұмыс — Москвадағы театр дүкенін (мастерскойның) ашу. Ол дүкен биыл күз отыз кісіні алса, уш жылда сол отыз кісі тұтасымен кеп, бір театрды ұстал тұра қалатын тұтас бір коллектив болады. Режиссері, бас рольдің, орта рольдің актері — барлығы да сол отыз кісінің өз ішінен жіктелген, екшелген болады. Біздікіндей шабандап қалған істерге үлкен бір көмекті осыдан күту керек. Қазір театр саны жиырманың ішіне кіріп отырған. Өзбекстан республикасының тәжі-

рибесі де осы екен. Жаңағы дүкеннең шыққан үш-төрт коллективі бар.

Жалғыз-ақ біздің Наркомпрос келесі күзден бастап осы отыз адамды қалайда болса тауып, сол дүкенге жіберетін болу керек. Жаңа алынатын адамы сол үш жыл ішінде актерлік мамандығын баурап аларлықтай, оқу-білімі, дайындығы бар адамдардан құралу қажет. Сонымен бірге откен қыс, 32—33 жылдың тәжірибесін, жаман тәжірибесін естеп шығармау керек. Грузиядағы Руставели театрының студиясына жіберген тоғыз адам, Москва театр комбинатына өз бетімен барып түскен жеті адам қыс ортасында тегіс оқуын тастан, Қазақстанға қайта шұбырып келген. Солар күздігүні жіберілгенде Наркомпростың арттарынан стипендия жіберіліп тұрады деген уәдесімен кетіп еді. Қыс ортасына шейін уәделі стипендиядан жарытымды еш нәрсе ала алмай, киімдерін сатып, ашығып, қарызданып Алматыға жетудің өзіне зар болған. Бұлардың осындай халге ұшырауына себепші кім?

Себепші — Наркомпростың бухгалтериясы дейді. Мезгілімен стипендия жіберуді ұмытып кеткен. Не болмаса, оның соншалық қажеттігін елемеген. Міне, ендігі кадр жасау ісінде алдымен осындай салқындықпен алысу керек. Мұның көп жерде салақтық қана емес, үлкен кесірге айналатының ұмытпау керек. Талай үлкен іс, үлкен ниетті осындай меңіреу, бітеу керенаулық өшіре, өлтіре салатыны болады. Алдымен, сол жойылу керек.

Кадр даярлаудың бұдан басқа бір жолы — мемлекеттік театрдың жаңындағы студияны кеңейтуде. Оның жалпы окушы саны актерден басқа тағы жиырма адам қосылатында болу керек. Және мұның үстіне театр жаңында ұдайы жүріп тұратын алты айлық курс болу керек. Курс аудандық клуб, театрларға кісі даярлад беруші болады.

Бұл істерде, тығыздық ретімен кадр даярлау керек болғанда өзінше бағалы, маңызды істер болады. Мемлекет театрының өз актері үшін ашылған студия биыл қыс бойы іс істеп, актердің кейіпін, сауатын молайтып, мамандығын терендету, дамыту жұмысымен болды. Бұл сияқты іс әлі ілгерілеп, үдей бермек.

Міне, осы сияқты неше алуан шаралардың қатарында ендігі бір еске алатын, орындастын үлкен іс — жеті жыл бойында мемлекет театрына келіп, өнімді актер

бала алатындағы өнерін көрсетіп, қайта тайып шығып кеткен бірталай талантты адамдар бар, енді солардың барлығын да қайтадан театрға жиу керек. Жиылатын жағдай жасау керек. Оқимын деген шартпен келетін болса, оқысын, болмаса іс істей жүріп, студиядан оқимын дегені болса, ол тілегенін алсын. Қалай да сол пісіп қалған кадр түгелімен өз театрын қайта табуы қажет.

Соңғы жылдарда Қазатком, Совнарком, Крайкомның ісіне басшылық істеп келе жатқан бас адамдарымыздың тұтасымен жұмылып театр, музика ісіне қатты көңіл белулері — бұл майданды сүйеттін адамның қайсысына болса да үлкен сенім, екпін беріп отыр. Сондай зор бейілдің үлкен тарихи бір белгісі — жаңағы Совнарком қаулысы. Тек енді осы тез, тұтас іске ассын. Сонда біздің өнер саласында да көрнекті бір белге шығып қалуымызға күдік болмайды, сенім артады.

1933

ЖАҚСЫ ПЬЕСА — САПАЛЫ ӘДЕБИЕТ БЕЛГІСІ

Жалпы совет әдебисті үлкен мұрат қып отырған нәрсенің бірі — ірі пьеса. Біздің сөзіміз де сол жөнінде болмақ. Суретті әдебиет ішінде көпке жететін, дегені дөп тиетін, әсері мол болатын түр — драма деген. Сондықтан совет әдебиетінің өріс алып, екпіндеп өсіп, шарық ұратын үлкен саласы осы болмаққа керек. Социалды құрылыш дәүірінің өзіне сай көркем саласының бірі, заманының өткен күйі өскен, піскен жүйемен баян ететін мағыналы, ірікті саласының бірі осы делінеді.

Осыған орай, партия мен үкімет жалпы одақ көлемінде пьеса бағасын ерекше көтерді. Әдебиет майданына, оның ішінде, әсіресе, пьеса қатарына үлкен көрме жасады.

Белгісі — бывш өткен бәйге нәтижесі жаңадан жарияланып отыр. Сегіз ай ішінде одақтық Совнарком бәйгесіне мың екі жұз пьеса түсіпті.

Бәйге алған — бес пьеса. Алдыңғы қатарға шығып, екінші бәйгендегі алған Киршон пьесасы «Ажайып қоспа» мен Украина жазушысы Корнейчуктың «Эскадра қаза-

сы» деген пьесасы. Үшінші бәйге Ромашовтың «Ерлер» деген пьесасына берілген. Содан кейінгі бәйгені армян жазушысы Джананның «Шахнама» деген пьесасы алған. Және Украина жазушысы Кочерганың «Сағатшы мен мекиен» деген пьесасы алды. Бірінші бәйгені алған пьеса жоқ. Өйткені драматургия социалистік құрылыс қарқынына әлі күнгө ілесе алмай артта қап, кенжелеп келеді. Ұлы дәуірдің үлкен шартына жауап ұрғандай, зор пьеса әлі туда. Қойған жоқ.

Бірақ сонда да мына бәйге, мына нәтижелер — ірі талпының пен үлкен серпін айғағы. Бұндағы ерекше бір өзгешелік — одактық республикалардың өзді-өзі көлемінде және жүрген бірқатар жазушы мен шығармалары бәйге арқылы әр үлттың тар арнасынан шығып, бүкіл әдебиетінің мол қорына, ортақ қорына келіп құйып отыр. Украина, Армения, Татарстан сияқты кешегі бұратана үлттардың социалдық мәдениеті бүгінгі күнде өскелендеп өрге басып, жалпы советтік интернационалдық әдебиетіне үлкен, мол-мол, сай-саладай бол кеп шылбыр созды. Бәйге бүкіл совет драматургиясының бәйгесі еді. Мәдени, саяси мағынасы қаншалық зор бәйге екенін нәтижесі қорсетті. Бұл бәйге жайы Қазақстан баспасөзінде өз бетімен толық айтылады.

Әзірше, біздің мақаланың мазмұны бүгінгі қазақ пьесалары туралы болғандықтан соған көшеміз. Жоғарыда айтылған сөздердің және бәйге жөнінен бізге айқын көрінетін міндеп — қазақ әдебиетінде социалды құрылыстың үлкен сырь болатын пьесасын туғызып, өсіру, соны қанат қақтырып өзге өрге бастыру.

Бұндай пьесаның жазылу әдісі, құрылыс негізі — социалистік реализм. Тақырып, мазмұны: Қазақстан мен одактағы социалистік құрылыстың мағына, мазмұнымен кіндіктес. Мұрат, бағыты — сол құрылыстың, қарқынан қалыспай, қатарына ілесу. Ұлы табыстарға сай, үлкен сыр боп шығу. Осы айтылғаниның барлығы — біздің пьесада қойылатын сапа, сана шарты, дәуір шарты. Ендеши олқы-солпымызды танып, ұғынып алып, соны жеңіп, ілгері қарай қамшылануымыз керек.

Әуелі өз қатарымызды шолып өтейік. Бізде не бар? Жалпы жауап берсек, біздің әдебиет пьесадан олқы емес. Социалық қара жерде отырган кісідей емеспіз. Қайта бүгінгі әдебиетіміздің өскелец түрінің бірі пьеса дейміз. Бұл жалпы жауап. Біраз үшқарырақ та жауап. Әйтсе де

сан менен әзіргі сапаға келсек, алдымыздың: «Майдан», «Түрксіб», «Тартыс», «Кек», Шабуыл», «Шахта», «Забой», «Заман заңы»— бір алуан, биылғы жыл тудырған күйлі пьесадан: «Айман—Шолпан», «Шұға», «Қолхоз тойы»— бір алуан бол көлденендейді. Бұлардың үстінен ең соңғы уақытта жазылған Илиястың «Соқыр ішегі», Бейімбеттің «Талтаңбайы», Аскардың «Жаңа адамдары» тағы бар. Әзірше жазушы жүртшылығының көпшілігіне мәлім болған, бетке шығар деген пьесаларымыз — осылар.

Осының «Шахта» сияқты бірен-сараны ғана болмаса, өзгесі тегіс 32-жыл мен 34-жыл арасында туып отыр. Аз сан емес. Көпшілігіне — өз әдебиетіміздің шамасына қарай жап-жақсы сапа да күтеміз.

Пьеса түрінің біздің әдебиетте көпшілік түр екенін, модыдағы түр екенін көрсету үшін тағы біраз белгілерді атауға болады. Мысалы Қазақстан баспасы мен мемлекеттік драм театрында, ерте күннен соңғы уақытқа шеңберін жиылған пьеса саны 80 шамалы. Оның үстінен, биылғы жарияланған (Қазақстан кәсіпшілер одағы жариялаған) клуб пьесаларының бәйгесіне түсіп жатқан бір топ пьеса тағы да бар.

Соңғы екі топ пьесаның көпшілігі — жас жазушылар еңбегі. Жас қаламдардың талабынан туған жемістер. Бұлардың жақсыларын, іріктілерін сұрыптаң баспаға беру, бәйгеге іліндіру, театрларға бапты қылышпайтын — Жазушылар одағының, театрлардың, жүртшылық — бәр-бәріміздің міндетіміз.

Пьеса қатарында бұлардан бөлек бір алуан, көрнекті іс, аудармаларымыз. Совет әдебиетінің өзге ешбір түрі біздің тілге драмадай бол аударылған емес. Социалистік құрылыштың үлкен сырты деп танылған роман, әңгіме, дастан атаулыдан әлі көрнекті ешбір аудармамыз жоқ болса да, пьесадан: жаңа ірі нәрселердің бәрін де, аударып, қойып келеміз. «Астық», «Досым», «Мистислав», «Сұңгуір», «Бұлычев», «Қорқыныш», «Желді қара» сияқты атакты шығарманың барлығы да бүгінде қазақ еңбекшілеріне жат, бәтен нәрсе сияқты көрінбейді, өз тәні бол келеді. Социалистік құрылыштың интернационал өнеріне қосып, қабысамыз дегенде біздің әдебиеттің ентелей басып, көсемдік қып, алдымен талпынып келе жатқан саласы да драматургия болды.

Және бұл тұстағы негізгі дұрыс, мағынасы үлкен

тәжірибеміздің бірі — аударманы ойнауды жаңа пьесалардан бастағандығымыз. Социалистік жаңа пьесалардың тақырыбы, бағыты, санасы — барлығы да біздің еңбекші еліміздің өз дүниесі. Өзі тыныс алып жүрген ауасы сияқты. Сондықтан оның тартысы да, табысы да, қуанышы да өз мұлкіміз бол әсер етеді. Совет әдебиетімен, әсіресе алдыңғы қатардағы орыс әдебиетімен жүртшылығымызды таныстырамыз, баулимыз дегенде алғашқы адымды осындай: танысынан, жақынынан бастауымыз өте дұрыс, өте мағыналы. Бұл арқылы барсақ, арырақта тұрган классикалық әдебиетті түсіндіру де қын болмайды. Қайта бір саты оқайлап, әзірлікпен әкелінген болады.

Міне, біздегі драматургияның бүгінгі жайын айтсак, осы саналған нәрсенің бәрі ауыз толтырып сейлеуге келетін татымды, нәрлі нәрселер. Бірақ, мақаланың негізгі мақсаты — даттау емес, өзара сын. Өз қатарымызды сынай шолу. Сондықтан енді өз тумаларымыздың кемшілік, олқылықтарын айтайык.

Бұл тексеруде біздің көбіне сөз қылатынымыз: алғаш саналған бетке үстар он шақты пьеса. Әрине, бұлардың әрқайсысы жеке-жеке ұзак сын, ұзак талқылауды керек қылады. Ол өз бетімен орындалатын, орындалып та жатқан істер. Бір мақаланың ішінде тобының басын қосып, жалпы сөйлейтін болған соң, жалпысына ортақ кемшілікті айтпақ керек.

Осы жайда айтылатын сөздің бары да, бірі де ең алдымен үлкен «Тұлға»¹ жайы.

Бұл — біздің прозамыз, поэзиямыз — бәр-бәріне бірдей шарт болып қойылатын нәрсе; жанды адам, әсерлі адам, үлгілі жаңа адамды сыйлы қып көрсету шарты. Пьесаға келсек, әсіресе солай.

Жалпы пьеса деген түр-тұлғамен пьеса. Тұлғасы то-лық, тұрманы түгел адам болмаса, пьеса өз түрінен айырлады. Өні қашады. Ол не терме (хроника), не жасыған сөз (публицистика) бол кетеді. Ендеше тұлға демек, сапа демекпен тең.

Барлық совет әдебиетінің, оның ішінде, әсіресе, біздің әдебиетіміздің шеше алмай келе жатқан ең үлкен түйіні

¹ Мен «тұлға» деген атауды орысша образ орынна ұсынам. Бұны «кейіп» деп жүргізу орышсасынан кем соғады. Ол «кейіп» — на-строение. «Тұлға» образының дәл өзі болмаса да «тұлға болар дей-місін» деген сияқты қолдануларға карағанда мазмұны жақын сөз.

осы. Сондағы қыны жалпы тұлға, я ескілік тұлғасы емес, жаңалықтың, жаңа адамының тұлғасы. Бүгінгі пьесаның сапасы, нәрі сонда тұр. Әдебиетіміздің ең жанды мәселең осы дейміз.

Бұрынғы классик әдебиетті алсақ, ілгергі уақыттағы үстем таптар пісіп толар шақтарында өздерінің таптық тұлғаларын толық қанды, айқын пішінді тірі жан қып көрсете білген. Гамлет, Фауст, Чацкий, Хлестаковтар, әдебиетті айтсан, үлкен тұрғылардай ереуілдеп, «мен мұндалап» тұрады. Бастарын қырау да шалмайды. Пролетариат әдебиеті бұлардай ғана емес, одан сонағұрлым зор, сонағұрлым мәңгілік болып қалатын тұлға жасауға тиіс. Орыс пьесаларын алсақ, Михайлов, Гайлар — соның алды.

Ал, біздің пьесада осы жаңа адамының тұлғасы әлі үсақ жатыр. Қоңілге қонымды емес. Үстірт схема бол тұр. Сондықтан оқушы мен көрушіні өзіне қарай лебімен тартып, баурап, еліртіп, жетегіне ертіп кете алмайды. Көруші ақылымен «жаксы» деп түсінеді, бірақ сезімімен терендеңдеп ілеспейді. Мысалы біздің ең әсерлі, ең мағыналы күшті пьесамыз деген «Майдан да» Зәуреден көрі Мамық, Қебебай сонағұрлым айқын тұлға, сонағұрлым есте қалғыш. Сүмдік сұрқиялық, бұзарлығымен есте қалсын — бәрібір пьесаның жандырақ тұлғалары солар. Шынында, бұл орынды жаксы тұлғалар алуға тиіс еді. Рас, тап жауын тайға таңба басқандай айқын қып, әйгілетіп, барлық көлемімен көрсету — пролетариат жазушысының міндеті. Оның төңкерісшіл ролінің бірі сол екені даусыз. Бейімбетті алсақ, «Майдан» ішінде бұл жөнінде үлкен қырағылық көрсеткен жері де бар...

«Түрксібтің» ішінде де осы кемшілік бар. (Бұнда «Түрксібтің» алғашқы екі жазбасын сөз қыламыз.) Дұрыс тұлғадан Қамысбай орны бөлекше екені рас. Ол пьеса ішінде өседі. Өзі ұмытылмастай-ақ жаксы, қоңілге қонымды-ақ. Өмірі, ісі, мінезі — бәрі де терең мағыналы жиынтық (собирательный) тұлға. Пьесаның ішінде бастап-аяқ жүретін адам сол. Шынында пьесада тұлға бол тұрган да соның өзі.

Бірақ, соның бәрімен қатар Қамысбай да кішкене жатыр. Тілеулесі болады-ақсың. Бірақ, өзі бола қояйыншы деуің қын. Өмірдегі, құрылыштағы Қамысбайлар бұдан ірі де, кесек. Бұдан нәрлірек те, қызықтырақ. Біздің тұлғаларымыз өмірдің алдына түскен жетекшісі, бас-

шысы емес, көшіне ілесуші сияқтанып қалады. Ал, «Түрксибтегі» жетекші, наиза басы Сәрсенге келсек, ол жоғарыда айтылған, үстірт көрсетілген схема адамына жақын. Мысалы, сахнада Сәрсенді ойнап беретін актерге бұны жақсы тұлға қып беру қыны. Үйткені жақсылығы, қызықтылығы іспенен, драмалық тартыспен шешілмейді. Өзінің ішкі, тыскы жағы да драмалық түйіндердің біртіндеп барып шешілуі арқылы ашылмайды. Қебіне Сәрсеннің өз сөзімен шешіледі.

Осы екі пьесаның кемшілігі «Тартыста» да бар. Ондағы айқын көрінетін адамдар, үлтшылдар тобының үлкен зиянкестері, солардың алуан-алуан адамы: қастық, сүмдышқ, айлакерлік мінездерімен біріне-бірі ұсамай, әр сатыда тұрып, көп саладан ұтылып қуған жауларша әрекет етеді. Бірақ, соған орай коммунист, комсомол жастар біріне бірі ұқсаған, бір-ақ топ бол шығады. Бірін-бірі қайталап жүрген, егіздер сияқты. Және бұлардың іс, мінезі, ойлары да партия мен комсомолдың үлкен масштабын, ұлы жорықтарын алып, бағытын толық мүсіндемейді, елес те бермейді. Қішілеу, ұсақтау соғып жатыр, топтанып істеген ісі жорығымен қызықты, әсерлі бол, көрушіні қуанта отырып, еріте жөнелтуге керек еді. Олай бол шыға алмайды. Дұрыс тұлғаларды қын-түйін үстінде, қылықтарынан жұртты сүйсінетіндегі ғып өсіру шарт. Пьесаның бұнысы олқы.

Осындай мін жана адамды көрсеткен пьесамыздың бәрінде бар. Бәрімізге оңай соғатын ескі адамның тұлғасы, теріс тұлғалар.

Түбінде, жақын заманда бұл олқылықты жоямыз, қындығын жеңеміз. Бірақ, әдебиет сапасын көтерудің бірден шарты осы деп білу керек.

Енді осы жеңе алмай тұрган өзіміздің қыншылығымыз неде? Шынымен жеңгізбейтін бір ерекше бөгеті бар ма? Болмаса барлық есеп өз кемшілігімізде ме? Олай болса, сол кемшілік қайсы?

Жауап айтсақ:

Алдымен ерекше бөгет деген нәрсе жоқ. Кайта жана тақырыпты ерекше қазық қып, жана адамды барынша көрнекті қып шығаруға барлық жағдай түгел деп білеміз. Олай болса, кемшілік жазушының өзінде. Бір жағынан жаңа адамды және оның еңбек қып жүрген ортасын, шартын терендей ұғынып, толық білуіміз жеткілікті емес.

Мысалы, Қарағанды, Балқаштағы жаңа адамды алсақ сол болашақ тұлғаның өз ортасы жағынан өзі білген білімін біз білмейміз. Таяз жүзіп, үстінен қалқып, шала-шарпы қып жиып алған көп бытыраңқы материалдың астында қаламыз.

Материалды, болашақ пьеса, романның шикі затын жақсыладап зерттең, нық баурап алу — үлкен шығармандың алдыңғы қатарда тұрған ең үлкен шартты.

Екінші үлкен кемшілігіміз — пьесаларымыздың құрылсызы олак. Драма әдебиеттің ең қыын, ауыр түрінің бірі дейді. Біз соның техникасын біліп, жеткеніміз жоқ. Драмада өзіне нық формы жасап, өзінің стилін (әңгіме құру үлгісін) пісіріп, шынықтырып алған қазақ жазушысы жоқ деуге болады. Жаңа тақырып, жаңа адамды толық тұлғамен шығару үшін біз осы жағымызды қүшету кепрек. Құрылыс олақтығынан, түйін-тартыстарды драма заңымен өрбіте алмағандығымыздан, адамымыз жанды, әсерлі сергек адам болмай, пьеса адамы болмай, функциал болып шығады. Пьеса ішіне кіргізсек комсомол, коммунистеріміз партия, комсомолдың жиынтық тұлғалары болумен қатар жеке адам ғой.

Оның үлттық ерекшелігі, өскен ортасының өзі, өз басынан кешкен бұрынғысының әр алуан әсері, бүгінгі қалының жеке өзгешеліктері, жасы, окуы, тәжрибесі, үй түрмисі — бәр-бәрінде бір-бірінен аз да болса өзгешерек қылатын белгілері бар. Өмірде бар комсомол бір түрлі, бар коммунист те бір-ақ түрлі емес. Ал біздің пьесаларда комсомол неге жоқ? Партия неге жоқ? Белсенді әйел неге жоқ? деп айтпасын дегендей қып, бәрі кіргізіледі де, сол партия атына, комсомол атына сай босын деп, ылғи бір-ақ саламен жіберіледі. Нәтижеде, пьеса адамдарының дұрыс тұлғасының барлығы шетінен өз үйімдарының инструкторы болып шығады. Ол сахнада саяси сабак кітабының алғашқы беттерін оқып жүреді. Соңғы қаулылардың баяндамашысы — газет тілшісі. Үйткені соның ғана тілімен сөйлейді. Жоғарыда айтылған жеке адамдық пішіннің бәрі сыртта қалып, барлық пьесалардағы дұрыс тұлғалар құйып қойғандай, бірінебірі үп-үқсас бола қалады. Салт-санана жағынан мінсіз қылу үшін, саяси жаңылыс сөз сөйлеспес үшін, ұғынысы шолақ адам бол көрінбесі үшін бұны пьеса ішінде көп сөйлету қажет. Бұның өзі ғана жақсы болу жетпейді, өзгелерді де пікір күшімен женең, қайырып алу керек.

Сондықтан пьеса ортасында жалпы жиылыш тағы қажет. Ал жиылышта ол тек тұра алар ма? Сүйтіп пьеса ішінде мадақтаймыз деп жүріп, дұрыс тұлғаның өзін сол пьеса біткенше мылжың қып та боламыз.

Бұның ұзақ сөзінен жүрттың бағана қажып болып, әбден безер боп отырғаны ойда да жоқ. Ондай адам жаңа пьесаның нағызың киын-түйін шатқалаңының бәрінен сыртта жүреді. Қорушіні еліктіріп, «неге соғар екен?» дегізіп отырған істерге бұл көбінесе кездеспейді, килікпейді. Үйткені ол көріп, біліп қалса, біздің пьесалардың түйіні түйін болмай шешіліп қалады. Партия көзімен көріп шешпей қоя беруге болмайды.

Сондықтан, не ол бұл істі талқылап тексеріп, сырын ашып тұрғанда тартыс сұнынып, іс жылжып кетеді, не месе ол пьесаның ішіне ақырғы сахнаға шейін әдейі көзін таңып жіберген кісі сияқты боп: өзге жүрт бір тәбе, ол бір тәбе боп жүреді. Тартыстың сырын, түйінін біле алмай жүреді. Міне, партия адамын, жаңа адамды, дұрыс тұлғаны тірі денеден айырып, функцияғып кіргізу деген осы. Бұл негізде партияға да, комсомолға да пайда емес.

Барлық партияның жиынтық тұлғасы боп, жаңа адамның шын басшысы боп, ойдағыдан толық тұлға боп шыға қою оп-оцай емес. Ондай тұлға екі шығарманың бірінен көріне бере алмайды. Жаңа коммунист атауларының бәрі бірдей бастан аяқ партияның өзі ғана деуге болмайды.

Әсіресе, біздің пьесалардағы коммунистердің бәрі партия емес. Олай десек партияны кішірейтеміз. Рас, бір коммунистен партияның бар қасиетін жақсы ұфынатын қып көрсету жазушының арманы болуга тиіс.

Соған талпынып, сол үшін күресу керек. Бірақ, ол үшін пьеса ішіне жаңалық көсемдері болған: партия, комсомол, әйел үйымдары, кәсіп одағы сияқтының бәрінің өкілдерін түгел кіргізе беру шарт емес. Онда біз материал астында қап, кісібасты боламыз. Пьеса — союз, конференцияның бірі емес. Барлық басты үйымның делегаттары қалмасын деу қажет емес. Қайта әр үйимнан, үйим адамы еді деп кіргізу, жоғарыда айтқан сияқты, функцияны кіргізу болды. Әр үйимның өкілі өз үйимнің дерективін сейлейтін боп кетеді; пьесаның жанды арқауымен қабыса алмай, үстірт боп, схема боп қалады.

Пролетариат драматургиясының үлгілі пьесаларын көрсек, партияны сол функция қып көрсетуден қатты сақтанады. Қайсысы біреу-ак, Михайлов та жалғыз. Олардың жазушылары әдебиеттің сурет тілімен сөйлейтін жаңа жиынтық тұлға жасағыштығын ұмытпаған. Соны максимал дәрежеде пайдаланған. Осы арқылы пьесалары көруші оқушыға түйін тастап, қалғанын өзің үғына біл дейді. Бұлай демек — кемелдік.

Тегі пьеса бар түйінін өзі айтып, оның бәрін тағы өзі шешіп беріп отырса, ол көркемөнер болмайды. Бұл жадағайлық, тайыздық. Суретші атаулының (жазушы да суретші) барлығына койылатын бір шарт бар. Ол — салған суретіндегі күн, жұлдыз, көл — өзі күнмін, жұлдызыбын, көлмін деп тұрсын. Суретші сен өзің барып, солардың үстіне мынау күн, жұлдыз, көл деп түсіндіргіш жазып койсац, ол өнер емес дейді. Міне, сапа мәселесі осында.

Мәселен, сондай көркемөнер тұлғасы, функция емес, шын жанды тұлға — Михайлов. Ол — шынында да партия. Бірақ, жазушы бұл арадағы өз міндеттін пьесаның шама-шарқына қарай бойына шақтап алады. Бір Михайловпен бар партияны көрсетіп үлгіре алмайды. Сондықтан, партияның бір жылғы жарығын, бір-ақ саласын ғана алады. Ол — күшін астық науқанына мобилизовать етіп алғып, қанат қағып тұрған партия. Сол науқан үстіндегі үйыстыруши көрсетіледі. Сол аз міндетті ойдағыданық қылып, көркем ғып көрсеткен, сонысы арқылы партияға да зор еңбек еткен. Михайлов пьеса ішінде үстірт журмейді. Қайнар ортасында тартыстың ең үлкен арқауы сол. Қөруші еңбекші де Михайловты қайта-қайта көргісі кеп, ол кірсе іс-мінезіне айызы қанып отырады. Бұны сүйеді. Сондай болсам екен демеске шарасы қалмайды.

Осы сияқты, социалистік құрылыштың үйыстыру көсемі, іскері бол отырған партияны Гай да жақсы көрсетеді. Сонымен қатар бұның екеуі де кәдүілгі адам. Жеке адамдық жағдайлары, бос тіршілігі тағы бар. Бұнысы арқылы жанжал тартқыш тұлға бол тұрады.

Міне, біздің жаңа адам жайындағы жаңа пьесаларымыз осындай құрылышты нық зерттеу керек. Бұғынғі пьесамыздың үлкен асуы сапа десек, сапаның үлкен түйіні осы жаңа тұлғаны көрсете білуде.

Драматургиямыздың бүгінгі жайын айтқанда, тарихи

пьесалар жөнінен бірер сөз айта кетпей тағы болмайды. Бұл өзі бір мақаланың тақырыбы болуға тиіс. Бірак, соңда да қыскаша күйде жанай кетейік.

Ең әуелі, бізде әзірше жүрген тарихи пьесаларды («Еңлік — Кебек», «Арқалық» сияқтыларды) классик әдебиет дейміз. Ескі заманнан қалған пьесалар емес. Бұның бәрі де совет дәуірінде туды. Басында көшілігі теріс бағыттан өсті. «Қарапәздер» сондайдың нәтижесі. Қайта ойналаса, жаңа түрлі талқылаумен (трактовкамен), өзгертумен ойналады. Осылар тарихи пьеса деп «Арқалық», «Кебектерді» ойнағыш болса керек. Бұл тәжірибеде көп қаталық болуға тиіс. Ұғынуымызға керек. Ескі пьеса мақсұт емес. Феодалдық тұлғаларды қайталап, көлдененде беру социалистік құрылышқа мұрат бола алмайды «Тарих» деп қана жадағай алсақ, үшқары алсақ, саяси қата. Тегі бұдан былай ескі тақырыпты пьесаның ішінде тарихқа бүгінгі көзқараспен, пролетариаттың тап тартысы жөніндегі жүйесінің көзімен қараған пьесағана керек-ті. Жаңа театр репертуарында тарихи пьеса тегі көп бола беру қажет емес. Менің ойныша, жылына бірі жеткілікті. Театрдың репертуар мәселеісінде қамшыланатын жағы бұл емес. Оның үстіне тарихи пьесаны көрсететін орта да талғамалы болу керек.

Қалайда, әрбір тарихи тақырып бізге де, театрға да, негізінде төңкерістік тақырып бол тұрын.

Бізге шын үлкен мақсұт, ең алдыңғы қатардағы зор міндет — бүгінгі құбылыс жайындағы пьеса. Бірақ сол пьеса, көруші таразысына тарихи пьесадан женіл баспас үшін жоғарыдағы шарттарды орындаумен қатар қызықта пьеса болсын. Оқиғасы тығыз құрылған, істелуі болсаң емес, құрыш пьеса керек. Ол үшін әрбір тұлға көп ойланып, көп сұрыптаудан туган болсын. Біздің бүгінгі бір мініміз, асығыс жазамыз, қайта соқпаймыз. Пьеса ішінде сөз кеміп, іс молайсын. (Осы ретте «Түрксібтің» соңғы, үшінші жазбасы келісті шыққан сияқты. Әзіргі қазақ пьесасының ішінде драма техникасын алғаш рет нық ескерген пьеса осы болар.) Пьеса ішіндегі адаммыз жанды адам болумен бірге, динамикалы (ескелен) адам болсын. Көп пьесамыздың дұрыс адамы салған жерден «шымшып тіккендей», төрт тарабы түгел, лықтолы адам болады. Өмірде солай ма? Әрбір ірі науқан, ірі сын болып, сол үлкен тартыс үсті өсірмей ме? Еңбек, екпін ішінде қайта түлеу — өмір шындығы. Заманымыз-

дың қызығы зор пәрі де сол емес пе! Қазақ пролетариаты өсіреле солай. Жаңа түлел өседі. Балқаш, Қарғанды жаңа адам туғызып жатыр. Олар шетінен динамикалы тұлғалар. Басынан толы емес. Оның арты кешегі ауыл бүгінгісіне, ғасырлар асқарларын басып түсіп келіп отыр. Әлі де алды бар. Өндіріс, жаңа құрылымы колхоз, тоз, политотдел өсіріп отыр. Бұлар — жүздер, мыңдар. Білекке білек қосып, иыққа иық сүйескендер. Сондайқтан, біреуінде мынның кейпі бар. Мынның психологиясындағы неше алуан шебер, қыын-түйіндері бар. Соның бір тұлғадан көрсете алсак, функциял болмас еді.

Тағы бір кемшілік — пьесадағы адамымыз көп. Жоғарыдағы кемшіліктен пьесамыз ауыр боп шығады. Аудан, өндіріс сахналары коя алмайды.

Санымен алып, адам басын көбейте беру олақтықтан туады. Сығымдалған нығыз тұлға, тығыз оқиға, кең суреттілік қажет. Жаңағы кемшілікті сол жояды. Сонда тамшыдан күн нұры көрініп, ұғылғандай болып, бір тұлғадан социализм көркі көрінетін болса — пьесаның сапалы жыр болғаны.

1934

ҰЗІНДІЛЕР

Дәл қазіргі күндеріміз күншуақты, әдемі бір әдебиет көктемі сияқты сезіледі. Шағырмақ күні маужырап, тузыған даласы өнбек-өспекті тілеп, ыңыранып, бусанып, ерекше бір еңбекке шақырып тұр. Дағдылы көктемде тракторып, соқасын МТС сайлайды. Қөлік, аспап, азаматын колхоз қамдайды. Еңбек елі науқанын қарсы алушы біледі. Науқанымызда біз не етер екенбіз? Бошалаң колхоз, сылбыр МТС болмау — дәмеміз. «Дәме бар да дәрмен жоқтың» кебін кимесек дейміз.

Одақ әдебиетінің биылғы жылы ерекше жыл болды. Өзіміз де жүрдік, көрдік. Ой-сезімізді жел желпіп, күн еміренткендей. Дәл бүгінгі күннің құлақ күйіне барлық ішек-пернәцмен әзірленген сияқтысың. Көрген мен сезгеннің бәрін терінейік, іріктең екшейік. Сонда социалдық жаңа мәдениет белгісіндей, заман белгісіндей боп, пролетариат стилінің бүгінгі көрнекті бір тұрғылары

сияқтанып үш нәрсе ойға келеді. Бұның бірі — Мәскеудегі метро. Қеңес еңбекшісі Мәскеу қаласының астындағы саз, құмтас пен керішті ғана үңгіп жатқан жок. Ескі Россияның ғасырларын үңгіп, Иван Грозный Мәскеуіне шейін баратын тарих тоңын аударып жатыр. Қатқат шөккен ғасырлардың ауыр, қалың қатпарларын пролетариат балғасы мен шапқысы: «олай жатпа, былай түсесін!» деп, ырқына көндіріп, бүрүп салып, баурап отыр. Миллиондар тілегі, мындар еңбегі. Мағына, сана көп — заман стилі. Бұрынғы «Ресей жүргегі» болған Мәскеу «Социалдық Отан жүргегі» боп қайта тумак. Бұл — социалдық құрылыштың еңбек майданындағы қорытынды бір тұрғысы.

Ой-сана майданында осы миллиондардың қол еңбегінің жалғасы сияқтанып бір ғана кітап ойға келеді. Ол — Алексей Толстойның «Бірінші Петрі». Сырт көзге шалғай жатқан нәрселер. Бірақ Ленинград жазушыларының съезінде Ленинград обкомынан келген жолдас Позерин өз сөзінде: «Бірінші Петр» романының жұмысшы ортасындағы қадірі ерекше. «Красный Путилов!» сияқты заводтарда сол кітапқа жұмыспен окушыдан күніне 50 адам өшіретке жазылып отырады» — деді.

Қуанатын да, қызықтыратын да бейіл емес пе? Бұл қалайша? Себебі екеуінің тамыр-түбірі нық байланысты. Пролетариат еңбегі ойсыз еңбек емес. Саналы даналық бар еңбек. Ол бір жерде әзірлер тамырын қолынан құлдаپ, тауып танып, үңгіп келе жатса, екінші жерде тарихты ой-сана, сезім, қиялмен де пролетариатша танымақ. Өрлей, құлдай үңгімек. Ондағы тондарды да аударыстырмак. Петр Ресейін буржуазия мәдениеті бүлдүр сағымға орап, көп даттаған еді. Мына кітап «миллион еңбегіне сыр қосылса, осындау үнмен қосылсын» дегенді ойлатады. Пролетариаттың артқы тарихты шолған білім, сезім, санасының бір алуан қорытынды тұрғысы сияқты. Бұнда да заман стилі сокталы жота көрсетіп отыр. Осы бағаны жұмыскер окушы өзі берді.

Осылардай, үлкен тұрғыдай бол ойды алатын үшінші бір белгі — съездегі Горький сөзі; сөзінің жекеше ерекшелігі мен тақырыбы емес, ұлы аңғары мен ұраны. Барлық баяндамасынан аңқып ескен ұлы сарын жаңағы екі белгімен ұштасады. Мұнда тұсау кесіп, бұғау үзген миллиондардың жүргісі мен әуені шықты. Сол миллиондар кәрі тарих пен буржуазия мәдениетіне Горький үнімен,

бар дауыспен өзінің «Мен келемінің» айтты. Дәуірден дәуір, тарихтан тарих ауысқанда, сонда бір айтылатын сөз. Социалды мәдениеттің стилі осы аңғармен асады дегендей қып, мұз биіктің басына СССР туын желбіреттіп, қадап өткен сияқты болды. Жалпы әдебиетімізді алмай, Горкийдің өз жолын ғана алғанда да сонау қара күндерде пролетариаттың дауылпазы атанып, беймезгіл шақта шарқ ұрып ұшқан шағаласы боп бастап, аяғы бұғін кеп тарихы мен ескілік дүниесін жаңғырықтыра соққан мына сарын, мынау ұлы дүбір қандай әдемі, нендей атой!

Осы үш белгіден көп ғибрат алып, айқын бағыт тануға болатындей. Үшеуінде де жаңа стильтің даналығы бар.

Енді қазақ жазушысы боп еңбекке отырамыз. Бұл күнге шейін жер қорактау боп, жасаң соғып келгендей бар. Бойдағы азды-көпті құрделі үлкенге салмай, соныға беттептей, мейір қандыратын белгі тудыра алмай келеміз. Бізде үлкен проза кешеуілдеп тұр. Шынында, үлкен прозасыз үлкен әдебиет жок. Сонымен, бір-бір романның соңындамыз. Мен осы жұмысыма жалпы әзірлік есебінде, бір жағынан, жоғарыдағы үш белгі сияқты өзіміздің құрылыштан, әдебиеттен, салт-санадан негізгі бағыт алушан басқа, биыл жазда жалпы мәдениет дүниесінің екінші бір шетіне де көз салған едім. Оным — Француз бер ағылшынның ерте кездегі шебер романшылары: Поль Бурже, Шатобриан, Альфред де Мюссе, Бенжамен Констан, Болевер Литтон сияқтылардың шығармалары еді. Романдарын тақырып ретінен әңгіме қылу жөнінен, жалпы техника жағынан зерттей қарастырған едім. Техникадағы үлгі боларлық ерекшелік, жеке бір жердегі айрықша шеберліктер, жалпы классик әдебиетінің бізге бағалы қасиеті фой. Онысын көру, тану, үйрену керек. Бірақ пролетариат стилімен қабыспай, оған жақындастырмай тұратын бір срекшелік — әңгіме қурудан байкалады. Мүмкін жазушыға жеңіл де жол болар. Қалайда көп классик романы, сц алдымен, аз кісінің басына құрылады. Бенжамен Констан «Альфред» деген романын екі-ақ кісіден роман құрауға болады деген бәспен жазады.

Дүние классигінде кісісі көп келетін екі ұлы жазушы — Шекспир мен Толстой. Бірақ батыс романшыларынан Толстой екі жерде, екі үлкен жазушыдан үлгі ал-

дым дейді. Бірі — Стендаль, екіншісі — Диккенс. Осылардың өзі де көп кіслі емес. Шынында Шекспир, Толстой өзгенің бәрінен қара үзген асқарлардаі көрінеді. Және солардың үлкендік сапасы, ең алдымен, сол көп-көп адамдарды біріне-бірі ұқсамайтын ерсі, қайши, қым-қиғаш ерекшеліктерімен алып көрсетіп кеп, бір шыгармада бәрінің басын қосқанда, көп кісіден құралған әдемі қордың бүтіндік жарастығындаі көрік табады. Молдан пішілген, кенин қашалған сұлулық сияқты. Бірақ буржуа мәдениетінің стилі — бұл емес. Қөпшілік бұл аңғармен жүргеген де. Сондықтан жаңағы жогарғы саналған жазушылар әңгіме жібіп ылғи бір үршыққа орай беріп, бір ғана қазыққа шалып отырумен үлгі қалдырған сияқты. Ұзынды күн баққан-қаққаны екі-үш адам немесе көп болса, он адам болғандықтан, сол адамдардың ішіне түсіп ап, жазы-қысы жайлап ішек-қарынын қырнай беруден стиль құралады. Эрине, психологияға біз мұлдем қарсы емеспіз. Бірақ жазған еңбегінізден төңкерістік стиль күткенімізде, бұл үлгі жол емес. Өмір кенін күрт қопарып, қарбыта күреп алатын классиктер Шекспир, Толстой, өз заманымызда тұтас колхозды тегіс алатын Шолохов және мыңдаған қолмен метроны алып жатқан еңбек армиясы, миллиондар үнінен ұран құрайтын Горький жолдары аналарға ұқсамайтын жаңа, соны жол боп нығая түседі. Шынында, барлық социалдық отан, барлық құрылымыз берін бастаң аяқ бар адамдарымыз ескі қоныстан кетіп, бұрын адам баспаған соныға ауысқан қоғамбыз.

Роман боларлық адамдарымыз бірлі-жарым, бестіонды ғана емес. Бірі ілгері, бірі кейін болғанмен барлық қауымымыз сонау үлкен Мәскеудей, қайта туу, шын түлеудің дәүірінде. Ендеше, аңғар, бағыт белгіленуден соңғы екінші үлкен түйін — осы өмір материалына батыл араласып, молынан алу шарт. Бұрынғы жазушылар ісінің женілдігі осы жерде тайқи соғып, шет пүшпақтау болса, біздің міндеттің қызықтығы да, қындығы да — бата кіріп, әрі кен, әрі терең қармануда; сапа түбі осыдан шықпаққа керек. Үлкен әдебиет болатын үлкен проzanы осы сарынмен іздесе дейміз.

Сонда ғана біздің қазак әдебиеті жалпы одак әдебиеттінің көлемінде қойылып отырған ұлы табыс міндеттерінің шебіне араласады. Кенжелемей, шабандамай, жай ғана Қазақстанның сыртқы суреттерін ғана көрсететін

этнографиялық әдебиетше болмай, бастас, тен түс әдебиет болуды проблема қып қойған болады. Мұрат қылатынымыз — осындай табыс.

1934

«ҚЫЗ ЖІБЕК» ҚАНДАЙ?

Ән-күй театры осымен уш белден асты. Енді бұның аз уақыт ішінде істеген көп еңбегіне біраз қорытынды баға беріп, бұдан былайғы бет-бағытына жүртшылық боп жәрдем ететін мезгіл болды. Бұл жөнде айтылатын сөз көп. Қөшшіліктің ойында реттеліп, тәртіпке түсіп, екшеліп, әзірленіп қалған ұсыныстар да аз емес. Был-тырдан бергі Өлкелік комитет пен Наркомпрос басшылығы және Жумат пен оның колективі істеген еңбек аз еңбек емес. Бірақ осыны айтумен қатар ән-күй-театрының ендігі келешек жол-жосығын толық күйде сез қылғып, пікір екшесіп алу қазірде өте қажет екенін қоса айту керек. Бұл істі Наркомпрос қолға алар. Біз әзірше театрдың ең соңғы еңбегі «Қыз Жібек» жөнінде бір-екі сөз айтайық. Театр сахнасында «Жібек» жарқырап шықты. Қоз тартатын, есте қалатын әдемі көрініс аз емес. Қалпы алғанда жас театрдың алғашқы ізденулерінің ішіндегі ең көрнектісі осы «Жібек» деуге болады. Бұған сінірліген еңбек, жалпы әзірлік, шыгарылған қараждат, сырттан қосылған күйші, биші өнерпаздар (Александров, Брусиловский) күші де олқы болған жок. Осы жағдайлар «Жібекті» сөз қылуға татырлық, айта қаларлық табыс дәрежесіне көтерген сияқты. Бұл айтылған жалпы баға. Ал, осымен қатар енді бірталай олқылықты да айтпауға болмайды.

Сахнадағы «Жібек» көп өнерпаздың (жазушы, режиссер, актер-әнші, биші, күйші, суретші сияқтылардың) колективтік еңбегінің нәтижесі. Осының әр тарауы жайынан қысқаша қайырып, талдап айтып көрейік.

Бүгінгі «Жібек» ішінде — әсіресе, даусыз жақсы боп көрінетін билер. Жолдас Александров біздің ән-күй театрынызға үлкен бір олжа сияқты, қымбат бағалы адам. «Шұға» мен «Жібекке» ол істеген еңбек аз емес. Биге мениң айтарлық дауым жок. Жалғыз-ақ, кейбір би

(қаздар биі сияқтылар) аз ұзындау ма дейім. Әрине, көпшілік биінде техника жағында, тұтастық, гармония жағында піспеген шалалық белгілері жоқ емес. Бірақ, оған кінәлі бидің өзі емес, билеуші жеке күштердің әлі жастық, шалалығы. Ал, бастауышы бишілер, әсіресе қазақ артистасы Шараның шығыстары — мактарлық та, мактанаарлық та әдемі табыс.

Екінші көрнекті еңбек — суретші Ненашев жолдас еңбегі. Бұл әсіресе, бірінші пердедегі казақ үйін өте көркем жасаған. Бұл күнге шейін біздің сахналарда қисыны табылмай, олпы-солппы боп келе жатқан киіз үй кейпі енді ғана шырайланып, сахнадағы өз орнын тапқан сияқты. Бірақ, енді осыған орай екінші пердедегі сарай әлсіреп кеткен. Ол да бұл күйде өртегілі сарайдан көрі бүгінгі арзан қолды кепе (ресторан) көрінісіне жақын. Тағы бір кемшілік: соңғы пердедегі түстің сахнасында. Суретші тұс сахнасын — қайықтан басқа жерінде шала қалдырған тәрізденеді. Жібектің ойыны білдірмесе, үлкен драмалық уақығаның тұсында суретші сахнаны тым шалағай, жадағай қалдырады. Анығында түстің ең мағаналы, әсерлі жері — қайықтан соңғы Төлеген шыққан жер. Сол ара сыртқы сурет (оформление) жағынан өртегіше, тұшсе айқын боялуы, бөлениүі керек еді. Бұл кемшілікке суретшімен қатар режиссер де жауапты.

Екеуінің сурет ретіндеңі қабат міні, әсіресе, киімде көрінеді. Шынында Жібек киімінен басқа киім көңілдегідей емес. Қошпелі ел қызы, Жібек отауындағы әйелдер киімі мен сарайлы хан Базарбай айналасындағы әйел киімдері бір-бірінен дұрыстап айрылмайды. Ерекше кемшілік: Бекежан тобын киіндіруде. Олар — жамандauшылар аузында қырық қаракшы, дәлінде әр елден шыққан бір алуан ереуілшілер, шығайлар. Бұларға неше алуан жорық киімін кидіріп, аттарына лайық аспап, күрал, сауыт-сайман беру қажет еді. Бұл топ сахнада көбінше бір момақан, сүр ғана топ бол сезіледі. Шынында, тірсек жең жасыл кемзал бұларды наиза басы, ат үсті жігіті қылмай, қатаң айтқанда төмен етек, қызтекелеу қып көрсетеді. Бұл жағын қатты ескерту керек.

Менің үлкен дауым ән-күй жағында. Рас, бұл ретте күйші Брусиловский жолдастың кінәсі аз. Ол өз ісін жақсы атқарған. Оның жалғыз міні: күй бастауларды (увертюраны) кейде тым ұзак, кейде қазақ тыңдаушысына үғымсыздау етіп алуында. Бірақ, сонысының өзінде

де қазақ әуенін өсіру, мағаналандыру, терендету ісі көп. Әсіресе, жақсы істеген жерлері — қазақ әнін мына опера сияқты күйге сәйкестеуде. «Гәккудің» аяғын өзгерту, өзге бірталай әндерді кесіп-пішіп, тыңдан сыптау сияқты істер — Брусиловский еңбегі. Жалғыз-ақ, онымен тағы режиссерге қоса қоятын кінә — бұрынғы қазақы әншінің ән салар алдында құр айғайлап алатын шылбыр создысын жоймапты. Осы сияқты көп әннің аяғындағы қайырмаларды кеслепті. Ән жеке тіршілік еткенде қайырма да, алғашқы айғай да керек. Ал, операға кіргенде бұлар мына жаңалықтың ішіне сыймай, дертеден шығып бұра тартып тұрган сияқты.

Бірақ «Жібектің» ән-күйіндегі даулылық бұл жерде де емес. Өзгеде. Ең әуелгі кемшілік: әнші-актерлерде. Оларда дауыс жоқ. Және ролін ойнап, әндей ойнап салу жоқ. «Жібекке» кірген барлық жақсы әндер опера музыкасы сияқты сезілмейді...

1934

«СОЦИАЛДЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ» БАСҚАРМАСЫНА АШЫҚ ХАТ

Соңғы кездерде Мемлекеттік драма театрында қоылған Жұматтың «Арқалық» деген пьесасына және соны сахнаға шығарып қойып отырған театрға, театр басқарушыларына бірнеше сындар жазылды. Бұл жайдары алғашқы сөзді бастаған «Социалды Қазақстан» еді. Кейін «Лениншіл жаста» Тұрғамбайұлының мақаласы басылды.

Бұл тексерулердің бәрінде де менің жайым айрықша сөз болып, театрдағы менің ісіммен, әсіресе «Арқалық» турасындағы менің қатынасым жайында бірнеше теріс мағлұматтар, қата түсініктер берілді.

Әсіресе, «Лениншіл жаста» Тұрғамбайұлы мені театрдың суреттілік ісін басқарушы етіп және «Арқалық» пьесасының режиссер-постановщикі деп көрнеу өтірік мағлұматтар беріп, жұртшылықты мен туралы жалған ізге салыпты.

Осы туралы, сол екі газетімізде қата түсінік алмасын деп өзім туралы бірнеше анықтама айтпақшымын:

Ең әуелі, мен театрда суреттілік ісін басқаруши емеспін, әдебиет бөлімін басқаруши драматургнын. Мениң ісім — театр репертуарына өз жанымиаң пьеса жазу.

Екінші, өзге қазақ жазушылары жазған пьесаны сол жазушылардың өздерімен бірлесіп отырып, театрдағы режиссер, актердің, жалпы басқарманың көпшілігімен ақылдаса отырып, сахнаға ықшамдаپ қоюдағы олқылықтарын айтысу, талқыласу. Қазақ пьесаларына кіргізетін қосу мен түзетулерді әр жазушының өзі істейді.

Үшінші, сахнада қойылатын пьесалар туралы режиссер, суретші, актерлерге жалпы және жекеше талдаған түсініктер беру.

Төртінші, қазақ пьесаларын орысшаға аударып, орыс тіліндегі пьесаларды қазақшалау сияқты жұмыстар.

«Арқалық» турасында айрықша айтатыным, бұл пьесаны түзеуші мен емес, жазушысы Жұматтың өзі. Екінші, сол түзелген қалпындағы пьесанын сахнаға қойылуында да мен өзге пьесалар түсінде істейтін қызметімді істей алмадым, уйткені қыс (январь-февраль) уақытында мен Мәскеу-Ленинградта болып, «Арқалықтың» әзірлігі пісіп қалған кезде келдім.

Режиссерлері — Елубай мен Насонов. Солар Жұмат берген соңғы текстің кемшіліктерін әзірлік үстінде кейде қысқарту, кейде бірлі-жарым көріністерін ауыстырып салумен түзесіп келеді екен. Мен соңғы кезде солардың кейбір қысқарту жөніндегі азын-аулақ кемісіне ғана қатынаса алдым, басқа, бұдан молырақ түрде араласуға пьесаның театрда әзірленіп қалғандығы, менің кешігіл қалғандығым себеп бол кеп ат салыса алмадым.

Осы жөнінде біздің өлкелік газеттер менің жайымды әрі өздері жансақ түсініп, әрі жүртшылықты құдікке салмай анық, дұрыс мағлұмат берсе екен деймін.

1935

«АҚ АЮ» ТУРАЛЫ

Біздің қазіргі поэзиямыздың ішінде шынымен даусыз, үлкен орын алатын шығарма — «Ақ аю». Мұның жайындағы түсіндірме, тексеру, зерттеулер аз болмай,

олқы, келте, үстірт болмай, ұлгілі, өрісті болуға лайық. Біздегі бұл құнғе шейіп келген бір дағды: шығарманың жақсысын — жақсы, ұлкенін — үлкендей қарсы ала білмейміз. Құндегі көріп жүрген жабайы тақ-тақ, орташа-коңырша көвшілік тумаларымыздан бойы биік, өркеші асқан жаңа шығарма шықса соған сүйсіне алмай, құп ала алмай, жатырқап, тосырқағандай қашқалақ келеміз. Жете бойлап қарамай, қасиетін тани алмай көп жүреміз. Тануға айналған кезімізде ол шығарманың туғанына бірнеше жыл өтіп, алғашқы бусанып түрган жалынды ыстық шағы өтіп кеткен сияқты болады. Поэзияда осындей боп дәл мезгілінде тиісті бағасын ала алмай, артынан барып жақсылығы сезілген бірнеше жақсы өлеңдер барлық ақындарымызда да бар.

Сыншы, оқушы жұртшылықтың бір шығарма туа салысымен баға бергендей боп үн қатқаны жазушыға да жақсы әсер етеді. Ұлken еңбекті аяқтал, көмбесіне тақап келгенде, алдынан жұртшылықтың тартуышыдай атой беріп қос тізгіндеп көтермелеп әкетуіне не жетсін! Одан асқан көтермеші болар ма? Сеніп жазған жұртшылығы татымды еңбекті сүйтіп мезгілімен қуана қарсы алуды білсе, ол жазушыға қанат бітірмей ме? Қелесі тағы сондай еңбекке лепіртіп, ірлентіп, қанат қактырып отырмай ма? Болмаса бірде-бір селт етпей, тоң мойын күйде, тоңы жібімеген қалыпта қарсы алсақ жазушының талабы есе ме? Бірақ, бұл соңғы сипат бақытымызыда қарай біздің бүгінгі жұртшылығымызда жоқ. Ол қуана да, сүйсіне де біледі. Тек соған жәрдем ете білейік.

Сәбиттің «Ақ аюы» дедік.

Поэма жайында бұдан былай болатын ұзак, толық тексерулердің алдында — бұл мақаланы әзірше «Ақ аю» ішіндегі бір-екі ерекше жайды ескертіп өтуге ғана арнаймыз.

«Ақ аюдышың» ішінде ең алдымен көзге ілінетін айырқаша ұлken бір ерекшелік: ақынның осы поэмалық жалпы құрылышы жөнінде қолданған әдісінде. Бұл — біздің поэзиямызда бірінші рет ондап қолданылған жаңа әдіс. Сол әдістің дұрыстық, шеберлігінің арқасында «Челюскин» жорығындай ақынның өз басынан кешірмеген сапар, өзі көрмеген солтүстік турасындағы жауапты қын тақтырып — ойдағыдай дұрыс қалыптанып шықкан сияқты.

Сәбит поэмасының әңгімелік желісі мен идеялық-

суреттілік бағытын өрістеткенде, бәйгеге түскен өзге көп поэмадағы секілді, оқиғаның құрғақ тізбегіне бой үрүп кетпеген. Пәлен күні пәлен болды, түген күні түгені болды деп протокол түрінде тәкпектеп шаптай, очерк үлгісінен өз әдісінің іргесін аулақ салған. Эрине, тізе беріп, санай берсе бұл жорықтың оқиғалары көп еді. Ақын алдындағы мәселе сол көп материалды өлең өлшеуіне салып, үйқастырған сөзбен баспа-бас санап өтуде емес. Бір жағынан сол материалды ақынша жене білуде. Материалдың астында бексе басты боп калу ақын қиялының көп ізденбегендігін, шарқ ұра алмағандығын көрсетер еді. Эрине, ол әдісті очерк жазушы, я сол жорықтың тарихшысы қолданса — ол бір сәрі. Бірақ, мұндай жайда ақын міндеті басқаша. Ол өзі алған үлкен жорық тақырыбын осы «Ақ аюдағы» сиякты поэзия заңымен топтап, шоғырладап, ақын үлгісінде әрі жинақы, әрі соқталы күйде көрсете білуі керек.

«Ақ аю» үлгісінде сол топтап көрсету әдісі поэманиң барлық бойына үлкен ойлылықпен жақсы жайылып түскен. Топтау үлгісінің өзі поэманиң өнбайында жарыса отырған бір астар күй тәрізденіп, жорықтың қаһармандық қылықтарынан үлкен бір суретті-пәлсәпелі мағыналар тудырып отырады.

Мұнда оқиғаны болған күйінде көшіре салу, құрғақ копиясын беру жок, олай еткен болса, оқиға ақындықтың көркем суретіне дұрыс түсірілмеген болар еді.

Ақын табиғаттың әлі де болса адамға бас имеген, алай-түлей, тағы күшін ак аюдың бейнесімен екілendіре суреттеп, оның жуген-құрық тимеген, ауыздықталмаған ызакорлығын, ашуын көрсетеді.

Ал, табиғаттың адам багындырып алған күшін ақын сүр аюдың бейнесімен көрсетеді, оған адамға қызмет еткізеді, адамның еркіне көндіреді, адамның жеңіп алған ақыл-айласының даналығына бас игізеді.

Асаяу терістіктің бейнесін көрсететін ак аюдың тағы, көзсіз ызакорлығын енді адамның қаһарманы Шмидт жеңеді, тұтқынға алады, бұл адам қымылдан биік, бұған шейін болмаған программамен жер үстінде жаңа өмір ашады. Оның қадамы — құресшен, арымай-талмай, ерінбей-жалықтай ізденуші, жаңаны жаратқыш, қайтпайтын ер адамның қадамы. Міне, поэманиң аса көркем суретпен жалпылап алған тұлғалары осылар. Поэмада бұлардың кездесуі, олардың арасындағы жүлкысу, соқ-

тығыс екі сарынмен сипатталады. Дәл жорықтың өз оқиғасының сыртқы әрекетін шындық арқылы қысқаша, жеңіл түрде суреттеп береді, бұл бір. Екінші жағынан, жаңа адамның бағындырығыш, жасағыш, алғыр күшінің ішкі сырын көзбен көріп түрғандай етіп сипаттап береді.

Поэманиң тілі мен бар стилі, оның аса бағалы идеалы ішкі мазмұнына сایма-сай шыққан. Өлеңнің сыртқы кескіні үнді, мұсінді, сергек, саңлақты келген.

Поэманиң әсем суреттері — ақ аюдың мұздың үстінде жүргендеғі ішкі сезімінің құбылыстары; солтүстікке түскен сәуленің суреті, Шмидттің жан сезімі мен ойлары және басқа бірсызыра жерлері.

Поэманиң бұл қалпындағы бірден-бір, елеулі кемшилігі — оның аяқ жағының жете тиянақталмағандығы секілді. Екі аюдың арасындағы әңгіме болған күйінде толық айтылып кеткендіктен, әр түрлі аңдардың және аюлардың жабайы нәрселерін аса бажайлап, егжей-тегжейіне шейін қазбалап кеткендіктен, поэманиң басы мен ортасындағы жалпылап теңеген, көркем суретті жерінің әсерін бәсендедеді. Олардың арасындағы әңгімені кәдімгі бар аюдың әңгімесі етпеу керек еді, поэманиң бүкіл сюжетін бастаған күйінде аяқтап шығу керек еді. Бұл мұлтік жойылса, поэма басынан аяғына шейін мұсінді, көздеген нысанасына тұра жеткен терең, көркем шығарма болар еді.

1935

ҚАЛМАҚАННАН НЕ ТІЛЕР ЕДІҚ?

Он жылдық ақын еңбегі өрісіне жеткен еңбек болмаса да, өсудің бірталай өрінен озған еңбек болады. Туа толы боп келген ақын жок. Түлей толады дейміз.

Ақындық деген мектеп бітірумен бірге қонағын ма-мандық емес. Мұның мысалына сыртқы жайын алғанда, алма ағаштың қалпы жақын. Алғашқы жылында қаулаган көк шөптің қатарына зорға ілесіп шыққан қылтанак төрт жыл, бес жылына жеткенде бестен-оннан гүл атады. Күлық құлындағы бастайды... Жеті-сегізіне жеткенде ару анадай көз емшекті боп, өсу шарқына жетіп, ыңырана

бастаған аның жеміс ағашы аталады. Жел емшегіне жабыса, күн нұрына емірене, әуе лебіне бусана өседі. Тіршілігінің жалғыз ғана мұраты-мақсаты, мағанасы да өсу, өсу... Ақынның түлей өсуінің де тұрпы осылай. Әрине, алғашқы жылғы еңбектерінен үлкен нәрсе шықпайды, күтілмейді деген емес, жылдан-жылға беретін жемісі тола береді, дами түседі. Түлететін, өсіріп толтыратын, гүл атқызатын, күн нұрындай нұр, жер емшегіндей нәр неменеде?

Ол біздің ақында — нұры, табының аның тәрбиесі, дәүірінің шарқ ұрып қияға сермеуі. Сонымен қатар сол табы, сол дәүірімен бірге отырып өз басының жалпы тарих адымынан қалыспай, өсуінде.

Олай болса, біздің Қалмақандай төңкерісшіл, еңбекшінің қайнар ішінен шыққан төңкеріс ақынның өсуіне он жылда бір қорытынды жасау аз. Эр жыл «Қалпың міне», «Алдың анау» делініп отыrsa көп емес. Лайығы сол еді.

Ал он жыл ішіндегі Қалмақанды алсак, сол жоғарғы айтылғандай өсу мен ақын атын алған жас. Басында көп ішінде, қатардағы жас қайраткердің бірі болып журіп, содан өлеңімен іздене, көріне-көріне келіп, аяғында, төрт жыл, бес жыл ішінде өзін ақынмын деп, өзі де таныды, жұртшылыққа да танытты.

Осы мезгіл ішінде ақын еңбегінің ең үстем мазмұны қайсы? Мұның баса шертетін үлкен сарыны немене? Онысы, ең алдымен, «Еңбек жыры». Төңкеріс қимылы ішіндегі ең бір ұлы арна, пролетариат мәдениетінің адам баласының мәдени тарихына ала кірген ең жаңа, ең зор күйі — еңбек күйі. Мұны еңбекші ақынның ұстануы кездейсок нәрсе емес. Ол ана топырағынан үлкен нәр алған сияқты, табиғи жолмен беттеген, төркіні таза, жолы даңғыл, жайқын сап күштің қимылын көрсетеді. Мазмұн тақырыптары өндірістегі еңбек (шахта, шахтерлер). Колхоздағы еңбек, немесе өндіріспен қабықтан ауыл шаруа еңбегі — бақташылар еңбегі.

Осы жайларды жыр қылуда Қалмақан, өлеңінің өрнегі бірқатар қалыптасып түр сырларын недәуір баурап алған. Қөлшілікке ұбымды. Тілі де, күйі де сол өзі жыр қып отырған көп еңбекшінің көкейіне қонымды көптің ақыны болып отыр. Өлеңің сыртқы үйқасы, өлшеуі, ырғағы ешбір орасандық ерсілікке кетпейді. Шодырайып тұрған міні аз келеді. Өзіне өзі жасап алған бір қалып-

пен келе жатыр. Бірақ осы жай, бір жағынан Қалмақан шығармаларының қасиеті болса, екінші жағынан кемшілігі қалмай келе жатқан олқылығы сияқты да сезіле-ді. Қалмақан тым момын ақын тәрізді. Ізденудің оты, ұшқыны, серпіні жеткілікті емес. Жас ақын көпті қармай, түр іздей, шаң жұта, заң таба, жұлқына қымыл етуі, кенірек серпуй, ізденгіш, жол салғыш, төңкерісшіл ақындардай, дәуірінің үлкен стилін табам деп шарқ ұру Қалмақанда әзірше аз. Бүгінгі күйін, көбінесе, мазмұн меп тақырыптың күшіне сүйеніп, соны орташа құба тे-бел күйімен тартуға бейімдеу. Сол себепті теңеу, салыстыру сияқты ақын шығармасының сапасының бірі боп саналатын элементтер Қалмақан поэзиясында әзір онша дами алмай тұрған сияқты. Өлеңге шарт болған тілдегі, суреттегі образдардың орнына, әр жәйді баспа-бас ата-ған, ұғым тілі басымдай береді. Теңеуді келтірген жерлерде әлі де жаңа өндіріс көріністерін ескі жырлар ма-шығымен, соның кестесімен оқайлата, жүқалау қылыш әкете береді.

Сөзді сөзге қосып, өлең жолын құрауда ол тізбек бошалаң тіркелмеуі керек, сөздер бір жолдың ішінде тұрса да шақлақ тастай шағылып, от төгіп, жаңды денедей тыныс алып тұрсын дейді біздің бүгінгі алдыңғы қатар ізденгіш, өскелең тартқан ақындарымыз.

Қалмақан бүгінгі бойына жып алғаш күш, өнеріне енді одактағы алдыңғы қатар төңкерісшіл ақындарды түгел ұғып, жете менгеріп аларлық білім қосып, ақындықтағы момындықты тастап, іздеңіш, өршіл, өз-өзіне сенімі күштейген, зор сапа қуған ақын болуга беттесе екен деген тілек айттар едік.

1934

АЗАҚСТАННЫҢ ҚОРКЕМӨНЕРІ

Республиканың 15 жылдық өсуін, табыстарын атағанда қоркемөнер саласы да өзінің Октябрьдең туып, бүгінгідей көрнекті белге шыққан жайларын айтпай тұра алмайды.

Рушылдық, феодалдық, жабайыға жақын бақташылық күйі ескі гасырдың көп гасырлық шөліндегі бол артта қалды. Ленин партиясы өзінің дана, ұлы жолды ұлт

саясаты арқылы кешегі құлдық отарын бүгін — 15-ақ жыл ішінде мәдениетті, күшті, көрнекті республикаға айналдырыды. Әсіресе, өлкеміздің басшылығы мәдениет жұмысына мейлінше көп көңіл бөлді. Куанышты тойымыздың зор мағнасы әр саладағы табыстарымызды көрмеге салып, бұрын кім едік, енді қандай өріске жетіп отырмыз деген жәйларды салыстырып саралаумен ажарланбақ.

Бас-басына атап айтсақ, ең алдымен, бізде биыл 10 жасқа толып отырған мемлекеттік драма театры бар. Бізде алдыңғы қатардағы ірі мәдениетті елдерде туатын үлкен операға қарай ауысып, өсіп, толып келе жатқан Қазақстан музыка театры бар. Облыс басы сайып бір-бір жап-жақсы облыстық театрлар қалыптанып келе жатыр. Олардың ішінде әсіресе, Шығыс Қазақстанның жолдас Бекұлы Орынбек бастаған драмалық театры мейлінше өсіп, толып қалған, қатардағы көрнекті театрдың бірі бол отыр. Өнер қайраткерлерінің кадрын әзірлеу ісі де — біздегі әсіресе өнімді, көнілді бол келе жатқан қызықты істің бірі. Алматы қаласындағы музыка-драма техникумы қазір табанын нық басқан, ірі білім, шын мамандық дүкені бол нығайып отыр. Бүгінгі драма, музыка театры — барлық облыстық, өндірістік театрларға ертең оқымысты, білімді өнерпаздардың ірі күштерін қосатын үзілмес қоры. Осы сияқты бір үлкен сенімді дүкен — Мәскеу мен Ленинградтың жоғарғы дәрежелі өнерпаздар институттарының жанынан ашылған мастерскойalaryмыз, биылғы жылы бұрынғы драма актерін әзірлейтін мастерскойлардан басқа Мәскеу консерваториясының жанынан кейін қазақ операсының әншісі бол шығатын бір топ тағы оки бастамақшы. Сол сияқты одақтық орталықтарда оқып, өсіп, әзірленіп жатқан дәмелі білімпаз жастардың қатарына Ленинградтың балеттік школында былтырдан оқып, тәрбиеленіп жатқан бір топ жас балаларды да қосу керек. Осы соңғы саналған мастерскойлар мен жеке топтар түбінде бір мезгілдік қана болмай, әрдайым лек-легімен келіп, осы бүгінгі сияқты қалыптарын жоймай, үрдіс істеп тұратын болу керек. Әзірше Одақтық үлкен мамандық мектептерінде оқып жатқан жастардың ішінен артисі де, режиссері, суретшісі де тұтас шығатын болады. Бұлар түбінде бірнеше топ-топ бол оқу бітіріп келгенде бір-бір театрды қолды-қолына ала-ала тұра қалатын әзір коллективтер болады.

Соңғы жылдардағы қазақ өнерінің тағы бір ірі жолға басқан жаңалығы — енді Қазақстандағы өнерпаздар жалғыз Қазақстан көлемінде, қазақ тыңдаушысының ортасындаға ғана қалмай, Одақтық, дүниелік майданға шыға бастады. Бұл — екі жолмен жүріп келеді: бірден, қазақ күштері қолға мәлімденіп, үлкен жолға шыға бастаса, екіншіден, біздің көркемөнерлік істерімізге алдыңғы қатар орыс өнерпаздарының қатынасып, ат салысуы күштейіп келеді. Қазір біздің сахна-драмалық істеріміз, ән-күйіміздің көркемделіп өсуі, би өнеріміздің барлығы да жалғыз қазақ күшімен істелмейді. Осы аталған ма-мандақтардың Одаққа аты шыққан ірі адамдары: ірі композитор, ірі режиссер, ірі биши, суретшісі сияқтының барлығы да бізбен істесіп, Қазақстанның көркемөнер ісіне анықтап жегіліп отыр.

Қазақтың өз әнші, күйшілерінің өнерлері былтырдан бастап пластинкаға түсіп, жақсы ән, жақсы күй дегеннің барлығы, атақты әнші жігіт, әнші әйел артистеріміздің үндері бүкіл Одаққа, бүкіл дүниеге тарайтындей мұмкіншілік алып отыр.

Осы сияқты ғасырлар бойы қазақ ортасы, қазакы казаннан аспай жүрген домбыра, қобyz және ұмытылып бара жатқан сыйзығы сияқты ән-күй аспаптары да енді жаңа сапа, жаңа түрге көшіп, тәжірибе ретінде бас құрап, қазақ оркестрі деген жаңа оркестр жасап отыр. Бірақ біздің бұны демеп, сүйеп, көтермелеуіміз —«не шығар екен, қашалық өріске бара алар екен» деген және «халық аспаптары сол халық қолына ажарланған және сапа тапқан, өскелендеген түрде барсын» деген тәжірибе сияқты нәрселер. Болмаса қазақтың ендігі жаңа үлкен көркемөнерінің жалғыз аспаптары осы болсын дегендік емес. Бұғынғы Қазақстан көркемөнерінің жалпы беталысы, тәжірибе, ізденулерінің ішіндегі бір ерекше жақсы, дұрыс бағыты — біз ешбір салада да мынау қазақтікі еді, мынау қазақтікі емес еді деп, біріне-бірі жабысып, бірінен бойды қашық ұстамаймыз. Ол би-балет өнері болсын, үлкен музика болсын, қолданатын музика аспабының жайы болсын, я театрдың сахналық түрлері, ерекшеліктері турасында болсын — бәріне де халық қорын, тарихи мұраларымызды пайдаланып ажарлаумен қатар, әсіресе, алдыңғы қатар өнерлі елдердің интернационалдық мәдениет қорынан мейлінше іркілмей пайдаланамыз. Қөсеміміз Лениннің ескі мәдениет мұраларын оқы, біл

деген ұранын біз сняқты мәдениет жолында кепжелеп, артта қалған еңбекші ел, әсіресе, айрықша ескеріп, жүзеге молынан асыруға міндettі. Сондықтан қазақ ғомбыра оркестрі тәжірибе ретінде өз ісін істеп келе жатса, сонымен қатар, алдыңғы қатар үлкен өнерімізді аспаптарға сүйеп көркейтеміз. Бүгінгі мәдениетті қөркемөнер орындарымыздың барлығы да осы тәжірибемен тұзу өріс алып келеді.

Енді осы санаған ірі-ірі өнер белгілерінің алдында тұрған өсу проблемаларын да айта кету қажет. Сол ретте алдымен мемлекеттік драма театрын алсақ, бұл әзірше біздегі жалпы еңбекші, төңкерісі жүртшылықты төңкерең бағытындағы ұлы салт-санана баулитын үлкен тәрбие орыны болуға міндettі. Ол, бір жағы, ірі мәдени салт-саналық шарттарға жарап тұратын үлкен репертуарды, үлкесін пьесаларды керек етеді. Екінші, соңдай шығармалардың терең суретті ірі тип кейінгерін қөнілдегідей ғып, үлгілі ғып жетер өрісіне жеткізе шығаратын үлкен актер күшін тілейді. Драма театры өзінің он жылдық дәүірінде Елубайдай, Қалыбек, Серкедей ірі талантты халық артисі, еңбегі сіңген артистерді шығарып, өсіріп отыр. Осылардың қатарына қосылған жастан өсken Қапаш, Қамал, Шәкен, Жактайлар, Сейфолла, Сұлтандар да театрдың бүгінгі сатысына олқы күш емес. Келешектерінен көп дәметтірестін шын өнерлі жастар. Соңғылардың бәріндегі де оқысадақ, білсеқ білім тереңдестіп, тез дамысақ деген жолынан талап өте күшті. Бірақ осымен қатар драма театрының актер күшін алғанда қатты ақсататын бір мәселе — әйел күштерінің орасан кемділігі. Бұрыннан белгілі дәрежеде мәдениеттенген әйел ішіндегі бас актриса Мәлике болмаса, немесе бастаң өсіп келе жатқан Қатира, Сабира болмаса, әйел күші өте сүйқыл. Жоқтың қасы. Бұкіл республикадағы бірден-бір мемлекеттік театрга жалғыз Мәлике тұлға бола ала ма?

Онаи соңғы үлкесінен алғаштап, театрдың ең алдыңғы қатар актерлерінен бастап, барлық жаңа күштеріне шейін қарасақ, он жыл жасаған тірліктің ішіндегі әлі күнге бірде-бір мамандық білім алған адам жоқ. Барлық жас өзінен-өзі шұқынып, әйтеуір тімтініп, ізденіп көрейікші дегені болмаса, сонымен азды-көпті үстірт мағлұмат қурау болмаса, бұл күнге шейін театр ылғы актердің самородок бол тууын дәметіп, бәрінің де тузына зорлап келеді. Бірақ жүрттың бәрі Щепкин, жүрт-

тың бәрі Елубай, Серке, Қалыбек бола бере ала ма? Олардың өзін алсақ та мәдениетті ірі театрдың барлық шарттын орындап бере алмайды. Үйткені, ендігі біздің мәдениетті зритель қоятын шарттың көбі кейде бұлардың да қолынан келуі қыны. Шама шарқынан тысқарырақ боп түсетін кездері бар. Олай болса бұл-куштердің көбін дұрыстап оқытып өсіруге, барлық ірі театрлардың үлгілерін көрсетіп өсіруге міндеттіміз.

Осы қатарлы үлкен-үлкен проблемалары бар көрнекті, қызықты дүкеніміздің бірі — ән-күй театры. Әзірше ол көруші жүртшылықта үдайы қызғылықты, ыстық, тәтті-дәмді боп, жарқ-жұрқ етіп жалтылда, мәз-майрам қып келе жатыр. Ол алғаш ашылған уағында момын гана атпен студия боп қана қалыптана бастап еді. Алғашқы адымы «Айман-Шолпан» тәуір боп өткен соң ол театр атын алып, батым қимылдай бастады. Бірақ бұл күнге шейін әлі де ол бір эксперимент — тәжірибе театрының үлгісі екені даусыз. Рас, ол мін емес. Кей уақытта кейбір театрдың тіпті барлық қалпы, мазмұны, түрі де сол эксперименттік негізінен жүріп отыратыны да болады. Мүмкін тіпті біздің музыка театрымызға бірнеше жылға шейін, әлде тіпті қазақтың шын мағанадағы операсы туған соң да өз бетінде осындай эксперимент боп жүре беру де қажет болар.

Олай болса бұл театр проблемаларын әзіргі сол эксперименттік бетінен белгілеу шарт. Осы жағынан қарасақ, бүгін әзірлеп жатқан «Жалбырды» сөз қылмай қоя тұрып, «Айман-Шолпаннан» «Кыз Жібекке» шейін жүрген жолын алғанда, қаншалық үлкен жаңғыру, өрлеп-өсу бар, соны көрейік. Бұл екеуінің арасындағы айырmasы — соңғысында ән көбейе түскен, би молайған, бірақ екеуінің де жасалу, қалыптану негізі бар. Бұл театрдың эксперименттік бір ерекшелігі — қазақтың ескі тарихынан қалған ән мұрасын түгел пайдалану ғой. Ол өз бетінде, жекеше алғанда дұрыс негіз болсын. Бірақ тегінде осыныға арқандаулы қазығындаі біліп, қайта-қайта тебінде бар жұрт қала берсе дұрыс бола ма? Эксперименттік іздену, үсті-үстіне түр табу қайда? Қазақ әнінің мол екені рас, оны бүгінгі жүртшылықтың сүйетіні, бағалайтыны рас. Бірақ соған қарап, ән-күй театры әрбір постановкесін ылғы сол ел әндерінің қанатына артып, сол әнге арналған көруші ықыласын өздеріне корек қып жүре беруге бола ма? Бұл тым оқайлау

жол болғанмен де, қаншаға барады? Ал зәуі, қазақ әнінің көп қорының баршасын сол театрдың өзі шырлап тастаган күн болса, онда қайтеді? Оның да таусылатын күні болмай ма? Жоқ, әлі де ән көп, талайға жетеді дей береміз бе? Ол бірақ ізденуден қорғаншақтаң, оңайды әзір асты жағалай беруіміз болмас па? Ескі әннің жақаша жазылған оңерага кіретін орны да бар. Бірақ оған қарап не постановка қойсақ соның бәрінде де «мынау жердің өлеңдеріне, драмалық қүйіне пәленше ән дәл келеді» деп ылғи ән монтажын жасай беруіміз көп іздену бол шыға ма? Бел ауыртпай ғана ауырдың асты, жеңілдің үстімен жүре беру болмас па екен? Ескі тарихтан алған «Айман — Шолпан», «Қызы Жібекке» пайдаланған бірқалыпты ескі әндермен көтеріліс, төңкеріс я бүгінгі бір мазмұн, мантаждап алған ән-қүйде екінші мазмұн бол отырса жол ма? Осы жайларды ән-қүй театры мықтап ескеріп, өзінің экспериментін ылғи қайталақтай беретін бір негіз, бір машиққа құрмай, шамасы келгенше шығармашылдық, ізденгіштік қарекеттерін күшетуге міндettі. Алғаш бастаған тәжірибелерден енді ілгері қарай бір секіріп түсетін мезгіл болды.

1935

«ҚОЗЫ ҚӨРПЕШ — БАЯН СҰЛУ» ТУРАЛЫ

Қозы Қөрпештің бұл жыры бұрынғы Семей облысында Жанақ айтқан жыр деп жүргізіледі. Бірақ, хатқа түспей, ауызда жүрген ескі жыр. Жағасы жайдақ аққан су сияқты. Өған сай-саланың бәрінің үлкенді-кішілі тасқыны өз сүни әкеп қоса береді. Және ағын судың ариасы қай топырақтан өтсе сол жердің іреңін алады. Қозы Қөрпештей жырдың ариасы жүрген топырактар — әр дәүірдің таптық, қофамдық топырағы. Ол көбінесе бұрынғы би, төре, бай ортасы.

Осы жырдың өзін де Жанаққа «қайта жырла» деп тыңдан айтқызған Сыбан төресі Солтабай деген де сөз бар. Жанақ осының аулында жатып, жырды бітіріп, атшапап сыйлық алып кетіпті дейді. Бұл жыр ішінде Қодарды ылғи үлкен денелі малшы ғана қылып, одан басқа жайға келгенде ұдай мазактап жырлауы сол

малшының иесі — байдың салт-санасын ап-айқын көрсетіп тұр. Ол жағы «мен мұндалап» тұр. Бұл тұра «бұрынғы-соңғы Солтабайлардың қоғамдық, таптық заказынан тудым деп» өзі айтып отыр. Жанақ жырының сол Сыбан ішінде туғандығына дәлел — осы жырдағы жер аттары. Сыбан — Семей, Жетісудың жапсарында, Аягөздің маңын мекен еткен ел, Жанақ тыңдаушысына жырды ентелетіп жақыннату үшін, уақиғаның ең үлкен белімін — Карабай жайын осы Аягөзге әкеп көрсетеді. Бұл жер сол заманда өте даңқты болуға ылайық. Сондықтан барып Алтынемел қасындағы иесі белгісіз бір моланы Қозы Қөрпеш — Баяндікі қылып та алысқан. Бүкіл дүние жүзінің ескі дастандарын алсак, бәрінде де осындай боп, ескі жырды — көшпелі жырды «қоныстандыру» кездесіп отырады. Бұл да соның бірі. Және бұл да әлгі біз айтқан ариа топырағының жыр түсіне қосқан іреці, тағып қойған әлемі. Жырдағы Аягөз, Ақшәулі, Мыржық, Қалба, Қаркаралы, Абыралы, Шідертілер — сол тыңдаушы мен жыршының өздері мекен етіп жүрген тау, сularы. Бірақ, бұл арнаға құйған бұдан өзге де сай-сала бар. Ол осы жырда аталатын ағындар. Бұлар да қоспа қоспай қалмапты. Мен өзімше бұл жырдың дәл осы арасы өзге қазақ жырынаң ерекшелігі деймін. Сыбанбай, Бекбау, Жанақ деп кеп, аяғында Бисембай да аталағы өтеді. Бисембай өз тұсындағы тыңдаушының заказымен Қозыны өлтірмей, мұрадына жеткізеді. Бұнысы бұзу. Бірақ, кім бузғаны айтылып отыр. Қалайда бұрынғы басылған тұрлерінен бұл жыр толығырақ та, ажарлырақ. Сондықтан бұның жайында таптық, қоғамдық жағынан толық зерттеулер болмаққа керек.

Онан соңғы бір сөз, дәл осы басылып отырған Жанақ айтқан Қозы Қөрпештің өлеңінде, тіл көркінде, алдыңала атап өтетін айрықша бір кемшілік бар. Бұнда Ай-Таңсықтың қоштасуы сиякты ірі, сұлу өлеңдермен қатар, бірталай жерінде өлеңнің не байланысы, не біркелкілік келісімі дәл түспей, ақсай түсіп, сылти басып отыратын ақаулылық бар. Ол Жанақтың өзінен қалған кемшілік болмау керек, бері келе көп айтушының аузынан өте жүріп кей жерінде ажарланса, кейде жүдсей туғсін, тонала келгендіктен.

Мен қолыма түскен жазбасын жариялад отырмын. Бірақ, осыны оқып, кемшілігін көріп, Жанақтың бұдан ажарлы тұрдегі айтуын білгеп жолдастар болса, біздің

Қазақстандық көркем әдебиет баспасымен жалғасып, өз жиған түрін баспаға берулері қажет. Кейде тұтас кітабы болмаса да, осы өлеңнің әр жеріне қосарлық басқа варианты болса, оның да барлығын атап көрсетіп жіберулерін өтінеміз.

1936

ЕЛУБАЙ ӨМІРЗАҚОВ

(Мәдениетшілер съезінің қарсағында)

Актер — театр діңгегінің ірісі. Өнер майданының өнерлі адамдарының ішінде кешендер барып, кенжелеп туатын қызыметкерлердің бірі — мәдениетті актер. Қыны туыспен туып, буның бекігенде де созаландап барып бекиді. Сондықтан да театрға талай адам дәмеленіп келіп, тұрақтамай өтіп кетіп отырады. Жыл айнала санақ та, айшалдырған алты-жеті басты актерден арғыны әзірше біз «дәл мынау!» деп, айнымай тап басып айта алмаймыз. Қоз тартатын, үміт қалдыратын, қуантатын жастар аз емес, бар. Бірақ мұның бәріне неше алуан көмек керек. Соның үлкені жүртшылық сыны, мәдени сын, жәрдемші сын болар еді. Ондай сын, әсіресе, біздің үлкен актерімізге де керек. Бірінші оның өзін-өзі жете түсінуге жәрдем етсе, екіншіден өзге актердің бұған қарап ойланып, ізденіп, түр тауып, өсуіне көмек берер еді.

Сол актерлеріміз осы күнге дейін сын көрмей, сүйеші, жәрдемші сөзді естімей томаға түйік келеді. Газеттерде болатын «театр сынны» дегеннің көбі «театр ісі, актер, режиссер ісі» деген, өзіне тапсырылған негізгі мәселені қозғамай, ылғи пьеса сынның, әдебиет сынның бойлап, көп арқаудың бір-ақ жібін өрлей, қаулай жортады. Сыңар жақты, жадағай сын болып кетеді. Пьесаны сынау — әдебиет сынның міндеті. Ал, пьесаның театрда қойылған күйін алған соң, әдебиет сынны емес, әсіресе театр сынның міндетін көбірек еске алуымыз керек. Осы жайды біз соңғы кезге дейіп елемей келеміз. Театрдың әрбір жаңа ойнының артынан газетте мақала шығады. Соның әсіресе, тесілсө оқытын окушы біздің актер. Бұлар жайында жазылған тексеру, зерттеулер жок. Олардың еңбекіне баяндама арналмайды. Не журнал

мақаласының, болмаса кітап мазмұны олар жайынан бол отырған тәжірибе бізде тағы жоқ. Жалғыз дәме қылыш, «өз еңбегіміздің жақсы-жаман шыққаны туралы баға берер-ау» деп сенетіні сол газет мақаласы. Бірақ, одан күткен үміті де үдайы бос үміт болып шығады. «Пәленіше жақсы ойнады» деп актер еңбесін бірер ауыз сезебін тұжыра салып, басқаға жылжып кетеміз. «Жақсы», «жаман» деген сынсымактың екеуі де осы сөзді айтушыға зор мағыналы, зәрлі және әсірелес жауапты байлау бол сезілсе екен. Құр тілдің ұшымен ғана айтылмасын, серпестасталмасын. Не жауапсыз шүлесінен мырзалық, не дәлелсіз, орынсыз сараптық түрінде болмасын. Алды тоғыз жыл жасаған театрда 12-13 жыл еңбек етіп келе жатқан актер енді тұра өздері жайындағы сынды, дәл еңбек табыстарына ариналған қысынды, орынды сөзді ести бастаса екен. Жақсы десең оны толық дәлелдеп жәрдем етсең, «жаман» десең оныңды тағы да таратып, жеткізе айтып, кішкене қоңіл боле түссең екен. Ал, біз осы жағына келгенде сөзге өте сараңбыз, кекештей күрмеліп, не мылқаудай қылғынып «жақсы», «жаман» деп бір-екі мұқың-мұқың етеміз де, ар жағына табыла алмай қаламыз, ойламаймыз, ойланбаймыз, үстіртпіз. Ең алдымен, біздегі сын мәдениетінің олқылығы, кемшілігі осында екенін ыңғ үтсініп: «актерге жәрдем, театрға жәрдем» деген нысанага қарай жіті журіп, асыра қамшылаңсақ екен.

Осы ретте, біз ең болмаса бірнеше басты актеріміз жайында ариаулы зерттеулер, айрықша сындар жазылса екен дейміз. Соның алғашқы бір буынына Елубайды алып отырмыз.

Әрине, Елубай жайы газеттің аз көлемді мақаласымен түгелделмейді. Мұнда Елубайдың өсу, нығаю жолдарын толық қып, жеткізе айту мүмкін болмағандықтан, біз әзірше оның актерлік ерекшеліктерінің біразына ғана тоқтайдымыз.

Елубайдың өз айтуынша, өзін-өзі актермін деп сезінуі Абыз ролінен басталған сияқты. Сол 1923—24 жылдарда басталған еңбек үздіксіз созыла келіп, бұл күнде 11-12 жылдық іздену, өсу, толып-пісу нәтижесінә айналып отыр. Біздің жағдайымызда бұл аз еңбек емес, көп еңбек. Ұзақтығы, тұрақтылығының өзімен де қадірлі еңбек. Бұл жылдар бойына Елубай ойнаған рольдерге қарасақ, ол бір арна, тар саламен ғана жүрмеген. Өзін-

ше кең алапты қармап, түрлі көп сырлары, замандары, ішкі-тысқы қалыптары да басқа-басқа болған неше алуан, біріне-бірі қайши, қарсы рольдерді жиі ауыстырып, қатар алып жүріп отырган. Елубай актерлігінің бір үлкен ерекшелігі осы жерде. Шынында Абыздан Әлішке дейін, немесе Дарападан Романовқа дейіп, Қожақтан Жантасқа дейіш, я Асылбекке дейіш қашшалық ғасырлар, дәуірлер жатыр. Бұлар аралығындағы заман керекарлығы бір тәбе, олардың жастарындағы, қофамдық, таптық психологияларындағы және орталарының жалпы Елубай суреттеген осы сияқты кейінгердің араляры қай жағынан алсақ та шалқар көп бол отырады. Соларды осыншалық кең көлемімен қапсыра құшақтауға жараған Елубай, бірсыңырғының актері емес, диапазоны (құлашы) үлкен, ой-қыры мол актер бол шығады. Жаңағы атаған рольдер не драмалық құбылыстың өзінде бас роль бол қалыптанған. Немесе сол атанған адамдардың пьесадағы орны үлкен болмаса да Елубай ойнағандықтан үлкен бол өсіп, қызықты жанды роль бол танылыш кетеді. Ол фана емес, рольді өсіріп қана қоймай, сол бір рольдің ерекше көрікті бол шығуы арқылы кейір пьесаның да белі көтеріліп, көпке шейін керекке жарай беретін, сахнада жүре беретін жағдайы тағы бар. Мысалы: «Малқамбай», «Зәуре». «Малқамбайда» Елубайдың серігі Серке мен Батиқа бол отыратыны сияқты, «Зәуреде» Елубайдың Қожагымен қатар Мәликенің Зәуресі де жақсы. Бірақ түптің түбіне келгенде осы екі пьесаның екеуін де пьеса қып, әлі күнге театрдың анда-сандағы өткерме ойнының бірі қып және көрушіге үнемі қызықты, әсерлі қып отырган Елубай ойындары. Міне, бұған қарағанда, кейде нашар пьесадағы болымсыз рольдің өзі де актерге жағып кетіп, өзіне арнап пішken киімдей дәл қона кетсе де әрі актерге, әрі пьесаға үлкен абиыр бітіріп жіберетіні байқалады. Бірақ Елубай ісінің жоғарыда санаған рольдерінің негізгі ерекшеліктері мұнда емес. Бірен-сараны болмаса, үлгі болатын үлкен рольдердің барлығы пьесаларының негізгі арқауы болған рольдер. Сондықтан, әрқайсысын ойнағанда Елубай сол кейіпкерлердің дәуірін, дәуіріне лайық мінез-құлықтарын, әдет-салтын беретіндегі болу керек. Елубай сол дәуірді суреттей ала ма? Біріне-бірі ұқсамаған қофамдық орталардың біріне-бірі қайши, өрісі бар көрінерлік ерекшеліктерін, өзінің актерлік құбылысы арқылы қайта ту-

Рандай жаңа бол шығу (перевоплощение) арқылы көзіне елестете ала ма? Негізгі міндет осы еді. Актердің таланты мен мәдениетін сынға салатын тоқсауыл кезеңдер осылар еді. Біздің білуімізше Елубай осы шарттарға көбінесе тартымды, толық жауап бергендей бол отырады. Елубайды Елубай қылатын бір ерекшелік — осында. Шынында сол аталған рольдердің ешқайсысын құр сертпен, актерлік техникамен, механикалық машықпен ойнамаған Елубайдың көркемдігі — шыншылдығында. Өнебойымен сол рольге құлап түсіп, сұнгіп кетіп, тұтана өртене жүріп, жалындај жана ойнайды. Шоқтай жарқыраған ашық-жарқындығы бар, көрушігे бар тынысы сезілетіндей бол бусанып тұрған, шындығы бар ойын. Мұның сауаты ішкі қуат. Станиславский айтатын ішкі сарай (нутро), одан ары бассақ зауық (вдохновение). Елубай көбінесе осы шыншылдық, ішкі сарай және зауықпен ойнайтын актер. Ойнайтын кейіпінің көбін кей жерде бел ақылмен сарапал, ғылыми жолмен зерттеп, әуелі миына қондырып ап, содан барып сылбыр жүріп, төкпектей шауып, ит жандылықпен барып алмайды. Жарық берумен, шарқ ұрумен, тұтаса, ұласа шыққан ішкі-тыскы екпін, серпінмен қаршығаша бір-ак іледі. Ақын қиялышың жыр образын ілгеніндей іледі. Бұл ерекшелігі Елубайдың журе актер болуынан ғөрі туа актер болуы басымырақ (самородок) екендігін дәлелдейтін сиякты.

Бұлай болса, әрине, басы ашық, дау-талассыз зор қасиет. Бірақ енді осы түрдегі өнердің ішінде де Елубай үлгісінде де кемшілік жоқ емес. Сомородок актерге оку, білім, жүйе-жол қосылса мін болар ма еді? Бірге туған өнерге тәрбие-тәлім мен өнерлі үлгілер қосылса, сол өнердің қайнар көздерінің көбі, көмей аршығандай саулап ақпас па еді?

Жоғарыда айтылған көп түрлі рольдерді көңілдегідей жақсы ойнайтын Елубайдың әлде болса оң жақ, сол жағы бар. Кейбір рольдер онқайына келіп, оң жамбасына міне кетсе, екінші біреулері сол жақпенен шалғандай бұрқ беріп, айыз қаидыра қоймаған сияктанады. Елубайдың оң жамбасы көбінесе, ерекше мінезді (характерный) рольдерге бейім. Ол не қыса, небір сорақысы сойдышп шығып тұрған я құлқі, я алып қашпа, я бір құныс, не маймақ біткен тұлғалар болады. Бұлар: Қожак, Парыз, Дуана, Жарас және белгілі дәрежеде Романов сияқтылар. Ал, Асылбек, Сәрсен, Жантастар көңілдегі-

дей жақсы, дәл аналардай жаркырай қоймайды. Қайта әстін-әстін біріне-бірінің аз да болса үқсаңқырап қалатын кезі де болады. Бұлар жөнінде Елубаймен қатар драматург, әсіресе, кінәлірек болуы да мүмкін. Өйткені жақсы тұлға, жаңа кейіпкерді біз әлі схемадан асырып ерекшеліктермен қоса жақсы тұлға бере алмай да жүрміз ғой.

Осыны біз еске алумен бірге, Елубай да жете қарап, еспелей тереңдетсе, олқысы түгелденіп, жоғы толар еді. Зауық актеріне, самородок актерге ілгері қарай даму үшін ізденгіштік, батылдық қосылса ол үлкен айдаушы болар еді. Шынында Зәуредегі Кожак кекеш емес, пьесаның сол олқысын актер өзі-ақ сезіне салып, керегіне қарай бейімдеп, бұрып алмап па еді?

Әрине, бұл айтқандарға қарап, «жақсы тұлға Елубайға үнемі үйлесе бермейді» деген пікір жасау дұрыс болмайды. Дұрыс пікірінің барлығы да жалыңды, жанды, өте әсерлі болатынын жүрт біледі. Сондайларының ішінде аса үлкен роль болмаса да, Әліштер қандай сүйкімді?

Елубай актерлігінің тағы бір ерекшелігі — жаңағы ішкі сарай орнына денесін, бет-пішінін жақсы үйлестіруінде. Бет пішінінің құбылыс байлығына келгенде, әрине, Елубайға тен келетін актер қазакта әлі жок. Осыған орай денесін билеуі де ерекше. Әсіресе, мойын, иіні, аяқтары, бет құбылысына жаңағы зауықты ойындарына үлкен шешен әсерлі қосымша бол о-дағы жақсы үйлесіп отырады. Ол жағына келгенде бірде-бір қозғалысы не есепсіз, не шикі, олақ, шала-шарпы күйде берілмейтін сияқты.

Осы жағынаң қарағанда, бұрынғы Даunanың қалай ойналғандығы көпшіліктін есінде жок шығар, бірақ қазір «Арқалықтағы» Даunasы біздің актердің үлкен бір мастерлігін көрсеткендей болады. Бүгінгі Дауанаға қарап отырып: өзі кішкене ғана өткерме роль болса да, сол аз роль арқылы Елубайдың көп нәрсені баян етіп кеткенін сезгендей боласың. Аиау хан мен би, бақсы, құшиаш дүниесі мен заманына Елубай төңкерісшіл актер тұрғысынан қарап отырып, соларды жермен-жексөн қылған, өлтіре әжуалаған сияқты болады.

Осы жағынаң қарасақ «Арқалықтың» жаңа қойылуындағы мазмұнын бір Елубай жалғыз Даunasымен

ашып берген тәрізденеді. Қалайда Елубай суреттеген Дауана ендігі «Арқалықтың» ішіндегі ұлкен тұрғысының бірі боп алды.

1936

ЕҢ ДАНА ЗАҢДЫ, ЕҢ ЖАС МЕМЛЕКЕТ

Еңбекші ел мемлекетінің қазіргі күндері бүкіл жер жүзі, бүкіл адам баласының баяғы заманшан бергі ұзак тарихында ең алғаш рет бір ұлы көктем кезіне жеткен дәуір сияқты сезіледі. Эр минут, әр сағат, әр күніміз бұрынғы шөл ғасырларда тіршілік еткен еңбекші адамның ерні кезеріп, қиял етіп, аңсап өткен қиял, арман-тилектерін үсті-үстіне орындал беріп отыр. Сондай жер шарының тарихында осы ұлы көктем күндерінде ең тұңғыш рет гүл атып шығып жатқан жаңа зор туыстардың бірі — осы бүгінгі күнде барлық еңбекші мемлекетін шат қылыш отырған негізгі заңның туысы. Осы соңғы екі-үш күн ішінде бүкіл дүние жүзіндегі еңбекші атаулыны қуанта сергітіп отырған қалпының өзін алғанда да, бұл жаңа заңның қашшалық асыл, қашшалық ұлы мағыналы заң екенін ұғу қын емес.

Мұны оқып, ұғынып отырған еңбекші жұртшылық осындаған дана заңды туғызып беріп отырған партияға өзінің қуанышын, ырзалағын білдіре алмай отыра алмайды. Қазір барлық мемлекетіміздегі неше алуан қауымның жаңа заңды құттықтай қарсы алып жатқан үйдері жер жүзіне естіліп отыр. «Заң туса осылай туысын, халық тілегіне қабысқан ереже орнаса осылай орнасын» деп екінің бірі айтарлық күн болды.

Бұрынғы Ресей патшалығының езгісінде келген бұқара, оның ішінде қазақ тарихының ауыр, қараңғы күндерінің ішінде құніреніп, қабағы қатып келген еңбекші ел ол дәуірлердің лағынат заңын өзінің мың да бір дүшпаны деп ұғынып еді. Үйтпеске шарасы да жоқ еді. «Әр ханиң тұсында бір сүркүлтай» дегені — әр ханиң тұсында да түрі әр түрлі болғанмен, қалпы, қорлығы бір сұмырай, пәрсіз күннің сұмырай заңдары болғанын айтып еді. Ол күндердің заңдары ел мен ел арасын да алыстатып ашып, адам мен адамдай емес, аң мен аң арасының, шәргездігін нығайтқандай болушы

еді. «Ел-елдің заңы басқа да, иттері қара қасқаның» тұңбінде де бір елге бір ел дүшпан, жат дегеннің сыйы жа туши еді. Бүгінгі біздің заң туыс, табыс, бұрынғы біріңді-біріңе қайрап салған, жарғыластырған жыртқыштың тарихының қара күндерін ұмыт дейді. Осылардың берімен қатар адам баласының, азамат басының баға салмағын қастерлеп, биік дәрежеге көтеруде де бұл зандақ кең өріс, үлкен түрғылы заңды адам тарихы көрген емес. Біздің Қазақстан жүртшылығын алсақ, әсіресе, ерекше қуантатын жайымыз тағы бар. Біз Одақ ішіндегі орны сай үлкен республика болғалы отырмыз. Бұрын езілген, есесіз ел тарихының шынымен қуашыты, бақытты, күн шуақты дәүіріне енді құлаш ұрып, қанат қағып кеп кіретін болдық. Партияға қазақ еңбекшілеріңдегі бүгінгі күнгі қуашыты ырзалығы, әсіресе ерекше.

Бұл сияқты ұлы дәуір тудырған ұлы шаралар, ұлы жаналықтар көп жүртшылықпен қатар әдебиет, көркем-өнер жолында істеп жүрген біз сияқты қызметшілерден әсіресе, көп, көрнекті нәтиже шығатын еңбекті талап етеді. Заманымызға, бақытты күнімізге сай шығармалар беру — біздің міндет.

1936

КОШ БОЛ

Алексей Максимович енді арамыздан мүлдем кетті деген қайғылы хабарды есту қандай ауыр, қандай салмақты. Құншы жанған өмір сөніп, еңбекші халықтың, адамзаттың пайдалы жолы үшін өмір бойы соғып келген ыстық жүрек токтап қалды деген ойға наңғың келмейді.

Жер үстінде бірден-бір әділетшілік жолымен құрылған жана өмірдің жолында құресуші, әрі жырлаушысы болған асқан кеменғер, ұлы адамнан айрылу жер жүзі еңбекшілері үшін орны толмастық шығын.

Бұл алып адамның мәңгі еңбек жолына сарп етілген тұрмыста сирек ұшырайтын үлгілі өмірі — біз үшін мәңгі өшпестік шамшырақ болсын.

Кош бол, құрметті, сүйікті Алексей Максимович!

1936

ШЫНШЫЛ, ТӘҚӘББӘР АҚЫН

Желісі үзілмей келген жиырма жылдық ақын жолы жеңіл жол емес. Құш-куат, ой-сезім, істегі нәр атаулының барлығын қуаныш пен күйінші, қиналу мен тебірену араларында, жалындан жаңып ортаға салған жылдар. Бұл жолға барлық жас қуаты, өмірлік бейнеті, жүрек қаны сарп етілген. Осы күй, әсіресе, Сәкен басынан мол кешті.

Еңбек дүниесінің күні тумай, шөл ғасырлардың кер заманы мендең түрған күндерде шығып, тарихи сын күндерде кері кетпей, өмірдің өріне тарту, әуелгі адымның өзінде-ақ «оңай жол болайын» деген жоқ-ты.

Осы жиырма жыл бойын басып озып отырған ақын сібебінше, сыншы да, тарихшы да емес, жай қатардағы оқушы есебінде көз жіберіп қарасаң, өзгеде жоқ екі түрлі ерекше, ірі қасиеті басымдаған шыгады. Мұның біріншісі: жалтағы жоқ шыншылдығы. Екіншісі — ақындық тәкәббәрлігі. Жай мінез мағынын айтпаймын, ақындық еңбегінің сипатын айтам.

Ең әуелі тәкәббәрлік дегенге тоқтасақ: бұл сөз қазақ құлағына тосаң тиетін, өзінің нәрлі, жақсы мағынасынан айрылған сөз еді. Оның тарихи себебі де бар еді. Отар күні ошарыла басқаң құлдық күні болатын. Құлдық психологиясын елге мінез етіп басқалар: хан, тәре, би, болыс, чиновник — тілмаш, ескішіл, байшыл ұлтшылдар егіп еді. Жалыну мен жағыну үстінде де өз күндерін кешіп еді. Адамның шын адам мүсінін көрсететін, өз басын «өзгеден кем емеспін, теңмін» деген сенім, санаға жеткізетін, қадырлы сипат — тәкәббәрлік аналар тұсында сөнген, солған еді. Ол тіпті айыпты мінез, шам сөздің мағынасында қалып еді. Октябрь революциясы, Ленин жолы бізді, міне, мақтандыратын, тәкәббәрлендіретін күнге жеткізіп, одактық сүбе елінің бірі етті.

Пролетариат революциясының басынап басталған партия тәрбиесі бүкіл дүние еңбекшілерімен қатар Қазақстан еңбекшілеріне де: «дүниеге өзің қожамын деп біл», «бұқпантайлама, ер көкірек бол» деп көптен баулып келеді. Әрбір елдің елдік қасиетінің іргесі соған тірелуші еді.

Міне, біздің әдебиетте қаламның буыны беки бастағаниан бері қарай осы қасиетті берік үстанған жалғыз ақын — Сәкен. Тәкәббәрлікті жақсы мағынасында таны-

тып, әдебиетте де, ой-санага да сіңіріп келе жатқан еңбекі айқын.

Жақсы мағынасында дегенді баса айтамын. Өйткені, «Арыстанмын», «Құмін», «Пайғамбармын» деп қоғамнан, тарихтан қағылып қалып, далада истерикамен жалғыз өзі шабынғандікін біз жаңағы айтып отырған тәкәббәрлік демейміз, истерика дейміз.

Ал, Сәкениң ақындық асуларында, әр жотадан атої бергендей, тәкәббәр сез үндері: «жабы емеспіз, тұлпармыз», «құладін емес, сұңқармыз» деп бұрынғы өткен тарихқа, бүгінгі оянған табына, езілген еңбекшілерге дабыл үрады. Бұл сияқты тәкәббәр үнінің өскеленедеп, үдең келген бір тұрғысы — «Альбатрос» заманының қасарысып соққан дауылына қасқын ап, қанатымен қар сабап, қарыса ұшқан «Альбатрос» анау. Сұңқар «тұлпардың» екінші аты. Ол — СССР. Тәкәббәрлікпен қарысқан СССР. Сәкен өзімен, өз басымен тәкәббәрлік етпейді. Табымен, Отанымен тәкәббәрлік етеді. Олардың да алысқа құлаш ұрған ізімен, қынға самғаған қанат қағысымен тәкәббәрлік етеді. Соны біздей бұрыннан ылғи жасаңдық, бәсендікпен келген елдің көкейіне көбірек сіңіріп, бүгінгі бакыт, тендік күйінде өрлеңдіре, өршелендіре бастыртады. Ақындық еңбегінде мұндай өпімді сарын тауып отырған ақын, әрине, өзінің тарихтағы орны мен маңызын қамтамасыз еткен ақын болмақшы. Эр ақының осындағы өзіндік пішіні, осындағы барлық сәбебінен туатын тұтас, үлкен қорытындысы болса екен дегізеді. Мұндай дұрыс жолдағы революциялық тәкәббәрлікпен сол ақынды шығарған орта тәкәббәрлене алады.

Сәкен ақындығының екінші зор қасиеті — шынышылдығы. Оның шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, ашық. Тұтас бітімді, жоталы тұлғадан туатын көрнекті, бүтіндігі бар сезімдер. Белгілі шығармаларынан өлеңін, әнгімесін, поэмасын алсақ — барлығында да сүюі мен ашуы, ырзалығы мен наразылығы, үміті мен күдігі әрқашан барыша шын сезімнің толқыны бол білінеді. Сонысымен әсерлі де, күшті бол шыға алады. Өз ішінде тұрған көңіл күйін оқушыға жеткізіп, қондырып үктыра алады.

Лебімен тартатын өнімділік, ұтымдылық табады. Шыны қайда, өзі қайда екенін білдірмейтін, жаза баспайтын, ішіне тығынғап кедір-бұдырсыз тақ-тақ жолдың

ақыны Сәкен емес. Оның шыншылдығы қозып, жанып отыратын, буы білініп тұрған барынша шың сезім, шың жүрек шыншылдығы. Сондыктан мұның жолы әр адымын санап басқап кісінің жолы смес, ылдны бар, өрі бар,— шың өмір жолы, ыстық қанды нағыз ақын жолы.

Тегінде мағыналы, өрісті, көш бастар, белге шыгар үлкен еңбек туса осындай қайнар көзден шығуға ыла-йық. Біздің бүгінгі әдебиеттің әлі заманымызға сай үл-кең обобщениені жеке-жеке, ірі шығарма түрінде бере алмай келе жатқаны мәлім. Жиырма жылды басып өтіп, күш қуаты шың толған кезіне, кемеліне жеткен Сәкен-нен енді сондай қорытынды еңбектерді күтеміз. Соны бере алады деп сенеміз.

1936

«РЕВИЗОРДЫҢ» АУДАРМАСЫ ТУРАЛЫ

«Ревизордың» біздің қолымызға тиген ескі аудармасы көп олқылық, кемшіліктермен кеп еді. Алдымен, аударма түгел емес болыпты. Орысша жазбасымен салыстырғанда, перде, бас сайн үш-төрт, кейде бес беттерге шейін түсіп қалған, жоғалып қалған, кем-кетіктері бар еді. Сонымен қатар, түгел болған жерлерінің өзінде де, аударма әдісінің негізі дұрыс емес, Гоголь стиліне жаңаспайтын шалғайлықтары бар еді де, қазақ қоспалар көп еді. Ол кемшіліктің көбі ертерек кезде бізде болған аударма жөніндегі жалпы шалағайлықтан туатын.

Революцияның бас кезінде жасалған аударманың көбінде біз басқа тілде жазған жазушының қазақшыланған шығармасын көрудің орнына «қазақыландырған» шығармасын көретінбіз. Ол күндеңі аударушы тілеген жерінен құлақ шығаратып қазанышға үқсаушы еді. Кейде қазақ оқушысына «ұғымды қып берем» деген боп, кейде тіпті аударып отырған жазушысымен өзі алысып, өз «жорғалығын» салыстырмақ боп, тағы бір кездерде ана жазушының не айтқанын, нені емеурін қып побайлап отырғанын үқпай, өз «қара дүрсінімен» жіберіп, талай-талай ірі шығарманы илеп, созып, ит қор ететін.

Ол күндеңі іргелі мәселенің бірі «қазақыландыру» болатын. Аударушысы ана жазушының заманына, ағым

санасына, өзіндік ерекшеліктеріне қарамай қазақ тілінің натуралдық тенеулерін қолданып, ескі мақал, мәтел сияқтыны көп қолданатын. Бұнымен бір елдің классик, көркем шығармасын мағына, сезім жағынан бір тонастын. Тіпті болмаса, аударушы өзіне ұнамаған орыс атын да қазақшылап, біздің тоң-тымағымызды да кигізетін. Пьесалы, әңгімелі аудармаларда неше алуан «одагай» сөздіктерді қазақша айтқызып «ойбай-ау, бетім-ау»-латып қоятыны тағы болады.

Бұндай әдіс және бір шығрманы ғана аударғанда емес, қай тілден, қай заманнан, қай жазушыдан алынған аударма болсын, барлығына апарып төңкере салатын бір-ақ жабу сияқты болушы еді. Сондайлық әрі саяси, әрі мәдени жағынан қисық, шалағай болған әдістер арқылы әрбір бұрынғы-соңғы жазушылардың, әр тілде жазған жазушылардың әдебиеттік ерекшелігі, не заман-дәүір стилін көрсететін ерекшелігі, немесе өз басының айрықша жеке-дара жазушылық ерекшеліктері көрінбей, көмескі бол қалатын.

Біздің аударушы олардың барлығын қапсыра құшақтап, бір-ақ қана қазақы қара безbenмен бүтттайтын.

Шынында аударма әдістерін дұрыс негізге салу біздің зор мәдени, қоғамдық міндеттіміз еді. Бүкіл дүние жүзіндегі, дүние тарихындағы классик әдебиеттің қоры және өзіміздің одақтағы барлық социалды мәдениет қоры, қазірде Октябрь революциясы берген тенденциялық біздің де даусыз қорымыз бол саналатын болды. Сол белгілерді біздің өзімізге тәп қылып бойымызға сініре беруімізге, пайдалана беруімізге барлық праволар, мүмкіндіктер берілген. Ендігі міндет, осы қорларды мәдениетті елдерше пайдалана білуімізде. Осы жағынан ойлап қарасақ, біз әрбір аудармада, шамасы келгенше, жаңағы жазушы атаулының барлығын сол өзді-өз ерекшелігімен бұлжытпай-бұзбай, дәл түсіріп аударып алуға міндеттіміз.

Солай етсек қана ол жазушыны баурап, менгеріп, жүртшылығымызға дұрыс танытқан боламыз. Және солардың қай-қайсысынан қалған ерекше байлық, үлгілерді өз күйінде беру арқылы өзіміздің де тіл, мәдениет, көркемдік құрал-қорларымызды байытқан боламыз. Эйтпесе, Погодиці, Пушкин мен Демьян Бедныйды бір қосақтап, бір-ақ қана «қазақыландырыш» жаппай әдіспен жіберсек, жүртшылығымызға да, жаңа мәдениеттіңге де

табыс тауып бермейміз, тіпті қисық айпа ұсынған боламыз.

Бұл жолда біздің жазушылар үйымының ізденуі қазір дұрыс негізben беттеп, өмірімді өріске тартқан сияқты. Осы күні баспаға әзіrlenіп жатқан Пушкин аудармалары бұл айтқанға дәлел. Пушкинді аударып жатқан біздің қындардың барлығы да бұрынғы әдіспен «қазак-қа ұғымды етем» деген боп:

«Қаймақ еді қөңілімде,
Бізге қаспак болды жем»,—

дегізіп, дворян қызы Татьянаға қаспак қырғызбайды. Пушкиннің өз ұйқасын, өз шумағын, өз ырғағын алғып, әрбір өлең жолын сол Пушкиннің өз өлшеуімен түсіруге тырысады. Рас, бұл әдіспен жасалған аударма салған жерден қазақ құлағына жатық боп, тайпалып кете қоймаға да мүмкін. Бірақ оның есебіне бұзылмаған, қазақыландырылмаған, шын Пушкин беріледі де, біздің оқушы оның дәл үлгісін, өз пішінін көреді. Қөшілікке басында тосаң көрінсе ол, дәл Пушкиннің қазақ оқушына әлі де жете туыс болмаған жаңалығынан ғана солай көрінетін болады. Өз дәуірінде Пушкин шығармалары оқыған орыс жұртшылығына да солай көрінген. Бірақ, қөшілік санасы, мәдениеті өскелендеу арқылы Пушкин кейін бес жасар балаға да түсінікті қын боп шыққан. Біз де сондай ірі мәдениет туындыларын жадағайлас, тәмен түсіре, қалпын бұза аудармай, өз түйінінде беріп, соны ұғарлық сатыға қөшілік санасын көтеріп, өсіруге міндеттіміз. Үлкен мәдениет мұрасын баурап, менгеріп алудың қоғамдық мақсұты осы түрде болушарт.

Міне, аудармалар жайындағы осы аталған жалпы негіз, әдістер қазір Мемлекеттік драма театры қолға алғып отырған «Ревизордың» түсінінда на негіз болды. «Ревизордай» мәңгілік қасиеті бар классик шығарманы қазақ сахнасында мінсіз қып, мәдени түрде қою — біздің театрдың барлық колективіне де, жеке артистеріне де үлкен сын. Қөркемөнер жолында есейіп, өскендігіміздің сыны. Олай болса оның аудармасында да шалағайлық, теріс әдіс, көрнеу олқылықтар болмауға тиіс.

Осындаі міндеттерді еске ала отырып, бұрынғы аудармалар қайта қарап, бастап-аяқ толықтырып, өзгертіп түзегенде мен шама келгенше «қазақыландыру» белгі-

лерінің барлығын жиып, Гогольдің өз тілін, өз стиль-улгісін, өз ерекшеліктерін қайтадан орнына салуға тырыстым.

Сонымен, «Ревизордың» аударушысы болмасам да, бүгін артист, режиссерлермен ақылдаса отырып істелген, жаңырылған текстіме барыша жауаптымын. Ендігі жұртшылық алдына түсетін текстің аудару негізі,— жаңағы айтылған Пушкин аудармаларының тұсында қолданып келе жатқан негіз.

Бұрынғы аударманы тазарту, жаңырыту ретінде мен Гоголь заманының бірталай ерекшеліктерін білдіретін кейбір нәзік жәйлардың ескі аудармаға кірмей, әдейі қалдырылып кеткенін байқап ем. Көп жерде Гогольдің өзінің де, адамдарының да аузына түспейтін қазақы мақал, мәтел сияқтылар да бар еді. Бұндайдың бәрі де, басқа осы сияқты Гогольден алыстататын көп «аламыш; қошқар-мұйіздермен» қатар өзгертіліп түзелді.

Ендігі сыншы-жұртшылық, «Ревизор» аудармасы сол көпшілік алдынан өтіп болмай, түзетілу, толықтырылудан айықпайды. Соңғы сынаушы, түзетісуші ойынды көрушілеріміз болсын.

1936

ӨМІРІ — УЛГІ, ЕҢБЕГІ — ТАУДАЙ ЖАЗУШЫ

«Адамға тіршілікten қымбат зат жоқ. Дүниеге екі тумайсын. Ендеше, сол бір сапарыңды адамша өткіз. Мұрат-мақсұтыз кешірген көп жылдар үшін кейін опық жеп журме. Сұмырай, күйкі күндеріцді еске алғанда ар кеміретін болмасын. Өлер сағатында: бар өмірім, бар қайратым бұл жиһандагы ең сұлу, ең жарқын жолға — адам баласының азаттығы үшін алысқан жолға сарып етілді деп айта аларлық болып өл»,— деп Островский-дің атақты романындағы бас геройы Павел Корчагин айтқан еді.

Жазылmas науқас өмірін улатқан, шын құрыш большевик, шын ірі терең жазушы Островский жағағы геройы айтқан ұлы сөзді актап өлді. Дүниедегі барлық бағалы капитал ішіндегі ең асыл, ең қымбат капитал —

адам дег үккән біздің Отан Островскийдің қандай асыл, ардақты жан екенін танып, бағалап, аялап еді.

Островскийді алғашкы шыгарған орта — пролетариаттың ұлы партиясының улгі, жетегімен өскен комсомол ортасы еді. Жалынды журек, жарқыраған күш-талантының барлығын революция күресіне салған Островский азамат соғысында Украинаның Чапаевы — атақты Щорстың дивизиясында шыныға бастап еді.

Қан майданда қасқайып тұрып алысқан герой жолымен басталған өмір социалистік құрылым дәуіріне келгендеге жаңағы құрыш бойдан шыққан зор өнердің өшпес ескерткішін тудырған еді.

Ұлы Октябрь жолына жанын салып алысқан алдыңғы буынның кейінгі дәуір-ғасырларға қалдырған тамаша, ұлы шындығының, үлгілі қаһармандығының бір зор күәлігі болған кітап осы Островский кітабы еді. Кейінгі Ұрпақ, кейінгі революцияшыл буындардың жүргегіне жол салатын: өмірі — үлгі, еңбегі — тудай болған жазушы Островский еді.

Ұзаққа беттеп қанат қаққан зор талант әлі талайталаі асыл бүйым, ұлы тұлғаларды көрсетер еді. Бұл өлім совет жүртшылығының, совет әдебиетінің қабырғасын қатты қайыстыратын өлім болды.

1936

«ТАРФЫН» ТУРАЛЫ

(Мұхтар жолдаспен әңгіме)

Қазақ музыка театрының бүрынғы репертуарларына жаңадан қосылатың басты репертуардың бірі — Камалов Сағыр жолдастың батырлық жырынан музыкалықүйлі пьесаға айналдырылған «Тарғын» атты пьесасы. Бұл пьеса қазір жазылыш бітіп, басты драматургтеріміз бен көркемөнер комитеті және ысылғап режиссерлердің қарауыша берілді.

«Тарғын» пьесасын қараушылардың бірі белгілі драматург Әуезов Мұхтар жолда «Тарғын» туралы былай дейді:

Казақ музыка театрының бүрынғы қойып келген пье-

саларынан «Тарғынға» ауысында мағына бар. Мұның тарихи мазмұнында бұрынғы пьесалардан едәүір басқашалық бар. «Тарғын»— жеке қазак халқының қалпы емес, әрегірек заманнан Қырым, Татар, Түрік елдерінің ескі жайларын көрсетерлік пьеса. Соңдықтан бұл театрдың бұрынғы пьесаларындағы бір елдің ғана тарихи жайы, күйі емес, әр елдің, оның ішінде сол елдердің тұрмысының әр алуан, ескі түрін көрсетеді. Бұл театрдың жалпы коллективіне, онан қалды жеке актерлер мен режиссердің көп нәрсөн ізденуіне жол береді. Бұл күнгі жазушы, бұл күнгі ойнаушылар да бұл пьесадан едәүір жаңағын алады.

Сағыр бұрынғы халық аузындағы батыр жырын сол күйінде алмаған, ол батыр жырын тек қана тема ретінде пайдаланып, өзінше молайтып тереңдетіп, көп жерінде басқа жаңа уақыттар кіргізіп жасай білген. Жыр түрінде бұрынғы хан тұрмысын даттау, соны әсірелеуден аса алмайтын «Тарғын» жырының автор әдемі тілмен уақыттарына өзгеріс кіргізіп, Ақшахан, Қырым — Еділ хандары арқылы сол хандық ортасының сұрықсыз-құнсыз іруге айналған күйлерін көрсете алған. Ақшахан тозығы жеткен хандықтың күйін көрсетсе, ханзада задорұғынғыш болып, о да сол тозығы жеткен хан тұрмысын көрсетеді. Бұрынғы желіден — уақытадағы жырдан Ақжүністің мінезі қатты өзгертиліп көрсетілген. Жырды пьесада айналдырығанда Сағыр жолдас тыңнан, жаңадап бірқатар адамдар қосқан.

Мәселен, тартыстың өзі — сол заманда өзінше әділет іздеген Тарғынға сол замандағы хандардың қайшылығы кездеседі. Тартыс желісі осыған құрылады.

Жаңа адамды Ақшаханның да, ханзаданың тобына да қосқан.

Қысқарта айтқанда, бұл біздің музыка театрының репертуарларында үлкен олжаның бірі болады деп ойлаймын. Пьесадағы аздаған кемшіліктер түзеу үстінде, қойыла келе жойылады. Оны бөлекtek айтудың қажеті жоқ. «Тарғын» пьесасын автормен қосыла отырып, жөндеуге қазак жазушылар да жәрдемдесіп отыр.

Сонымен, «Тарғын» музтеатр сахнасына өң беретін жаңа табыстың бірі болып шықты,— дейді Мұхтар жолдас.

«Тарғын» пьесасы өзір дайындалып біткен жоқ. Бұ-

ғап Багров, Башковский, Брусиловский жолдастар қазір жедел кірісіп жатыр.

Театрдың өзге пьесаларымен қатар «Тарғын» да алдағы жылды қойылмак.

1936

АЛҒАШҚЫ ӘСЕР

«Ер Тарғын» туралы айтылатын сөз аз емес. Қемекші, жолдастық сынның терең бойлап, кеңінен алып, көсіле сөйлейтін бір үлкен кезеңіне жеткен сияқтымыз. Құннен-қүнгө қадыры артып, шыны көркем театр боп, өрлеп келе жатқан қазақ опера театры мынау соңғы еңбегімен тағы да бір рет құлаш ұра, жарқ еткендей болды. Ізденгіш, тапқырлық серпінімен ырза қыла, қуанта әсер етті. Бүгін алғаш көрген, бір-ақ рет көрген қалыпта барлық үлкенді-кішілі мәселелерді таратып, талдай сөйлеу қыны. Сондықтан қазір ең алғашқы жалпы әсерді айтамыз.

Осы реттен қарағанда «Тарғын» операсында, ең алдымен, барлық үлкен бүйімдарының (бұған кіретіндер: пьесаның мазмұны, режиссердің басшылығы, актер ойыны және композитор, суретші, би басқарушының ісі сияқты негізгі элементтерінің) барлығы әдемі боп туысып, үйлесіп, біте қайнасқан тұтастықпен шыққан сияқты. Барлық операны бір мол мұсінді көркем шығармаға айналдырып тұрған айқын стиль бар. Бұрынғы нәрсelerde жаңағы бүйімдардың кей-кейде әрқайсысы әр сайды өрлегендей бытырандылық сезіліп қалып отырушы еді. Мынау олармен салыстырғанда әрі ірі де, әрі жаңағыдай түп-тұтас шыққан. Бұл жөндегі зор еңбек — режиссер Құрманбектің еңбегі. Ізденгіш, өнерлі, сапа тапқыш еңбек. Құттықтарлық еңбек.

Осындай мағыналы, ойшыл басшылықтың сахнаға жарқырап шыққан белгісі актерлер ойыны, бишілер биі, суретші ісі, композитор қарекеті болды.

Талантты жас жазушы Сағыр жазған «Тарғын» пьесасы негізгі рольдер жағынан, оқиға-тартыс жағынан қарағанда артистерге өте қызықты материалдар берген екен. Әсіресе Құләшқа — Ақжуніске келгенде бұрын қазақ әдебиеті, қазақ сахнасы көрмеген жолбарыс тұлғалы, құбылмалы, сайқал, сегіз қырлы мұсінді көрдік.

Күләш бұл рольде өзіне де, өзгеге де соншалық жат, жаңа рольде тақ қырлаған алмастай төңкеріле құбылды. Барлық мінез қылышының өрі мен ылдым, құңгейі мен теріскеі көрушіге мастерлік әпінен де, әсіресе жарқ-жұрқ еткен ойынын да өте әдемі көрініп отырды.

Тарғын — Қанаабек те өз ролін ірі ғып, әсерлі ғып келістіре атқарды. Шыныңда Қанаабектің шын үлкен актер екенін музыка театрының сахнасында алғаш айқын танытқан ролі осы сияқты.

Тананы ойнаған Қапиза ойын жағынан жақсы болғанмен, дәл дауыс жағынан Тана образына көп үйлесе коймайтын сияқты. Бұл партияның үні лирикалы сопрано рой. Қапизаның дауысы ол емес. Жалпы алғанда көрнекті рольдердегі артистердің бәрінің ойыны да операның үлкен арқауын әлсіретпей, жақсы күштеп жүріп отыратын сияқты. Мысалы Манаарбек — Сақан, әсіресе, Ана — Шара, Қарт Қожақ — Бісмілда өз орындарында, лайықты, қонымды боп шықты.

Бірақ осылардың қатарына іліне алмай, әсіресе, айқын түрде кемшін тұрган екі-үш кісі бар. Олар — Қапан және соның жігіті, онан соң әсіресе Сыбыра жырау. Бұл сексен бестемін деген сөзін өзі сезбейді. Сақалы болмаса баладай ойнақы, салмақты мінез де жок.

Бұл операның билері әдемі. Әсіресе Шараның жеке билерінің орындалуы шын көркем, шебер өнердің бір әдемі тамылжыған, өте жарастықты кестелері сияқты шықты.

Осындай әзірше, қысқаша айтқан алғашқы әсерлердің ішінде тағы бір қатты риза қылатын еңбек — суретші еңбегі. Наумов жолдас бұл операда ерекше көркем декорациялар жасаумен бірге барлық киім-кесте үлгілерін де аса қонымды ғып белгілеген.

Ал енді операның ең зор түйінді мәселесі — композитор еңбегін айтайық. Операда, әрине, дауыспен айтылатын жерлердің барлығын ел әніне құрған Брусиловский жолдастың аса қымбат бір ісі — би атаулының көвшілігін де казақтың белгілі ән, белгілі күй ырғактарына құрғандығы. Бұл операда композитор халық ән-күйіне бұрынғыдан да көп тереңдеп, көп сүйенемін деген негізгі дұрыс бағытқа беттеп, сол халық музыкасының арқау, бояуын әлсіретпеген де бұзбаған. Өзінен қосылған композиторлық іздену жаңалықтар жайын мен бұл жолғы бірінші сөзде таратып, нық байлап айта алмаймын.

Жалғыз-ақ композитор ісінен алған жалпы жақсы әсердің ішінде әзірше көңілге құдік келтіріп тұрган бірер жайы бар. Ол — ән атаулының қөпшілігі бүгін жүрттың бәрі айтып жүрген, аса мәлім әндер болуында. Рас, бұл — тарихи жағынан кеңірек көп ойладап, көп талқылайтын мәселе.

Бірақ, сонда да суретші ізденіп отырып тарихтағы Қырым, Еділ хандарының декорациясын береді, костюм, бояуларын береді. Биші де өз бабында соны істейді. Пьеса мазмұны, актер ойыны, жалпы режиссер басшылығы бұл оқиғаны XV-XVI-ғасырдың маңайығып көрсетеді. Ал, біздің әннің бірқыдыруы бүгін тым мәлім бол жүрген әндер. Әрине, әннің сол ескі күнде щыққанын тап деп шарт қою қын. Осы бүгін мәлім әннің өзінің де талайы сол ескі күндердің алыс сарынынан желі тартып келе жатуы мүмкін. Бірақ, солай десек те, дәл осы «Тарғының» қазір кей жерінде қолданған әдіс бойынша ескі күйлерді әнге айналдыра пайдаланып байқау, сол тәжірибелі молайта тұсу пайдада болмас па еді. Бүгін көпшілік айтып жүрген кейбір әндердің орнына сондай өрпектер түссе іздену де, жақалық та молырақ сезілмес пе еді? Сонда анау сарай, анау мінез, салттар, тарихи дәүірлер ән-куйден де өз бояуын, өз шешуін табынқырай түспес пе еді? Бірақ, бұл мәселе, әрине, кеңінен қаралып, толығырақ талқылауды керек ететін қын да, даулы да мәселе. Ол тақырыпқа кейін де соғармыз. Осы жағы болмаса, көп әндер, әсіресе, Құләш, Қанабек, Манарабек айтуында драмалық мағынасы зор, өте әсерлі, өте күшті бол шығып отырды.

Улken істің, ірі табыстың үстінде болған үстіне бола түссе екен дейтін тілек-талап табиғи нәрсе. Осы жағынан қарағанда дәл соңғы сахнадағы көпшілік әзір шикілеу сияқты. Театрдың жаңа келген адамдарының ішінде әзірше сахнада жүріп-тұруды жете үйренбесидігі байқалып қалып отырады. Әсіресе, сол әйелдер жағында көп. Сол себепті дәл соңғы сахнаның динамикасы, әсіресе көпшілікке сүйенетін драмалық түйіндері сәл солғында сияқты. Оқиға қат-қабатының тұсындағы қозғалыс, әбігердің көбі операдағыдай зілді, мағыналы ырғактармен шешілмейді. Кейде асығыстық, кейде көркемдігі аз үйқы-түйқылық молайып кететін сияқты. Тағы бір байқалған хал, жалпы опера әзірше біраз созалаңдау, ұзындау сияқты.

Осы ретте үшінші актының бірінші суретін біраз қысқарта түсіп, оның есебіне оқиғалық түйінін сығым-дап, иін қандыра түссе теріс болмас еді. Мұның бәрі көрікті операдан алған алғашқы әсердің қысқаша айтылған нобайлары.

Жалпы алғанда, «Ер Тарғын» операсымен біздің театр коллективі тарихи декададан соңғы күткен үмітті шын актады. Өсүдің тағы бір зор сатысына қарай ырғымақ боп талап етіп еді: Құләш, Құрманбек, Қанабектер бастаған көрнекті топ қанатты әдемі қақты. Мұны шын табыс деп қуанамыз да, театр коллективін, театр басшылығын құттықтаймыз. Алған әсер театрға қызықты материал әзірлеп беруді зор бір қадырлы міндеттей еске салды.

1937

«ЕВГЕНИЙ ОНЕГИННИЦ» ҚАЗАҚШАСЫ ТУРАЛЫ

Поэзияның ірі шығармаларын бір тілден екінші тілге аудару өте қыны екені көпке мәлім. Ал біздің бүгінгі тәжірибелі алсақ, ұлт әдебиеті үлгілерін орыс тіліне аудару жөнінде көп ақындардың сол аударып отырған шығармасының тілін білмейтіндігі тағы бар. Бұларға жәрдем етеді дерлік подстрочник атаулыны алсақ, оның өзі асыл нұсқаның нағыз соры. Подстрочниктің (сөзбе сөз аударманын) көбі сөз емес, құр көбік, немесе әлде-қандай бір тіл қоқсығы бол шығады. Онда аударылатын поэзияның өзіне біткен нәзік ыргағы, өзгеде жоқ жаңалық ерекшелігі дәл түсіү белгілі. Ол сөз бір түрсын, тіпті ақынның қысып, қамти айтқан ой-сезімінің системасы да және көрік-стиль құрлысының ішкі логикасы да дұрыс берілмейді.

Тап басып, дәп тиген кезінде өлең жолы қыл өтпестей бол, өте бір жымдастып құрылған жол емес пе? Мұндай жолдың ішіндегі жеке сөз — ән иотасының құр созылып айтылған сияқты емес, өзінше бір балқыған дірілмен айтылған иотасы сияқты болады. Ол сөз бір мағына, бір-ак ұғымды білдіріп, сонысымен қатып, сілейіп тұрып қалмайды. Тұп мағынасынан басқа тағы қосымша ымы, сазы бар сөз болады. Оқушыға тұп мағынасынан басқа да елес, әсер беретін сөз болады.

Асыл нұсқаның тілін білмейтін аударушы ақынға, оның сезгіштік, қажымастық ынталылығы ғана жәрдем етеді. Жалпы подстрочниктің ішінен Маяковский айтқан бейнетпен: «тонналаған сөз рудасының ішінен радийдің жалғыз грамын» тауып аламын деп іздеу керек.

Үйтпесе, аударатын нәрсесінің сыртқы түріне basқа пәрін де, ізек мәнін де, өзгешелік қасиеттерін де түсінбейді. Әлгі, шолақ ойлы, жеңілtek аудармашылардың: «біз ұлт ақынын қолдан жасаймыз» дейтін үр көппе сөзі де осыдан туады. Эпос сарынында жазылған шығарманы сырышыл шығармаға айналдырып, ертең сиқыршының қамалын істейтін де, сол жазғандарының өзі болады.

Бірақ, бір тәуірі, аударушының бәрі мұндайлар емес. Совет ақындарының ірілерін алсақ, тіпті тілін білмеген шығарманың өзін аударғанда да, нағыз үлкен шебердің қолымен, барлық ынта, бейілімен істегендері үлгі аларлықтай болып отыр. Мысалы, Тихоновтың грузин тілінен жасаған аудармаларында, оның асыл нұсқаға қаншалық зерттегіш-акын қолымен жанасқанын көреміз. Ол ең әуелі өзіне сарыны сәйкес келетін ақынды алады. Подстрочникті біреу жасап бергеннің үстіне өзі де жасап алады. Сол аударатын өлеңін грузин тілінде әр түрлі қып оқытып, үш ыргағына құлағын жаттықтырады. Содан соң аудармасының әрбір қайтармасын грузин сыншыларыша оқып беріп, түзеп отырады. Мұндай жол, асыл нұсқаның ізекін қылдарын табуға сенімді басқыш болады. Сонда да, Тихонов аудармасын орыс оқушысы да, грузин оқушысы да мақтап отырса да, ол өзі аудармасының бәріне ырза бола бермейді; «1935 жылға шейін аударған бес мың жол өлеңнің ішінен, өзімді толық қанағаттандыратын бес-ақ жұз жол»,— дейді.

Аударма ісінің осы сияқты жалпы қындықтарының тұсында, қазір Пушкинді аударып жатқан біздің ақындардың бір тәуір жағдайы бар. Онысы — асыл нұсқаның өз тілін білетіндіктері. Жаман көпір — подстрочник бұларда жоқ. Пушкин өлеңдері бұларға өзінің бар үнімен «шырқап, қалқып» ұғылып тұр. Бірақ осы жағдай, бұл ақындардан қазак оқушысының көпті талап етуіне право береді. Ол окушы біздің ақындарға: «Осы Пушкин аудармасы үстінде, сендер өздеріннің мәдениеттіліктерінді көрсетесіндер, кала берсе таланттарының да

шама-шарқын көрсетесіндер»— дейді. Тіпті одан да әрі барып: «Сендердің осы еңбектерін зор мұраны біздің қалайша баурағанымызды білдіретіндіктен, Қазақстандағы әдебиет қозғалысы Одақтың өзге елдерімен салыстырғанда, қаншалық пісіп, толғаныш білдіреді. Бұл істептің әдебиеттің пісіп, толғанышына, мәдениеттілігіне де сын-экзамен болады»— деп те айта алады. Біздің алдымында түрған міндеттің қынышылығы да, касиеті де осы арада.

Бұл міндетті, теория жүзінде, біздің ақындар барынша толық түсінеді. Сан жағынан қарағанда жалғап аударма да аз емес. Юбилей күніне қазақ тілінде Пушкиннің «Онегин» бастаған барлық ірі поэмалары, жеке ірі өлеңдері және әңгімелері де шыгады.

Ал енді сапа жағын алсақ, осы аудармалардың бір қыдырында асығыстық ізі бар. Табандап, тырысып отырып ізденудің орнына әр себепті сылтау етіп, ауырдың үсті, жеңілдің астынан кеткендік белгісі бар. Сол себепті кей жерде Пушкиннің өлең өлшеуі жойылып, расында қазакқа ұғымдырак болатын, он бір буынды, төрт жолды өлең орын теуіп алғаны бар. Бірақ, жол ұзарғандықтан, амалсыздан, аудармашы өз жаңынан әр жолға кейде демеу сөз, кейде одан да ары оғаттасып, тіпті тұтас сөз де тіркеп жібереді. «Қавказ тұтқынын» аударған Тайыр жолдас осыны істеген. Ал «Руслан мен Людмила» аударушы Эбділда, асыл нұсқаның өлшеуіп сақтап, үйкасын да дәлге жақын келтіріп, жалпы өлеңін күйлі қып шығарумен қатар, кей жолдардан Пушкин сөзін қалдырып қойған. Нәтижеде: кемшін соққан, өңі қашқан, асыл нұсқаға барабар келмейтін кем-кем жолдар болады.

Бірақ бұл аудармалардың бәрі бірдей осындағы емес. Мысалы, Ілияс аударған «Евгений Онегинің» алсақ, оның зор ынта, бейілмен зерттеуши ақын бол ізденгенін көреміз.

Романиның өзін, түсіндіргіштерін, бұрынғы зерттеушілерін оқып, аудару үстінде Ілияс алты ай отырды. Сүйтіп іздеу арқылы ол Пушкин материалын барынша жете танып, біліп отыр. Ілиястың осы ісінің әр кезеңін көрген-діктен мен қазір Пушкин романының ішінде ол түсінбенгін бірде бір сөз жоқ деп айта аламын. Ол роман ішіндегі толып жатқан адам аттарының неге кіргізілгенін және Пушкиндегі шет жайыла сөйлейтін көп тарамдар-

дың неліктен болатынын тегіс зерттеп, шешіп алған. Мұндай бұлтарыстар романда аса көп. Және әр адам, жаңағыдай әр тарамның артында түрған жалпы тарих, мәдениет тарихы, немесе оңай ұғыла қоймайтын тұспалмен айтылған дәуір белгілері қаншалық?

Осыны ұғынып алушмен қатар, Ілияс әуелі романың бір үзіндісін әр түрлі ұлгімен де аударып көрді. Бірақ мынаңдай істі тарихи зор міндет деп түсінудің өзі, оған Пушкинде дұрыс әдіспен аударудың негізгі дұрыс жолын таптырды. Ол әдіс асыл шұқсаның өз стилін, өз түрін бұлжытпай түсіру әдісі болды.

Сонымен, «Евгений Онегин» Пушкиннің өзіндегі 14 жолды шумақпен, өз үйқасы, өз өлшеуімен және әр жолдың мағына тұспалын өз қалпында беретін, тіл образын да қазақша төлеу салмай, өз айтуынша аударып беретін ұлгімен істеледі.

Шынында, бұл шығарманы да көптің көзі үйрәнген, дағдылы он бір бұын, төрт жолмен аударуға болар еді. Оnda аударушы да қазақлау жағын басымдатып, асыл шұқсаның побайын ғана беріп, өзі де жеңіл жортып отырап еді. Олай етсе, әрине алты айдай сарылмас та еді. Бірақ Ілияс бұл жолға түспеді. Сонысы дұрыс болды. Пушкин поэзиясына қазақтың «тон-тымағын кигізіп» жеңілдетем деу, опы арзандатып, әлсіретіп жіберетін жол болар еді. Ал мына әдісі табандап іздеп, бата қымыл істеген жаңалық әдісі бол отыр.

Бұл әдіс — қазақтың жас мәдениетінің бүгінгі күйін алғанда негізгі — тарихи зор мәні бар дұрыс әдіс болады. Анығында біз қазір көркемөнер мен әдебиеттің дүниелік ірі белгілерін алғанда, өз оқушымыздың әзіrlігі аз бол түрған күйіне қарай бейімдеп, жонып-мінеп, кішірейтіп, әлсіретіп алуымыз керек емес. Қайта сол оқушымыздың өзін көтеріп, өсіріп, анау мұраны барлық ұлы тұлғасымен тұтас түсінетін сатыға апаруымыз керек.

Олай болса, Пушкин де қазақ әдебиетіне дәл Пушкин қалымен өзін өзгертией кіруі керек. Өзіне біткен ерекшелігімен, бұл күнге шейін қазақ оқушысы көрмеген теңрәндігін толық көрсетіп, жаңа серпіні зор мол бір арнадай бол өз түрін, өз стилін ала кіруі керек.

Одақтың грузин, армян, украин сияқты мәдениетті елдерін алсақ, барлығы да ұлы акынды осылайша, өз түрін, өз стилін бұлжытпай аударып отыр.

Осындастырылған жалпы жөннен туатын дұрыс әдісті біз-

дін жүртшылық қабылдауға тиіс. Қөпшілік шынында да жақсы қабылдаған сияқты. Бірақ сонымен қатар, бұл аударманы ұғымсыздау дейтін бірен-саран адамдар да бар. Олар кей-кей кезде қазақшасын ойша орысшаға аударып барып қана түсінепміз дейді. Ал тағы біраз адамдар «бұғаштің қазақ поэзиясында мұндай шумак, мұндай үйқастар жоқ болғандықтан, қазақ оқушысының көпшілігіне тосаң тиетін ерекшеліктерді ойша тереңдетіп алмау керек еді, қазақтың өзіне мәлім түрден үзамау керек еді» дегендейді айтады.

Бұл пікірлерді ол кісілер романның әзірше жарияланған бірінші тарауына қарап айтады. Ол тарау түсіндірігіш сөздерді өте мол қып басуды тілеуші еді. Түсіндірме сөз көп болмағанда, «Евгений Онегиннің» бірінші тарауын ұғыну аса кын. Қазақ оқушысының көпшілігіне ол бір ауыр жұмбақ, кын шың болуында дау жоқ. Жалғыз қазақ оқушысы емес-ау, тіпті орыс оқушысының орта буынына да оп-онай емес. Бұл тарауда романның уақыға, түйіндері, әңгімелік жағы айқынданып таралмайды. Оның үстінен көп шумақтары көлденең жайларды баян етіп, уақығаға қатынаспайтын кісі аттары да мол араласып отырады. Және әр кісінің тұсында ақын тілімен келте қайырылып айтылған сындар, ымдар, тұспалдар да көп.

Қазақ оқушысы не шала білетін, не тіпті білмейтін осы сияқты фактылар мен көп зат-нәрселер бірінші тараудың әр шумағынан табылады. Әзірлігі жоқ оқушыға, мысалы 18 шумақты алып осыдан не түсіндің десек, не айта алар еді? Ондағы аттары аталатын Фонвизин, Княжнин, Озеров, Катенин, Шаховскойлер арқылы және артистка Семенова, не биши Дюпло арқылы — Пушкин өз уағындағы театр, драматургия және балет өнерінің суретін беріп отырғанын түсіне қою оңай ма? Ал, 49 шумақтағы:

Адриатик, толқындары
О, Брента, көзім салам
Толғанамын, толық тағы
Сиқырлы үнің жетті маған!
Үн ардақты ақып үлға
Альбionның әр жырында
Маған таныс, маған жақып

Жүзім сырлы Гандолада
Петрарканың ғашық тілін
Сол сұлумен жаттап жүрдім...—

деген сөздерінің арғы сырын екінің бірі түсіне қояр ма екен? Осының ішіндегі атаулары және солардың кірген себептерін «Орысша тілді жақсы білем, романды орыс тілінде оқып түсінем» деген қазақ оқушысының бәрі біле қойды ма екен? Аударманы жете қарамай, ойланып, үстірт міндейтін сыйнышының көбі осы жолдастар ғой. Олар: «Орысшасын түсінеміз, ал қазақшасы бізге оншалық ұғымды емес» дегендей қылады. Дәл солай ғана ма екен? Бұл тұста, орысшаны түсінбеймін деуге арланып, өзіне-өзі жалған айтып, қазақшаны түсінбеймін деумен орынсыз мезетсіп отыратын құрғақ паңдық жоқ па екен? Біз кей-кейде сол да бола ма деп шүбәланамыз. Рас, бұл жерде адам тапастық, миға қонбастық сырдың жөн екені де рас. Бірақ, әйтсе де романды ғылым жолымен терең бойлап, оқымағандықтан (ал «Евгений Онегинді» солайша оқымай болмайды) ол кіслер бұл арадағы бірталай нәзік жайларды білмейді. Бұл шумақтың ішкі сырьина бойлап көрсек: Альбион дегені Англия («биік арал» деген), «өр» деген сөзді бұл арада Пушкин, Байрон поэзиясы туралы айтады. Айтқанда, Байронның «Чайльд Гарольдының» төртінші тарауын есіне алып, сонда Англия ақыны — Италияның Брента өзенінің бойындағы тұн көрінісін суреттеп отырып, сол Италияның атақты ақыны Петрарканы сөз қылғанын есіне алып сөйлейді.

Бұл шумақты мен ең қызынын таңдал алайын дегендіктен алып отыргам жоқ. Қөп мысалдың бірі есебіне ғана алып отырмын. Дәлін айтсақ, бірінші тараудың талай шумақтары осы тәрізді.

Бірақ асықпай ойланып, жөнін байқап отырсақ, сол сырт көзге ұғымсыз болар деген шумақтардың талайы Ілияс аудармасында, бір жағынан асыл нұсқаға барабар түсіп, екіншіден, қазақшылық жағынан да көрікті де, келісті де боп, әдемі қысып отырады. Мысалы:

Театр толы: жайшап ложа;
Кресло, партер қайнап тегіс,
Жоғарғы жақ шулат қозды,
Перде ашылып, шықты дыбыс.
Бейне бұлт етіп жалт-жұлт
Мәжілісті құрмет қылып,
Ньюминна тобы қоршауында
Тұр сахнада Истомина
Бір аяқпен жерде жылжып,

Бір аяқпен айналар жай
Еволь үрген мамырында:
Бірде үшып, бірде ырғып
Бір бүгіліп, бір жазылып,
Аяқты аяқ қағып лып-лып...

деген аудармада қандай мін бар? Бірақ мұнда Ньюомина, Еволь, Истомина сияқты, немесе көпшілік ұға қоймайтын, «партер», «ложка» сияқты аттар да бар. Ал аударушы ақынға бұл жөнінде не бүйіркі етесіз? Өлец жолының ішінде «Ньюомина» пәлен, «Еволь» түген десін бе? Әлде, басты қатырмай, біз білмейтін аттың бәрін өлец ішінен айдал таста дейміз бе? Біздің кейбір аудармашыларымызда ол да болып еді-ау. Бірақ енді олай десек, оңда тіпті аш құлақтан тыныш құлак. «Евгений Онегинің» қазақшалаганды қояйық. Үйткені, осы жаңағылар сияқты бүгінгі аударушы мен біздің бүгінгі оқушыны біраз қиайтын өзгешілік, ерекшеліктері болмаса, «Евгений Онегинің» барлық, шыңыраудай терең мәні де, сегіз қырлы сырь да өшіп, семіп қалады.

Шыныңда, осындай жайларын ойлап қарасақ, бірінші тараудың мәні аса зор. Тіпті романды мәңгілік шығарманың дәрежесіне көтерген де осы тарау емес пе екен деген ой келеді. Біраз ой жіберіп, роман мәнін суреттеп түсініп, Онегиннің өзі романның кейінгі тарауларында бұтақтап, жапырактайдын ағаш деп салыстырсак, мына бірінші тарау сол ағашты тудырып, өсірген аналы топырақ есепті болады. Сол өзі шыққан төркін топырағы ғана, өзге емес, дәл осы мұсінді ағашты тудырып отыр. Ал, бірінші тарауда сол топырақтың физико-химиялық сипаттары көрсетіліп кеп, жаңағы ағаштың биологиялық, табигаттық жағынан қалайша қалыптанды тарихы айтылады. Сол тұлғалы ағашымыз Онегиннің психо-физиологиялық мұсіні бол шығады.

Абайдың бір қателескен жері бірінші тараудың осы мәнін жесте қарамаған. Егер терең бойлап, Онегин образының логикасын түсініп, тамыр-түбірін абайласа, аударманың аяғында оған мылтық ұсынып «енді өзінді өзің өлтіруің-ак қалды» деп дәмелепбес еді. Даңа ақынның ұлы романының сын-сипаты осындай. Ол күйінен қайда қашсаң да құтылмайсың. Құтылу үшін жеңілейтіп, жүқартам десек, кешілмес қаталық істер едің. «Пушкині — Пушкин ете аударамын» деп дұрыс бағыт алған Илияс, осы міндеттің көп жағынан көңілдегідей

адал қылу арқылы, бүгін таңда зор мәні бар, тарихи, мәдени еңбек сіңіріп отыр.

Аударманың жоғарыда сапалған қасиеттерінен басқа тағы бір жақсылығы, асыл нұсқаның ажуа, сықақ сияқты түздығы ашы өткірлігін де әдемі келтірген. Ал Пушкиннің қай дәуір, қай буынның болса да, ақын атаулысына үлгі, өнеге болатын іші терең, сырты онай, келте қайырғыштық кестесі де, аудармада сезіліп отырады. Пушкин романының басындағы «Ариау сөзде»:

• • • • •

Достым, осы-ақ келген қолдан:
Шала сықак шала мұндан,
Ел өзінен, ұлы арманнан
Жас жемісім, жұбанудан,
Таң күзеттен толғанудан,
Өспеуімнен, өшкен жылдан,
Салқын ақыл байқаудан,
Күйген көңіл түйген сырдан —
Ала-құла жазылған сөз
Құмарлана колынды соз...

деп бір екшеп тастайды. Осы жолдарда романың бар мән-жайы туралы тұжырымды түрде түсінік берумен қатар, өзінің де ой-сезімін, сан толғауын құлак күй етеді. Шерменде ойшының мұнды, қүңгірт жан жарасын сездіреді. Ал осындағы мазмұнын еске ала отырып қарасақ, мына аудармадан да сондай толғақ шын сезіліп тұрған жоқ па? Қазақ тілінде осындағы аз сөздің бойына, тар жердің көлеміне осыншалық телегей толқын ой-сезімді сыйғызыған өлең көріп пе едік? Қөртеміз жоқ. Үйткені ол Пушкиннен ғана шықкан. Бір ерекше қасиеті — осындағы келтелігінде. Сонысының өзі үлгі болсын, біздің ақындарды да осындағы терең мағыналы үнемшілдікке баулысын деп Илияс әдейі, барынша келте қайырып аударады. Бірақ осындағы қайырымдар, жоғарыда айтылған қазаққа таныс емес ат, заттың тұсында түсіндірмелер аз жазылған уақытта, кейбір түсініспегендікті туғызады. Ал түсініспеудің кінәсі аудармада емес, біздің өзімізде.

Аударманың дәл бүгінгі тұрған қалпын алсақ, күдік туғызатын екі-ақ ірі мәселе бар. Мұның біріншісі — оқта-текте үйқастың тап түсе қоймайтындығы. Қазақ окушысына атымен жағалық болатын шумақ пен үйқасты алған соң, өлең аяғының үйқастары босаң болмай нық-

ның, дік-дік түсіп отыруы қажет. Оқушы сол жаңа тұрдің өлеңі де күйдей күніренбей тұра алмайтынын сезін. Ал қазірде кей жолының буны асып, шұбалаң тартып қап, кейде үйкас та жетіңкіремей қап отырады.

Бұдан соңғы, әсіресе құдікті екінші кемшілік — аударманың сөздігі (словары), ақындық сөздігі туралы. Қазақ тілінің ескі, жаңа қорының бәрін жете білетін Ілияс, осы қорлардың өзін ғана қолданумен қанағаттанды да, Пушкин тілінің бір зор ерекшелігін бәсек қалдырады. Пушкин дәуіріндегі әдебиет тілінің сол дәуірмен байланысты бір бояуы дін, шіркеу сөзінің көп араласатындығы емес пе? Ал аудармада романның тілі кей-кейде біздің дәл бүгінгі әдебиетіміздің тілі бол қалады. Қазақтың әдеби тіліне сіңісті бол кеткен ескі кітап тілін (кейбір арап, парсы сөздерін) осы аудармаға кіргізуден Ілияс әдейі қашса да, бекер қашқан. «Мәдениет», «Әдебиет», «Мектеп» сияқты, немесе Абай шығармалары арқылы біз күнде оқып, құлағымыз жаттыққан: ләззат, шафқат, гиззат сияқты кітап, дін сөздері бар емес пе? Пушкиндегі шіркеу, дін сөздеріне осын-дайлардан төлеу салып отырса, аударма тілі — дәуірдің бүгінгі емес, өткен бір шақ екенін сездіргендей болар еді. Ұақыттың тарих қабаттарының өткен кезіне қарай сырғып барып тұрған алыстырын сезінер едік. Осындаған жағынан қарасак, мысалы, Пушкиннің «Коварный искуствителінің» орнына «Сайтанбысың» десек, әлсіз де, кемшін де соғады. Ал бұл орынға біздің бүгінгі әдебиет тілімізде сирек көрінетін, бірақ қазақ білетін «әзәзіл», «іблілісті» алсак, әлдеқайда қонымды болар еді.

Рас, әрине, бұжайды «Гамлетті» өзбек тіліне аударам деп, Шекспирді біржолата арабшалатып қойған өзбек ақынының оғат тәжірибесіне ұқсатпау керек. Өзбектің әдебиет тіліндегі араб, парсы біздікіндей емес. Оларда, бүгінгі әдебиет тілін кей-кейде жаргонға ұқсатып жіберетін араб, парсы аламыштарынан құтылу — зор мәні бар шетін мәселе. Ал бізде, қазақша төлеуі болмаған жерде, өзі қазаққа мәлім сөз болғанда және ариналы бояу ретінде қажет болғанда өлшеуін біліп, мөлшермен қолдану — оншалық құбызық болмас еді дейміз.

Абайдың Пушкин мен Лермонтовтан жасаған аудармаларының ерекше зор қасиеті — әсіресе, асыл нұсқаның өз тіліне тең түсіп отыратын сөздігінде. Жаңағы ақын-

дарды аударғанда Абай да жаңа түр ізде, өзінше соны тауып та алған. Шалыс үйқас деген үйқасты Татьяна хатын аудара бастағанда Пушкиннен алғып, соны қазақ поэзиясына енгізді. Ол аналардың жол өлшеуін, өзі айтқандай, «үәзімін» де сақтаған. Бірақ, сонымен қатар Абайдың шын куаты — бояуы айқын, қыры мейсыры терең тілінде, сөздігінде жатыр.

Өзге жағының бәрін алғаңда, Илиястың ұстаған жолы — шекіз дүрыс жол. Ендігі міндетті, осы сияқты мәдениетті әдісін шынымен аяқтап шығу үшін әлі де осы бетінен терендептіп, толықтыра түсүі керек.

Ал қазақ окушысының сауатты жағына аздал, оларға оқу мен оқу тәң емес дегенді ескерту керек. «Евгений Онегин», «Фауст», «Гамлет» сияқты алуаны бөлек шығармалар қызық романша, я батыр жырынша желе текірекпен оқылмайды.

Сонымен қатар көшілік окушыны алсак, оған «Евгений Онегинді» дүрыс ұғынып түсінуі жөнінде біз жәрдем етуге міндеттіміз. Бұл романның әрбір қазақша баспасына орыс тілінде берілетін қалпынан сонағұрлым мол түсіндірме сөздіктер басып отыру керек. Және басқа аударма емес, дәл осы аударманы алғып отырып, көпшілікке талай лекциялар оқып, беседалар жасап, романның өзін оқып беріп отыруымыз қажет. Осы ретте тағы бір ойласатын нәрсе, «Евгений Онегиннің» көпшілікке арналған баспасын шығарғанда, осы аударманың ішінен біраз тарауларды қысқартып, әңгіменің өзін ғана тұжырымды қып беретін, қысқа варшант шығаруға да болмас па екен?

1937

ҚАЗАҚ САХНАСЫНДАҒЫ АУДАРМА ПЬЕСАЛАР

Бұл жөнінде сөз қылатынымыз Қазақстаниң мемлекеттік драма театрының ғана тәжірибесі. Өйткені біздің облыстық, аудандық театрларымыз әзір аударма пьесаларды қоюға кірісе алмай келеді.

Мемлекеттік драма театрының аударма пьесаларды қоюға ең алғаш дүрыстап кірісе бастаған уақыты 1932 —

33 жылдардан басталады. 1932 жылдың көктемінде режиссер Таңеевтің басқаруымен «Сұнгуір қайық» қойылды.

1933 жылдың басында драма театрының көрнекті режиссері, қазірде еңбегі сіңген артистің атын алғып отырған Насонов жолдас «Астық» пьесасын қойды. Содан бері қарай Насонов «Досымды», «Жойқын князь Мстиславты» қойды.

Өткен 1936 жылы драма театрына ірі білімді, тәжірибелі, талантты режиссер, қазіргі халық артисі Боров жолдас келісімен «Ақсүйектер» қойылып еді. Биыл «Ревизорды» қойып беріп отыр.

Осы тәжірибелер мемлекеттік драма театрының бұл саладағы алға қарай беттеген даңғыл жолын белгілеп берді. Жақын заманда біздің театр классиктен Шекспирді, жаңа пьесадан биыл Октябрьдың 20 жылдығына арналып шығатын пьесаның бірін қоймақ. Келесі сезонда осы сияқты екі түрлі аударма пьеса біздің сахнаға шығатыны анық. Шекспирден алынатын пьесаның аты әзірше дәлдеп белгіленбекенмен, не «Отелло» немесе «Ромео — Джульєтта» екеуінің бірі болатыны анық. Театрдың басшылығы бұл жәнде өзінің әзірлігін істеп отыр. Аударушыға қойылған шарт бойынша Шекспирдің пьесасы ағылшын тілінен аударылады. Орыс тілінен жасалған аудармалар жай қосымша мағлұмат есебіндеға пайдаланылады.

Міне, соңғы жылдарда Қазақстанда Мәдениет революциясының ұлы өріске басып өркендеуінің ішінде мемлекеттік драма театрының дамуы көрнекті ірі белгінің бірі болса, сол дамудың бір өлшеуіші осы аудармалар.

Бірақ драма театрының он жылдық тарихын шолып өтсек, аударма пьесаны қою жалғыз 1932 жылданған басталмайды. Ерте кезде де бірен-саран пьесаны қойып көргені бар. Гогольдің «Үйлену» деген пьесасын, Пушкиннің «Саран серісін» де қойып көрген. Бірақ бұл пьесаларды актерлер тіленіп қойғызығанмен, театрдың ол кездегі басшылығы әрі білімсіз надан болып, әрі әсіресе ұлтшылдық дертімен лаңданып, қыңыратқып жүріп, аяу классик пьесалардың қадір-қасиетін түсінбекен, бағаламаған. Соның салдарынан классик пьесаларды қазақ халқына нәрлі етіп көрсетуді ойламай, құнсыз, ажарсыз етіп көрсеткен. Осымен қазақ театрының сах-

насында аударма пьесаның болуына мүмкіндік бермей, қайта жақсы пьесалардың құнын кетіріп, зиянды әрекет еткен. Қөшілікті аударма пьесалардан түзілткендей істеген.

Сондықтан да, мәдениетті режиссер келіп жаңа пьесаны дұрыстап қойғанша, бірнеше жыл бойына драма театры аударма пьесаларға жанаса алмай, қол үзіп қалған.

Ал енді аударма пьесаларды жалпы алғанда, біздің театрдың колективі үшін және жалпы жаңа жұртшылығымыз үшін қандай тарихи ірі қасиеттері бар?

Мұндай, басы ашық тұрған екі үлкен жайды айту керек. Бірінші — совет драматургиясының алдыңғы қатарлы пьесаларын қою арқылы драма театры интернационалдық тәрбиені қүштейтеді. Қөшілікке совет мәдениетінің табыстарын танытып, ұғымды, қонымды етіп танытып, сол мәдениетті суюге, «өз тәнім» деп тапуға баулиды. Совет пьесасы мен сол пьесаның образдарын қазақ жұртшылығы «жалпы социалистік, интернационалдық қазынам және сол себепті өз пьесам, өз образдарым» деп таниды. Қазақ тіліндегі жас әдебиетіміз бен саны аз ғана оригиналдарымызда жаңа тарихтың геройлары әзірше жарым-жартылап қана көрсетілсе, жалпы совет драматургиясында олар көлемдірек, кеңірек боп алуан-алуан саладан көрінеді. Партия мен совет құрылышының үлкен адамдарын болсын, немесе сұнгуйрлер, ұшқыштар, қызыл әскерлер геройларын болсын — барлығын да жалпы совет қорынан көбірек табамыз. Осыларды қазақ артисінің ойнап бере алуы, театрдың мәдениетті түрде коя білуі, бір жағынан біздегі мәдениет фронтының дамуын көрсетеді. Екінші жағынан драма театры қөшілікке төңкөрісші реалист театрдың беретін үлгі, нәрін береді, тәрбие береді.

Бұл пьесалардың зор қасиеті қазақ актерін жалғыз қазақ пьесасының көлемінде қалдырымай, сол актер типінің өзін де өзгерте, есіреді. Қазақ актерін советтің интернационалдық мәдениетінің майданындағы интернационалдық мүсіні бар қайраткер етеді.

Ол пьесалардың ірі образдарын жақсы қып ойнап шығу арқылы біздің бүгінгі бірнеше ірі актеріміз үлкен сыннан өткендегі боп, тәжірибе көріп, ірі табыс тапқаны бар. Мысалы, «Астық» пьесасын ойнағанда Елубай, Қа-

пац, Қапабек, Шара, Құрмашбек, Камалдар қандай белгे шыкты? «Ақсүйектерді» ойнағанда Мәлике, Елубай, Қалыбек, Серке, Қапан, Шәкен, Жағдалар қандай іріледі? Жалғыз бас рольдегі актерлер емес, «Астық», «Жойқын», «Ақсүйектерде» ете көрнекті ажарлы бол көтерілген көпшілік болды.

Қазақ драма театрының тарихында бұл тәжірибелер ұмытылмайтын үлкен-үлкен түрғылар сияқты. Бұл жердегі орыс режиссерлерінің еңбегі де шын тарихи еңбек. Ал аудармалардың ішінде совет пьесаларынан бөлек, классик пьесалар тағы бар. Оларды қою арқылы ең әуелі, біз қазақ жүртшылығын неше алуан тарихпен, неше түрлі ұлтардың, қоғамдардың, таптардың өмірімен таныстырамыз. Сол орталардағы қоғамдық мінез-құлық, мұсін-пішіндерді танытамыз.

Осыларды үлгілі режиссердің басшылығымен, өнерлі актер болып ойнап беру арқылы біздің барлық колективіміз үлкен өнер мұраларын баурап алуға үйренеді. Біздің актердің бұл жәндегі өсуі бүкіл дүние тарихының мәдениет қорына қарай қадам басып өсуді көрсетеді. Соны дұрыстап баурап алып, мәдениетті түрде пайдалануымыз арқылы біздің театр мызы да мәдениеттіліктің, өнерліліктің сынынан өтеді. Ол жалғыз театр коллективінің ғана сыны емес, барлық республиканың мәдениетінің өсу жолындағы үлкен саты, үлкен сын — белгінің бірі.

Драма театры классик мұраларына партияның берген бағасы бойынша, совет мәдениетінің негізгі көзқарасы бойынша қарайды. Сондықтан бұл жөнде біздің театр өзіне дұрыс та, берік те бағыт белгілеп алды. Осы жолдағы істің бірінші үлкен адымы биыл қойылған «Ревизор» еді.

Бұл постановканың қазақ театры үшін тарихи табыс екенін басшы жүртшылық әбден бағалады. Қуана қарсы алды.

Актерлердің ішінде Қалыбек, Қамал, Елубай, Мәлике, Серке, Шәкен, Сейфолла, Айша, Сәбира, Әбен, Жаныспектер болсын және тіпті басқа кішігірім рольдердегі жастар болсын, барлығы да ойдағыдан, сүйсіндерліктей еңбек етіп шыкты.

Бұрын көбінесе қазақ рольдерімен өскен актерлер «осы жолы қайтер екен» деген құдіктің бәрін жойып, қайда апарып салсаң да сүбелі актер бол шыға алатыны танытты.

Драма театры «Ревизорды» жақсы қойып шыққаннан бері «енді қай классикті болса да менгеріп ала біледі» деген сенім тудырып отыр.

Әрине, бұл жөндегі ірі тарихи еңбек режиссер Боров жолдастікі болды.

Аударма пьесаларды мәдениетті орыс режиссеріне қойғызып, сол арқылы колективті оқыта өсіру — ең дұрыс, ен қажет жол екенін Боров, Насонов жолдастардың енбектері әбден танытты.

Осылмен қатар қойылатын бір мәселе — мемлекеттік драма театрының осы тәжірибесінен енді Қазақстанның өзге театрлары үлгі ала бастайтын мезгіл жетті. Әсіреле, облыстық театрларымыз осыны ойлану керек. Бұл күнгө шейін ол театрлар аударма пьесаларға жуый алмай келеді. Мәселе режиссерге тіркелгендіктен солай болып отыр. Енді сол театрлардың іс жүзінде қолға алатын міндетті: мезгіл сайын өздерінің режиссерлерін қазақ драма театрына жіберіп, ұзақ уақыт мұндағы режиссер мен актерлердің ісімен таныстырып алып, сол үлгімен өз театрларына аударма пьесаны апарып қоятын болуы керек. Облыстық театрлардың аударма пьесаларға жаңаспай, қешеуілдей беруі бұдан былай үлкен олқылыққа, қателікке де айналады.

Олардың әуелі классик пьесадан бастауы шарт емес. Қайта дұрысы бүгінгі пьесадан бастауы керек. Сонда жана пьесаны мемлекет театры қолға ала бастағанда әр облыстық театрдың режиссерлері келіп, мұндағы тәжірибелі туралаборатория үстінде үйреніп, танып алуына болады.

Екінші — көркемөнер комитетінің есінде болатын тағы бір нәрсе, кейбір облыстық театрға бір жаңа пьесаны апарып қойып беріп қайтуға Алматыдағы тәжірибелі режиссерлерді жіберіп отыру да дұрыс болар еді дейміз.

Ал енді аудармалар жайындағы осындай сөздермен қатар, қазақ тіліндегі оригиналдар жайынан да біраз мәселені жеке ала кету керек. Жалпы жайды алғанда аударма мен оригинал арасында талас жоқ. Бұл екеуі драма театрының сахнасында процентпен үлеспейді. Бірде оригинал 70 процент болса, тағы бірде аударма да 70 процент бола алады. Бірақ, сонымен қатар, Қазақстанның драма театрының өсу жолындағы ең зор міндет оригинал жағында жатқанын үмитпау керек.

Әсірепе жаңа тақырыпқа жазылған, партия үйімі басшысының, қазақ стахановшысының, колхоз, совхоз далаларының қаһармандарының образдары, білім-мәдениет қызметшілерінің мұсіндері көрсетілген жаңа пьесалар жасау керек. Сондай пьесаларды театр барлық жазушыға жаздырып ала білуге күш салу қажет.

Әрбір ұлт республикасындағы театр жалпы одақтық мәдениетінің табысына жаңа табыс қосуды ең бірінші қатардағы міндегі деп біледі. Социалистік революцияның арқасында табылған табыстарды өз жеріндегі дәлел, белгілермен мол қып, көлемді, көркем етіп көрсетсе, ол нұр үстіне нұр. Қазақ театры қазақ сахнасында Балқаш, Қарағанды жұмысшыларының немесе Қазақстан көлеміндегі шекарашибардың қаһармандығын ұлы образ етіп көрсете алса, ондағы сәттілік одақтық үлкен жаңаңыз, табыс болмақшы.

Бұл жөндегі режиссер мен актердің міндегі де ерекше зор. Драма театрының қазіргі халінде аударма пьесаларды жақсы қып қоятын режиссер күші қамсызыдау. Бірақ оригиналды да осындағы етіп өсіріп, ұлғайтып қоярлық күш соншалық жеткілікті емес. Аударма пьесаларда соншалық күшті болған Боров, Насонов жолдастардың оригиналға келгенде анадай көсіле қимылданап, сенімді боп кірісуі әзірше қындау. Бұл жөнде салмақтың көбі актердің өзінің ізденгіштігіне, өзінің тапқырлығына байланысты. Егер актер көрсеткенді ғана орындағыш және ізденуге шабан актер болса, онда образ ұлғаймай, өспей бәсек болып шығады. Шынында бұл жөнде режиссерлерге актер үлкен көмекші болуға міндепті. Және сонымен қатар кейбір оригиналды басты актердің өзіне қойдырып, режиссерлер үшемі қасында болып, мықты басшы, жәрдемші боп отыратын да болу керек.

Үлкен актердің ішінен үлкен режиссер болып шығып, оригинал пьесаларды өз күшімен қоя алатын кіслерді де екшеу керек.

Қазақстанның мемлекеттік драма театры Боров, Насоновтай ірі режиссерлерді аударма пьесаларда толық басшы етуімен қатар, оригиналға келгенде бұларға актерлердің ішінен көмекшілер беруі міндеп сияқты. Сол көмекшілерден өндіріс үстінде оқып өсетін режиссерлер әзірлену керек.

ЕРЛІК ЕТКЕН ҚОЛЛЕКТИВ

Қазақ пьесасын орыс актерларының орыс театрында ойнауы — ірі жағалық, сүйсінерлік уақыға.

Бұл жалғыз Қазақстан емес, басқа бірқатар республикаларда да әлі басталмаған тәжірибе еді.

Алматыдағы орыс драма театрының басшысы жолдас Рутковский мен барлық актер коллективі бұл істің қаншалық соны жұмыс, қаншалық жауапты іс екенін ұфынyp кіріскең еді.

Өздері шала билетін өмірдің, тарихтың жұмбақ түйіндерін жанды образдар арқылы бұлжытпай ойнап беру оңай іс емес болатын. Батылдық пен ізденгіштікті барынша мол жұмсайтын жер еді. Мынау коллектив бұл жөнде көп еңбек, ауыр еңбек етіп кеп, ақырында көрнекті іс істеп шықты.

Еткен ерліктері жемісті нәтижемен акталғандай болды. Кешегі бірінші ойынды көрген орыс, қазақ зрителі бұл коллективтің еңбегіне ырза болып, сүйсіне қарсы алды.

Қазақ мәдениеті, қазақ әдебиетінің кеңірек өріске шығып, көпке мәлім болуы жөнінде мынандай іс үлкен бір өнімді жол екенін көрдік. Бұл сияқты алғашқы тәжірибе енді айдан ай, жылдан жыл өткен сайын молайып өрістей беруге лайық.

Біздін Қазақстан жұртшылығы, әсіресе, оның ішінде Алматы жұртшылығы мұндай тәжірибеге өзінің лайықты бағасын беруге тиіс.

Алматыдағы окушы жастарымыз болсын, партия мен совет жұртшылығының кайраткерлері болсын, әсіресе, жұмысшы жұртшылығы болсын, барлығы да мына коллективтің еңбегімен танысуы қажет.

Орыс драма театры бұл спектакльді қоярда «құрғана қазақ өмірінің, қазақ адамының фотографиясын беріп қоймаймыз. Бір жағынан қазаққа ұқсан (киім, грим, қозғалыс, отырыс-тұрыс жағынан), жақындалап ойнасақ, екінші жағынан сол образдарды сезім мен сапа жағынан көрікті образ ете, көтере ойнаймыз» дескеп еді.

Мынау қалпына қарағанда, әсіресе, осы жағын тереңдетіп көрсеткен сияқты. Орыс сахнасында көп сезім (эмоциялар) мағыналанып, дәлелденіп, қатты әсерлі бол көріне алды. Екіншіден, қазақты қазақ етіп, барынша ұқсатып, илаандыра ойнады.

Декорация, музыка, киімдер де бір-біріне үйлесіп, спектальды Рутковский жолдастың ұлкен творчестволық оймен әдемі менгергендігін көрсетті.

Актерлер ішінде басты рольдің адамының барлығы да жаман ойнаған жоқ. Әсіресе, әсерлі ойын: Қыдыш (Падзолькин), Жантас (Михайлов), мұғалім (Иртенеев), Жұстайлак (Кручинина), Нұрқан, Жұніс, Тәнеке, Мөржан роліндегі артистердің ойындары болды. Кішілеу рольде Ана мен Жұмажан аса жақсы шықты.

Қысқасы, бұл тәжірибеден қуантарлық әсер алдық. Біздің жазушылардың өте зор көңіл бөлетін бір міндеті мына сақнаның да қамын ойлау деп білдім.

1937

ҰЛЫ ҰРАН — ОТАН ҰРАНЫ

Тарихтың тыңын айырып отырған ұлы дәуір шексіз кең, сансыз мол өзгерістер кіргізді. Бүгінгі күн сол жайқын жаңалықтар ішінде әсіресе басымдал, асқындал үнсалып тұрған ұлы ұран — «Отан» деген ұран.

Сана-сезімдегі ғасырлар ауырталығын қабыршақтай жыртып айырып, жарық дүниеге шыққан еңбек елі, әсіресе «социалистік Отаным» деген ұранын жарқын жүзбен, жалынды жүрекпен айтады.

Осы халмен салыстыра қарасақ, кеше ғана қара күндер айықпай тұрған шақта барлық еңбекші елдің, барлық «бұратана» елдің сана-сезімінде «Отан» деген ұғымың өзі бар ма еді?

Көзімізбен көріп ек — жоқ еді. Панасыз ел, өгей-жетім ел отандық сана дегениң не екенін білген де, сезген де емес еді. Сондықтан, «кімсің?» десе «Берішпін», «Атығаймын», «Дулатпын» деп ата тегін санаудан әрі аспаушы еді. Одан арғы дүние «нендей дүние?», «кім дүнiesi?» екенін білмestең, бүгіліп, буылып өскен бір ел бар еді. «Кімсің?» десе «ходжентлікпін», «бұқарлықпын» деп, елінің одан арғы атын — мазақ атын атай алмай өскен ел тағы бар еді.

Патшалық Ресейінде «морава», «жойқын», «қырғыз», «сарт» демектің барлығы да сол елдің тең аты емес, қорлау, мазақтау, ұрсудың сөздері еді.

Осы күнде «Советтер союзы», «Өзбекстан», «Қазақстан», «Татарстан», «Қыргызстан» деген аттарды айтуда еңбекші санасында қандай үлкен ерлік пен мақтан, жалын мен наным бар. Бұғін ұлы нұрдай болп, өткен тарих күніндег болып, әлемге даңқы шығып, жарқырай туып Советтік Конституция келді. Жалпы союз ішінде сүбелі II одақтың бірі болып социалистік Қазақстан шықты. Енді бұл республика елінің санасында анау «сіргелі едім», «теріс таңбалы едім» дейтін күпдер алты қырдың астында қалды!

Еңбектің қалың елі ғасырлар бойында түсіне кірмес-тік бақытын тапты. Ол елдің санасы да аскар асты.

Сондықтан да, Балқаш, Қарағанды, Риддерлердің стахановшылары өздерінің нормасы мен табысын Орал, Донбасс стахановшысымен салыстыра өлшейді. Жалпы Одағының, жалпақ ұлы Отанының масштабы, құлашымен өлшейді.

Колхоз егіндігінің екпіндісі, совхоз отарының саналы бакташысы, шекараның ер сақшысы барлығы да қуанышты, ынталы еңбегім «Отаным үшін» деп істейді. «Ұлы Отанымның күшіне күшім, серпініне серпінім үн қоссын» деп істейді. «Бұл еңбегім — Отанымның беріктігі үшін, амандығы үшін куана еткен еңбегім» деп істейді.

«Жас Отанымның табысы — менің де табысым, оның тыныштығы менің де тыныштығым» деп істейді.

Сондықтан да я терең забойдан, я шекаралық қарлы жотадан, я егіндік пен жайылыстың далаларынан болсын, барлығынан аспан жара шығып жатқан қаһарман қайрат үндерінің бәрі де бір-ақ ұран үні. Ол ұран ұлы ұран —«Отан» деген ұран.

Кешегі құлдай кор еткен отардан бұғін күндей жылытып қуантқан Отан тауып отырған Қазақстан еңбекшісі қазірде өз республикасының тағы бір ұлы биікке шықкан күніне жетті.

Бүкіл дүниеге нұрын жайған Ленин жолы Совет Конституциясымен Қазақстанды тарихтың ірі төріне шығарды. Бұғінгі күн жалпы Одақ атты Отанымызды алғыс айта, куана суюімізге бұл да бір үлкен кепіл.

МҰХТАР ЖОЛДАСТЫҚ СӨЗІ

Мен драматургия жөнінде сөйлемекпін. Біз жұмысты осы күнге дейін үйымдастыра алмай келеміз. Мәскеу, Ленинград драма секцияларының ісі сияқты дұрысталаип, жәнге салынып кеткен бізде жұмыс жок. Ісімізде жауапкершілік аз. Бізге соңғы жыл ішінде жұз шамалы хат келді, осы хат бойынша хат иелеріне көмек ету, жастарды үйымдастыру, әсіресе, жас жазушыларды драматургия жолына үйрету жөнінде көп жұмыстар істеуге болатын еді. Бірақ түк істелмей отыр. Бұл жөнінде жастардың алдында үлкен кінәліміз, мұны мойындау керек.

Осыдан екі-үш жыл бұрын Республикалық конкурс жариялады едік. Онаи еш нәрсе шықпай, өзінен-өзі ұмытылып, нәтижесіз қалып барады, әрине, бұл да біздің шабандығымыз. Бұған да біз кінәліміз. Үкімет пен партияның үлкен көңіл бөліп отырған жұмысының бірі — театр екені өздеріңізге мәлім. Осы күні театрлардың қайсысы болса да қаулап өсіп келе жатыр. Ал біз жаңа репертуар беру жұмысын үйымдастыра алмай отырмыз. Бұл жұмысқа қаулап өсіп келе жатқан жас драматургтерді тарта алмай отырмыз. Онаи соңғы бір айтатын нәрсе — колхоз, совхоздар театrlарына репертуарлар беруге ариалған конкурс. Бұл конкурсқа он бес шақты пьеса түсті. Оның жарайтын-жарамайтынын айырып қарап беру керек еді, біз өз пікірімізді айтып жазушылар үйымына бердік, бірақ жазушылар үйымы әлі күнге қарап пікірін берген жок.

Біздің Семей, Ақтөбе, Шымкент театрларында қызмет етіп отырған кадрларымыз осы күні шыққан пьесаларды менгеріп алып отыр. Мінекей, бұл біздің өскендігімізді көрсетеді. Ал драматургтер осы қарқынға ілесе алмай артта келеміз.

Біздің жеке жазушыларымыз бұл жөнінде жастарға дұрыс көмек бере алмай отыр. Өзіміз ғана біліп, менің атым жүре тұрсын, сенің атың тұра тұрсын деп отырмыз.

Театр — Бейімбет, Габит, Мұхтар сияқты кісілердің монополиясы сияқты болып отыр. Өйткені осылар ғана пьесаны жазуға міндепті сияқты. Бізде өлең, поэмаларды жазып жүрген ірі ақындарымыз бар, проза жазып жүрген жазушыларымыз да бар. Пьеса жазу олардың қолынаи әбден келеді. Әдебиетте бес-алты ғана пьеса жазатын кісі болса, әрине, ол аздық қылады. Жаңа адамдар жазу

керек, жаңа өмірдің тілегіне сәйкес жазушылардың барлығы қатысып отыру керек. Пьеса жазатын белгілі кісі бар деп қарап отырмау керек. Жазушылардың барлығы бұған күшін бөлу керек. Бұл жөнінде жазушыларды, әсіресе, жас жазушыларды жинап әңгімелесу керек. Оларға көмектесіп, үйретіп отыру керек. Облыстық театрымыз күніге жаңа пьесалар сұрап отыр. Бұлардың жақсы-жақсы режиссерлері бар. Осы күні олар «Қызы Жібек», «Жалбырды» койып жүр. Бұл пьесалар онда қойылмасын деген пікір емес, олар үшін бұл пьесалар ауыр тиеді. Пьесаны молайту үшін ұйымның міндеті — жас драматургтерді ұйымдастырып, көпшілікті өзіне тарту. Қазірде опера театрымыз «Тарғын» операсын қойып отыр, «Сұлушаш» операсын дайындал жатыр. Осыны авторлармен бірге отырып, қосатын жерін қосып, алатын жерін алып, көмектесіп отырмыз. Қелешекте бірнеше жаңа пьесаларды театрға бермек болып отырмыз. Асқардың пьесасын қарап, театрға тапсырмақшымыз. Театрға қай пьеса дайындалып, қай уақытта қойылатынын біліп отыруымыз керек. Бізде өлеңмен пьеса жазған кісі жоқ. Өлең жазып жүрген ақындарымыз өлеңмен пьеса жаза алады. Бұлар драматургия жұмысына қатынасуы керек. Октябрь революциясының жиырма жылдығына жетістіктермен бару керек.

1937

ТАРИХ ПУТЕВҚАСЫН БЕРГЕН АДАМ

1933 жыл еді. Қазақстанның көркемөнері мен әдебиесті үшін естен кетпестей бір мәжіліс болды. Ол Леон Исаевичтің өз кабинетінде шақырылған мәжіліс. Мәдениет майданына тарихтың өзі үн салып, «өнер тап, өрге бас, қалуың жетті» деп қанат бітіргелі тұрған күндер еді. Қоқілде сондай көтеріңкі күй бар. Үлкен, ірі жаңа лықты күту бар. Бірак әдебиет пен көркемөнер қызметшілері — бізде ол кезде күшке сенбекендік, қорғашақтық, тәжірибесіздік мықты еді. Жүдеу артист, тартышашақ жазушы, сенімі аз режиссер, не істейтінің білмеген композитор, суретшілер болатынбыз. Я, ол кезде солай еді.

Көркемөнер майданын алғанда, бүкіл Қазақстанға ариалған жиыны 30-ақ адамы бар, әлсіз бірғана драма

театры бар еді. Оның да Құләш пен Қанабектей, Құрманбек пен Шарадай қызметшілерін кейбір бастықтар «әнші емес, артист емес, тіпті бұл майданға керек адамдар емес» деп қудалап, сауырлада жүрген күндері болатын. Сонымен жалғыз театрдың өзінің де іші толған қыңқыл-құңқіл еді. Зор мәжілісте бір байқалған сиқымыз осы болды.

«Жазған шығармаларымызға оқушы жоқ. Жауапты қызметшілер оқитын болса екен» деп, балаша арыз-тілек айтып, құнгірт қабақты жазушы шықты. «Би деген өнер қазақтың бұрынғы салтында жоқ. Бұл түсініксіз зат. Оны кіргізу, кіргізбеу жайын ұзаққа созып, талқылау керек» деген тартыншак, қудікшіл үнмен біреулер шықты. Музыка театры ол күнде жанаға, болымсыз ғана студия атымен әр жерге бір тұртқыніп, кім боларын, не қыларын білмей жүрген бір нәресте еді. Оны «бастауыш мектеп» деп түсіну керек. Оның болашағы әлі жұмбак, әрі алты қырдың астында» деген сәуегейлікпен тағы біреулер шықты. Бұл майдандағы істің жағдайы ол кезде осылай еді.

Үлкен сабырмен тындалап, танып алып, енді анық бағыт беріп, зор тарихи міндет артатын байсалды сөзді мәжіліс ағасының өзі айтты. Ашық, зор үні бар, ерекше шыншыл, жарқын жүзі бар нағыз қамқор достың, халық ұлының өзгеше қымбат сөздері сонда айтЫЛДЫ.

— Би — халықтың сергек денесі мен серпілген көңілінің шаттығын білдіретін өнер. Халықтың қуанышын түссауға болмайды. Қазақтың әсем әні — халық өнері қазынасы. Опера қашан туады деп қарап отырмау керек. Оны жасау керек.

Жақсы кітап, жақсы жыр, жақсы спектакль — оқушыны да, зрителді де өзі-ақ табады. Бірақ сол шығармаларды жасау керек. Оған керекті күш пен талант бізде бар. Бірақ күшке сенбешілікті тастандар. Біріккен күшпен, берік сеніммен партия көрсетіп отырған жолмен алға басындар! — деді.

Бұл қуанышты қайрат бітіретін үн еді. Жаңа тарихқа мұрындық болған, табысқа жетуге путевка берген үн еді. Біраз айлар өтті... Музыка студиясы — студия емес нағыз театр атын алмаққа өзінің бірінші адымын жасады. Ең алғаш рет шымылдығын ашты. Өз шымылдығын ғана ашқан жоқ. Тарих пердесін де ашты. Қазақ әні, қазақ биі, қазақ артисі, режиссерлері «біз тудық, біз

келдігін» айтып жарқ етіп шықты. Театр қалың зрительге ие болды.

Басы сол еді. Жалпы мәдениет майданының өркендең, дамуымен қатар Қазақстаниң халықтық көркем-өнері де қанат қақты. Бірі артынаң бірі шығып, бұрын еш уақытта болмаған жаңалықтар, табыстар туды. Бұл аз-ақ уақыт ішінде бүкіл Қазақстаниң барлық түкпір-түкпіріне тарады. Өркендең ойнаған халықтың өнері, қуаныш, шаттық өнері болды. Қөркемөнер Қарағандыда стахановшылардың еңбек өнімін арттыруға себепші болды... Қалың жұмысшыны қатты қуантты. Шалғай жатқан қызыр шет, шекарадағы Зайсан пионерлері өздерінің жазғы лагерінде астапа жіберіп жатқан әндерді шырқады. Алыс шекарадан жас ұландар шат-шадыман үн салып, қуанышты алғысын айтты. 1935 жылы бір колхозшы қорі әншінің қатты сүйсініп айтқан бір сөзі әлі есімде:

— Ойпыр-ай бұл қазақтың әні мен өнері қандай жай-нап кеткен! Әнің жаңа түзелді деген осы екен ғой. Өмірдің сәні әсем әні ғой,— деді.

Осындайлық шын сүйсінген қуанышты алғысты қөріден де, жастан да, еркектен де, әйелден де, қаладан да, колхоздан да, өндірістен де, шекарадан да естисің. Бұл үндер сөзсіз шыншыл ниетпен айтылған, бүкіл табыстың басшысы партияға арналған үндер.

Мирзоян бір жолы драма театрында «Арқалық» пьесасын көрді. Артистердің өнерін жақсы бағалады, «жалпы театр мен әдебиет бірбеткей қалмасын. Құрғана қазақ ескілігі басымдал жүрмесін. Оның ішінде қостарлығын қостап, сүйерлігін сую керек. Сынсыз, талғаусыз бас шүлғи беру жол емес. Екінші, әсіресе алдыңғы қатарлы орыс әдебиетінен, классик мәдениетінен үлгі алушы ойландар. Өз үлгілерінді Қазақстан көлеміндеғана қалдырмай Одақ майданына алып шығындар. Өз күштерінді танытарлық шығармалар туғызындар» деді. Бұл әдебиетті, көркемөнерді есу тарихының жаңа асуына нұсқаған үн еді. «Мәскеу — Ленинград жазушыларымен жалғасындар. Театрдың, музыканың өнерпаздарын шашырындар, оларды Қазақстаниң досы етіндер» деп осы жылы талай тапсырмалар берді. Бұл мәдениет майданындағы қайраткерлердің жігерін тасытты, оларды жаңа табысқа аттандырды.

Қазақ көркемөнеріне қажет болған бүйімді бір жа-

ғы тарихтан, бір жағы алдағы озғаш мәдениеттегі іздету, алғызы, қанаттастырумен қатар халық ішіндегі асылдардың бүгінгісіне үлкен зер салынды.

Бұл мәдениетті өркендедті, революция мәдениет тарихына жаңа аттар енгізді. Жамбылдың аты, Аманкелдің аты мен ісі бүкіл союзға белгілі.

Қоپ уақытқа дейін Жамбылдың аты естілмеген еді, ал естілген күнде де ол заманы өткен, күні біткен шала жансар ат қана болып естілуші еді. Өлі бойына жан жүгірген, союз көлеміне ән шырқаған Жамбылды жақыннаң бері көрдік. Бұл Жамбылдың өз айтуынша, «өлеңі тіріліп, өшкені жаңған» дегениң өзі емес пе?

1933—1934 жылдарға дейін ескерілмеген, ұмытылған жалғыз Жамбыл ғана емес, бұдан басқа да талай басты нәрселер ұмытылған еді. Халықтың революциялық тарихы, қазақ халқының тарихындағы жарқын белдің бірі 1916 жылғы көтеріліс, қазақ еңбекшілерінің ардақты геройы Аманкелді — бұлар да ескерілмей келгені бәрімізге мәлім. «1916 жылғы көтерілістің нақты шындық тарихын жазу керек, Аманкелдіні көтеру керек, оның атын құрметтеу керек» деген сөзді ең алдымен айтушы тағы Леон Исаевич еді. Енді Аманкелдіні білмейтін адам жоқ. Аманкелді аты халықтың легендасы болды. Жастарымыз Аманкелдінің революциялық жігерінен, Отанын сүйгіштігінен өнеге алады.

Біздің елімізде қайта табылған қасиеттер, қайта туyp, жаңғырып жайнаған қазыналар құлаш сермеп алға басты, біздің мәдениет тарихымыз шыны үлкен жолға түсті.

Аз жыл ішінде көп жаңалық, көп нәр мен сапа таптық. Осы күйдің үстінде декадникке жетіп ек. Мәдениет майданының қызметшілері — біздер декадникке де іштен қорғанақтап, «әй, қалай боп шығады» деп бардық. Бірақ, енді 33 жылдай емес, бір үлкен асуға тақап кеп қалғанымызды сезуші ек, күткеніміз де көп еді.

Осы декадниктің алғашқы күндерінде Леон Исаевич аурудың себебінен Мәскеуде бола алмады. Ол заграницада еді. Бірақ барлық істі әзірлеуші, бастаушы өзі екені барлығымыздың ішімізде, көкейімізде. Ол өзі жоқ болсада, ортамызда журген тәрізді болатын. Мен бір жұмыспен Ораз Исаев жолдасқа бардым. Сол кезде Леон Исаевич телефонмен Париждан Оразбен сөйлесіп отыр екен. Сондағы әңгіменің ең басында сұрағаны, әңгіменің орта-

сында тағы сұрағаны, ақырында тағы да тағы сұрағаны: «Қалай ойшап жатыр? «Қыз Жібек» жақсы шығып жатыр ма? Ұнады ма? Қуләш қалай ойнады. Құрманбек қалай ойнады?» деген сұрақтар. Өзі ауру, өзі Парижда болса да, бірақ көңілінің үміті, тілегі, қуанышы тұтасымен Қазақстаниң көркемөнерінің жолында еді. Әрине, мұндай жерде көркемөнер өркендеп, өрбімей тұра алмайды.

Опера театры «Тарғынды» жарыққа шығарғанда, Қазақстан драма театры «Ревизорды» ойнағанда, Алматы орыс драма театры қазақ пьесасын ойнағанда Леон Исаевич сол ойындарға тағы да, талай рет өзінің әрі достық, әрі ұстаздық болған ақылын айтты. Басшылық көмегін істеді. Ұдайы алға бастырам деген жетекшілік болды. Бұл хал біздің жазушыларымызды, режиссерлерімізді, суретшілерімізді, әсіресе, актерлерімізді үнемі өсіріп отырды.

Жақында академия театры «Любовь Яроваяны» қойып, соған Леон Исаевич келіп еді. Ойын бітісімен-ақ барлық актер киімдерін де ауыстырып болмастан, беттегі гримдерін де тегіс арылпастан дирекцияға үмтүлышп, жүгіріп кеп: «Не деді? Леон Исаевичқа ұнады ма, жок па? Қандай баға берді? Қандай сын айтты» десіп, жа-пырлай сұрасты... Бұл ете түсінікті. Шын қамкор басшыға, досқа өз еңбектерін көрсетіп отырып, енді соның не дегенін есітуге бұлар тықыршып асығады.

Көркемөнер, әдебиет, жалпы мәдениет майданының барлық қызметкерлері өз жүректерінде өз депутатын әлдеқашан атаған. Бұл — Леон Исаевич. Және осы біздің көңіл, біздің сенім, Леон Исаевичты өз жолдарымен бізше таныған барлық басқа майдандарда, барлық совет жүртшылығында тұтас бір көңіл, бір сенім деп білеміз. 12 декабрь күнін халық бақытының өрлей түскен қуаныш күні деп жарқын жүзбен күтеміз. Сол күні ең таңдаулы, ең сүйікті кандидаттарымызды Қазақстаниң ең ардақты ұлы деп, шат көңілмен сайлаймыз.

МӘҢГІ ЖАСАЙТЫН АҚЫН — ШОТА РУСТАВЕЛИ

Әдебиет туындыларының тағдыры неше алуан екені мәлім. Өз замандастары құптаған, қадірлекен, мақтаған шығармалардың да кейінгі тарихтағы орындары біркелік бола бермейді.

Бұл жағынан қарағанда кейбір шығарма метеор¹ есепті болса, тағы бір шығарма нағыз жүлдіздың өзімен барабар болады.

Кейбір шығарма әдебиет аспанында жарқ етіп көріне қап, жүрттың көзін өзіне еріксіз тарта қалса да, артынан тарих мезгілі сыйна ілінгенде «ағар жүлдіздай» құлай сөніп қалады.

Ал екінші шығарма сол мәнгілік ғаламында айнымас, сөнбес жарығы бар, жүлдіздай нық орнаған болады. Прогресс жолындағы адам баласының мәдени тарихына үнемі ілесіп отыратын серіктегі осы соңғы шығармалар. Жалпы тарихтың белгілі бір кезеңдеріне көз жіберсең осындай шығармалардың мерзімді орындарында аумай түрғанын үнемі көресің. Тарих, мезгіл сыйны неғұрлым ұзаққа созылған сайдын, солғұрлым бұл шығармаларға қадалған көз, берілген бейіл молая бермек. Және солғұрлым, осындай мұраны артына тастап кеткен шебердің қадірі мен қасиеті арта бермек. Мәңгі жасауы шек шұбәсіз акталмақ. Осындай сөз ескерткіштің мысалы, ескі грек мәдениетінен қалған Гомер шығармалары — «Илиада», «Одиссея» және Шекспир, Гете, Пушкиндерден қалған мұралар.

Мінеки, дәл осы қатарға қосылатын бір ұлы шығарма грузин халқының өнері тудырган, Грузияның ұлы ақыны Шота Руставели жазған — «Жолбарыс тонды жортуюлышы» деген поэма.

Бұл ақынының туған жылы мен біздің заманымыздың екі арасында жеті жүз елу жылдай тарих асқары жатыр.

Совет Одағының көп миллионды, көп ұлттарын революциядан бұрын мұндай асыл мұрадан аулақ етіп келген жалғыз жеті жүз елу жыл ғана емес, басқа да талай бөгөуіл кедергілер болатын.

Ең алдымен, өткен заманың қырсық тарихы бөгет

¹ Метеорды қазақ «ағатын жүлдіз» дейді, шынында ол жүлдіз емес үшқын есепті нәрсе.

болған. Дін айырмасы, ұлтшылдық кұрсауы, ұлт араздығы және патшалық Россияда отар елдердің мәдениетін өгей ұлдай басып, жанышып, бұқтырып келген саясат, бір ұлтты бір ұлттан әдей қашықтатып ұстаған саясат барды. Осының бәрі жаңағы ескі тарихтың қара түнек, қаскөй қыныдығы еді. Халықтар мәдениетінің жолында қара бурадай шегіп жатып алған қырсықтар еді. Жалғыз фана Ленин дәуірінде, социализм дәуірінде фана сол қырсықтар жойылып отыр. Енді барлық Одақтағы социалистік мәдениет жаңағы әрбір халықтың ескі тарихында, халықтың өзі тудырған неше алуан мәдениет мұраларын тауып теріп ап, соны өз тәні қып баурап алып отыр.

Бақытты тірлік пен ұлы құрылышқа бой сала кіріскең, өркендең халықтың енді өзді-өзі тарихының асыл бүйымдарын тарихтың шаң-тозанынан арылтып, ортаға әкеліп салып жатыр. «Менің мұндай асылым бар» деп бар үнімен бар дүниеге шырқап жариялад жатыр. Олар өз тарихының сондай мұрасын жарықта шығарып жарқылдаумен катар, өзіндей өзге елдердің сондай асыл мұраларын да біліп, танып өзінікіндей қып баурап алуға ынтығысып отыр. Бүкіл дүниелік асыл мұралардың қатарында, бұл жаңа таныған бүйымдарында қатты сүйіп, аса қадірлейді.

Міне, осы күйдің арқасында біз қазір өзінің жайын «Руставидің»¹ белгісіз бір месхиымын» деп момын пішінмен фана баян еткен ұлы ақынды — өз тілінде оқып отырған орыс, қазак, бурят сияқты талай елдің оқушысын көріп отырмыз. Ақын мұрасы мынау жаңа оқушылардың барлығына ет-бауыр жақын да, қадірлі де болып отыр. Барлық одак халықтарының бір ұлы тілек жолында бауырласып, туысып алған қалпында мынау мұра, артық мұра, мактандыратын мұра болып отыр.

Оナン соң еткен тарих қорына көз салған уақытта жаңағы халықтардың социалистік мәдениетінің іздептіні немене? Әрдайым айнымастан іздептіні бұрынғының, біздің бүгінгі күнімізге үйлес келетін геройлық, маңызды бүйымдары. Ескі мәдениет ескерткіші сол күндегі халық жүргегінің өмірді сүйген ашық, айқын мүддесін көрсетсе, екінші халық мінезін, геройлығын танытса, үшінші халық өзі үлгі етіп, тәлім алып, сол бүйымын көп заман бойында асыл бүйымындағы күтіп, сақтап келген болса,

¹ Рустави — Шотапың туған жері, Месхи — руының аты.

дәл осындағы мұраларды біздің нағыз халықтық социалистік мәдениетіміз, әсіресе, күтеді. Осындағы мұралар бұрынғы бір-ақ ұлттың ішінде болған тар көлемінен шығып, енді қалың елдердің интернационалдық мұлкі болады.

Міне, дәл осындағы зор ескерткіштің бірі Руставелидің «Жолбарыс тонды жортуылшысы» дүние жүзіне паш болған, сапаулы ұлы ескерткіштердің қатарына даусымыз қосылатын бір белгі осы болса, мұның ең әуелгі ерекшелігі: батыс пен шығыстың ескі тарихы, ескі мәдениеттерінің жапсарында туғандыры.

Сөйтіп осындағы екі дүние — екі мәдениеттің сыйбайлас, қанаттастырын өз тұлғасынан көрсетуімен қатар, бұл шығарма бір жағынан өзінің ерекше, айрықша бітімі бар өзгеше бір ескерткіш болып тұрады.

Әңгімелік желісін, тубірін алсақ, бұл дастан жалпы адам баласының барлығына ортақ сүйіспендік, достық деген тақырыпты қозғайды. Бірақ сол сезімдерді соншалық бір жаңа сарынмен, өзгеше терең мағынада жырету арқылы өмір дегеннің өзінің де мазмұны мен мұратын зор биікке көтереді. Жаңағы сезімдер дастан ішінде, бір жарқыраған биікке шығып, адамның геройлық қасиеті есебінде ерекше ұлғайып көрінеді. Бірақ сонымен қатар, махаббат пен достықтың осындағы әсем жыры, адам мен адам арасындағы құрғана момын, жуас сезімдердің жыры бол қалмаған.

Дастан ішінде бұл сезімдердің сыны, таразысы болатын ерлік пен қайрат, ақынға махаббат пен достықтың геройлыққа жараған үлгісі ғана қымбат. Сол себепті дастаның ең үлкен көркемдік мазмұны, көңілдің тереңсырын толқытқан кесек толғауында жатыр. Осы қасиет жырдың ішінде, образдарының геройлық жүргегінде. Бұл адамдар тағдыр, бүйрек деген қараңғы наным, көлденең әмірге бассұнған адамдар емес. Өзі көркем, жүзі жарқын бұл геройлардың ішінде тұсау жоқ, еркіндік пен ерлік бар. Бойсұнатын жалғыз нанымды — өз күшіне геройлыққа нану, соған ғана табыну. Осы себепті олар дүниенің қандай күшімен болса да жалтармaston, қайтпастан, қасарысып алыса алады. Сол алыста бұлардың женуіне кепіл болатын іарсе өлім дегеннен қорықпайтындығында. Ерлік пен қайрат сияқты адамның ең үлкен қасиетімен салыстырғаңда өзге бір қылмыстық, ешбір қымбат бүйім жоқ. Ең алдымен өмір, өлім дегениң өзі

де түк емес. Қайта қорлық өмірден де қадірлі өлім артық.

Сонымен ең бастағы махаббат, достық деген тақырып дастанның әңгімелік, тартыс желісін алғанда бір себепші, тұртқи түйін есебінде қалады. Кейде, әншейін, сүйемел, қосымша белгі халінде болады. Ал бұл шығарманы мәңгілік ететін зор көркемдік пен ірілік, шеберлік негізінде ерлік пен геройлықтың жыры боп шығуында. Және жыры ғана емес, сол ерлік пен қайраттың философиясы да боп шығуында.

Осы жағынан қараганда махаббат, достық тақырыбының өзі де өзгеше, басқаша боп жырлануы арқасында, бұрын көп айтылған күй сияқты емес, қайта аса бір соны, маңызды ерекше тақырып боп өскелендеп көрінеді.

Батыс пен шығыстың дүниелік классик әдебиетінде махаббаттың неше алуан жыры болған. Бірақ соның бәрінде де махаббаттың өзі ғана жырланып, жалғыз өзінің ғана үстемдік салмағы мен көлемі көрінуші еді. Ешудақыта да махаббат өз орнын достық пен ерлік үшін құрбан етіп, екінші сатыға түспейтін геройлықтың сыны тартым, төлеуіш болып та жырланған емес. Мынау дастанда, адамдарының психологиялық, шебер-сәулетті мінездерінің тұсында махаббаттың өзі сергек ақылға бағынған жеке адамдық үлкен тұрғыға өзі жетектейтін сезім боп сипатталады.

Осы жағынан қарап «Жолбарыс тонды жортұылшы» дастанын шығыс пен батыстың сол замандарда кітап бол жазылған, классик мұраларымен салыстыра кеп, махаббат жырының бір алуаны болған «Ләйлі — Мәжнүнге» көп токтасақ, нені көреміз? Қоретініміз, Низами жырында сопылық-мистикалық нанымы бойынша, тағдырдың, діннің салмағының астында жаншылып жатушы адамның еркін сезімі болады. Онда махаббат, өмірден шаттық әперетін, өмірге құмар ететін сол үшін тартысқа шақыратын сезім емес, қайта адамдарының басына жер үстінің ғазабын, сорын әкеп үйетін сезім, өздері қажыпталған, қуыс кеудесі ғана қалған Ләйлі мен Мәжнүн өмірден мұлдем түціліп, өтесінді «ол дүние» деген бұлдырдан күтеді. «Тағдыр» дегеннің бүйрыймен сондай ғазап шегушілердің күйі сергек ақылмен қараған жаның ешбірінде, сүйісіну түгіл құптаудың өзін де ойға келтіре алмайды. Өз уақытының тыңдаушыларына да құраяныш пен зардан басқа көзқарас тудырмаған. Діннің

қараңғы жолын осылайша махаббатпен үгіттеу адамның сау, сергек жанды сезімінің орнына, ой-сананы тұтқын етіп, бағынып бас июді ғана ұсынды. Махаббатты былайша түсінумен салыстырғанда Руставели дастаны мұлдем өзгеше. Ол ең алдымен тірліктің, жер үстіндегі татымды тіршіліктің әрі серпінді, әрі толық дәнді жыры. Оның адамдарының барынша алысатыны, күшін салып, геройлық етіп алысатыны жалғыз ғана жер үстіндегі зор мағыналы тіршілік. Бұл жағынан алғанда халықтың өр-көкірек санасынан туған мынау жыр толық мағынасында реалистік бағыттағы және ішкі серпін жағынан да шынымен үлгі боларлық жыр.

Рас, бұл дастаниң дүниені сезіну сарынын алғанда іштей көбірек үйлесетін, жалғасатын мәдениеті батыс мәдениеті. Бірақ сол батыстың өзінде де сол заманда Руставели жырына я қолма-қол, я бір тасымал арқылы әсер ете қойды деп айтارлық пәлендей поэманды таба алмаймыз. Ал ол дәүірдің Данте Алигьери жазған атакты «Құдай жолындағы комедиясын» алып, «Жортұышыны» сонымен салыстырсақ, мұнда да Руставели поэмасы озып түсіп отыратын жерлер бар. Әсіресе, сергек, сынши ақылға кең өріс бергендігімен озғындал отырады. Бұнда, ақынның дүниетану шалымы мен ақындық фантазиясы дін деген, ұлт деген тар құрсауға тұсалмайды. Өзінің дастанында, өз халқының мінезін, идеалын сүйген жайларын білдірумен қатар ақын адамдарын жалпы адам етіп кеңінен алады. Өйткені, Руставелидің көркем етіп сипаттап берген Автандил, Тинатинде, Тариел, «Нестан Дареджаны» да әрі ұлттық жағынан, әрі мекен жайынан тексергенде еркін қиялмен кеңінен алынған адамдар болады. Бұл тұста ақынға ұлт деген тар ұғымнан гөрі адам деген атты ақтай билетін адамзат қана керек. Ал солардың өріс еткен жерінде, жалпы адам жайлаған мол дүниенің өзі. Ал «Құдай жолындағы комедияны» осы жағынан қарап тексерсек, онда орта ғасырдың схоластикасы да және дін мен сол күндегі пікірлердің таршылық өктемдігі де көп орын алып отырады.

Руставели дастанының идеясы мен көркемдік мазмұнындағы зор даңалық та, тарихи қымбаттылық та сол жаңағы шығыс пен батыстың аралығынан шығып, екеуімен де жалғаса отырып, бірақ екеуінің де ықпалына түсіп кетпей, өз бетінде өзгеше бір пық мәдениеттің ескерткішісі бол шығуында.

Шығысты қорытып алып, батысты синап алады. Дүние жүзінің мәдениет қорына кіргенде бұл осындай өзін-дік зор бағасымен кіреді. Бір жағын алсақ мұсылман шығысының кітаптарындағы тағдырға бойсұндыратын сопылық-мистикалық поэзиядан таза. Екінші жағынан, христиан батысының орта ғасырлық схоластикасы тудырған тар көлемдерден де аулақ. Тегі, философиялық іргесін алғанда Руставели дастаны жаңағылардан гөрі ескі антик тарихының алтын дәүірімен үндестірек. Сондайғы герой — адамды қастерлеу, адамның іші-тысы бірдей үйлескен мұсін сұлулығын қастерлеу машиқтары «Жортұлыш» дастанына көбірек жанасады.

Бірақ Руставели мұрасын тексеру, зерттеу жұмысы жалғыз осы салыстырулармен қанағаттанып қойса ол жеткіліксіз болады. «Жортұлышының» өмірді құптайтын, сергек күшті ұғымы шығыс әдебиетінің діншіл — мистикалы сарынына қарсы болғанмен, жалпы шығыстың барлығына қарсы емес. Әсіресе, шығыстағы халық қорына қарсы емес. Қайта бұнымен ұқсас, туыстас жерлері көп болуға тиіс. Дастаның геройлары жайында халық аузында айтылып жүретін фольклор варианттары Грузияның ауыз әдебиетінде тіпті көп емес пе? Және сол жырларда фольклор көлемінде көп заманнан бері келе жатқан жоқ па? Ал Руставели де өзге барлық ақындар сияқты өз шығармасына нәр жиганда ең алдымен халық қазынасынан пайдаланбады ма? Әрі өз заманының ең білімді адамы болып және толғауы кең ірі өнерпазы болып отырып, Руставели шығыстың да, батыстың да құрғана кітап боп жазылған улгілерін көріп, сонымен қанағаттанып қалған болмас. Қайта оның қиялына дем беруші Грузия халқы мен соған көршілес болған батыс халықтарының ауызша шығармалары болар. Сондай қазналардың ішінде шығыс пен батыстың батырлар эпосы, сыршылдық эпосы сияқты халық жырлары, легендалары ақынның ықыласын өздеріне ең алдымен тартқан да болар.

Шотаның өзі мынау дастанын әуелті әңгімесін парсының бір хикаясынан алдым дейді. Сол араб пен үндінің ерлері жайында айтылған хикаяның өзі де баяғы, ескі заманнан келе жатқан нағыз халық хикаясы болуға мүмкін. Шығыстың кейінгі діншіл, кітапшыл поэзиясынан оның өзінің де іргесі аулақ болуға мүмкін. Тіпті Низами мистикасына қарсы, халықтың сергек қиялын көр-

ситетін қызықты, реалдық әңгіме болып, соның өзімен де ақынды қызықтырып, қозғау салуға мүмкін. Сонымен бұл дастаның дәл өз маңындағы фактылардың өзін алғанда да салыстыру, тексерудің іргесін тарайтпай кең салу қажет екені көрінеді. Тамырлары мен төркіндерін шығыс, батыс елдерінің көбіндегі нағыз халықтың әпосынан іздестіру де қажет болады.

Сонда бұл дастан өзінің көркемдік жағындағы ірілігінен басқа әрбір халықтың өз ескілігіне де үқсанқырап шығады. Өзді-өзінің фольклорын еске түсіру арқылы әсіресе, түсініктірек, жақынырақ бол көрінеді.

Бірақ, әрине, Руставели дастаны, күр ғана әңгіме, оқиға үқастығымен қымбат болмайды. Ондай, кейбір уақытта үқастығын алғанда бұл әңгіме жалғыз «Тристан — Изольда» емес, «Мың бір түнгө» де, түркменнің «Көр оғлына да», қырғыздың «Семетей, Айшөргіне» де, қазактың «Қозы Көрпеш — Баянына» да келеді. Бірақ Руставели дастаны шынымен мәңгілік қазына ететін қасиет мұнда ғана емес, ол қасиет Грузия халқының өз сипатынан туған геройлық пең маңыздылықта. Халықтың геройлық мінезді сүйіп, өмірдің мағынасы мен муратын зор бағалап, өзін-өзі солай тәрбиелеп келген ділінде. Және осы жайларды зор талантты ақынның әсем жыр қып бере білгендейтінде.

Міне, Руставели дастаны дәл осы жағымен барлық халықтардың өзді-өзі бойларындағы осындағы қасиеттерін еске түсіріп, қозғау арқылы қымбат болады. Өйткені өзінің ғасырлар бойындағы тартыс талабы мен идеалын жыр етпеген халық жоқ. Және өзге халықтағы дәл осындағы жырды сүймейтін де халық жоқ.

Руставели дастаны бұлардың үстіне өзінің ерекше көркемдік, мастерлік қасиеттерімен де сүйікті болады.

Грузин халқының көп ғасырлық тарихында бұл шығарманың өзі де және оны жазғап ақын да өлмес, өшпес, мәңгілік атаққа ие болған. Халық сүйгендіктең солай деп отыр. Ал енді осы «Жолбарыс тонды жортұылшының» ішінде халықтың сүйгені неменесі? Сүйгені, әрине, ертегінің патшалары мен бектері, жортұылшылары емес. Со-лардың мінезіне халықтың өзі қойған адамдық қасиеттері мен ерлікті ғана сүйеді. Осы сипаттарды халықтың өз тілімен халықтың өз ұлы, өз ақыны жақсы қып, жыр етіп берген шеберлікті сүйеді.

Халықтың қадірлекені осы. Ерлік, геройлық, көркемдікті сую жолында өзін-өзі тәрбиелеген үлгісі осы. Бұл жағынан да одактың барлық халықтарына үғымды, қонымды болатын ерекшелігі бар. Осындай қасиеттерді әрбір халық та өзінің ескілігінен іздейді, соны табады да. Және тапқанын мына грузин әдебиетінің асыл мұрасымен молайтып, үлгайта түсетін болады.

Қазір «Жолбарыс тонды жортуылшыны» қазақ тіліне аудару жұмысына, біздің ең ірі ақындарымыз кіріспін жатыр.

Олар орыс тілінен жасалған, Бальмонт, Петренко, Цагарели аудармаларын көріп отыр. Бұл аудармалар жөнінде, Руставели мұрасын жақсы білетін Грузияның оқымысты, тарихшыларының сын тексерулерін де оқып отыр. Біздің ақындардың қолында юбилей комиссиясы қарап, мақұлдан шыққан, грузин тілінің өзінен жасалған жолма-жол аудармасы (подстрочниктері) де бар.

Бұл айтылғандардан басқа, біздің ақындар орыс тілінде шыққан Руставели жайындағы және грузин әдебиеті мен фольклоры жайындағы ғылыми еңбектерді де оқып отыр. Тағы бір жағынан, көмескі жерлерін анықтап түсіну ретінде Грузияның тарихшылары мен жазушы ақындарынан көмек те алғып отырмақ.

Міне, осы айтылған жағдайлардың барлығы да аударманың сапасы жақсы болып шығуға жәрдем етеді.

Сонымен қатар грузин поэзиясының біздің поэзияға үқсайтын біраз өзгешелігі де бар. Руставели мен Грузия поэзиясы жайында орыс тілінде жазылған еңбектерге қарағанда грузия өлеңінің күллі ырғағы көбінесе, я жеке дыбыс, я топ дыбыстардың қайталап келіп отыратын үндестігіне сүйенеді екен. Аллитерация, ассонанс үлгісі. Бұл ерекшелік бірқыдыру тілде өзіндей қып шығаруға қын согатын болса, қазақтың ескі, жана поэзиясының барлығында да үдайы кездесіп отыратын ерекшелік. Руставели өлеңінің өзінде, бар жерлерге келгенде біздің аударушылар сол үндестік ырғақтың қай түрін болса да емін-еркін қолдана алады.

Және Руставелидің он алты буынды «шәйри» уәзінінде де қара сөзге ауыстырмай, қазақтың он алты буынды өлең жолымен беруге болады. Мұнда әрбір жеті буын, сегіз буын артынан бір буын түсіп отырады. Бірақ аударушылар Руставелидің үйқастарын және үйқасының көп қайталамайтыны да ескеріп отыру керек.

Әсіресе, зер салып бар шеберлікті жұмсайтын жер, Руставели поэмасының ақындық, көркемдік және теңегіш стильдік мағыналарын жақсы қып жеткізуде. Руставели өз жанынан мақал шығарғыш. Аз сөзге көп мағына сыйфызыш. Оナン соң терең метафора үлгісімен салыстыра сипаттайтын кестесі мол ақын. Жырының тереңдігі де, әсемдігі де осындай жақтарында болса керек. Тегінде ақындық мәдениетінің көлемін көрсететін, ойдың тереңдігін танытатын, мәңгілік ақынның генийлігін көрсететін жерлер осылар ғой.

Сол ерекшеліктері мен асылдарына аса ұқыпты боп отыrsa міндettің зоры да, қадірлісі де сонда. Біздің ақындар мәдениеттердің бір-бірімен интернационалдық жолда қабысып табысуына жәрдем етеді. Тарихтық маңызы зор, мәдениетті міндettі ада қылады.

Бұрынғы замандарда біздің окушының қолына түспей жүрген грузин әдебиетінің ұлы ескерткішін қазір ұғымды қып жеткізіп беру қадірлі міндет.

Ұлы ақынның шығармасын аударып, өз тілімізде оқып танумен қатар, Қазақстан жазушылары — біздер, оның тәжірибесінен үлгі де алуымызға керек. Алдымен беретін үлгісі халықтың шын жақсы, шын асыл қазынасын қалайша қып көрікті етіп пайдалануға керек екенін танытады. ОНАН соң ғасырлар бойында халықтар жүргегінде өз атын мәңгі жасайтын ат қып кете білген өнерпаздық, ақындық шеберлігін үйренуміз керек.

1937

ҚОРҚЕМ ЖЫРДЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

Бұғінгі күн бүкіл Одақтың мәдениеті, бүкіл совет жүртшылығы өткен тарихтың тағы бір үлкен шынына кеңіл бөліп, күн сала қарап түр. Жеті жүз елу жылдық асқардың ар жағында жатқан, ертегелік алты қырдың астында жатқан тағы бір асылды тауып отырмыз. Ол алыста жатса да күнмен нұры шағылышқан асыл еді. Соны тауып, тауып, бүкіл совет елдерінің ортақ мұлкі, қадырлы мұрасы деп зор бағалап отырмыз. Грузияның ұлы ақыны Шотаны бұрын білген ел аз еді. Өз еліп, өз тілін ұққан қауымға түсінікті, қадырлы болғанимен, көп елдер көп ғасырлар бойында бұл мұрадан алыс еді. Сондықтан

қыныр шетте, «түрікпеннің түбінде» жатқан елдің бірі бұрынғы қазақ елі болатын. Бұл елге барлық Грузия, бүкіл Қавказдың өзі де бір ертегілік алыс мекен, оқшаша «уәлләйэт» боп көрінетін. Қазақтың көп-көп ертегісінде кездесетін «Қап тауы» деген тау, алыптар мекені деп саналатын жұмбақ тау, ертегілі бұлдыр тау осы Қавказ емес пе еді? Тауы «Қап» боп, легенда боп сөйленіп жүргенде оның елімен де қаншалық хабардар еді? Түк хабары болмайтын. Сондықтан ол Қавказдың кәрі шыңының басында туып, сөнбей жанған өнер жұлдызын да бұрынғы қазақ елі білмей өткен.

Қавказдың Қап дегені Қавказ серек
Құдайым сулу биік еткен ерек.
Ақырып айдаһарша жұз толғанып,
Тасты ағызып, тау жарған долы Терек...—

деп жазған қазақтың бұрынғы бір ақыны. Бір елді бір елден сондайлық жырақ қып, біріне-бірін сондайлық жат етіп келген ескі тарихтың тас қорғаны құлады да, социалистік Отанның барлық елдері құшақтасып табысты. Асылдары танысты. Шота жалғыз грузин халқының Шотасы емес, оның мұрасы қазақ оқушысына да алтын қор, асыл қазына боп табылады.

Шота турасында түсінік ретінде айтылатын сөздер көп болу керек. Болады да. Терен ұғынып, жақсылап білу үшін, ол сөздердің барлығын да біздің оқушы тесіле қарап, қадағалап тексеру керек. Жақсы аударма арқылы Шотаның әсем жыры, қызық әңгімесі біздің барлық оқушымызға аз уақыттың ішінде сүйікті, қызықты, қадірлі кітап болуында шубә жоқ.

Осы жөнінде Шота шығармасының екі түрлі зор ерекшелігі әсіресе көз тартады, әсіресе, тез танылады деп білеміз. Мұның бірі Шота шығармасының халықтық арнасы, грузин жүртінің халықтық-ұлттық қасиетін білдіретін жағы. Екіншісі — жалпы адам баласылық ерекшелік қасиеті. Дүние жүзінде болып өткен Фирдоуси, Данте, Шекспир, Пушкин, Шота сияқты барлық ұлы ақындарды алсақ, бәрінің де «ұлы» деген атты алуына, мәңгілік боп қалуына себеп болатын нәрсе солардың өздері өз халқымен нық байланысты болуында. Бәрінің де ұлы шығармаларының анайы топырағы, иәр-суаты халықтаң келеді. Ақындар сол халықтың тудырған, өсірген және халықпен бірдей жол кешірген ұлдары болады. Сондық-

тан олардың мұрасы халық мұрасы, халықтың ұлттық тарихын, ерекшелігін, қасиетін білдірген мұра болады. Екінші жағынан, дәл осы ақындар жалпы адам баласылық еңбегі бар, қасиеті бар адамдар дейміз. Олай болатын себебі, бұлар өздерінің зор талантты арқылы өз елінің өмірін соншалық шебер, көркем жырымен жырлап баяндаپ беріп, кім де болса сол ел жайын сүйіп те, сүйініп те өқитын етіп берді. Өз елінің өмірінен мазмұн алып, өзге барлық адам баласына түсінікті, әсерлі болатын артық мәдениет мұлкіп жасап берді.

Өзге тарихтарда, өзге елдерде болған бұрынғы ескі ақындардың ішінде Шотаның тағы бір өзгеше ерекшелігі бар. Онысы мұның тар ауданда қалмай, грузин елінің сыртына шығып, өзге көп елдер жайында кеңінен толғап, әсем етіп жырлайтынында. Бу да Шота жайын тексергенде, Шотаның ұлы жыры «Жолбарыс терісін жамылған батырын» оқығанда айырықша ескеріп отыратын жай. Көркем жырдың ұлы ақынын біздің бүкіл совет жұртшылығы құрметтеп, қадірлеп еске алып отырған күнде айтылатын ең бір үлкен талаң: осы ақынның әсем жыры тез уақытта, ойдағыдай бол толық аударылып, біздің қалың окушының қолына еміл-еркін жетсе екен дейміз.

1937

ӘДЕБІЕТ ХРЕСТОМАТИЯСЫНАН

Алдаркөсө, Жиренше шешен,
Қожанасыр әңгімелері туралы

Әрбір елдің ауыз әдебиет қорының ең бір үлкен, мол саласы — фольклор деп аталады. Фольклор деп — халық әдебиетінің ішіндегі ертеңі, мақал, мәтел, жұмбақ, так-пақ және неше алуан салтқа байланысты жар-жар, беташар, жоқтау, естірту, қоштасу сияқты жырларды айтады. Әр алуан адам жайында, көпке мәлім болып, ауызша айтылып жүретін әңгімелер де фольклорға қосылады.

Бұрынғы ескі фольклорды алғанда, оның жеке белгілерінің шығарушысы кім екені көбінесе мәлім болмайды. Оны айтушы, білуші — халықтың өзі. Мынадай адам шығарды дейтін бір иесі жоқ. Дәуірден-дәуір, заманнан-

заман өткен сайын алғашқы шыққан заманы, тудырған ортасы да көмескілене береді. Бірақ қай фольклор түрі болса да бертінде көпке жайылып, көл ауызына ілініп кеткенмен, өзінің негізгі мазмұны бойынша белгілі бір қофамдық, таптық ортаның салт-санасынан туған болады. Сондықтан қай елдің фольклор тумаларын алсақта, оның кейбір шығармаларын бұқара, еңбекші халық шығарса, кейбір түрлері үстем тап, ескішіл қофам туындысы болып отырады.

Фольклор атаулының барлығы әрбір елдің көркем әдебиетіне үлкен ірге, мол қазына есепті болады. Көп ірі шығармалар фольклордың тілінен, көрікті кестесінен, мазмұн, түр ерекшелігінен пайдаланып отырады.

Фольклор біздің Совет Одағының барлық елдерінде Октябрь революциясынан соң да жаңа мазмұн, жаңа бағытқа бет алып, үдеп өсіп келеді. Революция бағытын, мұратын өздеріне бағыт, мұрат қылған қалың колхозшы, еңбекшілер арасында осы күнде совет фольклорының бағасы өте зор. Дәуірлеп, көркейіп көпке жайылып келе жатқан түрі де көп. Бұл фольклорды совет жұртшылығы бағалайды, әдебиеттің ұлы қазынасынан үлкен орын береді. Ондай фольклорды совет фольклоры дейді.

Бұрынғы, соңғы фольклордың бәрінде де таптық салт-сана, заман пішіні, қофамдық, таптық халдер көрінеді дейміз. Фольклор қазынасы арқылы бұрынғы өткен қауымдар арасындағы өмір күйін, мінез-құлқын, қатынастарын танып білеміз. Сол себепті қазақтың да бұрынғы тарихынан қалған әр алуан фольклор мұраларын тексеріп, ұғынып көруіміз керек.

Мына, Алдаркөсе әңгімелері сондай ескі замандардағы қофамдық мінез, қатынастарды білдіретін, көпке мәлім фольклор түрінің бірі. Сонымен қатар, айтылатын бір нәрсе: Алдаркөсе әңгімелерінде жаңағы қофамдық жай-күйдің барлығы және әңгіме мазмұны да күлкі, мысқыл түрінде айтылады.

Әрбір елдің фольклор түрлерін алсақ, бәрінде де халықтың өзінше күлкі, мысқылға, абы мазақ, ажуаға көп көңіл бөлетінін көреміз. Кейбір қофамдық жай-күйлерді, сорақы мінез-қылыштарды көп жерде күлкісіз, салқын жүзбен, жиренумен, ашумен айтатын болса, сонымен қатар, көп жерде осы Алдаркөсе әңгімелері сияқты сынағыш, мінегіш, мазақ еткіш сөздермен айтатыны да болады.

Халық өнерінің өте сүйген түрінің бірі осындай құлкі әңгімелер болады. Бұлардың шеберлік, өткірлік, тапқырлық күйлеріне қарап, сол елдің, я сол әңгімелерді шығарған қоғамдық ортаның таланттын, өнерпаздығын да танууга болады. Өткен дәуірлерді алып қарасақ, Алдаркөсө әңгімесімен қатар, осындай тапқырлық, жүйріктік, шапшаңдықта құрылған құлкі, мысқыл әңгімелер өте көп. Оның барлығын ел іші әр заманда да жаппай әңгіме қылатын. Еңкейген көріден бастап жас балаға дейін «Қырық өтірікті», Алдардың «Шық бермес Шығайбайдан қонағасы жегенін», Жиренше әңгімелерін, Қожанасыр жайын білмейтіндері кем де кем.

Қазак фольклорының ішінде Алдаркөсө, Жиренше, Қожанасыр әңгімелерінің орны бөлек. Бұл мазмұнды, мағыналы және шебер құралған құлкі болғандықтан, көпшілік ортасында еш уақытта ескірмей, көп-көп заман бойында ұмытылмайтын әңгіме бол келген.

Алдаркөсө

Енді Алдаркөсө әңгімесінің жеке дара, өз басына келсек, ең алдымен, мұның әуелгі туған заманын дәлдеп айтуға болмайды. Пәлен ғасырда, пәлендей қоғам ішінде туды деп, бір дәуірді байлаپ айту қыны.

Алдаркөсенің өз туысы, өмірбаяны туралы да ешбір мөлшер дерек жоқ. Өйткені революцияға дейінгі тапқа бөлінген, рушылдық-феодалдық қоғамды алсақ, соның қай дәуір, қай кезі болсын, барлығына да Алдаркөсө әңгімелері, оқиға, такырыптары қона кетеді. Алдаркөсө әңгімелерінің шындығын сол заманың қайсысынан да болса табамыз.

Ел қиялы Алдаркөсенің басына сансыз көп, шексіз кең оқиға, әңгімелердің бәрін жамай, құрай берген. Алдаркөсенің аты сондықтан жеке дара ат емес, мысал сөз түрінде жаппай ат (нарицательный ат) болып кеткен.

Осы күнге дейін, ескілік қалдығы болған сарапандық, қомағайлық сияқты жаман мінезді ажуалаган өткір кулық, мысқыл болса — соны «Алдаркөсенің ісі сияқты» дейміз.

Алдаркөсенің әңгімелерінің бір зор ерекшелігі осы. Мұның алғашқы, ерте кезде шыққан бір топ әңгімесін

сүйіп, көп қолданып кеткен ел, бері келе берген сайын, сол алғашқыға ұқсаған қосымша әңгімелерді өз тұстарынан шығарып, алғашқыға тіркей берген. Сонымен қатар, жалпы, аузыда жүретін әңгімелердің жәйті бойынша, мұның ең алғашқы әңгімелерінен ұмытылып, жоғалып қалғандары тағы болады. Бүгінгі бізге жеткен әңгімелер де, ел аузында қыдырып жүріп келген әңгімениң бәрі емес. Бұл, бергі айтушының құлағына тиғен үзінділер ғана.

Алдаркесе әңгімелерінің негізгі тақырып, мазмұнын алсақ, бұл түбінде, көшілік бұқара, қалың еңбекші ел санасынан туған шыгарма болады. Сол көшіліктің сараң, жеміт, сасық байға ариалған таптық, қоғамдық мысқылын білдіреді. Алдардың «Шық бермес Шығайбайды» алдаپ, мазақ еткенін көрсетеді. Алдар жайындағы өте өткір, құлдіргі, шебер әңгіменің бірі осы. Мұнда көшілік бұқара дүниe қоңыз, шірік, арам қорда байдың сүм құлқынын өлтіре мазақ етеді. Тағы бір ауық ой, санағы ашық, сыншы көшілік, Алдаркесе арқылы діннің қаранды нанымдарына да шабуыл жасайды. Алдардың шайтанды алдауы да өте мағыналы әңгіме. Дүниенің жаралуы тұрасында қараңғы молдалардың ертегілерінің бәріне елдің сау ақылы сенбей күлкі етіп, әжуа қылғаны көрініп тұрады. Шайтанды жан иесінің ең күы етіп, адам ақылын оның қасында әлсіз етіп, бір қаранды бұлдырға, таза ақылды тұсап берем деген әңгіменің бәріне де көшілік түсінігі қарсы. Сондықтан Алдаркесе өзінің өткір, тапқыш ақылы бойынша, солардың өз мінездерін өздеріне істеп, алып та, шалып та шығады.

Осымен қатар өткір, алғыр, шапшың ақылды бағалайтын ел неше алуан аңқаулық, аңғырттықты да мазақ етеді. Қомағай, ел жегіш, тегінен пұл жиғыш саудагерлерді бір кезде аңқау етіп көрсетіп, оның өгіздерін Алдарға алғызады. Немесе, бақсы, балгер, дию, пері деген сияқтыны шығарып ел ақылын тұсап, надандық, қараңғылық қордасын молайтқан наныммен алысып, мыстан кемпірді қор етеді. Сонымен жүртты алдаймын дегендердің өзін алда жер қып кетеді. Осымен қатар, әрине, Алдар әңгімесіндей көпті мәз қылған, дүйімге¹ жаққан, аузыда жүргег әңгімені бұқараға жау тап та пайдаланғысы келгей. Сондықтан, бұқараның оларға қарсы

¹ Көпкес жаққан

арналған құралын, ол таптың бұған қарсы қайта құрал еткісі келген талабы да болады. Сондаймен Алдар әңгімесінің кей жерін өзгертіп, мысалы өгізінен айрылуши саудагерді бай емес диқан етіп көрсететіні де бар. Осы сияқты аңқаулықты, бос наңыштықты қалжың ететін ел сынның қазақтың кедейіне (таз қойшыға) арналған әжュー есебінде бұрып жіберген жерлер де бар.

Бірақ мұндағы Алдар әңгімесінің негізіне, бағытына, қофамдық мазмұнына қарағанда жаңағылар әдейі бұрып айтқан жамау сияқтанып тұрады.

Оны ауызша әдебиеттің барлығына кіре жүретін, бөтен тап қоспасы деп түсіну керек. Ал одан басқа мазмұн-мағынасын алғанда, Алдаркөсө әңгімелері, нағыз сынны, шебер, күлкіге үста қалың бұқара туындысы болады.

Жиренше

Ескі фольклор ішінде Алдаркөсө әңгімелеріне үқсайтын шығарманың бірі Жиренше әңгімелері. Мұның да дәлді қай заманда туғаны мәлім емес. Мұнда да Алдар әңгімесі сияқты, алғашқы шыққан түріне кейіннен қосылған қоспа, жамау көп.

Жиренше әңгімесі де халық аузында көп айтылатын, көпшілікке ете мәлім әңгіме. Жиреншениң аты да Алдардың аты сияқты жаппай атау (нарицательный ат) бол кеткен. Алдарға мұны үқсататын тағы бір ерекшелігі, мұндағы әңгіме де қара сөзben айтылатын, қысқа-қысқа, жеке әңгіме бол құралады. Мұнда да әрбір Жиренше айтты деген сөз Алдар сөздері сияқты шешен, тапқыр сөз бол шығады.

Жалғыз-ак, Жиренше әңгімелерінің Алдардан бөлек бір ерекшелігі — бұған бұқара ортасынан шыққан әңгімелерден басқа үстем тап санасынан ауысқан жамаулар көбірек.

Жалпы алғанда, Жиренше әңгімесінің көпшілігі де бұқара санасынан туған. Мұндағы негізгі әңгімелердің мазмұны сол — бұқараның шешендік, шапшандық, тапқырылықты мықты құрал етіп, қофамдық, таптық құрал етіп пайдаланғаны көріпеді.

Сонда көп жерлерде кедей, әлсіз Жиренше үстем таптың уәкілі болған ханин зорлық, корлық көрмеу үшін алышады.

Ел әңгімесі Жиреншені бір арам, зорлықшыл ханың қасына жолдас етіп береді. Хан мұның қатынына қызығып, көзін жоймақ бол, басына қастық ете береді. Жай адамның қолынан келмейтіп істермен синап, үнемі оның аяғы тайғанын айдып отырады. Жиренше сол хан зорлығының бәрінен өзінің ақылы, айласы, шеберлігі арқылы зорға құтылып отырады.

Жиренше әңгімесінде таптық, қоғамдық қатынастар, таптық белгілер көрінеді дедік.

Мұның дәлелі қайсы?

Дәлелі: барлық Жиренше жайындағы әңгімелердің мазмұны, тақырыбынан көрінеді.

Ел әңгімесі осындай тапқыр, жүйрік Жиреншені ешбір ханға да, хан сияқты бөтенге де жеңгізбей қояды. Жалғыз-ак, жеңетін әйелі Қарааш болады. Оны әңгіме — Жиреншеге әдейі қоңілдегідей, мінсіз, жақсы жар етіп береді. Сол себепті Қарааш бай еді, хан еді деп бөтенге қызықпайды. Ақылы, қасиеті артық Жиреншеге, берік дос бол қалады. Кедейлігін де елемейді. Ханың мұны аламын деген талабынан Жиренше өмір бойы құтыла алмай қойғанда, өз басын өзі құтқарып, Жиреншениң қасында қалу жолын да Қарааштың өзі табады. Қараашты ханға аудармай ұдайы Жиреншениң басына берік етіп, қасында қалдыру, елдің Жиреншениң сонағұрлым артық сүйгендігін білдіреді.

Міні, Жиренше әңгімесінің негізгі түрі, мазмұны осындай. Бірақ осыған Алдаркөседегі сияқты бөтен тап жамауы қосылғаны да бар. Кейбір әңгімеде Жиреншеге қатын әперу үшін жер қайысқан мал шығарып, ханың қалың мал төлейтіні бар.

Ол, бұқара ортасынан шыққан әңгіменің бір пүшпашын өзіне тартып, өз санасына ойыстырамын деген үстем тап қосласы. Ауызша айтылатын фольклордың бірталаудына сырттан жамалып жүретін, орынсыз қос қыртыстың белгісі дейміз.

Қожанасыр

Көп замандарда бері қарай, қазак фольклорының бір бүйімі бол кеткен әңгіме — Қожанасыр әңгімелері.

Қожанасырдың өз басы қазак емес. Және әңгімелері де әуелде қазак ортасында туған әңгіме емес. Мұның

жайындағы әңгімелерді алсақ, барлығының ішінде кез-десетін базар, қазы (білік айтуши әкім), шәкірт сияқты белгілердің барлығы, ол әңгімелерді шығарған жағдай, қазақ елінің бұрынғы ескілікті жағдайынан басқарап екенін көрсетеді. Әңгіме көбінесе Қожанасырдың шаһарда тұратындығын айта отырады. Осының барлығына қарағанда Қожанасыр әңгімесін қазақ топырағында туып, тараған әңгіме деп ешкім де айта алмайды. Мұны тудырган жағдай шығыс елдерінің отырықшы, қалалы, сауда кәсіпті жағдайы болады. Сондай ортада туып, содан бұрынғы мұсылман діні атынан тараған діни ертегі, қисса, әңгімелер сияқтанып, шығыс елінің бәріне жайылған. Ол жағынан қарағанда Қожанасыр әңгімесі бізге көршілес елден ауысып келген «қызырынды» әңгіме. Тегінде көп елдің тұтынып жүрген фольклор белгілерін алсақ, сол мол қордың ішінде бір жағынан сол елдің өз топырағында туып-өскең белгілермен қатар, көрші елден, өзге жүрттап ауысып келген талай белгілер де өзінікіндей болып, қосарлана жүретіп болады. Ондай белгілердің кейбірі екі-үш ел емес, тіпті талай-талай елге жайылып, қызырыстап кеткені болады. Сондай бірден-бірге ауысып, көп елге жайылып, әлденеше елдің ортақ қоры сияқты бол кеткен фольклор туындыларын көп елге ортақ әңгімелер дейді.

Шығыс елдерінде Қожанасыр әңгімесінің жайы осындаі. Бұл әңгімелер парсы, ауған, өзбек, татар, тәжік, қырғыз, қазақ, түрік — бәрінде де бар.

Қожанасыр әңгімесін айтушы елдер, оның жайындағы есіткен сөздерін ғана айтумен қанағат қылмай, әр кезде қазактағы Алдаркөсе, Жиренше сияқты қып, өз тұстарынан қосымша, үстеме әңгімелерді де жамап, молайтып айта берген.

Сонымен Қожанасыр жайындағы әңгімелердің ұшықиры жоқ. Құлдіргі-анекдот әңгіменің бәрінің жиылатын жері осы бір Қожанасыр аты бол кетуі даусыз.

Бұған әрбір ел, өз ерекшелігін білдіргендей жаңалықты бір қосса, әрбір орта және де өз әлемдерін көп таққан. Сондай көп жамау құрудың себебінен, бертін келе Қожанасыр әңгімесін шығаруыш орта қандай орта екенін табу аса қын болып шығады. Ол, сол жаңағынан жамау, үстеулердің аса көп болып негізгі әңгіме пішінің көмескі бол кеткендей.

Бірақ жалпы құрылых, мазмұн жақтарын алғанда

Қожанасыр әңгімелері бір алуан күлдіргі, мықыл ретінде туған әңгімелер болады. Мұның құлкісі өзінше бір ерекше құлкі. Қебінесе сырты аңқау келеді. Аңқаулығының өзі құлкі. Бірақ, бұл сыртқы пішіні. Ал, ішін, түбін байқай келсөн, ол аңқаулықтың астары, үнемі аңы мазак, шебер құлық болып шығады. Құлкісі әрдәйім күтпеген жердең бүрк етіп шыққан, оқыс құлкі болады.

Әншейінде қабыспайтын ерсі жайларды, бір-біріне қайшы күйлерді алып, соларды оқыс араластырып отыру арқылы құлкі шығарады. Шыныңда аңқаулық, нанғыштық, еш уақытта құлықпен жана спайтын мінез сияқты, Қожанасыр көп әңгімесінде әрі аңқау, әрі құмын дегенниң бәрінің алдын орайтын, барып тұрған қу да бол шығады.

Осындай құлкіні бір қолданса, Қожанасыр әңгімесінің кейбір таза аңқаулықтың өзінің де ең бір адам иланғысыз түрін алып, сонымен де құлдіретіні болады. (Базардан май сатып алу әңгімесі).

Осындай боп белгіленген құлкілерді заң етіп алады да, Қожанасыр әңгімесі талайды мазак етеді. Парақор қазы, қомағай саудагер, тентек ұры, әзілқой шәкірттер, өз қатыны, жазықсыз бөгде адам болсын, барлығына да құлкісін жұмсай береді. Айтылған көп заман, көп орта, көп қоғамның тегіс қолданып, тегіс құрал етуінен.

Қырық өтіріктің мағынасы

Қырық өтірік қазақтың халық әңгімелерінің ішіндегі ең бір көпке мәлім түрі. Бұл әңгімені ерте күндерден бері қарай, халықтың кәрі-жасы түгел біледі деуге болады.

Мұнда қырық деген сан жай ғана өтіріктің көптігін көрсеткен мәлшер сан. Шыныңда осы басылған әңгіменің қара сөзбен айтылған түрін алсақ та, өлеңмен айтылғанын алсақ та, қырық қана өтірік боп тоқтамайды. Қайта қырықтан сонағұрым көп болады.

Бұл әңгімелердің өзгешелігі, бағасы неменеде? Өзгешелігі, халықтың тапқырлық, жүйріктік сияқты өнерді сүйгендігін білдіреді. Қыннан қыстырығыш өткір қиялды бағалағандығын көрсетеді. Халық фантазиясының терецдік, жүйріктігіне айғақ болады. Ол фантазия өмірде барды ғана сөз қылмайды. Өмірде болса екен дегенді

де сөз қылады. Кейде тіпті өмірде болуына мүмкін емес нәрсені де қиялмен қыстырып шын етіп көрсетеді. Мынау өтіріктердің көбі сондай еркін, ұшқыр, өткір, фантазияның тудырған әңгімелері. Және құр болмасты айтқан шылғи өтірік қана емес. Бұнда адам ақылының ізденгіш, шарлағыш серпіні де білінеді. Сонда жанды-жансызы табиғатты өзіне өзгеше түрде құл еткісі келген адамның әр алуан жорамалы байқалады. Мысалы, «құрықты қайық еттім, пышақты күрек еттім» дегені, «қарға мін-дім», «инелікке мініп тұлкі қудым» дейтіні, «тұлкіге жүгімді арттым» дегені — барлығы да сол, жанды-жансызы табиғатты «дегеніме көндірсем» деген қиялдан туады. «Аспанда құстай ұшсам, суда балықтай жүзсем, алты айлықты алты-ақ аттасам» дегеннің бәрі бұрынғы заманда қиял ғана еді. Ондай қолда жоқ өнер жайын ертегі ғана баян етуші еді. Кейін, бүгін соның бәрі қол жеткен табыс бол отыр. Мына қырық өтіріктегі сөздің бәрі өмірде қаз қалпында іске асады деп ешкім де айтпайды. Бірақ, сонымен қатар, осы әңгімелердің негізінде де көп мән бар. Адамның бар табиғат жайындағы фантазиясы білінеді. Бірақ бұл айтылғандар әзірше шындықтан алыс. Болды деуге ерсі. Сондықтан болмасты болды дең, қысынсызды қыстырып айтқанына қарап еріксіз күлесің.

Тапқырлық, қиялшылдығын тамашалайсың. Ол, халық өнерінің тапқырлығын, халық қиялның жүйріктігін білдіретін ерекшеліктері.

Бұл әңгімені айтушы халық ортасынан шыққан өзі кедей, өзі елеусіз, көптің бірі, жетім бала болады. Бұлай болуда мағына бар. Жалпы осындай өнерді туғызуши халық. Сондықтан ол әрқашан шешен, тапқыр, ер, өнерпаз қып өз өкілін, өз ортасынан шыққан адамын көрсетеді.

Осындай өнерпазben қатар бір хан да әңгіме ішінде жүреді. Ол — катал, қанішер, бас кесер хан болады. Бірақ өнерпаз бала сол хан екеш ханды да өз өнеріне бағындырып, көндіреді. Қашар жер қалдырмайды. Қысымшылық жасайым деген хан өзі қысылады. Жері таусылып, бермесін береді. Бұдан, өнер қара тастай катал ханды да женеді, өнерге еш нарсе бөгет емес деген мағына туады.

Крылов

(1769—1844)

Орыс халқының мысал жазғыш атақты ақыны Иван Андреевич Крылов 1769 жылы туған. Экесі офицер еді, бірақ кейін кедей болып, жоқшылықпен өледі. Топты жас баланың ортасында қатыны қалады. Болашақ ақын сол жоқшылықтың салдарынан он жасында сот кеңсесіне қағаз көшіруші бол қызметке түседі. Крылов ақындық жолына ерте кірісken. Бірақ жас кезінде ен алғаш рет дұрыстап көріні «Аруактардың поштасы» деген журналға жазған хаттарынан басталады. Ол хаттары, озбыр алпауыттардың мінездерін мысқыл еткен хаттар еді. Осы мысқыл шенеу жолында көрнекті жемістер беретін бет көрсетіп еді.

Бірақ 1793 жылы бұны өкімет қырына алып, тұтқын етіп, артынан айдалап та жібереді. Содан соң Крылов мысқыл сөздерді жазуды доғарады. Бұл, негізінде, ақсүйектердің әкімшілік құрған тобына іштей қарсы адам еді.

Жалғыз-ақ, өкіметтің жазалауы бұл ақынның бетін өзгертіп жібереді. 1805 жылы әдебиет жұмысына қайта кеп қосылғанда Крылов жуасыған, бойсұнған және мырзаларға қошаметші, табақтас адам бол қайтады. Енді бұрынғы мысқыл (сатираның) орнына мысалдар (баснялар) жазуға айналады. Өз айтуынша «шындықты бүркеп айту қолайлырақ» көрінеді.

Мысал жазушы есебінде Крылов, орыс әдебиетіндегі классиктердің алдыңғы қатарынан орын алған ақын.

Пушкин, Грибоедовпен қатар Крылов әдебиетті өмір шындығына жақындаатты. Өлең тілін халық тілімен жағастырды.

Крыловтың күшті жағы мысалында: жалқаулық, жағымпаздық, екі жүзділік, мақтаншақтық, топастық, парақорлық, зорлықшылдық, өтірікшілік сияқтанған мінездерді көрсетуінде. Осылардай мін, айыптарды шенеуге жақсы.

Ал, өмірдің мағынасы, бостандық мәселесі, ғылым мәселесі деген сияқты үлкен пікірді, кеңірек жайларға келгенде ол әлсіздік қылады. Жоғарыда айтылған құнсыз, нәрсіз, мінездерді, көп мысалдарымен әдемі күлкі

етіп берген Крылов, жаңа соңғы жайларға келгенде теріс бағытпен кетеді.

Фылым, техникаға сенбейу, дінді қорғау, бостандыққа қарсы сөйлеу сияқты теріс шығармалары да болған. Бұнда ақының таптық салт-санасы тар көлемді болғандығы көрінеді. Аксүйектер ықпалынан шыға алмағандығы танылады.

Сонымен Крылов кейінгі тарихқа кіргенде мысалдарымен кіреді. Ол мысалдары халыққа ұғымды, әсерлі және көшіліктің сүйеги мысалдары бол кетеді. Мысалдардың көп сөздерін халық мақал, мәтел есепті қолданып кетеді.

Крылов 76 жасында өлгөп. Бертін келгенде, ақының көзі тірісінде-ақ, халық оның мысалдарын жақсы біліп, жақсы көргендікten, өзін Крылов «ата» деп атандырған.

Крыловты қазақ халқы да көтпен біледі. Оның мысалдарын қазақ тіліне жақсылап аударып, көпке мәлім еткен қазақтың үлкен ақыны Абай.

Крылов мысалдарынан «Қарға», «Шегіртке» деген өлендеріне қарап, жалпы мысал (орысша басня) деген өлендердің қандай ерекшелігі, мазмұны бар екенін байқауға болады. Шегіртке мен құмырсқа кездеседі. Шегіртке — алдыңғы құннің қамын ойламайтын, селқос, салақ, желікпаз. Ал, құмырсқа — құн бұрын көрегендік етіп, алдын болашағын қамтамасыз ететін еңбекшіл, ұқыпты. Мұндай мінездер, әсіресе адамда көп болады. «Ала жаздай ән салсан, селкілде де билей бер» деген сөзді құмырсқа шегірткеге айтса, Крылов соларды мысал қылып шегіртке сияқты еңбексіз даңғойға ақыл айтады.

Қарға да сол сияқты адам мен адам арасындағы мінез, тартыстардың бір алуанын көрсетеді. Мақтаншақ, есерсоқ болма, шамаңды біл. Шамаңнан тыс мақтаң қор етеді. Жарға соғады. Масқара боласың. Сондай болмау керек деген өснег айтады бұл мысал.

Міне, Крыловтың қазірде бар дүниеге мәлім болған мысалдарының бәрінде де осындағы: хайуандар, андар, құстар, балықтар сияқты жанды заттар, немесе жансыз заттар жайындағы әңгімелер болады. Бірақ, әрбір сондай әңгімесінің астарында, негізінде адам жайын мысал қып айтқан, түпкі мазмұн, мақсат жатады. Сондықтан мысал деп аталады.

Пушкиннің өмірі

(1799—1837)

Александр Сергеевич Пушкин 1799 жылы Мәскеуде туған. Әкесі ескі ақсүйек тұқымынан. Ақынның балалық кезінде, оның әке-шешесінің барлық уақыты тек қонақпен, сауықпен өткен. Баласын тәрбиелеумен олардың жұмысы да болмаған. Ақын жылы шырайды қарт шешесі мен тәрбиеші әйел Аринадан ғана көрген.

Бұл екі кемпірден ұзак-ұзак өртегілер тындау арқылы, ақын ана тілін жақсы үйреніп алған. Пушкиннің үй іші француз тілінде сөйлесетін. Балаларына (акынмен бірге туған бауырлары да болған) шетел адамдарынан «саны көбірек, бағасы арзанырақ» тәрбиешілер жалдап алған.

Пушкин сегіз жасынан кітапқа әүсс бола бастайды. Әкесінің французша кітаптардан құралған кітапханасынан тілеген кітабын алғып, оқи берген. Қандай кітапты оку керектігі туралы ешкім оған кеңес те бермеген. Дегенмен нәтижеде ақын француз тілінде өте көп кітаптар оқып, көп білім алған.

Кешікпей Пушкин француз мысалдарына, поэмаларына еліктеп өзі де көркем шығармалар жаза бастайды.

1811 жылы Пушкин, жаңадан ашылған Царско-сельский лицейге кіріп, онда 1817 жылға шейін оқыған. Лицейде Пушкин әлеуметтік, әдебиеттік мәселелер жөнінен бір қауым жастармен танысып, пікірлес болады.

Пушкин әдебиет үйірмелерін үйімдастырып, қолжазба журналдар, шығармалар жинақтарын шыгару жұмысына белсene қатысады. Пушкиннің ақындық тәжірибелеріне шет елдер жазушыларының да, орыс жазушыларының да әсері болады.

Пушкиннің ең алғаш әдебиетшілердің назарын тартқан өлеңдері 1814 жылы шығады.

Лицейді бітіргесін Пушкин қызметке кіреді. Бірақ қызмет ақынға қызылықты болмайды. Сондықтан ол, уақытының көбін әдебиет жұмыстарына арнайды.

Пушкин өз заманындағы ірі адамдармен танысып, ол шақта жаңа құрылған жасырын үйімдарға (декабрьшілерге) араласады. Қоғамдық саяси мәселелермен әуестеніп, соған барынша беріледі.

Бірақ бостандықты сүйгіштіктің сазайын тартатып

сүрек ұзаққа созылмайды: өкімет 1820 жылы оны онтүстікке жер аударады.

Ақын Қавказда, Қырымда, Бессарабияда айдауда жүрген жылдарында: «Кавказ тұтқыны», «Ағайынды қарақшылар», «Бақшасарай фонтаны», «Цыгандар» деген ірі поэмаларын жазады. Және «Евгений Онегин» сияқты ірі шығармасының бас жағын жазады. Бұл еңбектері қысқа уақыттың ішінде Пушкиннің ірі ақындық даңқын шығарады.

1824 жылы өкімет Пушкинді онтүстіктен қайырып, өзінің туған жері Михайловск деген деревняға айдалап жібереді. Деревняда полиция мен монастырь бастығы попқа бақылатып қояды.

Бұл деревнядағы одаша уақытты Пушкин өте пайдалы жұмыстармен өткізеді. Қеліп-кетіп халін білген достарына ақын: «кітап, кітап, кітап!»— деп тапсырумен болады. Достары Петербургтан мол кітаптар жіберіп тұрады. Онтүстікте ағылышын ақыны Байронмен әуестеніп, соның бағытына түсken еді. Ал Михайловскіде Шекспирдің пьесаларын, Вальтер Скоттың романдарын оқып, солардын бағытын терендете зерттейді. Орыс ескілігіне терендеп бойлап, халық өлеңдерімен танысады. «Борис Годунов» деген үлкен драма жазады.

Бұл еңбекті жазып шығару үшін ақынға Карамзинің тарихы және тағы сондай өнімді шығармаларды оқып шамалауға тұра келеді.

Жоғарыда айтылған тәрбиеші кемпір Арина Радионованың қасында Михайловскіде болу 1826 жылдың ортасына дейін созылады.

1826 жылы Пушкин Михайловскіден шығуға рұқсат алады. Николай ақынды шақырып алып — мен сенің жастиқ «құналарынды кешірдім, бұдан былай сенің шығармаларынды қарап жіберіп тұратын цензур өзім болам»— дейді. Бірақ осы уақыттан бастап Пушкин уақытша босатылған тұтқын сияқты болады. Құпия түрде ізін бағушылық күшіне береді. Пушкиннің жүріс-тұрысы саяси полицияны (үшінші бөлім) ұлы әбігерге салады. Құпия қағаздар Пушкин барған жерге ізін ала құстай ұшады. Жандарман рұқсатсыз Петербургтан Мәскеуге баруына да мүмкіндік болмайды.

Пушкиннің Петербургта тұрған кезіндегі жұмысының дені бұрынғыша әдебиет жұмысы болады. Пушкин тарихпен әуестеніп, архив аралап, I Петр дәүірінің мате-

риалдарың зерттей бастайды. Пугачев қозғалысын зерттеуге кіріседі. Мәселені дұрыстап тексеріп қайту үшін Пушкин Орынбор өлкесіне, Еділ бойына барған. Жергілікті архивтерді қарастырган. Сүйтіп «Пугачев тарихы» және «Капитан қызыны» жазған. Цензор I Николай — «Пугачевтың тарихы болуы мүмкін емес» дегесін әуелгі еңбегінің атын «Пугачев ереуілінің тарихы» деп өзгерткен.

Өмірінің соңғы жылдарында Пушкин сарай ортасына араласқан. I Николай Пушкинді өзіне сарай «ақыны» етпек болған. Пушкин сыртқы көрініс үшін болса да, бұған көнуді жөн деп тапқан. Ақын өзінің қандай адамдарға араласқанын, бұдан жақсы нәтиже шықпайтынын білген. Сарай маңында Пушкинге айқын дүшпандық көзқарас туады. Ақынды үздіксіз кудалай бастайды. Зәбірленген ақын шыдамай Геккерн Данте¹ деген сарай төресін дүэльге (жекпе-жек атысқа) шакырган. Дуэль 1837 жылы 27 январьда болған. Пушкин ауыр жарагы болып, январьдың 29 күні өлген.

Ақын өлісімен патша жіберген полиция Пушкиниң сүйегін өз қолына алған. Түн бойы көше-көшеге атты қарауыл қойып ертеңіне сүйекті Петербургтан Псков губерниясына алып кеткен және жерлеген уақытта да бір жиналыш, жоқтау болмасын деп бүйрек берген. Патша халық наразылығынан қорқып осындағы әрекеттер істейді. Пушкин Михайловск маңындағы Святогорск монастырына жерленген.

Пушкиниң өлімі даналықты бағалай білетін халық-қа қатты батқан. Ақынның өліміне жалғыз отандастарығана қайғырып қойған жок, европаның бүкіл мәдениетті адамдары да қайғырган.

Пушкиннің ақындығы

Пушкин ақындығының әуелгі дәуірі XIX ғасырдың 10—20-жылдары. Бұл Наполеон соғыстары болып өтіп, декабрь көтерілісі әбден жеңіліп аяқталған кезеңдер еді.

¹ Геккерн Данте француз. Петербургтағы Голландия елшісі — Геккери ablal қылыш алған. Пушкинді өлтіргенін кейін Францияға барып үлкен төре болған.

Ол жылдар, күшті тап-тартысының жылдары болған. Бұл тартыстың айқын көрінісі әдебиеттен де орын алған. Пушкин өзінің шығармаларымен дәл сол таптар қайшылығы күштейген уақытта белгілі бола бастаған. Және идея жөнінен декабршілерге жақын ақын болған. Ақынның 1818—1819 жылдардағы шығармалары бұл жақындықты айқын ыспаттайды.

1818 жылы Чаадаев деген өте оқымысты және ақынның өзіне тәрбиеші есебінде болған досына өлецмен хат жазады. Хаттың әуелгі өлецдерінде өзінде болған зор өзгерісті баяндайды: «махаббат, үміт, атақ» алдауынаң құтылдым. Бұл «алдау, үміт көрген түстей, тұмандай тарап кетті»— дейді.

Олардың орнына жаңа тілектер орнаған: ол тілектердің ақын былай суреттейді:

...Жаңышты өкімет. Шыдаймыз,
Жүрміз отты тілекпен.
Отан даусын тыңдаймыз
Жаңындаған жүрекпен.

Намыстанған жүргегім,
Бостандықта ой барда
Жаңың сұлу жігерін,
Бағытайық Отанға.
Илан жолдаас! Атар таң
Қалмас Ресей мұлде үйықтап,
Болса өкімет күл-талқан
Ұмытылмас біздің ат!

дейді.

Мұнда біз Пушкиннің өзін-өзі «Отан» алдындағы борышын өтеуге міндетті азамат деп білгенін көреміз. Бұл борыш ақынды патша өкіметіне қарсы тартыска жетелейді.

Бұл өлеңнің сөздері, теңеу-салыстырулары екпінді, шарықтаған, қанатты теңеу болады. Ақынның талмаураған үмітпен «еркіндікті шын» көксегендігін ыспаттайды.

Декабршілерді дарға асулың артышан Пушкин саяси бағытының айқындығын азайта бастайды. Ақын кертартпаларға қосылмаған. Бірақ лирикасы өткірлігін кеміте бастаған. Ақын декабрьші достарын ұмытпайды, оларға ақындық сый жібереді. «Сібірге хатты» (1827 ж.) жазады.

Бұл «Сібірге хатта» ақын «Сібір түкпірінде» азап-

шегіп жатқандарды — бойларында «өршіл талап» бар, ол талап «өлмес», істеген «ауыр еңбек кетпес құр» деп көтермелейді, үміттендіреді. Декабрышілердің ісіне ақын артықша баға береді. Өлеңнің аяғында «Қапас зыпдан қалар құлап»— деп жырлап, Пушкин өткендегі төңкеріс сүйгіштігінен айырмалғандығын көрсетеді.

Дегенмен, бұл өлеңде ақынның төңкерісшілдік жөнінен тоқырағандығы байқалады. Мұнда жалынды сөзбен тартысқа шақыру жоқ. Соңғы төрт жолы достарыңа қуат берген сияқты болса да, реакцияны жеңудің сенімін бермейді.

Ақынның мұндай төңкерісшілдік жөнінен бой тежеушілігін цензур жағдайынан болды, ақын әлі де төңкерісшілдік көрсетер еді деуге болмайды. Неге десеңіз бұл кезеңдегі басқа шығармаларын тексеріп қарасақ, олардың көбінде-ақ, тыныштыққа, усадьбага шақыру мотиві дең келіп отырады. Бұл мотив ақынның ұсақ лирикалыңдерінде көбеюмен қатар, ірі шығармаларында да берік орнасан.

«Евгений Онегинде» усадьбадан қашып қалаға кеткен герой, Онегин — қоғамға керексіз, пайдасыз адамдардың кейіпкері етіліп көрсетіледі. Оған деревняда өсken, күшті, берік, жас Татьяна қарсы қойылады. «Дубровскийде» ақынның артықша құрметтейтіні кедейленген ескі, жер иесі ақсүйек, жуас Дубровский қарт. «Капитан қызында» да осылай.

Дегенмен, ақын бостаңдық мотивінен бүтіндей қол үзбейді. Мәселен «Кавказ» деген өлеңінде төңкерісшіл мотив толық сезіледі. Бірақ төңкерісшіл мотивпен айқын жырлауға ол кезде қызын болғандықтан, Пушкин ишараттап жырлайды. Кавказдың бай көрінісін суреттей келіп, бұлқынып жиектегі тасқа соғып жатқан Терек өзенін суреттей отырып, «меніреу тас қаһарланып қыса береді, толқынның бұлқынуына ырқ бермейді»,— дейді.

Осы сияқты бұлқынған еркіндікті заң қысып отыр. Ұсақ ұлтар әкімшілік қысымында осылайша қиналып бұлқынады; Бұл күнде үнсіз Кавказ осылайша ренжиdi; Оны жат күштер осылайша жанышады,— деген мағынасы бар, төрт жол өлең бүрүн «Кавказда» басылмай қалған. Бұл өлең «бостандығынан» айрылып, I Николайдың торына түскен Қавказ халықтарының аянышты күйін суреттейді.

Пушкин ақындығының кеңдігін, терендігін айта ке-

ліп, атақты сыншы Белинский былай деген: «шын суретші болғандықтан Пушкин өзінің шығармалары үшін сырлы тақырыптар таңдап алуға мұқтажданбаған, Пушкин үшін әрбір тақырып мейлінше сырлы болған», — дейді. Пушкин бізге тек ақындығының тереңдігі, кеңдігі жөнінен ғана қымбат емес. Өз уақытында оның шығармаларының атқарған қоғамдық, әлеуметтік салмағы жөнінен де қымбат, бағалы.

Әдебиет шығармаларының қай жанрында болса да, Пушкиннің тілі — таза орыс тілі, бай, оңай, халық тілі.

Пушкин өлең жазудың барлық түрлерін жарыққа шығарып, үлгі етіп қалдырды.

Пушкиннің ақындық жөніндегі шеберлігі орыс әдебиетін түр жөнінен ерекше байытты, кейінгі барлық ақындарға үлгі болды.

Пушкиннің ақындығын Ленин зор бағалап, Пушкин шығармаларын өте үннatty.

Пушкин шығармаларын бұл күнде барлық одақ халықтары біледі, сүйеді. Пушкиннен қазіргі кәрі де, жаста қол үзген жок, сын көзімен зерттеп оқып, жарамдайларын мол пайдаланады.

Дубровский әңгімесінің қысқаша мазмұны

Троекуров, Дубровский деген екі алпауыт болады. Троекуров — ірі бай, зорлықшыл, жуан ақсүйек. Дубровский Андрей соның көршісі. Бұл момын, шаруасы шағын ақсүйек болады. Екеуді жерлес көрші. Әуелде дос та болысады. Артынаш Троекуровтың бір мазағына шыдамай Дубровский өкпелі болады. Сол өкпенің арты араздыққа, жаулыққа айналады. Троекуров Дубровскийдің жер-мұлкін тартып алмаққа бекінеді.

Дубровский бұған намыстанады. Іші құса болады. Оқудағы баласы Владимирді шақыртып алады. Владимир Дубровский үйіне келісімен мұның әкесі қапалық аурудан қайтыс болады. Жас Владимир Троекуровтың озбырлығына кектенеді. Сатымсақ төрелер Троекуровтың тапсыруы бойынша Дубровскийлердің жер-мұлкін қаттап, сottап, Троекуровке әпермекші болады. Жиылып келіп, дегендерін істейді. Сол төрелерді әкесінің үйіне қондырып отырып, тұнде Владимир үй-мүйімен өртеп жи-

береді. Бұл іске оған көмекшілік ететіндер өзінің крестьяндары болады. Осы істен соң Владимир Дубровский өзінің крестьяндарымен қосылып алды, үлкен өжет ерлер тобын құрайды. Манаудары бай, алпауыт, ұлық, бұзық атаулыға тәубасын танытып, бөрідей тиіседі. Аздан соң Владимир Дубровскийдің аты бай, жуан атаулыға қоркынышты, құбыжық ат болады. Бұл кезде Троекуров бұрынғыдай масайрап жүре тұрады. Бойжеткен қызы Машага француз тәрбиешісін шақыртып алды. Оқытушы болып келген жас француздың аты Депорж. Аздан соң қыз бер екеуінің сұқпаты жараса бастайды. Бірақ қыз іштей Дубровский атына ынтық. Бір күні бай үйінде көп алпауыттың асыр салған той сауығы болады. Бұл жиын Дубровскийді көп рет ауызға алды. Қорқыныш-кауітерін айтады. Осы күнде Троекуровтың үйіне қонып қалған бір бай таланады. Талаушы француз Депорж болады. Бұл Депорж ғана емес, Дубровскийдің өзі болып шыгады. Осымен Дубровский тағы да бұрынғыша бай атаулыға бүйідей тиеді. Қеріп-кәсерге ракымды, жәрдемші болады. Дубровскийдің қалың орманға тығылған жауынгер қолы, мықты ерлері, ұлықтың әскеріне де бой бермейді. Дубровский өзі Троекуров қызы Машага ынтық. Екеуі астыртын хабарласып, көріспін жүреді.

Бірақ осы кезде бұлардың жасырын сырын біліп қойып Троекуров қызын бір кәрі князьға бермекке байлайды. Қыз қарсы болса да, зорлық етіп, князь екеуінің некесін шеркеуге апарып оқымақшы болады. Дубровский осы жолда тартып алмаққа ұмтылады. Бірақ кешігіп жетеді. Қыз пеке оқылып қойғандықтан бұған енді ермейтінін айтады.

Осыдан кейін Дубровский өкіметтің қалың әскерімен қатты соғыс жасап, сол майданда жеңіледі де, өзі қырғын үстінде окқа ұшады.

* * *

Дубровский әңгімесінде Пушкин қоғамдық тартыстың бір алуанын көрсетеді. Бұрын ақсүйек болып, артынан кедейленген, жүдеу тартқан топтың уәкілі Владимир Дубровский, бір жағынан әділет дегенді жақтайтын, либерал ақсүйек. Озбыр, обыр алпауыттардың сүм мінездерін жазалаушы бол көрінеді. Бірақ бұның өз басы революционер емес, дараышыл, жалғыз кек қуушы ғана бол есеп-

теледі. Бұл әңгімеге үлкен баға крестьяның алпауытқа қарсы алысқан бір қымылын көрсетуінде. Ескі Ресейдегі алпауыт қанауына қарсы алысқан халық қозғалысының бір үшкінын көрсетуінде. Осы жайлар Пушкин шығармасында аса қызықты, шебер әңгіме бол жазылған.

Лермонтов (1814—1841)

Михаил Юрьевич Лермонтов — орыс әдебиетінде Пушкинге тетелес шыққан ұлы ақын. Туған жері Мәскеу қаласы. Туысы аксүйек тегішen болса да, өз әкесі кедейлікке үшырап қалған адам еді. Сонымен үш жасынан шешесі өлген соң, жас бала Мәскеудегі бай әжесінің қолында өседі. Мұны тәрбиелеуші шет жүрттың күтуші тәрбиешілері (губернерлері) болады. Он төрт жасында Мәскеудегі ақсүйектер баласын тәрбиелейтін пансионға түседі. Ең алғашқы ақындық өнері сол жылдарда көріне бастайды. 1832 жылы, Мәскеу университетінде екі жыл оқығаннан кейін Лермонтов Петербургтағы юнкерлік (әскер) мектебіне түседі. Осы окуды бітіріп, офицер болып шығады. 1835 жылы тұңғыш поэмасы (әңгімелі өлеңі) «Қажи Абрек» басылып шығады.

Әдебиет майданында алғаш атақ алған жылы — 1837 жыл. Осы жылы Пушкин өліміне қатты күйзеліп, өзінің «Ақын өліміне» деген аса даңқты күшті өлецін жазады. Бұл өлец баспаға шықпаса да, қолжазба күйінде талай мың сан болып, бүкіл Ресейге жайылады. Николай патшаның өкіметі ол өленді «революцияға үндеуші» сөз деп біліп, ақынды тұтқынға алады. Артына Кавказға айдайды. Кейін 1838 жылы ғана Петербургқа қайтуға рұксат етеді. Сол жылы «Біздің заманың геройы» деген романы басылады. Бірақ осы жылы біреумен дуэльге шығып атысқаны үшін тағы да Кавказға айдалады. Сонда жүргенде, 1841 жылы 27 июль күні бұрын юнкерлік мектебінде өзімен бірге оқыған офицер Мартынов дегенмен тағы да дуэльге шығып, осы жолда қаза табады.

Лермонтовтың ақындығы

Лермонтовтың поэзиясы декабристер көтерілісінің артын ала, ақсүйектер тобынан шыққан алдыңғы қатарлы адамдардың көңіл күйін білдіреді.

Ол кезде көтерілісшілердің алдыңғы буыны қазаға ұшыраған еді. Патшаға қарсы атылған зеңбірек үні де өшіп еді. Әскери феодалдық әктемдігіне қарсы енді шабуыл жасайтын буын — революцияшыл-крестьян демократиясы ғана болуға мүмкін еді. Бірақ, ол әлі майданға шықпаған. Патшалықтың залым күші зілдей боп басып, бүріп тұрған еді.

Міне, Лермонтовтың аз жылдық ақындығы осындай бір мезгілсіздік, шәргездік тұсында өтті. Арты болса, 14 декабрьдің ойраны. Алдына қараса қоғамдық тілекталаптар әлі сұрыпталып шықпаған, қөмескі. Өз басында тұрған күнді алса, одан да жириенеді. Айналасы толған Николай патшаның «жағымқой», «жорға құлдары». Бас әкім боп отырғандар қараңғы қара күш иесі, «тақ айналасында тұрған аш бөрілер».

Соларды көріп ақын «жуылмаған Ресей» күйіне қарсы жалынды, қатты ереуіл жасайды. «Тұманды теңіз ерінде» жүріп, тарих толқындарының үстінде, алыста бұлдырап жүрген «жалғыз жалауға» көзін тігеді. Соның келіп жетуін арман етеді. Ол жалау — ақын тілеген бостандық жалауы.

Сол бостандыққа талпынбайтын өз буынның мінін жазады. Өлі жандай, қуыс кеуделі замандастарынан жириен түңіледі. Олардың болашағы «я қуыс, я қараңғы» дейді. Өзі осы буынның ішінде қалып, қол-аяғы тұсаулы боп қалғанын арман етеді. Қылар қайрат, етер дәрмен жоқ, қайғылы жалғыз боп сарнайды.

Саясат әуесінің қараңғы түнегі басып тұрған уақытта ақсүйектен шыққан оқымыстылар азғыидап бара жатыр. Солардың артында жалғыз Лермонтов қанаты қырқылып отыrsa да, шығар жол іздейді. Дауыл соқса екен, ереуіл күшійсе екен деп талпынады. Бірақ сол талабының әзіріше іс болмайтынын сезіп шерленеді.

Осы жағынан қарағанда Лермонтов орыс әдебиетіне, декабрист ақындардың ізін, жолын қуған ақын боп кіреді. Ол өз тұсындағы Ресейдің қоғамдық саяси құрылышына қарсы ереуіл жасап шығады («Түрік мұңы» деген өлеңінде).

Декабристер шығармаларында кездесетін крестьянды құлдануға қарсы айтылған сездер мұның да драма, әңгімелерінен орын алады.

Рас, ақсүйектер ішінен шыққан революцияшылдарға крестьян революциясы көп жағынаң жат болатын. Бірақ сонда да құл, крестьянға алпауыттың істеп отырған жауыздық, қорлық, зорлықтарының дәл суретін беру арқылы Лермонтов өз дәүірінде көп шындықтың бетін ашады.

Ақын кер кеткен заманда өз талабының өрге баспайтынын көреді. Сондықтан, барлық шығармасына түңілген, уайым сарыны жайылады. Кейде болмысқа тағдыр бүйріғындағы қарап, өзі де дараышылдыққа беріледі. Өзін шетке қағылып қалған жалғыз жандай сезінеді.

Осындай түңілу күйі асқындаған сайын, ақын өз дәүірінен безгісі келеді. Өзі көріп жүрген болмысты «қожалар мен құлдар отаны» деп суреттейді.

Қожа болған — көк мундир (шенді киім).

«Ақын өліміне» деген өлеңінде Лермонтов ақсүйектер ортасын «қызығаншақ, сұмырай орта»— деп келіп, жаңағы көк мундирлі патша тобын да соққыға ұшыратады. Бұл өлеңіндегі революцияшылдық, бір жағынан бұрынғы жауыз аталардың «тәкеббар ұрпақтарын» шенеуде болса, екінші жағынан соларға қарсы қып «акынның нақақ қанын» жоқтайды. Барлық қанішер тобынмен ақынныман садаға кет дегендегі қылады. Бұл сезі жалғыз патша маңындағы ұлықтар емес, ең алдымен Николай патшаның, тақ иесі жауыздың өзіне айтқан үкімі еді. Патшалықтың жорға құлдары осыны сезді де ақынға қарсы неше түрлі пәлені ойлап кеп, аяғында Қавказға айдатып жіберді. Патшасы мен барлығының ойы, Лермонтов та Пушкиндей боп, оқ астында өлсін дегені еді.

Басында патшалықты солайша сөгіп, шенеп кеп, артынан 1839 жылы «Қарасам қайғыртар» деген өлеңінде өзі шыққан ақсүйектер ортасын да қатты сынайды. Оларға айтқан үкімінде, ақсүйектердің ендігі жасы құнсыз, олардың болашағы «я қуыс, я қараңғы» деп байлау жасайды. Бұлар «өнерсіз қартаяжды», өмірі «мақсатсыз өткен бір сапар»— деп байлады.

Бұл өлеңде 1830 жылдың жастарының ұсақ құмарлық, берекесіз талап сияқты нәрсіздігін айтып кеп, өзінің солардан аулақ болғысы келгепін білдіреді.

Бұдан кейінгі «ақын»— деген сияқты талай өлеңде-

рінде де Лермонтов осы ниетін айқын білдіріп отырады.

«Махаббатты, шындықты» жоқтаушы ақын өзінің қоғамдық лирикасында (сыршылдық өлеңдерінде) ұдай заманы мен ортасын мінеп, солардан көрген қорлығы мен соққысын көп айтады. Лермонтовтың бұл түрдегі өлеңдерін қазақ тіліне әдемі қылып аударған атақты ақын Абай — осы Лермонтов мұнындай мұнды өз басынан да көп кешкен. Сондықтан, өзінің көп өлеңдерінде де осы Лермонтовша жырлайды.

Лермонтовтың жазғаны жалғыз ұсақ өлеңдер ғана емес. Оның әңгімелі өлеңдері де, қара сөзben жазған әңгімे, романы да бар.

Әңгімелі өлең (поэмаларының) ішіндегі ең атақтылары: 1837 жылы жазылған «Купец Қалашибеков жайындағы жыр», 1840 жылы жазылған «Мцырий», онаң соң 1841 жылы жазылған «Демон».

Қара сөзben жазылған әңгімесі атақты «Біздің заманың геройы» деген роман.

Лермонтовтың өлеңдері мен әңгімелеріндегі тағы бір зор ерекшелік, ол сол өз заманындағы Қавказ елінің тіршілігін көп жазады. Патша әкіметі Қавказды өзіне отар қылып алам деп қатты зорлық, қаталдықтар істесе, Қавказ халқын орыс елінің жауы деп түсіндірсе, Лермонтов әрқашан сол Қавказдың адамдарын дос ниетпен жақсы көріп, жыр етеді. Патша әкіметі бұларға қиянат етеді, қастық істейді деген сөздерге шейін айтып отырады.

Пушкиннің артынан жедел шыққан ақын Лермонтов жас кезінде, ақындық жөнінде көп жайда Пушкиннің шәкірті еді. Екінші жағынан сол Пушкиннің ізімен өсіп, орыс әдебиетінде Пушкинмен қатар аты аталатын ұлы ақынның бірі боп өтті.

Гоголь

(1809—1852)

Николай Васильевич Гоголь 1809 жылы Полтава губерниясы Миргород қаласының жанындағы бір ауылда туған. Гогольдің әкесі орта дәuletті алпауыт ақсүйек болады. Өз шамасынша тәуір ғана мәдениетті адам болған.

Жас бала Никоша (Гогольді үй іші осылай атайды

екен) тіпті кішкентай күнінен-ақ жазуға әуес болған.

Ең алғашқы окууды Гоголь өз үйінде, жалдама оқытушыдан оқиды.

Артынан Полтавадағы бір оқытушының қолына апартып беріп, әзірлетіп барып, 1818 жылы сол Полтаваның гимназиясына түсіреді. Уш жылдан соң Нежис қаласында Лицей деген мектеп ашылып, Гоголь соған барып түседі. Шәкірт уағында Гоголь театр, сахна өнеріне қатты құмарланады. Өзі кемпірлердің құлқі ролдерін аса жақсы ойнайды екен. Театрмен қатар ол поэзияны, әдебиетті де өте сүйген.

Ол кездің ақындарын, әдебиетін де өте сүйген.

Лицейді бітірген соң Гоголь Петербургқа барады. Отанға қызмет етпек болып қазына қызметіне түседі. Бірақ оған қанағаттана алмай барып, жазушылық еңбегіне кірісе бастайды. 1829 жылы жазған алғашқы еңбегі «Ганц Қюхель Гартен» нашар боп шығады. Гоголь сыннан көп соққы жейді. Бірақ қажымайды, 1830—31 жылдарда «Диканка қасындағы кештер» деген әңгімелерін жазып, әдебиеттен өз орын ала бастайды. Жуковский, Пушкин, Крыловтармен танысады.

Жанағы жинағының артынан 1833—35 жылдарда жазылған әңгіме, повестері «Миргород» деген бір жинақ бол тағы шығады. «Миргородтың» түсініде Гоголь казак-орыстың түрмис салтын көп тамашалайды. «Өткен дәурениң» алпауыттық, ескілік қалпын көксейді («Тарас Бульба», «Бұрынғының алпауыттары» деген әңгімелері). Бұл жинағы шыққан соң Гогольдің әдебиеттегі орын біржолата нығайып алады.

Таныс жазушыларының ішінде Гогольге көп пайда келтірген кісі Пушкин. Гогольге «Ревизор» мен «Өлі жандардың» тақырыбын ұсынуышы сол Пушкин болады.

«Ревизор» алғаш жазылған біткен соң, 1836 жылы Петербургтың Александринка — деген театрында ойнalandы. Комедия туралы дау ұлғаяды. Гогольді жүрт бұның өз ойнан басқаша, бөлекше түрде түсінеді. Комедия тұрасындағы көп сөздің ауыртпалығын көтере алмай, Гоголь 1836 жылы шетелдерге кетеді. Содан андасанда келіп-кетіп жүрсе де, 1848 жылға шейін шетте болады.

Бұл жақтарда жүргенде өз еңбегінен өзі торығып, өкінішке түсіп опық жей бастайды.

1837 жылы Прокоповичке жазған хатында: «Реви-

зордың» барлық данасын күйе жеп құртып, менің атым-
ды ешкім атамайтын боп, тыныштық берсе, содан өзгені
тілемес едім»,— деп жазады. Бірақ, бұған қарап Гоголь
жазушылық еңбегінен тайып кетті деп ойлау керек емес.
Бұнысы жазушылық өнерін басқа бір аринаға саламын
деп ізденуінің белгісі еди.

Сол кезде Жуковскийге жазған хатында: «Мен жай
адамның қолынан келмestей бір ірі нәрсе туғыза алатын
сияқтымын. Ішімде алып күшіндегі бір күш барын сезе-
мін. Енді балалық шактан есөю дәуіріне аудисқандай-
мын. Бұл менің өмірімнің бір ұлы өткелі болар...»—
дейді.

Бірақ осымен қатар Гогольде діншілдік есе бастайды.
Өзін құдай жолына қызмет ететін кісімін деп түсіне
бастайды. Сол кезде 1841—42 жылы «Өлі жандарды»
жаза бастайды. Бірақ, діндарлығы күшейіп, бойын жеңе
бастағанда, кітаптағы дұрыс адамдардың кейпін жақсы
қып шығаруыма себеп болар деп, намазға, оразаға шұ-
ғылданады. 1848 жылы Ерусалимге құлшылық етуге ба-
рады.

Содан қайтқан соң Гоголь Константиновский деген
бір поппен жақындасады. Сол поп жазушының діндарлы-
ғын сезіп оны көр азабын айтумен, шошыта бастайды.
Поп Гогольге—«Пушкинен қайт, ол күнакар, кәпір»,—
еді деп те үркітеді. Сол поптың үгіттері арқасында
Гоголь «Өлі жандардың» екінші бөліміне қанағат-
таңбай, наразы бола бастайды. Сонымен өлерінің алдын-
да діндарлыққа берілген бір түнде, баспаға әзірлеп
қойған кітабының екінші бөлімін, өзі отқа өртеп жібе-
реді.

Сонымен кітабы бітпей қалған. Гоголь 1852 жылы
жаңағыдай діндарлық азабынан құтыла алмаған күйін-
де қайтыс болады.

«Ревизор»

(1836 ж.)

Гогольдің әңгімелерінен бөлек, бір алуан жайға ар-
налған, ең ірі шығармасының бірі — «Ревизор». Бұл,
бүкіл орыс әдебиетінің ең ірі шығармасының бірі.

Комедиядағы тартыс мәні

«Ревизордың» уақығасы Ресейдің бір қараңғы түкпірінде жатқан, кішкене қалада болады. Оқиғаға араласатын адамдардың көшілігі ақсүйектен шыққан чиновниктер. Және солармен қатар қаланың алпауыттары, сәудегерлері, мещандары да бар.

Жазушы бұл комедияда Ресейдің қараңғы түкпірлөрінде жатқан бас бұзар чиновниктердің сүмдүқ мінездерін көрсетпек болған. Бірімен-бірі былығып, байланысқан чиновник, сәудегер, мещан атаулының басына бір «пәле» келе жатыр. Ол бұлардың былаптын ашатын «астыртын» ревизор. Оның келуі бұларға «орасан жайсыз хабар». Өзінің «жасырын бүйрығы тағы бар».

Осы хабарды естігенде чиновниктердің есі кетіп, жаман шошиды. Бұрын тергеу келеді деп ойлаған емес. Чиновниктердің осындай хабар алышып, дүрлігіп, неше алуан қам қыла бастауы комедияның түйінін көрсетеді.

Сол түйіннің артынан қызық тартыс басталады. Чиновниктер алданады. Бұлар қауыптың өзімен алыспай, соның елесімен алышады. Соңдықтан неше алуан күлкі күйлерге ұшырайды. Тартыс үдең, ұлғая береді.

Ең үлкен тартыс Хлестаковтың үйленуіне жеткен кезде болады. Чиновниктер іс онғарылды деп жайланаңып, қуана бастайды. Бірақ бұл қуаныштары орынсыз бол шығады. Почта бастығы Хлестаковтың хатын ашып оқып, чиновниктердің «ақымақ» бол қалғаны мәлім болады. Комедияның бұл жері түйіннің шешілуі деп аталады. Бірақ Гоголь оларды «ақымақ» қып қана қоймайды. Жауыздық, өтірікшіліктерін ендігәрі тағы істемесін деп жазаламақ болады. Сонымен жандармын «шын ревизор келді» деген «жаңа хабарын» айтқызып, чиновниктерді біржолата есінен тандырады. Комедияның кейіпкеріне келсек, жазушы әсіресе чиновниктерді айқын қып көрсеткен. Бұлар туралы ол: «бетің қисық болған соң, айнаға өкпелеме»— дейді.

Чиновниктер

Комедиядағы оқушыға мәлім чиновник: Дуан басы — Антон Антонович, Сквозник Дмухановский; игілік орындарының бастығы Земляника; судия — Ляпкин-Тяпкин,

тағы басқалар. Бұның екеуі де кү мен сүм. Өздерін қаланың иесіміз деп және жоғарыдан тергеу келмейді деп біліп алғандықтан, олар бір жағынан қазынаны жеп, екінші жағынан бас-басына қала халқын да қанайды. Жұрттың бәрі бұлардың үлкен-кішісінен тегіс көресінің көріп болған.

Чиновниктерді іспен көрсете отырып, Гоголь әрқай-сынына әр алуан, өзгеден бөлек мінездер береді.

Мысалы, дуан басы өзгенің бәрінен де содырлы, қатал. Сөзінің бәрі ұрыс, боктық «желкен қылыш, жұлының үзіліп, аузыңнан қаның тәгілгір өңшең»— деп сөйлейді. Өзінің алданғанын білген жерде өзін де, жазушыларды да сондай қып ұрсады.

Земляника болса өзгелдерден көрі сұғанак, ұлыққа жағынғыш бол көрінеді. Мектеп бастығы Хлоповты Гоголь қоян жүрек, қорқақ қып көрсетеді. Осындай ерекше мінездері сол адамдардың әрбірінің өзіне лайық сөзінеі, тілінен де көрінеді.

Әйел кейіптері

Сол чиновниктердің әйелдері де өте айқын суреттеген. Дуан басының қатыны — Анна Андреевна мен қызы Мария Антоновна дәл қолмен қойғандай шыққан. Қараңғы жердің обыватель қатындары. Бұлар: киген көйлектен, модыдан, жігіттен басқа ішнәрсені ойламайды. Анна Андреевнаның Хлестаковты көргенде ойнақшуы, бұның әрі ерекше күлкі, әрі соншалық нәрсіз екенін көрсетеді. Қыз, қатынының да, дуан басының өзінің де бар арманы: «астанадағы бірінші үй біздің үйіміз болса, қош иісі сондай, көзінді жұмбай кіре алмайтын болсан»— деседі.

Хлестаков

Бұл, Петербургтағы көп кеңсенің бірінен шыққан құрдым чиновник. Тіршілігі көзінде. Алдын, есте ойла майды. Ақшасы болса, картаға ұтқызып жіберіп, жаңа фрагын базарға апарып сатқызады. Бұл, қаңбақтай же цілтек адам. Комедияда үнемі солай көрсетіледі.

Хлестаков қалыптанған кү, бұзық емес. Мақтапшақтықпен бөсіп кеткенде ол сонының қатты нашаланып

сөйлейді. Эбден желігіп алған соң Хлестаков тіпті өз өтірігіне өзі де сенгендей бол кетеді. Бірақ әрбір сөзі Хлестаковтың соншалық жеңілтек, құшарсыз адам екенін ашып көрсетіп отырады.

Бір сөзі мен бір сезінің арасында байланыс, береке жоқ.

Гоголь Хлестаковтар өмірде әр алуан күйде көп кез-деседі дейді. Бұлар бөсken уақыттарында көбінесе кісіні алдайын демейді. Сол мақтанына өздері масайрап, өзде-рі рахаттанады, дейді.

Хлестаковтың қалайша мұндай бол шыққанын шешкенде, Гоголь оның өткен күні мен бүгінгісін салыстыра-ды. Өзі бұрын алпауыт болған, қазірде Петербургтағы ұсақ чиновник. Астанадағы мәдени тұрмыс арқылы сыртын біраз сыпайылап, өзін жылтыратқан. Бірақ нәр қослаған. Бұл, сонысына масайып, панданып, ауылда жатқан алпауыттарға асқақтай қарайды, дейді.

Комедияның идеясы

Комедияның әрбір адамын қаастырғанда біз Нико-лай¹ патшаның заманында чиновник пен сәудегерден сол күндегі жүртшылық көрген қорлықты танимыз.

Гогольдің комедиясын ұғынып оку арқылы, біз сол дәүірдің тіршілігін, шындығын білеміз. Гоголь өзі бұл комедиясында, сол күндегі күлкі жайдың бәрін бір-ак көрсеттім деген. Бұпсысы әрине, асырып айтқандық. Шынында ол кездегі «шаруашың, құлдың» жайы бұнда көрсетілмейді. Гоголь ол құлдықты жаман нәрсе екен деп түсінбеген де.

Бірақ комедияның мазмұны аз көлемді бол, чиновни-тер жайынғана сез қылғанмен, бұл кітаптың көркемдік, қоғамдық маңызы өте зор.

Гогольдің өз замандастары, бұл комедия сол күндегі мемлекеттің чиновниктік-бюрократтық құрылышын бас-тан аяқ мінеп, сынап, шенейді деп түсінген. Үлкен чи-новниктер Гоголь айнасынан өз пішіндерін көріп жазу-шыға қатты наразылық, қарсылық білдірген. Олар өздерінің таптық наразылығын отаң наразылығы деп

¹ Бұндағы Николай XIX ғасырдың басында патшалық құрған Романовтың бірі.

бүркемелеп кеп, «жазушы отанды кірледі» деген сөздерді де шығарған. Сонымен шығарманың қофамдық, көркемдік қасиеттерін де жоққа сайғысы келген.

Бірақ пьесаның халыққа жағуы ерекше болды. Ал, төңкеріс бағытындағы қауым кітапты солайша патшалық құрылышына қарсы ариалған сын деп түсінген кезде, Гоголь үлкен уайымға түсті. Ол өзін патшалықтың ең тұрақты қоргаушысының деп түсініп жүргенде, енді апарып төңкерісшілер қатарына қосқанға ешбір ырза емес еді. Өкіне бастайды.

Осымен жазушының өз ойы бір жақта, комедияны жүртшылықтың түсініуі екінші жақта бол шықты. Гоголь жеке чиновниктердің мінін айттым десе, жүртшылық сол күні қофамдық саяси құрылыштың мінін көрді. Пьеса жазушының ниетіне қарсы, көпшілікті төңкерістік санаға бастайтын болды.

«Ревизордың» жазылғанына жүз жыл болса да, бұл пьеса әлі күнге сахнадан түспей келді. Гогольдің бұл комедиясының әлі күнге құны жойылмай келе жатқан себебі не? Ең әуелі бұл кітап ірі көркемдік суреттермен көрсетіп, сол дәуірдің жай-күйін танытады. Білімінді арттырады. Екіншіден бүгінгі өмірімізде ескінің осыларға үқсаған қалдығы болса, соны құлкі етіп жоюға себепші болады.

Шевченко

(1814—1861)

Тарас Григорьевич Шевченко Украинадағы құл крестьянның (крепостной) ең бір езілген тобынан шыққан адам.

Ақынның өзімен бірге туған ағалары әуелі байдың құллы бол еңбек етіп жүріп, артынан сол заманың заңы бойынша ұзак жылдарға солдаттықта жіберілген. Апақарындастары батрақ бол күн кешкел. Тоғыз жасынан бастап соптай ауыр өмірдің зәрін ақыпның өзі де татады. Бірде қойшы, бірде поптың батрагы, бірде помещик-мырзаның малайы бол күн кешеді. Тарас жасынан суретшілікке бейім еді. Сол өнерін байқаған помещик, бұл құлның өнерпаз қып ап, керекке жаратпақ бол, бұны Петербургтагы бір бояушы мастерге «жалдамаға» береді.

Солда жүріп сәті кеп, Соченко деген суретшінің көзіне түсіп, жас жігіт ақын мен суретшілердің арасына кіреді.

Бұған сол күндегі атақты суретші Брюллов пен ақын Жуковский көмек етеді. Осы екеуінің талабы бойынша Шевченко үшін оның қожасына 2500 сом төленіп, жас жігіт құлдықтан азат бол шығады. Тарас суретшілік академиясына окуға кіріп, Брюлловтың ең сүйікті шәкірті болып алады. Шевченко өмірінің аз жылдық бақытты дәуірі басталады. Петербургтың мәдениетті қауымының арасына кіріп, әрі суретшілік, әрі ақындық таланттың жарыққа салып, дами бастайды. Осы дәуірде 1840 жыл мен 1847 жылдар арасында: «Қобызшы», «Гайдамактар», «Катерина», «Наймычка»— деген шығармалары басылады. Шевченконың атағы зораяды.

Бірақ ол осы жағдайда ұзақ дәурен сүре алмайды. 1847 жылы абақтыға жабылады. Патшалыққа қарсы бол жазған саяси өлеңдері табылып, он жылға жаза кесіледі. Әуелі ықтиярсыз солдаттыққа беріліп, Орынбор маңына айдалады. Артынан Закаспий далаларына, бүгінгі Ақтөбе облысына айдауға жіберіледі. Әрі ақын, әрі суретші Шевченкоға енді өлең жазуға да, сурет салуға да рұқсат етілмейді. Бірақ он жылдық ауыр жазаға қарамастан Шевченко бұл уақытта көп көркем шығармалар туғызады. Украина тілінде жазған өлеңдерінен басқа орыс тілінде де әлденеше поэма, әңгімелер шығарады. Ол күнгі қазақ даласында, Қосарал деген жерде (Ақтөбе облысында) тұрып жазған талай шығармалары бар.

Ірі суретші Шевченко өзінің суреттерінде де сол поэзиядағы бағытын қолданады. Қазірде ол салған суреттердің 800 дейі жиналған. Шебер суретші болғандығы үшін ол көркемөнер академиясының академигі, мүшесі бол та сайланған.

1857 жылы жазалы он жылы бітіп, жеріне қайтса да, Шевченко жандармдардың бақылауынан құтыла алмады. Оп жыл бойындағы айдауда көрген азап, бейнет, ақынның денсаулығын жойған еді. Басына азаттық алған соң үш-ақ жыл өмір сүрді.

Бұл жылдарда Шевченко, бұқараның көсемі болған революцияшыл Чернышевскиймен жақындасады. Еврейлерге қарсы үндеу таратқан ескішіл «Иллюстрация»— деген журналды мінеп, ереуіл көрсетіп, Чернышевскиймен бірге қол қояды.

Өкімет 1861 жылдың реформасын әзірлеп жүрген кез-

де Чернышевский, бұдан крестьянға келетін түк пайда жоқ деп түсінген. Ол Лондондағы Герценге: «орыс халқын балтаға, балтаға ұмтыл деп үгіттеңіз!»— деп жазады. Шевченко Чернышевскийдің осы бетін қуаттап, «жок, мен ауру емеспін» деген өлеңінде крестьян атаулыны революция жасауға үндейді.

Орыстан, украинадан, поляктан шығып жаңағы жаңалық болмысты мактаған, либерал, құлышылдар болса — соның бәрін Шевченко аямай ұрады. «Игілік күтпе, көксеген еркіндігің келер деп дәмеленбе, ол үйқыға батты. Николай патша оны үйқұттатты» дейді. Енді өздерің оны «балтамен оятындар» дейді.

Герцен Шевченко туралы сөйлегендеге: «бул, халық ақыны ғана емес, оның үстіне бостандық үшін алыскан саяси қайраткер»,— деп бағалаған.

Шевченконың абақтыға алынғандағы документтеріне қарасаң да және басқа толып жатқан фактілерін байқасаң да бұның езілген крестьян арасында және Николай армиясының солдаттарының арасында үнемі үгіт таратып жүргенін көресін. 1861 жылдың февралында ақын қайтыс болды. Сүйегі Украинада Қанев қаласының түсында, Днепр жағасына қойылды. 1935 жылы Харковта Украинаның ұлы ақынына ескерткіш қойылды.

Шевченко «қоғамдық, ұлттық езгіні көрген крестьян көпшілігінің революцияшыл бұқарашибыл қозғалысының жыршысы». Бұның шығармаларында, құлдық жағдай мен патшалықтың ұлт саясаты арқасында қатты езгі көрген құл крестьянның өмірі — үлкен шындықпен суреттеледі.

Өзі де қалың бұқара ішінен шығып, көп тепкі көргендіктен Шевченко патшага, помесщикке және басқа түрлі қанаушыларға өзінің таптық қарсылығын айқын қып, ашық қып айтады. Украинағы құл крестьянның өмірін, ойын, сезімін, үмітін Шевченко поэзиясы ашық көрсетеді. Ақын сол бұқараның жыршысы. Өзінің бірталай шығармасын «Қобызышы» деген атпен шығару себебі де содан. Поэзиясының түп-тамыры — халық өнеріне, халықтың әңгіме, жыр, өлеңіне сүйенгендікті білдіреді. Бірақ арғы тубі сондай қордан шығумен қатар Шевченконың өз таланттының терендігі, ірілігі және мәдени, саяси білімінің молдығы — бұның поэзиясын ірі дәрежелі көркемдікке жеткізген, XIX ғасырдағы дүниe жүзі әде-

биетіпің алдыңғы қатарына қосылған шығарманың бірі осының шығармалары болады.

Шевченко поэзиясының негізгі сарыны — халықтың бақыты үшін күресу. Еңбекші крестьянды қанаған патша, пан-помещик, жуан — бар-барлығына қарсы шыққан сарын.

Шевченко поэзиясының негізгі сарынын айқын қын, көңілге қонымды етіп көрсететін шығармасы — «Тұс» деген поэма. Бұнда ақынның таптық пішіні, ой ниеті, сезім санағы бадаңадай бол тұрады. Поэмасын тұс түрінде жазып, Шевченко бірінші Николайдың дәүірін, крестьян құлдығының ауырталығын, полицей билеген қарағы күниін жайын толық суреттеп береді.

Патшалықтан халықтың көрген қорлығы күшті. Бірақ, сол бұғауды үзетін кім? Ақын оқыған зиялышарға сенбейді. Барлық құрметтегені «декабристер» еді. Бірақ олардың ізін басқандар жок. Сондықтан, ақын жалғыз халықтың өзіне ғана, келесі үрпакқа ғана сенеді.

Бұл поэма ақынның ең революцияшыл шығармасының бірі. Баспаға Шевченконың өзі өлгеннен кейін барып шықты. Поэмасында қанаушы тапқа қарсылығы, еңбекші крестьянға барын салып тілектес бол жаны ашуы ерекше.

Ақын өзге шығармаларында да осылайша жырлайды. Барлық жерде бұқараның досы, қанаушылардың қасы бол шығады.

Революцияның жеңетініне Шевченко барынша сенген. Сол сенімін «Өснет» деген (1845 жылы жазылған) өлеңінде өте күшті қып айтады. Өзі өлген соң, денесін «сүйікті Украинасының» топырағына, Дніпро жағасына көмүді өснеге ете кеп:

«Аттаниңдар көмгесін,
Үзіндер бұғау темірді
Жау қанымен суарып
Өсіріңдер өмірді!
Мені де ұлы Отанда,
Жаңа ел, үлкен өлкеде
Ескеріңдер ұмытпай,
Шапағатпен әр кездे»—

дәйді.

«Ұлы өлке, еркін дүние» дегенді Шевченко қай түрде түсінген? Дәлдеп, алып айтамын дегенде, ол құл крестьянның үмітін, мұңын өзінше шешеді. Өз меншігіндегі

жеке шаруасы болғанын қиял етеді. Өз егіндігі, өз қорасы болсын, дейді.

Шевченконы өсірген қоғамдық орта Украинның құл крестьяндарының ортасы. Сол бүған ұлтшылдықты да, ұсақ байшылдықты да сініреді.

«Ақсүйектер монархиясы мен помещиктер қожалығына барыша қарсы алысқаимен ол байшылдық құрылыштың тұп негізіне қарсы шықпады, шыға да алмады. Анығында Шевченко буржуазды демократ (бұқарашиб) еді». (Шевченконың туғанына 120 жыл толған күні Украина Коммунист Партиясының Орталық комитеті жаңындағы үгіт-мәденист бөлімінің тезисінде осылай деп баға берілген.)

Біздің заманымызға Шевченконың пайдасы, оның құлдық дәуірінің ауыртпалықтарын үлкен шындықпен көрсетуінде; революцияшыл жырлармен әсерлі етіп көрсетуінде. Шевченконың поэзиясы құлдық дәуірінде революция бағытына беттеген крестьян атаулының үні есепті болады.

Некрасов

(1821—1877)

«Таптар тартысы айқындалып, революцияға жақындаған кезеңдерде ескі қоғам ішінде, үстем тап арасындағы ыдырау процесі өте күшнейеді, өте айқындалады, сондықтан үстем таптың кейбір бөлімі онан айрылып шығып болашақтың туына ие революцияшыл тапқа қосылады»— деп, «Коммунистік манифесте» данышпан К. Маркс пен Ф. Энгельс айтқан.

Тұысы ақсүйек, крепостной усадьбада ақсүйектік мәдениет ықпалында өскен Некрасов 50—60-жылдарда революцияшыл шаруа көпшілігінің мүддесін көрсеткен шаруа демократиясының ірі ақыны болып шығады. Ол кезде Некрасов Чернышевский, Добролюбовтармен бірге жұмыс істеген; Некрасовтың аты да олардың аттарымен қоса аталған. Некрасов «Современник» деген журналдың редакторы болған.

Некрасовтың тұыс жөнінен өзіне жат таптың түрғысына шығуына екі жағдай себеп болған. Олар мыналар:

1) әкесімен араздасып айырылып шыққаннан кейінгі тұрмыс жағдайлары, 2) ол уақыттағы разночинецтер — Белинский, Чернышевский, Добролюбовтардың берген әсерлері.

Некрасов 17 жасында әкесімен бүтіндей айырылысып, 1838 жылы Петербургқа келген. Қаржысыздықтан әуелгі мезгілде Петербургта тұру ақынға өте ауыр болған. Қоғамда ашығып, қонуға жер таба алмай, қайда болса сонда түнеп жүріп Некрасов разночинең оқығандардың шеккен барлық азаптарын басынан кешірген. Оның аштан өлмегінде тек еңбек керек болған.

Сондықтан ол тынымсыз жұмыс істеумен болады. Он түрлі жасырын атпен үзак әңгімелер, пьесалар, өлеңдер, мақалалар жазған. Басқармалардың тапсырмасымен жазып тұратын ақынға айналған. Бірақ бұл еңбек Некрасовқа жеткілікті қаражат құрай алмаған. Тек 1844—1846 жылдарда жазып, бастырып шығарған шығармалар жинағы ғана ақынның тұрмысын аздап түзеген. Дәл осы, жалғыз тамақ үшін жасаған ауыр жұмыс Некрасовтың адамдық мінезін өзгертип, қайта жасайды. Жалқаулығын, балпаңдығын, жатып ішерлігін жойып, іскерлігін, тәуекелшілдігін, ыждағаттылығын арттырған. Ол Петербург кедейлерімен араласа танысу, ақынның заманындағы қоғам құрылышына, еңбекшілерді қанаушылыққа қарсылығын молайтқан. АқырЫнда ақын психология ретінде ақсүйектер табынан бүтіндей айырылып, революцияшыл разночинецтер салт-санасына бейім болып шыққан. Белинскиймен бірге жұмыс істегендігі, әңгімелескен жас ақынға басынан кешірғендерден көп нәрсөні анығырақ түсінуге себеп болды. Ол уақыттағы жағдайларды толығырақ, дұрыс түсінуге мүмкіндік берді.

50-жылдарда бастап Некрасов бірте-бірте разночинең оқығандармен, әсіресе, өзіне таныс әдебиет майданындағылармен танысып араласа бастайды. Мұнымен қатар ақсүйектер қасынан аулақтай бастайды. Ол күнде өзі басқарып тұрған журнальна — Тургенев, Толстойды т. б. жұмысқа шақырса да, Некрасовтың өзінің жазған өлеңдері олардың жазғанынан жігін ажыратып, басқа бағытқа түсे бастаған еді. 60-жылдарда журналдың тұрақты белсенді жазушылары Чернышевский, Добролюбовтар болған уақытта Некрасовтың көзқарасы ақсүйек жазушылардан бірте-бірте алысталап, айырылып шығады. Тургеневтің бізге ересің бе, я Чернышевский, Добролю-

бовтармен кетесің бе? — деп қойған сұрауына, Некрасов — соңғылармен кетем — деп жауап берген. Бұдан кейін Тургенев журналдан шығып кеткен. Некрасов революцияшыл разночинецтер жолымен кеткен.

Некрасовтың бұлайша бірте-бірте өсуін шығармаларын талдау арқылы көруге болады; Некрасов өлеңді ерте жаза бастаған. Петербургқа әуелгі келуінде бір тетрад өлең алған. 1840 жылы өлеңдер жинағын бастырып шығарған. Жинақты Никитенко профессор мен Белинский қатаң түрде сынаған. Бұл сынды Некрасов дүрыс деп таныған. Шығармасының жарамсыздығы — жас ақын XVIII—XIX ғасырлардағы ескі ақсүйек әдебиетіне еліктеген, 40-жылдардың алдыңғы қатар оқушыларына жағымды ешинарсе бере алмаған.

1845 ж. «Петербург жинағында» Некрасов «Жолда», «Бесік жыры» сияқты өлеңдерді басып шығарған. Бұл өлеңдерде Некрасовтың тақырыбы, көзқарастары бүтіндей басқаша. «Бесік жыры» көртартпалардың намысына қатты тиген. «Некрасов барып тұрған коммунист... Ол революция пайдасына жанын салып жырлайды» — деп жазушы Булгарин жандармға шағым берген. Дәүірдің алдыңғы қатардағы адамдары Некрасовтың бұл өлеңдеріне өте разы болған; өлеңді оқығаннан кейін Белинский — «сіз ақынсыз, ақын болғанда нағыз ақынсыз!» — деген.

Осы кезден бастап-ақ Некрасов разночинецтер стиліне түсken.

Шынында Некрасовтың ақындығы өте кең, көп тараулы болған. Ол заманындағы қала тұрмысын, әсіресе, басқалардан ертерек капитализмге ауа бастаған Петербург тұрмысын біледі. Бұл қаланың ағыл-тегіл байлығымен қатар боздағы шыққан кедейлігін, чиновниктердің озбыр зорлығы мен еңбекшілердің қорғаусыздығын ақын толық суреттеген.

1864 жылы Некрасов «Темір жол» деген өлеңін жазып, жол салудың суретін берген. Еңбек пен капиталды қарама-қарсы қойып салыстырып, Некрасов капиталистердің жұмысшыларды жыртқыштықпен қанауын көрсеткен. Капиталистің кейіпі — подрядчик. Өлеңнің материалын Мәскеу — Петербург темір жолынан алған. Жұмысшылардың зарлы азабын жырлаған өлеңнің, әрбір жолы документпен ыспатталған, айқын ақиқат. Бұл ақиқатты

Некрасов соншама күшті етіп көрсете алғандықтан өкімет тарапынан да, революцияшыл оқушылар тарапынан да көп әңгімелер қозғалған. Баспасөз басқаратын Мартынов деген төре өкіметке жасаған айрықша баяндамасында — өкіметіздің күн батысша жасаған бірінші нігі жұмысына өлецмен жабылған мүпдай жалапы жүргең қалтырап, оқи алмайсың деген. Ал, Некрасовтың жазғаны жала емес, ақиқат еді. Ирі ақындық күшпен суреттеген бұл ақиқат жас буының көкірегін өкіметке дұшпаидықпен толтырды.

Некрасов жұмышыларды суреттеп, ауыр жұмысқа «халық көпшілігін» айдан қосқан, аштықтың күшін, орыс капитализмінің әуелгі адамдарының ойранын көрсетеді. Еңбек пен капитал арасындағы қатынасты ашады.

«Темір жол» Некрасовтың ең күшті шығармасы. Мұнда еңбек пен капитал тілектерінің қайшылықтары, орыс капитализмінің жыртқышша өсуі, өте толық, айқын көрсетілген. Чернышевский мен Добролюбовтың тізе қосқан жолдасы, шаруа демократиясының ақыны Некрасов — шаруа мұңын жырлайтын ақын болады.

«Мен өзімнің ақындығымды халқыма арнадым, мен сенің қасіретінді жырлау үшін туғанмын, сабырлылығыңмен таңырқататын халық» — деп Некрасов өзінің міндеттін белгілеген. Шынында да Некрасовтың бүкіл ақындық өмірінде шаруа бірінші орын алған отырған.

Некрасов — ақын, азамат. Ол, ақынның міндетін халыққа қызмет ету деп танаған. Чернышевскийдің ең жақын жолдасы болғандықтан ол Чернышевскийше көркем-өнерді азамат міндеті деп танаған. Ол:

«Отанның ары үшін,
Пікір, махаббат үшін,
Отка тус...
Бар, ренжімей өл
Босқа өлмейсің...»—

деген.

Азаматтың міндетін осындағы, жоғары түрғыдан қарап тексеріп, Некрасов өз басын қатац сынаған. Ол өлеңдерінде революцияшылдарды артықша бағалап, олардың күйіне қызығады.

Буржуазияшыл-демократшыл революция жолында, патша өкіметін құлату жолында крепостнойлықтың қалдықтарын тұрмыстаң кетіру жолында Некрасовтың шығармалары үлкен қызмет көрсеткен.

Некрасов түрдің мазмұннаң айрылмайтындығын, мазмұнның өзі көркем түрді билеп отыратынын анық түсінген.

Некрасов бұқара дүшпандарына қарсы жасаған күресінің нәтижесінде разночинец-акын достарына сүйеніп, революцияшыл разночиндік стиль жасап шығарды. Некрасов күнделік өмір жырын (әдебиетін) халық дүшпандарына қарсы қойды. Шығармаларына, ол кездегі разночинец оқығандар арасына жайылған сез-атауларды ендірді. Ал, деревия тақырыптарына жазылған өлеңдеріне шаруа тілін ендірді. Шығармаларына кейде халық өлеңдерінің түрін берді. Шығармаларының саяси бағытын айқындау Некрасовты газет-журнал тіліне, түріне жақындалтты. Бұл жөнде ол үлкен жаңалық ендіруші болып шықты. Некрасовтың поэмалары, оның геройлары зеріккен ақсүйек емес, бұлдіргіш берен де емес, революцияшыл-демократ көзқарасынан суреттелген халық адамдары. Некрасов поэмаларында жеке адамды суреттейді, әлеуметтік топтарды, көбіне шаруаларды суреттейді.

Л. Н. Толстой

(1828—1910)

Толстойдың жазушылығын тексергенде алдымен айтып кететініміз — халықшыл жазушылардың шығармаларындағы сияқты Толстойдың шығармаларында да көрінкті орын алатын мәселе — «шаруа» мәселесі. Бірақ ақсүйектік ортадан шыққан суретші Толстой бұл мәселе ні бүтіндей басқаша қояды.

Толстойдың өмірі

Толстойдың өмірі іздену, қайшылықтарға лық толы. Толстой 1828 жылы 28 августа Тула қаласының маңындағы Ясная Поляна деген өзінің ата-конысында туған. Толстойдың әкелері ескі ақсүйек тұқымынан. Кішкентай бала Толстой өзінің ага-шілдері, апа-қарындастарымен ақсүйек үйде, тәрбиеші әйелдердің бағуында

өскен. Крепостнойлық тұрмыстың жалаңаш әділсіздіктерін, зорлық-зомбылығын Толстой бала күнінде көрмеген. Ол тұрмысты әдемі тұрмыс деп түсініп өскен.

Он алты жасында Толстой Казан университетіне түсінен. Бірақ екі жылдан кейін деревняға барып шаруа болам деп оқуды тастайды, одан кейін қызметке кірмек болады, университетке емтихан ұстамақ болады. Кешікпей бұл талаптардан да қайтып, жігіттік, салдық өмірге беріледі. Бірақ бұл думан өмірді тағы да кенеттен тастай беріп «Кавказдағы соғыс армиясына» барып түседі.

1855 жылы Толстой әскер қызметін тастап Петерборға келіп бірінші рет әдебиет, саясат дүниесіне талантты жазушы есебінде араласқан. Толстой өз заманындағы алдыңғы қатарлы әдебиеттік, саясаттық ағымдардың біріне де қосылмаған. Кейде ол тіпті көртартпа, реакциялық пікірлер де айтады. Дегенмен төнкөрісшіл демократияға қарсы бола тұрса да Толстой либералдарға да, ескішілдерге де қосылмайды. Ол билеуші, төрешілдер табынан да аулак. Оны жаратылысқа жақын усадьба тұрмысы қызықтырады. Петерборда бір жыл да тұра алмай, Толстой усадьбага кеткен. Әдеби-саясаттық тарыстан теріс айналып, қалалық мәдениетті жамандап Толстой өмір «шынын», өмір «мағынасын» ескі ақсүйектік іргесін қайта құрып, содан табам деп сенеді. 1862 жылы Толстой үйленеді. Өмірінің бұл кезеңін өзі былайша суреттеген: «Мен дұрыс, таза үй-іші тұрмысымен тұрдым... менің бар әрекетім үй-ішімді дұрыс ұстауга жұмсалды, байлық арттыруға, әдебиеттік даңқ алуға, тұрліше рахатқа жетуге жұмсалды» дейді. Бүйте тұрса да, үйлі-баранды помещиктің бұл бақты кешікпей-ак Толстойды жиренте бастайды.

80-жылдарда Толстой іштей үлкен дағдарысқа ұшырайды, өзін-өзі өлтірмекші де болады. Меншікті мүлкінен безбекші болады, жабайыланып шаруамен араласпақ болады. Толстой шаруаша киініп, шаруа жұмысын жасайтын болды, өзінің бастас адамдарының тұрмысын қатты шеней бастады. 1887 жылы Мәскеудегі маскунемдер, қорғансыздар үйлеріне барып жүреді. Адамның жанын шошытатын кедейлік, жоқтық суреттері Толстойдың ток адамдар тұрмысына дүшпандығын бұрынғыдан да күштейтті.

Алайда, өз табының өмірін «байлар мен залымдар» деп қарғай тұрса да, Толстой саяси күресте оларға қарсы

шықпайды; төңкерісшілдерді жамандайды; залымдыққа күшпен қарсы тұрма дегенді насиҳат қылады.

Толстой «орыс халқы», «халық еңбекшілері» деп төңкерісшіл күресте сырт қалатын, ақсақалды, қараңғы шаруапы үрады. Ол батыл күресте беті қайтпайтын пролетариатқа сенімсіз көзben қарайды. Толстой өз табынан жігін айырып, шаруа жағына шықты. Сондықтан ол 1905 жылғы төңкерісті түсінбеді, жақтырмады. Толстой қарны ток, байларды қаламағанмен өзінің «Залымдыққа қарсыласпа» деген үгіті арқылы барлық қанаушылардың үкіметін нығайтуда солардың қолындағы шоқпary болып кетті. Қайшылық деген осы.

Толстой өзінің қара басының өмірін, өзінің жаңа көзқарасын толық түрде үйлестіргісі келеді. Үйінен, от басынан кеткісі келеді; бірақ Толстойды үйімен байланыстырыған жіп тым күшті. Қөпке дейін ол байланысын үзуге батылы бармайды. Алайда, ақыр аяғында үйіне енді қайтып келмestей болып беседі. Үйінен кетпестен бір жеті бұрын Новиков деген шаруамен сөйлесіп отырып, былай деген: «Мен осы үйде дозаққа күйгендей күйіп жүргенімді сіздерден ешқашан жасырғапым жоқ; ылғи тоғайға, сыртқа, не бір деревияға кетіп бір-бірімізге көмек беріп жүруімізді тілеп, ойланып, кетуге ынтық болып жүретінмін. Бірақ отбасымпан экететін күшті тәнірі маған бермей жүретін». «Үйден кетсем» деген ойын іске асырып кетіп бара жатқаңда жолшыбай ауырып, Рязань-Орал темір жолының бойындағы Астаров деген станцияда қайтыс болады. (Бұл күнде ол станция «Лев Толстой» деп аталады.)

«Той тарқар». Бұл әңгіме 1903 жылы жазылған. 1903 жыл 18 июня Толстой күндеслігіне мынадай сөз жазыпты: «Бір (полковник) тойда бір сұлу қызы мен би билеп жүріп, ерте кетіп қалғанын білдім. Ондағысы ертең таңертең солдаттықтан қашқан бір татар солдатты өлімге аттандырып, түскі тамаққа үйіне келмек еді» дейді.

Осы сөз ол әңгіменің тақырыбы. Жазушы өлгенше қатаң мекер полковниктің ішкі пердесін ашып көрсетеді. Тойда қызымен бірге жүреді. Әңгіменің басы «құрметті Иван Васильевич». Бұл, анау полковниктің сұлу қызы Варенкеге ғашық. Иван бақытты кісі; дүниені құшағына сыйғызады, ғашықтығын төңірегіне салып синайды; әсіресе Варенканың әкесі, полковникті құрметтейді. «Оның

әкесінде бір түрлі еркелік күлкі бар. Оның үстіне тіксінген нәзік бір сезік барлығын байқадым...» дейді.

Оқушы жазушиның жазғанына қарап көңілі сұлу, ерке, қайрымды полковникке өзі беріліп кетіп отыр деп түсінуінде сөз жоқ. Бірақ нақ осы арада кеменгер суретші бірден серпіліп «бүкіл, барлық бет пердесін ашады». Анығында қатал, сүм, жендеттік бейнесі оның сұлу сыртын сылаپ қана сезілмей тұрады екен.

Тойдағы көріністен соң жазуши оқушыларды бірден полковниктің үйі тұрган далаға аударып жібереді. Иван Васильевич далада жүріп тойдағы әдемі күйді есітеді. Бірақ артынша ол тәтті күйді «басқа бір түрпідей жаман күй тырнайды». Ашық көрінген бұл оқшау күй сәл болмай сезіледі. Ол татар солдатының қуғыны екен. Ұстап алып оны келістіріп тұрып сабаған: «әрбір дүре соққан сайын қуанған кісідегі бір сөзді қайталап айтып, ашулы жүзімен тісін ақситып, дүренің даусы шыққан жаққа қарап тұрды» дейді.

«Бауырларым, аясаңдаршы» деген үн шығады. Бірақ бауырларын да «аяған жоқ». Шынында аяуды дәметуге де болмайтын еді. Полковник біресе аяғына, біресе жазалыға қарап нашаланып теңселіп жүр еді.

Оқушы полковниктің қайрымсыз қаталдығын көреді. «Татардың қып-қызыл ала қан болған арқасына ақрыш ұрған тапалтак, әлсіз солдаттың жағына полковник ақ биялайлы күшті қолымен тартып кетті және қамшыны алып кел!»— деп айқайлады. Жазуши әуелде полковникті «қайрымды», «мәйін» деп келіп, артынан оған үш қайнаса сорпасы қосылмайтын екінші қорытынды шығарады. Мұнда үлкен мән бар. Әлеуметтік қатынаспен күресудің жалғыз жолы... өзін-өзі адамгершілікке жеткізу екен. Иван Васильевич полковниктің бұл ғаламатын айта келіп, ақтығында «осы жағдайда өзін-өзі адамгершілікке жеткізуге болады екен», «кейде ойламаған жерден шыққан уақыға адамның жанын сауықтырады екен» деген қорытынды пікірге келеді. Бұл арада Толстой салт-санасының қайшылығы өте айқын көрінеді. Мұның салт-санасындағы қайшылық: басыбайлы құрылышына қарсылық, алдағы шығатын шын жолды көре алмай, ақсақалды шаруаның салт-санасына түскендік.

Уақиғаның болған кезі XIX ғасырдың 40-жылдарына жатады. Ол кез I Николайдың қылышынан қан тамып, аяздай қысып тұрган кезі. Оның әрбір қадамы ату, асу,

айдаймен аяқталып отыратын. Бұл дәуір кер кетудің асқынып түрған, қөзге түк көрінбей қылыш пен оққа сүйенген дәуір еді. Ол кезде жазаның неше атасының ұлы шыққан: дүре, қамши, дар, сойыл т. т. бәрі сол кезде кең қолданылды. Лельх жағынан болған қимыл сондай сойыл, дүре, өліммен бітіп отырды. Қалың шаруа бұдан аз ақырет көрген жоқ.

Толстой ол дәуірге тегін көніл аударып отырған жоқ. Оны әшкерелеу арқылы өз тұсындағы қофамдық-саяси тәртіптің ішкі сырын әшкерелегісі келеді. Осының артынан жыл өтпей «Қажымұрат» деген әңгімесін бітірді. Бұда Николайдың кері кетуінің сырын ашуға бет қойған шығарма болатын,

Молда Мұса

Молда Мұса кеше ғана совет тұсында (1932 жылы) өлгенмен өзі ертеден, көне заманнан бері жазып келе жатқан ақын. Оның ақындық өнерінің өнімді болған дәуірі өткен ғасырдың 80 жылдарынан бастап, 1910 жылдарға дейін созылады.

Молда Мұсаның туып-өскен жері осы күнгі Оңтүстік Қазақстан облысы. Бұның қалам ұстап, ақындық дүниесіне кірген дәуірі қазақ даласында бектік-феодалдық қалып тозғындаپ, сауда, базар күшейіп, әлеумет билігі саудалы, капиталды байдың қолына көше бастаған кез еді.

Молда Мұсаның ата-анасы датқа болғанымен, бұның өзі кедей болатын. Бұның ата мұрасы адыра қалып, ел билігі беделділік, байлықпен, ақшамен өлшенетін болып еді. Соған мойындай өскен Мұса ең алғашқы бір өлеңінде:

Бай артық болыстан да, биліктен де,
Әр істі ақша бұзар киілккенде.
Жалы бар жабы тобыр озып кетті,
Қазанат жалы кеткен жүйріктен де,—

дейді. Шаруа, тіршілік тізгінін қолына алған ақшалы, саудалы байды көрсетеді.

Сұңқардың баласы едім мен де бұрын,
Алыстан көрсем аңға кеткен ұрын.

Өлеңші, ақырында жырши болдық,
Сыпайы жасырмайды деген сырны,—

деп, өлеңі кезінде күн көрудің де азығы болғанын айтады. Өзіне өмірінде бір ат, бір сиырдан артық мал бітпсеген. Үнемі жарлылық, кемтарлықта жасаған ақын. Сондықтан бір жағынан кедейлердің өмірін көріп, олардың ауыр халін сезіп отырады.

Молда Мұса өз уақытына қарағанда оқымысты адам деп сапалған. Ол араб, парсы, шағатай әдебиеттерін, тарихтарын жақсы білген. Қазақ, қыргыз, яки басқа Орта Азия халқының ескілігіне де қанықты, жетік болған. Сондай білімі, өлең сөзі арқылы қай ортаға болсын араласып сия беретін болған. Осыдан соң ол күндегі дін иелері, ишаи, қожа-молда дегендер үнатпайды. «Дін жолын дұрыс үстамайды» деп олар мұны жамандап, мүйізден жүреді.

Сондай ретте 1910 жылы Шаян ишандарымен қағысып, оларға өлең хат жазады. Ишандар бұның өлең жазғанын, ақындығын да мін деп санайды екен. Соларға өлең сөздің асылдығын айттып, аналардың нағандығын бетіне басып хат жазады.

Өзі көптің арасынан шығып, сол көпке сүйеніп тіршілік етіп жүрген соң, әсіресе көп алдында мақтаганды сүйеттін ел ішіндегі әрі надаи, әрі ауқатты адамдарға арнап өлең айтқыш болған соң Мұса өлеңінің тілін жүртқа үғымды қып айтады. Сөзі елдің салт өлеңдерінің ізімен көпке үғымды, қарапайым тілмен жазылған өлең болады. Өлең түріне де көп зат және түрлі өрнек-үлгі іздеймейді. Жүртқа таңыс, я жыр-терме, я төрт жолды үйқаспен көпке мәлім түрмен жазады.

Такырып жағын алғанда бұнда кездесетін өлеңдер: 1) сц алдымен сұрау сөздерді; 2) айттыс; 3) мақтау-жамандау; 4) батыр жырынан — «Ер Шора» дастаны.

Жалғыз-ақ, осы Мұса қартайған күйінде де біздің заманға жетіп, еңбекші бақытын — бақыт, мұрат етіп алады да, бұрынғысынан көп өзгереді. «Өзім кәрі болсам да сөзім жас» деп жаңа заманға жаңа сөзбен жырлар айтпақ болады. Сөйтіп отырып көп өлең жазады. «Дарқан заман», «Октябрьдің 14 жылдығына», «Шәуілдірге», «Талантты жастар», «Ащысай» деген сияқты нағыз совет бағытындағы өлеңдері айтарлық күш, серпін табады. Бұл өлеңдерінде «Шәуілдір», «Ащысай» сияқты табиғат кү-

шіп жеңіп, жаңғыртып жатқан жаңа тарих негізін ұғып, қостайды. Бұрынғы көп кедей шаруаның жадырағанын, ескенін көреді. Әйел тәндік алып, билікке араласты деп оны қостайды. Жас бас болды деп оны да мақұлдайды. Бай, шоңжарлардың тұғырдаң тайғанын, тарихтаң жонылғанын тағы да мақұлдайды. Сонымен өзі бұхара оргасынан шығып, біріншіде заман желімен ығып, бай кілеміне түсіп кеткен ақын енді бұқара мұддесін тауып, таңып, пиетін қосады.

Бірақ бұл салт-сана жөнінде қызмет еткен адам. Өзі бұрын ұсақ байшыл ақын болған. Бұнда ескі машық, ұрымның қалдығы көп. Ол тез айыға қоймайтын, көпке шейін ере жүріп көрініп атыратын нәрсе. Сондықтан Мұсада да жаңағы өлеңдерімен қатар бұрынғы дағдысына басып кететін жайларды көреміз. Революциядан кейін де, тіпті совет адамына да мақтау, сұрау өлеңдерін айттып жіберетін әдеттер бар.

«Дархан заманың» ішінде бұрынғы машықпен мақтау өлең айтып тұрған қалыптар байқалып отырады.

Сәбит Дөнентаев

Сәбит Дөнентасев 1894 жылы, Павлодар облысында туған. Әкесі Дөнентай молдасымақтау, еті тірі кедей адам болған.

Дөнентай Сәбittі қызып, ескіше молда қылмақ оймен елдегі Махамбет-Садық дегенінен қызып, онан кейін Павлодар қаласындағы Қасым қажы Ертісбаев дегенинің медресесіне берген. Бұл Қасым қажының медресесі бұрын ескі дін оқуын оқытатын мектеп болса да, артынан замананың сазына қарай төте оқу (жәдит) жолына түскен.

1915 жылдар Сәбит орысша үйрену мақсатымен орыс тілінде оқытатын мектептен жай тындаушы болып оқиды.

1916 жылы солдат алатын уез жарлығы шыққанда Сәбittің жасы ілініп, содан қалу үшін Екібастұз бен Жармақ темір жол бойындағы Жолдық дейтін қызыл үйдің (разъездің) жұмысына түскен. Онда вагонға тоғырақ салып жүретін қара жұмышы болып істейді.

1917 жылы февральдан кейін Семей келіп, сонда ашылған мұғалімдер курсінде оқып, бір жағынан га-

зет, журналдарда да қызмет істеп, жазып жүрген.

1919 жылдың аяғында елде болып, қазақ даласы ақтардан сейіліп, Совет үкіметі орнағаннан кейін 1920 жылдан 1922 жылға дейін аудандық сот болып қызмет істейді.

1924 жылдың басында Семей келіп, ұдайымен алты жыл «Қазақ тілі» газетінің басқармасында істейді.

1930 жылы еліне барып, елде турақтай алмай Павлодарда бір қыс мұғалім болады. Денсаулық жағдайынан 1931 жылы Бесқарағай кетіп, Бөген дейтін жерде оқу-ағарту қызметінде болады. Артынан Семей газетінің округтік болып шығымен бірге Сәбит қайта шақыртылып, байырғы қызметіне қайта кіріседі.

Бірақ бұл жолғы қызметі созымды болмайды. Соңғы алты-жеті жылдың бойында бірде сау, бірде ауру болып қалмай келе жатқан безгектің ауыр түрі 1933 жылдың финуар ішіне дейін төсек тартқызып тастайды.

Денсаулығын жөндеу үшін 1933 жылы демалыс үйіне барады. Бірақ, шыңына жеткен ауру бой бермейді.

Сәбит совет жолына түсіп, өз еңбектерін жарықта шығара бастайды. 1929 жылдан бері ҚазАПР-қа мүше. Әсіресе, сол жылдарда «Он жылдың жемісі», «Тоғыз жылғы олжа», «Ленин», «Бай мен комсомол» сияқты өлеңдер жазып өзін көрсетіп қалып еді. Сол жолын енді үлғайтамын деп құлышынып кірісе бастап келе жатқанда, 1933 жылдың 23 майы күні қайтыс болды.

Сәбит — революциядан бұрын әдебиет майданына шыққан бұқарашибіл ақынның бірі.

Сәбит «Замандастар» деген бір өлециңде былай дейді:

Жабайылық өнерге,
Ынтықпай қарап өлерге,
Өзіміз керек демесек,
Керек кып бізді келер ме?
Қызмет көрсет халқына,
Игі ат қалсын артыңа.

Сәбит оқығанның бәрі үлтшыл басшы болу керек деп ойлайды. Бірақ іс жүзінде олардың қылышы жақпағандығынан Сәбит «Үлтшылға», «Қайтіп қарғыс алмайсың?» деген өлеңдерін жазады. Олардың жаман әдетін сынап, бетіне басады.

«Менің жайым» деген өлеңінде де ұлтшыл оқығандардан күдер үзе бастағандығын көрсетеді.

Осымен қатар «Қиял», «Үміт» деген өлеңдерінде қиялы мен үмітіне азба, түзулікке баста дейді. Сәбит әйел мәселесін де жыр қылады. «У жеген қасқырға» деген өлеңінде ауылдағы жемқор болыс, атқамінерлерге де қарсы шығады. «Көк тәбетке» дегенінде де солардың берсең дос, бермесең қас құбылмалы мінезін көрсетеді.

Февраль революциясынан кейін ұлт буржуазиясы «патша құлады, бостандық туды» деп қуанысқан болатын. Бірақ, ол февраль революциясы бұқараға шын «тәндік, адамшылық» әперген жоқ еді. Жиһангерлік қауау саясатының таза өзі құрылыш еді.

Сондай бай табымен мұддесі жымдаған алашордашылар қанша «қазақ-қазақ» дегенмен қазақ ішіндегі ат тәбеліндегі байларының ғана мұнын мұндағы. Қалың бұқараның нағыз дүшпаны реакцияшыл күш әбден әшкереленеді. Міне, осы араға келгенде ақын оларға наразы болады.

С. Дәнентаев Азамат соғысының аяғын ала бере-ақ алаш жолынан безіп, совет жолына түсे бастады. Ескі уақ байшылдық санасынан тез арылып кетпегенмен, совет туының ардакты екенін түсініп, қаламын жүргізе бастады. Берегірек келгесін «Он жылдың жемісі», «Тоғызың жылғы олжа», «Бай мен комсомол», «Жалғыз құлдақтағы әйелдер мектебі», тағы осындай тақырыптарға жазып, көпшілікпен қол ұстасуға тырысты.

1937—1938

ДІНДІ ӘШКЕРЕЛЕЙТІН ПЬЕСА

Қазақ мемлекеттік академиялық театрында бірқатардан бері ойналып келе жатқан, Асқар Тоқмағамбетов жолдас жазған «Әзірет Сұлтан» пьесасы — біздің заманымызда үлкен жаңалықтың бірі. Бұл ісләм дінін орнан түрмастай етіп әшкерелейтін, дінге қарсы пропагандалық маңызы үлкен пьеса.

«Әзірет Сұлтан» пьесасында үш түрлі жақсы ерекшелік бар. Біріншісі — сықақ. Халық өкілі Мұрат, Тацатар тілдерінде, бұзық топ халептерлердің өз жайларын

білдіретін саҳналарда, немесе ишанның көк долы қатыны Зурәнің мінездемесін берген жерлерде сықақ әдемі көрініп отырады. Құнсыз сүм «табыт қаққан» жауыздық ортасының жайын көрсету негізінде де сол сықақтың мол белгісі бар. Пьесадағы бұл әдістің ең айқын, ең жиынтық, ұтымды саҳнасы «Қылуат жайы». Мұның ішмерез сырын халықтан шыққан, бірақ, осы ортаға кеп оқыстаң шырмалған, өзінің ақыл сезімі сау — Бекбау ашады. Бекбау дін сырын да, дін иелерінің үй ішіндік былығын да халық екілі болып, өз басына тиген ауыр таяқтар арқылы ашады. Бұл жолдағы құлкілер — құлкіғана емес, мағыналы траги-комедиялы, сыр ашар сықақ ажуалар.

Пьесаның екінші жақсылығы — дінге қарсы үгітті адам басының трагедиясы арқылы көрсетуінде. Алтынай, Айша, Мұраттар мен солардың бастарынан кешетін шындық халдер бастап-аяқ дінге, дін иелеріне қарсы — перде жыртқан, қоясип актарған істер болады.

Үшінші жақсылығы — жазушының өзі алған ортапы мықтап зерттеп, жете білгендігі байқалады. Құнсыз, інерсіз сүм ортапың сырын ашып, ордасын ойрандау үшін, құр оны «сүм еді, лас еді» деу жетпейді. Өз тілі, өз тұлғаларымен — дәл өз қалпында көрсете отырып, сонымен әшкерелеу керек. Пьеса да, постановка да бұл жағынан алғанда ескі Түркістан мешітін, оның иелерін өзді-өзі қалпында көрсетуді мақсұт еткен. Бұл дұрыс әдіс. Пьесаның тілін алғанда да сол ортапы жазушының жақсылап тексеріп, жете танығандығын байқаймыз.

Осымен бірге пьесаның басты-басты кемшіліктері де бар. Ең үлкен кемшілігі — бір жақтың, теріс жақтың адамдары схема, барлығы бір-ак адам тәрізді бол кеткен. Жақсы адамдардың жақсылықтары, қасиеттері неше алуан болатыны сияқты, жамандардың жаманышылық пішіні де өмірдегі шындық бойынан неше алуан болуға тиіс. Пьесада халендерлер, қожалар шапан басқалығы, сақал айырмыстары болмаса, плакат жолымен шешілген. Женіл үгіт жағы басымдаپ, жалпы пьесаның үлкен шығарма бол қалыптануына кемшілік келтіріп тұр.

Екінші кемшілік — жақсы адамдардың тұлғасы да үлкен емес. Олардың басынан кешетін халдер мен оқиға түйіндері әсерлі бол көрінсе де, дәл Мұрат, Алтынай, Айшалардың өздері ішкі-тысқы мүсін — тұлғаларымен ірі адамдар бол көрініп тұрған жоқ. Бастарыңа күн туған,

жазықсыз ғана жандар, жаның ашиды, жауларына зырының қайнайды, «жолдары болса екен, жау тыриғынан күтүлса екен, байғұстар» дейсін. Бірақ содан әрі, басқа, оғын, жетекші — мардымды талабын көрмейсің. Бұл жағынаң қараганда Мұрат та — бір көрінген тұлғасынан әрі басып, өсіп, шырқап кетпейді. Пьесаның басты кемшіліктері осы жағынан сияқты. Автор да, театр колективі де бұл кемшіліктерді жоя отырып, «Әзірет Сұлтанды» дінге қарсы пропагандалық маңызы күшті құнды спектакль етіп шығарар деп сенеміз.

Академия театрының сахнасынан көрінген спектакльге, театр еңбегіне келсек, бұл жөнінде жалпы алғанда театр колективі тағы бір жақсы еңбек етіп шығарған сияқты, әсіресе, ең алдымен режиссер Насонов жолдастың еңбегін атап өту керек. Оған «Әзірет Сұлтан» материалы өте бір алыс, таныс емес жат материал еди. Соған батыл кіріспіл, бастаң-аяқ мықтап зерттеп, жете танып алыш, жазушыны да, актер колективін де дұрыс бастай білді. Қазірде қазақ зрителіне, бұрынғы өмірдің бір саласын, зиянды, дерпті болған саласын анық, шыншыл суреттерден көріп-танауга жәрдем етерлік реалистік спектакль жасап шығарды. Оның осындай өзіне ауыр, жат материалды жақсы баурап шыққандығы қуанарлық іс.

Екінші көзге түсерлік жақсы еңбек — суретші Қандайды жолдастың еңбегі. Түркістан мешітіне барып, өз көзімен танысып, осы постановка үшін әдейі бірқыдыру зерттеу жұмысын жүргізгендігі суретшіге үлкен жәрдем еткен. Ол мәдениетті суретші есебінде өзінің бірқыдыру еңбегінен жақсы нәтиже шығара білді. Қөрушіге Түркістан мешітінің сырты да, іші де өз қалпында, дәл суретtelген тәрізденді.

Театр колективінің соңғы кездегі үлкен жетістіктерінің бірі — жас, талантты артистерді көтермелеп өсіру ісін алға тартқандығы, Қазақстан искусствоына қырсығын тигізген үлтшыл-фашист сұрқиялардың зиянкестік зардабын қалдырмай жоюдың шарасын көздел отырғандығы.

Алтынай роліндегі Айша, Бекбау роліндегі Әмір Қамзинов, ақсақ кемпір роліндегі Сағындыкова үшеуі де жас актерлер. Бұлар «Әзірет Сұлтаңдағы» істерімен бұдан былай үлкенді-кішілі рольдің қайсысын болса да мығым атқара алатындығын мейлінше танытты. Таңатар роліндегі Сейполла да қона кеткен, сүйкімді, түсінікті

образ жасады. Және өзін белгілі актерлік машиғы бойынша, халыққа оқай сүйгізетіп образын көрсетті.

Біздің актерлер үшін бұл пьесадағы халендер, қожа, молда, ишан дегендер тегі бір қын материал еді. Жас актерлердің ешқашан көрмеген, білмеген ғаламаттардың барлығы осы пьесадан жолыққан. Молдалардың тілі, ұсқыны, отырысы-тұрысы бәрі де біздің жастар үшін алыс заманның, алты қырдың астында қалған дәуірдің суреттері секілді. Сондықтан ол кейіптерді ойнау ешкімге де оп-оқай емес. Әсіресе, соның ішінде Ақишанды ойнау қын. Бұл ретте артист Абаев көп ойланып, көп талаптанып, бірқыдыру көрнекті енбек сіңірген сияқты. Салмақты дерлік, ұқсарлық образ жасады. Бірақ осымен қатар қазірде кем соғып жүрген бір сахнасы бар. Ол Шайхыны өлтіру сахнасы. Астарлы, екі жұзді, сайқал, құбылма ишан бұл сахнада пьеса бойынша өте зымиян міnez жасайды. Ал, Абаев, дәл осы жалаң қабаттап, сүйкітау ғып ойнайды. Осы арасын өсіріп ойнаса, пьесаның құрылыш шеберлігі де айқындана түсер еді. Қазірде сол сахнаның мағынасы көрушілерге жеткілікті болмай, жадағайлау түр.

Пьесадағы үлкен кісінің бірі — Мұрат. Мұны ойнаған Жағда — біздің жас актерлер ішіндегі ең көрнектісінің бірі. Өз орнында, көп жерде ойнаған ролін ойдағыдай шығарумен қатар, Жағданың Мұраты кейде солғындау соға береді. Бір есептен бұл пьесаның кемшілігінен де болу керек. Мұрат үлғайып, өспей қалады. Көп дәмеленіп, аз дәрмен жасап, құба төбелдеу қалатын сияқты. Жағданың сахнадағы образы да осылай. Жазушыға актердің еткен көмегі көрнекті бол көрінбейді.

Өзге қатардағы рольдерде — Шайхы ролін Камал ойдағыдай атқарды. Пьеса берген материал бойынша оның ойынына қосар да жоқ, алып тастар да жоқ.

Бұл спектакль — Академия театры үшін жақсы жаңалық. Әсіресе, Асқардай талантты автордың театрға келуі — жаңалық. «Әзірет Сұлтан» пьесасы Асқардың барын көрсетпесе де бұдан былай мықты, қызық пьеса жаза алатын мүмкіндігін, өрісін көрсетті. Асқар драматургияның өзге үлгілерімен қатар, бүгінгі қазақ сахнасы қатты сусап, тілеп отырған комедия жанрларын жақсы ғып кетер деген үміт туғызды.

АРДАҚТЫ ЖӘКЕ

Еңбек баласының шын айы-күні болған Совет дәуіріне дейін өзін көрген қыруар халықтар мен көп замандарда адам дегеннің аса қатты қорқатын екі заты бар еді. Оның бірі кәрілік, екіншісі өлім болатын. Сонда және қай буының алсаң да баяғының бері де бітімсіз араз болғанда кәрілікпен болушы еді. Өмірге күле кіргізген жастық десе, құңірене кетірген кәрілік дейтін. Мазағы да, зары да, қорқытқан құқайы да, қор тұтқан, корлағаны да сол кәрілік еді. Қерінің тірлігін қаранды, жымжырт кешпен теңеді. Өмірдің бейуаға, зауал уағы деп атады. Қеріден үн шыкса бай-бай шал деді, күрсініп туңілсе, кей-гөйін тартты деді.

Міне, осының берін «өзіңмен кет» деп серпіп тастап, кәрілігін кәдірлі еткен ұлы дәуренниң даналығына қуанып, шарқ ұрып дабыл қағып келген бүкіл союздың жана адам, жас қауымына асыл аға сен болдың. Бұрынғының кәрі өтпес деген кәрілігін ең алдымен, шынымен жеңген алып кәрі сен болдың.

Социалистік отанның, жаңа адамның жаңа үрпағы — кәрілігінің өзінде де алмластай аға білсін деген ұлғі бастап отырысың. Өмірдің шәрші өрінде де қасқарып ұшып самғай біл деп ұран ұстап, атой беріп отырысың. «Қәрілікке не дер екен, тоқсанға келе тоқырар ма екен, қайтер екен?» дегенде дәл сол тоқсанның өзінің жотасына шығып ап, белінен баса тұрып әлемге атың шыға, жәй тасындај жарқырадың. Тоқсанда топтай атылған карт, асыл аға, сенің жырың, біздің ұлы заманымыздың, Совет дәуірінің терен мағыналы ең асыл ескерткішінің бірі.

Кәрілік жеңбеген сені өлім де жеңбейді. Сенің атың ұлы заманың ұмытылmas атының бірі екенінде күмән жоқ.

Жасы кәрі, жаны жас, аспандай шыққан әні жас Жәкең, сен әрі әкеңнің әкесіндейсің, әрі шөберенің құрбысындайсың, әрі болашақ үрпак тұрғысындайсың. Фасырларды көктеп өткен даналық тірлік осы да.

Бір тоқсан емес, сан тоқсандық өлмес, өшпес тірлігіне сенген інің — Мұхтар.

ЖҮМБАҚ ТУРАЛЫ

Жұмбақ — халық шығармаларының ішіндегі ең ескі түрлінің бірі және барлық жүрттың фольклорына ортақ түр. Әуелгі туысы аргы, ерте заман болғанымен, жұмбақ бергі замандарда да, тіпті бүгінгі біздің дәуірімізде де керектік қасиетін жойған жок.

Қай кезді алсақ та жұмбақ өткір, үшқыр сөз есебінде халық ортасында бағалы болған. Жұмбақты халықтың өзге тапқырлық сөздігі қатарында саяси құрал есебінде тап жауында қарсы қолданылған орындар да аз емес.

Сырт қарағанда, соңғы уақыттарда жазба әдебиет күшесінен қатар жұмбақ азайған шығар деген ойлар болушы еді. Анығында бұл теріс бол шықты. Жұмбақ қазақ халқының арасында да және одақтың басқа барлық халықтарының арасында да, әлі күнге тыңнан туып, молайып дамып келеді.

Олай болса халықтың жұмбақ деген фольклор қорын жинап басып, тексеріп тану, ғылымдық зор міндет болады.

Бұрынғы халық нені жұмбақ еткен, қазіргі халықтың кезіне тартып, көнілін бөлген заттар не? Осы жайларын салыстырып қарағанда, мән-мазмұнын ғылым жолымен түсініп алуша үлкен мағына бар.

Жалпы жұмбақты — сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы, дәні тәрізді, бұл жақтарынан тексеріп, тану да ғылымдық міндет.

Жалпы алғанда жұмбақ тақырыбы адамның дүниен тану жолындағы азын-аулақ шама-шарқын білдіреді.

Жұмбақтың көлеміне кіретін заттар: табиғат жайы, адамның денесі, хайуанат пен өсімдік, бақташы, егінші елдің еңбек процесі, еңбек құралы, азын-аулақ техника жайы сияқтылар болады.

Осы аталған жайлар еңбекші халықтың өзіне жанасын жақтарынан ғана алынады. Жанды затты алса өзімен көп кездесетін қасқыр, түлкі тәріздісі алынады. Малдың төрт түлігі бірдей көп айтылады. Ұсақ жәндіктер: бит, бүрге, шыбын сияқтылар және солармен адамның алсысуы айтылады.

Жыртқыш аңының кейбірі, қол машина қастық ететін қылышымен алынады.

«Сарқыраманың ар жағында, Сылдыраманың бер жа-

ғында маңыраманы ұлымға жеп жатыр. Қынымадан жаныманы әкел», — деген тәрізді.

Мұнда қасқырдың шаруаға келтіретін залалы көрсетіледі. Сонымен қатар жұмбақ өзенді, қамысты айтады.

Жұмбақтың осылайша бір емес, бірнеше нәрсені санап, кеңірек қамтып кететіні де бар. Бірақ, бұл ұдайы кездесетін жай емес. Қебінесе, жұмбақ жалпылап айтқанда, жекелеп, бөлшектеп және дәлдеп тұрып айтуды тәуір көреді.

Шаруашылық түрлері мен заттарын бас-басына анықтап, атап айтқанда соның әрқайсысының ұсақ бөлім-бөлшектеріне де (детальны) айрықша көніл бөледі. Мысалға сиырды алсақ: жұмбақ сиырдың өзін сөз қылумен қатар, мүйізін де, сүтін де, емшегін де айрықша, жеке-жеке сөз қылады.

«Төсек астында тәрт бауырсак»
(сиырдың емшегі)

Жұмбақ өзге фольклорға қарағанда бітімі бөлек, ерекше затты деректі сөз. Сол деректілікті сүйетіндікten жұмбақ әр заттың жағдай, бөлім-бөлшектеріне көбірек көз салады. Сонда және халық өзіне керекті жақындығы бар заттарды көбірек жұмбақ етеді. Мысалы ауылдағы шаруаның қолына ұстайтын аспап-құралының ішінде жұмбақ етілмейтіні жоқ. Және неше сакқа мінгізіп, неше алуан етіп жұмбақтайды. Сол ретте ер-тұрман, жегу сайман, қауға, құдық, арба, шана сияқтылар талай-талај жұмбақ етіледі.

«Кішкене ғана тостаған
Лақтырып мені тастаған»
(Узенеі)

— «Ізі бар, қадамы жоқ аяғының,
Тимейді ұшы жерге таяғының,
Кос қолды хайуанға арта салып,
Салады әуезіне баяғының».

(Арба)

Барлығы да өте деректі нәрселер. Осы сияқты адамның өзін жұмбақ еткенде де құр «адам» деп, кесек тұлғасын бірақ алып, айтып қоймайды. Оның бар денесін, бар мүше-мүсінін түгел санап, жеке-жеке жұмбақ етеді.

«Ал енді мен берейін жұмбак сайладап,
Дүлдүлді сахараға қойдым байлап.
Бұлбұл құс отырады үйде сайрап,
Бір гауһар қойнымызды тұрган жайнап.
Жел соқса жанып кеткен өрттей қаулап,
Ақылпаз болсаң асқан, терең болжап
Не нәрсе осы айтқаным мәнісін тап».

Шешуі:

«Болғанда ақыл дәриян, кеуден дүлдүл
Күніреніп сайрап тұрган тілің бұлбұл,
Қойныңан шықкан гауһар екі көзің,
Соққан жел дауылпаздай айтқан сөз дүр.
Дәрияның жанып кеткен құрактары,
Адамның қатты шықкан ашуы дүр,
Сауалың мәні солай, саны түгел».

Барлығын шешкендегі мәнісі сол, жұмбак топтал, жалпылап, айтпайды. Жалқылап, сарапал, тарам-тармағына бөліп айтады. Мал, аң деп тоқтамайды, қой, сиыр, түйе, қасқыр, түлкі деп атап айтады.

Жұмбак өзінің сөз қылған затын әр алуан түрде суреттейді. Кейде нәрсені көзге көрінген көрінісінде қарап сипаттаса, кейде сол нәрсенің құлаққа естілетін дыбысы на қарай бейнелейді.

«Карашы тауым қарлы болады,
Бір жауса кетпейтүғын зәрлі болады».

Бұл түске қарап айтқаны. Ал:

«Әуеден күбі түсті,
Кубінің түбі түсті».

дегені — күннің күркіреуін дыбыс белгісімен суреттегені.

Жұмбактың көп кездесетін тағы бір ерекшелігі, заты жақын нәрселерді қосарлап, парлап айту. Қол мен аяқ, қыс пен жаз, күн мен түн, күн мен ай деген сияқты.

«Біреудің бір ұлы бар және қызы,
Біледі ол екеуін дүние жүзі.
Ұйықтайды ұлы тунде, қызы күндіз,
Жүргенде білінбейді басқан ізі».
(Күн мен ай)

Дүние тану жолдарын еңбегіне байланыстырып, осыдан барып қорытынды жасайтын халық, көп жұмбакты

нәрселердің неден істеліп, неден пайда болғанын айтуға арнайды.

«Өз елімде шөп едім
Желкілдеген боз едім.
Қолға түстім қылдым,
Он жерімнен буылдым».
(Ши.)

Барлық халықтың жұмбақ атаулысында, әсіреке, айқын көрінетін бір ерекшелік: нәрселерді қызметіне қарай сипаттауы болады.

«Ә, керемет бір ит бар,
Үй бағады үрмейді,
Аяғы жок жүрмейді,
Рұқсатсыз ол иттен
Адам үйге кірмейді».
(Кұлып.)

Әсіреке, аса ерекшелігі, адамның өз мүшелерін жұмбақ етуде көп байқалады:

«Атқа мінбейді, жаяу жүрмейді,
Күніне мың шақырым жерге барып келеді».
(Көңіл.)

Бір нәрсенің қайдан пайда болғанын, неден істелгенін айтып және өзінің не міндеген атқарып, не жұмысқа арналғанын көрсету арқылы жұмбақ сол нәрселердің барлық жайын баян етеді. Нәрсенің барлық болмысының диалектикасын білдіреді.

«Есікте жасауыл бар екі қатар,
Барғанды ұрып-соғып, қан қақсатар,
Ол адам жәбірленіп түрғанында,
Біреу кеп ар жағынаң әрі тарттар.
Алып барып онан соң қинар жанын,
Кездіріп талаі өзен, сайдан бәрін.
Ләззатын сол сыйлары алып қалып,
Шығарып тастайды екен ғазиз тәнін».
(Тамақ, асқазан.)

Кейде осы ретпен жұмбақ бір нәрсенің тіршілігіндегі барлық ұзын жолын әдемі баян етеді. Мысалы, адамның өмірін:

«Таңертең төрт аяқпен,
Түсте екі аяқпен,
Кешке үш аяқпен жүреді».—

деп суреттейді.

Осымен жұмбақтың сөз қылған жайларын алсақ, ол бірдең пәрсей анықтай айтады, екінші — қайдан шыққан нәсілін айтады, үшінші — оның атқаратын міндеттін айтады, болмысының диалектикасын баяндайды және жұмбақ пәрсelerді қосып, парлап бір-біріне жасайтын қарым-қатысы арқылы суреттейді. Осы жайлардың барлығын жұмбақ және де ақындық сөзбен, теңеу, салыстырумен келтіреді.

Жалпы жұмбақ деген фольклор түрі қай жүртта болса да оншалық терең зерттеліп, жете танылған түр емес. Сондықтан мұндағы қоғамдық сыр, мазмұнды орнымен толық бағалаған еңбектер жоқтың қасы.

Ал анығында көп ескі жұмбақтың өзіне қарасақ та, солардың көпшілігін шыгарушы, айтуши еңбек елі екенін ап-айқын түр. Бақташы, егінші, неше алуан кәсіпшілер және өздерінің күндегі сайланысып жүрген заттарын сөз қылады.

Халықтың жұмбақ ішіндегі сөз қылғап заттары әрдайым бір қалыпты қатып тұрған зат болмайды. Бір пәрсей істеуші, бір міндетті атқарушы, үнемі қозғалыс, қимыл, харекет үстіндегі заттар болады. Мұнда да көп мағына бар екені даусыз.

Дүниені еңбек арқылы танитын еңбек адамы өзінің бүйім заттарында, маңайдағы жанды-жансыз дүниені де осындағы харекеті арқылы таниды. Сол арқылы еске алады. Бұл жағынан қарағанда бірталай жұмбақтар адамның табиғат, тіршілік жөніндегі бұрынғы ескі түсінігі мен кейінгі замандардағы өнерленген түсінігінің екі арасындағы айырмыстарды көрсетеді. Қөп-көп елдердің ай, жұлдызы, жер мен көк жайындағы ертелі-соңғы жұмбақтарын жалғастыра қарасақ, баяғы заманинан бері қарай адам баласының жалпы тарихы басып өткен әлденеше шаруашылық қоғамдық сатылардың ізіп байқаймыз.

Бір кезде айды айғырына, жұлдызды үйріне теңесе, тағы бір жұмбақта:

«Қөп бауырсақ ішінде бір қалаш».—

дейді, немесе:

«Жабық астында жарты күліс»,—

дейді. Кейде айды «сары поднос» деп те жұмбақтайды. Бұл бір мысалдың өзі де қазақ халқының тіршілігіндегі шаруашылық сатыларын білдіреді.

Кейде осымен қатар табиғат көріністерін адамның өз тіршілігіндегі туысқаңдық, қаңдастық жігімен салыстыру да кездеседі. Ондайда әке мен бала, шеше мен қыз, аға мен қарындас, ұл мен қыз деген сияқты егіз екі жайлар қосарланып жүреді. Жоғарыда күп мен айдың бір үл, бір қызы мен шендестіру осының мысалы.

Бұрынғы кездегі қоғамдық тіршіліктің сорақы белгілеріне мысқыл, мазақ сөздерді көп айтатын сыншыл, сергек ойлы халық кейде дін иелерін мазақтайды.

«Ку ағаштың басында құтырган адам айқайлайды» деп, азан айтқан мәзіндегі әжуалайды. Зат атаулының барлығын еңбек жағдайымен, еңбекке байланысты бітім тегімен байланыстыра қарайтын халық, жұмбақ атаулының мазмұнын өзі шешіп береді. Жұмбақтың қоғамдық, тарихтық, мәдениеттік негізін сол еңбекке байланысты болған іргесіне, төркініне қарал талқылау керек.

Қөп елдің жұмбақтарында үқсас келетін бітімі де бар. Ол бұрынғы өткен шақтағы шаруашылық, қоғамдық құрылыштарға үқсас болған себебінен. Сонымен қатар бүгінгі жаңа жұмбақтардың ішіндегі теңеу, салыстырулардың үқсас кеп тұратындығы тағы бар. Мысалы: жаңа жұмбақтарда тракторды, паровозды ат, тұлпар деп теңестіру, аэропланды құс деп сипаттау халықтар тіршілігіндегі шаруашылық іргенің бір негізге құрылғандығынан.

Қай елдің тарихын алсақ та, жұмбақтың бұрынғы кездерде өзінше үлкен орын алғанын байқаймыз.

Кейде бүкіл бір ертек жұмбақтан туады. Әңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады. Ертеде ердің даналығын, жүйріктілігін жұмбақпен сынау машық болған. Ескі грек жүртің атақты Әдип жайындағы қайғылы дастаны Сфинкстің жұмбағынан басталады.

Қазақта күйеу таңдаған дана қыз жұмбағын шешкен кісіге тием деп серт береді. Бертіп келе жұмбақ, қазақ ақындарының айтыс өлецімен көп орын алатын болған.

Жалпы жаңының деген сөз түрін халықпен бірге, сол халықтан шыққан ақындардың көп пайдаланатынын көреміз. Жұмбақтың өзіндегі ақындық, көбінесе едәуір күшті ақындық болады. Сондықтан ақындар жұмбақ үлгісімен хор айтуды әдейі таңдамалы түр есебінде қолданады.

Қазақ ақындарының жұмбақты жақсы бағалауы арқа-

сында біздің көп жұмбағымыз өлең бол айтылады. Жұмбағы ғана өлең емес, шешуі де өлеңмен келетіні толып жатыр. Жұмбақ халық сүйетін, көпке жайылғыш сез болғандықтан, бұл түрлі қанаушы таптың пайдаланғысы келгені де бар. Олар өз үгітінің бетімен дін, құдай, көк өгіз, пайғамбар, патша, сұлтан, төре деген сияқтыларды көп қыстырады. Бірақ бұл жұмбақтар сезі асыл, тенеуі дәл, ақындығы әсем келетін халық жұмбақтарындай емес. Тілі мақау, тегі шикі, құрғақ жамаулар.

Біздің уақытымызда жұмбақ өз бағасын жойған жоқ. Жұмбақты мектеп балалары тілге үстарту мақсатымен тексереді. Жастар ойын-сауық кештерінде әлі де ермек етеді. Ата-ананың жас балаға беретін тәрбиесінде баланың ойын тапқырлыққа баулу үшін жұмбақтың көп пайдасы бар. Жалпы совет көлемінде шығатын қабырға газет пен бірталай журналдарда да жұмбақтың көп орын алатыны бар.

Мұның бәрі жұмбақтың халық шығармасы есебінде әлі күнге қадірлі екенін көрсетеді. Оның тағы бір зор белгісі бізде Октябрь революциясынан бері қарай шыққан жұмбақтың санынан әсіреле айқын көрінеді.

Тіпті бүгінгі қала мен колхоз тіршілігінде көпке мәлім, көпке жәрдемші болған өнер туындысының аталмай қалғаны жоқ деуге де болады. Бұл жай жұмбақтың қазірде ерекше қаулаپ өсіп, молайып келе жатқандығын көрсетеді.

Социалистік дәуірдегі советтік мәдениеттің халық әдебиетін, фольклор түрлерін бұрынғы қалпынан анағұрлым дамытып, өсіре түсетіндігіне бұл жұмбақтар мысалы да өте бір айқын, даусыз айғақ.

Жоғарыда айтылған ғылымдық негізгі ерекшеліктерінен басқа бізде жұмбақтардың өлеңді түрі көп. Бұл жай қазақ жұмбақтарының поэзиялық бітімін айрықша бір проблема ретінде зерттеп, талдауды қажет етеді.

Біз бұл жайдық тексерулер мен қорытынды пікірлерді қазақ тіліндегі жұмбақтар көбірек жиылдып, молырақ басылумен қатар жүргізбекпіз.

ЗОР БАҒАЛЫ СЫЙ

Бүгінгі күн үкіметтен зор бағалы сый алып отырған біздің достарды мен шын жүректен құттықтаймын. Қазір жазушы атаулы барлығымыз осы тамаша жаңа хабардың әсеріндеміз. Сүйікті ұлы Отанымыздың көп тілді, бір мазмұнды совет әдебиеті үшін зор қуаныш қосылды. Ұлы Одақтың бар жерінен шығып бүгін мынадай сый алып отырған барлық достар, барлық қалам серіктеріміз үшін қуаныштымыз. Салт-сана жүзінен, көркемдік тәрбие жүзінен Ұлы Октябрь өсірген совет халқының талантты, адал ұлдары Ленин идеясына өздерінің беріктігін дәлелдеген еді. Олар бақытты. Бақытты болғанда — тамаша еңбектерін Ұлы Отаны, партия, совет жүртшылығы танып, сүйіп, қадірлеп, бағалағандықтан бақытты.

Дәл осы күндерде шетелдерде, фашистер зұлымдығы басқан мемлекеттерде халықтардың ең ардақты талантты ұлдары қуғында. Терен ой, көркем, өткір өнердің иелері фашистер үстемдігі жүрген елдерде құлдықта жүргендегі біздің бауырлас, көп ұлтты социалистік Отанымызда партияның әкелік бейіл, назары арқасында барлық азат халықтардың жазушы ұлдары өз Отанының құрметіне ие болып отыр. Халықтың адаптациялық ұлы, совет мәдениетінің қайраткері, өршіл ақын өз журеңінің соғуын социалистік отанының ұлы жүрекінің соғуымен үндес, үйлес деп сезе алса, көрсете алса, сонысымен сүйіндіре алса, жазушы үшін одан ардақты, одан жақын не бар. Жазушы үшін одан зор идеал, одан биік бақыт бола ала ма?

Біз, қазақ совет жазушысы атаулы, бүгін өзіміздің тәрбиешіміз — ұлы совет жүртшылығымен бірге орден алған жазушының әрқайсысы үшін де қуанамыз. Олардың әрқайсысының шығармалық жеке еңбектерімен катар, барлық тамаша совет әдебиеті үшін қуанамыз.

Сол жалпыға ортақ қуаныш қазір көз алдымызда отырған сый алған қазақ жазушыларын көргенде, әсіресе жалынды, жақын қуаныш болып сезіледі. Бұрын екі орден алған алып картымыз Жамбылдан бастап, мына бүгін қосылған Асқар, Әбділда, Тайыр, Әлжаппар және Саяділ — барлығы да өздерінің көркем шығармалық еңбектерімен біздің советтік әдебиетіміздің мақтаны болып отырған адамдар.

Еңбекші қазақ халқының ұлдары, Октябрь өсірген үлдар — бұлар өздерінің үлгілі, талантты еңбектерінің орайына қазір зор бақытқа жетіп отыр. Ол бақыт — Отаның бұлардың еңбектерін тануы, суюі, зор бағалауды.

Енді осы ұлы сый үлдардың бұдан былай да осындаи қасиетті еңбек жолында адымдап өсуіне кепіл болсын. Идея жағынан зор бағалы, көркемдік жағынан мінсіз, шебер және зор мәдениетті поэма, әңгіме, роман, пьесалар шығаруларына себепші болсын. Тамаша еңбек жолында Лениннің ұлы идеяларын іске асыру жолында табаны таймай, шарықтап өсулеріне себепші болсын.

1939

ӘБДІЛДА АҚЫН

Ақыннан оқушының, сынның, жүртшылықтың қолқасы не? Аз айт, көп айт — есте қаларлықтай айт. Бой шымырлата айт, ой сала айт, толғанта біл. Ол үшін өзің толғанып айт, шабытпен (вдохновениемен) айт. Бұрын естілгенді, мәлімді көпке мәлім түрде, екінің бірі қолы жетерлік түрде жалынсыз, жансыз айтпа — қайтала ма, қайта тебін деме. Сары жүртқа қонба. Шиір бар да, соны бар. Шиір баспа. Поэзияның көк қасқа, мәлдір бұлағы бар. Тереңнен, жүректен, қайнар көзден шығып жатқан, жайнай акқан тас бұлак. Сол соныға аяғы жеткен барады, сол бұлактан қолы жеткен іshedі. Міне, сүйген ёл, сүйсіндірген күнінді, күпдей жарқын ерінді жырлағанда «қойшы қоңыр» бұлкекке салмай, «ит жортакқа» салмай, ескектеп есіп, шалқи біл. Сөзің жүргегінін, қан тамырыңың соғуындаі лүпіл қақкан, тыныс алып, бусанып түрған шының болсын. Жырың — асылды шақпақ тасқа үрғандай үшқын төгіп түрған өзгеше және өзіндікі болсын. Ол үшін тағы да терең тебіреніп айт, шабытпен айт. Әбділданы оқығанда, тыңдағанда осындаи шыншыл, тыңды айтатын және іштей үлкен толғануы бар жалынды ақын деп сезінесін. Себебі күшті ақын. Ол Отаның етбауыр жақын анасындаі сезініп, шымырай, шырқай сермей алады. Жауға, жаулыққа қаптаса ширыға, кектене, ызалана соқтығады. Бұрын-

ғы мен бүгінгін, бүгін менен келешектің жалғасқан, астасып қайнасқан ұлы арқауын айтам десе, толғана жырлап, соны сарын, әсерлі әсем саз таба алады. Ол халық мұрасынан өзінің поэзия бесігін мықтап тауып, сонымен іштей үнемі жалғасып, үнемі көз алдында сақтап отырғандай көрінеді. Бұл жалғас, біздің Асқар, Тайырда да бар. Бірақ осы үшеуінің сол жалғасы үш алуан. Тайыр өзінше, Асқар о да өзінше, Әбділда және басқаша жалғасады. Қыска, айқын белгіні айтсақ, Әбділда жаңа үлгімен, оптимистік екпінмен толғанатын ақын. Сонда «толғау» сазын сапаландырып, өсіріп, жаңғырта дамытып әкетіп бара жатқан ақын. Соны революция лирикасына айналдырып, қазақтың социалистік поэзиясына әсерлі, сапалы көркем бір ағым кіргізіп келе жатқан ақын.

Оның үстіне Әбділда советтін басқа барлық жазушы ақынның тел емген ақын, халық пен мәдениетті совет поэзиясынан, классик поэзиядан барынша, молынша тәрбие-тәлім алып өсіп келе жатқан ақын. Мұнысы мәдениетті ақын болуы, Әбділданың, әсіресе, өзгеше ірі қасиетінің бірі. Бұл жолда ұзак өріс, үлкен өнім табатын, сонысымен бүгінгі советтік қазақ поэзиясын тағы да көркейте түсіп, алқуран әдемі, әсем жаңа белге, жасыл соны белге шығарарлық серпіні бар. Дүние әдебиетінің класиктерінен Гейне, Шевченко арқылы, совет поэзиясының аса ардақты, әсерлі, ыстық отты ақыны Эдуард Багрицкиймен көп иық сүйескендей болады.

Озге жас ақындардай Әбділданың да бергенінен береңшегі, бүгінгі табысы-жекісінен келешегі, әсіресе көп үміт еткізіп, көп көрік күткізеді.

Әбділда дәл қазірде сол келешек өнімді еңбектерге құлашып кең жайып, үлкен әзірлік үстінде түрған сияқты. Соңғы жыл жарым, екі жылдың творчестволық жайті сондай. Осы мезгіл ішінде ол ақындық туындысы етіп «Екі жиһанды» берсе және өз шығармаларының ішінде аса бір көркем, күрделі еңбек болғалы түрған «Күрмангазы» поэмасын жазып келе жатса, осылармен қатар ол биылдар прозага да және әсіресе, драматургияға араласты. Өзі шақтап, бірақ шындалпайтқанда поэзиясын: «жазушылығының басы деп санаймын» дейді. Мұнысы «болдым», «біттім» деп жеткеніне жетісіп, бөгіп қалғандық емес, енбекке, өсуге, ұзактап өрістеуге өзіне-өзі путевка белгілеу. Қоғамы, Отаны үшін ететін зор сапалы

еңбекке шабыттанып, алға қарай бой ұрып, қайрат, от жиып айтып отырғаны. Бергенімнен берерімді асырсам, ұлғайтып, терендетіп әпкетсем деген оптимист ақының жүртшылығы мен өз күшіне мықтап сенгені. Дами сөйлеген, өрлей өскен жазушының програмы.

Мен Әbdілдамен драматургияда аз уақыт бірге қосылып жазып көрдім. Соны, жаңа жанрда алғаш жазғаны сол болса да, осы бірге істескен еңбек үстінде Әbdілданың шалым-орамын, талант-тәжірибесін толық та-нып, шын бағаладым.

Әbdілданың әзіргі ең жаңа жанры проза. Ол «Тұыс-қандар» деген роман жазып жүр. Мұның да әзір жазылған бірнеше жерлеріне қарағанда роман шығады, мей-лінше шығара алады деп сенемін.

Рас, Әbdілда бұл соңғы жанрларда әлі толық шыны-ғып, пісіп болған жок. Ол жөнде жаңағы өзі айтқан, өзіне-өзі белгілеген өрісін шын мақұлдаймыз.

Сол ретте поэзияда сюжетті үлкен поэмалы қамты, «Депутат» деген пьеса жазбақсың — онда совет интеллигентінің үлкен бейнесін бер, прозада идея жағынан зор салмақты, көркемдік жағынан шын шебер, мінсіз роман, әңгіме бер дейміз. Соны шындал, мәдениетінді өсіріп өзіңе-өзің қоятын, жүртшылықтың қоятын талап шартты, жауапты түрде сезініп, бұл күнге шейін жазғына тойып, қанағаттанып қалмай, еңбек етсең — жаңағы айтқаның бәрін де бересін, сен шын бере аласың деп сенеміз.

1939

ЖАҚСЫ СЫНҒА ЖАН ПИДА¹

«Социалистік Қазақстан» бетіндегі соңғы мақаласында Сәбит Мұқанов жолдас біздегі көркеменердің бір курделі мәселесін қозғапты. Орынды көтерілген мәселе. Қеңінен ойланып, дәлелді, негізді сындар айтып, қортындылар жасауды керек ететін мәселелер.

Осы сияқты негізгі, курделі, жалпы мәселелер жайында мен айрықша мақалалар жазамын. Ал бұл жолы

¹ Пікір алысу ретінде.

Сәбит мақаласының арнаулы бір саласына ғана тоқтамақпын. Ол «Айман — Шолпан» жайы. Бұл мениң жауптылығыма жататын мәселе болғандықтан, жүртшылық үшін әуелі өз тәжірибем жөнінде алдымен жауап беру, әсіресе, қажет деп білдім.

Мәселе халық қазынасын қалай пайдалану жөнінде фой. Бұның екі жолы бар. Бірінші — фольклордағы (мысалы, халық поэмаларындағы) адамдар мен сол адамдар арасындағы хал, харекетті бұлжытпай тек сахнаға ғана шығарып беру. Екінші жолы — поэмаларындағы адамдарын, мазмұнын кең түрде алу. Мұнда көбінесе поэмалық өлең сөзінен де ешнэрсе алынбайды.

Осы екі жолдың біріншісі — жазушылық еңбек емес, режиссерлық. Екіншісі — шығармалық еңбек. Біздегі қазір опера театрында журген халық поэмаларынан алынған пьесалардың бәрі де осы соңғы жолмен істелген. Совет әдебиетінің ескі мұраға өнімді жолмен баруы да осыны тілейді.

Сәбит бізге осы екі жолдың қайсысын қолайлы деп ұсынады? Онысын дәл басып айтпаған. Бірақ айтпаса да соңғы өнімді жолды о да қостайды деп білемін.

Ендеше, мәселе поэмалық мазмұнын өзгертудің өзінде ғана емес. Қалай қып өзгертуде. Адамдарының қайсысын алып, қайсысын алмауда емес. Қалай қып алуда. Тыңнан адам қосуда ғана емес. Кімді, қалай қосуда. Тартыстарын да поэмадан кең алу, тар қып алуда емес. Заманына сыйымды, қонымды және мағыналы, маңызды етіп беруде.

Жалғыз-ақ, халық поэмасының іргесін алғандықтан, ондағы «ақты» «қара» қып әкпетпе, «қараны» «ақ» қып әкпетпе. Еркін екем деп, ерсі кетпе. Поэма бір бетте қап, сен қарсы бетке шығып кетпе. Кең алсаң да, сонымен бір өнірде жүріп, кең ал деу керек. Міні, дәл осы жерге шейін Сәбит менимен үфисып кетуіне керек. Айрылысып, дауласқанда осыдан әрі қарай дауласады. Не деп дауласады?

Кінәсінің ен үлкені Кетібар басында. Және сонымен қоса күлкі, сықақ бол кеткен өзгелер жайында айтады.

Осы ретте бір түсінік бере кетейін. Сәбит «Айман — Шолпанның» алғашқы вариантын айтқанда, мақаласының басында оның қойылуы «қазақ музыкасының мейрамы сияқтанды» дейді. Бірақ сөз анғарына қарағанда ол мейрамға Әуезовтің ешбір қатынасы болмаған сияқ-

ты. Ол қойылған халық поэмасы дегісі келеді. Шынында ол «Айман — Шолпаи» 50—60 беттік толық, музикалы, нағыз пьеса болатын. Ол опера емес жерлерде ән-күйлі пьеса бол жүре алатын. Ал соңғы вариант опера көлеміне кіргенде пьеса емес, либретто болады. Ол 30-ақ бет. Ендеше негізді, әділ сынны сол шынды айтуға тиісті.

Екінші, мынау соңғы вариантта мешің толық жазуымда 80 бет. Толық пьеса. Ол әлі басылған жоқ. Оның негіз, мазмұн, маңызы да мынау либретто көлемінде ғана емес. Бірақ, әрине, жарыққа шықпаған соң, іште жатқан есепті. Сыншы көзбен көргеніне ғана жауапты. Рас, қатар жүрген, күнде көрісіп жүрген жазушысың, тым болмаса сынның толық болу үшін және автор кіпесі қанша, театр қоспасы қанша екен деп те бұл мәселеге көңіл бөлуге болатын еді гой. Бірақ Сабиттің пысанасы ол емес. Ол «Айман — Шолпанның» қазір опера екенін де, театр сахнасында екенін де былай қойып, жалғыз авторға қадалады. Онысына да көндік. Мен тілті «Айман — Шолпанның» алғашқысын да былай қойып, өзге жайларын да былай қойып, сыншыға аса қажет болған дәл либреттоға келейін.

Сөйтіп, мәселенің үлкені Көтібар туралы гой, Шындыққа қиянат бопты дейміз гой. Кәне, енді осы жайды сыншы айтты екен деп илана қалмай, оқушылар болып, жазушымыз, театрымыз, сыншымыз, авторымыз болып отырып, кеңірек, теренірек ойланап көрейікші.

Осылайша келгенде, біз екі түрлі Көтібарды білеміз. Біреуі — аз-мұзда болса тарихтан белгілі Көтібар. Екіншісі — халықтың салт (бытовая) поэмасы «Айман — Шолпаннан» белгілі Көтібар.

Тарихтағы Көтібарға келгенде, ол патшалық үкіметпен алысты деген үзын сарынның бар екені рас. Исатай қозғалысына алыстан да көңіл қосқан деседі. Бірақ дәл Көтібар бастап, Көтібар апарып, пәлен жерге жеткізіп тыңдырды деген үлкен күрделі істің дерегі жоқ. Исатай, Махамбетке ариалған халық жырларында Көтібар роль ойнамайды. Ал Көтібар аты Есест, Бекет қозғалысының түсында аталса, ол араны құр ғана борандатпай, ұғына түсу керек. Арғы-бергріні қосып былықтырмау керек. Царизммен алысқан үлкен іс Есет пен Бекетте анық бар. Әсіресе, Бекетте күшті. Бірақ ол бертінде, Бекет қозғалысының түсында Көтібар жоқ. Өлгенн. Дәл Бекет қоз-

ғалысына мениң қалай қарайтынымды, қандай баға беретіндігімді макаладан емес, шығармалық, жазушылық еңбегімнен сынау керек.

Мәселе Қотібар жөнінде. «Айман — Шолпан» поэмасы мен пьеса-либреттоның ішіндегі Қотібар — арғы кездегі Қотібар. Бұл тұста Есет жас бала — поэмада ол анық. Ал Бекет тіпті тумаған да. Жә, тіпті сол Қотібардың өзі де тарихта роль ойнаған Қотібар дейік.

Бұл арада «Правда» сынаған «Батырларды» алумен қатар, біздің салт-санда, тарих-мәдениет жөнімізде ұлы табыс есепті болған тағы бір-екі үлкен фактыны алайық. Мұның басы — СССР халықтарының тарихын жазу жөніндегі ескертү. Екіншісі — сол бағытпен жазылып шыққан «СССР тарихының қысқаша курсы» және БК(б)П тарихы. Осы еңбектердің кең аңғары бойынша, әрбір елдің тарихында болған оқиға мен адамдарды бағалағанда, соларды жалпы дүние тарихының даму жолындағы прогрессеп, алға бастыруышылық әрекетімен байланыстырып бағалау керек дейді. Грузия тарихын алғанда, ескі, қараңғы, реакциялы Иранға қарағаша, мәденисті ілгеріге бейімдеген Ресейге қарау пайдалы еді, артық еді дейді. Әрине, бұдан царизмге қарсы қозғалыстың бәрін қайта бағалау, қайта өзгерту, керісінше түсіру деген қортынды тумайды. Патшалықтың ханымен алысқан Исатай, Махамбет, Бекет халық үфімына өзгеше, басқаша бағалансын деп ешкім де айтпайды.

Бірақ сонымен қатар патшалықпен алысудың да алысусы бар. Алысушының да алысушысы бар. Бекет, Исатай бір түрлі алысса, алысқан. Ал Қотібар сияқты қозғалыска ат салысқандардың харекетінде және жеке бастарында да иеше алуан ішкі-тыскы қайшылықтар бар. Оны тарих жағынан терең зерттеп барып қортынды жасау керек. Тарих ғылыми әлі Исатай, Бекет, 1916 жыл қозғалыстарын толық, зор деп бағалай берсе де, Қотібарлар жайын анық шешіп берген жоқ. Бұл тарихи жағы болса, енді осы тарихпен қабысқан ел үфімына келейік. Ел үфімы — елдің поэмасында.

Жә, сол ел поэмасындағы Қотібар кім? Қалай суреттеліп, қалайша бағалапған? Әңгіменің күрделі жері осында. Халықтың «Айман — Шолпан» деген поэмасындағы Қотібарды әртүрлі түсінуде. Халық поэмасында патша үкіметімен алысқан Қотібарды алмайды. Менің либреттомда да ол Қотібар смес. Халық поэмасында көрсетіл-

ген Көтібардың мінез, харекеті мазмұн болады. Ендеше осы поэмадағы Көтібар прогрестік, жақсы іс істейтін Көтібар ма? Жоқ, ру басы, жуан бел феодал, реакциялық іс істейтін Көтібар ма? Рас, біздің сыншы Көтібарды баймен алысқан кедей демек. Бұл арада Сәбит не білмestікпен немесе біле тұра әдейі бүрған қиястықпен бір бекер сөзді айтады. Өлеңнен дәлел келтірген бол, Маман айтқан сөз бойынша Көтібар кедей дейді. Айтыс өлең-айтыс сөз үстінде мың жылқылы кісі — жұз жылқылыны «құрдым» дейді. Мың кісі соыйл соғары бар — жұз кісі барды «тұлдырып» дейді. Ол — сөз барымтасы. Көтібар екі қызы бар Маманды «ку бас» демей ме, сол сияқты. Болмаса бәйгіге ат қоса келген, қалың елі же-ті руды бастап келген, үйде тоқалы жатқан, тағы жас тоқал алғысы келген және Айманды кейін «алтынмен ап-тап, күміспен күптегендей» ырғап-жырғап ұзататын, өзі қалың руды «бір шыбықпен өргізіп, жусататын» Көтібар кедей еді дегенді кесіп айта кою оңай ма екен? Рас, ол Мамандай бай болмауы мүмкін. Бірақ одан әрі басып, кедей еді деуге мен Көтібардың малын санап келгенім жоқ.

Ал сонда да, бір сәтке Сәбит сөзін шын көрейік. Сүйтейік те қорғап байқайық. Елдік үшін емес, үй үшін, ру басылық намыс үшін Маманмен еgestі, шапты. Онысын да макұлдайық. Жә, содан әрі қайты? Маманнан шығып, жазығы жоқ жас қызды алып қашты. Жас әйелді қайғыға салды. Мұны да ақтайық па? Ол емес тіпті, зорлықпен алып қашудың үстіне, қатын қып, әлденешінші тоқал қып алмақ болды. Барлық халық поэмасы бойында Айман осымен алысады. Өзінің ақыл-айласымен ғана құтылады. Кәне, бұны тағы ақтайық па? Осы актау мен «суюіміздің» шегі бар ма?

Сәбитше шек жоқ. Өйткені ол «жұз жыл бойы халық сүйген Көтібар» деп өзеурейді. Жолдас Мұқанов, бұл араға келгенде сізге қатты айтуға тура келеді.

Бір шығарманың ішінде әрі зорлық көріп жылаушыны, әрі зорлық істеп жылатушыны бірдей сүйген ел көрдін бе? Окушы көрдің бе? Әдейі жалған айтпаса, қатар қостаған сыншы көрдің бе?

Халық Көтібарды феодалдық, реакциялық мінездің адамы етіп, жұз жыл бойы сүйіп өтпейді, жұз жыл бойы мысқыл етіп, күлкі етіп көрсетеді. «Өтпес жарлық — бойға қорлық» деген қорытынды жасайды. «Айман —

Шолпан» деп ат қоюы да сол жас қыздардың феодал зорлығы заманында шеккен азабы, зары қандай еді де генді білдіргені.

Тарихтағы Қөтібардың кейін өзге жағдайда жақсы ісі болғанмен, мынау оқиға сол Қөтібар басындағы үлкен қайшылыққа құрылған және халық мінеп-шенеп шығарған Қөтібар болады. Қара шоқпар, зорлықшыл, озбыр Қөтібар болады.

Ендеше мұраның да мұрасы бар. Жақсы көріп, алуға тұратын бар да, тұрмасы бар. Сен мұра деген осы екен деп Қөтібардың қара шоқпарына ғана жабысып, соны ғана сіресіп, құшақтап қаласың. Ақ бекен деп қарды атқан аңғал мерген боп қаласың. «Батырлар» сынын көре-біле тұра, автор сондағы зиянды пікірді әдейі қайталап отыр демексін.

«Сынай көрме» деп сенің қаламыңа ешкім жармаспайды. Бірақ айтпағыңды дәлелдеп, таратып алып, объективті келіп қорытсаң болмай ма? Сонда сен автордың осы либреттода өзіне қойған бағыт, мақсаты қандай, соны менгере алуды қандай? Халық поэмасының қайарқауын алып отыр, дұрыс алып отыр ма? Осы жақтарынан кеңірек қарасаң болмай ма? Ал мына түрінде сының күр «тас-талқан қылды» дегенинен басқа нені айтты?

Тас-талқан ба, жок, әлде «Айман-Шолпан» поэмасынан екі қыздың трагедиясын алып, сол желісін халық жырының аңғарымен өз түсінігі бойынша өрістету ме? «Батырлар» мен либретто екеуі бір араға қосылмайды. Және әдейі ананың қатасын көріп, соны әдейі барып қайталады демек — мәдениетті сын емес, ол сын пікірі емес, сыншап да, әдебиеттен де сырт жатқан, оларға жаңасы жоқ «пікірше». Автор идеясын сез де қылмай, ұғынбай да, ұғынғысы да келмей, күр белден шалып, «арсалан да — күрселең» деп аптығып кеп, жалған қортындыға үмтүлу — қара шоқпарға үмтүлу. Керегі сын емес, «жаптым жала, жақтым күйе» болғаны.

Жә, мен «Айман — Шолпанның» операдағы либреттосын түгел ақтаймын ба? Түгел мінсіз деймін бе? Жоқ. Қемшілігі бар. Мысалы, барлық — Әлібек, Арыстан неғе күлкі боп кеткен? Жарас неге жеткілікті боп, жақсы боп шықлаған? Қиім ауыстыру сияқты арзан күлкілер неге керек? Айман мен Шолпан кемшін емес пе? — деген сияқты талай мәселе жөнінде кемшіліктер барын сезе-

мін. Бірақ мазмұны жөнінде өз жауаптылығым басым екенін де мойынға аламын. Оны кең түрде, театр мен жазушылар жиынында талқылайық, ойға салайық, содан іргелі қорытынды жасайық деген ұсыныс жасаймын. Сол жиының үйғаруы бойынша қателіктерді қайта тузыруге әзірмін деймін. Тек сын атышан қиястық жүрмесін. Дәлел орнына далбай жүрмесін.

Біздің Орталық партия Комитеті мен Совнаркомның «Қазақстанда искусство мен әдебиетті бұдан былай да өркендету туралы» қаулысына қуанған кісінің біреуі мен. Сол қаулының негізгі нұсқауына сәйкес сапалы сынды жүртшылықтың өзіме анықтап айтып беруіне құштармын. Жақсы сынға жан пида.

1939

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭПОСЫ МЕН ФОЛЬКЛОРЫ

Қазақ халқының данышшаны, ақындық жан жүргөі болған кеменгер Абайдың: «Дүние үлкен көл, заман соққан жел, алдыңғы толқын — ағалар, артқы толқын — ішілер; кезекпенең өлінер, баяғыдай көрінер», — деген нақыл сөзі бар. Замана толқыны тарих теңізінің жағалауына көркемөнердің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырды. Бұл — бағзы заманнаи қалған архитектуралық ескерткіштер, грек храмдары, мысыр пирамидалары, қытай сарайлары, скульптура, лағыл тастар мен мәрмәрден жасалған кереметтер, откен дәурен адамдарының жай-күйін азыз етіп шертетін сурет пен музыка. Бірақ сол асылдардың асылы — адам баласының рухы мен ақыл-оюны барша үрпаққа паш еткен ескірмес, өлмес өшпес өлең-жыр.

Откен замандардың көп күйлерін сақтап келген сол бір асыл меруерттің сырын андал, ғасырлар құрдымына үңілсек, бағзы өмір қаз-қалпында көз алдымызда елес беріп кеткендей болар еді. Откен заман жайын шертетін өлмес, өшпес, дана шежіреші — эпос бізге ғасырлар тынысын жеткізгендей, сол кездегі жандар бейне бір тіріліп келіп сыр-сезімін, ойы мен шынын, үзілмес арманы мен бақыт аңсаған тілегін алдымызға жайып салғандай болар еді.

Бақыт іздең, ғасырлар бойына сахраны шарлап шарқ ұрган мұңдар жолаушы — қазақ халқы бізге архитектура мен скульптураның, сурет өнерінің ескерткіштерін қалдыра алмады. Бірақ ол бізге ең асыл мұра — жыр мұрасын мирас етті. Жыршы халық, ақын халық есте жоқ ескі замандардан бастап дарыған ақындық дарапалығын қапысыз жұмсап, өзінің рухын ұмытылmas әпостық дастандарында, сан-сан әралуан түрлі жырларында бейнеледі.

Қазақ халқының ақындық қабілет-дарыны өмірде ақынның ерекше типін туғызды. Бұл — біздің заманымызға дейін жеткен, бұрынғы ақындық қазналарды сактап келген әрі жыршы, әрі импровизатор ақын. Халық поэзиясындағы таңдаулы үлгілерінің туып, таралып, және осы уақытқа дейін сақталып жеткені үшін біз осынау ақындарға борыштармыз. «Жол анасы — түяқтан, сез анасы — құлақтан», — деп келеді қазақ мақалы. Ақын өз жанынан ғана жыр шығарып қоймаған. Ол қыз бен жігіттің, кәрі-жастың ойын-тойда, қоштасқанда, каза үстінде айтатып өлең-жырларының бәр-бәріне құлақ тосып та отырған. Сөйтіп, басқа мұраны да зер сала жинайтын кәрі құлақты ақындар өз жырларымен бірге халық арасынан естігеп сол жырларды да қоса айтқан. Кім шығарғаны бейімділүм өлең-жыр жалпақ даланың бір түпкірінен бір түкпіріне ғасырдан-ғасырға осылай тара-лып отырған.

Халық арасында әлдебір батырдың қоштасуы және соны жоқтауға байланысты таралған өлең-жырды алғашқыда бір ақын жинап, басын құрауы, сөйтіп түңғыш әпостық дастаңның тууына негіз қалауы ықтимал. Бір ақынның аузынан екінші ақынға көшкенде дастан толысып, оқиғасы қалындаған, молыға түсіп отырған. Эпостық дастаңның туып, қалыптасуына ақындармен бірге халық та қатысқан, кей нұсқасы қабыл алып, кейбір нұсқаны жақтырғаған. Дастаның бар ақын жырлайтын тұрақты, тубегейлі нұсқасы жасалғанша осылай болған.

Қазақтың әпостық дастандары мен фольклорын хат-ка түсіріп, жариялау мүмкіндігі он тоғызынышы ғасырдың орта шенінде ғана туғанын еске алсақ, ақындардың эпос пен фольклорды сақтаушылар ретіндегі ролі әсіресе айқынырақ бола түседі. Сөйтіп, оған дейін эпос ақындардың арқасында ғана сақталды. Қазақ халқы шығарған, сақтаап келген ақындық қазынаның басқа халықтарға

да танылып, дүниежүзілік әдебиеттен өз орнын алуы үшін талай ғасыр керек болды. Тек социалистік мәдениет жағдайында ғана қазақ эпосы мен фольклоры шын бағасын тапты, басқа халықтардың тілдеріне аударылып, дүниежүзілік аренада шықты. Ұлы Октябрь революциясы қайта жасартып, азат та жаңа өмірге қолы жеткен қазақ халқы ақындардан талай ғасыр бойына сақталып жеткен асыл қазынаны дән разы көңілмен қабыл алды да, сол ақындарға, яғни ақын — халықтың ардагер ұлдарына совет әдебиеті қатарынан лайықты орын берді. Сөйтіп, солар арқылы, әсіресе, алып жыршы Жамбыл арқылы халық творчествосы жарқ етіп қайта лаулады, азат болған халықтың жеңісі мен бақытының ақындық шежіресін жасады.

Қазақ халқының эпосы мен фольклоры формасы жағынан мейлінше алуан түрлі және біздің заманымызға дейін мол нұсқасы сақталып жетті. Бұдан халықтың өзінің ақындық табиғаты да байқалады.

Тұғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойынына кірер денен.
Өмірдегі қызығын бері өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең.—

деп толғады Абай. Адамның дүниеге келуіне, үйленуіне, дертке душар болуына, куанышы мен қайғысына, алыстастьысына, ең ақыры дүние салуына арналып шығарылып, түрмис-салт жырлары түрінде туып, оған әрдайым рухани серік болған өлеңнің қазақ өміріндегі мән-маңызын ол осылай анықтап берді.

Басты-басты сипаттарына меңзес бірнеше топқа, бірнеше түрге жіктемейінше, қазақтың халық творчествосының аса бай мұрасын талдап тану мүмкін емес. Осылай зерттеуде біз сондай жіктеу жасауға талап қыламыз.

Қазақ эпосы мен фольклорының барлық түрін біз мынадай негізгі тарауларға бөліп қараймыз.

1. Халық поэзиясының шағын түрлері: үйлену-салт жырлары («жар-жар», «бет ашар», «сыңсу»), мұң-шер өлеңдері («жоқтау», «қоштасу», «естірту»).

2. Ертегі, аңыздар, мақал-мәтеддер, жұмбақтар, («қиял-ғажайып ертегілер», «хайуанат жайындағы ертегілер», «салт ертегілер», «балаларға арналған ертегілер», «аңыз ертегілер», «күй аңызы»).

3. Батырлар жыры («Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын»).
4. Фашықтық жырлары («Қозы Қөрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман — Шолпан»).
5. Тарихи жырлар.
6. Айтыс өлеңдері.

1. Халық поэзиясының шағын түрлері

а) Үйлену-салт жырлары

Қазактың үйлену салтына байланысты туған жырларының ішінде ерекше мол таралғандары — «жар-жар», «сыңсу», «бет ашар».

Басқа халықтар сияқты, қазақтардың үйлену-салт жырлары ритуальдық — тұрмыстық мән-мағынасына қоса ойын-тойда айтылады да, солардың ішінде кейбірі, әсіресе «жар-жар» мен «бет ашар» сән-салтанат түсінда да, әзіл-қалжың ретінде де орындалады. Оларда жас жұбайларға деген тілек-бата айтылады, күлкілі тенеулер, тапқыр ишара, емеуріндер мол ұшырасады, қалыңдыққа көз жасынды көл қылып төкпей аттан деген жұбату білдіріледі.

Қазактың басқа салт-ғұрып жырларындағы емес, «жар-жар» мен «бет ашарда» тұрақты тексті болады және қыз ұзатып, келін түсірген ойын-тойдың қай-қайсында да айтылуы шарт. Оны ақын емес әркім де айта алады.

Бірақ қыз бен жігіт бір-бірін сүйіп қосылғандаған «жар-жар» мен «бет ашар» көңілді күй танытады. Ал олар бір-біріне амалсыз, зорлықпен телінсе, онда үйлену-салт жырлары бұған қарама-қарсы сипат табады. Мұндай жағдайда үйлену салт жырлары қайғылы, қасіретті сарын тауып, жастардың мұң-шерін, сорлы тағдырын, қарсылығын білдіретін жырға айналады. Сөйтіп, үйлену салтындағы орны мен дәстүрлік формасын сақтағаны болмаса, «жар-жар» мен «сыңсуды» жастар, әсіресе қалыңдық өз жанынан шығарып айтады. Оның қайғы-мұнына ортақтасып, құрбы қыздар да қосыла айтады.

Өткен заманда қазак қызының тағдыры қын халде болғандықтан үйлену-салт жырларының мазмұны көбінесе аянышты, ауыр болып келетін.

Қалыңмал ғұрпы, көп әйел алушылық, жастардың өз

ықтиярынсыз құда болысу, әменгерлік салты салдарынан неке қызығы көп жайдан жас әйелдің қуанышы жоқ, қайғы қалыптасқан жайттарды жыр әдепкі шегінен асып, сол тойдың үстінде тыңан шығарылатын импровизацияға аудысады. Үйлену-салт жыры аталғанымен, бұл орайда «жар-жар» мен «сыңсу» қалыңдықтың өз басына, талайы мен тағдырына байланысты өзіндік ерекшелік табады. Оны қалыңдықтың бірден суырып салып айтуы да, күні бұрын шығарып қоюы да ықтимал. Сөйтіп, үйлену-салт жырының жас жандардың бойында тұнып жатқан ақындық таланттың ашылуына себін тигізетіп кезі де болады.

Үйлену-салт жырларының дәстүрлі текстіне қоса олардың сол мөлшердегі, сол сарындағы талай-талай пұсқалары барлығы да осыдан.

Енді үйлену-салт жырларының жоғарыда аталған үш түрінің әрқайсысын арнайы талдауға аудысалық.

«Жар-жар»

Жырдың магынасы атынан да аңғарылады. Жырдың салт-ғұрыптық мәнін айқындаі түсү үшін «жар-жар» деген сөз қайырма ретінде әрдайым қайталап отырады. Қазак әдетінде құда түскендігі жайында, құдалық жайында оң жақта отырған қызға көп айта бермейді. Тек үзатылар кезде туған-тыуыстарының ортасында, болашақ күйеуінің алдында ғана оған өзінің болашақ талайын аңғартып осындаі дәстүрлі жыр айтылады. Күйеуің слі-жұрттыңды, шанырағыңды жоқтатпайды, сениң бар өмірің, ой-арманың бір соған ғана тәуелді дегенді сездіріп, жырда «жар-жар» деген сөз талай рет қайталайды.

Бұл өлеңді екі жақ — қыздар мен жігіттер алма-кеzek қосылып айтады. Басқа үйлену-салт жырларындағы емес, «жар-жардың» қалыптасқан тексті мениң ән, әуені бар. Жігіттердің көнілді, лепті хорына қыздар жағы уайым сарынымен жауап қатады.

Жырды бір-екі ауыз өлеңмен күйеу жақтың жігіттері бастайды. Екі жақ қосылып, әр жолдың соцынан «жар-жар» дегенді қайырма қып қайталап айтады. Жігіттер жағы әзіл-қалжың араластыра, жұбату айта отырып жырлайды: қалыңдыққа шешеңнің орнын қайын енең басады, әке орына қайын атаң болар, туған үйінен кетем деп нальма, күйеуіңің отауы, от басы бар дегенді аңда-

тады. Одан әрі қалыңдыққа ақылды, аяулы бол, тағдырың мен талайыңа көндік, өмірдің сәні алдыңда, өз шанырағыңың ішінде, ошақ қасында, жас бөпенің бесігі жанында деп тоқтау айтады.

Жігіттер жағының хорына қалыңдық жақтың қыздары жауап қатады. Олар жігіттердің айтқанына қарсы дау айтып, өтіп бара жатқан жас дәуренді, құрбы-құрдастарын, үй-ішін тастап кеткен шақта қайғының орны толар ма деп назалы жырға қосады.

«Жар-жардың» әр шумағы образдық — синтаксистік параллелизмге құрылады және алғашқы екі жол тікелей жанастылығы жоқ жайларды баян етеді де, сондағы образben терең мағыналы түрде астасып жатқан соңғы жолдардаған негізгі мән ашылады.

Жігіт:

Алып келген базардан қара насыр,
Жар-жар-ау,
Қара макпал сәүкеле шашың басар,
Жар-жар-ау,
Мұнда әкем қалды деп кам жеменіз,
Жар-жар-ау,
Жақсы болсан, қайың атақ орын басар,
Жар-жар-ау,

Қыз:

Есік алды қара су майдан болсын,
Жар-жар-ау,
Ақ жүзімді көргендей айнам болсын,
Жар-жар-ау,
Қайын атасы бар дейді осы казак,
Жар-жар-ау,
Айналайын әкемдей қайдан болсын..
Жар-жар-ау,

Жігіт:

Ақ козы қашар жоталап,
Жар-жар-ау,
Ақ тайлақ өсер боталап,
Жар-жар-ау,
Мұнша неге жылайсың,
Жар-жар-ау,
Артыңнан інің барап апалап,
Жар-жар-ау,

Қыз:

Текеметтің шет бауын оя тұрсын
Жар-жар-ау,

Той басына ту бие соя тұрсын
Жар-жар-ау,
Мен шешеме айтайын әкеме айт деп
Жар-жар-ау,
Мені десе биылша қоя тұрсын,
Жар-жар-ау,

Жігіт:

Қызыл қыршын замандас, қызыл қыршын
Жар-жар-ау,
Қызыл қыршын ішінен қырги үшсін,
Жар-жар-ау,
Әкем бар деп арқага медеу қылма
Жар-жар-ау,
Алып кетер мал берген сен бір құссын,
Жар-жар-ау,

Қыз:

Түндігімнің төрт бауы — бас бауымды,
Жар-жар-ау,
Алты жеңгем сұрайды шашбауымды,
Жар-жар-ау,
Алты жеңгем сұраса, аласың да,
Жар-жар-ау!
Айналайын жаң әкем, қаласың да,
Жар-жар-ау!

«Жар-жар» театрдағы сахналық ойынға үқсаңқырайды. Жігіттер мен қыздардың ішінде сұрып салып өлең шығара алатын ақындары болса, онда олар жаттанды тексті місе тұтпайды. Жырды бастап айтумен бірге олар күйеу мен қалындықтың атынан айтсып та қалады. «Жар-жардың» осындағы ең толық түрінде сәнді сахналық ойынның элементтері болады. Импровизациялық айтыс пен хордың қосылып айтқан жыры қалындықтың талайсыз-бақсыз тағдыры жайына аудысады. Қыздың жыр түрінде айттылған қарсылығы мен қарғыс-сілеуі, қасірет-наласы жырды халықтың салт-ғұрыптық драмасына айналдырады. Кейде оның аяғы ұлан-асыр дау жанжалмен де біtedі, небір тосын жәйттер де болады.

«Сыңсу»

Қалындықтың жан күйер жақындарымен, елі-жұрттымен қоштасу жыры осылай деп аталады. Мұны қалындық дәл ұзатылар алдында айтатын болған.

Қазақтың ескі ғұрпы бойынша жақын аталас адамдар қыз алысып, қыз беріспеген. Сондықтан қыз алыс

ауылдағы, алыс атанды адамына ұзатылатын болған. Өзі туып-өскен шаңырақтан аттап шығу қыз үшін жай жерге көз көрмеген қиянға, бөтен жүртқа барумен барабар болуы да осыдан. Еріксіз ұзатылып бара жатқаны жаңына батып, мұң-шерін осылайша жырға қосқан қалыңдық өз басының ғана наз-наласын айтып қоймай, жалпы қазақ әйелінің аянышты тағдырын танытып та небір әсерлі, шыншыл жырлар тудырған.

Қара суга қаз барады,
Анасынан айрылып қыз барады.
Қара суга қан құйсан, ағар кетер
Жат кісіге қыз берсең, алар кетер.

Немесе:

Заманым өтті басымнан,
Дәуренім өтті басымнан,
Бұл не деген іс болды...
Көлінен кеткен құс болдым.
Бұлғақтал жүрген заманым,
Қандай да жерге тұс болдым,
Ата-анам еді дәuletім,
Мен жүртима жау ма едім,
Жат-жүрттық болып кеткен соң
Кетер-ау бастан сәулетім.
Айналайын, ел-жүртим,
Не болар менің заманым...
Дәуренім менің өткен соң,
Естіле жүрер дейсің бе
Не болып жүрген хабарым
Заманым киын болар-ау
Кекірекке қайғы толар-ау...
Ел-жүртим сенен айрылып,
Санамен жүзім солар-ау.

Салт бойынша мұндай уайым-қасірет жырында басқаның жаттанды сөзін айту шын қайғырғандық белгісі болмаған. Сондықтан әр «сыңсудың» өз авторы және соның ғана жеке басынын күйлеріне байланысты мазмұны бар дерлік. Қалыңдық «сыңсуға» күні бұрын даярланған. Оның сөзін кейде жеке өзі, кейде құрбы қыздарымен қосыла отырып шығарған. Содан кейін барып соған лайық ән-әуез таңдаған (кейде өз жанынан ән шығаратындар да болған). Аса өнерлі қыздардың жастық шағын жоқтап айтқан «сыңсуын» елі-жүрті ұмытпай, әнге салып айтып жүрген. Ондай қыздардың даңқы шартарапқа жайылған. Сондай «сыңсудың» талай-та-

лайы халық әндерінс құрылған қазақтың түціфы музикалық-драмалық спектакльдері мен операларына енді.

«Сыңсууды» айтқан қалындық барлық құрбы қыздарымен бірге сол ауылдағы және жақын көрші ауылдағы үйлерге барып танысадын болған. Сейтіп, елі-жүртін тастап кеткелі жатқан сэтте қалындық туып-өсекен шаңырағыш, жан күйер жақындарын қимай қиналған қасірет-қайғысын, туған жерге, өтіп кеткен балғын балалық, уыз жастық шағына қош айтқан мұң-зарын өз жырымен тербеген.

«Беташар»

«Беташар» қалындық келіп түскенде айтылатын өлең. Жаңа үя, жана қауым оған бейтаныс. Оны солармен таныстыру шарт. Қелін жастардың ортасында басына желек салып, бетін жасырып көлегейлеп түрегеп тұрады. «Беташарды» күйеу жақтың біреуі айтады, ал қалындық өзіне арнай айтқан ақыл-өсінетті қас қақпай, үйип тыңдауға тиіс.

Басқа салт-тұрмыс өлеңдеріне қарағанда «беташар» ұзақтау болып келеді. Эр елдің заны басқа, жөн-жосығы басқа. Бұл елдің заны, жөн-жосығы қандай? Эр қауымның өзінің үлкен-кішісі бар, қадірлі адамы бар. Бұл қауымның қадірлейтіні кім? Үлкен тұтып сыйлайтыны кім? Жаста еркелетіп, аялайтыны кім? Қауымның жаңа мүшесі — жас келін осыларды топ алдында танып, біліп алуы керек. Қауымның занын, әсіресе ру ішінің семьялық дәстүрін біліп алуы, бұзбайтын болуы керек.

«Беташар» өлеңінің ұрпақтан ұрпаққа жеткен және әртүрлі әуезге салып айтуға келетін тұрақты тексті болады. Өлеңнің мазмұны жат руға, жат жүртқа келіп қосылған әйелдің халі соншалықты ауыр екендігін андатады, рулық семьяның әр алуан ғұрыптарын көрсетеді. Сол семьяда оның өзі де кейін үбірлі-шұбірлі ана болмақ. Әдет-ғұрып заңдарын бас-басына санап көрсету жағынан «беташар» орыстың «домострой» атты көне өлеңіне ұқсас. Бірақ қазақ өлеңінде бәрі де келінге арналып айтылады.

Әдетте өлең келіннің жастық көркін, сұлулығын мадақтаудан басталады да, енді ол өзінің күйеуін қалай сыйлап, қалай күтүге тиіс дегенге ауысады. Жас келін күйеуінің туған-туысқандарын қалай сыйлап, құрмет

тұтпақ керек! Осы жай, әсіресе мол айтылады. Ауылдағы жасы үлкен ағапы, жасы кіші ініні, үйге түскен қонақты көргенде келін қандай болуға тиіс. Міне, жас келінгे осының бәр-бәрі тағым түрінде айтылады. «Беташарды» айтушы ақын-жырышы ауық-ауық сөзін бөліп, жас келінің жасы үлкендерге тағым етуін тілейді. Соның бәрін құптағандай, қабыл алғандаид болып жас келіп иіліп сәлем беріп, тағым етеді.

Бетінді, келіп, ашқаным
Жаңа жұртқа қосқаным.
Жасы үлкенді сыйлас жүр,
Күрмет қылып жасқанып...
Айт келін..., енді айт, келін,
Атынның басын тарт келін.
Қызың көңілден қайт, келін,
Сауысқаннаи сақ келін,
Жұмыртқадан ақ келін,
Күйеуіңе шақ келін
Ел-жұртыңа жак, келін
Өзің бір ақыл тап келін,
Ата-енеңді бақ, келін
Кісі келсе үйіце,
Қигізіңді қақ, келін...
Қызмет қыл иіліп
Ата менен анаңа.
Өзіңен үлкен адамның
Бетіне тіке қарама,
Үлкен кісі келгенде
Қатарласып отырмай,
Кейін отыр панада.
Лажы болса шығып түр,
Қайтқанынша далада...
Сөлекет болып отырма,
Еркектей болып жүгініп,
Бір тізелеп жөн отыр
Төмен қарап бүгіліп.
Қатты қылып сейлеме,
Ақырын сейле мудіріп
Майдалығы сөзінің
Кеткендей болсын үгіліп...
Қолын ұстап, бетін сүй,
Бала келсе қасына
Қайныңды сыйлас қадірле
Қарамай үлкен жасыңа
Жасы құрбы екен деп
Жаманға болма ашына
Ойынның мәні осы деп,
Әркімге берме шашыла...
Ерте түрлі төсектен
Қақаңдама, келіншек.
Үй артына мал келсе,

Бақандама, келіншек
Қаптың аузы бос түр деп
Құрт үрлама, келіншек,
Өзің жатып байыца
Түр-түрлама, келіншек
Аузы-басың сүйрәндеп
Есек айтпа, келіншек...

Жиналған жұртты мәз-майрам, көңілді ету үшін, күлкіге қарық ету үшін өлеңдерін текстине ауық-ауық әзіл-калжың араластырып отырады. Өлеңдерінде аяғында жыршы келіннің бетін ашқаны үшін сый-сияпат күтеді және жас келінге жасы үлкендердің әрқайсысына, бас-басына сәлем бергізіп, тағзым еткізеді. Қөңілі тар, пейілі қара сараңдарды әжуа етеді:

Нар берсеңіз, мая бер,
Үстіне кілем жая бер.,
Жылқы берсең биеден,
Кем болмасын түйеден...
Сиыр берсең, қызылдан,
Шұбалан құйрық ұзыниан
Кой берсең үлкен ағынан.
Егіз болсын қозысы,
Болмасын жалқы тағынан

б) Мұң-шер өлеңдері.

Бізге сақталып жеткен мұң-шер жырлары халық поэзиясының ең бір үлкен саласын құрайды. Оларды үлкен үлкен үш топқа бөлуге болады: «қоштасу», «естірту», «жоқтау». Ал «көңіл айтуды» біз арнайы бөліп алмаймыз. Әйткені, ол «естіртудің» жалғасы, соның бір бөлегі сияқты.

«Мұң-шер өлендерінің» аса көп таралуының сыры ол арқылы жеке бастың, от басының, бүкіл халықтың қайғысы жырланады және сондықтан да оның тексі өзгеріп молыға түсіп отырады. Жалпы мағынасы, тұракты образдар жүйесі, ортак қайғылы сарыны, ой-түйіні орайлас болғанымен, «мұң-шер жырларының» әр саласының, әр өлеңдерін өзіндік ерекшелігі болады. Әйткені олар белгілі жағдайда, белгілі оқиғаға байланысты шығарылады. «Мұң-шер өлендерінің» импровизация түрінде қолма-қол шығарылуы да, күні бүрени шығарылуы да ықтимал. Кейде жанкуйер жақыны өлген адамның тілегі, өтініші бойынша ақындар арнайы жыр шығарып береді. Қаза көріп, азалы болғандар соны жоқтау етіп айтады.

«Қоштасу»

«Жоктау» мен «естіртуге» қарағанда қазақ фольклорында «қоштасу» әлдекайда аз сақталған. Ҳалпы қоштасу түрінде айтылғанымен, бұл жырлардың мазмұны, сыр-сипаты әр алуан болып келеді. «Қоштасуды» ақындар да шығарады. Оны бүкіл халық болып та айтады. Мұндай жырлар жеке бастың да, бүкіл қауымның да таланына кезіккен оқиғаларға байланысты туады. Мәселен, өмірмен қоштасу, туған жермен қоштасу, ашық жарлардың айрылысы, жақын достан, жүйрік аттан, қыран құстар айрылу, тағы басқалар.

Ажал келіп, өлім сафаты соғар алдында қарт ата, аяулы ана балаларымен бақылдасып, артына өсiet қалдырады, өмірді қимаған зарын, жетпей кеткен мұратын, аңы арманын айтады. Мұндай «қоштасу» қара сез түрінде де шығарылады. Бірақ аса көркем, әсерлі болғандықтан олар көп уақыт бойына айтылып журеді.

Егер ақын мени композитордың немесе жыршының өлер алдында айтқаны болса, онда «қоштасудың» мұндай түрі асқан көркем, терең мәнді болады. «Қоштасу» өлең-жырмен, өнермен қоштасу тақырыбына арналғанда да осында сипат табады. Әсsetтей ақын досы көнілін сұрай барғанда атақты импровизатор ақын Кемпіrbайдың хал үстінде жатып шығарған атақты өлеңі осындаидай. Бұл өлеңінде Кемпіrbай кәрі жолдасы — өлеңі, яғни «көк ала үйрек кеудеден қош деп үшқанын» зар етіп шертеді және «осы өлең Серкебайға қонбас білем», — деп көкірек кере өкінеді, жаңын жеген мұзының қозгайды.

Енді бір ақын — композитор Сабырбай ауырып жатып қоштасып, әні бар өлең шығарған және оны өзінің ақын қызы Куандыққа арнаған. «Елім-ай, елім!» деп келетін зарлы қайырмасы бар бұл өлеңінде ақын өзінің қызына: «мен өлген соң тәрбиелеп қойып, ас беріндер» деп ниет қылады.

«Қоштасудың» мол тараған бір тақырыбы — елі-жүртімен, туған жермен қоштасуға байланысты туған нағыз халықтың тақырып. Ауылы ауа көшіп бара жатқанда мұндай өлеңді ақындар шығарған. Кейде сол ауылдың қызы-бозбаласы шығарып, соңынан дүйім ел, тұтас ру айтатып болғап. Талай-талай ауылдың жерінен айрылып, құмайт шолғе немесе жат елге ауа көшуі тек патшалық отаршылдық тұсындаған емес, хандық дәуірде феодал-

дық ру басыларының өзара жауласып, барымталасқан кезінде де болып тұрған. Мұндай адам айтқысыз ауыр апаптар халықтың ой-санасында өшпес із қалдырып, «қоштасудың» небір зарлы жырларын тудырған.

Атақты «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырында Қарабай туып-өскең жерден қаша көшкелі жатқанда апалысінлілі Ай, Таңсықтың айтатын өлеңі осындей:

Балталы, Бағаналы ел, аман бол,
Бақалы, балдырганды көл, аман бол,
Терүші ем еріккенде ермек етіп,
Екпе жидем, алма ағаш, гүл аман бол!
Жібектей шалғыныңа ойнап өскең,
Серіз сай, тау біткенді сала аман бол!
Үйенкі, кайың, терек, тал аман бол,
Қалған ел, халайықтың шалы, аман бол!
Қайын атаң Қарабай сенен қашты,
Жөргекте Қозы Қөрпеш — бала, аман бол!
Тауып ал, қуып жүріп, арттан іздеп,
Ел жақсысы Тайлак би, айтқаным сол.
Осы ізі тоқсан мыңың соқпақ болар,
Жоғалмас кайда барсаң қазылған жол.
Тайлактың енді аман бол, қалған елі,
Арқаның сен де аман бол, қоңыр желі.
Ыстыққа күн жүрмейтін салқын соғып,
Аққан бұлақ, дүм ағаш көлеңкелі...
Қозыке, піспей қалған сен бір алма,
Бойыңа қуат кіріп, күш толар ма.
Қозы Қөрпеш күйеу бол, біз қайынбике,
Иілісіп тұратын күн болар ма...
Балталы, Бағаналы халқы, аман бол,
Жөргекте Қозы Қөрпеш — жалқы, аман бол!
Женеше, құрбы-құрдас, келін-кепшік,
Халайық бізді ойлаган жалпы, аман бол!

Бұрынғы қазақ тұрмысында сүйісken жүректерді қатыгездікпен айырып, жас қызды жай адамға сатып жіберуіне байланысты да мұндай өлеңдердің талайы туған. Солардың ішінде көп тараған әрі ең тамаша әндердің бірі — «Корлан». Оны Қорлан атты ғашығынан айрылғанда атақты әнші — ақын Естай шығарған.

«Естірту»

«Естіртудің» мазмұны негізінен бір тақырыпты ғана қамтиды. Ол — біреудің дүние салғанын соның жан күйер жақындарына естірту.

Ауыз әдебиетінде «естіртудің» мол ұшырасуы қазақ

халқының жан дүниесінің тазалығын, қайғы көріп, қаралы болғанга қабырғасы қайысып, ауыртпалықты бірге көтерісетінін, оның адамның күйініш-сүйініштерін терең сезінген сыпайыгершілігін, көргенділігін танытады. Жалғаншы дүниеде баянды ештеңе жок, бәрі де өтеді деген ишарадан кейін барып қана өлең қайғылы халді естіртеді. Яғни «естіртудің» образдық құрлысында пернелеу, түспалдау басым. Мұнда поэтикалық образ үшін табиғат құбылыстары, жануарлар, тарихи түспалдар алынады. Қайғылы хабар содан кейін барып естіртіледі. Ал, өлеңнің соңғы бөлімі «көңіл айтуға»— жұбату жырына ауысады.

Ақку ұшып көлге кетті
Сүңқар ұшып шелге кетті.
Ол адасын кеткен жок,
Әркім бараЯ жөнге кетті.
Арғымақтың түяғы,
Тасты басса, кетілер,
Сазды басса, жетілер
Екі арыс аман болсын
Жетпесті қума,
Келмеске жылама
Өлі арыстаннан
Тірі тышқан артық.
Ақсүңқар ұшты ұядан
Қол жетпейтін киядан
Қанаты бүтін сүңқар жок,
Түяғы бүтін тұлпар жок
Тозbastы ұста соқпайды,
Өлмestі тәкір жаратпайды
Топырағы торқа болсын,
Қалғанға өмір берсін!
Өлгениң соңынан өлмек жок
Өлген қайтып келмек жок.

Қайғы-қасіретті білдіретін басқа да өлеңдер тәрізді «естіртуде» жаттанды текст бола бермейді. Қайғылы хабарды естіртуші адам оны күні бүрүн шығарып алады, не импровизатор ақын жанынан суырып айтады.

«Естіртудің» айрықша бір түрі күй арқылы білдіріледі. Мұнда күйші домбыра сазы, күніренген күй әуені арқылы тыңдаушыны жаманат хабарды жорып сезуге да ярлайды. «Ақсақ құлан, Жошы хан» тәрізді атақты күй осындей.

«Естірту» эпоста да ұшырасады. «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырындағы Тазшашың сүмдық түс көріп ес-

тіртуі ежелден мәлім. «Ер Сайын» жырында қырық жігіттің күйеуі Сайын қаза тапқанын сөстірту үшін Любикешке айтқан хикаясы да бұған дәлел.

«Жоқтау»

«Коштасу» сияқты «жоқтаудың» да тақырыбы саналуан. Оның негізгі тақырыбы — өлген адамды жоқтау. Мұндай «жоқтау» мейілінше көп. Қазақта дүние салған адамды жыл бойына, ас бергенге дейін жоқтау салты ежелден бар, тіпті революцияға шейін сақталып келді. Өлген адамның әйелі немесе шешесі мен қарындасты оны күніне екі рет таңың атуы, күннің батуы жоқтауға тиіс болған. Оған арналып шығарылған жоқтау өлеңде оның қадір-қасиеті мадақталады, оның қазасының орны толмас өкініші, ауыртпалығы айтылады.

Қазақтың басқа әндеріндей емес, «жоқтаудың» өзіне тән аянышты, қайғылы сазы болады. «Жоқтаудың» мейілінше әуезді, әсерлі әндері түгел дерлік қазіргі қазак операларына енді.

«Жоқтаудың» образдық — поэтикалық желісінде салыстырыла алынған бейнелер мен тәселеулер көп ұшырасады, өлген адамды мадақтагаңда бояуы қалың әпитеттер мен метафоралар қолданылуы шарт.

Үй-ішінің қайғы-шерін білдіретін өлеңден «жоқтау» кейде жалпы адам баласына ортақ тақырыптарды қозғайтын, терең де түбекейлі ой тербейтін өлеңге айналады. Халық арасына аса кең тарапған «Жиырма бес» әні де — жоқтау. Бірақ онда өлген адам емес, өтіп кеткен жастық шақ жоқталады. «Жиырма бес қайта айналып келмес маған!» — деп келетін қайырмасынан-ақ өлеңнің біржола келмеске кеткен, жоғалып, өшкен жастықты жоқтаған мазмұны анық байқалады.

«Жоқтаудың» ақын-композиторлар да талай-талай пайдаланған. Ақан серінің жел жетпес жүйрігіне арнаған «Құлагері», Иман Жұсіптің айдауда жүріп аңшылықпен, қыран бүркітімен қоштасып шығарған «Ереймен-тау» өлеңі, белгісіз автордың өлген шәулісін жоқтаған «Кек жендет» әні бізге дейін сақталып жетті.

«Жоқтау» өлеңдердің көпшілігін ақындар емес, өлген адамның жан күйер жақындары шығарған. Мейілінше көркем болғандықтан олар халық арасына кең тара-лып, саф асыл шығармалар ретінде біздің заманымызға

жетті. «Отыз үлдан жалғыз қалып», қыршынынан қылған Зәурешті әкесінің жоқтауы, әкесін жоқтаған Бопы қыздың жоқтауы осындай.

«Жоқтау» өлеңнің формасы ғасырлар бойына тұрақты болып келгендігі сондай, ол қазіргі заманғы халық творчествосына да енді. 1919 жылы алашордашылар қазақтың халық батыры Аманкелдіні опасыздықпен өлтіргенде әйелінің жоқтағаны қеңінен мағлұм. Ленин қайтыс болғанда да қазақ ақындары көп жоқтау жыр шығарып, қазақ халқын жаңа өмірге жеткізген ұлы көсемнің қазасын еңбекші халық қайғырып аза тұтқанын жырлады.

Халықтың сүйікті ұланына, батырына, солардың қазасына ариналған, олардың өмірі мен іс-әрекетін, ерлігін баян ететін өте-мөте ежелгі кейбір «жоқтау» шын мәнін сіндегі тарихи дастанға айналған.

Сөз жоқ, қазақ эпосының батырлық жырларын шығарғанда ақындар сондай «жоқтаулардың» қайсыбірлөрін негізгі фабулалық желі ретінде пайдаланғаны күмансыз.

Бұл айтылғандардан басқа қазақ фольклорында тағы да талай-талай, өзгешелігі мол өлең-жырлар бар. Біз оларды айрықша жіктеген жоқпыз. Бұлар — діни-салт өлеңдері, арбау, бақсы сарыны сияқты өлеңдер.

Қазақ салтында дүниеге бала келуі қуанышты зор оқиға болғандықтан «шілдехана» жайында көп-көп өлең-жыр тудырған. Сондай-ақ «естіртуге» қарама-қарсы мағынада «сүйінші» жыры да туған. Жақсы лепес жеткізген адам сүйінші сұрап, сый-сияпат алатын болған. Тіршілігі көшпелі өмірге, мал бағуға байланысты қазакта мал-түлектері жайында да талай-талай қызығылықты өлең-жыр бар. Той-думанда, ас бергенде балуан күрес, ат жарыс басталғанын жариялайтын жаршының айтатын өлеңдері өз алдына бір алуан.

Қазақтың отқа-суға табынған кезі, кейінірек мұсылман дінін қабылдаған кезеңі де бірқатар діни-салт өлеңдерінде бейнеленген. Қоқтемде күн мен түн теңеліп, мал төлдегендеге соған арнап «наурыз» жырын шығарған. Жылланың, қаракүрттың және басқа да зұлым күштердің утының қайтару мақсатымен «арбау», «жалбарыну» жыры туған. «Бақсы сарыны» өз алдына бір бөлек. Ауруды емдемек болып, аруағын шақырып зікір салғанда бақсылар өз сарындарына басқан, «Бәдік» жыры да сондай

мақсаттан туған. Бірақ кейін ол жастардың сауық үшін өткізетін ойынына айналған.

Қазақ халқының мұсылман дінін қабылдағаннан кейінгі кезеңі «бата» жырын тудырған. Біреу сапар шегер алдында, үлкен іс бастарда, тағы да басқа реттерде оған он тілеу айтылып, бата берілген. Ораза тұсында айтылатын «жарапазан» өлеңі де осындай. Мұсәпір жандар әр үйдің тұсына барып «жарапазан» айтқан. Нағыз халық өлеңдеріндегі емес, «бата» мен «жарапазанда» құраннан алынған сөздер, арабизмдер көп ұшырасады. Табиғатынан діндар емес халқына ислам дінінің сіңісуі қызын болғандықтан молдалар мен ишандар, қожалар халықтың өлең-жырын өз мақсаттарына бүрмалап пайдаланған. Діни-салт өлеңдері осылай туған. Оларды ақындар емес, көбінесе дін иелерінің өздері айтатын болған.

2. Ертегілер, ақыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар

Басқа халықтардағыдан, қазақ халқының ауыз әдебиетінде ертегілер орасан мол орын алады. Қазақ фольклорының басқа түрлеріндегі емес, нақ осы ертегілерден көршілес отырған шығыс және батыс халықтарының ертегілерінен ауысқан, алмасқан із-бедерлер анық танылады. Шығыстан келген әсер жайында сөз болғанда қазақ арасында әлмисактан бері бар «Мың бір түн», «Тотының тоқсан тарауы» сияқты шығармаларды, ежелгі түрік халқының романы «Бақтажарды» еске алу қажет. Сондай-ақ, қазақтың халық ертегілерінің талай-талайы орыс халқының ертегілік фольклорымен недәуір байланысты екендігін де атая керек. Бұл хайуанаттар жайындағы ертегілерден әсіресе анық байқалады.

Бірақ басқа халықтардан алмасып алынған сюжеттік желілер өңделіп сұрыпталады, өзгереді, жаңа халықтық негіз табады, яғни сол ертегілердің қазақша айтылатын нұскалары туады. Сол нұскаларға қазақ халқының тарихы мен түрмисына хас үфым-нағымдардың, әр алуан әлеуметтік топтардың дүние тануы мен дүниеге көзқарасының экономикалық-әлеуметтік ерекшеліктерінің ықпалы тиғендігі де даусыз.

Сюжеттің кейде үзік-үзік болып бөлінетіндігі де байқалады. Мұндай жағдайда алмасқан сюжет қазақ нұс-

қасына тұтас күйінде емес, жекелеген сарындар мен ситуациялар түрінде енеді. Сюжеттің осындай жекелеген элементтерінің, тіпті қазақтың төл ертегілерінің, желісіне еніп кететін кездері де болады. Мәселен, қиял-ғажайып ертегілерде жалмауызға қоса перілер мен диюлар (аралпарсы ертегілерінен ауысқан) да жүреді. Сол сияқты, орыс ертегілеріне мейлінше хас аю, тұлкімен бірге үй хайуанаттары, қойшы қоса жүреді. Соңғылар — қазақ ертегілерінің кейіпкерлері. Олар алмасып алынған сюжетке қазақтық нәр-нақыш беріп тұр.

Қазақтың өзіндік төл ертегілері жайында сөз еткенде олардың мейлінше молдығын, бірақ соның бар нұсқасының ғылми түрғыдан жазылып алынбағанын айтуға кепрек. Соңдықтан да ертегілер — қазақ фольклорының ең аз зерттелген саласы. Оларды жіктеп, талдау әлі аяқталған жоқ. В. В. Радловтың, Эбубәкір Диваевтың, Шоқан Үәлихановтың, Мелиоранскийдің, Потаниннің, орыстың Географиялық қофамы мен СССР Ғылым академиясы қазақ филиалының жазып алғандарына қарап ертегілердің сарқа зерттеп жіктеу әлі де болса қын. Соңдықтан қазақ ертегілерін шартты түрде мынадай топтарға бөлеміз:

- а) Қиял-ғажайып ертегілер.
- б) Хайуанат жайындағы ертегілер.
- в) Салт ертегілері.
- г) Балаларға ариалған ертегілер.
- д) Аныз ертегілер, күй аңызы.

а) Қиял-ғажайып ертегілер

Қазақ халқының «Қиял-ғажайып ертегілерінің» кейіпкерлері әр алуан ғаламаттар болып келеді. Олар: жеті басты жалмауыз, жалғыз көзді жалмауыз (ежелгі грек мифтеріндегі циклоп тәрізді), жалмауыз кемпір (орыстың баба-ягасының сыңары), мыстан кемпір (оны қазық аяқ, қарға тұмсық деп те атайды), айдаһар, т. б. Сұлу қызы болып құбылып келетін жезтырнақ пен жын да жиі ұшырасады.

Ертегілерде адам баласына қас бүл күштерге қарсы солар сияқты қиял-ғажайып кереметтер алысады. Олар: самұрық құс, жылан-патша, пері, ұшқыш кілем, тағы басқалар.

Анимизм қалдықтары, яғни кез келген құбылыстың

жаны бар деп түсінушілік қиял-ғажайып ертегілердің бәрінде де ұшырасады. Қиял-ғажайып ертегілерден ежелгі адамдардың космогониялық ұфым-нанымдарын ғана танып қоймаймыз, сонымен бірге мал бақсан тайпа өмірінің экономикалық түрмисын, тіпті көптеген ертегі кейін-керлерінің әлеуметтік негізін аңдататын ишараны да табамыз. Мәселен, казак ертегілеріндегі жалмауыз ұланбайтақ жердің, мыңғырған майдың иесі болса, ал онымен сайысып, оның тізесін бүктіріп, жоқтауын асырып жүретін батыр, әділет іздеген ержүрек жалмауыздан зәбір-жапа шеккен елдер мен жүрттардың қамқоршысы болып келеді. «Алты айшылық жолды алты аттайтын» керемет тұлпар ат — қазақ ертегілеріндегі батырдың айнымас серігі. Сонымен бірге одан шетсіз-шексіз сахара-ны, құлазыған даланы жайлапан халықтың арманы, яғни үшқыш кілем көксеген тәрізді арманы да көрінеді. Қай-қай ертегі де осындай тұлпар ат батырдың ең жақын, айнымас серігі болып келетіні де осыдан.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінде көкті мекенде-ген жын-перілер, диюлар жайында көп баян етіледі, жер астындағы патшалық туралы да мол айтылады. Ол жақтан батыр асыл тастар, дүние-мұлік алып қайтады. Бұл — табиғаттың тылсым сырына тайсалмай үңілген жанға тартылған сый-сияппаттай.

Осы топтың ішінде жеті қабат жер астындағыны құла-ры шалып қалатын саққұлақ, қиядағыны бұлжытпай та-нитын көрегендер жайындағы ертегілер де ерекше орын алады. Мұндай ертегілердің бәрінде де ақиқат дүние мен қиял дүние мидай араласып жатады. Соның бәр-бәрінде негізгі бір ой бар. Ол — адамның тылсым табиғат сырла-рын ашуға, өзін қоршаған жадау ортадан алыстағыны болжап білуге тыным таппай үмтүлүзы.

б) Хайуанат жайындағы ертегілер

Қазақ фольклорындағы мол саланың бірі — хайуанат жайындағы ертегілер.

Айлалы қасқыр, қорқау қасқыр, сырттан қасқыр, ал-тын мүйізді арқар, шыңырау іннен шығатын қара құлақ жайындағы және қыран бүркіт, құлан жайындағы, үй хайуанаттары жайындағы ертегілер — қазақтың төл ертегілері.

Халықтың күнкөріс кәсібінің, тіршілігінің тірегі бол-

ған үй хайуанаттарының қажеттілігі мен маңыздылығы бұл саладағы ертегілердің мазмұнын ғана емес, молдыры мен алуандығын да белгілеген. Шаруаны туралатып, малды қырып-жоятын жыртқыш андар мейлінше жексүрін қалыпта суреттеледі. Айлалы қасқырдың, корқау қасқырдың, адамға да, малға да қас, қорқынышты сырттан қасқырдың жексүрін сиққатыры осылай жасалады. Қазақ ертегілерінде қасқыр тек обыр, жыртқыш, залым болып қана суретtelіп қоймайды (бұл сарын басқа халықтардың да ертегілерінде ұшырасады), сонымен бірге жалпы қаскөйлік, зұлматтық атаулының түп-төркіні болып та сипатталады. Қасқыр адам баласына қашаннан қас, жас балаларды алып кетеді, адамның қыр соңынан қалмайды, тіпті өлген соң да тыныш жатқызбай, мolasын қазады, сиқырлықпен адам бейнесіне түсіп, қыздарды ұрлап әкетеді. Сөйтіп, адамның өз басының жексүрін қасиеттерін бойына жинаған айлалы қасқыр бейнесі жыртқыш адам бейнесіне, кекшіл, зұлым, жауыз жау бейнесіне айналады.

Киял-ғажайып ертегілер сиққаты, бұл ертегілер де сол зұлым, қаскөй күштерге қарсы алсыратын хайуанаттарды адамға тілекtes күйде суреттейді. Солардың бірі — адамға айнымас серік, ерекше ақылды әрі күшті сырттан ит. Бұл — мал бақсаң қарапайым қазактың, еңбек адамның идеалы. Ертегіде адамның аты да оның досы ретінде бейнеленеді. Малды бағып, қасқырдан сақтап қалатын да, жыртқыш аның тыриғынан құтқаратын да — сол аты.

Қазақ тұрмысында үй хайуандарының — маңызы мен ролі ерекше. Сондықтан олар жайындағы ертегілерде түйе, ешкі, қой, сиыр жылы юмор арқылы, қызырылықты суреттеледі. Есек жайындағы ертегілерде күлкілі халдер әсіресе мол болады.

Бұл кейіпкерлермен қатар қазақ ертегілерінде арыстан, аю, жолбарыс, түлкі де жүреді. Бұл ертегілерді қазактың төл ертегілері деп атауға болар еді. Бірақ онда бұл хайуанаттар орыс ертегілеріндегідей сипаттарымен бейнеленген. Сондықтан бұл жәйттер алмасып алынған деп түйін жасауға әбден болады. Хайуанаттар жайындағы ертегілер бар халықтың фольклорындағы ең ежелгі әрі ортақ түр. Оны тіпті сансkrittік Панчантрадан да табамыз. Сондықтан хайуанаттар жайындағы ертегілер араб-иран фольклорынан алмасып алынған деуге де бо-

лар еді. Бірак, оларда бұл ертегілердің тақырыбы онша дамып өрбімеген, айталық орыс ертегілеріндегіден әлде-қайда аз. Аю, тулкі, жолбарыс жайындағы ертегілердің жалпы сипаты, олардың юмористік, кейде мысалдағыдан болып келетін өзгешелігі қазақ ертегілеріне орыс фольклоры әсер еткенін, тіпті кейде тікелей алмасып алу болғандығын дәлелдейді. Бұл ертегілерге қой, түйе сияқты және басқа да қазақ тұрмысына хас кейіпкерлердің кіргізілуі — қазақ фольклоры енгізген, өндеген өзгерістер.

в) Салт ертегілері

Бұл топқа жататын ертегілер: қиял-ғажайып сарындар араласқан әрі нағыз салт ертегілері болып екіге бөлінеді. Аңшы кейіпкерлердің характері мен тұрмысының реалистік сипаттары мен қиял-ғажайып кереметтердің, ерекше оқиғаларға тап болатын хайуанндардың бейнесі өзара астасып, ұласып жатады. Қебінесе мұндағы ертегілерге махаббат тақырыбы және сұлу қызды қияли кереметтердің тылсым түрде ұрлап әкетуі тақырыбы араласады. Еділ мен Жайықтың жағасында қүнелткен қос аңшы жайындағы «Еділ — Жайық» ертегісі осындаидай. Осы өзендердің жағасында сонау бір ерте-ертеде бұл аңшылардан басқа ешкім тіршілік етпеген. Екі өзен қос аңшының атымен аталған. Ертегіде Еділ мен Жайық бір-біріне бастан кешкен ғажайып оқиғаларын баян етеді. Олардың бірі қаракұлақпен, бірі жалмауызбен алысқан екен. Қөп таралған «Құламерген» ертегісі де осы топқа жатады. Бұл ертегі кейін дастанға айналдырылған. Ертегіде Құламергенді хан баласы қаскөйлікпен қудалайды. Оған мыстан кемпірді, желмаяға мінген жалмауызды жібереді. Сөйтіп, оның Алтыншаш атты сүйіктісін тартып алушы ойлайды. Мерген мен оның әйелі зорлық несінің қаскөйлігінен махаббатын сактап қалады. Оларды өздерінің баласы құтқарады. Талайға созылған алысжұлқыс кезінде ол жас баладан нағыз қас батыр өскен болып шығады.

Сірә, бұл топтағы ертегілер қиял-ғажайып ертегілердің тұрмыс-салт ертегілеріне ауысу шағын танытса керек.

Нағыз тұрмыс-салт ертегілері көшпелі бақташылық тұрмысты суреттейді, әрі кең жайлау мен көк сенгір тауларды, жұт болмайтын жасыл алқапты көксеген арманға

толы болып келеді. Бұл топтағы ертегілерден мағынасы мейлінше терең әрі айтулы көркем «Жұпар қорығы» атты ертегі оқшашау танылады. Мал қырылып, ел жұтап қалғанда Жұпар ана өз балаларын басқа жаққа алып кете-ді. Осы топтағы басқа ертегілердегідей емес, мұндай жерүйкіті, жайлы қорықты батыр емес, әйел-ана табады және кейін сол жерге бүкіл ұлпа-отанын көшіріп апарады. Қазақ халқының жерүйкі туралы, бақытты жүрт туралы арманын әйел-ананың орындан шығуы тегін емес. Өзінің үрпағы үшін, оның бақыты үшін шаршамай-шалдықпай күресетін, батырлар таба алмағанды табатын — абзал ана деген ой түйеді ертегі. Ана сезімі — өмірдің жасарып жаңғыруының негізі, өмірді нығайта түсетін құдіретті әрі дана күш-қуат деген ой бұдан анық көрінеді.

Тұрмыс-салт ертегілерінің бір саласын үй-ішілік, се-мьялық ертегілер құрайды. Мұндай ертегілерде ағайынды екі жігіт жүреді. Олардың бірі — бай, бірі — жарлы; бірі — ақылды, бірі — ақылсыз; бірі — саран, бірі — жомарт; бірі — батыл, бірі — қорқақ болып келеді. Бақсан малын ит-құстан, әлдеқандай апаттан, қорқау қасқырдан құтқаратын батырлар жайындағы ертегілер бір алуан. Тапқыр да айлалы әрі бірін-бірі алдайтын жырынды қарақашылар, ұры-кезептер жайындағы күлкілі ертегілер де аз емес.

Бірқатар тұрмыс-салт ертегілерінде қатыгез, кекшіл хандар жайы баян етіледі. Олар ертегінің кейіпкері — жас балаға адам айтқысыз қын талаптар қойып, оның көзін жоймақ болады. Бірақ жас бала ханды жеңіп, халықты одан құтқарып шығады. Мұндай ертегілердің сюжеті қайырымды кейіпкер мен қаскөй күштің жекпешек шайқасын, жорықтарын сипаттайтын.

Қалың малға сатылып, сүймесіне еріксіз қосылатын қазақ әйелінің аянышты тағдыры мен тұрмысы, өгей шешенің қорлығы мен зорлығы, байлыққа, дәүлетке қызығып, әкесі айлалы қасқырға беріп жіберетін жас қыздың мүскін халі де талай-талай қызығылышты ертегілер тудырған.

г) Балаларға арналған ертегілер

Балаларға арналған ертегілер — қиял-ғажайып ертегілердің, тұрмыс-салт ертегілерінің және хайуанненнар

жайындағы ертегілердің аралас-құралас жынтығы сияқты. Олар қызылықты әрі күлкілі болып келеді. Кейде оларды «өтірік» ертегілер деп те атайды. Мұндай ертегілер адамды қадімгі ақиқат ортадан құстар мен жәндіктер дүниесіне немесе қиял-ғажайып нәрселердің әлеміне әкетеді. Балаларға арналған ертегілерде кездесетін құйыршық немесе қотыр торғай тәрізді кейіпкерлер өздері әлсіз болса да, адамды, қасқырды жеңіп кете береді.

Құйыршық — ғажайып түрде ешкінің құйыршығынан біткен кішкентай бала. Ол баласы жоқ кемпір-шалға бала болады. Бұл — қаусаған қарттарға қол үшін беретін, үй-ішлік тұрмыста шаршап-шалдығуды білмейтін кішкентай ақылгөйдің тамаша бейнесі. Жол жиегіндегі жусанға панағаған құйыршық оттаған түйенің аузына түсіп кетеді. Кейін түйені қасқыр жегенде ол қасқырдың қарнына түседі. Бұл қасқырға пәле болып тиеді. Қасқыр қойға шапса болды, құйыршық аттан салып, қойшыны оятады. Ертегінің ақырында құйыршықтың кемпір-шалға қайтып оралғаны, оларды байытып, барша мұраттарына жеткізгендігі айтылады.

Қотыр торғай жайындағы ертегінің де құрылсызы қызылықты. Ол қотырын ауыртқан шеңгелге ашуланып, мұнын ешкіге шағады. Ол тілін алмаған соң қасқырға шағады. Оны — жылқышыға, жылқышыны — байға, байды — кемпір шешесіне, шешені — желге шағады. Содан қайтадан жаңағылар бірін-бірі куып, ақыры ешкі кеп шеңгелді жейді. Қотыр торғайдың кегі қайтады.

Кішкентай, болымсыз тірлік иелерінің өмірге икемділігін, жеңгіштігін көрсету тақырыбы балаларға арналған қазақ ертегілерінің барлығына да ортак. Бұл ертегілер балалардың ой-санасын оятып, оларды өздерінің күш-жігеріне сене білуге, тапқырлыққа баулиды, мақсат-мұратына жетуге үйретеді.

Балаларға арналған ертегілер адам мен оны коршаған табиғаттың арасындағы шекті елемейді. Балаларға арналған ертегілерде адам табиғатпен сіңісп кетеді немесе соның ішінен ғажайып көрініске түсіп шығады, адамның әдеттегі қалпынан бөлек небір күлкілі күйлерге енеді. Мәселен, Құйыршық тәрізді болады. Бұл ертегілер жас баланың ой-санасы оянып, қиялы шарықтап өсуіне әсер етеді.

д) Аңыз ертегілер

Қазақ аңыздарының ертегілерден ерекшелігі сол — барлығы да тарихта болған адамдар жайында айтылған, халық шығарған көркем әңгіме болып келеді. Кейін оларға қоспалар қосылады да, халық творчествосының ерекше бір саласын құрайды.

Әпос та о баста аңық болған оқиға негізінде туғанымен, аңыз одан да ғөрі басқашарап. Бұл ең алдымен аңыздың қара сөз түрінде айтылатын формасына байланысты.

Аңыз ертегілерінің тағы бір ерекшелігі — ол әңгіме етілетін адамның өз өміріндегі шын ісі мен мінезінің суреттелуінен, аңғарынан туады. Сондықтан батыр жайындағы аңыз болса, тіріліктегі батырлық іс-әрекетіне қосымша ұлғайтылып айтылған шығарма болады. Құлдіргі болса, оның сол құлдіргілік іс-мінездеріне қосылып ұлғайтып, молайтып айтылған оқиға болады. Қысқасы аңыз әңгіменің тарихтық адамды біржолата өзіне ұқсамаған кейіпке түсіріп әкететіні болмайды. Мысалы, батыр емес, ақылгөй, дана болса, оны батыр адам етіп немесе бұқарадан шыққан қарапайым адамды хан етіп, бек етіп өзгертіп әкету болмайды. Құлдіргіні — данышпан, момынды — батыр, батырды — құлдіргі етіп кетсе, ол жол емес, ондай аңыз қонбайды. Осыған қарап әрбір аңыз әңгіменің негізінде тарихта болған адамның шын кескінінің түбегейлі ерекшеліктері жүреді дейміз.

Аңыздардың ендігі бір ерекшелігі бірнеше циклдан тұратындығы. Белгілі бір оқиға немесе белгілі бір адам жайындағы аңыздар шағын-шағын новеллалардан тұрады.

Қазақ аңыздары екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа жататындар — Қорқыт, Асанқайғы, Алдаркөс сияқты тарихи адамдар жайындағы аңыздар және Кожанасыр жайындағы аңыз анекдоттардың қазақша нұсқалары. Екінші топқа күй аңыздары жатады. Домбыра мен қобызда, сыйызыда тартылатын күйлер арқылы әр аңыздың мазмұны баяндалады. Қазақта күй жүздел саналады. Солардың әрқайсысының да ауызша айтылатын кіріспесі болады.

Қорқыт есімі қазақпен тектес халықтардың көбінде әр алуан аңызда айтылады. Қазақ арасына тараған аңыз бойынша Қорқыт — күй атасы, жер үстіндегі ән-күй атаулының атасы.

Аңыз адам өмірі шақты болғанына наразы болған Қорқыттың қаршадайынан ажалға қарсы алысқанын баян етеді. Ауыр ойлар азаптап, өлмestікті арман еткен Қорқыт ел-жұрттан безіп, ажалдан қашады. Бірақ қай тарапқа барса да, алдынан өлім елесі шығады. Тамыры қурап құлаған бәйтерек мені тапқан ажал сені де табады дейді Қорқытқа. Айдалада қурап қалған шөп те сол жәйді баян етеді. Қаусап құлағалы түрған құз-жартас та Қорқыт ажалы таяп қалғанын ескертеді. Осының бербәрін көріп-естіген Қорқыт жапа-жалғыз күніренеді. Жер бетіндегі ең тұнғыш қобызды шыргай ағашынан жасап ап, күнірене күй шертеді, мұң-наласын актарын төгеді. Құдіретті күй сарыны бүкіл жер-әлемді қаптап кетеді. Оны естіген барша жұрт бас ала алмай тыңдал, таңырқап қалады. Содан бері Қорқыттың күйі де, қобызды да жер бетін шарлап кезуде. Ал Қорқыт есімі қобыздың ішегінде, халықтың жүргегінде ұмытылмастай болып сақталған.

Буржуазияшыл керітартпа индивидуалистер осынау көне аңыздың мағынасын бүрмалап, өлім күйі деп ту-сіндіруге, ал Қорқыт атын торығып түнілудің, өмірден безудің символы етіп көрсетуге тырысты. Ал шынтуайт-тап келгенде аңызда оптимистік мағына басым. Қорқыт жайындағы аңыздың тақырыбы — құдаймен алысу тұралы тақырып. Қорқыт жазмыш, тағдыр даярлап қойған талайына қарсы алысады. Қазақ арасына тараған Қорқыт жайындағы нұқсалардан басқа халықтардың ежелгі ғасырлардағы көне эпосының образдарымен кейбір үқсастықты, сарындастықты сеземіз. Прометей жайындағы аңыз, осетиндердің Әміран жайындағы аңызында құдаймен алысу тақырыбы қазақтың Қорқыт жайындағы аңызында өз шешімін тапқан. Қорқыт өзі алғаш тапқан өнерімен халыққа қызмет етті. Оның өлмес-өшпестігі де осында.

Асанқайғы

Қорқыт сияқты аныз боп кеткен адамның бірі — Асанқайғы. Оның тегі де, руы да мәлімсіз.

Әрине, қазақ фольклорында әңгімеленетін Қорқыт-пен салыстырғанда Асанның тірлік еткен тарихтық заманы жалпы көлемде болса да айқынырақ, берірек екені сезіледі. Қорқыт туралы қазақ анызы тарихтың, дәуір, заманың бірде-бір елесін, долбарын бермейді. Ол есте жоқ ескі заманнан қалған, арғы күннің алыс сарынығана сияқты.

Ал, Асанқайғы өзінен қалған толғау-жырлары, сынболжаулары, өситет-сәуегейліктері арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс-елес, білікдерек береді.

Халқының сорлы тағдырын, мүшкіл тұрмысын, құлазып жатқан даланы көріп үйқы бөліп, қайғы алған Асан малға мекен, елге ырыс жер іздейді. «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» ондай жердің, жайлы мекеннің аты — «Жер үйық». Асан «желмаясына» мініп ап қазақтың бүкіл сахараасын, өзен-көлін, тау-тасын, құм-шөлін кезіп шығады. Әр жерде әрбір тауға, жайылып жатқан алқапқа, адыр-төбеге Асан барыпты-мыс дейтін сынбағаны халық әлі күнге дейін айтады. Бірақ бақытты ел таппаған Асан өз халқын, елі-жұрттын әлдеқайда, белгісіз бір өлкеге бастап бармақ болады. Бірақ ажал тап болып, ол дегеніне жете алмайды, мұнды-шерлі халқының қарық боп жарығанын көрсем деген арманын өзімен бірге ала кетеді.

Бұл аңыздағы бақытты ел іздеуге байланысты әлеуметтік зор мұраттың мағынасы айдан анық. Бұл — халықтың өз арманы, оның басқа тұрмыстың көксеген тілегі. Қазақ халқы өзінің бүкіл тарихы жолында Асан есімін өктемдікке қарсылықтың символындаі сезді. Ел мұнын жоқтаған ақындардың Асан есімін ауызға ен алдымен алатыны да осыдан. Жамбыл сияқты майталман жыршылар Асан арманы біздің дәуірде орындалғанын ездерінің жыр-толғауларына қосты.

Алдаркөссе

Алдаркөссе жайындағы аңыз ертеғілер аса мол нөвеллалардан тұрады. Діндарлықты, сараңдық пен қа-

раулықты, ақмақтық пен аярлықты аяусыз әжүа ететін халықтық юмор Алдаркөсө жайындағы ертегілерде әсіресе мол болып келеді.

Алдардың айлалы ақылдығы мен тапқырлығына байланысты аңыз-әңгімелер халық арасында аса көп. Сондықтан Алдар аты жиынтық есім болып кеткен. Оның «Шықбермес Шығайбайды» алдан сайқымазақ етуі — саран, жеміт, сасық бай атаулыға арналған таптық, қоғамдық мысқылдың айқын үлгісі. Мұнда дүние қоңыз, шірік байдың сүм құлқынын, көзі тоймас обырлығын көпшілік Алдардың іс-әрекеті арқылы елтіре мазақ етеді.

Сол сияқты Алдардың шайтанмен достасып, оны да әжүа етіп кетуін баяндайтын аңыз-әңгімелер реалист-халықтың діни миғтерге деген сыншыл көзқарасын таңытады. Бұл — өте мағыналы әңгіме. Дүниенің жаратылуы турасындағы фанатик молдалардың ертегілерінің бәріне халықтың сау ақылы иланбай құлкі етіп, әжүа қылғаны көрініп тұрады. Және шайтанды жан иесінің ең күы етіп, адам ақылын оның қасында әлсіз етіп, бір қараңғы бұлдырға таза ақылды тұсан берем деген әңгіменің бәріне де көпшілік түсінігі қарсы. Сондықтан Алдаркөсө шайтанды өзінің өткір, тапқыш ақылы бойынша солардың өз мінездерін өзіне істеп, алып та, шалып та жыгады.

Сонымен қатар өткір де алғыр, шапшаң ақылды бағалайтын ел неше алуан анқаулық, аңғырттықты да мазақ етеді. Қомағай, ел жегіш, тегіннен пұл жиғыш саудагер бір мезет ашық ауыз, анқау етіп, оның өгіздерін Алдарға алғызады.

Халық санасын улап, ақыл-ойды арбаушыларды, бақсы-балгерлерді, құшынаштарды да Алдар ашы күлкісімен масқаралап, ақмақ етіп кетеді.

Алдардың әңгімелерінде әлеуметтік мән-мағынасы күшті, нағыз халықтың образы соншалықты айқын да таза сақталған. Оның юморының уыты, ашы күлкісінің өткір жүзі халықтың қас жауы болған элементтерге — байлар мен билерге, алыпсатар аярлар мен қуларға, молдалар мен бақсы-балгерлерге қарсы бағытталған.

Жиренше

Жиренше шешен есімімен байланысты аңыз-әңгімелер де халық арасына көп тараған.

Қазақ халқының аталы сөзді, шешендікті аса қадір тұтқаны ежелден мәлім. Небір бітімсіз дау-жанжалдың шешімін екі-ақ ауыз сөзбен айтып тындыру, небір ойлы да образды, отты сөздерді суырып салып айту қазақ тарихында көп болған. Жер дауы, жесір дауы, ер құны, барымта-сырымта жайы ұстасуши екі ру елдің билерінің өзара айтысуы арқылы шешілген. Сөйтіп, бұл нағыз сөз сайысина, шешендік, тапқырлық сынына айналған. Оған тек билер ғана емес, жәй жігіттер де араласып, асқынған дауды шешіп тастап отырған. Ондай шешен жігіттердің қайсыбірі кейін би болған. Халық билік, төрелік айт деп соған барған. Халық қатты қадір тұтқан Бала би, Жеке бидің есімдері әйгілі. Олар қарадан шықса да, өздерінің шешендігі, тапқырлығы арқасында халық құрметіне бөлөнеді.

Шешен, тапқыр адамның образы қазақ халқы ауыз әдебиеті улгілерінің бәрінде де бар. Ал Жиренше жайындағы аңыз-әңгімелерде бұл образ ең шырқау күйіне жеткен. Жиренше жайындағы аңыздың бәрінен де оның асқан тапқырлығы, шешендігі анық көрінеді. Ол өзімен қағысқан, айтысқан шешен атаулының бәрін женеді. Оның өзімді сөзден тосып, шешендігін асырған қызды аламын деген серті бар. Қарашаш деген қыз дәл осындай өнер иесі болып шығады. Екеуі бірін-бірі ұнатып, қосылады. Кейін залым хан бұлардың қыр соңынан қалмайды. Ол Қарашашты тартып алмақ болады. Хан Жиреншеге киын сауалдар қойып, шешуін таппасаң, басынды ала-мын деп қорқытады. Өзінің ақылдылығы, тапқырлығы арқасында Жиренше әрдайым құтылып шығады. Тіпті ең болмаған жағдайда ақылды, даға Қарашаштың өзі қол ұшын беріп құтқарады. Жиренше жайындағы аңыздың тең жартысы дерлік олардың ханға қарсы алысын баян етуге арналған. Ең соңғы новеллада Қарашаштың ханды қонаққа шақырып, оған өзінің емшек сүтінен дәм жасап бергені, сөйтіп ханға енді ақ сүтімді емген баламдай болдың дегені айтылады. Ханның мысы құриды. Қарашаш Жиреншені де, өзін де осылай құтқарады.

Жиренше аты жезстандай, тапқыр, шешен адамның жиынтық есіміндей болып кеткен.

Қазақ эпосы мен фольклоры өзінің бар сала-турінде музыкамен етепе жақын, тығыз байланысты. Құй аңызы әлі тегіс тексеріліп, ерекше жиналып зерттелмеген түрдің бірі. Бірақ қазақ халқының музыкалық фольклорын біліп, аңғарған адамның барлығына сыйбызы, қобыз, домбыра баян ететін көп күйлермен қатар сол күйлердің ауызша айтылатын көркем, шебер әңгімесі болатыны мәлім. Қуйші атаулы қай күнде болса да, өзінің сезімді, саналы, мәнді қуйін тартпас бұрын тыңдаушы жүртқа осы қүйді тудырған себеп не еді — соны айтады. Білсе, ең алдымен қүйді шығарған күйшіні атайды. Оның өмірін, өмірінде осы қүйді тудырған кез-кезеңін не қуаныш шаттықтай, не қуйініш зардай, не бір егес-серпіндей, өкініш — армандағы халін баяндайды. Әлдебір ер-азаматты қүйзелткен ел әбігеріндей, жүрт жарасы, ер қазасы, шабыс әлек, айрылу шері, ел шері сияқты толып жатқан ой салған сылтау — себептерді айтады.

Бірталай күй аринаулы күй шығарушының атын сақтап қалса, көпшілік күй жалпы фольклор шығармаларының халі бойынша аты сақталмаған, атсыз қүйшілер мұрасы болып та жүре береді. Бірақ бұл ретте де күй әңгімесі деген терен сырлы, шебер көркем шығарманың аса көп екенін білеміз.

Қазақ музыкасын жиып, зерттеушілер бұл күнге шеін халық өнерінің бұл түрін жиып, жарыққа салып, бағалы орын әперуде көп еңбек етсе де, әлі күнге халықта бар мол қазынаның бәріп жиып, баурап алған жоқ.

Қүйді жилюшылардың бір алуан кемшілігі көбінше фольклордағы қүйдің өзін ғана жазып, сонымен ілес айтылатын әңгіме-аңызды қоса жиып жазбайтыны бар. Осындай себептен қазіргі қағазға түскен қүйдің көпшілігі Батыс Қазақстан күйлері болса, соның өзінің де ауызша, сырлы сөз, шебер көркем әңгіме түріндегі екінші бөлімі түгел жазылып ескерілген жоқ.

Қүй аңызының көп екенін ел біледі, бірақ кітап, баспа білмейді. Егер олқылықтар толып, күйлердің көрікті аңыздары тілдегі баяндаушы әңгімелері жазылса, онда қазақ халқының музыка фольклорына әдемі айшық, на-

¹ «Қүй аңызы» атты тарау 1948 жылы шыққан казақ әдебиетінің тарихындағы текст бойынша берілді.— Ред.

қыш қосылуымен мағыналы, мазмұн анықталып жалғасуымен қатар ауызша фольклор да өзінің бір қысқа түрдегі көркем әңгіме-новеллаларын көп байытқан болар еді.

Ұмытылып, жоғалып бара жатқан көп-көп ескі күйлердің қызық, терен сырлы, мол мағыналы ақыздары да мәдениет мұрасы болып, жөнін тауып, жолы ашылар еді.

Барлық Орталық, Шығыс Қазақстан, Алтай, Алатау, Сыр аясындағы қалың қазақ елі тартқан сыйызғыдағы салқын саз, қобыздағы қоңыр күй, домбыраның да екі шекті ғана емес, әдейі күйге арналған үш шекті тіліне оралған көп күйлердің ескі — жаңасы тегіс — тарих үшін елеулі бүйім.

Сол өлкелерді мекен еткен ел ортасында ертелі-кеш туған күйлердің нелер үлкен мазмұнды, кең толғаулы болғандары бар. Әсіресе тарихтың зор бағасы бар көне күйлердің талай толқын алыс — тартыстарға ескерткіш есепті болғандары бар. Сол күнгі бұқара қамкоры, көпшілік жоқшысы болған ерлер жайында немесе ой, өнердің жүйрігі болған саналы, мұңшы өнерпаздардың халық мұддесін құніренткені жайында туған күй мен ақыздар бар.

Орталық Қазақстанда бұрын «Ноғайлы — қазақ айрылған күй» дейтін. «Қорқыт күйі», «Асанқайғы күйі» дейтін күйлер тартылған. Ел тәуелсіздігі үшін шеру тартып, жорыққа шықкан елдің «Ала байрақ» атты жортуыл — марш күйі болған.

Сыйызғымен күй сыздырған Саймақтай, қобызбен күй тамызған Тәтіқарадай, домбыраға тіл бітірген Алшабырдай, Тәттімбеттей ірі дәулеңдер күйшілердің де аты көп.

Ескідегі көпке мәлім «Ақсақ құлланнан» басқа «Наридірген», «Азамат қожа», «Балбырауын», «Бұлан жігіт», «Алшағырдың ащи күйі», «Тепең көк», «Қос қыздың жылағаны», «Боз торғай», «Боз айғыр» сияқты немесе «Қара атты мен торы атты» сияқты күлдіргі күйлер, «Қара жорға» сияқты би күйлер, тағы талай толып жатқан күйлердің аты қалып, жазылмай жоғалып бара жатқаны бар. Осы күйлердің көбінде тек өздеріне ғана тән, нақтылы сұлу әңгіме-ақыздар болған.

Қазірде көп жазылған Батыс Қазақстан күйлері жәнінде де ескерілмей келген кемшілік бар.

Жазылған күйлерде бәрі де болған күйші — компо-

зитор Дәүлеткерей, Құрманғазылар атымен ғана байланыстылары терілген. Олардың бұрын ескі замандарда туған Батыс Қазақстан күйлері аз ескерілген. «Абыл» күйі сияқты ескілікті заманың мінез-қалпын, тартыс, салтын, ерекше көрінісін танытқандай, мазмұны қызық, аңызы көркем, түйіні қыын көп күй Батыста, күй кені болған Батыста, әсіресе, мол болса керек еді. Сол сияқты, ел дәстүрімен ескі жақсы күйшіге шарт болған күйшілік жораны жақсы біліп, ұғынғандықтан қазақ күйлерінің атасы — Құрманғазы өзінің бар күйін шығарумен қатар соның бәрін тудырған себеп-халді де, сезім сырды да бірге аңыз, әңгіме етіп айтып кеткен. Ол да күй шығарумен бірге аңыз шығарған.

Міне, күй-аңызы деген әңгімелер осы үлгімен бұрын барлық күй шығарушы, күйші — өнерпаздардың көбінше өздері шығаратын әңгімелері болған.

Жалпы күй аңызына тән бір ерекшелік — бұл үлгідегі әңгімелер сезімді, сыршыл келеді. Және сол мазмұнына сай қысқа, шебер, дәмді қызық әңгіме болып келеді. Қазактағы ауызша айтылған, көркем қара сөз түріндегі, әсем құрылышы бар әңгімелердің ішінде бұл аңыздар — анық жазба әдебиеттегі қысқа новеллаға үқсайдын үлгілер.

Айтылған тілінде, сөз көркінде кей кезде өлең, мұн «Ақсақ құлан жосыған, баласы өлген осы хан» деген сияқты жыр араласып кетіп отырады. Немесе, Асанқайғы күйіндей: «Қүйрығы жоқ, жалы жоқ құлан қайтіп күн көрер, аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтіп күн көрер» деген сияқты сыр-толғау араласып отырады. Құлқі күйде қара атты мен торы аттыны шақырып-шақырып келтіре алмаған әйел болып, күйші: «келемесен қой, адыра қал, торы атты-ау» деп күйді бітіреді.

Жалпы, алдын-ала айтылатын аңыздан бөлек жаңағыдай өлең-сөйлемдер күйдің тартылу үстіне араласа қосылып отырады. Бұл — бұрынғы ескі түрдегі синкретизм (бар өнердің бірігіп, топталып жүретін) белгісін білдіретін, соның қалдығын сездіретін, күй аңызында қалған ескі өрнек. Күй аңызының түр ерекшелігіне тән бұл да бір айшық, нақышы есепті болады.

Искусство тарихында өтө-мөте сирек ұшырасатын қасиет яғни бір адамның бойында әрі ақындық, әрі музикалдық өнердің тұтас табылуы қазақ искусствоның тарихында ежелден бері бар. Біржан сал, Шәже, Сүйін-

бай сияқты атақты айтыс ақындары да, Ақан сері, Иман-Жүсіп, Жаяу Мұса тәрізді әнші-ақындар да, әрі әнші-композитор, әрі ақын болған, Жамбыл да солай. Тіпті қазақтың жазба әдебиетінің негізін салған Абай әндері халық арасында әлі күнге дейін сүйікті де мәшінр. Біздің заманымызда Жамбылдың шекірттері мен Дина осы тамаша дәстүрді ілгері дамытты.

Мақал-мәтелдер, жұмбақтар

Халық творчествосының бұл түрі барлық халықта бар. Мұның қазақтағы түрінің өзіндік ерекшеліктері де мол.

Қазақ мақал-мәтелдерінің, жұмбақтарының деңі өлең түрінде келеді. Және соңдағы сөздердің өзара үндесіп, үйлесіп, ассонанс, аллитерациялардың мол болатындығына қайран қаласың. Мағына-мәні де мейлінше терең болады. Мәселен: «Сұлу — сұлу емес, сүйген — сұлу», «Тура биде туған тұрған жоқ, туғанды биде иман жоқ». Мұнда ішкі үйқастар да күшті.

Соңғы буындары үйқасумен бірге ассонанс және аллитерация үндесіп келетіндігіне мына мақал мысал:

Алтау ала болса,
Ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса,
Төбедегі келеді.

Қазақ мақал-мәтелдерінің екінші бір ерекшелігі — оларда халықтың мал баққан тұрмысына байланысты образдар мен сарындардың мол ұшырасатындығы. Үй хайуанаттарының қылығын айту арқылы адам мінезіне ишара, тұспал жасау соңшалықты әсерлі де мәнді болып шығады: «Мал аласы — сыртында, адам аласы — ішинде», немесе «Сырың білген аттың сыртынан жүрме», «Алтын ерің атқа батса, қасын алып отқа жақ».

Сол сияқты жұмбақтар да формасы жағынан мейлінше көркем болып келеді. Қөптеген жұмбақтар поэтикалық диалог түрінде құрылады. Жұмбақ та, шешуі де өлеңмен айтылады. Жұмбақ совет фольклорында бар. Бірақ олардың тақырыбы колхозды ауылдың жаңа тұрмысынан алынады.

Жиналған мақал-мәтел, жұмбақтар соншалықты мол. Ал жиналып, хатқа түспегесін одан да көп. Мақал-мәтелдердің молдығы, олардың тамаша поэтикалық формасы, шебер түрде берілген терең, тіпті философиялық мән-мағынасы — осындай тамаша үздік шығармалар тудырған қазақ халқының өзінің де асқан ақындық дарының, оның сарқылмас даналығының анық айғағы.

3. Батырлар жыры

Қазақ халқының эпосында батырлар жыры — ең бір мол сала. Бұл дастандар көбінесе сонау бір бағы заманда Орта Азияны, Қырым мен Еділ бойын жайлапан көшпелі тайпалар бастан кешірген нақтылы тарихи оқиғалардың поэтикалық көрінісі болып табылады. Батырлар жырының кейіпкерлері — Қобыланды, Қамбар, Тарғын сияқты аға батырлар мен Алпамыс, Сайын тәрізді іні батырлардың есімдері тарихи оқиғаларға байланысты. Ондай оқиғалар — XVI ғасырда Қазан хандығының ыдырауы («Қобыланды» жыры), XV—XVI ғасырларда Қырым хандығында рулық соғыстар («Ер Тарғын» жыры), қазақтар мен ноғайлының XVI ғасырда бірлесіп жасаған жорықтары («Ер Сайын», «Алпамыс» жырлары), қазақтар мен өзбектердің жорығы («Қамбар» жыры).

Батырлар жырының қаһармандары қазақ деп аталмайды. Ноғайлы наследінен делінеді. Өйткені, негізінде бұл жырлар қазақтың дербес саяси одағы құрылмаған кездегі дәуірді сипаттайды. Кейінрек қазақ халқының эпикалық негізін құраған рулар ол кезде Алтын Орда, Қырым, Қазан хандықтарының және Орта Азия хандықтары-саяси одақтарының қарамында болатын. Солардың бәрінің жалпы аты «Ноғайлы» болып келетін.

Бұл жырлардың желісін о баста кім шағырғанын табу мүлде мүмкін емес. Барлық жырда да оны шығарған жыршының аты аталмайды. Тіпті орыс эпосындағыдай «Әулие баян» деген тәрізді атау да жоқ. Беймағлұм жыршының атынан баяндалатын эпикалық жырдың стилі ғасырлар бойына өзгермеген. Откен ғасырда өмір сүрген, «Қобыланды» мен «Тарғынның» үздік көркем варианttарын айтып жаздырған атақты жыршы Марабай да осы дәстүрді бұзбаған. Сол варианттарды өндөуге, сұ-

рыптауға Марабайдың қатысы болғанын оны тыңдаған замандастары ғана айтқан. Ал Марабай дастанның ешбір жеріндегі өз сәсімін атамайды. Сол сияқты, басқа жырлардың кейінгі айтушыларының да есімі беймағлұм.

Сейтсе де, талай буын жыршылар айтып таратса да, осы жырлардың стиль тұтастығы бұзылмаған. Ол жырлардың барлық нұсқасы да асқақ, көтеріңкі күйге толы, образдық құрылышы өзгеше әсем.

Бірақ негізгі сюжеттік желісін ежелгі қалпында сақтағанымен, сол жырларға әр дәүірдің, әр алуан әлеуметтік топтардың әсер етпеуді де мүмкін емес еді. Жырдың алғашқы кездегі халықтық негізіне керегар кейін қосылған жамаулар — рулық, ақсүйектік идеологиясы таңған белгі-бедерлер ұшырасатыны да осыдан. Қөп жырларда дін иелерінің жүретіні — бұған дәлел. Бұл — кейінгі кездің қоспасы. Өйткені, ол жырлар қазақ ислам дінін қабылдамай түрған кезде шығарылған.

Аға батырлар жайындағы жырларда жеке бастың қамынан ғөрі әлеуметтік сарын басым. Мұнда рулық колективтің қуат-күші батырдың бірегей, тұтас образы арқылы бейнеленеді, ол өзінің қайрат-жігерін сыртқы жауларға қарсы соғыста көрсетеді. Ол бірде ел шетіне тиғен жауға қарсы шықса, енді бірде өш руға қарсы кек алуға өзі аттанады. Барлық жағдайда да батыр — өз руын бастап шығушы әрі соның қайтпас қажырының көрінісі. Олар жорыққа жеке бастың намысын іздел шықпайды. Ал Сайын, Алпамыс сияқты іні батырлар өздері үшін жорыққа аттанады, не кегін қуады, не қалындық үшін аттанады. Олардың туған ауылына жорық жасаған немесе қалындыққа таласкан бақастары да — солардың өздері сияқты іні батырлар.

Қазақтың батырлар жыры соңғы кезде, яғни өткен ғасырдың аяғынан бері жазылып алына бастады. Бұл жұмыс қазір де жүргізілуде, жаңа жырлар да табылуда.

Әпостық дастандардың шығу тегі сөз болғанда олар түрмис-салт жырларының негізінде туды деп айтуда кәміл болады.

Батыр жорыққа аттанғанда айтылатын «Қоштасу» жыры, ол қалындық әкелгенде айтылатын үйлену салт-жыры, ол өлгенде жанкүйерлері жылап-сықтап айтатын «жоқтау» жыры сол батыр жайындағы әпостық жырдың негізін құрамауы мүмкін емес. Мәселен, бір кезде болған

Сайын деген батырдың жайына байланысты туған «қоштасу» жыры, ол өлгендеге туған «естірту» жыры, әйелінің «жоқтау» жыры кейін бір ақынның өзекті желіге түсіруі арқасында, кейін дастанның тұңғыш нұсқасын жасауды ықтимал. Басқа ақындар оған тары да қоса түскен. «Ер Сайын» жырында Сайынның өлер алдында қырық жігіттің бақылдастқан «қоштасу» да, қырық жігіттің Аюбикешке келіп айтқан «естіртуі» де, Аюбикештің «жоқтауы» да бар.

Әпостық дастан осылай тумақ керек деген жорамал басқа батырлық жырларда да тұрмыс-салт жырлары бар болуына байланысты айқындала түседі. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырындағы Қобыландының жауға аттанар алдындағы үй-ішімен қоштасуы, Алшағыр шауып әкеткеннен кейін бұрауға түскен ата-анасының батырды жоқтауы, «Ер Тарғын» жырындағы Тарғынның елі-жүртімен қоштасуы осындей. Ал «Қызы Жібек» дастанында «қоштасу» да, «жоқтау» да, «естірту» де бар.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» дастанын алсақ, онда тек «жоқтау», «қоштасу», «естірту», «көніл айту», «жаржар», «сыңсу» ғана емес, әпоста аса сирек ұшырасатын «сүйінші» жыры да, яғни тұрмыс-салт жырларының түртүрінің бәрі бар. Халық творчествосының кіші формаларының ірі формаға ауысуын, ұлан-ғайыр эпос қалай туатындығын қазақтың ең көне, ең ескі осы дастанынан анық көреміз.

Тұрмыс-салт жырлары болашақ әпостық дастаның алғашқы өзегін қалай құрайтындығын байқау қын емес. Сөйтіп, бір жағынан ақындар ұрпақтан ұрпаққа айтып, таратып келе жатқан, бірақ дербес дастанға айналып дамымаған кәдімгі талай-талай «жоқтау» барын, екіншіден, тарихта аты мәлім ақындар шығарған әрі о бастағы тексті сақталған тарихи дастандардың әр алуан нұсқалары арқылы сол шағын формалы «жоқтау» дастанға қалай айналатындығын андап сеземіз.

Батырлық жыр мен әпостық дастаның туып-қалыптасуы жайындағы бұл ойды басқа халықтардың әдебиетіндегі мысалдар да анықтай түседі. Мәселен, «Одиссеяда» Демодоктың Алкин-ой сарайында Одиссейдің файып болғанын, қайғылы халін баян ететін жыры әпопеяның өзегін құраған. «Шахнамада» әкесінің Рұстемді жоқтауы,

«Игорь полкы туралы жырдағы» Ярославнаның дастан-дағы оқиғапы қысқа түрде баяндайтын жоқтауы да осындей.

Қобыланды батыр

Қазақ халқының батырлық эпосының ішіндегі ең та-машаларының бірі — «Қобыланды батыр». Қөлем жағы-нан ұланғайыр мол, әпопея дерлік бүл дастанның кей нұсқасының ұзақтығы бес мың жолға жетеді.

Жырдың бір варианты революцияға дейін Қазанда басылған. Ал революциядан кейін қазақ фольклоры мен әпосын жинаушы аты мәлім Әбубекір Диваев бастырды. Алғашқы вариантың оқиғасы да, қөлемі де мол. Ол Тоқтарбай мен Аналықтай қартайған баласыз жандар перзентті болып, болашақ батыр дүниеге келгенін баяндаудан басталады. Екінші жыр Қобыландының балалық шағын және оның сиқыр кемпір Қекіланнан қызы сұлу Құртқаға үйленгенін сипаттауға арналған. Бұдан әрі екі вариант үқсас та үйлес. Екеуінде де Қобыландының жер қайысқан қалың қыпшақты бастап, Қазан ханға атта-нып, Қазан батырмен соғысқаны баяндалады.

Жырда Қазан қаласының ауызға алынуы дастанның тарихи тәркіні барлығын байқатады. Ол «Қара Қазан», «Сырлы Қазан» деп аталады. Қазан қаласы алғаш Гзань өзені бойында, яғни қазіргі Қазаннан қырық километр-дей жерде салынғаны, ал кейін XV—XVI ғасырларда Еділ өзені бойына көшірілгені тарихтан аян. Егер жырдың оқиғасы екі қаланы қоса қамтитын болса, онда Қобыланды жорығының мерзім-уақытын анықтау қынға соқпайды. Сонда ол Қазан (Еділ) хандығына, Алтын Орда құлағаннан кейін соның орнына құрылған Қырым хандығына қарсы жорыққа катысқан болуы ықтимал.

Одан әрі дастан Қобыландының елі-жүртіна қайтқа-нын, үйіктап жатқанда оны қалмақ батыры Қебікті бу-ғаулап алғанын баян етеді. Қебіктінің қызы Қарлыға Қобыландыға ғашық болады. Ол Қобыландының қашып құтылуына себін тигізеді. Қобыланды жоқта оның ауы-лын Алшағыр батыр жаулап алғып, оның қалың қолын жайратып салады. Дастанның соңғы тарауы соны баян-дауға арналған.

«Қобыланды батыр» жырының (жалпы қазақтағы ба-тырлық жырдың) басқа халықтар әпосынан айырмашы-

лығы сол — онда батырдың ата-анасы, жұбайы, серіктепі, тұлпар аты, қару-жарагы ерекше мол суреттеделі. Қазақтың батырлық жырында, әсіресе, «Қобыланды батырда» кіріспе тарау қартайған ата-ананың қайғылы тағдырын суреттеуге арналған. Олар мойындарына бүршак салып тілеп жүріп барып перзент көреді. Батыр өмірінің келесі үлкен кезеңі — оның үйленуі. Оған дейін батыр көп бой көрсетпейді. Үйлену — оның күші толысып жетілгендігінің белгісі әрі оның болашақ батырлық қасиетіне алғашқы сын есепті. Өйткені сүйікті қызына, таңдал алған жарына үйлену батырға оқайға түспейді. Сөйтіп талай қыындықты бастан кешіріп алған жары батырдың өз басының образын толықтыра түседі. Егер жастығынан батырдың ақылы толысып жетпесе, оның жары дана, ақылды болып шығады (Құртқа). Егер батыр аршыл, намыской, болмаса, оның жары нағыз ар-намыс жоқшысы болып шығады (Тарғын мен Ақжұніс).

Батырдың тағдырына оның серіктепі, әсіресе, тұлпар аты да көп ортақтасады. Тұлпар ат — батырдың ең жақын серігі, яғни ер қанаты. Ол батырдың образын толықтыра түседі. Батырлармен бірге олардың тұлпар аттары да халық арасында аңыз болып кеткен (Қобыландының Тайбурылы, Тарғынның Тарланы).

«Қобыланды батыр» жырының көркемдігі мен түрінен қазақтың батырлық эпосына тән көп ерекшеліктер аңғарылады. Дастан жеті-сегіз буынды жыр үлгісімен жазылған. Мағынасына қарай шумақтағы жол сандары алмасып отырады. Ұйқас та айнымалы, тұраксыз болып келеді. Бірақ, дыбыстың үндестігі мен әуезділігі, қайталаулар, ассонанс пен аллитерация мол ұшырасады. Бұл — қазақ эпосына, оның өлендік құрылышына жалпы тұтастай ортақ қасиет.

Оның үстіне тартыс шиеленісіп, оқиға қабындаپ, өткір сезім күйлеріне түскенде бір қалыпты жыр ағымы күшейіп желдірме ырғағына аудысады.

«Қобыланды батыр» жырында жырдың көркем үйлесімдігі шегіне жеткен. Қобыландының үй ішімен қоштасуы, ата-анасының батырды жоктауы суреттелетін таразуулар — қазақтың халық поэзиясының ең үздік үлгісі.

Дастанда әр алуан характер, әр алуан образ көп. Сарап да күншіл, болымсыз Қараман бейнесі — Қобыланды образына керегар. Қобландымен құрдас бола тұра, Қараман сол атқа лайық емес. Қобыландының, Қазан, Ал-

шагыр, Қөбікті сияқты дүшпандары да — бір-бірінен өзгеше, дербес образдар. Басқа көптеген халықтардың батырлық эпосындағы емес, қазақтың батырлық жырында талай-талай небір тамаша әйел образдары бар. Олар батырлардың өздеріне пара-пар болып келеді. Қоблан-дының қарындасы Қарлыға мен шешесі Аналықтың, Ал-шагыр ханның анасының тамаша тұлғаларына қоса дастанда батырды қатты сүйген екі әйелдің образдары жасалған. Егер Қобыландының жұбайы Құртқа — күйеуінің қамын жеп, қиялдағыны болжап, қарсы әрекет ететін шын достың терең, дана махаббатының бейнесі болса, ал Қарлыға — нағыз құштар да інкәр, буырқанған махаббаттың бейнесі. Сүйгеніне бола ол ештеңеден тай-салмайды, туысқандық және рулық шырганы бұзып, туған әкесі мен ағасын, елі-жұртын құрбан етіп кетеді.

«Ер Тарғын

«Ер» деген эпитет қазақ жырында басқа да кейбір батырларға байланысты қолданылады (Ер Сайын, Ер Есім және тары басқалар). Бірақ олардың іс-әрекеттерінің, бүкіл тұлғасының батырлардың іс-әрекеттерінен, тұлғасынаң айырмасы шамалы. Бар болғанда да оны анықтау қыны.

«Ер Тарғын» дастаны кемеліне келген батырдың бастан кешкен оқиғаларын салған жерден суреттеуден басталады. Қара сөзбелі айтылатын кішкентай кіріспеде Тарғын елінде ханның уәзірін өлтіріп, елі-жұртын тас-тап қашқаны, сойтіп Қырым хандығына келгені баяндалады. Бұдан батырдың балалық шағын суреттейтін болімғана емес, жырдың уәзірді Тарғының қалай өлтіргені баяндалған тарауы да жоғалып кеткендігін көреміз. Қырым хандығына шабуыл жасаған қалмақтарға тойтарыс берген Тарғының ерлігі дастанда бірден баяндалады. Ерлігіне жоралғы ретінде Тарғын Ақшаханинан қызы Ақжүністі сұрайды. Хан ризашылығын бермейді. Тарғын мен Ақжүніс қол ұстасып Еділ бойына қашады. Олардың соңынаң Қырымшың кәрі батыры Қарт Қожақ қуады. Ол күниң жестүін жетсе де, жастарды аяп, қоя береді. Тарғын Еділ бойын жайлаган Хаизада ханның қолбасы болып, қалмақтарға карсы соғыста талай-талай ерлік жасайды.

Дастан өзінің бүкіл мазмұны арқылы хан сарайының

опасыздығын әшкөрелейді. Олар ел жауының сағын сип-
дырып, ерлік жасаған батырға да опасыздық жасайды.
Тарғынды Ақшахан да, Ханзада да алдайды. Жауын
женіп қайтқан, бірақ белі сынып айдалада қалған Тар-
ғынды Ханзада опасыздық жасап, тастап кетеді.

Дастаң қаһарманының айнымайтын, бірден-бір сүйе-
уі — оның жары әрі досы Ақжұніс. Қарт Қожақтың
бетін қайтарып, өздерінің махаббатын қорғап қалатын
да, өлім халінде жатқан Тарғынды жырымен, сөзімен
демеп, өмірге қайта әкелетін де — Ақжұніс. Ақыр аяғын-
да ол Тарғынның Ханзададан өш алып, кек қайтаруына
да септігін тигізеді.

Жұртшылыққа мәлім «Ер Тарғын» операсының либреттосында эпостық образдар, әсіреле Ақжұніс образы
басқаша түрде сипатталған.

Софыстар мен ерлік жорықтардың суретінен, батыр-
дың серігі, қанаты — Тарланың сипатынан басқа дас-
таңда аса қызығылықты психологиялық тартыс пен дра-
малық коллизиялар мейлінше мол. Қарт Қожақ пен
Тарғынның Ақжұніске таласуы мейрінді жүректердің
жекпе-жек қактығысуындағы. Қарт Қожақтың жасын әрі
батырлық қасиетін сыйлас Тарғын онымен соғысадан
бас тартады; Қарт Қожақ Тарғынның балғын жастығы-
на, батырлығы мен мейірімділігіне бола оны аяп кешіре-
ді. Ал, Ақжұніс шыншыл да әсерлі жырымен өз нымы-
сын, Тарғынның нымысын, тіпті Қарт Қожақтың да
нымысын сақтап қалады. Ол Қарт Қожақтың екіталай
жерде жол табуына жәрдем береді.

Дастанда Тарғын тек кара күш иесі ғана емес, рух-
сезім батыры ретінде де бейнеленген. Қалмақтың қапта-
ған қолымен тоғыз күн бойы согысып, қалжыраған шақ-
та Тарғын тұлпар атына, ер каруыша ариап асқақ та
отты ант-жырын айтады. Бұдан оның сөнбес айбарлы
рухы, қайтпас қажыры анық танылады. Айдалада қа-
лып, өлім халінде жатқан батыр Ақжұністің қайрап айт-
қан өлецін естігендеге басын көтеріп алады, ажалдың
өзін женеді.

Жырдың кейбір жерлерінің көркемдік касиеті мейлін-
ше жоғарылығы сондай — олар халық арасында дербес
поэзиялық шығармалар ретінде де айттылады. Ақжұніс-
тің Қарт Қожаққа, өлім халінде жатқан Тарғынға айт-
тыш өлеці, қалмақтармен соғыс көрінісі, батырдың аты
Тарланың портреті осындағы. Бұл дастанда жыр тар-

мақтарының шумақ-шумақ болып келу ерекшелігі бекем сакталған. Ақжүніс Қарт Қожаққа айтқан жырында оның өмірінің әр кезеңіне тұтас шумақтар ариайды. Ақжүністің өз спиатын айтатын жолдар да осындаі ретпен берілген.

«Ер Тарғын» жырының ең мол тараптандырылған нұсқасы — откеш ғасырда Марабай ақын айтқан аса көркем варнант. Оның көлемі үш мың жолдай.

«Ер Сайын»

«Ер Сайын» жыры іні батырлар жайындағы батырлық жырлар цикліне жатады.

Басқа іші батырлар сияқты, Сайын да көбінесе өз басы үй ішинің қамы үшін ерлік жасайды. Дастанның бас жағында алты жасар Сайын өзі тумастан бұрын әкесі Боз Манайға қарсы шыққан тоқсан күлмен төбелеседі. Оның бұдан кейінгі ерлік істері қалыңдық іздел, құда болысып, Аюбикеш сияқты сұлуға үйленуіне байланысты. Тек дастанның ақырындаған Сайын қарт батыр Қобыландымен бірге қалмақтарға қарсы жорыққа аттанады. Бірақ ол өркөкіректігін, данғойлығын қоймайды. Қобыландының ақылың тыңдамай, қалың қолдан жырылып, қасына қырық жігіт ертіп соғысқа шығады. Сол шайқаста өледі. Қүйеуі өлді деген хабарды естіп, Аюбикеш майдан даласына іздел келеді. Ол ғажайып сиқыр күшпен күйеуін тірілтіп алады.

Батырлық дастанның басты кейіпкерін де эпос салқын қандылықпен, тұра бағалайтындығын осы дастаннан анық көреміз. Сайынның бойына тұмысынан біткен батылдық пең ерлікті жоғары бағалай отырып, эпос жыршылары кейіпкердің, халық ұғымындағы батырдың бойына лайық емес ұнамсыз қасиеттерін: аға тілін алмаушылықты, шыдамсыз тағатсыздықты, өзімшілдікті дастанның бүкіл өн бойына мінеп, сынайды. Дастанның негізгі нысанасы бойынша осындаі қатал сындардан откенин кейінған Сайын нағыз батырға лайық қасиет табады.

4. Фашықтық жырлары.

Қазақтың эпостық дастандарының ерекше бір бөлімі — фашықтық жырлары.

Эпостық дастандардың туып таралуы, формалық ерекшеліктері жайында жоғарыда айтылған ойлар эпостың бұл түріне де тікелей жанасты.

Фашықтық жырлардың батырлық эпостан басты-басты уш ерекшелігі бар.

Ең алдымен, батырдың халық мұддесі жолындағы күресін негізгі тақырып ететін батырлық эпостай емес, фашықтық дастандардың өзекті тақырыбы екі жастың бақытқа жету жолындағы тартысы, қасірет-зары, махаббаты.

Екіншідең, батырлық дастандарда шешуші роль ат-қара бермейтін рулық қарым-қатынастар, тұрмыс-салт, әдет-фұрып фашықтық жырлардың фабуласына заңды түрде қабысады. Оларда махаббаттың мәнгілік тақырыбы ерекше түрде жырланады. Бұл ерекшелік рулық қоғамда басым болған әдет-фұрып пен көшпелі тұрмыс жағдайларына байланысты. Мысалы, «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» дастанының драмалық негізінде «еже-қабыл» салты жатыр. Бұл салт бойынша ата-апалары әлі дүниеге келмеген пәрестелерді қүпі бұрын атастырып, белкүда болып қояды. «Айман — Шолпан» дастанының драмалық негізінде барымта салты және кек үшін қызды тұтқынға алған әрекет жатыр. «Қызы Жібек» дастанының желісі әменгерлік (левиран) салтына құрылған.

Бұл дастандардың батырлық жырдан үшінші айырмасы соларда образдар реалистік түрде сипатталады. Егер батырлық жырларда батыр бес жасқа келгенде-ақ ерлік жасап жатса, оның образы шыңдықтан шалғай, шартты түрде алыша, ал фашықтық жырларда кейіпкерлер өздеріне хас қасиеттерімен көріпеді. Фашықтық жырларда дастаның оқиғалары мен кейіпкерлердің іс-әрекеттері психологиялық жағынан нағымды да терең мотивировка табады. «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырында жалғызын, яғни үл бала күтіп жүрген Сарыбай Қарабайдың тілегі бойынша марал атады. Оқ тиген соң келсе, марал буаз екен. Ішінен екі лақ шығады. Соны көріп дәті шыдамай шошып, түйткіл алған Сарыбай дүниесалады. Фашықтық жырларда кейіпкерлердің мінез-құлқы соншалықты айқын да нағымды суреттеледі. Бұл рет-

те оған жазба поэзия өкілдері де қызыға, қызғана, хатге сүйсіне қарай алар еді.

Фашықтық жырлардан бізге сақталып жеткендері — «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман — Шолпан», «Сұлушаш» және тағы басқа дастандар.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу»

Халық арасына ең мол таралған гашықтық жыры — «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» дастаниның жазылып алынған бірнеше нұсқасы бар. Қазақтың көне мұрасын жинаушы орыс ғалымдары өткен ғасырда дастаниң алғашқы жазбаларын хатқа түсірген. В. В. Радловтың өлеңмей жазылған нұсқасы, Е. А. Қастаңьевің қара сөзбен баяндалған варианты осындай. Таяуда Пушкин архившін осы дастаниң қысқаша мазмұны айтылған қолжазба табылды. Оны белгісіз бір фольклор жинаушысы Пушкин Орынборға барған кезде оған жазып берген. Сибирьден шыққан талантты ақын Г. Н. Тверитин дастаниң желісін орыс тілінде өзінше жырладап шықты. Дастаниң жазылған немесе хатқа түспеген нұсқаларының ішіндегі ең айтулысы — өткен ғасырда атақты импровизатор ақын Жанақ жырлаған вариант. Дастаниң осы Жанақ нұсқасында мал баққап халықтың көшпелі түрмисы мейлінше толық суреттелген, Қозы Қөрпеш пеп Баяниң тамаша махаббаты да аса талантты түрде жырланған.

Ата-ананың ықтиярымен олар тумай жатып бір-бірімен қосылып қояды. Баяниң әкесі — Қарабай мен Қөрпештің әкесі — Сарыбай аң аулап жүріп достасады, дүниеге келмеген балаларын атап, құда болысады. Сарыбай аяқ астынан ажак табады да, мұны жаманатқа жорыған Қарабай қызынды жетім балаға бермеймін деп алғыс жаққа қаша көнеді. Оның Ай, Таңсық атты өгей қыздары ел-жүртімен, бесіктегі Қозы Қөрпешпен ән арқылы қоштасып, оның қалыңдығы Баяниң махаббатына дақ түсірмеуге серт етеді. Жылдар өтеді. Баян асқан сұлу қыз болып өседі. Ай, Таңсықтың әп-жырының әсерімен ол Қозыны күтіп жүреді. Бірақ Баяниң сараң, қарау, малқұмар әкесі Қарабай қызын Қодарға бермек болады. Қодар Қарабайдың тоқсан мың жылқысын шөлден құтқарады. Қодар образы — мал бағу, мал өсіру еңбегінің бейнесіндей. Бұл ретте ол орыс эпосында жер

шаруашылығы еңбегінің бейнесінде алышатын Микула Селяниновичпен алуандас. Бірақ қара күші көп Қодардың Баяннан дәмелі болған есерлігі де дастанда қатты әжュー етілген.

Қозы Қөрпешті ешқашаңда көрмеген Баян оны сырттай сүйеді. Және оның келуін аңсан күтеді. Осы сүйіспен шілікті суреттеуге және қалыңдығын іздел сапар шеккеп Қозы Қөрпештің бастан кешірген оқиғаларын, сағышының жырлауға дастаниң ең үздік шумақтары ариалған. Аңсанған ғашықтар бірін-бірі тауын қауышқан кезде Қарабай мен Қодар опасыздықпен Қозыны өлтіреді. Бұл қайғыны көтере алмаған Баян Қодарды өлтіріп, өзіне де қапжар салады. Қодар өлгеннен кейін де ғашықтарға тыныштық бермейді. Қозы мен Баяның моласының үстіне өскен қос қызыл гүлдің ортасына көк тікенек шығады. Ол — Қодар бейнесі.

Жырдың Жапак иұсқасында сараң да қарau Қарзбайдың, кекшіл, қара жүрек Қодардың, махаббаттаң айнымас, адап Баян мен Қозының образдары жан-жақтys әрі тұтас күйде жасалған. Қазақтардың көшпелі тұрмысы, рулық коллективтегі адамдардың өзара қиян-қылы қатынастары дастанда кең де көркем бейнеленген, табиғат суреттері де әсерлі әрі мол қамтылған.

Дастан ош бір буынды қара өлең үйқасымен шығылған. Бірақ әпикалық баяндау сарыныңа тұрмыс-салт жырларының үлгілері жиі араласып отырады. Қазақ фольклорының шағын формаларын өз бойына дәл осы дастандай мол жинаған көне шығарма жоқ болар. Онда үйлену-салт жырларына жататын «жар-жар» да, «қоштасу» да, «естірту» де, «жоктау» да бар. Бұлардың бәрбәрі дастаниң сюжеттік желісіне қабыса кірігумен бірге дербес көркем шығармаға тән қасиеттерді де тапытады.

Бұл дастан рулық әдет-ғұрып жағдайында, соның қатал салты нәтижесінде құрбан болған, сүйіскең жастардың трагедиялы тағдырын жыр етеді. Ол махабbat ештеңеге тәүелсіз, азат сезім екендігін жырлайды, қара түнек өткениң қатыгездігін, масқара салт-ғұрпын әшкелейді, жастарды өз бақыты жолында курсесе білуге шақырады. Дастаниң халықтық қасиеті де осында.

Көркемдік қасиеті өте-мөте жоғары ғашықтық жырлардың бірі — «Қыз Жібек». Бұл — азбас, абзал жаржайындағы дастан. Дастанның бүкіл сюжеттік, образдық және психологиялық құрылышы тұтастай осы тақырыпка ариналған.

Дастан Төлегендей жігіттің өзіне қалындық іздеуіп жырлаудан басталады. Асқан сұлу Қыз Жібек сондай жар болып шығады. Бұрын-сонды ешкімді менсініп, көз салмаған Жібек Төлегенге уәде береді. Төлеген сліне келіп қасына кісі алып қайта журмек болады. Экесі рұқсат етпей, бір жыл бойы жібермейді. Жібектен көзілі қалып, Төлегенге өшіккен Бекежан жол тосып жатып, айдалада Төлегенді қапыда өлтіреді. Мұны қөрген алты қаз Жібекке бәріп баян етеді. Жібектің алты ағасы Бекежанды өлтіреді.

Сүйгейінен айрылған Жібек оның аруағын сыйлаған, інісі Сансызбайға дең қояды. Салт-ғұрып бойынша Жібекті сиді Сансызбай алмаққа керек. Бірақ Жібектің махаббатына тагы да сын болып, катер төнеді. Қалмақ ханы Қорен Жібектің ауылын қалың қолмен қоршап, туған-туысқандарынан Жібекті өзіне беруді талап етеді. Жібек Сансызбайдың келуін күтіп, Қоренде шырғалап үстайды. Ақыры Жібектің ақылымен Сансызбай Қоренде өлтіреді. Сөйтіп, Сансызбай мени Жібек қосылып, барша мұраттарына жетеді.

Дастаңда әмбенгерлік салт, яғни өлген адамның әйеліңе немесе қалындығына сол адамның жақын-жұрагаты үйленетін салт романтикалық сарында бейнеленген. Жесір қалған әйел мен қалындықты сүймесіне қосатын, тіппі алжыған шалға амалсыз телитіп осындаї қараңғылық салт бұл дастаңда дәрітеледі де. Төлеген өлсе де, оның Жібекке деген махаббаты өлген жоқ. Дастанның негізгі түйіп осындаї. Төлеген Сансызбай бейнесінде Жібек үшін тіріліп, қайта келгендей. Осы образ арқылы жыр өлген адамға деген айнымастықты емес, қалындық үшін қалыцмал төлеген, сондықтан да оны немденуге ықтиярлы руга деген айнымаушылықты гибрат етеді. Жібектің Сансызбайға қосылғысы келіп әрекет етуі, яғни бұрынғы атасқан, уәделескен күйеуінің рухына адал күйінде қалуға тырысқан әрекеті дастаңның негізгі сюжеттік желілерінің біріп құрайтындығы да осыдан.

Жырда басты кейіпкерлерден басқа да қызығылықты образдар бар. Олар — махаббаттаң жолы болмаған кекшіл әрі қаныпезер Бекежап, сондай-ақ Төлеген мен Жібектің тілдесіп табысұның дәпекер болған Шеге мен Қаршығадай екі ақын. Шеге — Төлегенмен рулас әрі оның жолдасы. Қыз таңдал ел кезген Төлегенге еретін де, қатыгез әкесінен баласы үшін бата тілейтін де — сол. Жібекпен бір рудан шыққан Қаршыға да екі жасты көзінше біріне-бірін мақтап, олардың көніл қосуына жәрдемін тигізеді. Оларды тұңғыш рет кездестіретін де — сол Қаршыға. Дастаның бұл тұсы ғажайып көркем. Қаршыға Төлегенді қасына ертіп қыз көрсетеді. Әр көшке қуып жеткен сайын, Төлеген көзі шалған сұлу қызды Жібек екен деп қалады. Бірақ Қаршыға көріп, Жібек емес екенін айтады. Ақырында Төлеген теңдесі жок сұлу Жібекті сөйтіп барып табады. Дастаның осы тұстарында көркем бояулар құлныра жаңданып, төгіліп, құйылып отырады. Бірінен бірі асып тұскең сұлу қыздар бейнесі Жібектің сұлулығын, ажар-көркін өсіре түсіп көрсетеді.

Қазактың өткениң қалған эпостық мұрасының інінде «Қызы Жібек» жыры асқан көркемдігімен ерекшелепін, оқшау танылады. Дастаның мол да алуан түрлі формасы, оның күрделі де шебер композициялық құрылымымен үйлесе үндесіп келген. Жырдың тілі де өте шебер. Тамаша бейнелі, өриек-нақышқа бай. Жырдың халық арасына мейлінше кең таралып, Жібек бейнесі нағыз ұлттық образ болып кетуінің сыры да осында.

«Айман — Шолпан»

«Айман — Шолпан» дастаны да ондағы кейіпкерлердің — апалы-сіңілі қос қыздың есімдерімен аталған. Жырды кім шығарғаны бізге беймағлұм. Ол көп уақыт бойы ауызша айтылып таралып келген.

Жырдың Көтібар, Есет сияқты кейіпкерлері өткен ғасырдың орта шенінде өмір сүрген адамдар екендігіне қарап дастан да сол тұста немесе содап кейінгі кезеңде туған деп байлау жасауға болады.

Көркемдік қасиеті жағына қазақ эпосының үздік үлгілері саналатын «Қозы Қорпеш — Баян сұлу» немесе «Қызы Жібек» жырындағы болмағанымен, «Айман — Шолпан» — халық арасына ең көп таралған дастандардың бірі. Сірә, мұның сыры жырдың образдық-сюжеттік негі-

зінің өмірден алынған шынайылығында, реалистік ерекшелігінде болса керек.

Дастаң кейіпкерлерінің бірі — кәрі батыр Қотібар. Дастаңда негізінен сол Қотібар өмірінің бір эпизоды баяндалады, оның Маман баймен рулық тартысы суреттеделі. Қотібар феодалдық-рулық ескіліктің қайшылықтарын бойына мол жинаған, ру арасындағы билікке таласушы адам ретінде көрінеді. Оның Маман байдың ауылын шауып алған, байдың Айман және Шолпан атты қыздарын тұтқын етіп әкетуі, сұлу Айманға ықтиярызы үйленбек болуы, сондай-ақ Айманның өз басын және сіңлісі Шолпанды құтқару жолындағы ақылды, айласы әрекеттері дастаңның бүкіл сюжеттік және драмалық желісін тұрмыстан алынған драмаңын, дәлірек айтқаңда трагикомедияның арнасына қарай ойыстырады.

Ақыр аяғында Қотібар өзінің ақмақтығынан құлқи болады. Оның образы ироникалық түрде бейнеленген. Дастан кейіпкерлерінің мінез-құлқы, олардың тайталастартысы мен қарым-қатынастары соншалықты шынайы әрі көркем ашылған.

Өзінің бас бостандығы жолында ақылды айла жұмсап, тауаны қайтпай алысқаң, өзінің жастық шағын, авзал сезімдерін суынташай қалған Айман образы, әсірессе, өзгеше.

Тұтқынға түскен Айманның ожар да батыл, қара құшиесі Қотібарды алдарқатып ұстаң, ақыры дегеніне жетуі дастаңның сюжеттік құрылышын қызғылықты етумен бірге оны шеберлікпен қиояластырып та тұр.

5. Тарихи жырлар

Қазақ эпосында батырлар жыры мен ғашықтық жырларға қоса тарихи жырлар да мол. Бұл жырлар XVIII және XIX ғасырларда, әсірессе кең өрістеп дамыған. Патша өкіметінің соғыс отаршылығы мен қысымы, хан-сұлтандардың, болыстардың өктемдігі қазақ арасында көтөріліс тудырып отырды. XVIII ғасырдың екінші жарымы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысы бойына қазақ халқы өзін езіп-қанауышыларға қарсы қару алған күресті. Қөтеріліс кең сахараның әр түсінан-ақ ауық-ауық бүркетіп жатты. Қүреске шыққан халықтың осындаид ерлік айбары бірқатар тарихи жырлар тудырды. Сырым жай-

ындағы, Исатай мен Махамбет жайындағы, Бекет пен Жанқожа жайындағы тарихи жырлар осындай.

Бұл тарихи жырлардың дәстүрі теренде, алыста жатыр. Ол бастауын Орта Азия мен Сибирь тайпаларының ру аралық тартысы кезінде шабуыл-жорық жайындағы жырлардан алады. XVIII ғасырдың бас кезіндегі қазақ — қалмақ соғыстары, соның салдарынаң қазақ халқының көп қындық көріп, Сырдария жағасынан Арқаға көшүі сияқты тарихи оқигалар «Ақтабан шұбырынды» жайында жыр-аңыздар тудырды. Есімнің, Абылай мен Қабанбайдың, XVI—XVIII ғасырларда өмір сүрген басқа да тарихи адамдардың жорықтары жайындағы тарихи жырлар да мол. Бұдан басқа адайлар мен түркмендердің ұзаққа созылған соғысы халық басына зор ауыртпалық болып түскендігі жайындағы тарихи жырлар ерекше бір цикл құрайды.

Хандар мен бектер, басқа да әміршілер көрші отырған тайпаларды, көршілес халықтарды біріне-бірін айдалап салып, өшіктіріп, жауықтырып отырғапши үл жырлар айқын танытады.

Бұл жырлардың бәрі де, ертеде туғандары да, кейіннірек шығарылғандары да — анық тарихи оқигаларға неғізделген, ал басты-басты кейіпкерлер — тарихта болған адамдар. Жырлардың авторлары — көбінесе сол оқигалардың көзімен көрген тұстастары. Авторлар көзімен көрген, өздері бастау кешірген оқигаларды уақытына қарай сап-сабымен баяндайды. Тарихи жырлардың батырлық әпостан жаңрлық айырмашылығы бар. Яғни тарихи жырларда әпостық баяндауға тән объективтік сарынның орнын оқигалардың тікелей қабылдаған автордың әсері араласқан субъективтік баға басады.

Сақталып жеткен тарихи жырларды жазып хатқа түсіру әлі күнге дейін аяқталған жоқ. Қөлемді тарихи жырлардың бірі — Есім жайындағы жыр. Есімнің Орта Азия тайпаларының хандарына қарсы күресін баяндайтын үл жыр 1938 жылы жазылып алынды. Ал Орақ — Мамай жайындағы тарихи жырлардың да талай-талай әлі жарияланған да жоқ.

Бекет жайындағы, Абылайдың жорықтары жайындағы жырлар өте-мәте мол таралған. Ал, Жанқожа туралы тарихи жыр қызығылты болғанмен, онша көп таралмаған.

Осылардың ішінде Бекет жайындағы жыр анық тарихи

ХІІ оқиғалар жайында. XIX ғасырдың алпысынышы жылдарында Батыс Қазақстанда болған халық көтерілісі жайында баян етеді. Шекті руының батыл, ержүрек ұлы Бекет Арыстан төреге қарсы шығады. Бекет шамадан тыс салыққа шыдамағац, жерді күшпен тартып алуға көнбекен, Сұлтанның езіп-жаншуына қарсы болған халықты соңынан ертеді. Сұлтан слге әскер шығарады. Бірақ Бекет күтпеген жерден шабуыл жасап, Арыстан Сұлтанды өлтіріп, оның әскерінің талқанын шығарады. Көтерілісшілерге қарсы патша отрядтары шығады. Бекет олармен ұзақ уақыт бойынан соғысады. Патша әскерінің жәрдемінен күдер үзген сұлтандар мен даланың аксүйектері Бекеттің басына көп ақша тігеді. Бекеттің бұрынғы досы әрі серігі Шернияз опасыздық жасап, батырды үстеп береді. Бекет Сибирге айдалады.

Бекет жайындағы дастан осы тарихи оқиғаларды, халық батырының образын суреттейді. Дастанның екінші бөлімінде Бекеттің Орынборда қамауда болғаны, жер ауып айдалғаны, соңынан жас жұбайының ізден барғасы, Бекеттің айдаудан қашып келгені, опасыз Шернияздың өлтірілуі баяндалады. Бекеттің ыза-наласы, оның апасымен, жас жарымен қоштасуы, Бекеттің айдаудан қашуына әйелінің жәрдем бергені — осы тарихи жырдың қызығылықты романтикалық бөлімін құрайды.

Халық арасына кең тараған бұл тарихи жырды кім шығарғаны беймағлұм. Жырдың бірнеше варианты бар.

6. Айтыс өлеңдері

Қазақтың халық поэзиясы жаңрларының ішінде тыңдаушы жүрттың ежелден ықлас қоя тындайтыны — айтыс. Ол ауыл жастарының, ақындардың арасында қазір де бар.

Ертедегі атышулы ақындардың ақын қыздармен айтысқаны ерекше белгілі. Мәселең, Боздақ пен Ақбалаңың, Біржан мен Сараның, Сақау мен Тоғжаның, Мұрат пен Жантолының айтыстары осындай. Ақындардың өз айтыстары да бар. Шортанбай мен Орынбайдың, соқыр Шәже мен Кемпіrbайдың, Құлмамбет пен жас Жамбылдың айтыстары және басқалар. Хатқа түсірілген айтыс жүзден сапалады.

Нағыз атышулы, үздік айтыстар халықтың ой-санатындағы орындарында да орналасқан.

сында ерекше бір дастан түрінде сақталады. Ежелгі дәстүр бойынша айтысқа түскен ақындар өте бір әділ жол үстаған. Әдетте екі ақын айтысса, солардың сөздерін кейіп ретке салып, көпке жайып, дұрыстығымен дәл айтып беру — жеңген ақын емес, жеңілген ақынға міндеп болған сиякты. Мұның мысалы көп айтыстардан байқалады. Атақты Біржан мен Сараның айтысында біз білгенде сол айтыста жеңілген Сараның айтуынан білеміз. Кейін оған Эріп ақын шығарған кіріспе тарау қосылған. Онда Сараның өмірбаяны айтылады.

Айтыстан әр ақынның жеңілу, сөзден тосылу себептері де анық көрінеді. Жоғарыда аталған айтыста Сара сөз сایысында Біржанға дес бермейді, өктеп кетеді. Сол кезде өзің сұлу, өзің ақын Сарасың, таңдал тиғен күйеуің қандай? Соны көрсет дейді. Сара әкесі мен ағалары зорлап телігең бүкір күйеуі Жиенқұлды көрсетуге қорланаип, сөзден тосылады, жеңілгенін мойындаиды.

Әдетте екі ақын белгілі бір тақырыпқа тоқтап айтысады. Ол кейде ру айтысы, кейде қыз бен жігіт айтысы, жұмбақ айтысы және басқа да алушан түрлі айтыс болып келеді. Айтысушы ақындар кейде бірінің бірі мінін, жеке бастарындағы кемшілік — мұлтіктерін қазбалап кетеді.

Ру айтыстарының бірсынында әлеуметтік мәнмазмұн ерекше болады. Эр ақын өз руын, атақты адамдарын, жер-суын, тау-көлін, мыңғырған малын мактайды. Ал қарсы ақын опың мақтап-мадақтағанының бәр-бәрін аялусыз әжуалап, күлкіге айналдырады. Мұнда ру ішіндеңі байлар мен бектер, билеп-төстеушілер сазайларын қатты тартатып болған. Өйткені, қарсы жақтың ақыны олардың зұлымдығы мен зорлық-зомбылығын, дүние қоныздығын жермен-жексен етіп түйреген. Сөйтіп, оларды өз ақынның мақтап айтқан өлеңі күшін әлсіре-тіп, солғын тартып кететін болған. Ал жалпақ жүрттың есінде айтыстың әлеуметтік билеуші топтарды әшкере еткен бөлімі ғана сақталған.

Сондықтан да айтыстың бұл түрі халық арасында мейлінше кең таралған. Айтысушы екі ақын бейнебір алдын-ала келісіп алғандаидай, тілге тиек беріп, қарсы жақтың жуандарын, байлары мен билерін халықтың ойы тұрғысына масқаралап күлкі еткен. Жеңген ақын әсіре-се өктеп, тіл уытын бастырмалата төгетін болған. Кей кездерде жеңілген ақынды оны айтысқа түсіруші бай-

масқара қорлыққа шыдамай дүре салып шығатын да болған.

Ойын-сауық, той-думандар жастар екі-екіден қосылып, айтысқа жапа-тармағай қатысадан. Халықтың айтыс өнсөрін қадыр тұтуы, суырып салып айтушылықты аса жоғары бағалауды әр ақынның да өз қабілетін, дарының қапысыз шындауына ерекше ықпал жасаған. Қазақ арасында ежелден бері әнші ақынның да, ақын жыршының да импровизатор болып келетіндігі осыдан. Экспромт түрінде ашы-әжүа өлеңді суырып шығарған адамға ақын саналған. Ақынның қабілет, дарының шамашарқы оның алқалы топ алдында күтпеген жерден тосын тақырыпқа шығарған импровизациялары арқылы көрілген. Осындағы көп алдында талай-талай айтысқа түседі жүріп барып ақын халық сыйна толған. Халықтың айтулы ақындарының бәр-бәрі де өздерінің творчестволық жолын айтыстан бастаған. Жас ақынның үлкен ақынмен айтысы оның болашақ творчестволық тағдырына шешуші ықпал жасаған. Оған ақын деген атты тыңдаушы жүрт пен сол үлкен ақын беретін болған.

Ауыз әдебиеті пүсқаларын ұлан-ғайыр күйінде жете біліп, емін-сркін баураған импровизатор ақын тудырган бүл дәстүр Октябрь революциясынан кейін де талай-талай талантты ақындар буынның шығарды. Қазақ халқының революцияшыл советтік фольклорін жасаған да солар.

1939—1940

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫН ЖАСАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ халқының мәдениет тарихында, әдебиеттанурылымының тарихы әзір қысқа. Бұл жас ғылым. Ол: «Әдебиеттік сын», «Қазақ әдебиетінің теориясы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген салаларға бөлініп, сидіғана дамып келеді. Қазактағы әдебиет тану ғылымы құралғанда, ол өзінің алғаш туысымен, бүгінгі жеткен сатысымен, барлық бас-аяғын жинағанда — түгелімен, толық мағынасында, Социалистік Ұлы Октябрь революция-

сының жемісі болады. Октябрьден бұрынғы қазақ тари-
хында біз бұл жөнде, «өскен ғылым» дерлік мардумды
мұралар алғамыз жок.

Рас, қазақ халқының революциядан бұрынғы әдебиет
өрнектерін жинауда және оларды баспасөз жүзінде жа-
риялауда, онан соң ең алғашқы түсініктер беруде көп
қызмет еткен орыс ғалымдарының сәбектерін біз үмт-
таймыз. Орыс мектебінен, ұлы мәдениетінен тәрбие алғын
қазақ ескілігін зерттеген Шоқан, Әбубәкір, Ыбраім сияқты
оқымыстылардың еткен еңбегін де бағалаймыз. Бірақ
олардың көп жылдар жасаған пайдалы әрекеттері —
нағыз әдебиет тану ғылымының өзін тудырған жоқ-ты.
Олардың тексеру, зерттеулері, бастауыш дәрежеде болса
да қалыптанған «әдебиет теориясы», «әдебиет тарихы»
болып, тым құрса орта мектеп оку құралы есебінде де
тарихқа кірген жоқ-ты. Октябрьден бұрынғы қазақ
халқы орта мектеп түгіл, бастауыш мектептің де анық
мәдениетті түрін көрген жоқ еді. Рас, сол революциямен
бірге жасап келе жатқан қазақ әдебиет тану ғылымы
өзінен өзі ғана туып, өз бетімен ғана жол салып, тек
қазақ әдебиетшілерінің өз еңбек өнерімен ғана өркендереп
кеle жатқан жоқ. Бұрын жабайы отар қалпында болған Қазақстан өлкесіндегі мемлекеттік тіршіліктің бар сала-
сына революциялық ұлы жақалықтар, жаңа туыстар
берген ұлы орыс халқының дос мәдениеті бұл салада,
қазақтың әдебиет тану ғылымын тудырып өсіруде де
өзінің ерекше зор әсерін тигізіп, көмегін көрсетті.

Бірнеше ғасырдан бері көрнекті ғылым болып, да-
мып, өсіп келген орыс тарихы бар еді. Оның көп жол-
дарын демократтық жолмен, революцияшыл, бұқара-
шылдық жолмен бағыттауга ұлы еңбек еткен атақты
сыншы орыс ғалымдары, философтары: Белинский, Гер-
цен, Чернышевский, Добролюбовтардың еңбегі бар еді.
Откен ғасырдың соңғы шактарынан бері қарай бастал-
ған марксистік әдебиет тану негізі салына бастап еді. Қа-
зақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері Қазақстанда
советтік мектептер туумен жалғас күн тәртібіне қо-
йылғанда, марксизм ғылымының жолымен әр салалы,
қоғамдық ғылымдарды жақадан құру шарт болды.
Революцияшыл пролетариат тудырған ғылымының негі-
зінде жасалу, қазақ әдебиеті тарихының да ең басты
тарихи міндегі бірден-бір бағыт етегін ұлы арнасы еді.
Жоғарыда қазақ әдебиеті тарихы өздігінен ғана туған

жоқ дегендегі айтпағымыз осы негізбен, осы айтылған міндетпен байланысты болатын.

Социалистік революция дәүірі қазақтың советтік социалистік мәдениетінің иегізін салды. Қазақстандағы әдебиет тарихшыларына да ұлы революция бағытындағы ғылымды жасауды тарихтық міндет етіп артты. Сол ұлы міндетті атқару жолында көп оқулықтар, жетісінген шалалықтар, саяси зиянды, теріс бағыттар өз әсерін қазақтың жас әдебиеттік тарихына көрсете жүргенмен, жалпы Қазақстандағы әдебиет тарихы ғылымдың қалыптану жағынан қарағанда, жоғарыда айтылғандай ұлы орыс мәдениетінің ғылымдық әдебиет тарихын жасау тәжерібесінен үлгі алып, үйреніп өсті. Маркс, Энгельс, Ленин еңбектері тудырған революциялық жүйеден иәр алып, соны өзіне, ғылым болып қалыптанудағы ең бірінші міндеті етіп өсуді талап етті. Қазақстандағы жас ғылым, әдебиеттану ғылыми Октябрь берген жеміс — советтік социалистік ғылым. Соңдықтан, мұның туысы мен дамуын, бүтінгі азды-көпті жеткен сатысын, табысын айтқанда ең алдымен, сол советтік ғылым тугағын ерекше бөліп айтамыз. Мұның өсу жолында зиянды, контрреволюцияшыл үлтшылдықтың еткен теріс әсерін немесе жалғап солақайшылықты жамылған ҚазАПР кезіндегі зиянды бағыт әсерлерін атап, әйгілел отырумен қатар, қазақтың әдебиеттік, советтік ғылымының жасалу, туу тарихы тек солардың әссеңін гана құралды десек, қателескен болар едік. Соңдай за-лалды әсерлерді әшкерелеп, ашып, жецип, шетке шығарып тастанап отыру арқылы, солармен алдысып марксистік-лениндік әдебиет тану жүйесін әл-шамасынша қазақ әдебиеті фактыларына, дәуірлерінде қолдану арқылы өсіп келе жатқан жас социалистік ғылым бар дейміз.

Қазақ әдебиетінің тарихымен әдебиет тану жүйесі бізде орта мектепте оку құралын жасаудан туды. Енді, соңғы он жылдар ішінде, Қазақстанда жоғары дәрежелі мектептер туып, дамумен қатар, сол жоғары дәрежелі мектептерге сай боларлық, ғылымдық, күрделі оку құралын жасауды, қазақ әдебиет тарихшылары өзінің міндеттіне алды. Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл мен әдебиет институты соңғы үш-төрт жылдан бергі және алдағы екі-үш жыл бойында, төртінші бесжылдық бойында әдебиет тану ғылымы жөнінде өздерінің ғылымдық ең зор міндетін атқаруда. Осы ретте жоғары

мектептерге арналған төрт томдық әдебиет тарихын жасау үстінде сәбек етіп келеді.

Сол тарихтың бірінші томының фольклор бөлімі өткен жылдың басында біткен болатын. Қазіргі институттың қызыметкерлерінің соңғы жыл бойындағы негізгі шұғылданған еңбегі, әдебиет тарихының IV томын — совет әдебиетіне арналған томын жасау мәселесі болды. 1947 жыл бойында сол IV томың қысқаша желісі — проспектісі жасалды. Бір топ әдебиетші авторлардың бірлескен еңбегімен «Совет әдебиетінің очеркі» жазылып отыр.

Бірақ бірінші томың варианты жазылып болғанмен, оның өзінше арналған негізгі мақсатымен, жүртшылық талап ететін зор міндетті атқарылып болған жоқ еді. 1947 жылдың 21 январында шыққан ҚК(б)П Орталық Комитетінің тарихи қаулысында, Қазақ ССР ғылым академиясының Тіл және Әдебиет институты жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы өзге көп ғылымдық, саяси қателіктермен қатар, әсіреле, Қазақстандағы әдебиет тану ғылымындағы идеялық-саясаттық өрескел қателіктер қатты сыналды. Негізді, әділ түрде көп кемшіліктеріміз айтылды. Сол қаулының бір сынаған шығармасы қазақ әдебиеті тарихының бірінші томы болатын.

ҚК(б)П Орталық комитеті қаулысының алынғанына, қазір міне он ай болды. Біз әдебиет тарихшылары және барлық Тіл — Әдебиет институты колективі болып, қазіргі шақта өзіміздің істерімізге сол қаулының айрықша зор пайдасы тигендігін ең алдымен атап айтамыз. Сыншыл, жетекшіл ой, партия басшылығынан, объективтік негізділікпен әділ түрде айтылып көрсетілді де, әрбір жеке әдебиет тарихшысын да, жиын бол біріккен авторлық топтарды да анық өнімді еңбекке бастады. Идеялық-саясаттық жағынан дұрыс бағытталған дұрыс еңбекке жұмылдырыды. Бұғын Социалистік Ұлы Октябрь революциясының ХХХ жылдық мерекесіне арналған ғылымдық мәжілістерімізде біз осы жайді айрықша атап, арнаулы қорытынды жасап, «партия бізге өзінің әділ сынымен зор тәрбиелік, саясаттық басшылығын көрсетті» деп қорытамыз.

Бірінші том жөнінде Орталық Комитет көрсеткен қателіктерді түзеу жолында және сол қаулыны еске ала отырып, жаңадан негізі салынып жатқан «Совет әдебиеті

тариҳын» жасауда да біздің әдебиет тарихшыларымыз соңғы жылдар бойында едәүір жұмыс істеді. БК(б)П Орталық Комитетінің «Звезда» және «Ленинград» журналдары турасындағы қаулысы және Жданов жолдастың сол қаулы жөніндегі баяндамасы зерттеуін ойдаң барлығына үлкен бағыт берді. Совет әдебиетінің тарихын жоғары дәрежелі мектептерде оқыту жөнінде орыс әдебиетшілері жасаған программалары мен оку құралдарының «Культура и жизнь» газетінде, «Большевик» журналында, «Әдебиет газетінде», орталық «Октябрь», «Звезда», «Новый мир» сияқты бүкіл одақтағы беделді журналдар бетінде жазылған сындардың көмегі де мол болды. Одақтағы кейбір әдебиет тарихшыларының батысқа бас июшілік жөніндегі идеялық-саяси қателіктерін сындаған және одақтық республикалардағы әдебиет тану жөніндегі жергілікті үлтышылдықты сынады Совет Жазушылар Одағының бас секретары А. А. Фадеевтің баяндамасы, мақалалары, барлығы да біздің әдебиет тарихшыларының, қазір соңғы рет түзеп, баспаға бергелі отырған бірінші томның дұрыстап қалыптануына көмек етті. БК(б)П Орталық Комитетінің қаулылары мен ҚҚ(б)П Орталық Комитетінің жоғарыда аталған тарихи қаулысы, біздің әдебиетшілерге тек бірінші том туралы ғана дұрыс сынмен, өнімді бағыт беріп отырған жоқ, алда жазылатын барлық уш томның да дұрыс жазылуына да тұра жөп, кең өріс берді. Біздегі әдебиет тарихын жасаушы жас ғылымымыздың бойына жабысып келген үлкен саяси-саналық зиянды астары бар қателіктерді ғылымдық дұрыс негізben талдауымызға көмек көрсетіп, ұстаздық етті. Сол қаулыда тек бірінші томды жазушыларға ғана емес, барлық мектеп оку құралдарын, әдебиет теориясын жазушыларға, сыншыларға да басшы боларлық арналы, үлкен ойлар айтылды. Қалыптастып келе жатқан жас ғылымның, мектеп оку құралдарына белгілеңген мөлшерінде де, ұдайы қалмай келе жатқан айқын қателіктер бары көрсетілді. Сол қателіктердің басты түрлерін атасақ, қазақ әдебиеті тарихына өзіміз кіргізген ескілі-жаңалы, арғы-бергі дәүірлердегі үлгілер, ақындар, жеке әдебиеттік фактілер туралы, бірыңғай мақтай беру, тамашалай, мадақтай сөйлеу күшті еді. Сондай, ғылымға жатпайтын сындаржақ тамашалаушылық, бұрынғының бәріне бас июшілік басым болды, бұрынғыны мақтан етушілік арзан, жалған патриоттық

керексіз көртартпа романтика, сарыншылдық бар еді. Шығарманың, жазушының қоғамдық-таптық, тарихтық шынын ашуудың орына шаруашылдық жағдайдағы Маркс-Лениниң жүйесі бойынша әр шығарманың тууына себепкөр тамырын ашуудың орынса, көп мұралардың өлеңдік түрін, шала көркемдік тілің, өзіміз жетіп ұғыпбаган сырны көп мадақтаумен болдық. Тіпті көртартпа идеологиясы айқын тұрған ескі шығарма, бұрынғы ақын болса, оны да кешіре сынау көп болды. Ұғынамын деген бол, заманын, надаидығын сұлтау етіп, сол көртартпа сананың ақынын сынау орынса актау көп болды.

Шоқанның көзімен қарағанда, Шортанбайлар қалай бағалана еді? Абай көзімен қарағанда, Ақылбек Сабаловтар қалай танылар еді? Алтынсарин көзімен қарағанда Әбубәкір қалай бағалану керек еді? Сондай көртартпа сананың ақындарын, өз заманының ағартушы, халықшыл қайраткерлері шенеп сынаса да, біз орта мектеп оқу құралдарынан кейін қалып қойған ойы күйкі, көңлі надан ақындарды да шамадаң тыс көтере бағаладық. Сол сиякты XIX ғасырда шала танылған, шала ұғынылған ақындарды тамашалап, мақтаудың аяғын беріге әкең, бұрынғыдан да өрескел қателіктер жасадық. XX ғасыр әдебиет зерттеуде, контрреволюцияның үлтшылдық жолындағы кей жазушылардың таптық сырны, орыни тануда да көп адасуларга ұшырағандарымыз болды.

Ленин: «Біз әрбір үлттық мәдениетте опыц демократтық, социалистік элементтерін ғана аламыз, оны алғанда да әр үлттағы буржуазиялық мәдениетке, буржуазиялық үлтшылдыққа қарсы қою үшін ғана аламыз» десе, біздің әдебиет тарихтарымыз жасалуда да осы ой — ең негізгі басшы ой болуға керек. Бұл хал жалғыз қазақ әдебиеті тарихын жасаушылар емес, бізге тілі, тарихы жақын советтік шығыс әдебиеттерін алсақ солардың бәрінің де әдебиет тарихшыларына ортак міндет. Революцияның әдебиет тарихшысы бол, социалистік ғылыминың жаңа мұратын, өз слінің әдебиет тарихын жасауда ойдағыдаір орындаімын десе, сол зерттеушінің бәріне ортақ міндет. Осы тұрғыдан қарасақ, әр елдің әдебиет ескілігінде, тарихи ұзақ ғасырлар тудырып келген қазына қорында — көп шығармалардың, көп ақындардың мол-мол аттары сақталғаны даусыз. Бірақ ақыншын ақынды, шығармадан шығарманы жа-

нағы Лепин айтқан тұрғыдан қарап, айыра талдап, тे-
рендеп ұғынып алу шарт. Осы ғылымдық негіз әдебиеттің
ескідегі ертегі азыздарынан бастап, дәл бүгінгі біздің
жасап отырған советтік әдебиетіміздің өз ұлгілерін
талдап, таңдап алуға шейін түгел қойылатын ортақ
шарт.

Дәл осы ойда анықтау үшін әдебиет тарихтарының
бірсипыра мысалдарына тоқтайық. Мәселен, өзбек әде-
биеті тарихындағы ақындарды алсақ, Қожа-Ахмет Яс-
сауиден — Науан орны, Соғы Аллаяр Мәшруптен, Мұ-
қими, Закиржан, Фурхат, Хәмзә орны бөлек боп ерекше
тұрғандығы айқын. Арғы тарихтың ескілігін, тарихи
адамдарын алсақ, Жәләлиддін емес, Мұқашпа орны бө-
лек екені айқын. Эзербайжан әдебиетінде Асли Қәрәм
емес — Низами, Мирза Фатали Ахундов, Сабир, Җафар
Жабарлы орны ерекше қадірлі екені айқын. Ескілігін-
де: «Фазауаты Сейітбаттал» емес, Бабектің әрекетіне
байланысты азыздардың орны өзгеше. Оның қозғалы-
сы біздің тарихи түсінігімізге жақын тұрғаны айқын.
Қырғызды алсақ — Қалығұл, Қатаған емес, халық-
шыл ақын Тоқтоғұл орны өзгеше, қадірлі екені даусыз.
Тәжік әдебиетінде — сарайшыл ақынның көбінен Ахмет
Мәхдум Дониш (Қәллә) орны өзгеше, Афсаналық ескі-
лігін алсақ — (дәүірінің, тарихтан бұрынғы көніліне
қарамай) ұста Қованың орны бөлек. Сол арғы-бергі
замандардың қайсысында болсын, адам баласының
жалпы тарихының ілгері басу жолындағы өнімді тарты-
сына үндес болып шыққан шығармалардың, тарихтық
қасиеті, құны бөлек.

Қазақ әдебиеті тарихы мен көркем әдебиеті, көркем-
өнерін алып, дәріптен жүрген тақырыптардың ішінде
акындардың ішінде осы мәселелеге келгенде парықсыздық
жоқ емес. Қайта арғы фольклорды тексеруде, я сол та-
қырыпта шығарма жазуда талғаусыз болғанымыз бар.
Шығарма мазмұнының алға бастар прогрестік бағасы-
нан бұрын екінші, үшінші сыпаттарын ең алдымен елең,
еңкөріп жүрдік. Тарихтық құндылық жағынан алсақ,
Көроғлы үлгісіндегі шығармалардың ескілери Қова
жайы, Бабек, Мұқанна, Қобыландылар жайы болса ке-
рек еді. Бұл тақырыптардың шетел басқышыларымен
алысу мазмұндары және халықтың ашуын, кегіз қолына
ұстап, алдысу талаптары, көне заман мәселелері ғана

емес. Берідегі, халық ортасынан шыққап, шығыс елдерінің геройлары Эзербайжанда — Ханлар, Монголда Сухэ батор, қазакта Аманкелділер әрекеттеріне де тақау келетін болады.

Сөйтіп, фольклордың ертеңін тексерсек те, жалғыз жол мақалын талдасақ та, таптық қофамдық өнімді мағна турызатын шығармаларды, көртартпа санаасы бар шығармалардан бөліп, айырып ұғыну керек. Бізде, осы жөндегі кемшіліктің зор болғанын ҚҚ(б)П Орталық Комитеттің айқын көрсетті. Таптық негіз бен сырды ашып тексеру жок деген партия сыны, тереңдеп ұғыпсақ, біздегі көп кемшілік, олқылықты танытады. Бұл жағынан қарағанда, патшалық отармен алдысуз жөнінде туған өлеңдердің барлығы да бірдей емес екенін айыра түсіну керек. Ал бізде әдебиет тарихшысы емес, ескі тақырыпты алғанда, жазушыларымыздың көбінің де парықсыздығы, терең ұғынбаушылығы, шалағай оймен шығарма жазатындығы танылады. Тілесін-тілемесін, шығармалық нәтижесіне қарағанда оларда да ескі тақырыпка барса, романтикалық сарындашылық көрініп отырады. Бұрынғы кезде кейбір феодал ақындарының көртартпа санаасынан туған тақырыпты айта жазуда — олардың санаасын, солар берген шолак мазмұнды, я аз тарихи деректі қайталап қана қойып осыдан әрі сыншыл ойлары, совет жазушылық міндетін түсінулері алдысқа ұзап бара алмай қалатын мысалдар көп. Осы жағынан қарағанда бүгінгі сахнамызда жүрген көп пьесалар да сынмен, тереңдеп ойлануды керек етеді. Жазушы ескі тақырыпты драма арқылы көрсетуде әдебиет тарихшаларының тереңдемеген, шалағай зерттеулерінен көп әрі ұзап кете алмай, шын творчестволық өнімді терең ойға жете алмай қалып отырды. Әсіресе прогрестік дамыған, терең ой жок. Кейде, көбіне XIX ғасырдағы буржуазиялық әдебиеттің жаңа ғана бастаған сыншылық реализмінен ұзай алмай қалады.

Тарихтың орнын терең, кең, көркем мағыналы етіп көрсететін адамдар жайындағы шығарманы тек сол буржуазиялық жазушылар жазған (көп жазған, көп қайталаган) «жастың трагедиясы» деген мазмұнға ғана әкең сайып қояды. Таптық, тарихтық, халықтық терең сыр ол шығармаларда ашылмайды. Рас, әдебиет тарихтарында болған осындағы қателіктер, жаңағыдай біздің

көркем әдебиет тарихын жасаудағы талаптарды айтып отырған тексеруге тұра қатнасы жоқ тақырып.

Сондықтан, жазушылармен бұл жөнінде айрықша сөйлесу шарт. Ол негізгі мәселе. Әзірге айтып кетпегіміз дұрыстап, терендең қараған өзара сын бойынша айтсақ, жазушылық тәжірибедегі жаңағы кемшілік өзінше үлкен бір олқылықтан туады.

Тарихи тақырыпқа жазғанда зерттеуші, тарихшы — марксистік тарихшы ойымен, социалистік реализм жолындағы совет жазушысының ойы қосылу, қабысу шарт. Сондаға социалистік реализмді өзінің жазушылық негізі, әдісі еткен жазушының еңбек нәтижесі туады. Осы екі жақты толықтық, кемелдік үшін ортақ шарт бір жерден шықласа, ондай шығарма тұсында жазушы, социалистік реализмді баураған жазушы бола алмайды. Әдебиет зерттеушісі әр шығармапың осы жөніндегі сырсыпатын ашып, талғамаса, советтік әдебиет тану ғылымының міндетін орындай алмайды. Бір ойна бір ойы қайшы келуден, үлкен сынды, терең сынды көтермейтін, жеткілікіз нәтижелер туады. ҚҚ(б)П Орталық Комитетінің қаулысы бір ғана бірінші том емес, осы жаңағы алуандас олқылықты, кемшілікті жайлардың барлығын жаң-жақты арылтуға себепші болуға тиіс. Қателікті тек қаулыда атаған ғана еңбектер емес, басқа да зерттеуші, әдебиет тарихшысы еңбегінен де, жазушылық тәжірибеліздің де, анық танып табуға сол қаулы жетекші болмаққа керек.

Ойланған әдебиет тарихшысына тек бірінші том емес, келер томдар үшін де, әсіреле бағалы болар бет берілді.

Сонымен қатар, жоғары дәрежелі мектептер программаларын өзгертіп, былтырғы екінші семестрден бастап, әр әдебиет тарихшысының жоғары дәрежелі мектептер программасы лекциялары жаңаша дұрыс сапа табуға бағытталды.

Орта мектептің жоғарғы кластары тарихи қаулылардың негізіне сүйенгел жаңа оқу құралдарын алуына мүмкіншілік туды. Тарихи қаулы, фольклордың да көп дүниесін кайта бағалатты. Енді, көп томды әдебиет тарихын жасауда, әзірге істелгел варшанттарын ҚҚ(б)П Орталық Комитетінің қаулысынан кейін кіргізілген түзуз әнгізіп, түрлерін айтайық.

Бірінші том, қазақ әдебистіңің фольклор бөлімінде ариалған том болатын. Қіріспесін қосқаңда кітап тоғызы

бөлімнен құралған еді. Ол бөлімдері: 1. Қіріспе. 2. Әдет-салт жырлары. 3. Ертегі. 4. Батырлар жыры. 5. Ашықтық жырлары (лиро-эпос), 6. Тарихи жырлар. 7. Шешендік сөздер. 8. Айтыс. 9. Совет фольклоры. Осы бөлімдер ішінен, бірнеше диссертацияларда болған қателіктеге байланысты, үш-төрт бөлімнің орасап олқылық кемшіліктері Орталық Комитет қаулысында көрсетілген. Идеялық, таптық мазмұн жағынан марксизм-ленинизм негізіне жанаспайтың, бұрынғы үлгілерді құрғақ дәріптеу ғылыминаң тыс тамашалау түріндегі негізгі кемшіліктер, сол қаулыда және баспасөз жүзіне шыққан кейібір мақалаларда айқындалып, атап айтылған еді. Жалпы кемшілігі, жоғарыда аталған таптық, шаруашылық, идеялық негіздерді, советтік фольклористика түрғысынан, жеткілікті түрде қарамағандық деп аталағын көрсетілді.

Біз, авторлар колективі ҚҚ(б)П Орталық Комитетінің қаулысын іс жүзінде сол қателіктегі жоюдағы ендігі еңбегімізге жетекші, басшы, негіз есебінде колданып, бірінші томды тыңдана тексеріп, түзеп өттік. Бұл жағынан қарағанда, қаулыны — жаңағы аталған үш бөлім емес, барлық том туралы, бастан-аяқ тұтас, тыңданын сынап, түзеп шығуға иұқалған, тыңдан қойылған зор шарт деп түсіндік. Сондықтан, кітаптың қіріспесінен бастап, ең соңғы бөлімнен шейін бөлімдері, беттері тыңдан қаралып көбінше қайта жазылып шықты.

Кіріспеде фольклор жайындағы кітаптарда болатын, методологиялық жалпы бөлім, қысқа шолу (обзор) бар еді. Тыңдан жазуда сол бұрынғы зерттеулерде болатын буржуазиялық ғалымдар әдістерінің қателіктегі ашылып айтылды, фольклор тап-тартысының құралы екендігі және солай ұғынып, солайша зерттеу советтік фольклористиканың сиң басты міндеті екені ашылды. Маркс, Энгельс, Ленин, Лафарг және Горький көзқарастары, кітаптың соңғы түзелуінде көлемді түрде келтіріліп, бұл кітаптың соңғы идеялық, ғылымдық міндеттің көнірек атап ашуға даусыз ірге, арина есебінде белгіленді. Қазак фольклоры жөніндегі бұрынғы тексерудің олқылығы, қателіктегі және ҚҚ(б)П Орталық Комитеті қаулысының қазақ фольклорын идеялық-саясаттық дүрыс бағытпен тексеруге ерекші бағасы барлығы айқындалап аталаады.

Бірінші бөлім — әдет-салт жырлары. Бұрынғы жазы-

лұында, алғашқы зерттеуде, бұл бөлімнің бірбеткей, сынаржақ жазылған бөлім екені айқындалды. Мысалы, қыз ұзатуда айтылатын «жар-жар», «беташарлар» бұрынғы тексеруде әйел жынысының халындағы, Лафарг айтқан түрдегі қоғамдық теңсіздікті танытады деген түргыдан қаралмаган. Салт жырлары ескі салт, әдет-терді көрсетсе, совет фольклористикасы тексергенде, ең алдымен ескертілеттің мән-мазмұны қоғамдық, таптық шындықты тануға арналу керек. Бұл жырларды үйіші түрмисының теңсіздік надаңдығы, ескі кертарапта аксақалдық жол мен заңнан туып отырғандығын ашпақ қажет еді. Оның орнына бұрынғы жазылуында, бұл бөлімде сол жырларды тұғызыған әдет-салтты сынамай сыппаттау көп болған. Нәтижеде, сол жырлардың қоғамдық, тарихтық шындықтарын, сыншыл зерттеуші бол ашу орнына, көбінше мақұлдан құптау тәрізді қателіктер болды. Соңғы зерттеуде осындай негізді кемшіліктер түзелді.

Мұң-шер жырларында да (мысалы жоқтауда) әйел теңсіздігі және үй түрмисында рушылдық, аксақалдық көне зандардың құдіреті, жалпы қазақ әйелін құндік, еріксіздікке салғаны айқынырақ ашылды. Шаруа, кәсіп жырының да ерекше қоғамдық-экономикалық мәні зор жырлар екені дұрыс бағалаңды. Шаруа-кәсіп жырларында ескі замандардагы әралуап қанауыш таптар шығарған сөздер емес, кәсібі мен тіршілігі, қүнделік еңбегі, тартысы, сол баққан малымен нық байланысты болған анық бұқара, еңбек елінің мал туралы айтқан енбек жырлары көбірек зерттелді.

Ертегілер бөлімінде, қиял-ғажайып ертегілерінен бастап, тарихтық, реалистік негізі бар, мазмұн, тақырыбы бар салт ертегілері мен ақыздарға шейін қайта қаралып өткенде, қоғамдық, таптық мазмұн, ескілі-жапалы үлгілердің бәрінде де анық, айқын көрініп отыратын ерекше сыр-сыпат есебінде анықталады.

Батырлар жыры бөлімінде, бұрынғы орта мектептер құралы мен кей жинақтарда, журналдық мақалаларда, кейбір кіріспе сөздерде, сынсыз, талғаусыз алынып «халық жыры» деп аталып, бағалаңып жүрген бірнеше батырлар жырлары БҚ(б)П Орталық Комитетінің иұсқаулары бойынша қайта бағалаңды. Халықтық сыпаты бар батырлық жырларынан бөлек, бұрын-соңғы үстем тап, сарай мен хандар ортасының жаршысы бол-

ған, халыққа салт-санасы жат ақындар жырлап жүрген «Едіге» жыры ғана емес, «Орақ Мамай», «Шора батыр» жырының да халықтық санаға жат вариантының соңғы тексеруде бірінші томнан алынып тасталды. Батырлар жырының, бұрынғы сыйнсыз, парықсыз ұғынулар бойынша барлық түрі біркелкі, тұтас бір мұралардан танылған тексеру негізі өзгерді. Кейбірі, мысалы «Қобылады», «Қамбар», «Тарғын» сияқтыларда халықтық санаға жақын және кейбірінде таптық қайшылықтар да (Қамбар) айқын көрінетіні ашыла тексерілді. «Сайын батыр» сияқты жырларда үстем ортаның ақындары қосқан бөтен сананы сынап, мінеп көрсеткен және батыр образын сыммен сыпаттаған халықтық көзқарастың мәні айқындалды. Орыс халқымен қастық, өштік сарыныңда, хандар айналасындағы үстем таптар санасының тұрғысынан жырланып келген кей жырлар баспасөз жүзінде жарияланған бағаларға сәйкес танылды.

Ашықтық жырлары турасында, кейбір диссертацияда болған қателік, ол қателіктеге жасалған либералдық ҚҚ(б)П Орталық Комитеті қаулысында атап көрсетілген болатын. Бірінші томның үлкен қателігі бар мінді бөлімі осы бөлім деп аталған еді. Сол орынды сып, бұл бөлімді айрықша қадала қарап, тереңдеп талдауды талаң етті. Қазіргі қалпында, кітаптың бұл бөліміне кірген, үлкен дастандар түрлерін тексеру түгелімен негізінен өзгеріп, туゼліп шықты деуге болады.

«Қозы Қөрпеш», «ежекабыл» салтынан туған жыр болумен бірге, сол салт көлеміндегі ұғым санаға бағынған жастар махаббатын көрсетеді. Осымен қатар, сол көне салтты қатты құптаған, ескілікті нағымды көрсететін көлемді көркем шығарма екенін ашу, ғылымдық зерттеудің бас міндеті болып танылады. «Қозы Қөрпешті» жырлаган ақындарда, олардың өз замандарының салт заңына бағынған өзіндік таптық санасы, жыр вариантынан айқын көрінетіні танылады. Солардың ұғымынша, Қарабай сарандық, жауыздықтың жиынтық бейнесі болумен қатар, жол бұзушы, заңнаң азушы «ақ батадан» аттаушы, қыңыр-қиястық бейнесі болып қалыптанған. Жыршылар санасымен болжағанда, сол ерекшеліктер ол образдың ең бас міні екендігі айқындалды. Қодарды да сол сана бойынша, айнымас заңға

көлденең келүші, қарсы әрекет стуші етіп, сонымен, әсі-
реле зор құнәсі етіп мінеп, шенеу бар екендігі айқын-
далды. Шығарманың салттан туған лирикалық туынды
екені, ескі заманның көне заңы мұнда — рушылдық
ортаның ақындарының санасында аumas, бұлжымас
қағида есебінде орын алғаны аталды. Осындай тексеру
арқылы жырдың қоғамдық, тарихтық сырьы, бұрынғы
болған тексеру, ұғынуларымыздың барлығынан терең
де және ғылымдық дұрыс негізде ашила түсті деуге бо-
лады. Кітаптың алғашқы түрінде сол заң мен жол-жо-
раны құптау, мақұлдау өз заманы үшін десек те, актау
сияқты позиция бар еді.

Әсірссе осындай дұрыс негізбен тексеру «Қыз Жі-
бек» поэмасын тереңдей талқылап, дәл түсінуге жәрдем
етті. Ол поэманиң таптық, қоғамдық негізін дұрыс ашып
түсінуге, тануға себеп болды. Бұрын бізде болған сын-
сыз тамашалау, сарыншылдық пен көне түрге бас шо,
әдебиет тарихшыларына да, тіпті жазушы мен театрға
да аumas, айпымас жол болып кеткендей еді. Соңғы
тексеруде біз сол поэманиң көшке мәлім вариантын
тыңған талқыладық. Бұл түрғыдан қарағанда «Қыз
Жібек» жыры әменгерлік, жесірлік заңын көркем сөзбен
қостаган кертартпа сананы құптап, соны көркем түрде
үгіттеген жыр болып көрінеді. Оның бізге жеткен ва-
риантында, реакциялық санасы, рушылдық идеологиясы
басым болған, ескі заң бектің бірін-бірі, өздері танда-
суы болған жыршы көрінеді. Оның ұғындыруы бойынша
Төлеген мен Жібектің бірін-бірі өздері тандасып әзел-
деп тағдыр бүйріғына қарсы етілген әрекет есепті.
Олар махаббаты кірсіз, мінсіз болса да аталар батасы
бекітіп құптаған күнде ғана орынды болады. Ата батасы
қостамаған махаббат тірлік үшін емес, қарғыс, өлім
үшін туған махаббат есепті... Ондай жолға ата батасын
аттап өтіп, қадам басқан жас, ешбір күнәсіз, себепсіз
жаза тапса да, мұрдем кетсе де өкініш емес. Соңдықтан
ата батасын аттаған Төлеген өледі де, оның қатесін
түзеп, атаниң батасымен шыққан Сансызбай жеңгесін
алады. «Аға өлсе, жеңге мұра, іші өлсс, келіп мұра»
деген сианаы, дастаниң бас геройының бірі Төлеген
өзінің өлімімен құптайды. Жыр басында өзінің өлерін
біліп, Қыз Жібекке — қайнысыпа тиоді, Сансызбайға
жеңгесі Қыз Жібекті алуды көр аузышац, о дүниеден,
әмір-бүйріқ еткендей болады. «Қыз Жібек» жырында

қазақ әйелінің көп ғасырлық сорына себепші болған қырысқ заң, ең бір нағандық, сорақы жол, ескішіл ақының қызығып жырлауы арқылы, осындай поэзиялық үгітке айналады. Соңғы тексеруде, біз бұл дастаниң алға бастар ой емес, кертарапта санаға бағынып, қалыптараптан мазмұн тартысын, идеясын толық ашуға талап сттік.

Тарихи жырлар бөлімінде де, тыңдаған қаралған, туゼліп өткен негізді жақалықтар бар. Бұл бөлімде «Абылай месі Қенесары жайындағы тарихи жыр» деген жіктеуге жатпайтын құрама, ұсақ әңгіме-ақыздар көп кірген еді. Солардың көбінде Абылай, Қенесарыны халықтық ұғымшаң өзгеше сапамен бейнеслеу бар-ды. Хан айналасының, хан ордасының санашылы болған қартқерія, ақын-жырау, мақтаушы-жыршы ортасы туғызған шолақ әнгіме, ақыздар болатын. Олардың барлығында Абылай, Қенесары, Наурызбайларды сағымды ақыздармен көріктеп, қиял-ғажайып ертегілер қаһарманадарына теңеп әсірелеген дәріштеулер көп болатын. Бұрынғы зерттеу мүндай әңгімелердің бірдең тарихи жыр жаңыраша жатпайтындығын ескермеген. Және олардың таптық, тарихтық шыны, негізін актарып ашпаған. Тек бір жақты сүйсіну ретіндегі құптауды, ғылымды сипшыл тексерудің орынина жұмсап кеткен-ді,

Бұрынғы қалпында, бірінші томға, тарихи жырлар қатарында кіруге лайығы болмаған—«Қабанбай» жыры да кірген-ді. Бұғынғі Ұлы Одақ көлемінде достас, бауырлас болып отырған кейбір елдерге, Қабанбайдың жасаған шабуылын айтатын жыр болғандықтан, бұл жырды да соңғы ісімізде тексеруден шығарып таstadtық. ҚҚ(б)П Орталық Комитетінің қаулысында орынды, дәлелді түрде қатты синалған бөлімнің бір шешендік сөз жайындағы зерттеу болатын. Бұл бөлім, бұрынғы қалпында, фольклор үлгілерің сипшап, зерттеу орынина көп мысалдарды тізе берген тек жеңіл, үстірт және қателік бағыттағы құрғана тамашалау, арзап талдау қалпында жазылған. Осы жаңр турасындағы тексеру, қазақ әдебиет тарихшыларының ең бірінші рет тапқан, байқаған алғашқы тәжірбесі болса да, бұл бөлімнің ғылымдық жағынан, саясаттық, тарихтық жағынан қарғанда никілігі көп болды. Қаулыға сәйкес, жақағы қемшіліктер еске алышып отырып, кітаптың соңғы түрінде бөлім қысқартылып бастап-аяқ қайта жазылды. Бө-

лімнің алғашқы қалпына, екі түрлі негізгі қателік бары айқын танылды. Бұнда бар шешендік үлгілі, афоризм түрінде айтылған қысқа көлемді, бағалы мазмұнды көркем мұралардың барлығын тек билер тудырды деген қорытынды бар-ды. Және сол билерді асыра мақтау көп орын алып еді. Таптық, тарихтық жағынан қараганда, халық пен қоғам тіршілігіне зиянды әрекеттері мәлім болған билерді де бас не дәріптеу күшті болған. Кей түсінде бұл бөлім, гылымдық синиши зерттеу смес, өзінше бір «бішамага» айналып кесткепдей еді. Осы көрсетілген, екі түрлі негізгі айқын кемшіліктер түзелді.

Таптық, тарихтық мазмұнын ашу арқасында шешендік сөздердің иесі, негізінде үстем тап өкілдері — билер смес, халықтың өзі екендігі ашылды. Билердің көп әрекеті мен сөздерінің түсінде, анықтап, ашуға қажет болған таптық сиро, талабы, салт-санасы, өмірге сәйкес шындығы тексерілді: Осы жағынан қараганда, кей билердің өз аузынан шыққан, көртартпалық мазмұнды, кейбір шығармалары әдейі сол халыққа жат мазмұнда екеніндігі әбден қайталап тексерілді.

Қазақ фольклорында бұрын көп зерттеуге түспеген — бірінші том көлемінде ең алғаш толығырақ тексерілген деген талаппен алынған жанрлардың бірі айтыс еді. Қітаптың бірінші түрінде бұл мүлде ойдағыдан орындалмады. Ол жайдан жазылған зерттеу, айтысты гылымдық айқын жіктерге бөле алмаған-ды. Бар айтыс біртұтас ағым сияқты, тек ақындар атығана өзгеріп отырғаны болмаса, парықсыз топталған еді. Айтысқа халық өнерпаздарының халықтық сыр-сипатын беретіні ашылмаған-ды. Сол жаңардың кейбір сыртқы ерекшеліктерін, айтылатын орнын, жалпы жағдайын (өзге жанрлардың түсі көздерінен бөлек туатын жағдайын) пайдаланып, халық ақындары қоғамдық қанауға қарсы құрал етіп пайдаланатыны ашылған жоқ еді. Айтысқа ақындардың таптық санасы, идеологиялық позициясы ашылмай, тек түрлі тақырыптыған талдау бар еді. Қазіргі түзеудің інтижесінде, бөлім ішінен әйел ақындардың айтысы, жалпылаған көпшілік айтысы және Жамбылдың тапшыл ақын айтыстары кеңірек орын алды. Олар тудырған айтыстардың қоғамдық магынасы, тарихи шындықтан туған ерекше мазмұндары саналы айтыстар ретінде толық бағаланды. Біржан мен Сара айтысы сияқты тіл мен өлеңдік көркемдігі көпші-

лікті қызықтыратын және бұрынғы оқу құралдары мен қысқа шолған мақалаларда қорамдық сұры мен мәні айылмаған айтыстарға да, тыңнау талқылау жүргізілді. Олардың кей кезеңдерінде, яғни бергі айтушылар өндегі, қоспалары арқылы өзгеріп кеткен қалпында рушылдық, тар көлемді, ескі сапалы қайшылықтар мол орын алғып келгендігі анықталды.

Айтыстың өзгеше түр есебіндегі, ерекше бітім қалпы, сидігі зерттеуде өзіне лайықты орын алды. Мұнда мазмұны мен байланысы, түр-теңеулері ақындық орын алды. Мұнда мазмұнына сай бір тұтастық тауып тұра алатындығы, бұл жөндегі зерттеу де дұрыс танылған тәрізді.

Бірінші том ішінде көп орын алғып, мол көлемде жазылған бөлімнің бірі, совет фольклорына арналған бөлім болатын. Бұл бөлімнің бұрынғы желісі түгелімен сапалмаса да, сиңышы-рецензент болған жолдастар көрсеткен нақтылы методологиялық кемшіліктер бар еді. Бөлімнің соңғы қаралуында тың түзеулер енді. Бөлімнің бұрынғы қалпында орынсыз ұзақтық, сөйлем ауырлығы, тіл мен түр кемшілігі бар еді. Әр үлгінің тұсында бар айтылған пікірлерді, ұқсас сөздермен, сөйлемдермен қайталап, еселей беру де көп еді. Онаи соң жаңа мазмұц, әсіресе отан соғысы тақырыбын жырлаган халық ақындары Нұрпейіс, Нұрлыбек, Жақсыбай поэмалары сияқты тың шығармалар бөлімнің алғашқы қалпында талқыланып, сыналмаған. Тек, түйсіну, мақтау түрінде дәріттелген, бірақ зерттелмеген шығармалар болды. Осы сияқты совет фольклоры үлгілерінің баспасөз жузінде көрсетілген орынды аталаған кемшілік, міндері және сынаушы-рецензенттер көрсеткен кемшіліктері түзелді.

Осымен жалпы шолғанда, бірінші том бірнеше жылдан бері жазылып, сыналып тексеріліп, енді міне қайта жазылып болып отыр. Соңғы рет түзең, шама жеткенше қанағаттанарлық толық редакциясын баспаға әзірлеп беру — Тіл мен Әдебиет институтының ісінде және барлық автор ісінде ең бір күрделі жұмыстың бірі деп білеміз.

«ҚОЗЫ ҚӨРПЕШ — БАЯН СҰЛУ»

I

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» дастаңы қазақтың гашықтық жырлары ішіндегі ертеректен келе жатқан және қазақ арасына өте көп жайылған түрі. Бұл жыр «Қызы Жібек» хикаясы сияқты тек қазақтың өз тумасы ғана емес, мұның әңгімесі қазақтан басқа елдерде де бар. «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» әңгімесінің бір түрі орыс тілінде 1812 жылы Қазанды басылып шыққан. Барабин татарларының және қазақ арасында айтылатын нұсқасын Радлов жазып алған, бастырган. Ойрат тілінде «Қозы Еркеш» дейтіп жыр бар. Солардың бәрі де «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырын өзіне меншіктейді. Қазақ арасында бұл жырдың 16 түрлі нұсқасы бар. Қөп заман бойында көп ақындар жырлагандықтан осындағы әлденеше вариантар пайда болуы фольклор қөлемінде заңды сапалады. Бізге мәлім болған «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырларының кейбір варианты ертедегі заманың өзіне байланысты айтылса, енді біреулері бергі XVIII—XIX ғасырда өндесліп жаңырылған. Және кейде, «погайлы» деген ескі атаулары жойылып, оның орынина Кіші жүздің Шеркеш руы, не Орта жүздің «Бағаналы» («Найман») руларының аттары аталады. Бірақ, бұл нұсқалардың қай-қайсысын алсаңыз да, алғашқы спожет асылы — біреу. Әр дәуірдің, әр жердің ақындары өз ортасындағы тыңдаушыларының ыңғайына тартқанымен, оның негізгі мазмұны, оқиға желісі бір арнага саяды.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырын 1870 жылы қазақ арасынан жазып алған, орыстың атақты ғалымы академик Радлов немісше және қазақша бастырган (шығармалар жинағы, III том). Екінші түрлі бір көркем нұсқасын қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов атақты Жанақ ақынның өз айтуынан жазып алдым дейді¹. Бірақ бұл қымбат варианты кезінде Шоқан бастыра алмағандықтан зерттеушілерге әлі күнге шейін мәлім смес болып келе жатыр.

Шығыс әдебиеті мен араб тілін зерттеуші орыс ғалы-

¹ Шоқан Уәлиханов. Шығармалары, 1904. Петербург.

мы Саблуков 1830 жылы «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» хикаясын бұрынғы Семей губерниясы, Қекпекті маңындағы бір жыраудың аузынан жазып алған. Оренбург музейінде басқарушысы, орыс тарихшысы Қастаңе, өзінің «Қазақ даласы мен Оренбург өлкесінде белгілері» дейтін кітабында «Қоза Қөрпеш — Баян сұлу» жырының он түрлі нұсқасынаң дерек береді. Және өзі сол кітапта бұл жырдың толық аудармасын берген¹. Мұнысы Фылым академиясының Петербургта шығатын «Вестникіне» басылған. Қастаңеңің аудармасы бойынша «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» хикаясының мазмұнымен қазақ тілін зерттеуші орыс ғалымы Мелиоранский де Таныс болған. Жетісү облысының губернаторы Колпаковский 1870 жылы Семейден Қапалға бара жатып, жолай Аяғөз маңындағы Қозы Қөрпеш — Баяның мolasы дейтін моланы көріп, Лепсі уезінің начальнигіне осы екі ғашықтың әңгімесін жинап алуды тапсырган. Сол Лепсі уез начальнигінің тапсыруы бойынша «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының бір нұсқасын орман қарауылы Салагаев дейтін кісі жинап, кейін орысшаға аударған. Қастаңе орысша әңгімелеп бастырган вариант осы әңгіме делінеді. Онаң соң «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырын Петербург университетінде профессоры Березин жинап, 1876 жылы өзінің -«Түрік хрестоматиясы» деген кітабында басып шыгарған. (III том, 162—170 беттер, 1876). 1899 жылы «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» хикаясының бір нұсқасын Баранов ел аузынан жинап алғып, Петербургтағы «Нива»² журналының қосымшасында басып шыгарған.

Осы орыс зерттеушілерінің ішінен Радлов пеп Березин жырдың қазақша нұсқасын бастырган. Қастаңе толық және маңызды аударма берген. Ол кезде «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» хикаясын қазақ мәдениетін зерттеуші орыс ғалымдарының оқып, білмегені кемде-кем. Бұлардың кейбіреулері жырдың өз пұсқасын жинамай, тек ел аузынан естіген әңгімесінің ғана мазмұнын орысшаға аударған. Мәселен, 1868 жылы Қапал приказын ұйымдастыруға келген патша ұлығы Абрамов жолай Қозы мен Баяның бейтін көріп, оның әңгімесін Тобыл губерниясының «Вестник»³ журнальында орысша бастырган.

¹ «Қазақ даласы мен Оренбург өлкесінің ескі белгілері». 278—286.

² «Ежемесячное приложение к «Ниве» № 2. СПБ. 307—344.

³ Тобольский губернский вестник, № 40, 1859, II ч.

Түркстап өлкесінің археологиясын зерттеуші Пантусов дейтін ғалым да 1898 жылы Қозы мен Баяның бейітін зерттең, бұл хикаяның бір нұсқасын Ташкентте, одан кейін Қазанда «Орта Азияның ескі заманы» деген кітабында бастырған. Бұлардан басқа осындай орысша нұсқаның бірі 1877 жылы «Ақмола облыстық ведомостінде», 1877 жылы Омбыда шығатып «Дала уалаяты» газетінде, 1901 жылы «Торғай облыстық ведомостінде» шықкан.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының көп зерттең, оған үлкен мән берген кісінің бірі — Сібір ғалымы Г. Н. Потанин. Ол кісі «Вестник Европа» деген журналын, (1890 жылы, 9 кітап), одаң соң «Русское богатство» деген журналда (1896 жылы № 8) бұл жырга айрықша тоқталып, оны жоғары бағалайды. Потанин «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырын Батыс Еуропасың, орыстың, шығыс елдерінің бірнеше халық дастаңдарымен салыстыра келіп: «Бұл, жер жүзіндегі ең қымбат әдебиест мұраларына жататын шыгарма»— деп бағалаган. «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырына орыс зерттеушілерінің осыншалық зор еңбегі сіңген.

«Қозы Қөрпеш» — жыры туралы Ұлы Октябрь революциясынан бері қарай қазақ тілінде жазылған түсініктер, мақалалар, оку құралдарының бөлімдері де аз болған жоқ. Бұл жөнде бірнеше ғылымдық диссертациялар да болды. Соңғы үш-төрт жыл ішінде сондай бол қорғалған ариаулы диссертация Ысқақ Дүйсенбаев жолдастікі. Ол «Қозы Қөрпештің» ертелі-соңды бар вариантарын түгел тізіп, толық талдаған, шолып өткен.

Бұрынғы белгілі, жоғарыда саналған «Қозы Қөрпеш» түрлерінен басқа Ы. Дүйсенбаев тағы екі зерттеушінің сртеде тапқан вариантарын атап, талдап өтеді. Оның бірі — Фролов варианты. Екіншісі Э. Дербісалининің жинақ алған түрі болады. Дәл соңғы кезде Алтай сліпің жас зерттеушісі, ғалымы С. С. Каташ және де «Қозы Қөрпешті» Алтай елінің «Қозын Еркей» дес аталағын халықтың жырымен салғастыра зерттеген еңбек жазды. Бұл жөнінде Каташ Қазақстан Гылым академиясында жақында кандидаттық диссертация қорғады. Каташтың зерттеуінде «Қозын Еркей» қана емес, Алтай елінде «Қозыке — Баян ару», «Қозыке — Баян сұлу» деген аттармаси біреулері қазақ жырына өте жақын, тағы бірі ол жырдан қа-

шаңдау болса да, иегізінде осы «Қозы Қөрпеш» жырымен желілес, бірнеше халық жыры бар екені анықталды.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» тек ғалымдардың ғана ескерген шығармасы болған жоқ, орыс жазушыларына да мәлім болған.

Орыстың ұлы ақыны Пушкинің бір қолжазбасында «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу»¹ атты дастаниң орысша жазылған сюжеті табылған. Совет өкіметі түсінде көкшетаулық орыс ақыны Тверитин «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының мазмұнын өлеңмен орысша жазған. Тверитиннің бұл көркем поэмасы 1928 жылы Қызылорда қаласында, содан соң 1941 жылы Москвада жеке дастан болып басылған. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбай-ұлы Бейсембай деген ақынға «Қозы Қөрпеш — Баян сұлудың» жаңа айтқан вариантын хатқа түсірткен. Осы Бейсембайдың аузынан алынған Жанақ айтты дейтін «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының бір-екі қолжазбасы бар. Бірақ Бейсембай алғашқы Жанақ вариантың аяғын өзгертіп жырлаган. Осы Жанақ — Бейсембай вариантын Мұхтар Әуезов 1936 жылы Алматыда жеке кітап қылыш болтырылған. Және бұл пұсқа 1939 жылы басылған «Батырлар жырының» 1 томына енгізілген. Әзірге «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының баспаға шығып, көбірек мәлім болған нұсқасы осы. Радлов жинап бастырылған «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жыры революциядан кейін 1925 жылы Москвада қазақша жеке кітап болып басылған. Сәбит Мұқанов пен Х. Бекхожин 1939 жылғы орта мектептерге аринал құрастыратын хрестоматияда осы вариант үзінді түрінде басылған. Бұлардан басқа қазақ ССР Фылым академиясының тіл және әдебиет институтында Шөже.ақын айтты дейтін тағы бір көркем ескілеу нұсқасы бар. Бұл пұсқаны Мәшін Жүсіп жинаған, әлі баспа көрген жоқ. «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырларының ішіндегі айрықша назар салатын бір тәуір нұсқасы осы. Бұдан басқа Фылым академиясында 1905 жылы Павлодар уезі, Баянауыл қазагы Молда Мұқан Машакұлынан Жақыпбаев жазып алған «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының екінші түрлі бір қолжазбасы бар. Бірақ, бұл вариант кейбір өзгерген сөздерін, кісі аттарын айтпасақ, Шөже пұсқасынан алынған көрінеді.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырларын көп басып,

¹ Қаз. Правда», 1938, 12. П. ТАСС.

халыққа таратқан орынның біреуі — Қазандагы Хұсан-новтар баспасы. Бұлар «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» дастанының түрліші нұсқаларын 1878, 1890, 1896, 1909 жылдары қазақша кітап етіп бастырган.

Осылардың бәрі «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының қазақ арасына өте әйгілі, көп тараған және халықтың аса қадірлеп сақтаған қазынасы болғанын көрсетеді. Жырдың нұсқасы қаша көп болса, мұның айтушылары да соңша көп. Бұлардың ішінде Шәже, Жанак, Сыбанбай, Бекбау сияқты халық ақындарының аты айтылады. Қазактың хикаялы жырларын сақтап келген кісілердің өзі осындай жыраулар, айтушылар. Бірақ «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырын айтушы жыраулар жайындағы мағлұмматтар бізде әлі жеткілікті жиналған жок.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырын халық көп заманнан бері сүйіп тыңдаған. Мұны осы екі гашықтың әңгімесіне байланысты қойылған жер-су аттарынан да танимыз. Өлеңті өзені Карабай мен Сарыбайдың қонысы деседі. Баянауыл тауында Баян туды-мыс, Қарқаралы тауында Баянның қарқарасы қалады, Өлеңтіде той болып өлең айтылады. Ай, Таңсық өзендері Баянның апаларының атына қойылады. Қодар Таңсық көлін жасайды. Осының бәрі халық аузында сақталған қызық аңыздар. Сол аңыздардың бір парасы Баянның бейіті жайында айтылады. Ол бейітті 1858 жылы Абрамов көріп, Аяғөздің шығыс жағасында, жарты шақырым жерде түр деп сипаттаса, 1898 жылы Пантусов көріп, бейіт су жағасында 50 метр жерде түр деп жазады. Бейіт қасында тастан ойған көп сурет болған: бірі — Баян, бірі — Қозы, өзгелері қыз апалары мен Айбас болар делінеді. 1898 жылы Пантусов бұл суреттер сынып жатыр еді дейді. 1897 жылы сол суреттің бірін Шығыс Африкадагы неміс губернаторы майор фон-Биссаман алғы кеткен.

Баян бейітіне байланысты ертегілер әлі түгел жиылыш болған жок.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының ең ескі нұсқасының бірі — Шәже варианты дедік. Бұл жыр:

Жаратқан жан біткенді бір құдайым,
Жаратқан жарық үшіп күн мен айын.
Бұрынғы погай-қазақ заманында,
Сейлестейіп Карабай мен Сарыбайшы.
Жарасқан нар түйеге биік өркеш,

Мен сойлесем жұрт тыңдар ертеңді-кеш.
Екеуін сәтті күні құдай қосқаң,
Баянға ғашық болған Қозы Қөрпеш.

деп басталады.

Жырдың толығырақ мазмұны мынадай: Ногайлы жүртінда Қарабай мен Сарыбай дейтін екі бай болады. Екеуі де перзентсіз екен. Аңда жүріп дос болады. «Үйдегі кісіміз жүкті» деп, екеуі де буаз маралды атпайды. Әйелдері жүкті екенін біліскең соң бала тұмастап бұрын іштегі балаға ежеқабыл ретімен белқұда болысады. Ұзамай сүйіншіге екі адам келіп, Сарыбайдың әйелі Мамабикеден үл туғанын хабарлайды. Екі әке серттесіп, үл мен қызды қоспақ болады. Сарыбай құдалықтың қарғы бауы үшін Қарабайға Айбас дейтін құлыш береді. Бірақ Сарыбай үйіне жетпей, аттан құлап өледі. Қарабай антын бұзып, «қызымды жетім үлға бермеймін» деп, Өлеңтің аяғын өрлей Аягөзге көшеді. Бұған Әлжаппар дейтін құлыш мұрындық болады. Қаракөз паразы. Көшкен күні Қарабайдың сабасы жарылады. Сол жер Ақкөл, Жайылма атасынты. Қырық нары арып жолда өледі. Аягөзге барған соң, ногайлының би Сұлтанғазы Қарабайдың ауылды ерулікке шақырганда, ногайлы Шақшақ байдың баласы Қодар Баянға ғашық болады. Тоқсан мырза Баянды алмаққа Қарабайға жалшы болады. Айбас Баянға: «Алтын айдар, шоқ белбеу жарың бар, соны әкелемін» деп қанатты қара биеден туған Бақа айғырға мініп қашады. Сәлемдемеге Баянның домбырасын, бет моншағын, қарқарасын, алтын сандығын, ақ жамшысын алады, Айбастың қашқанын біліп, Қодар сегіз құлмен Итішпес көлінде қуып жетіп атысады. Айбас Қодарлардың мініп келген он алты атын атып түсіріп, шөлде жаяу қалдырады. Қодарларды жеңіп, ілгері жүреді. Бірақ адасады. Алдынан өткелсіз қалың орман шығып, Баянның домбырасы мен моншағын ұмытады. Содан ол жер «Домбыралы», «Моншақты» атаптаған дейді. Сандығы қалған жер «Алтын сандық», «Ақша тау», Бақа айғырдың тоқтаған жері —«Тоқырауын жәмшілі», қарқарасы түскен жер —«Қарқаралы — Қазылық», Бақа айғырдың жауыр болған жері «Жауыр бұғы», Баянның туған жері —«Баянауыл» атаптаған. Мамабикеге барса, ол Айбасқа: «Балама Баянды білдірме, қайта бер», — дейді.

Қозы Қөрпеш батыр жігіт болып өседі. Бір кемпірдің үйін садақпен атқанда, ол: «Батыр болсаң жарынды тап» дег қарғаған соң, шешесінің қолын ыстық бидайға қақтаи, Баянның аты-жөнін сұрап біледі. Жылқыға барып жүгенін сұлдыратса, бір қотыр тай қарайды. Ер-тұрманын салғаша қотыр тай арда күрец бесті тұллар болады. Қоралы қойын қасқырға, түйесін Алакөл-ге, жылқысын Жидебайға, шешесін құдайға тапсырып, Қозы Қөрпеш Аягөзге тартады. Шешесі: «Барғаныңаң келме» дег қарғап қалады. Қозы жолай Айбасты қуып жетеді. Аягөзге барған соң Қозы боранды тоқып өлген бір тазша койшының кіміп киіп, қойға шыққан Баянға жолыгады.

Қозы Қөрпеш үш жыл қой шетінде жүріп, Баянмен қызық дәурен сүреді. Баянның отауында жатқан Қозыны жеңгесі көріп Қаракөзге айтса, ол: «Жатса жатсың, өз жары» дейді. Бірақ Қарабай Қодардың тілімен Ноғайлышы жиып, көр қаздырып, Қозыны құпия өлтірмекші болады. Жиналыш келген жаудан Қозы қашып шығады. Баян Қозының хабарын өзінің қара торғайын жіберіп біліп тұрады. Торғайды бір жолы қырғи қуып, қыздың мақпал шапанын киген жеңгесіне тығылғанда, жеңгесі торғайдың төбе жүнін жұлып өлтіреді. Ол Қодарға жак еді, бұдан соң Қодар, Қарабай, Әлжаппарлар торғайдың өлердегі «шоқ» деген сезінен Қозының жатқан жерін біліп, Шоқтерекке барып, алаңсыз үйқтаи жатқан Қозыны атып өлтіреді. Қыз ызаланып, әкесіне «енди мені өзің ал» дег қарғайды. Баян ботасы өлген боз інгепді жеңегіне алып, екеуі қосыла зарлайды. Қарабай ауыл көшкенде қаралы Баян жүдеп, жүртта қалады. Сонда Қодар келіп: «Маган ти» дейді. Қыз: «Тиейін, бірақ Қозыны бір көрсет» дег жауап береді. Шоқтерекке барған соң, Қодар Баянның бұрымынаң үстап құдыққа түскенде, қыз шашын қыып жібереді. Баян Қозының басына келіп, оны жоқтап отырганда көзі ілінген Баянға қырық шілтен аян беріп, Қозыны үш күнге тірілтіп береді. Екі ғашық үш күн, үш түн бас қосып дәурен сүреді. Үш күннен кейін Қозы қайта өледі. Бірақ қырық бір қызыр жолығып, екі ғашыққа отыз бір жыл жұбайылық өмір береді. Қаракөз тұс көріп, шөлде қалған Баян мен Қозыға Бақа айғырды ерттеп жібереді. Екі ғашық өзі ізден барған Бақа айғырға мініп. Өлеңтінің бойында отырган Қарабайдың ауылына келеді. Той

жасап, екі ғашық қосылады. «Өлеңтіде өлең айтып, той қылған», Ақжар Қарабайдың той ошағы болған деседі. Бұдан соң Жұпар қорығында отырған Сарыбай ауылына үзатылып барады. Барса Жидебай дейтін құлы Қозының шешесін азапқа салған екен. Қозы шешесін жылқы сүтіне шомылдырып, уайым-қайғысын кетіреді. Құл мен құңғе азаттық береді. Ұлы думан той жасап, отыз бір жыл дәурен сүреді. Отыз бір жыл толған соң екеуі қызырдың аянымен Аягөзге келіп, Қозы өледі. Баян тағы да жоқтап жылайды. Сол кезде үстіне бір топ керуен келіп, Баянға ғашық болады. Қозыға бейіт орнатады. Баян ақылы асқанға тиемін деген соң, керуеншілер өзді-өзі төбелесіп, қырылады. Баян бейітке кіріп өзін өзі өлтіреді. Сол керуеншілерден үш адам құтылып, үш рулы елге барып, Қозы мен Баянның хикаясын өлең қылышты дейді. Жырды айтушы — мұны Шәжеден естіп едім¹ дейді.

Мұнда жырдың екі саласы бар. Бірі — екі ғашықтың арманда кетуі, екіншісі — тіріліп қайта қосылуы. Кейінгісі халықтың екі ғашыққа жаңы ашыған өкінішіне қарай өзгерген жасанды түрі болу керек. Екінші саласында дін сарыны басым екенін көреміз.

Молда Мұқан Машанұлының қолжазбасы да дәл осы жырға ұқсас, тілі де, мазмұны да бір. Жалғыз-ақ мұнда ұл Қарабайдікі болады да қыз Сарыбайдікі болады. Бұл нұсқада Баянның торғайын жеңгесі өлтіргенде, соны Баянның сұрап жалынатын жері толығырақ айтЫЛған.

1909 жылы Қазанда басылған — «Қисса Қозы Қөрпеш» деген кітаптың мазмұны бұлардан да бірқатар өзгешелеу. Бұл жыр:

Жасым бар жиырма бесте, жылым мешін,
Өлімнің кім біледі ерте-кешін.
Айтайын бес-алты ауыз құлағың сал,
Қозы Қөрпеш, Баянның әңгімесін.
Ел болар он екі ру, бірі Шеркеш,
Ком жасап сары атана бітеді өркеш,
Бес-алты ауыз айтайын, құлағың сал,
Баян мен ертеде еткен Қозы Қөрпеш,—

деп басталады. Мұның он екі ру деп отырғаны Қіші жұз. Шеркеш соның бір бұтағы. Жырды айтушы Гурьев (Үйшік), Орал жағынан шыққан ақын болу керек. Айтушы:

¹ Бұл нұсқаны жинаған Мәшіхүр Жұсіп Қөпесев.

Қарабай, Сарыбаймен бай өтіпті,
Ноғайлы ертеде өткен заманында,—

деп, ескі заманды сөз қылады. Бірақ мұнда да қыз әкесі
Қарабай емес, Сарыбай болған:

Дабысы Сарыбайдың желдей есті,
Сұқсырдай сұлу Баян болып есті.
Қызымды жетім үлға бермеймін деп,
Сарыбай жұртымен тұра көшті,—

дейді.

Жырдың бұл нұсқасында ата-ананың теріс батасына үлкен мән берілген. Батыр мінезді Қозы бір кемпірдің өрмегін үзіп, шешесінің қолын бидайға қақтап, Баянның хабарын білгеннен кейін Бозшұбарға мініп, Баянға кетпек болады. Шешесі әкелген қызға Қозы қарамайды. Қозыға шешесі: «Төрт тұлік малың қалды, оны қайтесің» дегенде, Қозы: «Жылқымды қалмақ алсын, түйем Сарысудан қырылсын, қойыңа топалаң келсін» деп жауап береді.

— Жолында Оюолының он бәрісі, Қилюның қырық берісі бар одан қалай өтесің? — дегенде, Қозы Қөрпеш:

— Оюолының он бәрісінен айқай салып өтемін, Қилюның қырық бәрісінен қику салып өтемін? — дейді.

— Ну шенгелден қалай өтесің?

— Өрт қоямын.

Бұларға тоқтамаған соң шешесі: «Ен дария емшек сұтім, көрім тұтар», — дейді.

Ен дария емшек сұтің, көрің тұтса,
Өтермін онаң-дағы, кеме мініп,—

дейді Қозы.

Шешесі: «Бұл жолың онғарылmas, балам!» деп қала береді. Жолай әкесі Қарабай түсіне кіріп: «Қайт, балам, жол көрінбейді, барғанмен Сарыбай саған қыз бермес» дейді. Ақын Қозыны батасыз кеткені үшін:

Ата тілін тыңдамай кеткен бала,
Жолынан аман қайтып үйін көрмес,—

деп жырлайды.

Бақытсыздыққа осы себеп болды деп үйғарады. Қозы әкесіне: «Батаңды бермесең де, жол сілте» дейді. Әкесі: «Қырық бір күнде Аягөз баrasын, соңда бір кемпір кез келер» деп жауап береді. Кемпірге келсе, ол:

— Атың арық, жүзің сарық, жол болсын, балам! — дейді.

- Ерні сестік сары атап көрдің бе? — дейді Қозы.
- Ерні сестік сары атан қайын атаң Сарыбай болмасын?
- Сылаң аяқ құба інген көрдің бе?
- Сылаң аяқ құба інгенің қайыш енең Құба кемпір болмасын?

— Жез бүйдалы пар тайлақ көрдің бе?

— Ол сүйген жарың Баян шығар? — дейді кемпір.

Қозы кемпірден су сұраса: «Саумал ішкен бала едің, су сұраған не еткениң?» — деп тәлекек қылады, су бермейді. Шоктерекке келген Қозының хабарын қыздың торғайы біліп, оны отауга әкеледі. Қыз жеңгесі сүйішіге көк етігін алады. Бұдан арғы жері Шөже вариантына үқсас, жалғыз-ақ Қозымен отыз бір жыл өмір суру оқиғасы жок. Тек Баян Қозының уш күндік өмірін сұрап алып, екеуі бір жерде өледі. Жырдың аяғы да Шөже нұсқасындағыдей:

Қозы Қөрпеш, Баяның болған жайы,
Нұрланаң болған жайы.
Қозы Қөрпеш өлгенде Баян да өлген,
Әркімнің сондай болсын алған жары,—

деп біtedі.

Мұнда да Қарабайдың аты Сарыбайға таңылған. Айбас, Тайлақ жок. Жырга Қозыдан басқа Әлжаппар, мысташ кемпір енген. Шөже нұсқасындағы отыз бір жыл тіріліп қосылу, бейіт соғу оқиғалары жок¹.

Бұл уш нұсқаның үшеуінде де жырдың аяғы қайғылы трагедиямен біtedі. Жырдың алғашқы идеясының өзі де осылай болуға тиіс.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының 1910 жылы Кастане орысша бастырып шығарған нұсқасы да бұл хикаяның ел ішінде айтылып жүрген аса бір құпиды түрі көрінеді. Анда жүргенде екі бай дос болып, әйелдері қызы туса, екеуі бірге тугандай сіңлі болсын, бірімізден үл, бірімізден қызы туса, екеуі ерлі-зайып болсын деп анттасады. Сол кезде Сарыбайдың басына бір қара торғай қонаады, одан Қарабайға қонаады. Қарабай мұны жақсылыққа жорыса, Сарыбай жамандыққа жориды. Айтқан-

¹ Тілі жақсы, дін сарыны аз болғандықтан, бұл нұсқа 1938 жылғы орта мектеп хрестоматиясына енгізілген. Адам аттары түзетілген.

ында Сарыбайдың эйелі қыз туды, Қарабайдың эйелі үл туды деген хабар келіп, ауылға қайтып бара жатқан кезінде Сарыбай аттан құлап өледі. Қарабай балгерлерге бал аштырса: «Бұл екі жас қосылса, бақытсыздыққа ұшырайды» деген соң: «Тумай жатып әкесін жалмаған қызды балама әпермеймін» деп, Қарабай Алатаудан Аягөзге қарай көше жөнеледі. Сарыбайдың Әпесбай деген інісі болады. Қалмақтан асырап алған баласы Кодар Сарыбай өлген соң Әпесбайды шеттетіп, Баянды өзі алмақ болады. Әпесбай Баяның хабарын беруге Аягөздегі Қозы Қөрпешке аттанады. Бұл кезде шешесінен Баяның хабарын естіген Қозы да Баянды ізден шыққан еді. Қозының алдынан бір мыстап сиқыр шығып, оны адастырмақ болады. Бірде мыстап адам жегіш, күркіреуік түйе, бірде ит өтпес тоғай болып бөгет жасайды. Тоғайды қылышпен шабады. Одан соң алдынан тұлкі болып шығып, жолдан адастыруға тырысады. Тұлкі қашып бір інге тырылады. Оған наизасын сұқса, наизасы алтын жалатқандай жылтырап шығады. Осы ретпен Қозы өзінің барлық ер-тұрманың және айдарын да алтындал¹ алады. Қозы Баяның жүртynna келсе ауылы кешіп кеткен. Алдынан тек Қозыны ізден шыққан Әпесбайға ғана кездеседі. Қартайған Әпесбай Баяның басындағы ауыр ахуалды, опың ғашықтығын айтты, сол жерде өледі. Қозы котыр тазша болып, Сарыбайдың жылқысын бағады. Бір күні Кодар қалмақтардың тойына кеткенде, Баян бастағы жасап, котыр тазшаға домбыра тартқызады. Алтын айдарын көріп, танысады, сүйіседі. Қозыны Баян өз қолына құл қылышп алады. Кодар Қозының бұл мінезін біліп, сынамақ үшін жүртта қалған ауыр балғасын әкелуге жұмсайды. Қозы балғаны қақпақыл ойнатқандай алыш келе жатқанда, Алакөлге түсіріп алады. Екеуі сайысып, Қозы Кодарды аттан аударып алады. Кодар таудан қалмақтарын ертіп әкеліп, соғысады. Мұнда да жеңіліп қалады. Баян екеуін жарасырып қояды. Екі жас дос болып жауалық істемеске ант іshedі. Бірақ Кодар алтын бұзып, қыздың ата-анасын, жеңгесін, ногайлы елін өзінс қаратып алыш, Қозыны өлтірмек болған соң, ол Шоқтерекке қашып құтылады.

¹ Басқа вариантарда алтын айдар Қозының іштеп туда біткен сипаты дөлінеді. Баян Қозыға қойда жолыққанда алтын айдарын таниды. «Тілеймін Ногайлыға арым бар-ды, алтын айдар, шок белбесу жарым бар-ды»— дейді Баяни.

Қодар Шоқтеректе жатқан Қозыны іздең тауып, тағы да күшәктасып дос болады да, абайсыза атып өлтіреді. Басын найзаға іліп Баянға әкеледі. Баян Шоқтерекке барып, өзінің ғашығын үш күнге тірілтіп алады. Қырық ту бие, қырық ту кой, қырық тұмаған нар, қырық ту сиыр сойып, Қозының асын беріп, ақ жауып арулап көмеді. Құдыққа су алуға түсken Қодарды бұрынғы пұсқаларда айтылған түрде Баян өз бұрымын қыып жіберіп құлатып өлтіреді. Құба түзде Қозы басында зарланып отырған Баянға бір топ керуен жолығып, олар Арганаты тауынан Аягөзге қолымен тас жеткізіп, бейіт салады. Бейіт біткен соң Баян өзіне-өзі қапжар салып өледі.

Мұның мазмұны да қызық. Шөже жырында түрлі бөгет Айбастың алдынан шықса (орман, шөлістан, жау), мұнда мыстаң, Қодар, түйе, орман, тұлкі, шөлістан сияқты бөгеттер Қозының өз алдынан шығады. Бұл жырдағы Сарыбайдың басына копатын қара торғай мен Эпесбай басқаларында жок. Қозы Қарабайдың ұлы дәлінсе, Баян Сарыбайдан туады. Қашатын қыз жағы емес, ұл жағы. Қодар Сарыбайдың асыранды баласы, Қарабай тағдырдың жазасынан құтылу үшін, баласын ала қашады. Бірақ тағдырдан жеңіледі.

1958 жылғы Абрамов жазып алған «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының мазмұны да осыған жақын. Мұнда да ұл Қарабайдікі, қыз Сарыбайдікі. Абрамов жырды XVII ғасырда шыққан дейді. Мұнда Айбас Баянды іздең барса, Сарыбай қызын Қодарға бермек болғаны анықталады. Баянның қарқарасын, алтын бақанын да алып, Айбас Қозыға қыздың сәлемін жеткізеді. Қозы Баянды той үстінде алып қашып, тауға жасырынады. Содан ол тау «Баян жүрек» атанған. Ай және Аягөз (кейбірінде Айғызы) деген қыздарын ертіп, Сарыбай Баянды іздейді. Бірақ, екі қызы Баянды іздеспей, тас болып қатып қалады. Ай және Аягөз өзендері содан қалған дейді. Қашып жүрген Қозы мен Баянды Қодар тауып, тауда Қозыны өлтіреді. Қодарды Баян құдыққа түсіріп өлтіреді. Сол жерде Қодардың тас суреті қалған (Қызыл қиядан тогыз жарым шақырым, Кіші Аягөз жолында). Баян Қозыны азалаң отырғанда, қырық шілтен оған үш күндік өмір береді. Баян да сол жерде өлген. Бейітті қыздың ата-анасы салдырады деп әңгімеленеді.

1898 жылы Пантусов жазып алған «Қозы Қөрпеш —

Баян сұлу» жырының да аздап жақалығы бар. Бұл жыр Қастанье аудармасына жуық. Мұнда да үл Қарабайдікі, қыз Сарыбайдікі. Қарабай бал аштырып, екі жастың бақытсызызықта ұшырайтының білгей соң, «тағдыр жазасына» қорқып, ұлын Аяғөзге алып қашады. Сарыбайдың әйелі Қарабай кеткен соң, Баянды қалмақтан асырап алған өгей баласы Қодарға қоспақ болды. Айбас бал аштырып, Қозының келетінін Баянға мәлімдейді. Қодар Қозыдан қашып, Алатауға көшеді. Ел көшкенде Қозы жөнімді тапсып деп, Баян жолай алтын тарағын қалдырады, содан Алтын тарақ тауы қалған. Баянның үш қызы апасы өліп, Баян Қодарға Таңсық моласынан үлкен көл орнаттырады. Таңсық көлі содан қалған. Қодар көлге суды меспен тасиды. Көл жасаған Қодар үлкен қайрат иесі адам ретінде суреттеледі. Қозының Баянды іздел шыққан жері мұнда да Қастанье нұсқасына ұқсайды. Қозының жолынан күркіреуік түйе, өткелсіз өзен, ит тұмсығы батпайтын орман, алдамшы тулкі, ін сияқтылар кездеседі. Бейітті Шөже жырындағыша керуендер салып береді.

Ескі әңгімелерінің әр алуанын еске алып қарасақ, «Қозы Қөрпеш — Баян» жайы көбінше екі жастың қайылы қазасымен біtedі. Әуелі Қозы Қөрпеш өледі, содан кейін ғашықтық дертінен Баян да өледі. Бұлар өлгеннен кейінгі бірнеше оқиғалар әр алуан баяндалады. Сол оқиғалардың бастысы: Баян мен Қозының қайтадан тірілуі (кей әңгімеде үш күнге, кейбірінде үш жылға, тағы бір кезде отыз бір жылға созылған) жана, бақытты өмір бастан кешіріседі.

Осы алуандас тағы бір оқиға Қозы мен Баянның бейіті және бастарына орнатылған мола тұрасында әр алуан болып айтылып, қайталап журеді. Ауызша айтылатын аңыздың бірінде Қозы мен Баян екеуінің бейітінің үстінен екі гүл шығады да, біріне қарай бірі созылып ұмтыла өседі. Бірақ екі ғашықтың арасына қойылған Қодардың бейітінен кек тікен өсіп, жаңағы екі гүлді қоспай айырып тұрады екен дейді. Бұлай болатын себебі Қодарды Баян қырық құлаш құдыққа түсіріп жіберіп, өзі кесекпен атып өлтірерде Қодар айтқан сөз бар: «Тірлікте екеуінді қоспап ем, өлсем де екі араңа кек тікен бол шығармын» депті. Осы тұсында «Қозы Қөрпеш — Баян» жырының аяғы, түгелімен қазаққа көршілес, туыс-

тас Орта Азия елдерінің арасына мол жайылған «Таһир — Зуһра» атты халық дастанымен өзгеше ұқсас болып шығады.

Әсіресе сол жырдың, түрікпен классик ақыны Молла Непес қайта жырлады, XVII-XIX ғасырлар жапсарында жарияланған түрің өзгеше үйлеседі. Ол жырдың аяғында да Таһир мен Зуһраны екі айырып келген Қарабек батыр, екі ғашықтың ортасына жерленген болады. Ғашықтар бейіттерінен гүлдер шыққанда Қарабек бейітінен көк тікен шығып, гүлдерді қоспаі айырып тұрады. Ол ғана емес, «Таһир — Зуһрапың» жыры да әүслі екі жастың қайта тірілген жайын, содан соңғы көп жылға созылған бақытты ұзақ өмірін баян етеді... Екі ғашықты тірілтетін Файса мен Қызыр болады. «Қозы Қөрпеш» жырында тірілтетін жалғыз Қызыр. Бұл санаған ұқсастықтардан басқа қазақ жырына «Таһир — Зуһрапың» дастанындағы бар оқиғаның басы да ұқсас келеді. Онда да қартайған екі ата: біреуі хан, біреуі уәзір, перзентіз жүріп, достықпен серт етіседі. Екі қабат әйелдерінің перзент күтіп жүрген шағында бірінен ұл, бірінен қызы туса иекелеп қоспақ болысады. Ұлдар туса достар болсып дейді. Кейін балалар туғанинан соң ұлдың (Таһирдің) әкесі өледі де, қызы әкесі сертінен айпида. Кейін ол Таһирға жаулық етіп, ұлдың өліміне, қыздың қазасына, Қарабай тәрізді, себепшіпің басы болады.

Сол қастаған әкенің көмегін Қарабек деген батыр — қаскөй адам, Таһир мен Зуһрапың тағы бір бас дұшпаны болады. Себебі ол Зуһрапы әке көмегімен алмақ-қа бекінеді.

Осылайша «Қозы Қөрпеш — Баян» жырына Орта Азиялық халық дастанының басы да, аяғы да ұқсас бол шыққанын көреміз. Бұл ұқсастықтың екі түрлі мәні — жайы бар. Бір жайы бойынша «Қозы Қөрпеш» жыры «Таһир — Зуһра» жырынан ескі болғандықтан, өзінен кейіп туған дастанға эсер еткен болу керек. Бұл пікірді сол Орта Азия елдерінің дастандарын зерттеуші бірнеше ғалымдар айтysқан болатын. Сонымен қатар, екінші жай бойынша бір кезде өзі «Қозы Қөрпеш» әңгімесінің негізінде туған «Таһир — Зуһра» дастаны баслаға шығып, көп аузына жайылған соң енди XIX ғасырдың бас кезі, орта кезінде ауызда жүрген «Қозы Қөрпешті» жырлаушы қазақ ақындарына (мы-

салы Шөжеге, Жанаққа) жаңа мотивтер, әңгімелер қосуға дем берген, әсер еткен тәрізді. Сонымен өлгеннен соң екі асықтың қайта тірілуі, оларды бір әңгімеде («Таһир — Зұhra») Файса мен Қызыр пайғамбарлардың тірілтуі, екінші әңгімеде («Қозы Қөрпеште») жалғыз Қызыр пайғамбардың тірілтуі, содан әрі бейіттер әңгімесі, гүлдер мен көк тікен аңызы — бәрі де «Қозы Қөрпеш» жырына кітаптық дастаның, кейиннен әкеп қосқан қоспасы бол айқын түрғандай.

Жалпы «Қозы Қөрпеш» әңгімесін ендігі тексеру, зерттеуде «Алпамыс» жырымен де көп жайда ұқсастығы бар екенін, мол екенін және де ескеру керек. Байбөрі мен Байсары да қартайған шактарына шейін перзент көрмеген, балаға зар аталар болады. Екеуінен туған ұл мен қызды Қарабай, Сарыбайша олар да ерте күнде ежекабылмен атастырады. Кейін қыз әкесі, Қарабай сияқтанып, ұзакқа көшіп кетеді. Есі кірген ұл — Алпамыс жыракқа кеткен жарып жалғыз іздел, жалғыздық тартыста жүріп, ғашық жарын табады. Бұл жайлар «Қозы Қөрпеш — Баяниңың» көп оқиғалық тартыстарын еске түсіріп түрғаны даусыз. «Қозы Қөрпеш» қазақтың есі бағы заман болмысын, санастын, салтын баян ететін жырды бұдан да арырақ дәүірлердің қисынға келетін жыр, аңыздарымен салғастыра тексеру теріс болмайды. Сонда есі оғыздар эпосы болып саналатып «Ата Корқыт» кітабы («Китаби Дәдәм-Қоркуд») әңгімелерінің тобымен де шенестіре салғастыруға келестіп жайлар бар.

Мысалы, «Дерсехай ұлы Бұғашхан» әңгімесі де Байбөрі, Байсары сияқты. Қарабай, Сарыбай сияқты перзентсіз, түрғылас кәрілердің зар-шерінен басталады. Сол оғыз дастандарының жинағы болған «Ата Корқыт» кітабында тағы бір еске алуға тұратын аңыз дастан бар. Ол «Бамсы — Бәйрек» әңгімесі. Бұл дастаның көп оқиғасы, тартысы «Алпамысқа» ұқсап келеді. Алпамысқа ұқсас тағы бір бала оқиғалары «Қозыға» да ұқсап кетуі ғажап емес. Ал «Бамсы — Бәйрек», «Алпамыс» әңгімелері алтайлықтардың «Алып — Манаш» деген дастанына тағы да ұқсайды. Бұл айтылып отырған жайлардың бәрі тегінде «Қозы Қөрпеш» тәрізді қазақтың ең көрнекті, көп түрлі дастанын, ғашықтық жырып бір ғана қазақтағы варшанттарын салыстырып тексерумен қанағаттану керек емес екенін

аңғартады. Бірақ ол түрдегі салыстыра тексерулер, арнаулы монографиялық іздену, шолудың нәтижесінде туады. Ал біз әзірше бұл еңбек көлемінде жаңағы жайларды ескертумен қатар, әзірше «Қозы Қөрпештің» қазақ ішінде сакталып қалған түрлерін айрықша, жекелей тексеруді мақсат етеміз. Соның өзінде де «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» атымен байланысты тұған жырлар вариантыны жоғарыда аталғандай көп және әр алуан. Енді сол жырлардың өздеріне айрықша тоқталамыз.

II

Бұл жырлардың бәрінде де хикаяның ақыры аянышты, қайғылы болып біткен. Бірақ кейбір нұсқаларында халық Баян мен Қозыны мұрат-мақсатына жеткізіп қояды. Бейсембай жыраудан жазылып алған Жанақ нұсқасының аяғы осындағы. Сөйтесе тұрса да Жанақ нұсқасының тілі «Қозы Қөрпеш — Баян» нұсқаларының көбінен көркем және бұл кезге дейін баспаға түсіп, жүртқа көбірек мәлім болған түрі болғандықтан, бұл еңбекте біз талдауды сол Жанақ нұсқасынан бастайдык.

Жанақ нұсқасының мазмұны мынадай: он сан Ормамбет елінде Қарабай және Сарыбай дейтін екі бай болады. Қарабайдың тегі — түрікпен, Сарыбайдың тегі ноғайлы. Қарабай мен Сарыбай Балталы, Бағаналы еліне көшіп келеді. Балталының елі, оның биі Тайлак бұларға ерулік беріп, жаксы күрметтейді. Бірақ дүниекор Қарабай Балталыға көмек беруге жарамайды. Жомарт Сарыбай қойшының сыбағасын тоғыз қылып, сый-сияпатпен қайтарады. Балталы, Бағаналы елі Сарыбайға риза болып, оны өз елінің қадірлі адамы етіп таниды. Сарыбай мен Қарабай анда жүріп дос болады. Екеуі де перзентіз екен. Достық белгісі үшін екі бай іште жатқан екі баласын бір-біріне косып, белқуда болады. Сарыбай өзінің ұлын көрместен буаз маралды Қарабай тілегі бойынша атқапы үшін қарғыс қаза табады. Қарабай «жетім ұлға қызыымды бермеймін» дег бұзыла көпседі. Аитын жұтады. Жолай шөлден жылқысын өткізе алмай, сандалған жерінде Қодар үшырасып, құдық қазып, Қарабайдың 90 мың жылқысын

қырғыннан құтқарып, Аягөзге жеткізеді. Осының есесіне Қарабай Баянды Қодарға қоспақ болып серт етеді. Бірақ Баян оны сүймейді.

Қозы ер жете бастаған соң, Тайлак бидің інісі Айбас Қарабайдың қызы бермей кеткеніне арланып, Баянды іздеп шығады. Қыздың сәлемдемесін алып, Қозыға Баянның ғашықтығын мәлім етеді. Қозы ел-жұрты Балталымен қоштасып, мал-жанын Тайлак биге тапсырып, Аягөзге барады. Елеусіз тазша болып, қой бағып жүріп Баянмен қосылады. Аңдуши кемпір осы сырды біліп, Қодарға айтады. Қодар мен Қарабай сол елдің жауыз би Сасанмен ақылдастып, Қозыны тойға шақыртып, оған у береді. Бірақ Баянның апалары — Ай мен Таңсық Қозының қашып құтылуына жәрдем істейді. Баянға ғашық болған токсан жігіттің бірі Қөсемсары еді. Ол Қодарға сиыса алмаған соң, Шоқтеректе жатқан Қозыға келіп, скеуі дос болады. Баян күнде қызы апасын жұмсап, Қозыдан хабар алып тұрады, Қодар Шоқтерекке ұрланып келіп, ұйықтап жатқап Қөсемсарыны Қозы деп өлтіреді. Бұл кезде Қозы тұлкі қуып кеткендіктен ажалдан аман қалады. Қөсемсарының өлгенін біліп, Қозы Қодар мен Қарабайды өлтіреді. Ел қорыққаннан Баянды Қозыға қосады. Бұлардан Қулеп дейтін батыр туады.

Жырдың мазмұны осындай. Дұрысында «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырдың басқа нұскаларында өлеңтің Қөсемсары емес, Қозы. Бұл жері өзгерген. Жанақ, Бейсембай нұсқасының бұдан басқа да өзгешеліктері бар. Мәселен мұнда Айбас құл емес, Тайлак бидің інісі. Қарабай жағынан Сасан дейтін би қосылған. Баянға ғашық болатын тоқсан серінің ішінде Нұркара бидің баласы Қесемсары мен Қаратоказың баласы Бұланқара дейтін батырлардың аты айтылады. Жанақ нұсқасының бергі жердегі Арғын, Найман ақындарының аузынан шыққаны көрініп тұр. Жырдың басында Сыбанбай, Жанақ, Бекбау сияқты айтушылардың аты көрсетіледі. Бұлар Қарабай мен Сарыбайдың көшіп келген елін Балталы деп жырлайды. Балталының би Тайлакты дәріптейді. ...Қозының жұрты да Балталы болып шығады. Жер-су, адам, ел аттарын жырау мүлдем жаңартып алады. Мәселен: Семей, Лепсі, Ұржар дейтін сездер беріде шыққан ұғымдар. Қозы Қөрпешті мұратына жеткізіп қою айтушының тілегінен туған өзгеріс сияқты. Бірақ, біз Жанақ нұсқа-

сының бұл жерінің бәрі де болған өзгеріс дейміз. Жырдың ең қызығы, әсерлі жері оның алғашқы бағытының сақталуында болуға тиіс. Сондықтан «Қозы Қөрпеш — Баян» жырының аяқ жағын оның басқа жырларында¹, айтылатын мазмұнына қарай талдадык.

Жырдың пегізгі тақырыбы — әдест-ғұрып қыншылығы, содан туатын ғашықтық. Жыршының айтуыша ата-аналары бұл екеудің іште жатқан күнінде-ақ баталасып, қосып қояды. Жырдың бұл жері шығыс әдебиетінде көп ұшырайтын ғашықтық дастандарына ұқсайды. Әсіресе, «Боз жігіт» қиссасына ұқсастығы күшті сияқты.

Баян мен Қозы махаббаты да дәл сондай күшті, әсерлі, аянышты болып жырланған.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырында ғашықтық тақырыбы қазақ халқының бұрынғы құрылышында, тарихында болған ескілікті салтпен нық байланысты. Ол салт — рушылдық, феодалдық қорамдар туғызған, заң еткесінде салт. Әйел халіш, жастар тағдырын аталақ өмірмен, баталасумен сырттан шешетін занды көреміз. Бұл ете ескі жыр болғандықтан баталасудың ең бір көне түрі көрінеді. Апа құрасында жатқан балалар «белкүда», «ежекәбыл» деген шарт батамен қосылуға міндettі болады.

Жырдың жазбаға түскен барлық вариантарында осы мотив ауыспастаң, ұдайы қайталаң отырады. Барлығында да Қарабай мен Сарыбай баталасады да, екінші вариантта Қарабай)
сол бата шартты өз өлімімен, өз қанымен шығайтып, бекітіп, енді қайтып бұзылмастай, өзгермestей стіп кетеді. Рушылдық, феодалдық құрылыштың санаасында жыр жырлаған бұрынғы-соңғы ақындардың барлығы осы түйінді өз вариантарына негізгі сюжеттік себеп, арқау етіп алады. Ол сана бойынша жаңа туып, ер жететін Қозы, Баяндай екі жас та осыны өздеріне өмірлік қарыз, міндет санап, жыр бойында арман етіп көксейді. Сол жолда алысып, талпынумен барлық негізгі вариантардың ақырында трагедиялық қазаға ұшырайды.

Ғашықтық турасындағы романтикалық эпос, сөйтіп, бұрынғы қорамдық құрылыштың ерекше ескі салтымен

¹ Бұл жерінде керекті сөз мысалдарын үнемі Шөже нұсқасынан алын отырдык.

дәлслденіп жырланады. Жырдың ұзақ бойында ол салтты «теріс еді, ежекабыл өрсекел, кертартпа, ауыр салт еді» деп, сынап қарада, мінеп-шенеу жоқ.

Қозы Қөрпештің біз талдап тексеретін Жанақ вариантын, аяқ кезіндегі Бейсембай қосқан жасанды өзгерісіне қарамай, барлық композициялық құрылышымен алсақ, мінеп-сынағанда салттың өзін кінәламайды. Тек, сол батаны бұзған сараң, қатал, құлқыны жаман, арам кеуде Қарабайды жауыз етеді. Сол батаны бұзам деп, жастардың ажалына себеп болды, қиянатшыл ата, құнсыз жан болды деп суреттейді. Негізгі ғашықтық сияқты, романтикалық тақырыпқа құрылған лиро-эпос «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» барлық дүние жүзіндегі фольклорда кездесетін, осы алуандас романтикалық эпостардың заңы бойынша өрбиді. Өзінің композициялық құрылышында адам мінезін, көп тартыстарын, психологиялық ішкі сезім дүниесін тереңдеп, шеберлеп берумен қалыптанады. Сонда Қарабай психологиясы неше алуан міннен, сорақылықтан, өрсекелдіктен құрылған болады. Өзі тоқсан мың жылқы айдаған, бірак, ешбір жанға, тіпті өзінен туған баласына да рақымы, мейірі жоқ обыр бай, жауыз, қомағай бай болады. Оның бейнесінде жыр халықта аса жирепшішті, қофам мен жеке адамдар тіршілігіне қастық, зиянды сипаттарды әшкерелеп, тацбалайды. Осы жамаишылықтар қатарында Қарабайдың, әсіресе өрсекел, қиянаткер ісінің бірі етіп, жаңағы бата бұзуын, жастарды сорлатуын қосалқы арқау етеді.

Сол жайлар психологиялық шебер, қыши түйіндерге құрылады. Композицияның күрделі, шытырман байланыстарын қалыптайды. Бұл жағынан қарасақ Қарабай екі жақты, контрасты іс, мінездер көрсетіп отырады. Ол, әуелгі баталасуышының біреуі өзі болғандықтан, жастарды қосушы да өзі. Қейін бата бұзушы болғандықтан, өзі қосқап жастардың тағдырын бұзамын, күйретемін деп, алысушы да өзі. Жанақтың шеберлеп құрган сюжеттік, композициялық вариантында екі жаңын трагедиясы, Қарабайдың: «жетім үлға қызы бермеймін» деп, «мені жұтатып жалмауыз туыпты» деп, «тумай жатып әкесіп жалмады» деп айнуышан басталады. Осының бәрін сұмдық белгілердей тапып, құдалықтан, батадан бұзылуды жыр ішінде құрылатын ең алғашқы үлкен тартыс, түйін болады. Содан әрі Қарабай көше қашады. Көш Жанақ-

тың шебер жырлауында, сошшалық ұзак, шексіз шарлауға айналды. Ақырында ит арқасы қиянға, көз көрмес, құлақ естімеке Баянды алып қашып, Қозыдан жырақтатып әкетеді. Бұл әрекеттің барлығы да, жалғыз ең алғаш түйілген тартыс түйінің ілгері қарай дами туғып, өскелдеңдеп, шиелеңіп, қындаған беруінің жолдары. Баян мен Қозыны кейін де қоспас үшін жас қыздың басын жаңа серт, үәдемен тағы шырмайды. Өзінің құнсызы, арам көңілі малына табынған Қарабай тоқсан мыңың қырылып өлеңтің қазалы кезеңіне келіп шырмалады. Сонда мұның бар арманын орындалап, тоқсан мыңды аман алып қалатын Қодарға, Қарабай барынша табынтын болады. Баянды Қозыға қоспаймын деп жүрген талабы бойынша, өзі табынған қара күш иесі Қодарға қоса табындырмақ болады. Меншікті етіп, басын байлап беруге тырысады. Алып қайратын көрсетіп, тоқсан мыңды жалғыз өзі аман алып шыққан Қодарға Қарабай Баянды қалыңмалсыз, қарызсыз бермек болады. Анығында Баян қалыңмалсыз тиген емес, тоқсан мың жылқы қалыңмал берген Қодарға, соның қарызын өтеу орайына, ақыға берілген қыз болады. Бұл кезеңде Қодар да Жанақ айтуынша, оның шеберлеген психологиялық реалдық мотивтері бойынша, жазықты емес. Себебі Қарабай бұл қызын «басқаға батамен атастырган қыз еді» деп айтпайды. Қодар болса, адал ақы еңбегіме, жүлдеме алатын сыбағам деп ұғынады. Сөйтіп, әуелі Қозы ізден таппастай алысқа шырқап кеткен Баян, енді және де қолға түспес қынға, қияға кетіп, жырақтай береді. Бұрын Қарабай қарсылығы, үлкен тартыс әрекеті жастардың қосылуына бір бөгет болса, енді Қодар басына берілген ерік, қыз айналасына тас қорғандай орнайды. Қын қамау болып, тағы да қат-қабаттай түседі. Баян айналасында Қозыға мұны бүйіртпастай етіп әкениң індігі ықтияры, Қодардың ендігі алып-қуаты мен орынды талабы, бірнеше қабат жаулық болып, тұтасып жатады.

Еірак осыншалық қарсылықтарды жастардың ғашықтық талаптарының жолына бөгет қылып қоюшы Қарабайдың екінші бір әлсіз, дәрменсіз, шарасыздық жағы тағы бар. Жырдың жоғарыда айтылған рушылдық санасы бойынша, жыршының құптайтын ежеқабыл салты бойынша, Қарабай қаша әлек салып арпалысқан-

мен, батаны бұзуға дәрменсіз. Себебі, бата екеудің арасында, екі атандың туар өмір алдында бірігіп отырып ынтымақпен ғана бұзына болады. Бірақ жырда сол қайта бұзуды мүмкін етпес үшін әңгіме, Сарыбайды алғашқы батандың үстінде, сол сәттің өзінде құрбан стіп қойған. Ол тағдыр кітабына жазылғандай, бата байлау бұзылуға мүмкін емес. Оны жоқтаушылар да шығады. Сол жоқтаушылар қашалық әлсіз болса да, қашалық аз, көмексіз болса да «біз бармыз, батанды орындалуыш біз жоқтаймыз, бізге жол бересің» деп шыққан халде, барлық мықты, дүлей, бітеп кеуде қарсылық, жауыздық құштің барлығы еріксіз әлсіремей қоя алмайды. Ол жоқшылар, жыр ішінде біріне бірі көрмesten-ақ аңсап, ынтыға құштар болып, ғашықтық жалынмен ұмтылатын Қозы мен Баян болады. Бұл екеуінің ғашықтығын әуелде бата бұйырып, шешіп қойса, кейін Қарабай әрекеттерімен қатар, әлсіз ғана болса да, бірақ үзілмей ширатыла созылып отыратын нәзік сыршыл бір мотивтер жалғастырып өсіре береді. Жаңақтың композициялық құрылышы Ай мен Таңсықты батадан кейін туар ғашықтықтың екінші сатыдағы жақтаушысы етеді.

Қарабай көше қашарда Қозының жөргегінің үстінде:

Баянды бермей кетер сағап бокты,
Айым, күшім атарсың қазалы оқты,—

деумен екі қызы алыс тартыстың, Қарабайға қарсылықтың сюжеттік желісіп бастайды. Содан Қарабай Баянды айрып әкеттім деп ұзак шырқап көшіп жүрген кезде, жаңағы екі жасты жалғастыратын ғашықтықтың тілеулестік жыры, Баянның бесігінің үстінде үзілмей жырланып созыла береді. Содан әрі, Баян өсіп жеткеніше, кейін Қозы әктең талпынып келгеніше, қыздың өзі өсумен бірге ішіндегі ғашықтық та, Қозы деген арман да бірге ұлғайып, дамып өсе түседі. Баян ер жеткен кезде Қозы жағынан келуші Айбас, екі жастың арасына Ай мен Таңсыққа қосылып септеуши болады. Екеуін бар арман мүдделерімен жалғастырып қосуыш қайрат иесі батыр дос болады. Жыр сюжеті қатал, қайсар қарсылықтың қара қүшіне бұрын әндей, жырдай нәзік қыздар наразылығын қарсы қойса, енді әділ кекті, әділ наамысты бел қылған елеулі қайратты да, алысушы етеді. Бұл оқиғалар араласу арқылы жыр ішіндегі психологиялық, дра-

малық тартыстар қындалып, күрделі болып, түйіліп өскелендей түседі.

Жырдың осыдан арғы композициялық дамуында Қозы мен Баян біріне-бірі талпынған ғашықтар, Қодар арадағы үшінші қаскей күш болады. Барлық романтикалық әпостарда, поэмаларда жүретін қиянатшы, айыруши болып қалыптана береді. Ол жағында жырдың композициясы, дүние жүзілік фольклорда, ескілікті поэмаларда болатын дағдылы сюжеттік схемадан көп шалғай кетпейді. Соның көбіне үқсас болып баяндалады.

Жырдың алғашқы бөлімінде Қодардың Баянға деген талабын, оның еңбек ері болған өрен қайратымен және Қарабай малына сіңген еңбегімен орынды деп дәлелдесе, жырдың екінші бөлімінде Баян — Қозы бірігіп және ғашық болысып, жыр басындағы аталған алғашқы тартыс мұддесін орындаушылар болып шыққан кезде, Қодар енді зорлықшыл, қиянатшыл қара күштің жиыштық бейнесі ретінде кейіптеледі. Малынан басқа досы да, туысы да жоқ жауыз бай — Қарабайдың қара шоқпары, қараңғы күш есебіндегі сұмырай серігі болып шыгады.

Жапақ вариантында кейін Бейсембайдың қосқап аяқтауы, жалпы «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырына жаңаспайтын өрескел, орынсыз жамау. Бірақ ол тегін жамау емес, халық айтып жүрген жырга, халық ұғымынан тыс, үстем тап санағының өкілі болғап ақының қосқап жамауы. Бұл жырдың бұрынғы барлық варианттарында үнемі келетін бір идея, күрдслі, көрнекті идея бар еді. Бұрынғы салт пен заңдардың жастар тағдырын сорлататын заңдар екенін тереңдеп, қамтып мінессе де, Қозы мен Баяның трагедиялық халі арқылы зор ауырталықтарды, толын жатқап қоғамдық қайшылықтар арқылы, обьективтік шындықпен ашу бар-ды. Сондықтан, жырдың бұрынғы құрылыш қалпында ол күндегі салттың міні көрінетін. Ол замандагы жастардың соры әңгіме етілестін еді. Талай жақсы жастар, пелер жазықсыз таза армандарымен шер шырман, зар жұтып, қанды қаза тауып еді деген, дұрыс идеяны жыр барлық мазмұнымен танытушы еді. Мынау Бейсембай қосқап қоспа сол қоғамдық ерсілік қайшылықтарды жамап-жасқап, жоқ етеді. Белгілі шамага шейін болса да сыншы ойы бар жырды, халық ұғымынан жат, жалған жамаудың жүқталап, жеңілдеді, арзаңдатып әкетеді. Сол заманда, сол жастар ырыс

тауып, дегеніне жетіп, бақ мереілі болыпты деген идеяға әкеп соғады.

Аныңында «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» әңгімесінің ағы, Бейсембай айтқандай, мұратқа жетумен бітетін болса, опда бұрынғы заманда бұл оқиға жыр да болмас еді. Тіпті азғантай ақыз да болмай, елеусіз қалар еді де қояр еді. Олар жайының жыр болуы, шынында екі жастың бір арман жолында жалындал жанып, ынтыға ұмтылып, қайғылы қаза табуынан туған. Қозы мен Баян жайын ғасырлар бойы қазақ халқының жыр етіп сактаудына, ақындардың талай буындары қызығып жырлауына себепші болған шыныңқ осы.

Біз осы айтылған тексерулермен, «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының өзіміз талдауға алған Жанақ вариантындағы композициясын, идеясы мен сюжеттік құрылышын талдап өттік. Енді жыр ішіндегі басты образдарының айрықша қалыптаған тұлғаларына бөлек-бөлек тоқтаймыз.

Жырдың бас геройы Қозы Қөрпеш жастайына еркін махабbat аңсаған және ер болып суреттеледі. Оның ісі әділ, мінез, құлқы үнамды. Айбас Баянның ғашықтығын білдіріп, Қозыға алтын жүзік сәлемдеме әкеліп бергенде, жігіт те көрместен қызға ғашық болады. Қозы жолда тұрған қауіпті қыншылықтарға қарамастан, өзін ғашық жар жолына құрбан етеді. Шешесімен қоштасқан сөзінде:

Алдында исше қатар тұрса да оқ,
Тартынып бұл сапардан қалуым жок.
Сұлуын дүниенің жиссан-дағы,
Бір жарымдай болмайды көзліме ток,—

дейді.

Қозы Қөрпеш Баянды іздеп тауып, оған сырласудың амалын таба алмай, қой жайып жүргенде:

Дүниеде ғашық қатты екен,
Көзілді бұған бұрғызды.
Береме тәнірім, бермей ме?!

Бінтықты болған бір қызды.
Қосылғанша мен соған,
Ішіме қайғы толғызды,—

деп зарланады.

Қозы Баянның жолында жапа шегіп, құлқыны жаман Қарабайдың жалшылығында азапты өмір кешір-

еді. Елі-жұртынан безеді. Баянға тез қосыла алмағанын арман етеді. Сөйтсе де, ол өзіне-өзі дем, куат беріп:

Сенен басқа хор қызы,
Болса да көңіл салмаспыш.
Шашы құміс, басы алтын,
Болса-дағы алмаспыш.

Танымасаң қызы Баян,
Таныткалы бармаспыш.
Сені алмасам осы жол,
Тірі де жүріп оңбаспыш,—

деп ант-серт айтады. Қозының алған мақсатынан қайтпайтын ер көңіл, опалы ғашық екенін, оның алдында тұрған бөгеттерді жеңіп өтуінен де байқауға болады. Жоғарғы айтылған нұсқаларында Қозы Баянның жолына өзінде бардың бәрін құрбан етеді. Жылқысын жауға, түйесін шөлге, қойын аш қасқырга тапсырады:

Ақылым бұл уақытта зерек емес,
Қөп тұрса, ертеңгі күн болады кеш.
Сансыз жылқы, сан қойым қалса артымда,
Бір күнде қырылса да көрек емес,—

деп, Қозы мал-дәүлеттің бәрін тәрік етеді.

Қозының жолында тұрған екінші бір қының бөгет — артында қалып бара жатқан жалғыз анасы, елі-жұрты еді. 1909 жылы Қазанда басылған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырында Қозы «Сапарынды қи, барма» деген жалғыз анасының да айтқанын істемейді.

Сол үшін анасынан теріс бата алады. Ананың ықтиярыныз сапар шегеді. Жанак нұсқасында бұл жер мұлдем өзгерітілген. Баласының алғаш бетінен қайтпайтының білген соң:

Капы қалма, қарағым, дұшпаның көп,
Жолың болсың, бар енді рұқсат бердім,—

деп, шешесі оң батасын береді. Сол сияқты Тайлақ та Қозыға оң батасын береді.

Шырағым, қайратында көnlім еріп,
Мен келдім қалайын деп сені көріп.
Тоқтатар сапарымды деп ойлама,
Амандастып қаламын бата беріп,—

дейді. Сөйтіп, Қарабайдың барған ел-жұрты бастығы Сасан би болып, Қодар жағына болысса, Балталы жұрты басы Тайлақ болып Қозыға болысады. Жанак жырында Қозы халыққа арқа сүйенсе, жырдың өзге нұсқа-

ларында жалғыз шабады. Ата-ана, ел-жұрттының оң батасын алған жерде Қозы мықты, жауларын жеңіп, Баянға қосылады да, жалғыз шапқан жерде арманына жете алмай, мерт болады.

Қозының мақсатына жетуіне жол бермейтін үшінші қырсық тілсіз жау болған табиғат бөгеті. Бұл бөгет — мыстан кемпір, түйе орман, қасқыр, тұлкі шөлстан. Оқиғаның аяғы қайғылы болып біткен Қозы шөлстанда арып-ашады, зарығады, тарығады. Бұл бөгеттер Қозының жалғыздығын, айласыздығын, жапалы мұскін, жаралы ғашық екенін білдіреді. Жанақ нұсқасында Қозы бұл бөгеттерді оңай жеңеді. Қозының шөлде жүдеп жатқаны шешесінің түсіне кіріп, бүкіл елі жиылып, Қозының тілегін тілеп, құрбандық шалады. Жұрттың тілеуіне сай шөлде аты арып, өзі қамығып жатқан Қозыға бір ак сакалды кісі жолығып, бата береді. Бұдан кейін Қозы Аягөзге жетеді.

Қозы алдында тұрган төртінші бөгет — Карабайдың опасыздығы, Қодардың жауыздығы еді. Шөже жырында осы жауыздық Қозының тубіне жетеді. Жанақ — Бейсембайда жырдың аяғы куанышты болып біткендіктен, трагедия болмағандықтан, ер, айлашыл Қозы бұл бөгетті де жеңіп шығады.

Жанақ жырында оның жеңімпаздық сипаты күшнейтілген. Қодардың ауыр балғасын ол үршықша ойнатады, өзін аттан аударып алғып, қабырғасын күйретеді. Бойы кең, күші басым болғандықтан ол Қодарды өлтірмейді, көп елемейді. Жанақ жырында қара ниет Қарабай мен мысық тілеулі Қодар Қозының қолынан сазайын табады.

Бірақ Қозының аңғалдық, ак бейілдік, сенгіштік сипаттары күшті. Өзінің ата жауы Қодармен ол дос болады. Сасан би Қозыны тойға шақырып алғып, өлтірмек болғанда, қауіпке бір өзі қарсы барады. Жанақ жырында, сонымен қатар, Қозы тым айлашыл, ақылды тапқыр болып та кетеді. Бұл осы жырдың жалпы композициялық жүйесінен туған жай. Сондықтан Қозы қандай қынышылықтан болса да құтыла береді. Сасандар у бергенде, Баянның отауында жау ортасына түскенде де Қозы дүшпанына пенде болмайды.

Қозының ерекше бір жақсы сипаты — әділдігі, ізгі мінезділігі, адамгершілігі. Ол досы түгіл жауына да жамаңдық ойламайды. Эр нәрсеге ак ниет, адал жүрегі-

мен келеді. Қиянат, зорлықтың жолына түспейді, сол үшін еліне де қадірлі. Қоғамдардың сияқты жауларын да өзіне тартып дос етеді. Жырда айтушының да бар тілегі Қозы жағында отырады.

Жоғарыдағы тағы бір басты қаһарманның бірі — Баян. Оқиға желісі өзі де, осы Баян үшін болған тартыстар басталып, Баянның өзін-өзі ғашықтың жолына құрбан етуімен аяқталады. Қозы сияқты Баян да ескі әдет-ғұрыптың торынан құтылуға талпынған жас. Жырдың желісіне, Карабай, Қодар сияқты жандардың қиянатына қарағанда, Баян заманының тым қаранды меніреу, әділетсіз болғаны байқалады. Ол кезде Баян сияқты өзінің сүйгендегі қолы жетпей арманда өткен қазақ қыздары аз емес-ті. Баян осы әділетсіздіктің, аталық, феодалдық кертартпа салтың құрбаны.

Баян — ақылды, өр мінезді қызы. Өзінің сүйіспеншілік сезімін ажалдан да жоғары бағалайды, оған кір жүккәндей. Оның махаббат жолындағы қасиетті ерлігі жер жүзі дастандарында, ең үлгілерде ғана үшірайтын зор қасиет болып суреттеледі. Жырдың осы сияқты ерекше сырын орыс ғалымдары да ірі бағалаған. Қазақ ауыз әдебиетінде Қозы Қөрпеш — Баян сұлудай» даццы мол жайылған жыр деуге болады.

Қозы мен Баянның махаббаты іштеп туа болған дедік. Мұнысы шығыстың атақты махаббат жыры «Ләйлі мен Мәжиүннің» сүйіспеншілігіне ұқсайды және екі жастың сүйіспеншілігі де срекше күшті, берік болады. Бұл дүниеде қосылуға тағдыр қоспаған соң, екеуі ол дүниеде қосылады дейді. Жырдың тұсына діншіл жыршылардың ұғым, панымдары да әсер еткеп. Қозы өлген жерде Баян да оледі. Баян мен Қозы өзінің Карабайдай қатал ата бүйірған тағдырына қарсы тұрады. Жырдың ең күшті тартысы осы қынышылық, қақтығыста. Әйелдің ғашықтың жолында алсызы шығыста Жүсіпке ғашық болған Зылихадан басталады. Бірақ Зылиха тек азап қана шегеді, зарығады, тарығады. Ақыры дегеніне жетеді. Ал Баян азаптан ажалды артық көреді. Низами жырлайтын «Қысырау мен Шырын» жырында да Шырын Иран патшасы Қысырауға тиіп, оның баласы Шыруя өз әкесін өлтіріп, өгей шешесі Шырынды алмақ болғанда, Шырын Қысыраудың бейітіне барып, өзінен-өзі қанжар салып өледі. Баян мен Қозы трагедиясы будан да гөрі аяныштырақ. Себебі, мұнда екі ғашық

бір-біріне мұлде қосыла алмай кетеді. Баян жырының трагедиясы Науан жырлайтын «Фархад — Шырын» дастанындағы Фархад моласында өletін Шырынға үксайды.

Баяниң Қозыға кейін ғашық болатын жайын Қарабайдың екі қызы Ай мен Таңсық сөздерінен байқатады. Балталыдан ауа көшер жерде:

Қозеке, піспей қалғап сіз бір алма,
Бойыңа қуат бітіл, күш толар ма.
Қозы Қөрпеш күйсөу бол, біз қайын бол,
Иілісіп тұратын күн болар ма?—

деп, екі қыз бесіктегі жатқан Қозыға жас Баянды қосуды арман етеді. Сол Қозы мен Баянға да арман — серт болсын деп, тілек арнаиды. Қозы ер жете бастаған соң, Баянды іздел барғанда, үш қыз оған:

Сәлем де олай болса дүғай-дүғай,
Біз жүреміз қайысында жылай-жылай,—

деп зарланады. Шөже жырында Баян Қозыға апаларының айтуымен сырттан ғашық болады.

Сәлем де інікізге іздел келсін,
Келмессе, сорлы Баян дегені өлсін.
Кеңілім кетті Қозыға, жаңым мұнда,
Айтқап сөзді інікіз қабыл көрсін!—

дейді.

Екінші бір сөзінде:

Құдая сапарыңа дем бере көр
Аға-екау, жылдамырақ жөнеле көр,—

деп, Баян ғашық жарып көруге асығады, ынтызарлық мұнажатын айтады. Бұдан әрі Баяниң махаббаты да-мылсыз өрлең, күшіне береді.

Анда-санда болмаса сөйлеспейді,
Жалғыз жатып Қозы үшін қылады зар.

Қызы махаббатының қуаты, әсіресе Қозының өлімі үстіндегі көрінеді. Қарабай Қозының өлгеннін естіртіп: «Қозыкеден артыққа қосамын, жылама» дегендеге, Баян:

Етсімді жел ашып жүрген емен,
Қозыкеден басқамен күлгеп емен,
Әке, иске ки-дағы, сінді өзің ал,
Елдің бура салғандай інгеп емен,—

деп ашынған ызалы, қайғылы сезімдерін қатал кекесінмен білдіреді. Бұрын Баян ата-анасына ашық қарсы кел-

меуші еді, бұл жолы атадан да, ата-ананың дәстүрінен де қол үзеді:

Баян сұлу қолына айна алады,
Козыкеден айрылып қипалады.
Өзіменен қосылып зарлансын деп,
Ботасы өлген боз ішгегі қолға алады.

Баян жібек белбеуін белден шешті,
Козыкеден айрылып күйге түсті.
Баян сұлу тұра алмай жүрттa қалды,
Ертең тұра Қарабай ауылы көшті.

Қаралы Баян Қозының дертінен орнынан тұра алмай жүрттa қалады.

Шөже жырындағы Баянның Қозыкені жоқтауы да ауыр толғау, абыз зармен келеді:

Ботасы өлген боз ішгегі алып келдім,
Мен Баян, тал отындаі жанып келдім.
Қодар құлды құдышқа құлаттым да,
Аза тұтып басында налып келді.

Қозыкем, жатырмысың жер бауырлап,
Қарға жүнді қамыс оқ соны ауырлап.
Тұрар болсаң, тұрсанға, Қозыке-жаң,
Құдай қосқан қосағың келді зарлап!

Баян мен Қозы екі жақ бірдей сүйісіп қосылған, жұбайлық иекені жақтайды. Осы Шөже жырында жылап отырған Баянның түсіне қырық шілтен еніп:

«Қозыға неше күндік өмір тілейсің? — деп сұрайды. Сонда Баян:

— «Ұзак өмір тілеп мен иеғылайын, үш күн, үш түн ойнасам, болар», — дейді. Қырық шілтен: «Артығырақ сұрамадың ба?» десе де Баян үш күннен артық өмір сұрамайды:

Баян жастың тілеуін құдай берді,
Ер Қозыке сілкіп тұра келді.
Шын ғашықтың жандары өзінде емес,
Үш күн, үш түн бас қосып дәүір сурді.

Шөже жырының бұл жері Қозы мен Баянның арманды махаббатын аяп, жоқтап күшету үшін қосылған. Бұл хиял, бірақ Баянның өлер алдындағы жалғыз талшық жұбанышындаидай. Тірлікте жетпеген арманға тым құрыса түс хиялмен жеткенде сол жұбаныш болсын дегендей. Бұдан әрі құшақтасып өліп жатқан екі ғашықтың үстіне қырықтың бірі қызыр душар болады. Қараса:

Екеуі жатыр екен мойындасып,
Құшақтап бірін-бірі койындасып.
Өлі десе, ажары бір тайған жок,
Тірі десе, жаны жок пұры тасып.

Кызыр «жаралған жеті ғашықтың бірі екен деп» дү-
ға оқып, екеуіне отыз бір жылдық өмір беріп, қайта қо-
сады. Бұл да халықтың Баян мен Қозы оқиғасына жаны
ашығанин туғызған қоспасы. Мұндай қоспа Баян мен
Қозының бейіті жайында айтылған бір ертеғіде бар. Қо-
зының бейітіне екі гүл шығыпты, оның ортасына бір ті-
кен бітіпті. Гүлдер Қозы — Баян, екеуінің ортасына шық-
кан көк тікен Қодар екен¹ деседі.

Баян алған бетінен қайтпайтын ер жүрек қыз, шын
опалы жар. Шөже жырының артында:

Козыке мен Баянның болған шағы,
Бәшешектей қуарып солған шағы.
Козыке өлген жерінде Баян да өлгеси,
Әркімнің сондай болсын алған жары,—

деп, Баянның ел ардактысы, ерге арман болған жар еке-
нін дәріптейді.

Баян жүрттан асқан сұлу қыз. Оның сұлулығын, даң-
қын естіп:

Тоқсанбайдың баласы тоқсан серің
Сыртынан көзі көрмей ғашық болған,—

дейді жыр. Мұның бәрі де ғашық болып жаһан кезген
адамдар еді. Баян бұларға ойыспайды. Осылардың ішін-
дегі ең көзге ілінері Қодар болса, оған да іші әсте жібі-
мейді:

Кара көзің қан басып қарағанда,
Маңыца жоламайды Қодар үркіп.

Баянға тек сүйген жары ғана қымбат. Осы жолда ол
жалғыз Қодармен ғана күрескен жоқ, атасы Қарабаймен
де, бүкіл елі-жүртімен де ұзақ күреседі. Баян жауымен
күрсесе біletін әрі ақылды, әрі қайратты қыз. Сол қай-
ратты бітімін Баян Қозы өлген соң аса айқын көрсетеді.
Өзге ғашықтың жырларда ұшырамайтын, әсірессе, ғашық
әйел жасамайтын қайрат көрінеді.

¹ Қозы мен Баянның бейіті Аяғөз өзенінің бойындағы есқі
бейіт деген ақыз бар. Бірақ бұл ақыз ғана, дәл деректі шындықтан
ғөрі, бергі ақындардың хиялы атап кеткен болуы да мүмкін.

Баян арманда кеткен жары үшін өзі кек алады. Қодарды құдыққа түсіріп, кесекпен атып өлтіреді. Бұл әрекетте халық жыры қазақ қызыны ғашықтық үшін алысады үгіттейді. Кескілескен кектен де тартынбай өзің алыс, жаңа аямай, жауыздықты жазалап алыс дейді. Мұнда өмір үшін алышудың реалистік талабы — психологиялық терең сырға жетеді. Құр аһ ұру мен өлу аз, қатал қайрат, қатты кек болсын. Содан да өз қолың, өз жүргегің тартынбасың. Жасып жылап өлмей, жарғыласып, адал арманыңды ақтап өл деген тәрбиелік санаы көрсетеді.

Жырда мінез-құлқы, іс-әрекеті аса толық суреттеген жанның бірі — Қарабай. Оның айқын сипатының бірі — сарандық, малқұмарлық, құны жаман қомағай байлық. Мал дәүлет қасында оған туған ел, дос-жар іштеп шыққан баланың көз жасы түк емес. Бұл жағынан ол шық бермес Шығайбайға, қарғыс бейнелі Қарынбайға тартқан. Елдің жауыз байды жириенішті етіп көрсеткен бір мол көрінісі осы образда. Сексен бес жасқа келген Қарабайдың бәйбішесі қыз туып, бір сақау қатын өліп-өшіп Қарабайдан сүйінші сұрай келгенде, құлқыны жаман бай оны «былшылдама» деп сөйлетпейді. Әйел соңда да:

Картайғанда көріпсіз бір перзентті,
Шыныменеп бір шашап бермейсіз бе!—

дегендеге:

Серіз өрмс, бұзау тіс қамшысы бар,
Сақауыңды кетеді бартылдатып,—

деп сипаттайтын жыр.

Тоқсан мың жылқысы бар Қарабайдың пейілі соншатар, сарандығының үстіне Қарабай малын ішіп-жеуге қимайтын нағыз сасық бай. Жырда ақын оны:

Тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да,
Үйінде сілкіп киер шапаны жок,—

деп бейнелейді. «Ұнамаған адамға шөл арықпыш, құлық қылған кісіге қас шұнақпыш» дейтін сөздерді Қарабай үнемі мерзім алған. Қарабайдың жүргегі үнемі аяуды білмейді, жақсылықта меніреу, Сарыбай «үйдегі кісіміз жүкті» деп, буаз маралды атпағанда, «өлсем де бір тояйын атып берші» деп Сарыбайға зорлық істейді және:

Кез келген сен атпаїсың бүйректы аңды,
Достықтан шыныменеп безгейнің бе,—

дейді.

Достығын ол бір маралға сатуға бар. Өйткепі, марал оған азық, үнем, табыс.

Антына опашыл Сарыбай киікті атам деп қаза табады. Сонда Қарабай:

Қасында Сарыбайға қарамайды,
Маралдың жаңы шықпай ішін жарды.
Ішінен қос қодығы мөніреп шықты,
Қодығын тыпрылатып бауыздайды.

Бұл мейірімсіз қара жүректің белгісі еді. Ондай адам ешкіммен еміреніп дос болмақшы емес. Болам де се де оған мән бермейді, опа таптырмайды. Ол Сарыбай өлейіп деп жатқаңда досының басын сүйеуге де жарамайды.

Маралды егіз қодығын тендер алыш,
Достасын бек сөйлескен кетті тастап.

Мал қызығына батқаң дүниекор, сарап Қарабайда ар, ұят, әділет жоқ. Ол — ерге де, елге де опасыз, тасбауыр, өзімшіл. Сарыбай өлген соң Қарабай бата оқуды ойлап, жиырма шапан, тоқсан саба қымызы әзірлең, Сарыбайдың аулына бармақ болады. Бірақ өзі әуелі салт барып, баланы көреді де:

Мені жұтар жалмауыз туынты деп,
Тантық шал Бақа айғырга мінс қашты,—
дейді.

Қарабайдың малсақ, қызғаныштығы ілездे күш алыш, ол баяғы Сарыбайға берген антын бұзады. Қайтып келіп тоқсан нарға тендереген сабаларды пышақпен жарып тастайды. Ақты төгеді, ақ ниеттен таяды. Ақты төгу, айт бұзу қазак ұғымында үлкен кесепаттық. Жырда Қарабайдың осы мінезі жақсы көрсетілген. Жанақ Қарабайдың раҳымсыздығын оның осы мінез-құлқы, пейілінен деп табады.

Қарабайда мейірім, адамгершілік жоқ. Адамды бағаламайды. Соның ішінде өзегін жарып шыққан баласына да мейірімсіз, қатты.

Жас құлымынан қырылды тамам, Қодар,
Бір су тауып bere көр магаң, Қодар,
Сен шөлдетпей малымды алыш өтсес,
Ақ Баянды беремін, саған, Қодар!—

деп, өзінің қызын, жылқыны шөлстанинан аман алыш өтпекші болған Қодарға беруге уәде қылады. Жас қызың бақытсыздығына себепші болады.

Қарабайдың мейірімсіздігі, жатбауыр түрпайылыққа айналған. Ол адам баласын сүймейді, жиренеді, елден жұрттан қашады. Ақын Қарабайдың сараңдық, өзімшілдігін соншалық терең, дәлелді етіп суреттейді. Халықтан қашқан дүниекор, кара көңіл Қарабай жырда кейде алаңғасар, ақмақ ретінде көрсеттіледі де, ақын оған сықақ қолданады. Бірақ, сонымен қатар, Қарабайдың қаттылығын басынан аяғына дейін бәсендептей, барған сайын терендетіп, күшайте береді. Мұның аяғы қайғылы трагедияға соқтырады. Қарабай кейпі халықтың, елдің спидатын қорлайтын, бұрынғы құнсыз байлар тұрмысының ең зиянды, жаман мінездерінің жынытығы.

Қарабайдың кейбір іс-әрекеті арқылы жыр бұрынғы шаруашылық салттың міндерін де сынап, шенейді. Ол, әсіресе көшпелі салтты сынау түрінде, Жанақ вариантында толық суреттелген. Сахраның дауылы қуған қаңбақтай баянсыз тынымсыз болып Қарабайдың үрдіс, ұзақ көшулері, жырдың құптаған, қостаған жайы емес. Мал аяғымен бірге, байыздамай, қоныстамай кезбелікке салыну сорлылық, сорақылық есепті сыналады.

Мұнда бір Қарабай емес, бұрынғы шаруашылық құрылыштың, кезбе жабайылық салттың жалпы қазақ байларында болған, көпшілік тірлігінде болған құнарсыз күйі сыналады. Және соңдай шаруа қалпында еңбекті қанаудың түрлері де көрінеді. Қарабай сараң, малқор, құрдым бай өзінің малын баққызыған топты жанды айлалап, тәсіл құлықпен тұсап ұстайды. Тоқсан мың сонында қысы-жазы тынымсыз жүретін тоқсан құл тегін алынбаған. Бұлар басында «тоқсан сері» десе де, кейін тоқсан құл болып кетеді. Қарабай бастығын Қодар етіп, бұның бәрін, қызы арқылы шырмап, құлақ кесті құлдай ұстайды. Өз малының қарақшысы етеді. Бұрынғы байлықтың еңбекті қанаудағы түрпайы, өрекел дағдысы әшкереленеді.

Қарабайдың әйелі мен қыздарында Қарабайлық мінез жоқ. Қарабай құдалық антын бұзып, Балталыдан ауа көшпекші болғанда әйелі:

Байғұс-ау, қандай адам серттеп таяр,
Біліп пе едің тайғанды құдай аяр!—

деп, үйін жықпайды.

Бұл басымды кеудемнен кессең-дагы,
Бір отырған орнынан өлсем тұрман,—

деп ел-жұртынан айрыла көшуге наразы болады. Ел-жұртың, туған жерін қимау Қарабайдың Ай, Таңсық деген екі қызында да күшті. Қарабайдың екі қызының туған ел, өсken жерінен қоштасуы Жанақ жырында аса көркем, шебер және аянышты түрде айтылады.

Қыздар көшкен ауылдан бөлініп, әдейі жұртта қалып, кешке дейін жорғамен, жұртын айналып жүріп қоштасады. Бұл қоштасу өзгеше көркем болғандықтан бірқатар жолын мысалға келтіреміз:

Балталы, Бағаналы сл, аман бол,
Бақалы, балдырганды көл, аман бол.
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,
Ойнап, күліп, ер жеткен жер, аман бол!
Қара басқан қашқынды қоя берме,
Ел жақсысы, Тайлак би ақылы мол.
Осы ізі тоқсан мыңың сокпақ болар,
Жоғалмас қайда барса қазыған жол.
Тайлақтың сиді аман бол қалған слі,
Аман бол қалың ағаш, аққан сели,
Теруші ем ермек етіп еріккенде,
Екпе жиде, алма ағаш көлеңкелі...
...Жібектей шалғыныңа ойнап өскең,
Серіз сай, тау беткейі, сала аман бол!
Үйенкі, кайың, терек, тал аман бол,
Халайық қалған елдің шалы, аман бол!
Қарабай қайын атаң сенен қашты,
Жөргекте Қозы Қөрпеш бала, аман бол!

Ақын тілі наразы көңіл-мұндарын осынша терец, әсерлі етіп береді.

Жырдағы сүйіскен жастардың азаттық аңсаған талабына балта шапқан ұнамсыз кейіптің бірі — Қодар. Қарабай жырда өзінің қаттылығы, өзімшілдігі, малқұмарлығы арқылы көзге түссе, Қодар өзінің қиянатшылдығы, зорлығы, сүркіялдығы арқылы көзге түседі. Сарандық жолына түскен Қарабай да, мінез өзімшілдігіне түскен Қодар да рақымсыз, қаражүрек, ант бұзғыш. Екеуі қиянатшыл қара күштің екі жағы сияқты. Жеке меншіктен туған бектік ортандың психологиясы, дүниелік амалы осындай болмақ. Мұндай адамдарға өзінен басқа жол жоқ, өзінен басқа дүние жоқ.

Қодардың да жауыздығы күншілдік, бақталастыққа шауып, барған сайын күшейіп, аяғы Қозы мен Баяның өліміне соқтырады. Жыр адамның сезім дүниесін өте шебер көрсетеді. Шөже вариантында Қодар ноғайлышың атышулы мырзасы Шақпақбайдың баласы делінсе,

кейбір варианта қалмак батыры болады. Үшіншілөрінде Қарабайдың асырап алған еншілес баласы. Кейде, жай кұлы. Қалай деген күнде де бұл жағдайлар Қодардың мінін жеңілдетуге ем бола алмайды. Бәрінен де өзімшіл, күншіл, қиянатышыл, озбыр Қодар алдыңған шыгады.

Қодардың барлық жауыздық істері Баянға құмарлықтан туған. Шәже жырында ногайлының ерулігіне барған Баянға Қодар бір көргешнен ынтық болады:

Баянға ауызба-ауыз бір тілдесу
Қодарға жұмыс болды көкейкесті,—

дейді жыр.

Баян оған:

Тимеймін ногайлыға арым бар-ды,
Алтын айдар, шоқ белбесу жарым бар-ды,—

деген соң-ақ Қодардың құмарлығы бірден ожарлыққа, қара күшке дейін келеді. «Берсем де әке-ишелем сені алармын» деп ерегіседі. Қолеңкедей болып, Баянның сонынан қалмайды. Жанақ жырында Қодар Қарабайға:

Асыраган қызынды мен алмаймын,
Жалғыз қызың Баянды мен аламын,—

деп, Баянға ғана құштар болады. Бірақ Қыз Жібекті айла, арамдықпен алмақшы болған Бекежан сняқты, Қодар да Баянға біржақты сүйіспеншілік міндептіп аттады. Содан барып оның құмарлығы зорлық, өшпенілік, қиянатқа айналады.

Әйтсе де, Қодардың қиянатшылдығы қашама ауыр болғанмен жырда оның Баянға шын қызығуы да айтылады. Баянды алу жолында Қодар сұрапыл ерлік көрсетеді. Азап шегеді. Пантусов жазып алған жырда Таңсық деген апасы өлгенде, Баян Қодарға соның моласына меспен су тасып, үлкен көл жасатады. Жанақ жырында Қодар құс ұшпас құла түзден күп сайын төртбес құдық қазады, әр құдығы жүз кіслік. Су шықпай қалған құдыққа, басқа құдықтан меспен су тасып толтырады.

Антүрган білдірмейді Қодар жасып,
Әр жерден жүз кіслік құдық аршып.
Су шыққаннан су шығар құдығының,
Суы жоғын толтыраш меспен тасып,
Сол кездегі жандардан Қодар асып,
Міңсөзіне қайраты қүп жарасып,—

дейді.

Қодардың алып қимылына оның астындағы байтала жарамай қалады. Сонда Қодар суды месепен жаяу тасиды:

Жаяу жүріп көреді көп бейштті,
Етік қажап бақайы канап кетті,—

дәйді жыр.

Бұл жағынан қараганда жырдың кей варианты объективтік түрде еңбекті жырлайды. Қодар белгілі мөлшерге шейін еңбек ері болып сипатталады. Ол Баянға қосылу үшін уш жылдай Қарабайдың қойын бағады. Ұқыпты жылқышы атанады. Жырда бұл түстарда Қодар жазықты емес. Қарабайдың алдымен шырмауында жүреді. Мұнда күрделі құрылстық көрсеткен жырдың көп қайшылықты жиган түйіндері, психологиялық шытырманы сезіледі. «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының бір өзгешелігі осында. Қодар қаншама ауыр азап шексе де, қынжылмайды, қайта асқындан түседі:

Жайнаған жан қуанар қыз көрген соң,
Баянды аламын деп көңілі тоқ.

Қодар еңбек арқылы тілегіне жетпекші болады. Бұғап оның қайраты жететініңе сенеді. Бойы он кез, жаурыны үш кез, сыңар жұдырығы қолагаштай. Қодар шын алып. Аяғөз барған соң Баянға таласатын тоқсан ерге қарсы бір өзі айғай салып жалғыз тиеді. «Ықтыжарды білетін Қодекең бе, сол жерде тау соққандай араласты». Бұл Қодардың жақсы жағы.

Қодар — алып. Бірақ батыр емес, тек жайғана қайрат иесі. Өзінен бағы, күші артық батыр кез келгенде, жасқаншақ, корқак. Жомарттығы да жоқ. Жауын жеңсе аяуды білмейді. Жеңілсе жалына бастайды, намыссыз. Қодар өзінің бақталасы Қозымен қыз үшін ашық майданда жан қып куресе алмайды. Ұйықтал жатқан жерінде үрланып өлтіреді. Мұнысы қурайды панарап келіп, Төлегенді атқап Бекежанның қаскөйлігіне ұксайды. Қодар пасық адам болып, енді екіші ұнамсыз кескінмен көрінеді.

Қарабай сияқты, мұның да берген анты мен айтқан сертінде баға жоқ. Қозыдан жеңілген жерде онымен төс тиістіріп дос болады, ал артынша жауалыққа кірісе бастайды. Достық анты оның қара иштің орындауга құрал болады.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жыры адал достықты

жырлайтын дастан. Мұнда халықтың дүрыстыққа деген тілеуlestігі жырланады. Ұнамды кейіптер арқылы жоғары бағаланады. Осындай ұнамды кейіптердің бір алуаны: Сарыбай, Айбас, Тайлақ Қозының батагөйі, тілектесі. Жастай жетім қалған Қозыға үнемі аталық достық етеді. Сарыбай — дүрыс ниетті, ак пейіл ата. Оны жүртүс сүйеді. Сарыбай өлгенде Тайлақ он сан жүртүн жиып алыш, Сарыбайдың сүйегін тауып азалаиды. Қарабай Сарыбайдың өлігі қайда қалғанын да айтпаған болатын.

Баянға құда түсу үшін Қарабайға он бір елші жібергенде Қарабай сабап, олардың басын жарып жіберсе де татулық сақтаған Тайлақ кек аламыз дегендеге басу айтып тоқтатады.

III

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының идеясы, композициясы түрлі вариантта әр түрлі өзгере отыратыны бар. Топтап келгенде соларды негізгі екі салаға бөлуге болады. Жырдың көвшілігінде романтикалық сарын басым болады да, жырдың аяғы трагедиямсін бітеді. Шөже, Кастанье, Радлов, Березин, Пантусов, Абрамов нұсқалары және 1909 жылғы баспасы осылай¹. Бұлар да — бұл дүниеде қосыла алмаған Қозы мен Баян, ол дүниеде қосылады. Мұнда «Ләйлі — Мәжнүн» хикаясына ұқсастық бар. Бірақ «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырында өзін ғашық жолына қызың құрбан етсе, онда ерекек (Мәжнүн) құрбан етеді. «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырындағы басты қаһарманың Баян болатыны да осында. Бұл қазақ әйелінің сол ертедегі ауыр халінен белгі береді. Жырдың көвшілігі рушылдық-феодалдық қоғамның әдет ғүрпіндағы әділестіздікті баяндайды.

Жырдың екінші бір саласы — Жанақ нұсқасы. Мұнда реализм басым. Жанақ, Шөже варианттары бір алуандас. О дүниедегі бақытты көзdemей, ғашықтардың бұл дүниедегі бақытын арман қылады. Осыдан келіп ол, екі ғашықты қосып қояды. Қөшпелі тұрмыстың әдет-ғүрьип қайшылығын оңайлатады, соны жеңілейткен жа-

¹ Шокан Уәлихановтың еңбектерінде: «Қозы Қөрпештің» вариантын атакты Жанақ ақынының өз айтуынан жазып алдық деген бір дерек бар. Бірақ әзірге шейін сол қымбат жазба Шокан материалдарының ішінен табылған жок.

мау-жасқау бар. Жырдың осы екі түрлі саласына сайның композициясы да өзгеше. Жанақ жырының байланысы екі байдың достығынан басталып, шарықтау шегі — Қесемсарының ажалы, шешуі — Қодардың өлімі арқылы аяқталады. Мұның арты — қуаныш. Басқа пұсқаларында шарықтау шегі Қозының ажалы, шешуі — Баянның өлімі арқылы тынады. Арты қазалы, қайғылы.

Фашықтық тақырыбын алсақ, Жанақ нұсқасының негізгі сарыны да романтикалық махабbat жүйесіне құрылған. Бұл романтика екі тұрмысты, жабайы көшпелі салтты жоқтау емес, адамның бас азаттығын іздеу жолындағы романтика.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырында ғибрат беру сарыны күшті. Жырда өмірдің нағызы шындығы, қайшылығы суреттеледі. Адамдарының мінез-құлқы тұрмыстан туған. Қаһармандарының бір парасы жамандықтың үлгісі болса, екінші парасы жақсылықтың үлгісі болып көрсетіледі. Қатты Қарабай, жауыз Қодар, сұм, мыстан Сасан би, опасыз женге — зұлымдықтың жоқшылары. Оларды халық қарғайды. Қозы, Баян, Айбас, Ай, Таңсық — ізгіліктің, әділеттің жоқшылары. Жыршының бір тілегі осылар жағында отырады. Жырда жауыздық пен әділет дүниесінің тартысы суреттеледі.

Жырдың тағы бір өзгешелігі — мұнда көшпелі ел тұрмысының тағылық, өрескел салтын сынау бар.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының тілі ескілеу, бірақ нағызы халық тілі. Жыр үнемі қара өлеңмен айтылады. Жеті буынды жыр, өлең, Жанақ нұсқасында екі-ақ жерде кездеседі. (Қозының зары, тазшаның Сарыбайдың өлімін естірту). Жырда халық аузында айтылып жүрген салт өлеңдердің сарыны, үлгісі күшті, қаһармандардың сөзі (монолог) үш-ақ жерде кездеседі. (Екі қыздың ел жүртүмен қоштасуы, естірту, Қозының зары). Айтыс та, монолог та өзіне лайықты орнында беріліп, жырдың әсерін күштейткен.

Жырда көркем сөздер мол. «Қарабай қайын атаң пейілі тар», «Қайран балам, кімдерге күң боларсың» деген сөйлемдер «қыпша бел», «колаң шаш» деген сияқты сөздер бұндағы өлең кестесін көріктей түседі. Тенеу сөздер де кей адамның сыртқы кескініне ғана жұмсалмай, ішкі мінез-құлқын да сипаттайды. Мысалы:

Қодардың өзі дардай, сөзі дардай,
Жүреді жанның бәрін көңліне алмай,—

дегендегі «дардай» деген сөз, Қодардың тасыр, даңқой екенін ұғындырады. «Қодардың атасы жел, анасы жел», «Көрмессің Қарабайдай жарым есті» деген сияқты тәнеулі ұқсатулар да белгілі көркемдік мақсатпен жұмсалады.

Бірақ дасташың суреттілік қасиеті оның жалғыз тілінде емес, көбінше идеясында, адам образдарында, оқиғасының қызық, шебер аянышты болып суреттегінде.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» дастаны қазақ әдебиетінің зор мұрасының бірі.

1948—1954

ҚЫЗ ЖІБЕК

«Қыз Жібек» әңгімесі көп заманаш бері ел аузында сақталып, жыр болып айтылып келген әңгіме және ол қазақтың романтикалық ғашықтық жырлары ішіндегі бір көркемі, көлемдісі.

Жырдың ең алғаш Зайсан уезінің (осы күнгі Шығыс Қазақстан облысы) бір белгісіз ақыны жазып алған, 1870 жылдар шамасында Қазанда бастырған. Бірақ бұл нұсқа біздің қолымызда жоқ. Қейінгі басылған нұсқасында мынадай сөздер ұшырайды:

Басында менен жайылды,
Қисса болып бұл Жібек
Баспасына қарасам,
Бәрі щала сөзінің
Еңіреп, жылап жүр жүдеп,
Қисынсыз болған сөздері,
Жыламақ түгіл, күлмеймін,—

дейді.

Жырдың осы нұсқасы 1876, 1905, 1909, 1911 жылдары Қазанда Хусаиновтар баспасында бірнеше рет басылып шықты. 1925 жылы осы нұсқаны қазақтың ауыз әдебиетін жинаушы Әбубекір Диваев Ташкентте бастырды. Одан кейін 1933 жылы Қызылордада, 1939 жылы Алматыда «Батырлар жыры» жинағына қоса басылды.

Жібек әңгімесін шын оқиғадан туған, бірақ дәл қай кезде туып жасалғанын кесіп айту қыншы. Мөлшермен айт-

қанда «Қыз Жібек» әңгімесі XVII ғасырда туғанға үқсайды. Жырда Жағалбайлы елінің қонысы Қара теңіз жағасы деп келеді. Мұнысы Қаспий (Атрау) теңізі болуы керек. Сол кездегі Шектілердің қонысы Ақжайық болған. Бұл екеуінің арасы, қоныс жағынан шалғай емес. Қазақ даласы патшалық Россияға қараганға шейін Жағалбайлы елі Ақжайық бойын мекен еткен. Осы кезде де Жаманқала (Орскі), Магнитогорскі маңында Жағалбайлы жүртесі аз емес.

Жібек әңгімесінің заманын білуге жолбасшы болатын тарихи деректің бірі — қалмақтардың Ақжайық бойын жайланаған шекті елін жаулап алуы. Жырдың екінші саласы осы жаугершілік заманға келіп килігеді. Жайық бойындағы аз ру шектілерге торғауыттардың ол кезде, белгілі бір кезеңде үстем болуы рас.

Жыр геройының бірі — Төлеген. Төлегениң өмірін сипаттағанда ақын оның туған күнінен бастап, өлген күніне дейінгі ісін суреттейді. Мұнысы жырдың эпос жанрына толық үқсайтындығын көрсетеді. Соның ішіндегі ең басты сарын Төлегениң еркін махаббат, азаттық іздеген талабы болып отырады.

Жайыққа алғашқы аттаңған сапарында артынан жылап келіп, «барма, қал» деп тілек еткен анасы Қамқаға Төлеген:

Бір сұлу алмай, шешеке-ау,
Сіра да көzlім тынар ма.
Талап қылған ісінен
Ат басын ерлер бұрап ма,—

деп, торықтыра жауап береді. Қыз Жібекке екінші рет жүретін жолында артынан жылап келген інісі Сансызбайға:

Батырлық, байлық кімде жок,
Ғашықтың жөні бір басқа,—

деп, батырлық пен байлықты мұрат етпей, көбіне сол асыл жар сүюді арман етеді.

Төлегениң осы сипатын әсірелеп көрсету үшін ақын түрліше композициялық әдіс қолданады. Қыз Жібектің көшіп құғанда Төлегениң ғашық жарық көруге асыққан көңлін жырыши оның атының шабуынан байқатады:

Жер тарпынып жануар
Ауыздықты басады.

Алдындағы белестен
Орғытып кеп асады.

Бірақ ор қояндай секіріп, үшқан құспеп жарысып келе жатқан көк жорға аттың жойқын шабысы да Төлегенге текірек сияқтанып көрінеді.

Төлегенің көш қуған жері — ғашық жүргегінде жаған үміттің аса бір жарқын, бақытты, зейнетті кезеңі.

Төлегенің сүйіспеншілік талабына бөгет болған төрт түрлі қара күш кедергі бар. Бірінші бөгет шөлстан — алыс жол; екінші бөгет — ата-анаңың теріс батасы, тағдырының теріс қарауы; үшінші бөгет — көмексіздік, жалғыздық; төртінші бөгет — Бекежанның жауыздығы.

Жырда Қара теңіз жағасын жайлапан Жағалбайлы елі мен Жайық бойын жайлапан Шекті елінің арасы жүз күншілік шөл жазира, құс қонбас құла дүз болып сипатталады. Сол шөлстанның ең бір жексүрын ұры, қарақыш мекен еткен жері — Қособа. Төлегенің ең рақымсызы, тілсіз жауының бірі — осы Қособа. Мұндай табиғат бөгеті Қозы мен Баяниның да түбіне жетеді. Мұның үлкен жұмбағы бар.

Бұрынғы ғашықтардың қай-қайсысын алсақ та, олардың мақсатына жетуі жолында тұрған бөгеттің бір саласы адам жауыздығына байланысты болса, екінші бір саласы табиғат бөгетіне байланысты айтылады. Табиғат бөгетіне жататын нәрселер — аждаға, жын, сиқыр, өзен, теңіз, алыс жол.

«Қызы-Жібек» жырындағы Қособаның шөлі ескі әдет-ғұрыптың одактасы, жамандықтың бейнесі болған. Соңдықтан, Төлегенің ізгі ииетіне шөлістан, ұзак жол жау болса, Бекежанға дос болып шығады. Бұл жағдай Қызы Жібек заманын тым қараңғы етіп сипаттайды. Баар жер, басар тау жок, жан-жағы түйік, қапас.

Төлеген қофаминаң да, табиғаттаң да дос таппайды. Бұл Төлегенің жалғыздығының, көмексіздігін көрсетеді. Қособаның шөлінде ажал қойныңда жатқан Төлеген өзінің алты қазға айтқан тамаша арызdasу сөзінде осы жалғыздығын зар етеді:

Қособаның түбінде,
Коса кетті дегейсің
Жылай-жылай бір жалғыз
Дүниеден өтті дегейсің.

Базарбайдың теріс батасы да оған аз бөгет болмайды. Базарбайдың оң батасын алған Сансызбай мұрат-мақса-

тына жетсе, теріс батасын алған Төлеген мерт болады. Төлегеннің өзі де:

Тілімді алмай кеттің деп,
Берменді атам батасын,—

дейді.

Теріс батаның түбі ескі салтқа, соның қуатына байланысты. Болашақ үшін атасы мен баласы қуреске түскенде, жыршы «ақ бата» мен тағдырың күшіне кебірек мән береді. Сондыктан, атасынан теріс бата алған Төлеген тек феодалдық қофам салтына ғана қарсы шығып қоймай, өзінің тағдырына да қарсы шыққан сияқты болады. Екі ғашықты тағдыр қослайды. Қызы Жібектің Төлеген қайтарда көрген түсі, оның аты-жөнін сұратып жіберуі, Төлегеннің женгесіне берген жауабы, ол жауапты қалыңдығына Сансызбайдай әменгері барын айтуы, інісімен қоштасарда «олай-бұлай болып кетсем, Қызы Жібек сынды женгенді өзің алып сүйгейсің» деп, Сансызбайға өлердегі өсietін айтуы сол тағдырың қаттылығын жыршының күн бұрын сездірмек болғанын байқатады.

«Қызы Жібек» жыршының композициясынан, идеясын және жеке образдарының жырдағы психологиясын, тартыс мүдделерін зерттең талдауда қатты ескеретін басты мәселе осы жырдың қофамдық мазмұны турали болу кепек.

Бұл жыр феодалдық қофамның болмысынан, шындығынан туған әңгіме болғандықтан, сол ескі құрылыштың ерекше салтын, ұғым-нағымын танытады. Сол салт сол ұғым-нағымдарға мойындаған, соны құптаған ескішіл сана ең әуелі жыршылардың өз түсінігінен көрінеді. Романтикалық, психологиялық өзгешелігі бар «Қызы Жібек» атты ғашықтың жырда негізгі тақырып жүретін түшіні ескі салт болып шыққан. Ол қазақ тірлігінде көп заман орын алған әменгерлік, жесірлік, феодалдық дәүірінің салтынан туған ғашықтың жыры деп ұғыну кепек. Мұны, әсіресе жырдың екінші белімі жөнінде айтамыз. Сонда жырдың негізгі бір сарыны ескі салтқа бағынған шартты ғашықтың болып жырланады. Қазақтарғы рушылдық құрылыштың мол бір айғағы, өзгеше ескілікті көртартпа жанның ескерткіші болып қалыптасады.

Осы межеден жыршылар ұғымы мен санасы да аспайды. «Қызы Жібектің» ескі вариантының әлі табылған жоқ. Ал, басылып жарияланып жүрген варианты

соңғы айтушылар өздерінің таптық, қофамдық санасын халық тарихының ілгері басқан, дамыған бағытымен қабысқан салағып көрсетпейді. Эйел образы неше алуан ауыртпалық, сор туғызған нағандық салттың сынаушысы бола алмайды. Бұрынғы есіліктің жақтаушысы ақсақалша, билерше, сол салтты құптаушы болып шыгады.

Осы жайды «Қызы Жібек» жырының екі бөлімі тақырыбына, әсіресе соңғы Сансызбай — Жібек оқиғасына ийкүн көреміз.

Бірақ Төлеген мен Жібек арасын баяндауда жыр анық психологиялық лиро-эпос түрінде бастайды. Төлеген мен Жібек азат сезім, жастық, дұрыс мүдде жолында табысады. Төлеген әке атастырган қызды алмай, өздігімен жар іздел, гашықтықты аңсауы және жолда дәл өзіндей ерікті сүйіспеншілік өмір көксеген Жібекті табуы, таңдауы — бәрі де жыр ішінде занды, орынды, халықтық дұрыс үғымды бастағандай болады. Бұрын жүрт аталық ықтияры жастар тағдырын емін-еркін билеуі керек десе, белкүда, ежекабылдар айнымас жол десе, енді мына жырдың басында өз еркімен қосылған өр талапты жастарды мақұлдағандай болып басталады. Төлеген мен Жібек арасына жарастықты махаббат, терец магнапалы тең достық бергендей болады.

Төлегениң Жібекке құштар, ынтызар болуын романтикалық жыр көп көштеп өткізіп, бір қыздан скінні қызды артық етіп сипаттап, соның бәрінен де Жібек артық, өзгеше дегізумен үлкен динамикалық өріске жетеді. Төлеген Жібекке жетер-жетпестен-ақ ғашық болмасқа шарасы қалмағандай болады. Артынан екеуі анық таза махаббат жоқшысы болып, көркем қосылғандай болады. Бірақ мұның бәрі жырдың алғашқы кіріспе жағы, алғашқы түйіні, бастамасы. Сол бөлімнің өзінде-ақ жағағы махаббат жолсыздыққа, тағдыр қаталдығына ұшырауға бұйырылады.

Төлеген мен Жібек екеуі де басында еркін, тең болып қосылғанмен, ендігі кезеңде өздері де ескі салт-санының тұтқындары, құптаушылары болып мойындаі бастайды. Қыршының әменгерлік, жесірлікті мадактайтын нанымы бұл жастарды да өз ықтиярына көндіреді. Төлеген Ақжайықтан аттанарда Жібекке кейін өзі өлсе Сансызбайға тиүоді өз аузынан қарыз етіп кетеді.

Кейін сол Төлеген Жағалбайлыдан аттанарда Жібек-ті іздең барып алуды інісі Сансызбайға қарыз етеді. Бұл өснеті өлерде айтқан ең соңғы тілек есепті болады. Оны орындау Жібек пен Сансызбайға ендігі тірлік мүддесі, міндет болып қалады. Бұл екеуі оны орында-маса, Төлегениң бір өлмей, екі өлгені деп ұғынады.

Ал, Төлегениң өлетіні де, жыршының санасы бойынша, айнымас тағдыр жазуындағы. Оның себебі Төлеген-нің әке батасынан аттаң, өз еркімен кетуінде. Олай болса жырдың алғашқы жағында Төлеген басына берген азат сезім жоқшысы болған ой, енді орынсыз, жолсыз ойға айналады. Ата батасын аттаған кім де болса онбайды деген рушылдық, ақсақалдық нағым жырдағы барлық басқа сезім, арманнан үстем болып шығады.

Кейін ата батасын алып барған Сансызбай ақжолтай болып кетеді. Сөйтіп, жырдағы композициялық құрылыш мүддесі, ғашықтық турасындағы түсінік, нағым — бәрі де салтқа бағынған, әменгерлік, жесірлікке қол қойған, сол жолға бағынып талпынған тартыстарды көрсетеді.

«Қызы Жібек» жырын зерттеуде бұрынғы қазақ түрмисындағы әйел күйін ерекше ескеру шарт. Ерте күндергі шаруашылық-қоғамдағы жайлардан туған заң мен сана әйелді мал бергеннің сол малдай меншігі еткен. Қалыңмал төлеген қызы ердің ғана мұлкі емес, ол айттырған рудың да мұлкі деген. «Ерден кетсе де елден кетпейді» еп, әйел басын ері өлген күнде де мал-мұліктей еріксіз етіп ұстайтын. Барлық жастың санаына сіңіріп, ойы мен ықтиярын тұсап, бағындырып жол-жоралғы жасалған. Ол жол «аға өлсе — женге мұра, іні өлсе — келін мұра» дейді.

Ерді де, әйелді де осы жолға, салтқа тапжылтпай мойындарады.

Рушылдық-феодалдық қоғамдағы үстем таптың көпке бұйырған санаы, заны осы еді. Қазақ әйелі Ұлы Октябрь революциясына шейін осы зандан қатты сорлап, нелер азап шегіп келіп еді.

Ал, «Қызы Жібек» жырындағы жастар санаы мен жыршилар санаы сол көртартпалық, падандық занда жарагастырып, қыстырып, қызықтырып жырламақ болады.

Жолға бағынған жақсы аға Төлеген, жорашыл жар Жібек, мұрашыл іні Сансызбай болып — бәрі де үйлес-

кен келісім көрсеткендей болады. Мұны осылай етіп жырлаушы ақындар халықтық сананың жоқшылары емес, ескілік ықпалынаң, үстем тап санасынан аса алмаған, қайта соны көп жастың сана-сезіміне нығайта орнатам деген жыршылар болып шығады.

Біз «Қыз Жібек» жырын зерттегендे осындайлық ескілікті, ескішіл нағымды айқын көрсететіп ерекшелігін ашық танытып отыруымыз керек. Шебер жырланған «Қыз Жібек» жырын ескі заманда болған ескі сана мен салтты өз бойынан айқын көрсететіп фольклор үлгісі деп тексеруіміз керек.

Төлегеннің бір жауы — Бекежан дедік. Адам жауыздығы айтылған жерде сол әлеуметтік дүниенің әділетсіздігі әшкерелепеді. Төлеген мен Жібек әңгімесінде дәүлет теңсіздігі бөгет болмайды. Ескі әдет, әйелдің теңсіздігі тұсау болады. Бекежан сол ескі әдettің несі, күзетшісі. Әдсій берілмеген. Бұл халде жогарыда айтылмаған композициялық терес түйіп, анық сыр бар. Сол себепті Төлегенниң астындағы көк жорғасы да жолдасты жауға бермейтін ұлы батыр аты емес. Қайта жау қамалап келгенде, ол басын жерге салып, Төлегенді жауға үстап береді. Сондықтан да ақын:

Мал опасыз деген сол,
Су ішіп әбден қанған соң,
Бір қарақыш астында,
Ойнақтай басып жонелді,—

деп, көк жорға атқа да калыстық мінез береді.

«Қыз Жібек» жырындағы ең басты кейіпкердің бірі — Жібек. Төлеген сияқты Жібек те өзгеше. Жібектің сипатын білу үшін Ақжайықтың түбегінен шығып, көшті бастап бара жатқан он үш қыз, бір бәйбішениң сәүлетеңе назар салу керек. Жыршының қызықтыра сипаттауда қарағанда, қызғалдақтай құлпырған сол қыздардың бәрі де олқы емес. Бірінің нұр сәулеті бетінде, бұралып кетіп барады, екіншісі «таң мезгілі болғанда, шолпанның туған жұлдызы, пейіштен шығып келмессе, бұл жалғанда хор қызы». Бірақ Төлегенниң аңсаған Жібегі ол емес. Келесі қыздардың сұлулыққа сай сән-салтанаты бар: үшінші көшті бастап «толған айдай толықсып, ак сазандай бұлықсып» бара жатқан қыздың жетегінде отыз түйе бар, «мұрындығы сары жez, бүйдасын ескең жібектен», «ак мандайы жарқылдал, танаңдай көзі жалтылдал», төртінші көшті бастап бара

жатқан қыздың салташаты бұдан да асып түседі: «он қызы иөкөр қасында, өзі он бес жасында: қазналы қырық нарға, жібектен арқан тарттырған». Ал, бесінші көштегі қыз, кілец алтын кигені; «алтын шыны кеседей екі көздін шарасы, туған айдай иілген, екі қастың арасы». Осылардың ішінен ең соңғы көшті бастап бара жатқан қыздың бақ-дәулеті тағы да үздік көрінеді. «Қара торқа кигені, қара жорға мінгелі, сексен түйе қомдаған, сексені де болмаған», сол түйелерге алтынды жағдан, аспаһани кілем артқан.

Сипатына қарасаң:
Ақ бетіндегі кіршіл жок,
Айдын көлдің күндиңдай,
Екі көзі жалтылдап,
Батырдың алтын туындиң,
Сәйлекен сезі мазалы,
Аб зәм-зәмнің суындаї
Аузыпаш шыққан лебізі
Сары алтынның буындаї.

Сүйіскен жастар жолындағы бөгеттер мен қыншылықтар — көп жырлардың негізгі арқауы. Онсыз сюжет, оқиға жок. Қоғам өмірі, күрес дүниесі, жақсылық пен жауыздық қашаннаң бақталас. «Қызы Жібек» жырындағы әр түрлі бөгеттер де осы тартыстың заңы мен қағидаларын терең дәллелдейді.

Бірақ ескі тұрмыстың әділетсіздігіне қарсы куресте Төлеген жалғыздық көргенмен, тыңдаушысының, халықтың бар ниеті арманда кеткен сонғашықтар жағында болып отырады. Сол себепті: Төлегеннің мерт болып өлген жері аса қайғылы болып шығады. Төлегеннің елінен бірге шыққан алты қазбен өлерде тілдесіп, қоштасуы, ата-ана, елі-жұрттына сәлем айттып, арызdasуы өте әсерлі, қалың шер болады. Ел-жұрттың, ата-анасының сүйгендігінің ғана белгісі емес, сонымен қатар, ғашық жарына қолы жетпей, опық жеген үміттің, арманда кеткен жүректің де зары. Ол зар Төлеген өлімін тым аянышты етеді:

Баратұғын жеріне
Жетпей кетті дегейсің,—

деп өксиді Төлеген.

Өлер жердегі Төлеген халін тыңдаушының есінде қатты әсерлі етіп қалдыру бар. Оң болмаған сапардың өкінішті ақыры осы демек. Осыландай сорға ұшыраған

Төлегенге жыршы әдейі тыңдаушының жанын ашыта жырлайды:

Батқан күймен қарайып,
Аһ дарига, құда деп,
Жұлдыз шыға Төлеген
Ақырет сапар жөнеді.

Бірақ, сонымен қатар, ақын өз тарапынаи айтқан толғауында:

Айтып-айтиай немене,
Сол секілді асылдар
Кебіні жоқ, көрі жоқ
Ит пен құсқа жем болып,
Мұрадына жете алмай,
Арманда болып кетіпті,—

деп, салқын сезімді қалыс қөңіл білдіреді.

Төлегеннің «аспаңда үшқан алты қаз» дейтін толғауы ел-жүртімен, өмірімен қоштасудың шерлі бір үлгісі. Қособаның көлінде алпыс қарақшы ортаға алғанда «батар күймен батайын, жастығымды ала жатаїни» деп соғыс ашса да, Төлегенге бұрынғы ұлы батырлар қайраты берілмеген.

Төлегенді көп көштен, көп сұлу қыздың қасынан өткізгенде жыршы аса шебер, психологиялық әдіс қолданды. Бір қыздан бір қыз асып түседі. Төлеген сыртынан қарап, әрқайсысын Жібек екен деп қалады. Жібек болмай шығады. Төлегеннің Жібекті көрсем деген ынтықтығы арта түседі. Ол Жібекке қызықтыру, құмарландырудың әдісі. Үдетпелі, өндімелі әдіс, психологиялық жағынан анық динамикалы мотив болады. Және Жібектің жақсылығын жеке сипаттап айтпай, өзге нелер сұлу қыздарды көрсетіп, солардың бәрінен де Жібек басқаша деу — салыстыра суреттеудің ерекше көркем, асыл тәсілі. Жібектің сұлулық пен салтанатын мына он үш қыздың тұсында айрықша айтпай-ақ, сөз қылмай-ақ жеткізіп болады. Сол әдіс арқылы Төлеген Жібекке жетпей-ақ, көрмей-ақ ғашық болады. Болмасына шарасы жоқ демек.

Осы он үш қыздың бәрінің салтанатын да, сұлулығын да ең соңғы екі жүз түйелі көшті бастап бара жатқан бәйбішениң салтанаты басып кетеді:

Аға Жұніс перідей,
Көркі раушандығы.

Картайса да ілгері,
Әлгі қыздың салдығы,
Нұрдай болып шайқалып,
Асылдай бол егіліп
Көшті тартып барады
Жібекті тапқан шешесі.

«Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» дейді жүрт мақалы. Жырши соны есте тұтады. Жібектей сұлу қыз туса тугандай бәйбішенің сойы осы еді демек. Сөйтіп, Жібек басқа қыздардан тек сұлулығы мен салтанаты жағынан ғана озбайды, ең қымбатты үлгілі анасымен де озады. Төлегеннің «ақылмен танып тұрған» Қыз Жібегі осы еді.

Төлеген көш жөнекей Қыз Жібектің күймесіне ки-ліккенде, қыз намыстапып жауап бермейді. Осы намыс-қойлықтың өзі де Жібектің өзгешелігін көрсетеді. Қыздан тауы шағылған Төлеген: «Қыз түгіл өз елімде еркек қорыққан қайран басым, бұл жерде бекер болды» деп ызалаңады. Және Жібектің «сұлулығынан мін таба алмай, кесір екесін» деп мін тағады.

Бүйте берме, Жібек-жан,
Кесірің жүртқа тимесін,—

дейді. Бұл екі асылдың намыс таластырған, бақ сыйнас-қан, ең алғашқы психологиялық айқасы, қағысуы бо-латын. Төлегеннің «кесірлі екенсің» деген сөзіне Жібек:

Ағыным судай агады,
Халқым малдай бағады
Жүртүм қойдай қағады,—

деп, өзінің бір елдің еркесі екенін білдіреді. Ол бүкіл Шекті еліне жаққан қыз. Төлегеннің: «Қайдан білдін, Жібек-ау, іздеп келген Төлеген, мал беріп сені алма-сын» — деген ірілігіне сай Жібек те ірілік көрсетеді:

Келсең кел шындаң қасыма,
Шай мамығым басыңа
Келмесең әрмен кете бер
Бар, дамбалым басыңа,—

дейді.

Жібектің мұнысы тек бас асаулық, паңдық емес, бұрынғы ескілікті жырларда келетін натуралық тур-мен, тілмен айтылса да бұнда өзін қымбат тұту бар. «Мен де өзіңдей асылмын, танысаң кел, танымасаң не жүріс» деген. Алғашқы осы қағыс, намыс таласы Төле-

геннің ынтықтығын мүлде күшейтеді. Тәкаппар қыз Төлегенге қол жеткісіз биік асқар сияқты болып көрінеді. Сөйтіп, намыс түбі махаббат болып ауысады,

Ұзамай-ақ асасу қыздың өзі де махаббаттың тұтқыны болады. Бұрын қызды көруге Төлеген асық болса, енді Төлегенді көруге қыз асық.

Атқан оқтай жылышып,
Ор қояидай ығысып,
Гашық жарын көрмекке
Шаһзада Қызы Жібек
Жалт-жұлт етіп келеді...
Бір көрмекке ынтық болп,
Төлеген мырза шоныкты.

Осы жердегі Төлегениң мен-мендік назы да, шын сүйіскең көнілдерге жарасқан мінез болып суреттеледі. Оның мәнісі өзінің қызғанышты махаббатын білдіру.

Жібек үй-ішіндегі тірліктің шын үйтқысы, салтқа да, ерге де опалы әйелдің сойы болып көрсетілмек. Төлеген еліне жүрерде ол жайсыз тұс көріп, жарын қимай қалады. Төлегенді сегіз жылға дейін сарғайып, шыдан, опалы жесір болып күтеді. Төлегенді өлтірген соң Бекежан той қылып, Жібекті күшпен алмақ болады. Бекежан Төлегениң өлгенін айтыспен естірмек болып: «Кеткелі жаман жарын көп жыл болды, хабары сол жездемнің бар ма, Жібек?» дегенде: «Артымда жеткеншегім жас деуші еді, қарайлап сүм дүниеге жүрген шығар» деп, жаңағы салтқа берік бағынған көnlін өзгертпейді, үмітін үзбейді.

Бекежаниң естіртуі — Жібек басындағы ендігі трагедияның түйіні... Бұл хабар біреудің куаныш тойын адыра талқан етіп, Жібекті қаралы күйге салады.

Бекежаның бұл сөзі
Мұцлы болған Жібектің
Өкпесінен ұрады
Өксіп, өксіп жылады,
Фашық болсаң сондай бол,
Ан дарига, құда деп,
Етбетінен құлады.

Бұл кезде бақытты, балғын өскен Жібек енді бақытсыз, қаралы жан болады. Қаралы жесір болып отырады. «Жайықтың сұы ылай-ай, көр болды көзім жылай-ай» дейтін жоқтаулар сол қаралы қайғыны танытады.

Бұл жоқтау Төлеген, Жібек әңгімесінің енді екінші оқиғаға аудысар алдындағы шешуіне айналады. Жібек, өзге ғашықтық жырлардағыдай жар артынан өлмек емес. Қара тұтып, шыдап отырып, өзін енді кеп алатын әмеңгеріне, Төлегеннің тілегін орындал, тимекші. Салттан туған жыр осы санаға Жібекті бағындырады да, енді сол жолда берік жесір етіп, үлгілі жеңге етіп шығармақ мұддесіне аудасады. Бірақ Қызы Жібектің бақытсыздығы жалғыз ғана Төлегеннің өлімімен тынған жоқ, қайы үстіне қайғы болып жабысқан пәле Корен қалмақтың зорлап аламын деуі болатын. Бұл пәлелер Жібек басына қат-қабатынан бекер орнап отырған жоқ. Бұлар қазақ ауылында бүрін әйелдің әлеуметтік ахуалының тым ауыр, қайғылы болғанын білдіреді. Рушылдық-феодалдық қогамның ішкі әдет-ғурып қайшылығына келгенде Жібек өзінің сүйегінде қолы жетпей, сокқыны бір жесе, одан жаман қинауды сыртқы қыншылықтан көреді. Қоғамның ішкі құрылышы әйел үшін ол заманда қаншама қапас, қатал, тілсіз жау болса, сыртқы жауға келгенде де іргелі елдік көрсетпейді. Шекті елінде қалмақтарға қарсы тұрарлық күш болмайды.. Сондықтан, осы шарасыздық отына тағы да қазақ әйелі, корғансыз Қызы Жібек күйетін болады. Бұл жағынан карағанда, Жібектің Жағалбайлы елін жоқтап жылауы жалғыз ғана Сансызбайға ынтызарлық емес, Шектінің «от басына балпаң, сыртқа жалтаң» қайратсыздығын, нашарлығын біліп, шерлену болады.. Қызы Жібек ескі салттың әділет-сіздігіне төзбейді. Сондықтан, қалмақ қоршауында қалған панасыз Жібек — батыр Сансызбайды асығып күтеді. Жағалбайлы елінің аты ендігі Жібек үшін медеу, қуат дүниесі сияқты көрінеді.

Салтқа бойсұнған Жібек тек өз басының махаббатын қорғайтын әйел ғана емес, басын күн туғанда елінің де, өз басының ар-намысын жоқтаған әйел болып суреттеледі. Қызы:

Осы қалмақ алып-ак
Құртама менің мысымды,—

Деп арланады. Кореннің Сандалкөгіне мініп, жеңгесінен сәүкелесін сұрап қоштасқанда:

Басында Жібек атанип,
Кәлпірге қатын болғаны.

Есіткен жұртқа мәлім ет,
Ақ сүтін кисын анамыз.
Разы болсын атамыз,
Ел-жұртқа дүғай сәлем де,—

дейді.

Жібектің беріктік сипаты, ерлік намысы осындай. Ишкі қайшылықтарға келгенде, Жібек сүйгенінен айрылған бақытсызы жас, қаралы ғашық, сыртқы қыншылықта келгенде, ол қашама бақытсыздық көрсе де, ауырмалдықта қайсарлық, қарсылық көрсетеді. Төлеген тұсында еркін, уайымсыз ескен Жібек, Сансызбай тұсында жауынгер, ақылгөй әйел болып, қайнысына қайрат, серік болып сипатталады.

Жау көрмеген жас Сансызбай Қорен қалмақтың жолын тосып қалғанда, Жібек бір төбенің басына келіп, аттан түсіп, Сандалкөктің шылбырын мойнына орап, өзін Сансызбайдың жолына құрбандық айтады.

Жібектің жақсы сипаттарының бірі — тапқырлық, шешендік Қорені ол өзінің ақылдылығы, шешендігімен үршықтай ойнатады. Сандалкөкті алуға келе жатқан Қоренге Жібек: «Ай тақсыр, неше атаңнан бері хансың» деп сұрайды. Қорен: «Жеті атамнан бері ханмын» дейді. Сонда Жібек: «Сен хан болмай жерге кір, шын хан болсаң қойши-қоймаж сияқтанып осылай жүргенің өзіне ар емес пе»— деп алдап, ілгері жібереді. Міне, осындай айлашыл, тапқыр, шешен Қызы Жібек атқа мініп алған соң: «Атаңа нәлет, хан Қорен, мұнда жок сенің тең-парың»,— деп, бел көрсетсе, онысы әбден орынды сияқты. Қын-қыстай күндерде Жібектен үлкен қайсар, қайрат шыға алады.

Жібектің жаудан құтылып шығуына Сандалкөкті олжалап алуы себеп болады.. Бұл олжа — жеңістің олжасы. Сандалкөк Жібектің қолына түскең соң игілікке қызмет істейді.

Төлегеннің мұрагері — Сансызбай. Бірақ Сансызбай — Төлегеннен басқарақ адам. Төлеген жасынан сері жігіт болса, Сансызбай сауыт киіп, садақ асынған, жаратып ат мінген батыр жігіт болып тәрбиленеді. Төлеген Жайыққа жүретін екінші сапарында інісіне:

Алтын балдақ ақ семсер
Саған арнап соктырып,
Салдышып қойдым қынапқа,
Аш беліңе ілгейсің.

Тоғыз қабат кек сауыт,
Будырып кеттім кілемге,
Оны үстіце кігейсің,—

дейді. Сол қоштасудың тағы бір жерінде:

Кек бұрыл тұлшар бар,
Былтыр құшан, биыл тай,
Мінетұғын бас атың,
Қарағым, саған сайма-сай,—

деп, Сансызбайдың жауға мінетін атына шейін болжан береді.

Сансызбай жақ тартқанда, оның жебесі:

Тоғыз қабат көбеден
Зырлауменеп етеді.
Бір төбеге жетеді,
Үй орныңдай бір жерді,
Тәңкере тастап кетеді.

Сансызбайдың батырлық кескіні осындай. Бұл Төлегендей емес. Жыршының мұны қостайтын санағы бойынша Сансызбай ата батасын алғып аттанады. Мұның жолын болдыру шарт. Сондықтан, оған ерекше артықша сипаттар беріледі. Жырда Сансызбай мен Жібек арасында да келелі маҳаббат бар. Солай болуға керек деп ұғындырады. Әменгерлікті айыпсыз ету үшін солай әңгімелуе жыршының мұддесі. Сондықтан «Қызы Жібек» жырында үш адамның маҳаббаты бір қосылған. Жібек Төлегенді қаңдай сүйсе, жыр Сансызбайды да сондай сүйгізіп, үлгілі жеңге етеді. «Әйел ерден кетсе де, елдең кетпейді» дейтін рушылдық салт бойынша Жібек өзінің бұрынғы қайын жүрттын табады. Олай болатыны — ердің мұлқіне оның елі мұрагер. Әменгерлік-жесірлік жолы қазактың бұрынғы тұрмыс ерекшілігінен осындай көп қайшылық, ерсілікті көрсететін оқиғаны туғызады.

«Қызы Жібек» дастанындағы ұпамсыз, қиянатшыл адам — Бекежан мен Корен. Мұның екеуі де сүйіскен жастандардың бас азаттығына ара тұрады. Бірақ мінез-құлқы, жаратылысы жағынан бұл екеуі бір-біріне үқсамайды. Корен — бөтеп жүрттап шыққан жау, Бекежан — іштен шыққан жау. Корен жау да болса мәмлеке тұрады, ерлерге біткен аңғалдығы мен мәрттігі бар. Бекежанда бұл жоқ. Бекежан пасық, зұлым, қаупіті жау. Рас, Бекежан да Қызы Жібекке сыртынан ынтық.

Бірақ ғашықтықпен сүйген кісі емес, тек қызығушы және бөтенге бермеймін дең, жалған, қалыс жоқтаушы, зорлықшыл. Оның үстіне өзі ұры-қарақшы, сотқар. Жібекке сай емес. Ол өзінің мақсатына адал ерлік, шын махабbat жолымен жетпейді, арамдық, қиянат, зорлық жолымен жетпек болады. Жібек оны сүймейді, осыдан келіп, Бекежан зұлымдығы асқындай түседі. Бекежан өзімшіл бақталастыққа ауысады. Жырда Бекежанның осы мінездері шебер суреттеледі, жауыздық еткен Бекежанды Жібек:

Атана иәлет қарақшы,
Құдайым сені қарғасын,
Қатын-балан зарласын,
Басыңа қын іс түссе,
Қасыңа досың бармасын,—

деп қарғайды.

Бұл тек Жібектің өз басының ғана қарғысы емес, жыршының қарғысы.

Корен бұлай емес, батыр адам. Сансызбайдың артынан күып жеткенде, Корен оған: «Менің атым хан Корен, неден үміт қыласың деп, бірден күш айтады, оның үстіне келген жерден ақырып Сансызбайды жекпеп-жекке, күшпен бақ сынауға шақырады. Бұл ердің дәстүрі. Корен Сансызбайдан ер кезегін бұрын сұрап алады. Бірақ артынан өзі де кезек беріп, ажалға қарсы қарап тұрады. Корен өлімге бар, ерлік жолын қорлауға жок. Бекежанның аярлығы мен екіжүзділігі онда жок. Бір өзі екі тұлпар мінген Корен қалмақтың асқан батыры болып суреттеледі. Жыр мұның тұсында Сансызбайдың батырлығын үлғайта суреттеу үшін жауын мықты, балғын етіп, бірталай жерге шейін оны обьективтік түрде зорайтып көрсетеді.

Рас, оның мінезі үрт, ожар, содырлы. Беттеген ісінен қайтпайды. Бірақ қаншама ожар болғанмен, Корен жол білмейтін тентек емес. Қаршыға: «Айып өзіңізден, әйелге тұлпар бергенсіз, алып қашып кеткен-ді» дегенде, Корен сөзден ұтылады. Сөзге тоқтайды. Дегенмен, Корениң де зұлымдығы азғантай емес. Ол Шекті елінің намысын қорлап, Жібекті зорлап алмақ болады. Сондықтан, жыршылар, оны көп жерде, шындап келгенде, топас, акмақ адам етіп суреттейді:

Иә, пірім-ау, иә пірім,
Сандалкөкті жүгіртер.

Кыз Жібек менің қатыным,
Айналайып Жібек-ау,
Ақырын шапшы, ақырын,—

дегені Коренді мазақтау, кекету.

Жырдың негізгі кейіпкерлері осылар.

«Кыз Жібек» дастанының тілі бай, композициясы тыңдаушыны қызықтырып отырарлық болып шебер құрылған. Жырдағы адамдардың мінезінен, әрекетінен көшпелі түрмистың шаруашылық, көп әдет-ғұрпын, түрлі нағымдарын көресіз. Бұл мотивтер жырдың сюжетіне ның байланысты болып келіп, тартыс оқиғаларын көп өрнек, кестелермен түрлендіріп отырады. Адамдар арасындағы халдер де көп салалы болып, әр алуан бейнелерді жолай кейіптей кетіп отырады.

Күншіл Бекежан, зорлықшыл Корен қарсысында сүйіспеншілік жоқшысы болған Төлеген мен Жібек, Сансызбай мен Шеге, Қаршыға мен Сырлыбай, тәкаппар Базарбай мен жаны ашыр қыз жеңгесі, рулы ел, көп жұрт болып суреттеледі. Осы адамдар мұddeлери, күрестері арқылы жыр еткендегі өмірдің ішкі жарасын, да, сыртқы жарасын да барлық ескілікті жинақтап көрсетеді.

«Кыз Жібек» дастаны қазақтың өткендегі көшпелі түрмисының да мол айнасы сияқты. Одан көшпелі елдің шұбырып көшкен көп суреті, тігілген шатыр, жапан кезген жалғыз атты жолаушылардың суреті, сияқты көп ескілікті көріністер танылады.

Жырда оқиғаны айтып берудің үш түрлі әдісі арасында жүреді. Олар хикаялау, сипаттау, сөйлету. Жырдың өлең жағында хикаялау аз кездеседі. Бұлар жырдың аяғында кейбір монологтар үстінде, ақынның түсінік сөзі ретінде келеді. Хикаяларға байланысты сөздерді ақын үнемі қарасөз жағына аударып жіберген. Жырда сипаттау әдістері де бірсызыра орын алады. Көштің сәүлеті, Жібектің сұлулығы, оның отауға барғандағы келбеті, көк жорға аттың шабысы, Корепшің «жөнеді қалмак, жөнеді» деген жердегі кейіпі, Жібек астындағы Сандалқөктің шабысы, міне бұлар әрі оқиғаны айту, әрі сипаттау болады. Негізінде сипаттау жағы басым. Мұндай сипаттау әдісі оқиғаны әсерлі, жанды етіп отырады. Сипаттаудың қаншалықты әсерлі болып жасалғанына бірнеше мысал келті-

рейік: Жібектің атының шабысын суреттегенде ақын:

Табан жолмен тартысып,
Ауыздықиен алдысын,
Екі колы қарысын,
Үшқан күспен жарысып,
Маялдай мойнын созады,
Тарта-тарта Жібектің
Алаканы тозады.
Томаша жерден сырғытып,
Ойлау жерден ырғытып,
Әні-мінің дегеніше,
Үйтқып, заулап келеді,—

дейді.

Бұдан жалғыз Сандалкөктің шабысы ғана емес, Жібектің қуанышы да көзге қабат елестеп бара жатқан сияқты. Корениң шабысы бұдан да гөрі тамаша, жанды болып жасалған:

Жөнеді, қалмак, жөнеді,
Шекібір үрып келеді.
Кек қабыландаі арсылдал,
Тебінгісі тарсылдал,
Құйықапы сартылдал,
Сауырдан акқан ақ көбік,
Омырауда былышылдал,
Шу десс қалмак дауысы,
Тұлек құстай шаңылдал,
Қәпір қалмақ жөнеді,
Қаһарланып келеді,—

дегенде, қалмақтың суреті тыңдаушының көз алдына дәлме-дәл елестеп тұрады. Жырдағы сипаттаудың бір шебері Қекжорға аттың шабысынан, не болмаса, Жібектің жүрісінен сол қаһарманның сыртқы кескіні де, ішкі дүниесі де бірдей көрінуінде, Жібектің отауға бара жатқан сипатын ақын былай суреттейді:

Жібектің жайын сұрасаң,
Лысып туған аиадаң,
Шаһзада кісі еді,
Кісі бойы кереует
Алтып тақтың үстінен
Кояндай қарғып түседі.
Ақ маңдайы жарқылдал,
Танадай көзі жалтылдал,
Алтынды кебіс сартылдал,
Жүйрік аттай ойқастап,
Кұнан қойдай бой тастап,
Қалмаймын деп үялып,

Жан-жагына байқастап,
Кер маралдай керіліп,
Сары майдай еріліп
Тәңірі берген екі аяқ,
Бір басарға ерініп,
Үйден шыкты Қыз Жібек
Көрінген көзге дүниенің
Баршасынан жерініп.

не болмаса:

Атқап оқтай жылсып,
Ор кояндай ығысып.
Қылаң етіп, қылт етіп,
Сылан әтіп, сылт етіп,
Мықындары былқылдаپ
Тау сұнындау сымылдаپ,
Сұмбіледей жылтылдаپ,
Бұындары былқылдаپ,
Айдынды туғаш Қыз Жібек
Отауға қарап женеді.

Асыға басқан, жарын көруге ынтаzar болған Жібек тыңдаушының дәл көз алдында кетіп бара жатқандай. Бірақ ақынның қолданатын суреттеу әдісі жалғыз сипаттау емес, ол кезінде сөйлету әдісін де қолданады. Әрбір адамның өзін сөйледеді. Сөйлету арқылы олардың ішкі дүниесін, күлкі, куаныш-қайғысын эсерлі етіп береді. Қоштасу, естірту, арыздасу, қорғау, тілек, бата, күш таластыру, тұс көру, оның жоруы, көніл айтуда, өтініш, айтыс сияқты неше алуан көніл жайымен өлеңді көрнектер өздерінің салт жырларында келетіп түр-түрімен осы сөйлету түсінда көрінеді. Бұл, жырдың мазмұнын кеңейтіп, көнілге қонымды етіп шығарған. Монологтың көпшілігі қаратпа сөз қолдану арқылы беріледі:

Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
Мінезің еді өзгеше-ау!
Төлегенге барып кел,
Тілімді алса журмесін,—

дегендегі — «ау жеңеше-ау» дейтін арнау сөздер Жібек-тің қимастық сезімін білдіреді. Не болмаса:

Құдіреті күшті құдая,
Алыстан жарға ғашық қып,
Әуреге салдың басымды,—

деген жердегі құдайға жалбарыну:

Эуелеп үшқан алты қаз,
Етің шекер, сорпаң баз:

Копар болсаң жануар,
Міне майдан, міне саз!—

дайтін қаратпалар Төлегеннің ауыр қасіретті сезімдерін сипаттайды. Мұндай өлең өрнектері көп қолданылады.

Артық түған кекешім,
Бұл дүниеден кетіпсін.
Ол дүниеге жетіпсін,
Мен мұсәпір інінді,
Қасыретке тастап кетіпсін,—

дайтін қаратпа сөз де сол жайды білдіреді. Шеге Сансызбайға көңіл айтқаңда да:

Айналайын Сансызбай,
Қөлге біткен құрағым,—
Суырылып озған пырағым,—

деп бастайды.

Мұндай қаратпа арнаулар бұл жырда көбіне мұнды сезімдерді білдіреді. Кейде, қарғыс түріндегі қаратпа монологтар да ұшырайды:

Атаңа нәлет Бекежан,
Қөрсетпе маған түсінді,
Бітіріпсің ісінді,—

деп қарғайды Жібек Бекежанды. «Айналайын Шеге аға» деген сөз достықты білдірсе, «Атаңа нәлет Бекежан» дайтін сөздер дұшпанға атылған оқтай тиеді.

Сөйлетудің бір қысқа түрі — айтыс. Жырда айтыс төрт жерде келеді. Мұның бәрі де қара өлеңмен айтылады. Бірақ мазмұны, қызметі жағынан бұл айтыстар бір-біrine ұқсамайды. Алғашқы айтыс Қаршығаның шатырдағы Жағалбайлы жігіттерімен тілдесуіне арналған. Бұл — қуанышты хабарды білдірген айтыс. Екінші жолы айтыс Төлегениң Сырлыбайға жолыққан жерінде қолданылады. Мұнда айтыс құда түсу ниетін білдіреді. Ұшінші жолы айтыс түрін Бекежан қолданып, Төлегеннің өлгенін естіртеді. Бұл қаралы естірту. Төртінші жолы айтыс Шеге мен Жібек арасында жүреді. Бұл да қуанышты хабарды білдірген. Ақын айтыс түрінің өзімен неше алуан сыр береді.

Жырда ырым-жырым, түс көру сияқты сезімдерге де мән берілген. Жібек екі түс көреді. Бірі — Төлегениң өлімін болжаса, скіншісі — Сансызбайдың қалмақтарды жеңетінін күн бұрын болжап береді.

Ақын табиғат суреттерін де белгілі бір сезімге, іске

айғақ стіп пайдаланған. Төлеген Жібектің көшіне күн шыға ілесіп, Жібекпен Жиренбай отауында, талма-талтұс шағында жолығады. Бұл кез, әлемнің күн нұрына мейлінше бөленген жарқын кезі. Бұл бақыт қуып, өрге басып бара жатқан екі ғашық сезімдеріне де ортақ болып тұр. Ал енді Төлеген Қособаның түбінде күн бата аттан құлап, қас қарай жан тапсырады. Бұл әлемге қараңғылық орнаған кез. Қара түн Төлегеннің арманда өлген қасіретіне ортақ болғандай.

Дастаиниң ең құнды жағының өзі оның тілінің таза, бай, көркем болып жасалуында. Сан-алуан әсірелеу, көріктеу ұқсатулардан басқа кейбір жеке-жеке сөздердің шеберлілігі де сұлу, жатық. «Ай қараңғы кешесі, айдың өткен иешесі» дейтін сөз кестесінің көркемдігі бұған дәлел бола алады. Жырда мұндай образды сөз кестесі өте көп. «Асуда асу бел дейді, аса бір соққан жел жейді» дейтін сөз шумақтары да сыртынан қарағанда әншайін ғана бір сөз үйқасы сияқты. Дұрысында олай емес, бұл сөздер жырда үш рет қолданылған. Алғаш оны Төлегенді іздең барған жерінде Қаршыға қолданады. Екінші жолы мұны тағы да Қаршыға Төлегенді Жиренбайдың отауына апаратын жерде айтады. Үшінші жолы — Жібек Сандалқөктің үстінде тұрып жеңгесіне қоштасқан сөзінде айтады. Мұның ушеуінде де «Асу да асу бел деді» дейтін сөздер не алыстан келген қуаныш хабар, не бақытты жолығыс, не оң сапардың сыртынан хабар береді. «Ау жеңеше-ау, жеңеше-ау» дейтін сөздердің де белгілі мәні, орны бар. Ол не қауіп, не қимастық сезімдерін бастайды. «Басыр, басыр, басырды, акқа қулпы жасылды» дейтін сөз кестесі көп қыздың ішінде Жібектің «акқа қулпы» болып өзгеше артық туған жан екенін айтудың үшін тұр.

Ақын сипаттауға келгенде көріктеу, ұқсатулардан гері теңеу сөздерді молырақ қолданады. Адам келбетін көбіне теңеумен жасайды. Теңеудің жұбы ретінде алынатын сөздер — ай, күн, жұлдыз, алтын, гауһар, тана (тас), хор пырақ, акша қар, ақ тауықтың қаны, сары алтынның буы, сымға тартқан күміс, орқоян, құнанқой, пейістен соққан самал тәрізділер. Теңеулері өте қонымды көркем келеді:

Қыз Жібектің дидары
Наурыздың акша карындағай.

Ақ бетінің қызылы
Ақ тауыктың қанындай.
Екі беттің ажары
Жазғы түскен сағымдай.
Білегінің мұсіні
Айбалтаның сабындаі.

Бұлар айналадағы табиғат көріштерінен алынған үгымды, жатық теңеулер. Қазақтың шаруашылық тіршілігінің негізі төрт түлік малға байланысты теңеулері де көп:

Халқым койдай қағады,
Жұртым малдай бағады,—

дейтін теңеулер бақташылық өмірінен алынған. Қой бағу, мал күту қазақ үшін өте сүйікті, абройлы іс болған. Сондықтан Жібек Шектілердің өзіне деген махаббатын осындаі түрлі теңеулермен білдіреді.

Қоштасу, қимастық, көңіл айту, оң бата сияқты монологтарда ұқсату (метафора) көбірек келеді. Ондай жерде ақын теңеу қолданбайды. Алты қазға айтқан сөзінде Телеген:

Қанатымда қияғым,
Табанымда түяғым,—

деп келеді. Сипаттауларды теңеумен берсе, ауыр сезімдерді ақыл ұқсатулар арқылы суреттейді.

Көлге біткен құрагым,
Сурылып озған пырағым,—

дегенде де солай.

Көкжорға мен Сандалкөктің шабысын суреттегенде, Сансызбай мен Корениң ұрысын, көштің сәүлетін айтқанда ақын әсірелеу қолданады. Мысалы, Сансызбайдың атқан жебесі Коренді құлатып, одан өтіп, үй орнындаі бір төбені аударып тастанады. Аттар шапқанда ұшқан құсқа жетеді. Бұл жерлері батырлар жырындағы үлгілер. Соны ақын дұрыс қолдана білген. Кейде ақын кішірейту түріндегі сөздерді өте орынды қолданады:

Дария шалқар көліміз,
Жер болып қалған суалып,—

дейтін сөздер Сансызбайдың суалған көцліп білдіреді. Сонымен, ақын көріктеу, теңеу, ұқсату, әсірелеу

сияқты көркем сөздерді қалай болса солай орынсыз қолданбайды. Әрқайсының тиісті орнын табады. Беталды теңеу күшп, эпитет ауламайды.

«Қыз Жібек» жырының тілі, өлеңдігі көркем, ажарлы болып шығатын себебі осындай пақыстардан туады. Өлециңің үйқастары да, дыбыстық құрылышы да жатық, үндесіп келеді.

Асу да асу бел деді,
Аса бір соққан жел дәді,—

дегендегі а-а, с-с, е-е сияқты ішкі дыбыс үндестіктері күшті. «Қыз Жібек» дастаны батырлар жырынша жеті буынды жырмен жырланған. Үйқасы екі-үш жол аралап, еркін келіп, ерікті үйқас болып отырады, көп жерде жырдың үйқасы тек сыртқы жағынан ғана емес, көбіне ішкі жағында болады.

Жырда қоштасу, естірту, жоқтау, арыздасу сияқты өлеңдері көп: осының бәрі жырдың лирикалық қуатын күшейткен. Оқиғаның қызықтылығы мен лиризм бүл жырдың мазмұн, композициясын көркейтеді.

АЙТЫС ӨЛЕҢДЕРІ

Айтыс өлеңдері қазак ауыз әдебиетіндегі ең мол жанрдың бірі. «Айтыс» деген атауы — айтысу, тартысу, дауласу немесе жарысу, сынасу мағнасында қолданылады. Бұрын үлкенді-кішілі даулар кезінде шешендер айтысы болған. Ақындар айтысы өлеңмен айтыс. Анығында өлең жарысы, өнер жарысы есебінде қолданылады. Біздің тексеретініміз сол ақындар айтысы.

Ақындар айтысы — көпшілік алдында, тындаушы, сынши жүрттың көз алдында туып, орындалады. Әнменең не әр ақынның ариаулы сарынымен: қобызға, домбыраға, гармоňға қосылып айтылады. Ақындардың солайша кезектесіп, жаупасатын сурып салма өлеңдері, екі жақты айтыс болады. Мұнда тындаушы жүрт құр естіп қана қоюшы емес. Ол бір жағынан, айтысушылардың сөздерін сындаушы, қорытушы болып отырады. Ақындардың бірі жеңіп, бірнің жеңілгепіне төрелік айтуды да сол жиынның өзі болады.

Тыңдаушы жұрт-жиын, айтысушы ақындардың әншілік, домбырашылық, жарыс-керісін, орындаушылық өнерлерін де бақылап, бағалайды. Сонымен қатар бұрын айтылмаған өлец өнердің сол арада, өздерінің көз алдында, жана туып отырған тың туысын да бақылап аңдайды. Жарысқа түсуші ақындар тапқырлықпен, өнерпаздықпен кезек шабуыл жасап қақтығысулары арқылы тыңдаушыларын әр алуан дәрежеде қызықтырып, еліктіріп, неше түрлі құбылыс қүйлерге салып отырады. Оның үстіне көбінесе тыңдаушы жұрт екі жақ болып екі ақынның туысы, тілеулесі, жақын ортасы болады. Сондықтан тартыс, талас тек екі ақын арасында гана емес, бәсеке тілеулестік екі жарылган жиында да болады.

Бұл жай айтысушы ақындарды, үлкен жиын топта, сайысқа шығарған батырлардай, күреске түсірген балуандардай, бәйгіге қосқан аттардай бәсеке, жарыс қызының араластырады. Осы айтылған ерекшеліктердің барлығы, ақындар айтысын тыңдаушы көпшілік үшін әр кезде театрлық, драмалық аса қызу әсері бар өнер түріне айналдырады. Анығында ақындар айтысының негізінде, өзгеше жанрлық бітім мазмұнында, қолдану дәстүрінде, қазактың халықтық театрлық өнерінің мол белгілері бар. Халық театрының анық, дәл үрғы бар деуге болады.

Қазақ фольклорында айтыс жанры есте жоқ ескі замандардан бері қарай созылып келген. Халық сүйген жанр болғандықтан, көпшілік мол қолданғандықтан бұл жанр Октябрь революциясынан кейін де Советтік Қазақстанда кең өріс алып, мол жайылумен келеді. Ең ескі айтыс түрлері қазақ фольклорында топ-топ болып, өзінше хормен айтылатын ескі салт өлеңдерінен басталып, содан бері келе жеке ақындар айтысына өрістеп, ауысқан тәрізді. Мезгілінде жазылып қалмағандықтан қазір біз XVI—XVII—XVIII ғасырлардың ақындар айтысын білмейміз, деректер жоқ. Бірак, сол ғасырларда да айтыстың мол болуы даусыз.

Жалпы бұл жанр жөнінде келешекте болатын көлемді, ариналы зерттеулерде сол ескі дәүірлердегі айтыс ақындарының болсын және бергі белгілі, азды-көпті дерек бар, аттары анықталған, сакталған айтыс жанрлары бар ақындар жөнінде болсын істелетін ғылымдық үлкен істер бар. Ол, сол ақындардың өмірбаянын және қолдан келгенше, барлық айтыстарының туған жылдарын, орын-

дарын, жағдайларын түгел мәлім ететін материалдар жиналышп, жариялануы шарт. Соңда айтыс жанрының көп қазнасы, зерттеуші үшін мол материалы толық құралған болады.

XVIII ғасырдың соңғы жарымынан бастап, XIX—XX ғасырдағы айтыстар және совет дәүіріндегі айтыстар жазылып алынған түрлерінің, үлгілерінің өздеріне қарағанда да қазақ фольклорының мол саласының бірі осы жанр екендігін танытады.

Шынында Жанақ, Сүйінбай, Шөже, Тұбек, Майкөт, Қабан Құлмамбет, Жамбыл сияқты талай елдерге атақтары жайылған ақындарды алсақ, солардың өмір бойы қолданған негізгі ақындық жанры, көбінесе айтыс екенін білеміз. Бұлар ұзак өмір жасаған ақындар болумен қатар, барлығы да айтысқа ерте араласып, 15—16 жастарынан ақындық өнерлерін бастайды. Олардың ел жадында сақталып қалған ірі айтыстарынан басқа, әрбір қынаменде ойны-сауық, айт пен тойда, ас, мерекеде, түстас ақынмен, жас-желең, қыз-келіншектермен қағысып айтқан үлкенді-кішілі, әзіл-күлкілі айтыстарында сан жок. Сол айтыстардың бәрінде шын ақындар бір айтқаның қайталаған емес. Жаттандыны айтпаған болса тек қана бір Шөже, Сүйінбай, Жанақтар өмірінде қаншалық ұшан-теңіз, сурып-салма өлеңдер туғанын мөлшерлеу қын емес. Бұл атақты ақындар жайындағы сез. Ал айтыс жыры; батырлар дастаны немесе ғашықтық жыры сияқты некен-саяқ, дастаншы жыршылар айтатын түр емес. Қөвшілік: кәрі-жас, ерек, әйел, ойын-сауық үстінде түгел қолданылатын, жалпылық жанр. Олай болса сан жеткісіз атсыз ақындар, айтысуышылар кезінде туғызып кеткен, бірақ хатқа түспей қалған айтыс өлеңдердің саны, қолемі қаншалық мол болғанын, ұшап-теңіз өлеңдер тудырғанын болжай қын емес.

Өткен ғасырдың орта кездеріне шейін, жалпы мөлшерге қарағанда, айтыс өлеңі бүгінгі Қазақстан өлкесінің барлық облыстарында да жалпылық түр болғаны байқалады. Бірақ бертіп келе XIX ғасырдың аяқ кезінен XX ғасыр ішінде, айтыстың жалпылық түрі Қазақстаниң көп жерлеріндегі саябыrlайды. Бертін кездегі қалың айтыс мол күйінде, қөвшілік жаңры есебінде, тек бұрынғы Ұлы жұз атаиған елде, көзіргі Алматы облысы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарындаған қаймағы бұзылмай қалың күйде сақталады. Ал,

Советтік Социалистік Қазақстанда жалпы халық өнсіріне, халық ақындарының халықтық қадірі бар жырларына совет дәуірінде баға берілгендейдіken, совет фольклоры жаңадан жаңғырды. Асыл, алтын дәуіріне жаңа жеткендіктен, соңғы он жылдар ішінде айтыс жанры қайтадан кеңейіп, өріс алды. Барлық Қазақстанға енді тындан қызықты жаңр болып жайылып отыр.

Сол бұрынғы ескі айтыстар мен бүгінгі советтік дәуірдің колхозды ауылында туып, тарап жатқан жаңа айтыс өлеңдерін тағы еске алып қарасақ, айтыс өлеңдері бұрынғыдан да молайып, ұшан-теңіз болғанын білеміз.

Бұл сияқты халық бойындағы ақындық қуатты күнделік сарапқа салып, кең, ұлгілі өрнек жайып отыратын жанр — фольклор көлемінде ең қадірлі жаңрдың бірі.

Айтыс жанры ерте замандарда бір қазақ емес, дүниене жүзіндегі көп елдердің тарихында болған. Бүгінгі күнде айтыс Совет Одағында, нақтылы ақындар айтысы түрінде үш елде бар. Ол, қазақ, қыргыз, қарақалпақ елдері. Ерте дәуірлерде айтыс осы елдердегі кәзіргі дәстүрдей Шығыс, Батыстың көп елдерінде болған. Мысалы, арабта жәрменкелерге жиылған ақындардың айтысқан жарыс өлеңдері қағазға жазылып, көшілік оқуына, сынауына қолайлы етіп, жәрменке ортасына ілініп қойылатын болған. Ол айтыс өлеңдерін арабтар, мұғаллакат деген. Сол алуандас айтыс өлең Батыс Европаның орта ғасырында: келттерде — фильттер деген ақындарды туғызған. Терістік Францияда труверлер, орталық Европадағы мейстерзингерлер және Скандинавия елдерінде болған «әдалаларды» жырлайтын скальділер — бәрі де айтыска жүйрік ақындар. Олардың өз өмірінде бірімен-бірі жиңі айтысып жүретін болған. Орыс халқының ескілігінде, әрі құлдіргі артистер қызметін атқаратын, әрі ақын-скоморохтар өнері де сол айтыстың талай ұлгілерін тудырған. Сол саналған әр елдегі, әр ақындар топтарының қатарына шыққан мейстерзингерлер және кей дәуірлерде ағылшының менестрельдері өздерінің айтыстарын дін тақырыбына да арнап, жарысқа түсетін. Әсіресе шеркеу ішінде, дін тақырыптық айтыстарды көп жүргізген мейстерзингерлер болады. Бұлар айтысының кейбір жұмбак-сұрақ түріндегі жарыс-таластары қазақ ақыны Шөже мен Кемпіrbай айтысында келетін дін жұмбагына ете жақын. Шөже Кемпіrbайды жеңгендеге «уаттурш уәззейтуни» деген аяттың магнасын айт деп қысады.

Онысы діндер аңызы бойынша, Мұсаның Син (Синай) тауына шығып, құдаймен жауаптасқаны көлтіріп, сондағы айтысқан сөздерін өлеңмен шешіп бер дегені еді. Кемпірбайда бұны шешерлік білім болмай, жеңіліш қалады. Бұл мисал, қазақтагы, қыргыздарғы бүрынғы, бүгінгі мәлім болып жүрген айтыстың кейбір ұлгісі, бүрін көп халықтарға ортақ болған ұлгі-өрнектер екенин танытады.

Айтыс жөнін алдын ала аталатын тағы бір ерекше жэй, әрбір айтыстың сақталуы мен хатқа түсүі жөніндегі. Бұл зерттеушілерді көп ойландыратын мәселе. Айтыс екі ақынның сұрынын салма түрінде шығарған, қалың жиыннан алдындағы жарысы. Бұған ақындар өзірлікіз келіп, біріне бірінің оқыстар тастаған түйіндеріне жауап ретінде, өз өлеңдерін сол орындаған түркізді. Осылай болғанда әрбір айтысты, кейін дәл сол айтылған жолдарымен, барлық тенеу үйқастарымен, барлық жүйеге таласқан дәлел-дауларымен түгел сақтан қалу мүмкін бе?— деген зандағы сұрақ, үнемі орынды қойылады. Және екі ақын айтысын өткенин кейін, соны үгын алып, ең аүсілгі таратушы болатын кім?— деген сұрақ туады.

Мөлшермен айтқанда, әрбір айтыс кейінгі сақталуында және хатқа түсүінде, ноқаты аумай, қаз-қалыниша, қаймагы бұзылмай түседі деуге болмайды.

Айтыстан кейін, сол айтыста болмаған көнилілікке және айтысты үгып жаттап алам деуші ақын, шәкірттеріне айтып беретін, алғашқы айтысқа түскен екі ақынның біреуі болады. Бұл ақынның озі де айтыс үстінде өзінің оқыстар шығарған сөздерінің барлығын кейін бұлжытпай айтып бере алмайды. Әрбір ауызнина тұраған, сұрыпсалма сөздердің, экспромттардың тағдыры, шындығы солай. Ол ақын өзіне қарсы ақынның да бар сөзін бұлжытпай түсіре алмайды. Тек оның айтыстагы сарынын ұғады. Өзіне қарсы айтқан откір сөз, күнгі шебер ақындық тенеу сөздерін есте тұтын қалады. Жеңіспек жердегі жұмыскан, шарныскан жүйелі таластарын жадында сактайды. Осылай есінде қалған деректеріне сүйеніп және иеше кезек айтыскан реттерін есінде сактап, ұзынды-кысқалы көлемдерін еске алып отырып, өз сөзімен қарсы ақынның сөзіне, айтысни жаңғыртып береді.

Мұның айтуниша, алғашқы халық алдында откеп айтыс енді жаңа редакциядан отеді. Сонымен шындағып, қалыптаниши екі жақтың әуен сарынымен басталу,

аяқталу сатыларымен, түгел біртұтас айтыс жыры болып, көпшілікке тарайды. Қейінгі айтушылар содан ұрынып, қалың елге, кейінгі буындарға, «пәлен ақын мен пәлендей ақынның айтысы» деп мәлім ететін болады.

Осы орайда казақ ақындарының арасында болған жақсы, әділ бір дәстүрді еске алу керек. Жол бойынша екі ақын айтысса, солардың сөздерің кейін ретке салып, көпке жәйіп дұрыстығымен дәл айтып беру: жеңген ақын емес, жеңілген ақынға міндет болған сиякты. Мұның мысалдары көп айтыстан байқалады. Жанақпен найман ішінде бастығы Тубек болып айтысқан он алты ақын тегіс жеңіледі. Тек он жетінші, бала ақын (Сабырбай ғана) Жанақты тоқтатады.

Кейін, осы он алты ақынның Жанақтан жеңілгепін айтып беруші, сол ақындардың өздерінің ортасы болады.

Атақты Сүйінбай ақын Күнбала қызбен айтысып жеңілгенін, кейін өмір бойы, өзі айтып жүрген. Бертінде талантты шәкірті Жамбылға да өзінің жеңілгендігін ұғындырып, жаттатып айтқызып жүрген. Күнбала, Сүйінбай айтысын біз бертінде «Сүйінбайдың жеңілген жері осы» деп айтатын, қарт Жамбылдың аузынан естідік. Шөжемен айтыста, Қемпіrbай өзінің жеңілгенін, қандай жерде жүйеден ұтылып, Шөжеге төтеп бере алмай тоқырағанын кейінгі барлық үрпаққа өзі мәлім етіп, жырладап береді.

Атақты Біржан мен Сараның айтысында, біз білседе сол айтыста жеңілген Сараның айтуына білеміз. Ерте заманнан келе жатқан осы дәстүр Жанақта да байқалады. Жанақ өзімен ұзақ заман айтысып жүрген бәсекелес ақын қызы Күнекейден сол қыздың дәл ұзатылғалы түрган күнінде соңғы рет айтысып, жеңіліп шығады. Осы жолсыз айтысын, кейінгі жұртқа Жанақтың өзі айтып береді. Сарыбай ақын Тойбала қызбен жігіт кезінде, тынымсыз айтысады. Бірінің-бірі қапысын андып, көш жөнекей де, мезгілсіз ертелі-кеш те, түнде де айтысып жүреді. Мал шетінде, түзде кездесе кетсе де қағысып, шарпыса түсіп, ұзак жылдар жеңісіне алмай жүреді. Аяғында Сарыбай өзінің айтқан бір түрпайы қалжыны үшін, бұны мұрттай ұшырған, мірдің оғындан ағы мысқыл жауапты Тойбаладан алады да жеңіледі. Солайша жеңілгендігін кейінгі буындарға, өз түсіндағы тыңдаушыларға Сарыбай өзі айтып беріп кеткен.

Міне, осы айтылған мысалдардың барлығына қара-
сак, айтыс ақындарының сөздері сақталуға жауапты
кім, еңбек ететіп кім екені айқын көрішеді. Халықтық
жақсы дәстүр бойынша, жеңгеге ақын «мен сүйтіп женип
едім» деп мактап етіп әйгілемей, жеңілген ақын, «мен
солайша тоқыраған едім» деп баян етеді. Бұл, айтыстың
біраз өзгеріспен, редакциямен болса да сақталатынды-
ғы турасындағы сөз.

Енді біз, айтыстағы жену мен жеңілу деген не? Оның
тетігі неде болады? деген сұраққа, жауап беруіміз
керек.

Айтысқа түсіп жүрген сұрыпсалма ақын, тегінде,
өлең таба алмағандықтан, үйқасты сөз құрай алмаған-
дықтан жеңілмейді. Айтыстары бізге жеткен, өз тұсын-
дағы ірі ақындардан жеңілген, жаңағы аталған Сүйін-
бай, Кемпіrbай, Сара, Сарыбайларды алсақ, бұлардың
жеңілуі сол тұстарда өлең сарқылып қалғандықтан
немесе үйқасты сөз құрай алмай, олақсып қалғандық-
тан емес. Бәрі де жеңілгенде ұтықты дәлелден атсырап,
жүйеге жығылып, дау сөздің логикалық жағынан ұты-
лып барып, жеңіледі. Женуші жақ, өзінің қарсы ақыны-
на, бет бұруға, жалтартуға ерік бермей, өмірлік
логикалық бір шындықтар табады. Дәлелдермен тұсан,
тұқыртып буып тастайды. Ондай өмір шындығы, дау-
ласуға келтірмейтін айқын, мықты дәлелдер құр шешен-
дікпен, құр үйқас сөз айтқанмен әлсіремейді, мұқамай-
ды. Сондықтан, көлденен тыңдаушы-сыншы жүрт та,
жол білетін ақын өзі де, бұл тартыста жеңілгендікті
айқын ұғынып, еріксіз тоқтайтын болады. Айтыс жан-
рын, өз ерекшеліктерімен талдауда, бұл жай да айрық-
ша ескеріп өтетін, негізгі мәселенің бірі.

Осы айтылғандар сияқты, қазақ халқының ортасын-
да бұрынғы-бүгінгі айтыстардың көшілігіне ортақ
ерекшелік дәстүрлер бар. Енді соларды атап өту керек.
Ондай дәстүрдің бірі — айтыс сөзде, өнер жарысында,
айтысқа түсүші ақындар күреске түсken балуандардай
бар күшін салып алысады. Айтыс — сөз барымтасы. Бұ-
нын бір жағы, өнер жарысы. Екінші жағы, ойын-жынын-
да, айт пен тойда және бүгінгі совет дәуірінде ұлы
мейрам күндеріндей, халықтық мерекеде орындалатын
сауық есепті. Сондай халде өтетін болғандықтан, әрбір
айтыстың театрлық және әсіресе ойын-сауықтың өзге-
шелігі үнемі қатар ілесіп отырады. «Ойында өрелгі

жоқ» дейді. «Әзілің жаарасса атаңмен ойна» дейді. «Жаманда — жаман, сөз барытасы жаман» дейді. Осы нақылдар бойынша айтыс үстінде көрі мен жас, әркек пен әйел, бала мен ұлкен, атақты ақын мен атсыз жаңаталап жасағспірімдер болсын — бәрі де ойны-жарыс, өлең саиыс, өнер жарысқа еміп-еркіп түссе береді. «Теңі смес кісімен айтысқаны несі?» деп кінәлау, сынау, мінез халықтық дәстүрде жоқ мінез.

Ол айтыс үстінде, сол атсыз ақын, бала ақын, қызы ақын өзімен таласуши, жарысуши әріптесіне қаңдайлық қатты сөз, ашы сөз, тіпті бас мінесу сияқты айтыстарда болатын тұрпайы ауыр сөздер айтса да ол кінә болып, айып болып саналмайды. Қайта «сөз тапқанға қолқа жоқ» дейтіп, айтыс турасындағы халық өзі құптаған нақыл бойынша, сөз тауып, қарсы ақынды жеңсе сол жеткілікті. Сын соңда, өзімен бабасы тұрғылас Жанаққа қарсы, бала ақын — Сарыбай әншейінде ұлкенді сыйлау жолы бойынша, айтпайтын сөздерді емін-еркін, жалтармастан жарып айтады. Өзімен айтысқан іні, бала дәрежелес ақын қызы Күнбалаға Сүйінбай, Сараға Біржан, әншейінде айтпайтын, әдеп бойынша іркіп жүретің, айтса жанап қана айтатын жайларды, айтыс үстінде екіленіп, құлшына айтады.

Ол ғана емес, ақындар әншейінде ажар сақтап, бірі туралы бірі айтпайтын, ашпайтын ашы, ауыр шыңдықтарын да айтыс үстінде, жын алдында қарсы ақынды тоқтату үшін іркілместен айта береді. Шөкеге Кемпірбайдың оны соқыр деп айтатыны, Сараға Біржанның күйеуің Жиенқұл адамның қортығы деп айтатыны, Тәбияға Омарқұлдың алғалы отырған күйеуің таз деп айтатыны — бәрі де айтыс үстінде кешірілетін жайлар болады.

Қайта көп кездерде ақындар бірінің-бірі қапысын айдалып жүреді. Өмірдегі қысталаша, қыны шақта тұрғап ақынға, әдейі сол қыспак шағын бағып келіп, тұтқындан соқтығатын әдеттер де болады. Бұның айқын мысалы Сақау мен Тоғжан айтысинаң көрінеді. Тоғжан қызды үзак жылдар жеңе алмай жүрген Сақау, кейін Тоғжан үзатылып, келін болып, күйеуің ауылына бетіне шымылдық ұстап, жаңа келе бергенде алдынан шығады. Қайын ата, қайын енелердің тобында тұрып Тоғжанға қатты шабуыл жасаған өлеңмен айтысқа шакырып, соқтығады. Тоғжаң, қалындық ойнап жүрген

күйеуінен, оц жақта екі қабат болып келе жатқан еді: сонысын Сақау үлкен айып етіп: «Жердің астымен келмей, үстімен келуге қайтып жүзін шыдайды?» дейді. Қатты айып-кінәмен сейлеп, қарсылай соққан борандай қаптап тиіседі. Соңда Тоғжан ақындық айтыстың дәстүріне сүйеніп, «сөз барымтасын» басынаң асырмас үшін Сақауға қарсы, іркілмей жауап қатады. «Ініңің аманатын сақтап келдім, ол да айып па екен?» дейді. Өзінің тазалық шыныдығын айтып, басып ақтайды.

Міне, бұл айтылғандардың бәрі де, айтыста шынды айтысу, аңы сөйлесу, туралап соқтығу дәстүрлерінің молдығын білдіреді. Осыған жалғас және бір халықтық үлкен ерекше дәстүр бойынша, екі ақын айтысының үстінде, елді билеп жүрген хан, төре, болыс, би, аталы шонжар, қажы-молдалар — қысқасы әр ортандың ірі атқамінерлері, әмірші әкімдер туралы, бай озбырлары туралы да, тұра сөздер жалтармастан қатты айтылады. Ол жуандар осындаған ақындар айтысының көбінің нәтижесінде қарсы айтқан ақынның айыптау зілі, әшкерелуе сөзі, аңы мазақ мысқылы арқылы халық алдында таңбаланып қарғыс атқа ілініп жүретіні де болады. Әсіресе осы дәстүрді халықшыл ақындар, бұқара тілегімен өзінің салт-санасы, таптық арман-мұддесі қабысқан Жамбыл сияқты ақындар көп қолданған. Олар үшін айтыс, белгілі ортадағы бай жуанды орыннан тұрғысыз қып, масқаралауға үлкен таптық құрал болған.

Құлмамбет Жамбылмен айтысып отырып, Албаниң байларын мақтайды. Соған қарсы Жамбыл:

Қожалық қып жетті ме Максұт ағаң,
Ағайынмен ұрысып, даудан өлген.
Шапырашты, Дулаттың бәрі күә
Шытыр жеген өгіздей аунап өлген...
Мақтандың байларының онғаны жок,
Төрт бұрышын төңіректің жалмап өлген,—

дейді.

Бұл мысал, айтыс үстінде, сөз барымтасында ақындардың не жайдан болса да, іркілмей сөйлеуіне халық тарапынаң ерік берілстіндігін көрсетеді. Бірақ, анық көпшілік, бұқара өз орталарынан шыққан ақындардың осындаған, әсіресе қанаушыларды әшкерелеп айтқан сөзін ұнатып қостағаймен, талай ақындардың үстем тап өкілдерімен, айтыс маңында жақын жүрген жуандардан

жапа көріп, қуғынға ұшырайтыны да болған. Ондай кезде туралы, халықшыл ақындардың болыс, ұлықтардан таяқ жеп, айып төлеп, жазаға ұшырап жүретіні де көп болатын. Бұл жай айтыстың халық сүйген, шын халықтың дәстүрдегі еркіндігіне, үстем таптың әр кезде қысым жасап, тыйым салып жүргенін көрсетеді.

Осымен қатар, феодалдық, рушылдық құрылыштың көлемінде «айтыс» өлеңдерін сол күнгі үстем тап тілегіне, қанаушылық таптық мүддесіне жұмсаған байшыл ақындар да болған. Олар «айтыс» үстінде өз руларын, сол рушылдық ескі санамен мадақтайтын. Өзге қарсы ақындармен жарысқан бәсекесінде өз руын мақтау көп ақында болса, байшыл, бекшіл ақындар, өз руының «артықтығын», сол рулардағы байларды санауға саятын. Руларында болған бек, сұлтанды, болыс, биді, көп шонжарды дәріптейтін. Қарсы ақын, «Құлмамбет, Жамбыл айтысындағы» халықшыл Жамбыл сияқты болғанда, ол жуандарды масқарап кетеді. Ал, қарсы ақын өзі де рушылдық, феодалдық санадан аса алмайтын ақын болса, ол да өз кезегінде, үнемі өзінің бай-жуанын мақтайды. Тегінде феодалдар, қанаушылар ортасы айтысты қостағанда, сондай өздеріне жағымды тиетін түрлерін ғана қостаған.

Осындай үстем тап санасының әсері, бұрынғы көп айтыстан көрінеді.

Айтыстың көпке жайылғандық ерекшелігінен және ойын-сауықтың ең бір қызықты түрі болғандығынан, бұл жанрға өзге фольклор жанрларындағы емес, қазақтың әйелдерінің қатнасы да аса көп болады. Бұл жай да, айтыстың қазақтағы жалпылық өнер себебіндегі бір үлкен өзгешелігі. Анығында, қазақ фольклорындағы ең бай жанр — айтыс десек, нелер жүздеген, хатқа түскен айтыстарды қарасақ, солардың көптен-көбі ерек ақын мен қыз ақын, әйел ақындар арасында болған айтыстар екенин көреміз. Айтыс улгісінде туған барлық өлең қазынасының қақ жарымына жақынын атақты ақын қыздар: Ақбала, Күнбала, Тоғжан, Сара, Жантелі, Ырысжан, Тәбия, Мақта сияқты нелер жүйрік, өнерпаз ақын қыздар, келіншектер туғызған. Ойын-сауық, той-мерекелерде ән-өлеңге үнемі араласып жүретін қыз-келіншектердің айтыста аз ғана еркіндік алатыны байкалады.

Осы айтылған кіріспе сөздермен, біз айтыстың өзге

жанрлардан бөлек, әр алуан ерекшеліктерін атап өттік. Енді айтыстың жеке түрлерін айрықша талдаң, сала-саласымен тексеру қажет. Бұл ретте жалпы айтыстың түрлері, жіктері төменгіше. Айтыстың бірінші түрі — әдет, салт айтысы. Бұл көпшілік болып, топ-топқа бөлініп айтысу. Екіншісі — ақындар айтысы болады. Халық ақындарының жіктеуі бойынша, ақындар айтысының барлық тобы, сыртқы қолеміне қарай, түр ерекшелігіне қарай, екі жікке бөлінеді. Бұның біріншісі — түре айтыс, екіншісі — сүре айтыс. Түре айтыс бір-бір ауыз өлеңмен қысқа, шапшаң жауаптасып отыратын, көбінше, ақындармен қатар, жалпы көпшілік қолданатын, жалпылық түр. Сүре айтыс — тек суырып салма өлеңге әбден төсеген, ысылған нағыз ақындардың әр кезекте үзақ сөйлеп, көп жыр төгіп, көсіле жырлайтын түрі болады.

Түре айтысты — атақты ақындармен қатар, айтыс өнеріне жаңа машықтанып жүрген көпшілік те қолданады. Бұл бір-бір ауыздан қайтарылып отыратын, шапшаң жауаптасу үлгісі.

Осы түр жас желеңді ойын-сауықты айтыска төседі. Түре айтыстың бір ауыз өлеңі екі үлгіге бөлінеді. Оның біріншісі — бастауыш түрі, ең оңайы — қайым өлең, екінші үлгісі — қара өлең. Қайым өлеңмен айтысуды, кейде, халық толық айтыс деп атамай, «қайымдасу» деп те атаған.

Мұның мысалы:

Қыз:

Атымды шешем сүйіп қойған Еркін,
Той болса түзетемін камшат беркім.
Колыңда еркің болса мені алғандай
Неше жұз үйінде бар сенің жылқын?

Жігіт:

Атыңды шешен сүйіп қойған Еркін
Той болса түзетесін камшат беркін.
Ер күшінен тау аударылар деген бар ғой
Алармын, болмаса да жалғыз жылқым.

Қыз:

Атымды шешем сүйіп қойған Еркін
Той болса түзетемін камшат беркім
Қайраты кеуде жарған сен ер емес,
Маңыма жоламайтын сендей шіркін.

Жігіт:

Атынды шешең сүйіп қойған Еркін
Той болса тұзетесін камшат бөркің.
Ерегес екі талай болған жерде,
Қыздарға сендей-сендей бардұр еркім.

Осы мысалға қарағанда, жалғыз ауыз «қайым» өлеңің алғашқы екі жолы айтысушы әріптестерге үнемі ортақ жолдар болып отыратынын көреміз. Бұнда, соңғы екі жолын ғана тыңдан қосып отыру шарт. Ал, қазактың төрт жолды бір шумак өлеңінде үшінші жол үйқассыз болады. Олай болса, соңғы екі жолды қосуши, тек бір-ақ жолдың, соңғы төртінші жолдың ғана үйқасын тауып отыруға міндettі. Кейде қайым өлеңінде алғашқы екі жолы емес, ең алғашқы бір-ақ жолы екі жаққа ортақ болып отыратыны да болады.

Қалайдың айтысудың бұл үлгісі, ең оңай үлгісі екенін айқын. Түр жағынан осындай оңайлышы болғандықтан, жас айтушылар әуелде өздерінің айтысқа дағдылануын осындай бастауыш өрнектен көбірек бастайтын болған.

Айтыс өнеріне, топ алдында жарысқа, сынға түсү арқылы төсөліп кете қою оңай емес. Бірақ көпшілік ол өнерге үйренуге, жаттығуға құмар. Сондықтан, жаңағыдай, түрі оңай үлгіні бір сүйеніш етсе, екінші жағынан, сондайлық көпшілік айтыстарында қолданылып жүрестін мерзімді, үйреншікті тақырыптар да болады. Ол, айтысты тағы да оңайларатын, және әр айтыста үнемі бола беретін және де жалпыға ортақ мазмұндар.

Мақтасуда, әріптестер «өзің жақсы», «атаң, анаң жақсы», «елің жақсы», «өнерің асқан» десіп келсе, жамандауда бас міндерін айтысады. Пішін, мұсін кемдігі бар әріпте болса, сонымен ажуалайды. Өз бастарын қойып, қарсы ақынның әке-шешесінде, ағаінісінде, не әйелінде, не ерінде мінді мұсін, айыпты сыр болса, соны міней де қағысады. Айтыс дәстүрі бойынша ақындар бұндай сөздерге де ашуланыспайды. Тегінде айтыс үстінде ақындар ашулануға жол жоқ. Ол, ең алдымен, женілгениң белгісі болып саналады.

Осылайша көпшіліктің көп айтысындағы түр оңайлышымен қатар, мазмұн мәлімдігі де, алғашқы тәжірибе айтыстарды жаңа талап жастар үшін оңай ететіні бар. Айтыс не мақтаудан, не жамандаудан басталса, мұндай көпшілік айтып жүрген мазмұнның көпкө ортақ, жат-

танды жолдары, теңеулері немесе үйқастары көп болады. Жас жесең ең алғаш айтысқа түс бастағанда сондай жаттанды өлеңдермен дағдылы мақтау сөзді, немесе жамандау, мінесу сөзді айтудан бастайды.

Сол ұғымды, жаттанды өлеңдерге өзі шыгарған бірер жолды, кейде бір ауыз өлеңді аз-аздап қоса жүріп барып, беті ашылады. Айтыста кезек жауаптасып, ән түзеп топ алдында өз әнерін жарыққа сала бастайды. Сонда жанағы алуандас машықты мазмұндар бір демеуші болса, Қазақстанның кей жерлеріндегі тағы да ерекше бір айтыс мазмұндары және де қосымша болатын. Ол да көпке ортақ, көпке мәлім өлеңдерді мол тузыған мазмұндар. Мысалы, бұрынғы Жетісуда сондай қосымша мазмұндар, «тау өлең», «су өлең», «жер өлең» деген, айтыс өлеңдерін тузыған.

Мақтасу мен жамандасу сияқты мұнда да дағдылы мазмұнның үйреншікті бастауы, өрбүі, аяқтауы бар. Көп аузында ортақ болып жүретін жаттанды шумақтар, немесе белгілі жолдар, үйқастар және көптің құлағына сіңген көп көркем теңеулер, салыстыру, бейнелеу бар. «Тау өлең» осындағы айтыстарда, екі ақынның өз жеріндегі тауларын санауға, олардың артықша пайдалын, қасиетін санауға ариалады. Және айтысушылар өздерінің тауларды қаншалық көп билетіндіктерін көрсетіп, білім таласына да түседі, «су өлең», «жер өлең» де өзен, бұлак, көл бастаулар, жер коныстар, қыстау, жайлаулар, өлкелер жайындағы ақындардың әнер білімін танытатын жарыс мазмұнды болады.

Бұл алуандас айтыстар да көпке ортақ, жалпылық және жас талаптарға сүйеніш көмекші, жетекші болатын айтыс үлгілері.

Міне, айтыстың әдет, салттағы түрлерінен бастайтын жастар, осы саналғандардай, жарымы жаттанды, жарымы онай түрдегі айтыстарға араласа жүріп барып, біраз жылдарда анық еркін ақындық дәстүріне төселип, жолы ашылған айтыс ақыны болып кетеді.

Айтыстың ерекшелік дәстүрлері туралы, түр-үлгілері туралы, осы жоғарыда саналып аталғандай жалпы түсініктерді айта кеп, енді бөлек-бөлек салаларына талдау береміз.

Әдет, салт айтысы

Мұнда аса ескісі, жекелеген айтыс емес, топ-топ болып айтысқан, салттан туған ескілікті наным әдеттерден туған айтыс. Оның дін салтындағы өлеңдердегі мысалы — бәдік, үйленуге байланысты салт өлеңдердегі мысалы — жар-жар.

Бұл алуандас әдет, салт айтысы, көбінше өнер жарыстыру айтысы емес, тек дағдылы жолды атқару (жаржар), ырым, наным бойынша ем-домға арналған айту (бәдік) ретінде ғана орындалады. Ондай айтыстардың өлең сөздері де көбінше, ауыздан-ауызға көшіп жүретін, жаттанды сөздер болады. Сондықтан әдет, салт айтыстарында «жену», «жеңілу» сияқты қорытындылар болмайды. Және өзге өнер жарысының айтысындай бір жаққа екінші жақтың жол беруі, бәйге, тартуы болмайды.

Кейін салттағы осы топтық айтыстан, қос-қосталып айтатын жекелеген айтыстар туып, дамып өзгереді.

Бәдік, толтанған айтыстың ескісі болғанда, әуелі ескілікті дін нанымын көрсетіп, бертін халық жастарының дін нанымына арнаған әзіл айтысына сылтау болып кеткен.

Ғылымға сүйенбеген халық, табиғат құбылысының сырыш түсінбеген және өзінің ескі діні — шаманизм нанымы мал індетін, адам дертін қас ие, ерекше файып күштер жібереді деп иланған. Сол ескі дін нанымынша адам, өзінің бойында сиқырлық, ғажайып күш-куат бар деп білген. Сол жұмбақ сырлы өз сипатын адам өзінің сөзінде, тілінде де нанады. «Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады», «басқа пәле қызыл тілден» дегендей, көп нақылдар айтады. Осындай, сөздің сиқырлық куатына нанудан, сөздің магиясында сенуден барып көп елде және ескі қазақ халқында да, сөз арқылы пәлені айдау, сөз арқылы жақсылықты шақыру әдеттері туған. Сөз ішінде асылы өлең сөз. Ендеше сол өлең сөзді дерт, індетке қарсы қойып, ескі діндік ырым атқарады. Осындай жолмен, сол ескілікті дін нанымынан туған айтыс — бәдік айтысы болады. Онда адамның ауруын, мал індетін екі топтың айтыс өлеңімен аластап куады. Қөне түрінде бәдікті — жігіттер мен қыздар тобы болып, екі жарылып кезектесіп айтысады. Бертін келе, айтысуши топтар, екі ауылдың жастары болып екі жақ болып

айтады. Бұның бір тобы бәдікті көшіре келген көрші ауылдың жастары, қонақтар. Екінші тобы, ауылында ауру, немесе індегі болады.

Ал ескі дін нанымы кетіп болған кезде, «бәдік» дін өлеңі болмай, жай бір айтыс-жарыстың, топтап айтылатын себепші сылтауы болып қана қалады. Содан бері «бәдік» айтысы жалпы айтыстың тек қана шартты түрі болып кетеді. Бұл қалпында ол әзіл, ойын айтысина айналады. Жастардың кейінде «бәдікті» оспакпен сөйлеген екі жастың әзіл айтысина айналдырып жіберетінін мынадай мысалдан көреміз.

Каратаям дегенде каратаям,
Тау басынан соғады қара дауыл,
Сіздің үйде бір бәдік бар дегенге
Каптап көшіп келседі біздін ауыл,—

дегенде, қарсы топ:

Бәдік кетіп қалыпты таудан асып,
Таудан арғы бұлтпен араласып.
Енді екеуміз бәдікті тауып алып,
Шын құмардан шығайық сабаласып,—

деп, жауап қайырады.

Әдет, салт айтысның топ-топ болып айтылатын бір түрі «жар-жар». Бұны ескі салт бойынша жігіттер тобы мен ұзатылатын қыз тобы болып, екі жаққа бөлініп айтады (осы кітаптың екінші бөлімін қараңыз). Ол айтыс дін нанымы емес, қазақтың бұрынғы үйлену үстінде қолданатын ырым салтынан туған-ды. Сауықтың жыры болғандықтан «жар-жар» айтысина ән және ырғакты қайталау «жар-жар-ау!» сияқты қайырма болып отырады. Ол жыр — айтыс ішінде, көпті күлдіре сөйлейтін әзіл де болады.

Салт «жар-жар» өлеңін тек қана айтыс ретінде және бір қыз, бір жігіт қана емес, топтар болып, өзінше хормен кезектесіп айтысруды шарт еткен.

Бәдікпен қатар, үйленудің сауық салтынан, әдет ырымынан туған «жар-жар» айтысны, біз қазақтағы жалпы айтыс атты жаңардың ен көне түрі және көптік деп танимыз. Бертін келе бұл түрдің де қоғам тіршілігінің дамуына байланысты, мазмұн жағынан дамып өзгеруі болған. Ондай үлгілерінде, топтан бөлініп жеке жігіт жаңаша, өзі шығарған сөздерді айтады. Қыз да

тобынан өзгеленіп шығып, жалғыз айтып, жауаптасады. Қебінше, арман-наразылықтар айттылады. Бұл хиял, ескі айттыс түрінің жеке ақындарды топтық түрден бөліп шығара бастағанын көрсетеді.

Сондай жолмен бертінде «жар-жардың» мазмұны өзгеріп, қыз бен жігіттің мұндасуына айналып кеткен мысалын төмендегі «жар-жардан» байқауға болады.

Қыз:

Бір қамшым бар қолымда жез бауырлық,
Ілікpledім өсекке сөзді ауырлап,
Ісің еске түскенде, беу замандас,
Жатамын да жылаймын жер бауырлап.

Жігіт:

Жердің сәні болмайды ел кеткен соң,
Жүк көтермес қара нар бел кеткен соң.
Кетерінде сіңліце тапсырып кет,
Өгейістіп жүрмесін ержеткен соң.

Қыз:

Мына көлдің басында құстар отыр, жар-жар-ау,
Оны көріп қаршығам ұшқалы отыр, жар-жар-ау.
Әшкереғып айтпағын мұндай сөзді, жар-жар-ау,
Достарың аз, қасында дүшпан отыр, жар-жар-ау.

Мұнда «жар-жардың» шартты түрі ғана алынып отыр. Мазмұнын қыз бен жігіт, өздерінің еркін ақындықтарына бағындырып, жаңартып айтады. Әдет, салт өлеңі айттыстың жеке ақындарына, екі әріптес ретінде жырылып шығып айттысуға жағдай жасайды.

Бала туып, шілдеқана күзетілсе, қыз ұзатылса, келін түссе, қыз-бозбаланың ән сауығы болады. Жиынға желген қыз бен жігіт ауыздан ауызға көшіп жүрген үйреншікті өлеңмен айттысатын әдет болады. Сондайда қайым өлең айттысу, оны және не мақтау, не жамандау, не мақтанысу мазмұнында айту, көп жаңтардың әдеті. Сол қатарда «тау өлең», «су өлең», «жер өлең» сияқты көпке дағдылы әдет болған өлеңдерді айту да көп орын алады.

Бұл айттыстар халықтың әдәт-салтының түр-түріне қарай лайықталып туған өз қалпында орындалады.

«Бәдік» айтысында сөздің дуалы күшіне сүйеніп, айтыстың қуаты малға келген індепті қашыруға жұмсалғандықтан айтыстың қайырмасы індепті көшіруге арналады. Әр өлеңнің аяғында «көш-көш» дейтін қайталама, бұл алуандас айтыс өлеңнің мазмұнына байланысты, аластаяу, бағып-қағу сияқты, бақсы құшнаштық түрін танытады.

«Жар-жарда» түр өз мазмұнына сай келеді. Малға сатылып, көбінше күйеуін бір көрмей, ескі әдептің көгеніне байланып кетіп бара жатқан қыздың алды қараңғы тұман, ауыр жұмбақ. Жүргегі алып ұшып, ой әлемі үйікі-түйік болып отырған қызға тосыннан айтылған «жар-жар» деп айтылатын жаразтық мағнасындағы сөздер сүйініш, үміт үніңдей болмаққа керек. Осы сөз бұл айтыста көп қайталайды. Ол үйлену үстіндегі қалттың шарт, міндет ететін мазмұнынан туып отыр. Қызды енді ер-жары болып көшетін өмірге мойындану мақсатымен айтылады. Және жүрегін жат өмірден үрікпес үшін, жылы сөз «жар-жар» дегенді, әдейі көп айтады. Салт шартымен қатар бұл айтыста тілек бар. Сондықтан, айтысуышы жігіттер болашақты қызықты, жұбанышты етіп суреттемек болады. Бұл топқа қарсы қыздар тобы дау айтады. Жігіттер қыздың күдігін тоқтату үшін, әрбір жайға, сөзді бұра береді. Осындаи ерекше айтыс мазмұнына түрі айнымалы, ауыспалы болып сай келеді.

«Жар-жар» өлеңнің құрылсыы — жыр, толғау өлеңдері сияқты 7—8 буынды келеді де, үйқасымы да еркін, ілгері-кейінді жылжымалы болады. Куаныш, реніш, жақын, жат туралы сөздер қат-қабаттасып келетін айнималы, ауыспалы келеді.

Ақындар айтысы

Әрбір жеке ақындар айтысының бас-басына өзіндік өзгешеліктері болғанмен солардың көбіне ортақ бірнеше жалпылық мазмұн, мотивтері де бар. Жеке айтыстарды талдауға көшпей тұрып, мұндай айтыс атаулыға ортақ, сондай үнемі кездесетін жайға тоқтайық.

Кай мазмұнға арнап айтысса да жеке ақындар ай-

тысында ең алдымен айтыстың бас геройы — ақындардың өздері туралы сөз қозғалады.

Бәйеке ақын Қожамбетпен айтысында:

Қожамбет, ұмыттың ба ол баяғың?
Уысқа сыймайтүғын мен бір киік.
Әншейін сактық қылып бой тартамын,
Кетед деп жаман үшін жақсы қүйіп.
Қожамбет ұмыттың ба ол баяғың?
Менімен айтысарлық жоқ саяғың.
Мәнлесін уатагадет үттәуратул феңуәлликум
Мерт болар айға шауып артқы аяғын,—

дейді.

Бәйеке өзін аспандагы айға теңейді. Қожамбетті жерде жүрген дәрменсіз жанға санаپ, айға шапқан әумесердің халі мүшкіл емес пе?— дейді.

Тоғжан ақын Қожамбетке:

Қой деп мен айтып едім мана саған,
Қоймасаң да көк тиын бермен саған.
Мен көк өгіз дарияның сүйн таусқан,
Сен байғұс бұзаусың ғой мұз жалаған,
Мен ақ сұңқар аспаңға шарықтаған,
Сұңқарға қарға шапқан неткен заман?—

дейді.

Біржан Сараға өзінің кім екепін былай мадақтайды:

Түстіктең жүрт таң қалар көргеніме
Женбессем қуашбаймын келгеніме
Ақ марал осы жолы жыгылмай кет,
Алтайдың душар болдың мергеніне,
Өзімдей бір басты адам сөз білмейді,
Құданың мың шүкірлік бергеніне,—

дейді.

Сара да өзін ерлікпен сипаттап өтуді аброй санаپ:

Атаным он үшімде ақын Сара,
Ішінен ер Қантай шықтым дара.
Он үште домбыра алып сез сөйлеп ем,
Келемін бір сүрінбей жалғыз кара,—

дейді.

Қай айтысты алсақ та, бәйге алдында жарыстың ақытбозды жүйрігі болып әдейі асқақ сөйлеп, өрленіп жеке отыратын ақынның өзі болады.

Жынын топқа суырыпсалма ақындық өнерімен, ән дұманымен қадірлі болған ақын өз басын бағалай сөйлеу-

ді, қарсы ақынды кішірейте сейлеуді тәсіл етеді. Ол — тартыс, жарыстың шарты есепті. Тындауши жұртшылықта өзін, өз өнерін таныстырады. Ақын ең әуелі өз сөзінің бағасын жоғары көтереді. Сол сөзі арқылы алдымен шарықтап аспанға көтеріліп, жұрттың көзіне өзгеше болып, қарсы ақыннан астам болып түсуге тырысады.

«...Сайратқан орта жүздің бұлбұлымын...» дейді Біржан. «Сен бұлбұл бол!» деп, Орта жүз оған тарту жасаған жоқ. Бірақ, Біржан Сараны сескендіру, үркіту үшін әдейі шалқып шырқайды. Ол жеңер ақын айласы. Тартыс бәсекенің бір амалы өзін мактап, өнерін аспанға көтеру болса, екінші жағынан қарсы ақынды жасыту амалы болады. Оған: «Сен маған тең емессің, қарсы сөз айтуға шамаң жоқ» дегенді көп айтып, ықтырып әкетпек болады. Бұның бәрі ақын тартысының бопсасы. Соны жақсы билетін ақын саспайды, қарсы жауабында ол да асқақтай түсіп, желліне сөйлейді. Сыр міnez төсөлген ақындар осы бопсаның неше алуаның қолданады. Біржанның Сараны көрмес бұрын сыртынан ән шырқауы да, сол бопса. Жалайыр Қабан ақын, өзімен айтысатын ақын отырған ауылға айдаладан әндеп келеді. Шашубай гармонын ат үстінен тартып, алыстан айбар шегіп келеді. Осының бәрі айтыс ақындарының өздерін, топқа айдынды етіп таныту тәсілі. Және қарсы ақынды үркітіп, қобалжытып, жауап сөзден жаңылтудың амалы болады.

Өлеңнің арқасында ақын өзін шыңға көтереді. Бірақ іс мұнымен тынбайды. Бұл, жарыстың басы ғана. Осыдан әрі жеке айтыстардың әр алуан, өзіндік тақырыптары басталады. Бұдан кейіп біз тексеретін үлкен айтыстардың бәрінде сондай тақыраптардың әр алуаны көрінеді. Айтыс үстінде ақындар өздерінің талтық санасын танытады. Феодалдық, рушылдық санасындағы байшыл ақын көбінше өз руының байларын мадактап, жалпы халықтың тақырыпты көзге ілмейді. Қарсы ақын, халық қамына, көпшілік мұддесінде мұңы жақын болса, ол ерекшелігін мықты дәлел етеді. Сондықтан кей ақын өз сөзін жуандар құптайтын етіп сөйлесе, өзгесі көпке жағатын сөз айтып, әрдайым елге арқа сүйейді.

Ақынның ақындық күші сол айтыста жүрт алдына өз дәлелдерін келістіріп тарта біліп, бәсекелесіп отырған ақынның дәрменсіз жерін табуда.

Айтыс өнерінің жүйрігі болып аты шыққан Біржан, Сара, Майкөт, Сүйінбай, Құлмамбет, Шөже, Жамбыл, Әсет, Ырысжан, Қемпіrbай, Манат қызы, Тубек, Сабыrbай, Тойбалалар сол шаршы топтың алдындағы сөз жарыстарында жеңіс тәсілдерін үлкен орамды шеберлікпен қолдана білген ақындар.

Құлмамбет (1826—1903, Албан руынан) Майкөтпен (Дулат руынан, XX ғасырда жасаған ақын) айтысқанда өзін ұлы тұтып сөз бастайды:

Ә, Майкөт, үйге кірші, тыста тұрма,
Жан-жаққа талтаңдамай келші мұнда.
Құлмамбет, Қуланақ ағаң келді
Ағаңнан өлең үйрен кеңес тында,—

дейді.

Құлмамбеттің қөтерген туы — өз руы Албандікі. Ол ақын феодалдық, рушылдықты дәріптейтін ақын. Оның таптық санасы бойынша ру мақтанышында бірінші бәйге байлыққа тиіс жол. Сондықтан, Құлмамбет Албаның бір ауылы жүз қысырақтың тайын байлайтындығын айтады. Майкөттің мақтанышын Құлмамбет місе тұттайды. Үркердегі азғана Ысты түгіл Қаратаудағы Дулат атаулының бәрі кедей, тек егін салумен ғана жаңын сақтал отыр деп, егін кәсібін міндейді. Майкөттің елін, қонысын, Сырдарияны жамаңдай бастайды. Елге тағар кінәсі:

Қымыз ішіп, мас болып,
Ұйықтап жатқан кісі жок.
Козы жаурын, қой мойын
Қүреске кетсе күші жок.
Көрік басқан кісідей
Бозбаланың түсі жок
Қаратаудың қазағы,
Тамнын артын шөмейткен,
Там менен үй көбейткен,
Нансыз аскан еті жок,
Етін наимен көбейткен.
Жалаң аяқ қар кешкен
Қаратаудың қатыны,
Түске дейін болмайды
Толықсып қыздың жатуы.
Қаратаудың жігіті
Бір теңге бүл тапқаны
Қап, арқанын сатқаны.
Қатыны шығып базарға
Еркегі үйде жатқаны.

Бұл қорлықты қөргенше,
Ыстықта күйіп өлгенішс
Сарыарқаға келсейші,
Қымыз ішіп, мас болып,
Сары қазы жесейші,—

дейді.

Жерге тағар кінәсі тағы бар:

Жерінің жайын айтайын,
Күн төбеге келгенде,
Ыстыққа миң қайнаған.
Көкпектен басқа шөбі жок.
Кеккетен басқа құсы жок,—

дейді.

Құлмамбет бастаған жолмен және ерте кездегі ақындар айтысында өз елдерін мақтасу, байлығын мықтылығын айтысуы дәстүр бойынша, әуелі Майкөт те өз елінің байлығын айтады. Жуан әкімдерін де айтады. Бірақ кейін Құлмамбет барлық Қаратаяу, Түркстанды, ондағы елді, еңбекті түгел жамандауға ауысқан соң, Майкөт халық бағалайтын мазмұнға ауысады. Халықтың еңбекшіл, кәсіпшіл тіршілігіне бесік болған өлке, ырыс өлкесі демек болады. Онысина өзінің діншілдік нанымын да қосып кеткенмен, Майкөт Сырдария, Қаратудың қалың елдігін-мақтап өтеді.

Құлмамбеттің «бетке салық» қылып отырғаны шындық болсын, бірақ тіршіліктің қамында жүрген еңбекші елдің көрінісі мін ететін көрініс емес. Онда еңбек туғызған көп қасиеттер бар. Ол жер, ол өлке Құлмамбет мақтаған өнерсіз сахарадан жоғары деген дәлелді айтады. Рас, ол жоғарылықты Майкөт өзінің діншілдігі бойынша, бір жағынан дін үгіті түрінде, дәлелдесе екінші жағынан халыққа, көпшілікке Құлмамбеттен гөрі көбірек қабысып, еңбек жемістерін мақтан етеді. Сырдария мен Қаратудың миуасы да оның мақтанышының бірі.

Алмасы бар аяktай,
Жуасы бар таяktай,
Арқары мен құлжасы
Жылқыдан шыккан саяktай,
Бұлдіргені бұлактай,
Доланаы жүректай,
Миң Албан келсес бағады
Бір диканым жүдстпей,

Көң етігі кең болса
Кос егізі тең болса,
Ешкімге көңілін бермейді
Патшадан оның несі кем?
Біздің елдің диқаны
Ұны менен сөгіне
Балаң сатып алады...—

дейді Майкөт.

Басында Ыстыға ғана кінә таққан Құлмамбет, айтыстың қызды-қыздысымен отырып, аузызды Қаратау, Түркстанды жайлаган елдің бәріне түгелімен салады. Айтыс ру шегінен асып, бір аймақты қоныстап отырған елге тұтасымен шарпуын тигізеді.

Алатуды жайлап, қаладан мойны қашық жатқан және қофам тірлігінде енбексіз топтың өкілі болған Құлмамбеттің көзіне жалғыз Ыстығана емес, бүкіл Қаратауды жайлаган ел өрескел көрінеді.

«Қанып ішер қымыз жок, асына арақ пен бозаны араластырып ішіп жүріп, ертеден кешке дейін тынбай жұмыс істеген жанның не жаны шыдайды. Қаратауды, қаланы тастап, Арқаға ауып, қымызбен сусындайтын болсайшы»,— деп сөйлейді Құлмамбет.

Майкөттің ұфымы бұған қарама-қарсы. «Ауыр үй-қыдан аулак, еңбегіне жалынып, өзі өсірген астығының құнды екенін жақсы білетін ел бар, елдік бар. Ол, дихандар, ол қалың ел. «Астығыма малын түгіл жаныңды да бересіп» дейді Майкөт, сол елдің атынан көшпелі, егінсіз, жеміссіз Құлмамбетке.

Майкөт кедейлікке арланбайды, кедейім жок деп Құлмамбетпен таласпайды. Қайта көне етігін кең киетін кедейлерін патшага балап мақтанады. Айтыс сөзінің ішінде діншілдік сарынмен қатар, арқадағы қазактың, орыс халқының мәдениетінен алған өнеге-үлгісін жете түсінбегендік болса да, Майкөт сөздері Құлмамбетке қарағанда, көпшілік ұфымына жақын қабысады.

Көркемдік және мазмұн жағынан, көп айтыстан оқшауырак тұратын айтыс Әсет Найманбайұлы мен (1867—1923) Ырысжанның айтысы.

Бұлар айтысындағы ерекшелік — екеуі де бәйгеге тек өздерінің ақындық өнерін қосады. Ел, жер, бай жуандар, рушылдық таластардай тартыс мұнда жеңіл дәлелі ретінде ауызға алынбайды. Әсет «Топаниның тұра келдің тасқыныпа, Тасығап Ніл дарияның басқыныпа...» деп, қыз алдында өзінің ақындық күшінің астам

екенін елестетеді. Бірақ ол өнерін қанша шарықтатқанмен Үрысжан қымсынбайды. Сенің өрең жетпейді:

Жіңішке бойың нәзік қылдырықтай,
Сүйтсе де сөзің ұшқыр бұлдырықтай.
...Қызығып қыз екен деп далбаңдама,
Тұйғының жемін қуған кезқұйрықтай,—

дейді Үрысжан. Қолы қысқа Әсептің шалбары далба-
дұлба болса керек.

Үрысжан мұны жанап өткенде, Әсет бір киерінің
барлығын және ескісіз — жана, жамансыз — жақсы бол-
майтынын айтады. Сөзбен, ойды-қырды шолып отырып,
бір соғып өткені болмаса, киім жыртығын ер бетіне шір-
кеу қылайын деген ой Үрысжанда жоқ.

Ку бала-ай, сез табасың не керектен,
Қай сөзің дәл тиеді зеңбіректен.
Олай десен қасыма қорғанбай кел
Танимын ер сүйегін кебенектен,—

дейді қыз.

Топ алдында талай шекісіп, төселіп алған Үрысжан
қасына келген Әсепті тағы да ажуалап, құтың қашыр-
мақ болып байқайды. Бірақ оған Әсет те мойымайды.

Әсептің ашық жарыста алдырмайтынына көзі кеткен
Үрысжан жұмбак сөзбен тор құрады. Әсет жұмбакты
шеше отырып, заманындағы әкімсұмактарды мейлінше
масқаралайды. Елубасы — құзғын, старшина — қанға
тояттаған қарышға, онбасылар — күйкентай. Эркім әлі-
не қарай жүгіреді. Күйкентай — тышқан ауласа, онба-
сылар — тиын аулайды дейді.

Қыздың екінші жұмбағының өрнегі — адамның мұ-
шесі. Адамның он екі мұшесі — жомарт табиғаттың
қымсынбай тартқан сыйы. Адамның от жанарлы, қы-
ранды қырғы көзін, сергек тынышы — құлағын, нәзік
арналы қан тамырларын Әсет сөзбен суреттеп, шешіп
береді. Қыздың төртінші жұмбағында жаратылыс —
әлем түйінделген екен. Табиғаттың таңырқарлық келбе-
тіне лайық тамаша бояумен, Әсет іркілместен бұл жұм-
бакты да шешеді.

Қыз риза. «Барабар сөзі теңдес адам болса, көніл-
дің тарқамайма қайғы шері» — деп, Біржан айтқандай
Үрысжан:

Бағыма бұлбұл Әсет болған ақын,
Кім сөгер Орта жүздің қолқанатын.

Сөз көшесін қыдырған көрегенсін
Жерің жоқ бір кідіріп толғанатын,—

дейді.

Ырысжан да мін тағарлық емес — асыл туған жан.
«Әйслдің көрдім сондай бағлан герін» — деп Ырысжан сөзінің ішін Әсет те сүйсіне бағалайды.

Әсет пен Ырысжан айтысы — жарыс айтыста өзгеше бір арина. Бұл, кездесіп қалған қыз бен жігіттің жеңіл-желпі шекісу емес, екі елдің сайлап кездестірген ақындарының нағызың ақындық тапқырлықта жарысқан іргелі айтысы. Жұмбақ және шешу арқылы ақындар, елді жеген әкімсұмактарды халықтың сыншы санамен әйгілейді. Бұл тартыс ру таласы емес, шешендік шеберлік өнерінің халық сүйетін айқын жарысы болғандықтан, өлеңдік құрылышында мазмұнына сай, көп көркемдігі бар улгілі айтыс болып шыққан.

Қоғам құрылышының бір саласы, ел басқару жұмысынан көрінеді. Әлеуметтік санасты халық тілегімен қабысқан ақындар, бұл жайға көп көңіл бөледі. Сырдан Орға іздел барып, Жағалбайлыдағы Ақсұлу қызбен кездескен Кеншімбайдың айтысында да тың тақырып бар. Ол айтыс, патшаның елдегі қолшоқпарлары болып отырған болыстардың халыққа жасап жүрген қиянатын әшкерелейді.

Жапастың Нұреке, Жұсінбек, Әлім деген болыстары Сүгір мен Батыrbайды нахақтан үстап айдатыпты. Жағалбайлы әкімдері де жетісіп түрған жоқ. Қапан болыс Боранқұлдың бес баласын бірдей ұлыққа кінәсіз үстап беріп жазалайды.

Өзі өлссөн жақсылардың аты қалған,
Жазылып молдалардың хаты қалған.
Білемін Дербісалы, Есқожаңды,
Шендерін ер күнина сатып алған,—

дейді Кеншімбай. Бұл, халық атынан айтылған қатты сын. Уstem тап өкілдері болған зорлықшыл ұлықтарды көпшілік алдында масқаралап таңбалау.

Елді бүлдіріп, ірткі салып, жазықсызға жала жауып айдатып жатқан жауыз болыстар қай жерде болса да бар. Сондай ел тірлігіне әлек салып жүрген бұзық әкімдерді Әсет пен Ырысжан қосыла масқаралайды. Ырысжан жұмбагымен, Әсет шешуімен шенейді.

Ал, Кеншімбай мен Ақсұлу сондайлардың аттарын

атап беріседі. Ақындар еліндегі болыстардың масқара-лығын өз тартыстарында бірін-бірі мұдірту мақсатымен қолданады. Айтыстың салмағын, әлеуметтік тірлігіндегі сорақы мінездерді қазбалауға аударады. Сондыктан, Кеншімбай мен Ақсұлудың болыстарды кезекпе-кезек жамандauы — бүкіл болыс атаулыға қарсы айтылған катал үкім, қоғамдық-халықтық қатты сын болып шығады.

Қоғамдық-халықтық бағасы зор, талтық мұддесі ай-қын және тарихтық орны ерекше болып шыққан, қазақ фольклорындағы ір айтыс Жамбылдың айтыстары.

Ұлы Октябрьден соң, социалистік отанның алып ақыны болып шыққан Жамбыл өзінің революциядан бұрынғы ескі айтыстарында да, еңбек елімен өзінің тағдыры, арманы бір екенін танытады. Оның айтыстары халық қостаған ерлікті, елдікті дәріптейді. Елді жирентетін нәрсіз, құнсыз арам жуандық, обыр байлықты Жамбыл да жиренішпен шенеп маскарапал отырады.

Өзімен айтысқан көп ақынды Жамбыл женгенде, сондайлық қоғамдық, талтық халықтың ойы, санасы бінк болғандықтан жеңеді. Жамбыл айтыстары өткен ғасыр ішінде айтылған ескі айтыс болса да, халық ұмытпай сақтағ қалған. Неше буын жас ақындар жаттап өсken. Өздеріне жол, өрнек етіп алған. Сонда, әсіресе Жамбылдың күші, артықшылығы шын халықтық таза өнерді туғызуда екенін біліп бағалайды. Сол сырны аңғарту үшін Жамбылдың айтыстарына токтайық.

Ол Құлмамбетті немен жеңеді? Сарбасты неден жеңеді? Досмағамбетті немен тоқыратады? Аяқталмай қалған Шашубаймен айтысуда немен күшті?

Құлмамбет Жамбылға соктыққанда:

Болғанда жол агадан, тон жағадан,
Арлан бөрі соғады тау сағадан,—

деп, қара борандатып кеп, Албаның көптігі мен бай-лығын айтады. Жамбыл соған орай өзінің халық мүң-шысы екенін танытып:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Карымбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап шалықпай жөніңе қайт,—

деп, бір тойтарыс береді де, өзінің арманы не екенін танытады.

Берекелі елді айтам,
Ел тұтқасы ерді айтам,
Басымнан сез асырман!—

дейді. Осыдан кейін Жамбыл халықтың қадірлі асыл азamatы болып, заманның зор адамдары болып шыққан саналы ерлер — Сұраншы, Саурықты жыр етеді. Бірақ Құлмамбет бұған тоқтамай, тағы да байлышын айтып кеп, оның үстіне Саурық пен Сұраншының өлімі арқылы Жамбылды табалағысы келеді.

Секендеңен серкенің ажалы деп,
Саурық пенен Сұраншы жаудан өлген,—

дейді.

Айтыста жеңу, жеңілу өлең таппағаннаң тумайды, жүйеге, жолға жеңілуден болады. Құлмамбет жаңағы сөзімен өз үнімен өзі айтып, сағарынан ілінеді, қазасына жетеді. Оның қазасы мен үкімін Жамбыл айтқанда былайша тойтарып түйеді.

Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген,
Халқы үшін шайт болып жанын берген.
Елді қорғай өлгеннің арманы не
Кажылық қып кетті де Максұт аған,
Ағайынмен ұрысып даудан өлген,
Шапырашты, Дулаттың бәрі күэ.
Шытыр жеген өгіздей аунап өлген,
Мақтаған байларыңың онғаны жок
Төрт бұрышын төңіректің жалмап өлген,—

деп, Құлмамбеттің қанатын осылайша жүйеге жығып қырқады.

Сарбаспен айтысында Жамбыл екінші бір зор сапаға ауысады. Онда Жамбыл үш кезең жауап айтып, Сұраншы, Саурық үшеуі туралы, үш тамаша дастан да жырлап шығады.

Қөп Дулаттың баласы
Рас сенен аз едім,
Аз да болса батыр ем,
Топты жерге барғанда,
Саулап тұрган сез едім,
Жаулы жерге барғанда,
Атамын деп оқталған,
Кек бөрен болат кез едім,—

деп, елдіктің ішінде елдік барын айтады. Сапалы елдік, қор болып көшкен көптік пен барлықтан, намысты, қа-

сиетті болған аздықты артық дегізеді. Бұл ақынды да Жамбыл жеңгенде арманы зор, алысты көретін, қасиетті адамгершілікпен, зор халықшылдық қасиетпен жеңеді. Мұны да жүйеге жеңеді. Және сонымен қатар білімге де жеңеді. Ақындық сынның бір қанаты білімділік. Бұл жерде Жамбыл сол сапасымен де озып, алға шығады. Ол көп алдындағы ірі ақындардың сүре айтыстарындағы ірі дәстүрі еді. Сол өнерін Досмағамбетпен айтысқапда Жамбыл және де ағыл-тегіл, төге көрсетеді.

Пірім бар жыр нөсерін аспанға атқан,
Сұнкардай саңқылдаған ер Сүйінбай.—

деп бір кетіп, өзге де өзінен бұрын өткен ірі ақындардың аттарын атап кеп, солардың ішіндегі өнерпаздарын сапайды:

Ілгері Шөже, Балта заманы да өткен,
Асекен, Бұқар жырау арманда өткен.
Солардың аруағы маған қонып,
Ел мұциң жырмен төгіп нөсерлеткем!—

деп, өзінің ел мұддесінің, елдік мұратының жолындағы ерекше саналы ақын екенін танытады. Досмағамбет молда ақын еді. Оның сол молдалығын Жамбыл халықты қанағыштық құлқыны жамандыққа сайып, мазақ етіп жерлеп кетеді.

Молда емессің соқырсың,
Зікір айтып зарлаған,
Жаназа оқып өлгенге
Підия алып жалмаған,
Шаригат жолы мынау деп,
Қараңғы надан халықты,
Көзді жұмып алдаған.
Қедей өлсе үйіне
Құңіреніп бармаған,
Аттана шауып бай өлсе,
Кирағаттап құранды,
Күні-түні сарнаған,—

деп, құнарсыз молдалыққа жалғасқан, нәрсіз ақындық, сиыр жорғалықты қабат түйреп, төңкеріп кетеді.

Міне, осы айтыстарының бәрінде де, Жамбылдың айтқыш ақындығынан басқа, азаматтық сапасы да бөлек жатады. Өзге татымсызды мактағыш, ел арманын арман етпейтін ақындардан иығы асып, өктем шығып отырады.

Бар айтысында Жамбыл ел қорғаны болған азамат-

ты арман етеді. Ел бағына туған ұлы азамат шықса, ел көзіндегі жасты тиса екен, хиял мекеніне жеткізсе екен, жаңа күн туса екен дегеннің арманы. Ол арманның екінші жағы, өз заманындағы байра, ұлыққа, қажы, молдаға, тәре, тілмашқа, болыс, биге ызалы, кекесінді болу. Құлмамбеттің байларын, Сарбастың жуандарын, Досмағамбеттің дін үгітін, Шашубайдың Байбұландағы саудагерін, Бақия, Барлыбектей шенді төрешіктерін Жамбылдың кісі құрым көрмейтіні сол.

Осындай алысты арман еткен, өзгеше келешекті көксеген Жамбыл Октябрьге жетті. Лениннің ұлы тұлғасын алыстан таныды. Өзінің айтыстарында көп ақындық арманында, аты белгісіз болып жүрген алыптарын, ұлы адам алыптарын көрді, көрді де жаңа туғандай жайнал қуанды.

Жамбыл мен Құлмамбет айтысында көркемдік жағынан көп өзгешелік бар. Бұл екеуінің сөздері ұзак сүре-жыр, монологтар. Әдеттегі айтыстарда әр ақын екіуш ауыз өлеңменен жауаптасып, сөйлесіп отырады. Ал, Жамбыл мен Құлмамбет айтысы, кең көсілген сүре айтыс. Олар бір бастап алған соң, ойындағысын түгел баяндап шықпай тынбайды. Соның нәтижесінде тыңдаушы екі ақынның арқа сүйеп отырған Дулат пен Албан елі туралы да көп дерек, көп мәлімет алады.

Айтыста өлеңдік түр төрт жолды, он бір буынды қара өлең көп болса, Жамбыл мен Құлмамбет айтыстарында 7—8 буынды терме әдісімен құрылған жортпа, төкпе, екпінді жыр басым келеді.

Терме жыр өлеңінде сөз өрісі кен. Мұндағы үйқасты оймен түйе, мағна салмағына қарай ақын ілгерілі-кейінді жылжыта береді.

Жамбылдың революциядан бұрын айтқан айтыстар үлгісі кейін совет дәуірінде өркендер, мол жайылған халық ақындарының жаңа мазмұнды айтыстарына аса жақын улгі болады. Құлмамбет, Сарбастармен айтысында Жамбыл да ескі дәстүр бойынша өз руы Шапыштыны көп айтқанмен, сол көне түрдің өз көлемінде де халықтық қоғамдық прогрестік жаңа бағасы бар тың мазмұнын табады. Арам тамақ байларды сынап, шенеу, елдік қасиеттерді бағалау, ел қорғаны болған зор азаматтықты қадірлеу Жамбыл айтыстарының бұқарашибалдық, халықтық сипаты. Совет дәуіріндегі айтысты дамытқан халық ақындары да осындай мазмұн-

ды социалистік дәуірден алып, ілгері үдетіп әкетеді. Бұ! жағынан қарағанда Жамбыл айтыстарының тарихтың үлкен мәні, орны бар.

* * *

Айтыс өнерінің көпке мәлім көрнекті ақыны Шеже. Оның айтысы ел есінде көп сақталған. Шеженің өз тұсындағы әлденеше ақындармен айтысқаны, көбінше тапқыр, жүйрік Шеженің жеңісімен біtedі. Сол айтыстарда бұған кездескен ақынның бәрі алғашқы қақтығыс сөздерін Шеженің соқырлығынан бастайды. Бұл тұста жарыс, бәсеке сөз бас мінеуден басталады. Қарсы ақынның бәрі де Шежені сонымен жасытпак, тұсамақ болады. Балта ақын Шежеге:

Өз сөзін дәл өзіце жең де, соқыр,
Ел кемітіп жүруің жең бе, соқыр?
Караёткел, Қекшетауды жеңен соқыр,
Түзеуші, тергеуші сен бе, соқыр?—

дейді.

Кемпіrbай Шежеге әкең Қаржау Жайықтың құлы, шешен күң деп:

...Жаралған екеуінен мұндар соқыр,
Дегенің сенің күндіз түн емес пе?—

дейді.

Тезекбай ақын:

Бұл жалғанда соқырға қайыр берме,
Танда маҳшар күнінде тайып кетер,—

дейді.

Қалдыбай ақын:

Жамандық ойлай-ойлай көзің шыкты,
Көзің соқыр болса да кеуден мықты,—

дейді.

Оқиды кожа, молда жазған хатты,
Құдайым кімге берген көз сипатты.
Бай баласы негұлсын сен мұндарды.
Мінеме, бай баласы соқыр атты,—

дейді Жамшыбай.

Сөйтіп, бір ақын Шежені мінеп, соқырсың дейді. Тағы бірі кемітпек болып, құлдан, күңиен тудың дейді.

Сондай ауыр сөздер төбесінен топ-тобымен түсіп жатса да Шөже мыз бақпайды, абыржымайды.

Мұқтасар сөзім майда тақтасындай
Бұхардың омырауым қақпасындай.
Қөзіме он жеті ақын түк қылған жоқ,
Сен қылармын деймісің қақ басыңды-ай!?

деп, бір ақынға, қияс, қыңыр-жауабын бір-ақ береді.

Шөжемен қарсы айтысқан ақындардың және Шөженің өзінің де көп сөздерінде ру таласы, бәсекесі, рушылдық, феодалдық сананың теріс мактаны да кездесетін мысалдар бар. Бірақ сондай қофамдық жағынан қайшылықтары болумен қатар, Шөженің үстем тап өкілдеріне қарсы айтқан қатты сын сөздері де көп болады. Халықтың жадында сақталатын, түрлі әкімдерді маскарапал шенейтін сөздері Шөженің атын, әсіресе көпшілікке қадірлі еткен.

Сондайлық сынышыл, өткір тұра сөзін Шөже Құнанбай, Алшынбай сияқты би, сұлтандарға да қарсы жұмсаған. Құнанбай мен Алшынбайды Шөже елдің қызылын жеп тояттап жүрген жыртқыш құстарға, құзғындарға теңейді. Қарекесектің бір асында Шөже, өлеңді Құнанбайдың соқырлығынан, Алшынбайдың таздығынан және олардың елді жеген паракорлығынан бастайды:

Болыпты бір ақсақ таз және соқыр,
Құрапды мысық сопы молдан, оқыр.
Болғанда ақсақ дария, соқыр қарға
Ортасын дарияның қарға шоқыр...—

дейді.

Мұнда Алшынбайдың Құнанбайды ұлық сайлатып, елді жегізіп отырғанын айтады. Шөженің сөзіне төзе алмаған Алшынбай, тұра сала қамшы жұмсайды. Бірақ Шөже өз дегенінен қайтпайды:

Япыр-ай, бұл немепе тарсылдаған?
Қаншық емес, тәбет кой арсылдаған.
Тепкілей бер, сабай бер — өлтірмессің
Ашуыңды бас, бірақ қалышлдаған.
Ақ серкесі Бошаниң Алшынбай таз,
Жаз шілдеде ушады ит ала қаз
Екі сөздің бірінде соқыр дейсін,
Кепнетің бар болса басыңды жаз!—

дейді ол Алшынбайға.

Таяқпен Шәжеден тендік ала алмайтындығын сезген Құнанбай мен Алшынбай: «Мұны сөзбен түқыртаяқ» деген оймен Балта ақынды шақырып алғып айтыстырады. Ашынып отырған Шәже Балтаға да есе бермейді. Жығылғаның үстіне жұдырық болып, Құнанбай мен Алшынбай бас көтере алмай қайтады.

Айтыс өнерінің ішінен өз алдына бір төбе болып орын алған Тезек төренің атымен байланысты айтыстар. Елдегі жемқор болыс, билердің бастығы болған Тезек төре үрлік қылдырады, нашарға жәбірлік істейді, тоң мінез, үрда жық, елге жағымсыз болады. Оның үстіне атадан қалған төрелік атқа сүйеніп, өркөкіректік істейді. Өзге ұлық, болыс дегендер де Тезек төреден ығып отырады. Тезектен тек ақындардың өткір тілі ғана жасқанбайды. Ол ақындар Тезектен ұлықтар туралы халықтың, көшіліктің шын ойын, сыншыл ойын айтады. Сол ушін Шәжедей қамши жеп жүрсе де, тура тілін тартпайтын өршіл, өткір тілді ақындар болған.

Тезектің үйінде Құлмағамбетпен айтысқан найманың Тубек ақыны Тезекті мысықтың қолына түскен тышқандай етеді. Басында:

Тезек төре, болдың мұсылманға,
Бас кеседі қылышың ұсынғанда.
Шыр айналған тересің тұлқі мінез,
Ақыл тауып бересің қысылғанға,—

дейді.

Тезектің сырттан келген жауға қарсы тұрар не күш, не батырлығы жоқ, тұлқіше бұландалап, айламен күнелтүге түскенін осылай ашып алады да: «Бір бұттада қорғалап жан қалғаным»,— деп мысқылдан есіркейді. Түбектің бұдан арғы сөзі де Тезек төрені жарылқамайды:

Аман-есен жүрсің бе, Тезек төре,
Елдең жылқы қоймаған, кезең төре,
Күні-түні жегенің үрлік еті,
Ақыретке барасың не деп, төре?
Зар жылатып кедейдің малын жейсің,
Кудай сұрап төреден сұрамай ма?—

дейді ол.

Басында: «Оза шауып олжа алған кер маралым» деп көпіріп отырып, Тубектің төрені мұнша құлдыратуы, шындықтың сипаты.

Тезектің жырым жегендей азғындығын Сүйінбай

ақын да жеріне жете қазады. Тезектің үрлышқа аттандырыған екі жігіті найманнан жылқы ала алмай таяқ жеп қайтады. Тезектің өзінде де ақындық өнер бар. Ол жасыз қайтып және жарап болып қайтқан екі жігітті кінәлап өлең айтады. Неге қаштындар:

Патшаға түссең-дағы алар едім,
Бұл кунде тоқтататын мені кім бар?—

деп шалқып отырғанда, Сүйінбай рұқсатсыз үйге кіріп келеді. Хан ордасына рұқсатсыз кіргеннің ат-тоны айып-ка керек. Тезек күпініп:

Жалпы казак баласын тегіс жисаң,
Тезектің мына отырған жемі емес пе?!

Қара казак былшылдан не демейді,
Тезектің бір дегені ем емес пе?!

дейді.

Тезектің жігіттері Сүйінбайды жұлмалап киімін тонай бастайды. Бірақ Сүйінбай тайсалмайды. Мұның өлеңі де Түбектің өлеңімен сөзбе-сөз қабысады.

Ассалау мағалайкум, Тезек тәре,
Елде жылқы қоймаған, кезеп тәре,—

деп бастайды.

Төрені келіп едім көрейін деп,
Сәлемін пайғамбардың берейін деп,
Аттаңдырыған ұрысы қолға түсіп,
Хан ием отыр екен өлейін деп.

Хан Тезек, төремін деп дүрілдейсін.
Қожаны ак сәлделі — «пірім» дейсін.
Үйіңе Жылкелді мен Бопан келсе,
Қажы келген немедей күлімдейсін,—

дейді.

Бопан мен Жылкелді Тезектің ұрылары. Тезектің тіршілік амалында Сүйінбай әшкерелемеген қалтарыс қалмайды.

Айтыс ақындары кейде өлі мен тіріні, мал мен адамды, аң мен адамды, ақын мен домбыраны да айтыстырады.

Өліп жатқан Ақбала қыз бен Боздақтың айтысы, Түйе мен Майлықожаның айтысы, атығай Тоғжан ақынның домбырамен айтысы — барлығы да айтыс жаңрының тың түрі болады. Айтыс өлеңді сүйетін домбыра

мен ақын сөздерін екі ақын айтысып отырғандай қабылдайды. Тоғжан:

Домбыра екі ішекті қарағайым,
Саумысың, нендей күйде сенің жайың,
Үш күн көрмей сағынып қалған екем,
Мойның бүр, тілдің майын ағызайын,—

дегенде Добыра:

Мен саған тұрғаным жоқ болып ынтық,
Қылмақпысың сен мені тағы мылтық.
Қояр кезің жетті ғой есің болса,
Ерте-кеш күніренбей кеуден жыртып,—

деп, таласқа түседі, ақырында Тоғжан өзінің домбырасынан жеңіліп тынады.

Ақындығына сай оқуы, білімі бар ақындар айтыстың өзін ауызша емес, жазбаша түрде жүргізетін де болған. Мәшіүр Жүсіп, Нұрғожа, Шәді, Нұржан Наушабаевтар халыққа қадір болған айтыс үлгісін жазба айтысқа қолданған.

Түркстаннық Жәнгірұлы Шәді (1865—1931) жасы орта шамадан асқанда Сыр бойының ақын қызы сұлу Манатқа өлеңмен хат жазады, екеуінің кезек хаттары үзақ айтысқа айналады.

Хат жаздым қалам алып Манат жаңга,
Жүзіңе жүрттың бәрін қаратқанға,—

деп бастап, Шәді:

Тәреңнен әлде болса күдер үзбе,—

деп тынады.

Манат жазба түрде жауап қайтарып, өмір думаның қызығы төренің басынан өтіп кеткенін білдіреді:

Басында рас сұңқар болғаныңыз,
Толықсып дариядай толғаныңыз,
Кетілті жер ортадан жасың асып,
Томарға қартайған соң қонғаныңыз,—

дейді қыз.

Көңлін жасқа бергісі келмей отырған Шәді:

Тимей ме жүзге келген елу жасқа
Алса да алпыстағы тіпті қашпа,—

деп тағы хат жазады. Бірақ Шәдінің хиялынаи ешнэрсе шықпақ емес, оның жолы болмайтыны — кәрілігінің үстіне кедей екен.

Баласы бұл Жәңгірдің өңкей жарлы,
Өлеңмен мал табасың сатып арды,—

дейді Манат. Топтағы малы болмағанмен кедейліктің құлдығына түсірмейтін асыл қазнасы бар екенін Шәді былай сипаттайды:

Алатын хан қарадан өлеңім бар,
Молдалық, диқаншылық өнерім бар.
Осы күнде әрқайсысы бір теңгелік
Тоғыз жүз шамасында терегім бар,—

дейді ол.

Көз жазбай балапандай мәпелеп өсірген терек пен диқаншылық еңбектің қадірін білетін Шәдіге құнды болғанмен қыз оны елтифатқа алмайды.

Бұл малмен жете алмайсың талабыңа,
Ағашты дүнне деп қарап қылма,
...Айтуға аяқты мал таппаған соң,
Мал қылыш терегінді санадың ба?—

деп сөгеді Манат Шәдіні.

Ауыз айтыстармен салыстырғанда бұл айтыстың бірсызыра табиғи өзгешеліктері бар. Шәдінің сөзі орынды, салмақты, сыпайы, өлшеп пішілген. Заманың ауанымен қыздан еркек артық деген пікірді баса айтқаны болмаса Шәді басынан аяғына дейін қыздың көңлін өзіне тартам деген нық нысанадан бетін бұрмайды. Бір желіден аумайды, ауызша айтыстағыдай ауа жайылыш әр жәйді өлең қылмайды. Жазба айтыс адамның ой-өрісін кеңітерлік тарихи, мәдени мағлұматтарды да ала келеді.

Қазақ фольклорында даңқты болған, мол жайылған айтыстың бірі Біржан мен Сараның айтысы, өзге көп айтыстардан ауыздан ауызға көшіп жүруден басқа, бұл айтыс бірнеше рет кітап болып та басылды. Ақындық

көркемдік, көлемділік жағынан қарағанда Біржан мен Сараның айтысы қазақтың ауыз өнерінің үлкен мұрасы.

* * *

Біржан мен Сараның айтысы болған жоқ, болса сақталмай қалып қойған бұл айтысты шығарушы Әріп ақын деген де пікірлер бар. Бұл қате пікір. Анығында Біржан — Сараның айтысы болған. Бірақ дәл қалпында, толық күйінде, алғашқы айтысқан жердегі қалпымен түгел сақталған жоқ. Кейін көпшілікке өз редакциясымен айтып беруші Сара болады. Олай болса, ең әуелі бұл айтыстың көп көлемінде, мол еңбек етуші Сара болады. Ал, кейін сол Сараның айтқаны да көпке шейін ауызда жүреді. Қөп айтуши ақындардың аузынан өтеді. Сол тірлігінде, хатқа түскенше бұл айтыс көп өзгерістер көреді. Осындаі айтушының және ең алғаш хатқа түсірушінің бірі Әріп болады. Әріп өзі ақын және қазақша, орысша оқыған адам. Ақындығы, шешендігі, тапқыр тілділігі бар ірі ақынның бірі. Сол Әріптің Біржан — Сара айтысына, кейінгі айтушының бірі дәрежесінде ат салысқаны анық. Бірақ бар айтыс Біржан — Саранықі емес, жалғыз ғана Әріптікі деген пікір теріс. Осы айтысты ең алғашқы хатқа түсіруші де Әріп. Революциядан бұрын баспаға беруші сол Әріп хатқа түсірген Біржан — Сара айтысын бұлжытпастан, өзгертпестен береді. Сөйтіп, бұл айтыс айналасында жүретін ғылымнан тыс, теріс пікірлерден фольклордың бұл мұрасын арылтып ұғыну қажет. Сонда бірінші теріс пікір, Біржан — Сара айтысы емес, Әріп шығарған айтыс деген сөз болады. Екінші, теріс пікір, Әріптің бұл айтысқа ешбір қатнасы жоқ, ол бүндай өлендер шығара алмайды деген пікір болады. Анығында негізгі шығарушы емес, бірақ өзгеше қоспалар қосуши, соңғы айтуши Әріп болғаны рас. Бірақ ол хал, айтысты. Әріптікі ете алмайды. Қайта барлық бізге жеткен ескі айтыстардың бәрінде де хатқа түсіруші, соңғы айтушының өзіндік

азды-көпті қоспасы барындағы бұл айтыс турасында да сол фольклор болмысындағы жалпылық мәлім жайды білдіреді.

Біржан мен Сара айтысының басқа айтыстардан өз-геше болатыны — мұнда белгілі бір тартыстар жеріне жете талданумен қатар талай ірі мәселенің іргесі қозғалады.

Айтыстың бас тақырыбы әйел тенденгі, әйел бостандығы, ал соған жанасып жарысып жатқан әлденеше салмақты, тың тақырыптар да бар. Бұл жағынан алғанда, айтыс толғамы кен, адамгершілік жеке адамның тағдыры, бақ, ақындық әдет, салт, шаруа, кәсіпптер, жер, қоныс сияқты мәселелердің бәрін де Біржан мен Сара сарапқа салады.

Айтыс — майдан, айтысқан адамдар майданың жеке-жектегі батыры. Жену үшін нелер қатты шабуылдар жасалса да мін емес. Сондықтан, Біржан Сараға басында сөз наизасын қатты сермейді. Эйткенмен Біржан Сараның қара басын олқысынбайды, қорламайды. Біржаның бағалауынша Сара — осы тұстағы адамның артығы. Оны елі үлға балап сөйлетіп отыр, ол бір ортаның бұл-бұлы — құсы, сөйлер сөзге жаңнан артық «тыста тындал тұрған жан оның даусын фортопиян күйі деп ойларлық», «айбаты ғаламға айқын ай бедерлі», «Сара асыл, оны дүниеге сатуға болмайды».

Осы қасиеттердің бәрі бір Сараның басында болған соң Біржанның үш жыл үдайы құмартуына таңырқауға болмайды.

Алдына жан салмаған Біржанға Сараны да жену мұрат. Бірақ ол Сараны көруді, тілдесуді, сырласуды арман етіп келеді. Сараны жеңетін жағын ол ерте болжайды.

Ои бір кісі жолдасты ертең түсте,
Біржанның қарық боларсың олжасына,—

деп алдын ала Сараны ықтырмак болып, сескендіре сөйлеуге тырысады. «Ұлға балап» сөйлеткенмен, Біржан өзі-

не сөзі тендер, барабар деп айтысқалы келе жатқанмен, Сара басы есекке қосақтаулы. Ол Жиенқұлдай өзінен кем адамға сатылып қойған. Жалпы қазақ әйелінің ауыр халі Саралың басында дерттей төніп түр. Бұл күндік, еріксіздіктен ол құтылмақшы емес. Ендеше дәл осы жерден оның жепілетіні даусыз.

Бірақ Біржан салған жерден Жиенқұлға жабыспайды. Әуелі Сарамен өнер жарыстырады. Өлер жерің осы ғой деп Біржан талай түйіліп келгенде, Сара тойтарып тастап, аспанға шарықтай береді. Он ақынды ескермеген Біржанның асқақ көңліне Сара қадалған оқтай тиеді. Салмақтасып келгенде екі ақынның күш қарқыны қаралас сияқты. Амал не, Жиенқұлға келгенде үні шықпаған Сара жеңіліп, Біржанға жолын ұсынады.

Тартыс майданы бітіп, жай-жапсарды сөз қылған Біржан, Саралың мүшкіл халіне налиды:

Шырагым Сара, сендей тумас бала,
Шежіре туармысың мұндай дана.
Обалың Есімбек пен Тұрысбекке,
Жіргітің жөндеу екен, ой бишара!
Ел-жұртың қорықлады екен көз жасынан,
Қынп кеткім келмейді мен қасынан.
Кемітер қай жерінді душпан шіркін.
Адамзат озар емес өз басынан,—

деп Біржанның өз айларын түйе келіп бергені зор баға болады.

Тендер есесін ұзак айтыстың бұл тұсынан Біржан наандықтың қара күш, қатал зорлығына сыншы би болып, төрелік айтады.

...Законде зорлық болмас жақсы адамға,
Жақсыны қор қып болмас бір жаманға,
Және де аят пenen хәдисте бар,
Жылатып берме деген еш наданға.
...Байлаулы бала құстай Сара сорлы,
Жоқ екен осы күні бұдан жаман,—

дейді.

Әйел тендерін, жастардың бас бостандығын Біржан жиын алдына үлкен әлеуметтік талап етіп тартады. Бұл

айтыстың түйіні осы болғанмен көп жерінде ру таласы да бар. Ол тұстарда екі ақын да рушылдық-феодалдық санадан аса алмайды. Екеуі де руларын мақтау үстінде, сол замандағы үstem тап өкілдері болған, зор әкімшілік, байлық иесі болған және халыққа көптен-көп қанаушылық қысымшылық қиянат жасаған шонжар ру басыларды, әкім төрелерді көп мақтасып кетеді. Айтыстың бұл бөлімдерінде Біржан, Сара айтысы ескі рушылдық-феодалдық санадан ұзап шыға алмайды.

Айтыстың егес, тартысы үстінде оқта-текте әкім жуандарға айтқан сын сөздерінен шығып Сара:

Ей, Біржан, шыдамаймын қылығына,
Мақтаңба Құсбек, Сартай ұлығына.
Үстіне Жамантайды сомдал қоссаң
Барактың пар келмейді сынығына,
Устаған тобықтыны дуре соғып,
Аққан қан ат суарған тұнығына,—

десе де, өзге көп жырларында екі ақын, өз руларының бай феодалдарын көпіртіп, көтеріп, сынсыз түрде, тарихи шындыққа қарсы дәріптей береді.

Ру таласының тұсында Біржан қақпақылдан отырып Сараның Найманға арналған мақтан сөзін түгел сарықтырады. Сейтіп, жүйеге жығатын жерін мықтап үстайды. Найманның жақсы-жайсандары Сара мақтағандай-ақ болсын. Бірақ, солар бетке ұстаған Сараны теңіне бермей, есекке қосақтаса, олардың асқындығында не игілік бар. Найманның бар ұлығын қорғап, мақтап отырған Сараны Біржан осы түйікқа әкеліп қамағанда, қыз жүйеден ұтылып, тұрып қалады. Ақындық өнер, өлең жарысында тең түсіп отырған Сара Біржанның жетелеуімен торға түсіп қалғанын байқамай да қалады. Біржан оны ақындық өнері асқандықпен жеңбейді, шебер, тәсіл асырумен жеңеді.

Біржан — Сара айтысындағы ерекше зор бір қасиет мұнда ақындық, көркемдік теңеулер күшті. Сол образы мол көрікті шебер өрнектер Біржан мен Сараның өздерін бейнелеп сипаттауға, ақындық қуатты суреттерге арна-

лады. Сондай тенеу, бейнелеуді тізсек мынадай болып шығады.

Біржан — «орта жүздің сайраған бұлбұлы», «жер шаршысын болжаған майталман», «сөз бедері алтын менен күмістің нақысындай», «жерге түспейтін мұзбалаш, ақының», «алқымы ісіп, тынысы тарылмайтын арғымақ», «өлең жаттап ғаламға машһұр болған», «орта жүзді сандалтып әнмен қырған», «тоты құстай құбылады», «тұмарлаған жібек жалды арғымақ», «нөсерге өшпес жалын», «алмас кеспес болат», «аспандағы аққумен ән қосады», «қасқырдай таймас қанды көз», «Алтайдың мергені», «ақмарал құтылмайды», «әні он екі звот», «өлгеніңше есінен кетпейді», «Қырымға қарайтын қыран құс», «тұяғы тиген қасқыр оңбайтын ақының», «алдына жүйрік түспес тұлпар», «Рұстем дастандай өнерпаз адам», «менгеріп ала алмайды, қашан өлгенше, жүрген жері күнде той, күнде жиын болатын ел думаны».

...Сен дағы жас күніңнен ардагерсің,
Құрбың мен жеткізбеген құрдасыңа.
Бейне гармоң даусындаі көмейің бар
Әніңнің қазақ жетпес бұрмасына.

Сара — «бәйгеден күнде келген жалғыз қара», «адамның жүйрігі», «жел сөзге одан епті адам жоқ», «он үште домбыра алған екен, содан бері сүрінбеген», «шаршы топта Біржан әнді дауылдатып тұрғанда, жасқанбай да-лаға шыға келгенде, жиналған жұрт таң қалып қарайды», «қыз да болса елі Біржанға балайды», «екі жүзді наркескен», «қамысты терең көлдің қаңғыған қаршығаға ілдірмес сұқсыры», «өленді Самарқан жібегіндегі ағытады», «үйрек боп тереңге шомумен қатар, ақының болып түлеп ұшып, қарсыласқан топшысын қанатымен сындырады», «сөз жезін алтындаі қылыш келістіреді», «шеберден мін алатын мініскер», «желді күні дуға салса, ақын түгіл ұшқан құс та ілескісіз».

Өз бейнесін Сара былай сипаттайды:

Өз басым үрғашының қызыл тілі,
Иранбақ бет бітісім піскен гүлі,
Біржан сал, ажал айдан өзің келдің,
Іздеуге ойланып ем өткен жылы.
Майысып нәзік белім бұраң қаққан,
Қырық түрлі дана кеудем өнер тапқан
Сейлесем май тамызған бұлбұл тілім,
Секілді ғарнап сағат нақыс жапқан.
Ажымсыз он саусағым бері аппак,
Болғанда аузым сағат, ернім қақпак.
Кірі жок отыз тісім меруерттей
Ерінбей тіздіргендей адам затқа-ак.
Мойының сүңғағындай жүзген құдың,
Лебізім шырынындай шәрбат судың
Қаққанда тәңкөрлген қас бітімім,
Ашылған айбатында жібек тудың.
Тамағым жас баланың білегіндей
Иығым тік сандалдың тірегіндей.
Бет алдым қоңыр қаздың кеудесіндей
Тал бойым жолбарыстың жүргегіндей.

Басында жамандасып, сейлесеп-шекісіп барып, бірін-бірі затын тани келе ұғысқан, тоқтасқан Біржан мен Сара әр заманның сап алтындаі асылы бар дейді. Олар айтысының түп мазмұны бойынша ақын әділдік, адамгершілік қорғаны, қамқоры болу керек. Соның белгісі айтыстың басынан аяғына дейін ұзақ желідей болып созылған әйел теңдігі, бас бостандығы деген мұdde, арманға саяды. Бұл айтыстың, жоғарыда көрсетілген идеялық салт-саналық жағындағы ескішілдік, кемшілік, қайшылықтарымен «Адамшылдық арың мынаған не үн қосады» дегендей әркімнің жанына батар осындай қоғамдық, тарихтық маңызы да бар.

XIX ғасырдың аяқ шенінде, XX ғасырдың басында қазақ ақындарының Бұхарада, Ташкентте, Түркістанда, Қазанда оқып келгендегі жалпы айтыспен қатар діни айтысты ақындық жарыс салтына енгізеді. Осының әсерінен кейбір ақындар, діншілдіктен емес, айтыста алдынан шығарлық жұмбаққа, дін жұмбағына мұдіріп қалмау үшін, дін жөнінен, шала-шарпы білім жияды. Атығай Тоғжан ақын жасында оқыған діни білімі айтысқа жеткіліксіз болғандықтан мосқалданып келгенде, бір жаз бо-

йы молдадан ислам дінінің шарттарын үйренеді. Сөйтіп, қаруланған Тоғжанға ақын қызы:

Аргы атам Есеналы — Бәйтелі екен,
Кедейдің тон қылғаны тай тері екен.
Соқыр Тоғжан сумандап сөз бермеді,
Кел, бұған ғылым айтсам қайтер екен?—

дегенде, ол іліп ала жөнеледі:

Сен айтсаң, мен де айтайын оқыманы,
Сарт қауаша киеді тоқыманы.
Ала жаздай молдадан оқып едім.
Саган оқу тапласам оқыман-ды.

дейді.

Өзінің ойы-қыры бірдей, қандай айтысқа болса да дайын екендігін білдіреді. Бұдан әрі «көкте неше жұлдыз бар», «жер дүние қалай жаратылған», «жерді кім көтеріп тұр», деп қыз сұрау беріп, Тоғжан бәріне де мұдірмей жауап қайырады.

— Мұхамбеттің көмегінен кім құр қалады?— деп сұрайды қыз ақырында. Қыздың әкесі несиеге орыс купецилерінен бұл алып, банкрот болдым деп купецике хабар беріп, бұлды елге салып, байлышы тасыған соң, Мекеге барып хажы қылған екен. Аңдаусыз сұрау берген қыз орға өзі кеп құлағандай болады. Өлер жерің қайсы деп андып отырған Тоғжан, қапы жібермейді:

Әкеце айт, үйден шығып Мәскеу барсын.
Көпестің несиеге бұлын алсын.
Артынан банкрот болдым деп хабар салсын,
Соның байлышымен Меке барып,
Мұхамбеттің қауымынан сол құр қалсын,—

дегенде, қыз үйден шығып жөнеліпті.

Тоғжан дін тақырыбында айтысқанда, жұртты дін жолына үгіттеу мақсатымен айтыспаған және өзі ешкімге діни сұрау қоймаған, тек өзіне сұрау қойып, жабысқан ақындарға исламның ережелерін, шарттарын бөгелмestен баяндап беріп отырған.

Қыз Болық пен Елентайдың айтысы да діни тақырыбына арналған, бірінші қадамиан-ақ Болық:

Ақын жігіт атанған Елентайым,
Өнерпаздың өнерпаз білер жайын.
Жауап бер, бір азырақ сөз сұрайын,
Әүелі не жаратты бір құдайым?—

дейді.

«Жер менен көк жаралды елден бұрын»,— деп Елентай жауап береді. «Не нәрседен бар етті жер мен көкті?»,— дейді Болық.

Е л е н т а й:

Құдайым әуелінде жер жаратты,
Дүниені ел сиғандай кең жаратты.
Болылты меруертер әмірімен,
Көбіктің тоғыз қабат көк жаратты.

Бұдан кейінгі сұрау, жауапты жерді өгіз, өгізді қара тас көтеріп түрғаңдығы айтылады. Санасы қырагы Болық шындыққа жеткісі келіп:

Бұларды ақылменен ондай ма екен,
Мүйізі ол өгіздің талмай ма екен,
Көк өгізді көтеріп түрған болса,
Қара тастың шамасы қандай екен?—

деп сұрайды.

Е л е н т а й:

Қазақтың оны білер баласы жок,
Ішінде көп оқыған данасы жоқ,
Дүниенің айналасы теніз дейді
Айтылған қара тастың шамасы жок,—

дейді.

Ал, тасты балық, балықты су көтеруге тиіс:

Ол балықты тұрады су көтеріп,
Суды мұнар тұрады бу көтеріп,
Бұрынғының қариялар айтқан сөзі
Болмаса келгені жок ешкім көріп,—

дейді.

Дінге ариалған айтыстың дінмен ынтымағы шамалы екені өзінен өзі көрініп тұр.

Ақын қызбен айтысып отырып қайтарған жауабында Жарылғасын қожа дүниенің жаратылысы жөніндегі дінні ұғымдарды өзінше білім санап, айтыс өлеңіне араластыра отырады. Сол өзінің діншілдік түсінігі бойынша ол жердің жаралуы жөнінде былай дейді:

Жарқынам, сөз сурадың киын катты,
Жел сөзбен келтірерлік көңіл шатты.
Сұрасаң, сұлу Айқын, біз айталық,
Әуелі хак тағала тау жаратты.
Қызыл гүл тау ішінде бау жаратты.
Жаппар ғазым бір өзі ракым ойлап
Хак тағала ол тауға назар етті,
Тау еріп қорғасында болғаннан соң
Маужырап көбіктегі аспанға атты.
Кудайым сол көбіктен жер жаратты,
Ерумен түбіндегі қалған тастай,
Інжу, жақұт асылдан нұр жаратты.

Дін бар дүниені құдайдың «күн» деген жалғыз ауыз сөзімен жарала беріпті дейді. Дін атынан айтысқа арасын молдасымақ ақындар да бар. Олардың көбі ислам дінінің қараңғы, надан нанымдарын қайталайды. «Көк өгіз, нән балық жер тірегі», «көбіктің жеті қат кекті жаратты» деген дін өртегілері, сондай айтыстарға үнемі араласып отырады. Бұл айтыстар, шала молдалықтың «айтысы» сияқты халыққа сүйікті өлең түрін өздерінің діншілдік үгіттеріне пайдалану шарасы. Бірақ бұл алушандас айтыстар анық көпшілік халыққа, халықшыл ақындарға қадірлі түр болмаған. Ел есінде сақталмай, молдалардан жазуы түрінде сақталады. Айтыстарының ішінде көпке түсініксіз дін кітаптарының сөздерін кіргізіп, «жаппар ғазым» деген сияқты тіл шұбарлау да сол діншіл молда сүрәй ақындар әдеті.

Анық халықтың жұмбақ айтысында жаңағы діпшіл, діндарлық айтыстан бөлек, ерекше өткірлік, шеберлік болады. Жұмбақ айтыстың кейбір шеберлік түріне еліктірген, қанықкан жазушы ақындар да хатпен айтысуды әдет еткен. Осылайша, жазып алып айтысу түрінде: «Дайыр молда мен Мәшнұр Жүсіп айтысы», «Қожахмет пен Әубәкір айтысы», «Нұржан Наушабаев айтыстары» сияқты жазба әдебиет мұрасы болғандықтан, біз таза фольклор көлеміндегі жанрындағы айтыстарға оларды қосып тексермейміз.

Совет ақындарының айтысы

Жалпы адам баласының тарихында асқар асу болған
Ұлы Октябрь революциясының қазақ халқы үшін бергені
ұшан-теңіз.

Ұлы Октябрь революциясы ескіліктің темір құрсауынан босатқан қазақ халқының мәдениеті коммунист партиясының қамқорлығының арқасында өркендеп өсті.

«...Мазмұны социалистік, түрі ұлттық, бұқараны интернационализм рухында тәрбиелеуді және пролетариат диктатурасын нығайтуды мақсат ететін мәдениет» жасалды.

Бақытты жаңа өмірді жырлауда, социалистік мазмұнды жаңа тарих табыстарын жырлауда, халық ақындарының орны, еңбектері аса мол да, қадірлі болды. Қазақтың халық поэзиясының алaby. Жамбыл жаңа жүртшылық пен социалистік отан мұддесін жырлауға ерекше зор еңбек етті. Революциядан бұрын талай айтыста сан ақынның алдын ораған, топ жарған ақындар: Шашубай, Нұрпейіс, Доскейлер де Жамбылдан өринек алыш, өздерінің суырыпсалма ақындық өнер қуаттарын халық тілегіне бағыттады.

Жамбыл өз өлеңін совет жүртшылығына ұсынғанда:

Дегенде ұлы совет жыр ұсындым,
Жыр емес, жарқыраған нұр ұсындым...
Жырыңды досың болса күлдіріп айт,
Жау болса, жау тигендей бүлдіріп айт.
Жыр деген біреуге оқ, біреуге бал,
Дәл тиген ақ берендей жұлдырып айт,—

дейді.

Жамбыл сөзін досты күлдіріп, дүшпанды мұқатуға құдіреті кәміл етіп шырқады.

Кәрілік пен жоқшылық қатарымен аяғынан алыш мамырлаған Шашубай, ел бақытының күні туған жаңа заманда қайта түлеп, құлпырып кетеді:

Сексенде сері атандым сенбей жағым,
Мерейім үстем болды, артып бағым.
Ескі дос: өлең, гармонь қайта оралып,
Денемді кетті билеп тасқын ағып,—

дейді Доскейге ариған өлеңінде.

Анық халық тілегімен өздерінің тілек, армандарын бір қосқан ақындар қофам құрлысының өжет қайраткерлері болады. Бұрынғы өздеріне мәлім өлең түрлерін енді жаңа мазмұнмен байытып революциялық мазмұнда социалистік жаңа жырлар туғызады. Ескі халықтың түр, енді тың мазмұнды советтік өрнек, дәстүр жасауға жұмсалады.

Осы жолмен айтыстың да үлгісі, мазмұны, бағыты түбірімен өзгереді. Рас, кәзіргі айтыстарда да бұрынғы айтыстар дәстүріне ұқсас бірнеше белгілер бар. Мысалы мұнда да бұрынғы қалыптен екі ақын домбыраға қосылып, сұрыпсалма өлецмен майдандасады. Ақындық күштерін топ алдында сынға салады. Ауыз әдебиетке, есірепе бұрынғы айтысқа тән әдет, жол бойынша, барлық жарыс, тартыс, бәсекелерін тек алма-кезекінен, колмак-кол тудырган өлецмен айшықтап жеткізеді. Айтыс осы күндерде совет жұртшылығының колхоздағы ел сауығының ең асыл түрі. Айтыстың үсті қызық думаи, өнерлі өлең думаны. Ақындар айтысина қалың жұртшылық, қала мен колхозда түгелімен зор құрметпен бейіл береді. Оған да өнерлеген ел бағалайтын театрдай қарайды. Қызыға жиналышп, құмарта тыңдайды.

Бұл жайлардың барлығы айтыс жанрының, қай заманда болсын халық ортасында туып, сақталуындағы сыртқы жағдайы. Айтыс атаулы ортақ осындай ұқсастықтар совет тұсындағы айтыста да түгел бар. Бірақ, сонымен қатар тақырып, мазмұн, таптық, саясаттық санасы, мұддесі жағынан қарасақ, совет ақындарының айтыстары ескі айтыстан әлдеқайда терең, кең, озық та өзгеше. Мұнда екі ақынның талас, жарысы бұрынғы айтыстарда айтылатын жайлардан мүлде басқа. «Жақсының жақсылығын айтып шұрын тасыту, жаманың жамандығын айтып құтын қашыру» деген, үлкен ариалы мұратқа келгенде, совет ақындарының жақсылық тұрасындағы ұфымы, наимы, сын таразысы да өзгеше. Әлеуметтік жоғарғы зор санапы танытады. Мұнда жақсылық

жалпылама емес, ол еңбеккүмар, қорам қайраткері, өнер, білім тілін білген, советтік дәүірдің ардакты азаматы болады. Совет халқына еңбегі пайдалы, жұрт алдында жүзі жарқын адам болады. Ақынның арқа сүйері де бұрынғы ру, ата санау емес, айтатыны колхозы, ауданы, облысы. Сол өз колхозы мен аудандарында зор табыс мақтанышы болса, оны жеткізіп айттар ақындық өнері болса, айтysатын ақынның сапасы мен қуаты сонда.

Совет тұсындағы айтys-сынның, өзара сынның да өткір құралы. Шаруашылық зор науқандарды атқаруда, өзара мемлекет жоспарын жақсы орындау жөнінде бригада мен бригада айтysы, жалқау мен екпінді айтysы, жауыр көлік пен салақ иенің айтysы сияқты айтystың бәрі сын жарағы. Жер-жерде социалистік құрылystың екпінді қарқынына кедергі болар бөгеттерді кезінде жоюға арналған үміт құралы болады. Совет ақындары бұл жағынан қарағанда, өздерінің шебер, тапқыр айтysуларымен күнделік советтік, социалистік өмірдің көрнекті қайраткерлері болады.

Айтys әр заманда күнделік тіршілікке төтелей қатынасы бар жанр болатын. Халықтың ауыз әдебиетінің бұл қасиеті жаңа тарих жасаушы совет жүртшылығына өте үнамды, үйлесімді болып қабысты. Совет тұсында молайып өскен айтystың, колхозшы қалың жүртшылық арасында мол, кең жайылған аймақтары: Алматы, Талдықорған, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары. Бұл облыстарда айтys бұрынғы кездерде де жалпы көшшілік қолданылатын жанр еді. Сол дәстүр кеңейіп, енді қыз бен жігіт, кәрі мен жас кездескен жерде советтік ұлы мереке тойларда, жай сауық жиындарда көп айтystар бола береді. Сондағы ірі мағыналы айтystардың бәріндегі басым күй: жаңа өмір, жаңа дәуірдегі ел түрмисының әр түрлі көрінісі туралы болады.

Арнаулы айтystарда жарысқа түсетін атакты ақындар ғана емес, халық сауығында өз күштерін жаңа сарапқа салып журген жас талаптар да өз айтystарының

қызықты, қадірлі мазмұны етіп қофам мүддесін, совет патриотизмін жыр етеді. Бұрынғыдай кертартпа, рушылдықтың советтік айтыстарда ізі, елесі де жоқ. Еңбек елінің ырысы. Лениннің ұлы дәуірі орнатқан социалистік қоғам, Қазақстан, Совет Одағы бар ірі айтыстардың айны-
мас арқауы болып отырады.

Болмасты болғызып, алысты жақын қылған өнер-фылым адамының ой-өрісін кеңітіп, халықтың қазынасын молайты. Көркем қала, алуан өндіріс, асып тұған ерлер, сәнді салтанаттар бар. Бұларды айтыс таразасына тартқан ақындардың ой толғамы, көрер көзі қырағы, айтар тілі шебер келеді. Советтік айтыстардың өрісі ұлан байтақ. Бірақ сондай айтыстардың саны Ұлы Октябрь революциясы басталғаннан бері қарай сан үлгілер туғызғанымен, көптен-көп айтыстар жазылып хатқа түспей келеді. Совет дәуіріндегі айтыстардың да ең алғаш басталып, одан кейін үдең, молайып, кең жәйіліп келе жатқан тарихы бар. Айтыстар саны ғана мол емес, түрлері де әр алуан болып, дамып өсті. Сондай ерекше өсу, өркендеу кезеңдерін қысқаша шолу үшін, айтыстардың тұған ертелі-сонды мезгілдеріне, түр-түрлеріне қарап, бірнеше елеулі айтыстарды атап өтейік.

1922 жылы Семейдің екі ақыны Байзаков Иса мен Баймұратов Нұрлыбек айтысады. Ол кезде Нұрлыбек аүлда, Иса Семейде болады. Екеуінің айтысындағы жаңалық — бұрынғы айтыстардай ру таласы жоқ. Оның орнына қала мен ауыл жайларын бұлар тың тақырып етіп алысады. Иса қаланы жақтап, ауылды сынай, мінесе, Нұрлыбек ауыл еңбегін бағалаушы болып Семейдің қалың құмын мінейді. Қала мен ауылдың қоғамдық шаرعاшылық, саясаттық тірліктері қарым-қатнасын ашуға айтысушилардың ол кездегі білім сауаты жетпейді. Өйткенмен, айтыстың нәтижесінде қала енді елдік пен мәдени өмірдің кіндігі екені айқын аталады. Исаның ол жөніндегі сөздері үстем шығады. Бұдан сол 1922 жылдың өзінде-ақ советтік бағыттағы ақындардың әлеуметтік,

мемлекеттік мәселелерге беттеріп анық бүргаңдығын көреміз.

1932 жылы Шашубай қасқырмен айтысады. Аңмен, малмен айтысу тіпті өлі мен тірінің атынан да айтысу, бұрынғы айтыстың салтында ежелден бар әдет болатын. Ал, совет тұсында қасқырмен қарсыласқан Шашубайдың ескі түрлі айтысында жаңа мазмұн бар. Атың жеп қойған қасқырды Шашубай қақпан құрып ұстап алады:

Боз аттың құны үшін салдым қақпан,
Тұлпар ед су ішеген ылай қақтан.
...Жарлының жалғыз атын жегенінше,
Жауыз малын неге жемедің толып жатқан,—

дейді Шашубай қақпанды жатқан қасқырға.

«Қыржиған шал деп басынан кеп атымды жедің. Өкімет қадірлеп күн-түн сайын күшіме кіріп отырғанымды білмейсің бе?» деп Шашубай қасқырдың апшысын күрлады.

Бұл айтыста ақын қасқырмен құрғақ салғыласпайды. Ақынның арқа сүйегені үкімет, өз құдіреті жетпей бара жатса, кедейге болысатын үкіметтің қарулы күші оған болысып қамқорлық істейді. Совет жұртшылығы қадірлелеген шалдың малы содырлы сотқардың бойына сіңбейді дейді.

Бұл айтыста Шашубай ел малына ескілікті обырлық мінезбен қасқырдай шауып жүрген бай құлақты да мұқатады. Және онымен тынбай қасқыр сөзі қылғып кооператив мүлкін астыртын ұрлап қылғып жүрген, ескілік қалдығы сияқты арам ниеттерді де, халық ажуасын қолданып мысқыл етеді, олқылықты әшкерелейді. Совет мүлкіне жасырынып жүріп зиян етушілерді құлкі етіп, сынға алады. Халықтық мысқыл ретінде ақын өзі де тындаушыға әзіл етіп, ажуалай көрсетеді. Советтік мазмұн кірген айтыстың, түр жағындағы орны ерекше бір мысалы осы Шашубай айтысы деуге болады.

Қызылордалық Үкімбай ақын сары атан мен бригадирді қара байтал мен колхоз бастығын айтыстырады.

Колхоз жұртшылығын үйімдастырып бастауды міндетіне алған бригадир мен бастық ұқыпты болу шарт. Сол жөнде ең алдымен, жұртшылық мұлкі саналатын мінген көлігіне күтімді болып, басқаға үлгі көрсетуі керек. Колхоздасқан шаруалар тірлігіне, шаруа көлігін күту деген әлеуметтік талап еді. Осындаі мызғымас борышын орындауға салақ қараң жұрушілер де жоқ емес. Үкімбай айтысының мысқылына, сынына ілінетін сондайлар. Мойны ырғайдай болған сары атаң бригадирдің айбын ашып, бүйте берсе колхозда жер айдарлық көлік қалмайтынын айтады.

Арқасы ошақтай жауыр қара байтал ер сала бастаған бастыққа өзінің арқасын айғақ етіп сын айтады. Оның дауы мен дәлелі мойын бүрғызбастай орынды. Өзара сынның ең өткір, шебер түрі осы айтыс болады. Эр күйде бастық қара байталдан мұндаі сын күтпеген, өзінің ісі теріс. Ол айтар жауап таппайды. Шалдырмай шабуылға салудан байтал арыған, жадаулықтан жалынан да айрылған, күтімсіздік, қырсыздықтан арқасы ойылған. Сондай халық мұлкі қара байтал сейлегенде оның тілі ашы шығады. Бастықты сөзбен тұсал, адымын аштырмайды. Жеңіп кетеді. Қөлденең сыншидай емес, жәбір көрген көліктің, өзі болып айтқан сөз бригадирдің де, бастықтың да советтік өмір, енбек майданына әсерлі, пайдалы, қымбат бағалы болып араласқанын көрсетеді.

Бұрын үстемдік істеп, елге ықпалын жүргізіп қалған байлар, атқа мінерлер революцияның алғашқы жылдағында, совет тұсында да көпке дейін өзінің бұрынғы үстемдігін сақтауға тырысты. Тендік алған кедейге ырық бермей, әлі де өктемдік жасау жолында көп арпалысты.

1934 жылы Іле ауданындағы Өмірзақ ақынның айтуынан жазып алған «Бай мен кедей айтысы» деген айтыс, сондай тап тартысының кейбір көрінісін танытады:

Әй, кедей, қызыл тілді салма маган,
Қаһарымды тогермін енді саған.

Қай кедей тигізеді бізге тілін,
Қарсы келген кедейді отқа жағам.—
дейді.

Бірақ кедей оған жасқанбайды:

Кедейді, әй залым-ау, жамандайсың,
Кедейсіз қүнің қайда көретүғын,
Басыңды алып, қашып амалдайсың,
Құр тұрған қара қамыс сен курайсың,—

деп, байдың бұрынғы шалқуы, кедейдің табап ақы, маңдай тері екенін жұрттың алдында әйгілеп ашып береді.

Айтыс ұзаққа созылып, кедейдің сөзі шымбайына бата берген соң, бай төзбей, ұрмақшы болып қамшы ала ұмтылады кедей қымтап ұстаған шокпарымен байды басқа бір салып, қалпақтай түсіріп, атына мініп жүріп кетеді. Бай басы қан-қан болып, қала береді.

Бұл айтыс Совет өкіметінің алғашқы орнаған кезінде, кедейлердің өкімет жұмысына еркін араласпаған кезінде туған болу керек. Баймен айтысуға батырланғанмен кедейдің сөзінде «заман менікі», «әмір қожасы менмін», «сен зияндылығыңнан, арамтамақтылығыңнан аластасың» деген қайрат ызғары байқалмайды. Қайратқа мініп бай қамшыға жармасқанда, кедей ет қызыумен шокпар жұмсап жіберсе де, байды айдал шықпайды.

Совет түсындағы айтыстың сынына ескі өмірдің соракы салтының бірі қос қатын алу да түседі. Совет заңы әйелге ермен тең ерік берді, қос қатын алушы тыйды. Өз басында жағымсыз жаңалықты қалт қылмай естіп-біліп жүретін қос қатынды Есмақан деген «жаңа» лақапты естіп, бәйбішесімен ақылдасады. Екеуінді қатарымен маған қоймас: «...Лайық Айшакұл ме, маған сен бе»— деп сұрайды бәйбішесінен. Бұл айтысты совет ақыны мысқыл, сатира түрінде байды мазақтап, ескішіл тогышар шалды ажуалап шығарған.

Қәрілік иყқтап, буынына діріл кірген Есмақан тоқалға масыл болып, күп кешпек. Соны ацгарған бәйбішесі:

Ақылың кеткен екен мүлде сенің,
Жағдайың жас қатынға мәлім сенің,

Өзіңмен жастайынан өскен бірге
Бұрынғы жақсы емес пе кәрің сенің,—
дейді.

Шалдың көңілі бәйбішеп епте, сырмалап, сыртқа
тебү.

Іргеңді бөлек салып отыра бер,
Кім біліп іш құлқынды жатар сенің,—

деп алдаусыратады. Бірақ оған бәйбіше мойындамақ
емес. Есқі жолды қартаң байлардың революциядан соң
бұрынғы үй іші қалпын сақтап қалуға тырысып, екі әйе-
лін алдастырумен бұрынғыша ұстап қалуға тырысқаны
ашық. Айтыс ол жағынан да сорақы шындықты, кесір
салтты әшкерелеп отырады.

Шал өз дегеніне көнбей отырған бәйбішениң кәрілгін
аயып етіп, мойыннатпақ болады:

...Жырманың бессеуінде Айшакұлім,
Елуде қыжрайған түрің құрсыны,—

деп қорлайды.

Бірақ бәйбіше кемпір болса, Есмақан қураған шал,
«жырылған, сүрінгенге күлед деген» деп бәйбіше күйеуі-
нің күлкілі трагедиялы халін сарапқа салады. Сөйтіп, бұл
айтыста ескіліктің жақтаушылары, өз бастарындағы қо-
ғамдық мінді, өз ауыздарымен, жұртшылық сынына әй-
гілеп береді. Құлқі күйлер өзін өзі әшкерелеуде советтік
айтыста аса қонымды, өткір, қызық жанр болып шыға-
ды.

Жамбыл облысы, Красногор ауданындағы Қирас кол-
хозында әйелдер күніне арналған мерекеде Зейнеп пен
Сұлубике айтысады. Зейнеп стахановшы — бригадир, Сұ-
лубике — жалқау, жұмыс іstemей: «Бетім барда бетіме
кім шығады» деп жүрген еңбексіз әйел. Сол Сұлубикеге
Зейнеп:

Сельсовет еңбек берсе сеспей кетер,
Сұлуға қош аман бол деспей кетер.
Ар кетер, шай таусылар, киім тозар
Халыққа қадырсыз бол жүрме бекер,—

деп, оның өлер жерін тұра айтады.

Стахановша істеп, екпінді еңбектің қызығына түсіп алған Зейнеп:

Сұлулық тілімді алсаң еңбекте тұр,
Ертерек елдің жауын жеңбекте тұр...
Қім сұлу, осы күні еңбек сұлу
Отанның жауын құртып жеңбек сұлу,—

дейді.

Сұлулық зоры еңбекте. Жомарт табиғаттың адам еңбегіне төлеу есебінде беретін басқа сұлулықтары, игіліктері де бар. Бірақ табиғат еш нәрсені кесегімен тегін бере алмайды. Улесінді талпынсаң, қармансаң ғана аласың. Зейнептің: «Сұлулық еңбекте, жеңбекте...» дейтін мәнісі осы. Айтыстың басында, қасарып отырған Сұлубике кейін Зейнептен жеңіліп, екпінді еңбек іstemекке жұрт алдында бел буады.

Жалқауды сынға салып түзеуде, жақсыны құрмет тұтып, көтеріп мадақтауда ел ақындарының айтыстары көп еңбек етті. Жұртшылықты еңбекке баулуда және ескіліктің кертарапта кесапатын аяибай жоюда айтыстар өткір құрал болады.

Қазақстандағы айтыс өнеріне жетік, ірі ақындардың айтыстарын республиканың партия-совет басшылығы, Қазушылар одағы ұйымдастырып өткізу жаңа мәдениеттік үлкен дәстүргө айналды. Осы жөнінде ең алғашқы курделі, көркем, терең мазмұнды айтыс 1939 жылы Алматы қаласында Нартай, Нұрлыбек сияқты екі атақты ақынның айтысы түрінде өтті. Бұл екеуінің өнер жарысына жырмен басшылық етуші, төрелік айтуши қарт ақын Нұрпейіс болды. Айтысуыш екі ақын жалынды, көркем жырларды суырыпсалма өлеңмен, қалың жұртшылық алдында тудырып жарысты. Еңбек жемісін айту ретінде Нартай мен Нұрлыбек өздерінің облыстары, Семей мен Қызылорда облыстарын салыстырып та сейледі. Бірі шалқар өзен Ертістен, екіншісі Сырдан шыққан ақындар, социалистік дәүірде жаңғырып көркейген таби-

ғат көріністерін де, ел тірлігін дө айтыстың кең, жарқын тақырыбы етіп алды.

Сол айтыстан кейін республикалық үлкен айтысты 1943 жылы партия мен өкімет басшылығының нұсқауы, көмегімен жазушылар үйімі бастап, бүкіл Қазақстан көлемінде өткізді. Бұл жылғы айтыстың басы ең әуелі, көмір кеңі, мыс телегейі бар Қарағанды облысында басталды. Сол жылы аз уақыт ішінде айтыс барлық облыстарға жайылды. Қарағандыға үн қосып Қазақстанның көп облыстары, совет ақындарының Ұлы Отан соғысы кеңіндегі жаңа мазмұнды айтыстарын жүргізе бастады.

Айтыстың соңғы жарысы Алматыда өтті.

Ол айтыстың алдын салтанатты мәжілісте, дағдылы жүйрік, карт Жамбыл өзінің арнаулы ескек жырымен бастады:

Алатаудан, Арқадан,
Ақындарым келіпсің,
Тілдерінен бал тамған,
Жақындарым келіпсің.
Ертіс, Есіл, Іле, Сыр,
Бас қосқалы келіпсің.
Жүрген жері думан жыр,
Сендер елге көріксің,—

деп арнау айтты.

Жамбыл ақындарға деген ағалық үлгілі сөзінде, бұрынғы айтыстарға көз салып, айтыс өнерінің ескі өнер-паздарын шолып өтті.

Сүйінбай мен Қашаған,
Қара өлеңді матаған,
Атын жаттап балалар,
Әлі күнге атаған,
Кеншінбай мен Орынбай
Өлең сөздің корындай...

Айтыс жиналған ақындардың ішінде бірнеше буын атасы үш дәуірді басынаң кешірген, ақ сақалды саңлақтар бар:

Уа, Орынбай, Шашубай,
Сендер өзен басындаі,—

деп Жамбыл алдымен салмақты соларға салады. Ақындарды атап-атап, өзіне бір қаратып алыш:

Өлең жырды дүрілдет,
Жарқылдатып жасылдай,
Сөздеріңің күшінен,
Жау жүргегі түршіксін,
Жыларыңды естіген
Дос құмардан бір шықсын,—

деп, қарт өзінің ұзак арнауын да жаңа айтыстың міндегі мұратын да атап өтті. Ол, жауға атылған оқ есепті, совет халқының күшіне көмек қосатын асыл өснет, үгіт сөзді талап етті. Сол дегенінде айтысқа түгел ақындар, өздерінің анық совет патриоттары екендігін дәлелдеді. Айтыс жеке ақындардың жарысы ғана емес, олардың өнерін сарапқа салумен қатар, әрқайсысының облыстарын қатар салмақтап таразыға салған сын жарыс болды. Ақындар облыстарының өкілдері болып сөйлесті. Алматы мен Жамбыл облысы, Семей мен Қарағанды, Қостанай мен Солтүстік, Қызылорда мен Оңтүстік облыстары болып айтысты. Әр облыстың екі ақыны, қарсы облыстың екі ақынына қарсы шығып, айтысқа түсті. Айтыс тақырыптары ақындардың өз бастарының жайына бірде-бір соққан жоқ. Әр облыстың екі ақыны облыстың тақырыптарын бөлісіп алыш, біреуі ауыл шаруашылығын, біреуі өндірісін баяндап, қарсысындағы тақырыптың ақынмен айтыса жарысты. Және барлық айтыс максаты мен мазмұны негізінде бір ғана зор мүддеге арналады. Ол Ұлы Отан соғысина облыстардың беріп жатқан көмегі туралы еді. Отан соғысы, майдан, тыл, ел, ер, ар, намыс, совет патриотизмі деген ұғымдарға кең толғаулық бағалар береді.

Казақстан ырысты бай өлкені, асыл қазыналы ел. Ақындар өз айтыстарында әр облыстағы сондайлық ерте-лі-соңды ел қасиеттерін де еске алыш сөйлейді:

Шендерескен шеңберлі Алтай аспан-кекпен,
Әлемге аты шулы даңқы кеткен.
Кара нор, қалың нұлы орманым бар,

Таулары қойынан алтын төккен,
Ертістен алтын астай аударылып
Құн күліп жағасына нұрын сепкен.
Құндағым алтын бесік, анам Алтай,
Емізіп ак төсіндеге еркелеткен.
Құмынан сап алтынды күреп алып,
Тасына қатпар-қатпар гаұнтар шеккен.

(Нұрлебек).

Оңтүстік мол дария қорғасынға,
Үксайды заводтардың ордасына.

(Казанқап).

Күркіреп көк толқынын көкке атылған,
Құтты өзен айналайын Нұра атышынан...
Өр тасы жорықты атап күбірлейді.
Шерубай, Сарысу мен Құланөтпес,
Өлеңмен қасиетін мақтап жетпес,
Суы бал, жері шүйгін мал анасы,
Тепсен де төңірегінен ырыс кетпес.
Арқада атагы асқан асқар бійк,
Қылыштай қыр арқасы бүлтқа тиіп,
Халқына қашаннан-ақ аяулы бол
Баянның қарқарасын қалған киіп.
Бір тау бар оның аты Қарқаралы,
Таулардың ағасындағы Арқадағы.
Қаптаулы, қалқыл олар қазынасы мол,
Салмағын қандай безбен тарта алады.
Уш жүзде Ұлы тауды кім білмейді,
Атагы айлық жерден дүбірлейді
Сан батыр дабыл ұрган жерімін деп,
Өз тасы жорықты атап күбірлейді.

(Жолдекей Нұрмажамбетов)

Семей ақындары қойынан алтын ақтарылған Алтайын, Қарағанды ақындары — көмір, мыс өлкесін. Оңтүстік — мақтасын, Қызылорда күрішін, барлық ақындар үн қосып топ-топ түлік малын, оларды аялап өсірген еңбек ерлерін, ұтымшыл, өнімшіл елдерін, мақтаулы мадақтап, мақтан етті. Қең өлке, шұрайлы кендер мен еңбек сүйгіш қажырлы ерлер Ұлы Отан соғысының көмегіне не беріп, керегіне не істеп жатыр? Майданда ел Отанды корғау үшін адам баласының жауы гитлершілдерді құрту үшін әр ақынның облысынан барған азаматтары қандай даңқты қайрат етіп жатыр? Әр ақынның қорытып келгенде сез асыңып сарыққан аринасы осы тақырыптар болып отырды.

Советтік патриотизм — қасиетті, ардақты сезім. Ел ақындары совет патриотизміңіц жаршысы. Әр ақын өз өлкесінің жақсылығын мадақтаумен жалпы совет халқының патриоттық сезімін өсіріп, күшайте түседі. Сүйікті отанды қорғау жұмысы, жаумен беттесуде ғана емес, майданды тыл көмегімен үздіксіз жабдықтауды талап етеді. Бұл ұлы-кішісі бар көп әрекеттен құралады.

Осы жайлардың барлығы ақындар айтысының өрісін кеңейтіп, тақырыбын байытып отырды және барлық жайларды барлап айтып келгенде жырлардың түп қазығы, советтік патриотизм болса, сол жолдағы дана басшылықты, отан күшін, елін бастаған партия басшылығын ұзақ көркем сөз етіп шырқатты.

Бір заманда Асанқайғы:

Көкпектен басқа шебі жок,
Көкектен басқа құсы жок.
Балығы семіз, елі арық,
Маңы сырдаң жер екен,—

деген Бертіске, совет жылдарында мыс комбинаты салынды. Ол батыстан жау төнген мезгілде майданға керек жабдық, жаракты үздіксіз беріп тұр. Отанның ортаймас қазынасы болды.

Байлықтың биік құзын үялаған
Қыраимын аскар көрсем киялаған.
Балқашқа тең келетін шық болмаса,
Шоқыға анау-мынау үяламан,—

дейді Шашубай сол айтысында. Ақындардың әрқайсының өзіне, ғарнисуралы қадірлі туған жері бар, соның бәрі Ұлы Отанның жемісті, ырысты жайлары.

Патриоттық сана шабытын билеген ақындар Отанның зейнеті үшін жақсы істі мадақтап, елді қызықтырады. Және сонымен қатар жаман істі масқаралап жою әрекетінде, сондықтан қаидай айтыс болса да сыйызыз, өзара сынсыз өтпейді:

Досеке, Қөшеп қайда, Қайып қайда?
Кемшилік үқсамайды айыққанға
Осында барды бар деп, жокты жоқ деп,
Өзара сынға салсак айып бар ма?

Жатпасын қисық ағаш тез алдында
Ақындар соны түгел сүзе алдың ба?
Не жайда Қарағанды осы кездे?
Елестет бірің шық та көз алдым—

деген сөзді қарт Шашубай Қарағанды ақындарына жолдайды.

* * *

Осында мазмұн санасының барлық кеңдігі, құндылығы арқылы совет ақындарының айтысы — өлкедегі жақсылықтың, табыстың әділ таразысы, көшшіліктің тезі есепті сыншысы да болады.

Партия қамқоршылығының саясЫнда түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет күн санап өркендең өсу де. Советтік Қазақстанда жазба әдебиет те ұлкен мәдениеттік биікке көтерілді.

Социалистік реализм үлгісін менгеруде сол жазба әдебиеттің жаңалықтары қандай көрнекті болса, жаңағы тексерілген совет ақындарының зор саналы айтыстары да сондайлық қадірлі, биік орынға ие болып отыр.

Енді бұдан байлай да социалистік отанға халық ақындарының айтысы жаңа мазмұн, идеяға сәйкес, үйлес жаңа көркем түрлер тауып, дами бермек.

Бұл жолда айтыс ақындарының ізденулері, қызықты, қымбат жаңалықтар табуы әлі де алда түр.

1943 жылғы ұлкен айтыс, осылай іздену жолындағы, советтік социалистік халық поэзиясының өсу жолындағы елеулі бір салты. Ол айтысқа, ауызша сурыпсалма айтыстың ескілікті халықтық дәстүрінен тыс жазып айтысу әдеті араласты.

Жалпы қазақ әдебиеті көлемінде, жазып айтысу, откен ғасырдың аяқ кездерінен бері қарай, хат білетін ақындар кіргізе бастаған өзгешелік екені рас еді.

Бірақ, бұл алуандас айтыс жалпылық, көшшілік қолданатын сипаттардан айрыла бастайды. Және, әсіресе әрбір анық ақындық сырьы болатын экспромттық сурып-

салмалық сипатынан да ажырай бастап еді. Бұл үлгі жазба әдебиетке фольклордан ауысқан, дарыған әсер, дәстүр есебінде қолдануға болса да, советтік халық ақындарының айтыстары өз жаңалықтарына ауызша, қолма-қол сурыпсалма түрінде айтысатын шын шапшаң өнерпаздық дәстүріне құру шарт. Советтік айтыстар сол үлгіде дамып, өз жаңалықтарын сол бағытта тапса, ол анық, айқын, қадірлі өнердің өзі болмақ.

Т Y C I H I K T E P

Театр, музыка кадры

М. Эуезов 1932—1937 жылдары казақтың мемлекеттік драма театрының әдеби белімінің мейгерушісі болып қызмет атқарған. Бұл жылдары жазушы драматургия жанрында белсene еңбек етумен қатар театр өнерінің өркендеп қанат жаюына, оның түрлі творчестволық мәселелеріне, күнделікті үйымдастыру ісіне де тікелей араласып, ат салысып отырған. 1932 жылы М. Эуезов О. Бековпен бірге Қазақстан Қенес Жазушылар одағы өлкелік үйымдастыру комитетінің I пленумында «Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдыры және алдағы міндеттері» туралы баяндама жасап, сол жылдары осы мәселеге байланысты әр түрлі мақалалар да жазған.

«Театр, музыка кадры» дейтін мына мақаласы «Социалды Қазақстан» газетінің 1933 жылғы 2 июньдегі 125 санында жарияланған. «Ойласу ретінде» деп түсініктеме беріліп, «Мұхтар» деп кол қойылған. Мақала баспаға 12 томдық шығармалар жинағының XI томындағы (1969, 71—75-беттер) қайта басылымы бойынша жіберіліп отыр.

Жақсы пьеса — сапалы әдебиет белгісі

Бұл мақала «Социалды Қазақстан» газетінің 1934 жылғы 28 апельдегі 99 санында жазушылар съезі карсаңында пікір алдысуп ретінде жарияланған. Жазушы архивінде қолжазбаның машинкаға басылған бір данасы сакталған. Азды-кем редакциялық өзгерістер бар. «Уақыт және әдебиет» жинағында (1962, 259—268-беттер), 12 томдық шығармалар жинағының XI томында (1969, 79—88-беттер) қайталап жарық көрген. Баспаға соңғы басылым бойынша ұсынылып отыр.

Үзінділер

Бұл мақала 1934 жылы «Социалды Қазақстан» газетінің 29 октябрьдегі санында жарияланған. Жазушының 12 томдық шығармалар жинағына да (XI том, 1969, 75—78-беттер) осы газете жарияланған нұсқасы негіз етіп алынған еді.

«Үзінділердің» латын әрпімен жазылған төл нұсқасы М. Әуезов архивінде (ЛММА архіві, № 223-папкі, архив беттеуінше 42—45-б.) сакталып келеді, бірақ ең соңғы беті жоғалған. О баста бұл мақала «Ой үзінділері» деп аталған екен. Кейіннен жазушы ол тақырыпты ықшамдап, айтуға жеңіл болуы үшін, «Үзінділер» деген атаумен қалдырыпты.

Мұхтар Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағына «Үзінділер» деп аталатын мақаласы жазушы архивінде сакталып қалған төл нұсқасы негізінде ендіріліп отыр. Осы себепті, бұрынғы газеттегі нұсқасына бұл жолы төл нұсқага сүйене отырып кейір сөздерге өзгерістер ендіріліп толықтырылды. Төл нұсқа ешқандай өзгеріссіз қаз қалпында жіберілді.

«Қыз Жібек» қандай?

Бұл — жазушы архивінде қолжазбасы сакталмаған мақалалардың бірі. «Социалды Қазақстан» газетінде (1934, 24 ноябрь) жарияланған нұсқасы бойынша беріліп отыр. Бірақ, бір ескерер жай, Орталық кітапхана қорындағы газет тігіндісінде мақаланың соңғы сейлемдері (не бірер сейлемі) кездейсоқ жыртылған бол шыкты. Бекежан роліндегі Құрманбек суретінің астыңғы жағы, үш-төрт жолдың көлемі тәрізді. «Бидің, қазақы баяғы әншілердің өз беттерімен...» деп келіп, пікір үзіліп қалған. Соған карамастаң, жазушы көзқарасының, нақты ұсыныс-ойларының өнер тарихы үшін мәнділігін ескеріп, мақаланы осы қалпында жүртшылық пазарына ұсынуды жөп көрдік.

«Социалды Қазақстаниң» басқармасына ашық хат

Мұхтар Әуезовтің ашық хаты «Социалды Қазақстан» газетінің 1935 жылғы 29 майдағы санында жарияланған. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағына да осы газетте басылған нұсқасы негізге алынып, сол қалпында өзгеріссіз жіберілді.

М. Әуезовтің газет басқармасына ашық хат жазуының мынадай себебі де болған. Осы жылдары М. Әуезов драматург ретінде қазақ драмтеатрының әдеби кеңесшісі ретінде қызмет атқарып жүріп, 1935 жылы январь-февраль айларында Москва, Ленинград қаласына жол жүріп кетеді.

Дәл осы тұста, яғни М. Әуезовтің драмтеатрда болмаған кезінде драматург Жұмат Шаниннің «Арқалық» пьесасының қайта өңделіп жазылған нұсқасы режиссер Елубай мен Насоновтың даяр-

лауы бойынша театрга қойылады. Осы спектакльге Ғабит Мұсреповтің «Социалды Қазақстан» газетінде «Арқалықтың жаңа қойылуы туралы» деген мақаласы жарияланады. Театр мен Мұхтар Әуезовке қатқылдау сын пікірі де айтылады. Онда: «Хан Қене», мен «Арқалыққа» жүмсалған қаржы мен аударылған көңілді жаңа пьесалардың бірі де көрген жоқ», — деп театрға жаңа міндеттер артылады.

Москвадан келісімен М. Әуезов театрдың қызметкері Қәдіrbайұлымен бірге F. Мұсреповтің сын пікіріне жауап ретінде «Арқалық» жөніндегі Ғабит сынны» деген мақаласын жазып ұсынады. Бірақ бұл мақала дер кезінде жарияланбай қалады (ЛММА архиві, № 223-папкі, 15—27-бет).

Осы аралықтағы жағдайды пайдалана кеткен Тұрғамбайұлы «Лениншіл жас» газетінің 1935 жылғы №76 санында жариялаган мақаласында театрга, әсіресе, Мұхтар Әуезовке «Арқалық» пьесасы үшін ауыр айып тағып, үр да жық солақай сынның астына алады.

Мұхтар Әуезов осы жағдайларды ескере келіп, «Социалды Қазақстан» газетінің басқармасында реєсми хат жазуды мақұл деп табады. Себебі, «Арқалық» пьесасының қойылуы жөнінде өзінің ешқандай қатысы болмаса да, жазықсыз сынға ұшырап, жүртшылыққа теріс пікір тұмауы үшін редакция басшыларының дұрыс түсінік беруін талап етеді. М. Әуезов тараапынан жазылған реєсми түрдегі ашық хаттың мән-мағынасын дұрыс ұғынған F. Мұсрепов (сол тұстагы «Социалды Қазақстан» газетінің бас редакторы) бұл хатты газette жариялаумен қатар ез тараапынан да «Мұхтардың хаты туралы» деген атпен түсінік хаттың қоса басады. М. Әуезов туралы жалғаң ұғым тудыруға себепкер болған Тұрғамбайұлының мақаласына арнайы тоқтала отырып, F. Мұсрепов: «Театр мен Мұхтарға күйе жакысы келіпті де, аузына не түссе соны айтыпты... Мұхтарға, театрға күйе жағуға сол мақала мұрындық болған болса, оны мұрындық қылғысы келгендерге қарсы шығатынмыды менің жариялап қоюым керек секілді», — деп әділетті ескерту жасаған.

«Ақ аю» туралы

М. Әуезов бұл мақаласында белгілі жазушымыз С. Мұқановтың қаламынан туған «Ақ аю» поэмасын қазақ поэзиясындағы тың тақырыпты көркемдік биікке көтерген ақын творчествосының табысы сарапайды. «Социалды Қазақстаниң» 1935 жылғы II шіншілдегі 133-санында жарияланған. Одан кейін басылмаған. Сол газет нұсқасы бойынша беріліп отыр.

Қалмақаннан не тілер едік?

Белгілі қалам қайраткері К. Әбдіқадыровтың ақындық еңбегінің он жылдығына байланысты жазылған бұл мақала 1935 жылы «Социалды Қазақстан» газетінің 12 сентябрьдегі 211-санында және «Әдебиет майданы» журналының 9 санында (9—10-беттер) жарияланған. Мақаланың журналдық нұсқасы кейін жазуышының 12 томдық шығармалар жинағының II-томына енгізілген (1969, 88—90-беттер). Біз осы соңғы басылым бойынша жіберіп отырмыз.

Қазақстаниң көркемөнері

Республикамыздың он бес жылдық салтанаты түстарында өнер саласында қол жеткен жетістіктеріміз бен алдағы келелі міндет-парыздары таразылайтын бұл мақала «Социалды Қазақстан» газетінің 1935 жылғы 20 октябрьдегі, «Қазақ әдебиеті» газетінің сол жылғы 24 октябрьдегі сандарында қатар жарық көрген. Мақала «Қазақ әдебиетіндегі» жариялаған нұсқасы бойынша берілпіп отырып.

«Козы Қөрпеш — Баян сұлу» туралы

М. Әуезов «Козы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының Жанақ ақын вариантын жинастырып, 1936 жылы Қазақстан көркем әдебиет баспасынан өз алдына жеке кітап етіп шығарған. Сол кітапқа алғысөз ретінде берілген мақаласын қаз-қалпында ұсынып отырмыз.

Елубай Өмірзаков

М. Әуезов бұл мақаласын 1936 жылы Мәдениетшілер съезі карсаңында жазған. Қейін «Ұакыт және әдебиет» жинағында (1962, 275—279-беттер), 12 томдық шығармалар жинағының XI томында (1969, 90—95-беттер) жарияланған. Мақала баспаға соңғы басылым бойынша ұсынылып отыр.

Ең дана запды, ең жас мемлекет

Совет халқының бостандығын баянды етіп, шын мәнінде бакытты өмір сыйлаған советтік заң туралы бұл толғаныс «Социалды

«Қазақстан» газетінің 1936 жылғы 18 июньдегі санында жарияланған. Бұл басылымға сол газет нұсқасы алынды.

Кош бол

М. Әуезовтің бұл пікірі А. М. Горькийдің қайтыс болуына байланысты жазылған. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1936 жылғы 23 июньдегі санында жарияланған нұсқасы бойынша беріліп отыр.

Шынышыл, тәкеббар ақын

М. Әуезовтің бұл мақаласы алғаш «Социалды Қазақстан» газетінде (1936, 12 июль) Сәкен Сейфуллиннің әдеби еңбегіне жиырма жыл толу мерекесі кезінде жарияланған. Кейін «Жүлдым» журналының 1964 жылғы 5-санында (36—37-беттер) қайта басылды. Сол нұсқа жазушының 12 томдық шығармалар жинағының XI томына да (1969, 100—102-беттер) енгізілген. Мақала осы соғы басылым бойынша жарияланып отыр.

«Ревизордың» аудармасы туралы

Ұл мақалада М. Әуезов «Ревизордың» бұрынғы қазақша нұсқасында шалағай аудармашылар тараپынан кеткен көп кемшіліктерді түзеп, орысша нұсқасымен салыстыра отырып, қайта өндеп жаңғыртқанын айтады. Пъесаның кейінгі сәтті қойылуы жазушы еңбегінің жемісі болса керек. Мақала «Қазақ әдебиеті» газетінің 1936 жылғы 2 октябрьдегі, «Социалды Қазақстан» газетінің 3 октябрьдегі сандарында бір мезгілде жарияланған. Одан кейін басылған жоқ. Жазушы қолжазбасы сақталмаған. Бұл басылымға мақаланың «Қазақ әдебиетіндегі» жарық көрген нұсқасы алынды.

Өмірі — үлгі, еңбегі — таудай жазушы

Жазушы Н. Островскийдің қайтыс болуынша байланысты Ұлы Октябрьдің тулеғі ретінде танылған қайсар талантқа айтылған көңіл, азалы сөз «Қазақ әдебиеті», «Социалды Қазақстан» газеттерінің 1936 жылғы 24 декабрьдегі сандарында жарық көргең. «Қазақ әдебиеті» газетінен алынып отыр.

«Тарғын» туралы

Жазушы-драматург Сағыр Камаловтың «Тарғын» пьесасы музыкалық театр саҳнасына дайындалып жатқан кезде М. Эуезов интервьюй түрінде берілген бұл сөз «Казақ әдебиеті» газетінің 1936 жылғы санында жарияланған.

Алғашқы эсер

«Ер Тарғын» операсының түңғыш қойылуына орай жазушының алғашқы эсері, ой-толғаныстары қаз-қалпында көрінген бұл мақала «Социалды Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 17 январьдағы санында жарияланған. Бұл басылымға сол газет нұсқасы алынды. Жазушы қолжазбасы сақталмаған.

«Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы

1937 жылы А. С. Пушкиннің қайтыс болғанына жүз жыл tolуы қарсаңында ақын шығармаларының қазақ тіліне аударылу мәселесі төңірегінде мерзімді баспасөзде сан алуан сын-зерттеу мақалалары жарық көргені белгілі. Қөрнекті ақын Илияс Жансүгіров аударған «Евгений Онегиннің» қазақша нұсқасын жан-жақты талдай отырып, М. Эуезов бұл еңбегінде жалпы көркем аударманың теориялық, нақты мәселелерін кеңінен толғайды. Мақала алғаш «Социалды Қазақстан» газетінде (1937, 8 январь) жарық көріп, 1967 жылы Қазақстан Жазушылар одағының көркем аударма жайлы Пленумы қарсаңында «Лениншіл жас» газетінде (11 апрель) кайта жарияланған болатын. Кейін жазушының 12 томдық шығармалар жинағының XI томына (1969, 173—181-беттер) енгізілді. Баспаға мақаланың соңғы басылымы ұсынылып отыр.

Қазақ саҳнасындағы аударма пьесалар

Мақала алғаш «Социалды Қазақстан» газетінде (1937, 1 март) жарияланған да, кейін «Уақыт және әдебиет» жинағына (1962, 280—284-беттер), 12 томдық шығармалар жинағының XI томына (1969, 189—194-беттер) енгізілген. Соңғы басылымда «Ревизордың» бұрын «Ақсүйектер» пьесасы койылғаны туралы дерек орынсыз қысқартылып кеткен екен, мақаланың алғашқы нұсқасы бойынша ол қалпына келтірілді.

Ерлік еткен колектив

Жазушының «Ерлік еткен коллектив» атты мақаласы «Социалды Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 6 мартағы санында жарияланған. Мақала Алматыдағы орыс драма театрында қазақ пьесасының сәтті көйлүұна байланысты жазылған. Бұл томга осы нұсқасы ұсынып отырмыз.

Ұлы ұран — Отан ұраны

1937 жылы 21 марта «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған нұсқасы беріліп отыр. Біреп-сараң сөздерге ғана редакция жүргізілді.

Мұхтар жолдастың сөзі

Бұл сөзінде М. Әусев драматургия жайын жақсарту мәселеін қозғайды. Жазушы архивінде түпнұсқа сакталмағандықтан, 20 томдық шығармалар жинағына «Қазақ әдебиеті газетінің» 1937 жылғы 20 апельде жарияланған нұсқасы беріліп отыр.

Тарих путевкасын берген адам

Мақала «Социалды Қазақстан» газетінде 1937 жылы 4 декабрьде жарияланған. Осы томға сол газет нұсқасы ұсынылып отыр.

Мәңгі жасайтын ақын — Шота Руставели

Грузин халқының аса көрнекті ақыны Шота Руставели туралы және оның «Жолбарыс тоғын жортуышы» поэмасын талдайтын бұл мақала 1937 жылы жазылып, «Қазақ әдебиеті» газетінің сол жылғы 5 декабрьдегі 48-санында жарияланған. Қейін «Уақыт және әдебиет» жинағында (1962, 285—293 беттер), 12 томдық шығармалар жинағының XI томында (1969, 181—189 беттер) қайталаپ жарайқ көрді. Мақала соңғы басылым бойынша жіберіліп отыр.

Көркем жырдың ұлы ақыны

Грузин халқының ұлы ақыны Шота Руставелидің мұрасы қазақ оқушысына да асыл қазына болып таңылатыны айтылады.

Мақала «Қазақ әдебиеті» газетінің 1937 жылғы 27 декабрьдегі салында жарияланған нұсқасы бойынша жазушының 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді.

Әдебиет хрестоматиясынан

М. Әуезовтің орталу мектептің 6-класына арналған «Әдебиет хрестоматиясы» (М. Әуезов. Әдебиет хрестоматиясы. Орталу, орта мектептің 6-класына арналған. Қазақстан Оку Халық Комисариаты бекіткен. Қазақтың мемлекеттік баспасы. Алматы) 1937 және 1938 жылдары екі дүркін жеке кітап болып басылып шықты.

Осы екі басылымның арасында қашалықты айырмашылық бар екенин мына төмендегі мазмұндарының өзі-ақ көрсетеді. Оның алғашқысында: «Қамбар жырының қысқаша мазмұны, Алдаркөсе, Жиренше шешен, Кожанасыр, Махамбет, Лермонтов, Гоголь, Шевченко, Некрасов, Абай, молда Мұса, Сұлтанмахмұт, Сәбит Дәнентаев» қамтылса, соңғы басылымға: «Алдаркөсе, Жиренше шешен, Кожанасыр әңгімелері туралы, Қырық өтіріктің мағынасы, Қамбар жырының қысқаша мазмұны, Қамбар жырының мағынасы мен тур ерекшеліктері, Қобыландының Тайбурылы туралы, Қрылов, Махамбет, Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Шевченко, Абай, Некрасов, Алтынсарыұлы Ыбырай, Толстой, Сұлтанмахмұт» болып жүйеленді. Соңғы басылымға (1938) жағадан біраз ақын-жазушылар қосылды. Молда Мұса, Сәбит Дәнентаев енбей қалды. Осындай өзгешеліктер болмаса, жалпы жазылуында, текстік құрылымында айтартылған айырмашылықтар байқалмайды.

Жазушының жиырма томдығына осында қамтылғандардың барлығы бірдей жіберіле берген жок. Себебі, солардың біразы осыдан бұрынғы оқулықтардан алынып, алдыңғы томдарға енгізілген-діктен, бұл жолы тек екі кітаптың екеуінен — Алдаркөсе, Жиренше шешен, Кожанасыр, Қырық өтірік, Қрылов, Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Шевченко, Некрасов, Толстой, Молда Мұса, Сәбит Дәнентаев туралы жазғандары ұсынылып отыр.

Дінді әшкерелейтін пьеса

Бұл — Қазақтың академиялық драма театры сахнаға шығарған Аскар Тоқмағамбетовтың «Әзірет Сұлтан» пьесасы мен спектакльге катысады актерлер шеберлігі талданатын мақала. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 5 майдағы 102-санында,

зейін 12 томдық шығармалар жинағының XI томында (1969, 194—97-беттер) жарияланған. Соңғы басылым бойынша ұсынылып ғыр.

Ардақты Жәке

Ұлы Жамбылдың ақындығына 75 жыл толу салтанатына орай жазылып, «Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы 5-санында (67 бет) жарияланған пікір. Жазушының 12 томдық шығармалар жинағының XI томына (1969, 197—198-беттер) енген.

Жұмбақ туралы

Халық шығармаларының ең ескі, көне түрлерінің бірі жұмбақ туралы бұл мақала алғаш рет «Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы 10-санында жарияланған. СССР Фылым академиясының қазақ филиалы дайындалған, 1940 жылы жарық көрген («Жұмбақтар» дейтін жеке кітапта М. Әуезовтің сөзі берілген («Жұмбақтар туралы»). Негізінде сол мақала. Бірақ арнаулы жинақтың жалпы сипатын, құрылымын түсіндіру мақсатында кейбір толықтырулар енгізілгенмен, қайсыбір мәнді пікірлер, мысалдар қысқарып кеткен.

Кейін Ы. Дүйсенбаев қурастырган. М. Әуезовтің «Ұақыт және әдебиет» жинағында (1962, 294—300-беттер) мақаланың алғашқы нұсқасы пегізге алышған. Ол 12 томдық шығармалар жинағының XI томында да (1969, 199—205-беттер) басылды. Біз де баспаға соңғы басылым бойынша ұсынуды жөн көрдік.

Зор бағалы сый

Жазушының 20 томдық шығармалар жинағынча енгізіліп отырған бұл күттіқтау сөзі «Социалистік Қазақстан» газетінің 1939 жылғы 5 февральдағы санында жарияланған.

Әбділда ақын

Әбділда Тәжібаевтың ақындық таланттын ерте танып, үлкен үміт артқаи, проза, драматургиядағы қабілет-дарының да сөз еткесі бұл мақала 1939 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 8

февральдағы санында жарияланды. Қолжазбаның немесе басқа да нұсқаларының сакталмауына байланысты сол газеттегі басылым бірлік-жарым орфографиялық кателері түзетіліп, жиырма томдыққа енгізілді.

Жақсы сынға жан пидә

Бұл мақаланың түпнұсқасы жазушы архивінде (ЛММА, папка № 227, 55—70-бб; папка № 223, 32—41-бб.) латын әрпінде жазылған күйінде сақтаулы. 1939 жылғы 1 марта «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген. Түпнұсқамен салыстырылып, еш өзгеріс болмағандықтан, сол қалпында беріліп отыр.

Қазақ халқының эпосы мен фольклоры

Мұхтар Эуезов бұл еңбегін Леонид Соболевпен бірлесе отырып орыс тілінде жазған. Алғаш рет Москваада «Литературный критик» журналында (1939, № 10—11; 1940, № 1) жарияланды, кейін «Песни степей» атты кітаптың (Москва, 1940) алғысөзі бол шықты. Белгілі қазақ синьшысы Айқын Нұрқатовтың аудармасы бойынша «Уақыт және әдебиет» жинағына (Алматы, 1962), жазушының 12 томдық шығармалар жинағының XI томына енгізілген. Баспаға халқымыздың ежелгі асыл мұрасын жан-жақты талдайтын бұл еңбек соңғы нұсқасы бойынша ұсынылып отыр.

Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері

М. Эуезов 1947 жылы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 30 жылдығына арналған Қазақ ССР Ғылым академиясының мерекелі сессиясында «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері» туралы баяндама жасайды.

Қазақ әдебиеті тарихының көп томды зерттеулерін жазуда алға қойылып отырган талаптар мен міндеттерді өз топшылауы тұрғысынан әрі сол уақыт қажетіне орай сапамалап көрсетеді де. Ендігі зерттеу жұмыстарының бағыт-бағдарын айқындау жолындағы ой толғаныстарын ұсынады. Әсіресе тарихи тақырыпқа көркем шығарма жазуга үмтүла бастаған ақын жазушыларды тікелей өзінің творчестволық тәжірибесіне сүйене отырып: Тарихи тақырыпқа жазғанда зерттеуші-тарихшы — марксистік тарихшы ойы мен социалистік реализм жолындағы совет жазушысының ойы қосылу,

қабысу шарт», — деген өзекті ойға, яғни атаптың өткен курделі екі негізге назар аударады.

Қазақ әдебиеті тарихын жасау мәселелері жонінде айтқан ойпікірлерінде уақыт табы сезілсе де, әдебиеттану саласында әлі күнгө дейін слеулі маңызды бар бұл мақала сол жылғы «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысында жарық көрді. Жазушының 20 томдық шыгармалар жинағының 18 томына да осы басылымдағы нұсқасы негізге алышып, сиқаңдай өзгеріссіз қаз-қалпында жіберілді.

Қозы Қөрпеш — Баян сұлу

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» — М. Әуезовтің үлкен фольклорист ғалым ретінде жастық шағында-ақ қызыға зертте, алғашқы бастамасын 1927 жылы Қызылорда қаласында басылған «Қазақ әдебиеті тарихы» кітабында жариялады. Қейіннен автор алғашқы зерттеу еңбегін жаң-жақты тереңдей зерттеу нәтижесінде қайта жазып «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» деген атпен 1948 жылы Қазақ әдебиетінің тарихы» (I-том, фольклор), 1959 жылы «Қазақ әдебиетінің тарихы» (I-том), 1961 жылы орыс тіліндегі «Мысли разных лет» кітаптарында бастырады.

Жазушының жиырма томдық шыгармалар жинағының 17-томына М. Әуезовтің 12 томдық шыгармалар жинағының (1969, XI-том 357—393 бет) нұсқасы негізінде өзгеріссіз жіберілді.

Қыз Жібек

«Қыз Жібек» жөніндегі алғашқы тырақталды зерттеуі 1927 жылғы «Қазақ әдебиеті тарихы» (Қызылорда) кітабында жарық көрді. Қейіннен автордың «Қыз Жібек» туралы толықтырылып, мүлде қайта жазылған зерттеулері «Қазақ әдебиеті тарихы» (1948 ж.), «Әр жылдар ойлары» (1959 ж.), «Мысли разных лет» (1961 ж.) кітаптарында жарияланып келді.

Жазушының жиырма томдық шыгармалар жинағының 17-томына «Қыз Жібек» туралы зерттеуі М. Әуезовтің 12 томдық шыгармалар жинағының (1969, XI-том, 393—413-бет) нұсқасы негізінде өзгеріссіз, сол қалпында ендірілді.

Айтыс өлеңдері

«Айтыс өлеңдері» алғаш рет М. Әуезовтің басшылығымен шыққан 1948 жылғы «Қазақ әдебиеті тарихына» (I-том фольклор) ариалып жазылған еңбектерінің бірі болатын. Бұл туралы зерттеулері кейінірек «Әр жылдар ойлары» деген кітабында басылды.

Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 17-томына бұл «Айтыс өлеңдері» М. Әуезовтің 12 томдық шығармалары жинағында басылған (1969, XI-том, 421—471-бет) иүскәсібы негізінде өзгеріссіз жіберілді.

МАЗМУНЫ

Мақалалар, зерттеулер

Театр, музыка кадры	6
Жаңсы пьеса — сапалы әдебиет белгісі —	11
Ұзінділер	21
«Қыз Жібек» қандай?	25
«Социалды Қазақстаниң» басқармасына ашық хат	27
«Ақ аю» туралы	28
Қалмақтанның не тілер едік?	31
Қазақстанның көркемөнері	33
«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» туралы	38
Елубай Өмірзақов	40
Ең дана занды, ең жас мемлекет	45
Қош бол	46
Шынышыл, тәкәббар акын	47
«Ревизордың» аудармасы туралы	49
Өмірі — үлгі, еңбегі — таудай жазушы	52
«Тарғын» туралы	53
Алғашқы әсер	55
«Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы	58
Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар	67
Ерлік еткен коллектив	73
Ұлы ұран — Отан ұраны	74
Мұхтар жолдастың сөзі	76
Тарих путевкасын берген адам	77
Мәңгі жасаитын акын — Шота Руставели	82
Көркем жырдың ұлы акыны	90
Әдебиет хрестоматиясынан	92
Дінді әшкірелейтін пьеса	135
Ардақты Жәке	139

Жұмбақ туралы	140
Зор бағалы сый	147
Әбділда ақын	148
Жақсы сынға жан пида	150
Қазақ халқының эпосы мен фольклоры	156
Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері	205
«Қозы Қөрпеш-Баян сұлу»	221
«Қыз Жібек»	258
Айтыс өлеңдері	279
Түсініктер	337

Мухтар Омарханович Ауэзов
СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ
В ДВАДЦАТИ ТОМАХ
ТОМ СЕМНАДЦАТЫЙ
Статьи, исследования
(на казахском языке)
Ответственный за выпуск
З. Сериккалиев

Редактор К. Узакбаева. Художник Т. Мухатов. Художественный редактор Б. Мащрапов. Технический редактор Л. Карханова. Корректор С. Кожахметова.

ИБ 2595

Теруге 10. 08. 84 жіберілді. Басыға 17. 01. 85 қол койылды. УГ 16005. Қалпы 84×108^{1/2}. № 1 баспа қағаз. Қарін түрі «Әдеби». Шығыңызы басылыс. Шартты баспа табағы 18,5+0,5 вкл. Шартты бояу көлемі 18,7+0,5 вкл. Есенті баспа табағы 19,0. Тиражы 20 000 дана. Заказ № 1162. Бағасы 2 сом.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы ордені «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143 үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «КІТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік ғылыми-зерттеу институты 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспекті, 93 үй.

Әуезов Мұхтар.

Ә 82 Жиырма томдық шығармалар жинағы.— Алматы: Жазушы,
Т. 17. Мақалалар, зерттеулер — 1985. 352 бет,
4 п. сурет., портр. Қазақ ССР Фылым академиясы.
М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты.

Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының он жетінші томына 1933—1950 жылдар аралығында жазылған әдебиет, өнер тақырыбындағы әрқиылды проблемалық мақалалары мен зерттеулері енгесі.

Ә 4603010202—010
402(05)—85 3—84

80—9



Мұхтар Әуезов трибунадан сөйлеп тұр.



Мұхтар Әуезов өз ауласында серуендең жүр. 1950 ж.



Мұхтар Әуезов пен Ғабиден Мұстафин Ыстықкөлде.



Мұхтар Әүезов, Всеволод Рождественский, Леонид Соболев.
Москва, 1958 ж.



Мұхтар Әүзесов, кырсы жазушысы Түгелбай Сыдықбеков Қырғызстандың «Койсары» курортында. 1958 ж.



Мұхтар Эуесов казак жазуындарының арасында. Солдан онға ка-
рап: Фали Орманов, Мұхтар Эуесов, Сабит Ауканов,
Элжанадай Ебделев, Сабит Ауканов.



Мұхтар Эүзесов, Всеволод Иванов, Корнелий Зелинский СССР
Жазушылар одағының пленумында. Москва, 1958



Мұхтар Әуезов бір топ акыны, жазушылар арасында.